Генрих БЁЛЛЬ
Эрих Мария РЕМАРК
Вольфганг БОРХЕРТ

КАТАРИНА БЛЮМНІҢ АРЫНАН АЙЫРЫЛУЫ

БАЛАЛЫҚ ШАКТА ЖЕГЕН НАН

АМАНАТ ӨМІР

ЖАБЫҚ ЕСІК АЛДЫНДАҒЫ ЖАЛҒЫЗ

ӘҢГІМЕЛЕР

әлем әдебиеті кітапханасы

МӘДЕНИ МҰРА

"МӘДЕНИ МҰРА"
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

АСТАНА
2010

"МӘДЕНІ МҰРА"
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН
ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ

Әшімбаев М.С., кеңес төрағасы
Асқаров Ә.А., жауапты хатшы
Абдрахманов С.
Атабаев Қ.М.
Аяған Б.Ғ.
Әбусейітова М.Қ.
Әжіғали С.Е.
Әлімбай Н.
Әуезов М.М.
Байпаков К.М.
Балықбаев Т.О.
Дүйсембаев Е.С.
Есім Ғ.
Жақып Б.Ө.
Жұмағалиев А.Қ.
Қозыбаев І.М.
Қаскабасов С.А.
Қойгелдиев М.Қ.
Құл-Мұхаммед М.А.
Құрманбай Ш.
Мәжитов С.Ф.
Мұхамедиұлы А.
Мынбай Д.Қ.
Нысанбаев Ә.Н.
Өскенбаев Қ.А.
Салғара Қ.
Самашев З.
Сариева Р.Х.
Сұлтанов Қ.С.
Тұяқбаев Қ.Қ
Түймебаев Ж.Қ.

Генрих БЁЛЛЬ
Эрих Мария РЕМАРК
Вольфганг БОРХЕРТ

КАТАРИНА БЛЮМНІҢ АРЫНАН АЙЫРЫЛУЫ
БАЛАЛЫҚ ШАҚТА ЖЕГЕН НАН

•

АМАНАТ ӨМІР

•

ЖАБЫҚ ЕСІК АЛДЫНДАҒЫ ЖАЛҒЫЗ ӘҢГІМЕЛЕР

әлем әдебиеті кітапханасы

Аударма

УДК 821.112.2=03:811.512.122
ББК 84 Нем-Қаз
Г30 541

"Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы
көркем әдебиет секциясының мүшелері:

Кекілбаев Әбіш (серияны құрастырушы), Абдрахманов Сауытбек *(төраға)*, Әбдіков Төлен, Асқаров Әлібек, Бельгер Герольд, Елеукенов Шериядан, Нұрғали Рымғали, Нұрпейісов Әбдіжәміл, Михайлов Валерий, Мұртаза Шерхан, Мырза Әли Қадыр, Оразалин Нұрлан, Сүлейменов Олжас, Тарази Әкім, Шапай Тұрсынжан, Юсупов Кенес.

Генрих Бёлль. Катарина Блюмнің арынан айырылуы. *Повесть.*
Балалық шақта жеген нан. *Повесть.*
Эрих Мария Ремарк. Аманат өмір. *Повесть.*
Г 30 **Вольфганг Борхерт.** Жабық есік алдындағы жалғыз. *Пьеса. Әңгімелер.*
Орыс тілінен аударғандар *Б.Әдетов, Ш.Бейсенова.*
Астана: Аударма, 2010. – 520 бет

43720

ISBN 9965-18-304-X

УДК 821.112.2=03:811.512.122
ББК 84 Нем-Қаз

012

© Қазақша аудармасы, Б.Әдетов, Ш.Бейсенова, 2010
© "Аударма" баспасы, 2010

ISBN 9965-18-304-X

Библиотека

ДҮБІРЛІ ДӘУІР СУРЕТКЕРЛЕРІ

Адамзат тарихы үшін дүбірлі кезең болған XX ғасыр, әсіресе, Батыс Еуропа әдебиеті үшін бір жағынан өзінің алдындағы өте бай әдеби-рухани дәстүрлерді игеру кезеңі болса, екінші жағынан дәуір тудырған өмір шындығының жаңа жағдаяттарын түйсіну, зерделеу кезеңі болды. Осы ғасырдағы бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстар, алуан төңкерістер, ұлт-азаттық көтерілістері адамзат тарихының жаңа беттерін ашқаны белгілі. Батыстық үлгідегі капиталистік қарым-қатынастардың тереңдеуі, коммунистік идеяның іске асырылып, Кеңес одағы бастаған социалистік лагерьдің құрылуы, содан дүниенің екіге жарылуы – бәрі – баршасы XX ғасырдағы сөз өнерінен кең көрініс тауып жатты. Осы ірі ғаламдық оқиғалардың бел ортасындағы Германия осы тарихтың куәгері ғана емес, сол тарихтың белсенді жасаушыларының бірі де болды. Адамзат тарихында алуан із қалдырған неміс жеріндегі XX ғасырдағы оқиғалар – оның белгілі суреткерлері Эрих Мария Ремарк, Вольфганг Борхерт, Генрих Бёлльдің шығармаларынан кең әрі шынайы көрініс тапты.

Жиырмасыншы ғасырдағы неміс әдебиетінің көрнекті өкілі Эрих Мария Ремарк әлемде оқырманы көп жазушылардың бірі. Әсіресе, оның шығармалары орыстілді оқырмандардың көзайымына айналған. Ремарк немістің Оснабрюк қаласында 1898 жылдың 22 маусымында дүниеге келген. Болашақ жазушының әкесі Петер Франц баспада беттеуші болып жұмыс істеген. Жазушының тегі француз болған. Сонау XVIII ғасырдың аяғында Француз төңкерісінен қашып, Германия жеріне қоныстанған екен. Шешесі Мария Шталькнехт, ол Эрихтің бала кезінде қайтыс болады да баласы оның есімін өзінің атына қосып алады. Жазушының балалық шағы қаржы таншылығына байланысты отбасының көшіп жүруімен өтеді. Ол он үш жасына дейін он бір рет қоныс аударып, бірнеше мектепте оқиды. Болашақ жазушы 1908 жылы халық мектебіне түсіп, оны 1912 жылы аяқтайды. Ал 1912-15 жылдары католиктік препаранде де (католиктік мұғалімдер семинариясына түсу үшін оқитын үш сыныптық дайындық сатысы) оқиды. Мұны аяқтаған жылы католиктік корольдік мұғалімдер семинариясына түсіп, оны 1919 жылы бітіреді. Арасында 1917-18 жылдары әскер қатарында болады.

Ремарктың тырнақалды еңбектері – бір өлеңі және екі шағын әңгімесі "Шенхайт" журналында жарияланады. Ол осы кезден бастап әдеби-шығармашылық жұмыска бет қоя бастайды. 1920 жылдары оның бірнеше прозалық шығармалары жарияланады. Жазушының осы жылдары жазылған алғашқы үш романы оған айтарлықтай атақ әкеле қоймайды. Ремаркты көпшілікке танытқан алғашқы туындысы – "Батыс майданда өзгеріс жоқ" романы. 1929 жылы жарық көрген романында ол дәуір шындығын мейлінше дәл бейнелейді. Роман жарық көргеннен кейін бір жылдан соң-ақ сол кездегі американдық белгілі режиссерлердің бірі Люис Майлестон Голливудта осы шығарма желісі бойынша фильм түсіреді. Бұл фильм Германия экрандарында көрсетіле бастағаннан-ақ нацистер оған үзілді-кесілді қарсы болады. Ақырында "жастарды моральдық жағынан бұзады" деген желеумен фильмге тыйым салынады. Осы жағдай және Германиядағы билік басына нацистердің келуі Ремаркты елінен кетуге мәжбүр етеді. Сөйтіп ол Берлиннен

Швейцарияға қоныс аударады. 1933 жылдан бастап Германияда Ремарктың кітаптарына тыйым салынады. Осы жылы бірқатар неміс қалаларында оның кітаптары өртеледі. Елінен жырақ қалған жазушы алдымен Швейцарияда, содан соң Франция мен Америка Құрама Штаттарында тұруға мәжбүр болады. 1930 жылдары оның "Оралу", "Үш дос" сияқты романдары жарық көрді. Бұл романдар "Батыс майданда өзгеріс жоқ" романы сияқты үлкен дабыраға ие болған жоқ. Бірақ жазушының Америкаға келуі, осында оның романдарының бірнеше фильмге арқау болуы оны Батыс әлеміне танымал ете түсті. Жазушының қаламынан туған "Жақынынды сүй" (1940), "Триумфалды арка" (1946) романдары қалың көпшіліктің сүйіп оқитын кітабына айналып, артынша олардың желісінде фильмдер түсірілді. Осы кезде, соғыстың ауыр жылдарында Ремарк гитлерлік режимнен бойтасалап жүрген көптеген қандастарына, отандастарына көмектесті. 1950 жылдары Ремарк бірнеше роман жазды. Оның бұл шығармалары қалың оқырманнан қолдау тауып, көп оқылатын шығармаларға айналды. Осы жылдардың басында жазушы жиырма жылдай уақыттан соң туған елі – Германияға оралады. Алдымен Голландияға келген Ремарк 1953 жылдың тамыз айында өзінің туған қаласы Оснабрюкке келіп, осындағы әкесіне жолығады. Әлемге танылған жазушының бұдан соңғы өмірі Еуропа мен Американың ортасында өтеді. Кітаптарын шығару, шығармаларының желісі бойынша кинофильмдер түсіру үшін ол дүниежүзінің көптеген елдерін аралайды.

Эрих Мария Ремарктың белгілі туындыларының бірі – "Аманат өмір" романы. Бұл роман Гамбургтің "Кристалл" журналында "Аспан фавориттерді білмейді" деген атаумен жарияланды. Бұл романда оның бас кейіпкерлері Лилиан, Клерфэ арқылы адамның алуан сезімдері бейнеленеді. Автор әсіресе, махаббат, достық сезімдерінің адам бойындағы табиғатына үңіліп, оларды терең бейнелейді. Романдағы Лилиан мен Клерфэ қарым-қатынастары, әсіресе, екеуінің сұхбаттары арқылы көптеген өмірлік мәселелер анғартылады. Осы шығармасында кейін көпшілікке танымал болған, көптеген афористік жинақтарға еніп келе жатқан Ремарктың бірқатар қанатты сөздері туды. Мысалы: "Махаббат та уақыт сияқты ешқашан оралмайды", "Адамға ақыл тек қана ақылмен өмір сүруге болмайтындығын түсіну үшін берілген", "Махаббатты достықпен былғамайды".

Эрих Мария Ремарктың суреткерлік-көркемдік әлемі әр алуан. Автордың шығармаларындағы басты нысан – адам, соғыс, табиғат. Ремарктың шығармаларында ешқашан сәтті финал бола бермейді. Оның көптеген шығармалары махаббат, сүйіспеншілік мазмұнына құрылғанымен, ерлер арасындағы достық, ынтымақтастық ерекше дәріптеледі. Ремарктың кейіпкерлері, негізінен алғанда, жалғызбасты тағдырдың тәлкегін көп көрген жандар. Бірақ олар қашанда адамгершілік пен мейірімділіктің, ізгілік пен адалдықтың, достық пен жақсылықтың жаршылары. Сондықтан да Ремарк шығармаларындағы гуманизм миллиондаған оқырмандарды елітіп, оны көп оқылатын жазушылардың қатарына қосады.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі неміс әдебиетіндегі белгілі тұлғалардың бірі – Вольфганг Борхерт. Ол 1921 жылы Гамбург қаласында туған. Бұл қала оның лирикасында кең көрініс тапты. Ол алғашқы ақындық тәжірибелерінде неміс экспрессионизміне еліктеді. Өзіне немістің әйгілі романтиктері Гельдерлин мен Рилькені ұстаз тұтып, олардың шығармашылығын көбірек оқумен әуестенді. Актер болуды армандаған жігітті театр мектебін аяқтаған соң 1941 жылы армияға шақырды. Ол Шығыс майданына түсіп, жаяу атқыштар әскерінде кенес армиясына қарсы ұрыстарға қатысты. Бірақ ол көп ұзамай жаракат алып, Германияға жіберіледі. Соғыстан кейінгі жылдарда театрда жұмыс істеді.

Борхерт шығармашылығының басты тақырыбы – үміті ақталмаған адамдар, тағдыр мен тарих тәлкегінің кесірінен алданған ұрпақтың ауыр тағдыры. Алғашқы әңгімелерінен бастап-ақ өкінішті, алданған жас адамның өмірін қатал соғыс жағдайында және соғыстан

соңғы жалғыздық кейпінде бейнеледі. Сол үшін де Борхерт шығармалары сыншылар тарапынан "үмітсіз", "өкінішті" шығармалар ретінде сан сыналды. Дегенмен, оның шығармашылығында пессимистік сарындармен бірге үміт отын маздататын өмірге құштар тұстар да баршылық. Дегенмен, небәрі жиырма сегіз жыл ғана өмір сүрген қаламгердің шығармашылығы оның өмірі сияқты мейлінше трагикалы.

Жазушының трагикалық санасынан туындаған үмітсіздік, пессимистік сарындар оның бірден-бір ірі шығармасы – "Жабық есік алдындағы жалғыз" пьесасы. Бұл драмалық шығарманың басты тақырыбы соғыстан кейінгі жылдардағы майдан кешкен адамның өмірден өз орнын табуға әрекеттенуі, сол жолдағы сенделістері, үміті мен күдігі. Аталған драмалық шығарманың бас кейіпкері соғыстан қайтқан солдат Бекман. Жазушы Бекман образы арқылы өз дәуірінің, өз замандастарының трагедиясын әдеби-көркем бейнелеуге тырысқан. Бас қаһарман Бекман өмірден өз орнын табу үшін қаншама тырысқанымен, оған тағдыры мейірімділік көрсете қоймайды. Басын тауға да, таска да соққанымен, Бекманның жолы болмайды. Бекман қайда барса да ең жайлы орындарда әділетсіздікке жолығады. Бұл әділетсіздікті қолдан жасап отырғандар сол заманды қиындатқан, жәбір шеккендерге мейірімсіздік танытатын әділетсіз адамдар. Бірақ олар әділетті жандардан, соғыс азабын кешкен адамдардан бақыттырақ ғұмыр кешеді. Бекман сияқтылар үнемі далада, көшеде, сыртта қалып жүреді. Сондықтан да пьеса авторы – Вольфганг Борхерт өз шығармасын "Жабық есік алдындағы жалғыз" деп атаған. Осы драмасы арқылы Вольфганг Борхерт соғыстан соңғы Батыс Германияның сиқын бейнеледі. Оны ол мейірімсіз, эгоизм жайлаған, тарихи жады мен зердесі былғанған, ұят пен ождан ұмыт қалған қоғам ретінде аяусыз шенейді. "Жабық есік алдындағы жалғыз" драмасында көтерілген идеялық-эстетикалық мәселелер оның публицистикалық мақалаларынан да көрініс тауып жатты. Қаламгердің "Бұл біздің манифест" және "Сонда біреу қалады" атты публицистикалық мақалаларында соғыстың құнықерлері, фашизмнің итаршылары ретінде әскерилермен бірге оның саяси сыбайластарын да әшкерелейді. Соғыс аяқталар аяқталмаста-ақ көрегендік көрсеткен Вольфганг Борхерттің бұл айтқандарына жету үшін Германияға әрі біраз жылдар керек еді. Сондықтан да әдебиет сыншылары мен тарихшылары Вольфганг Борхертті соғыстан кейінгі Германиядағы тарихи-әлеуметтік жағдайды қатал сынға алушылардың алғашқысы ретінде бағалайды.

Борхерттің шығармашылығы – 1940 жылы неміс әдебиетінде басталған екі тенденцияның тоғысында туған шығармашылық. Оның бірінші тенденциясы – мейлінше абстрактілі, символикалы қоршаған ортаға, әлемге философиялық-экзистенциалистік көзқарасты ұстанатын тенденция. Бұл экзистенциалистік танымдағы жазушылардың шығармашылығынан туындап жатқанын айта кеткеніміз абзал. Ал екінші тенденция – абстрактілі емес, мейлінше нақты, соныcымен әлеуметтік сыни бағыттағы тенденция. Бұл тенденция сол кезеңде таза реалистік бағыт ұстанатын неміс жазушылардың өнернамасынан өрістеп жатты.

ХХ ғасырдағы немістің ұлы жазушыларының бірі – Генрих Белль. Ол немістің байырғы қалаларының бірі – Кельнде 1917 жылдың 21 желтоқсанында қолөнершінің отбасында дүниеге келген. Бұл либералды католиктік салтты ұстанатын отбасы бала Генрихті 1924 жылы католик мектебіне береді. Осы мектепті 1928 жылы аяқтаған соң болашақ жазушы кайзер Вильгелмнің гимназиясына оқуға түседі. Осы классикалық гимназияны аяқтағаннан кейін букинистік дүкенде сатушының көмекшісі болып жұмыс істейді. Осыдан бір жылдан соң Генрих Империялық еңбек қызметінің жұмыс лагеріне жіберіледі. Екінші дүниежүзідік соғыс басталған 1939 жылы ол Кельн университетіне оқуға түседі. Бірақ күзде вермахт армиясына әскерге шақырылады. Осы жылдан соғыс аяқталған 1945 жылға дейін Францияда, Украинада, Қырымда жаяу әскер қатарында ұрыска қатысады. 1942 жылы

Генрих Бёлль Анне Мари Чехқа үйленеді, одан екі ұлды болады. Соғыстан кейін ол Кельн университетіне оралып, филология мамандығы бойынша оқиды.

Болашақ қаламгер сонау ерте бала кезінен өлеңдер мен әңгімелер жаза бастайды. Осы алғашқы шығармаларынан-ақ оның әдеби бейімі байқалатын. Бёлльдің алғашқы шығармалары 1947 жылдан бастап жарық көре бастады. Жазушының танымал бола бастаған шығармаларының қатарына "Пойыз уақытында келеді" (1949), "Адам, сен қайда болдың?" (1951) туындыларын атауға болар.лық. 1950 жылы Генрих Бёлль "Топ 47" ұйымына кіріп, оның белсенді мүшелерінің біріне айналады. Осы әдеби бірлестіктің өзіндік манифесті болып табылатын 1952 жылы жазылған бағдарламалық мақаласында ол өмір шындығын нақты бейнелейтін қарапайым әрі шынайы "жаңа" неміс тілін қалыптастыруға шақырды. Өзінің осы қағидаттарына сай Генрих Бёлльдің алғашқы әңгімелері – шынайы өмірді нақты бейнелейтін, стилистикалық жағынан қарапайым түрде жазылған әңгімелер болатын.

Генрих Бёлльдің есімін барша әлемге танытқан оны миллиондаған оқырман-дардың сүйікті жазушысы еткен, әрине, оның – повестері мен романдары. "Пойыз уақытында келеді" повесі (1949), "Адам, сен қайда болдың?" (1951) романы екінші дүниежүзілік соғыстың оқиғаларын арқау етеді. Бұл көркем шығармаларында Генрих Бёлль гитлерлік агрессияның мағынасыздығы мен жауыздығын терең суреттейді. Айталық, автор "Пойыз уақытында келеді" повесі кейіпкерінің гитлерлік армиядан қашуын қылмыс емес, кейіпкердің басқыншылық әрекеттерден бас тартуы ретінде ізгілікті қадам ретінде көрсетеді. Фашистік басқыншылыққа деген авторлық концепция оның "Адам, сен қайда болдың?" романынан да кең көрініс тапқан. Әдебиет сыншыларының айтуынша бұл романда Генрих Бёлль екі мәселені бейнелеген – алғашқысы: соғысты бастаушылардың жауыздығы, екіншісі – қандай да болмасын соғыстың мағынасыздығы. Соған орай бұл романында автор гитлерлік армияның "Шығыска жорығын" еш мағынасыз, адамдықтан жұрдай ойран ретінде бейнелейді. Оның романында соғыс тақырыбындағы шығармаларға тән патриоттық, ерлік, қаһармандық, отан алдындағы парыз сияқты құбылыстар көтеріңкі суреттеліп дәріптелмейді. Сондықтан романда бейнеленген неміс әскерінің генералы да, офицері де, қатардағы жауынгері де жағымсыз кейіпкер ретінде суреттелген.

Бёлльдің бұдан кейінгі романдарында соғыстан соңғы Германияның жағдайы бейнеленді. Шебер суреткер ретінде Генрих Бёлль адам тағдырлары арқылы, олардың ішкі дүниесі, одан туындаған әрекеттері арқылы кешегі соғыстың жаңғырығын терең бейнелейді. Оның "Қожайыны жоқ үй", "Он жарымдағы бильярд" романдарында қарапайым немістердің психологиясын, ішкі әлемін жан-жақты көрсету арқылы антифашистік идеяларды көркем бейнелер арқылы ұсынады.

Үлкен суреткер ретінде Генрих Бёлль соғыс тақырыбын ғана емес, өзге де тақырыптарды оз шығармаларына арқау етті. Оның "Ілкі шақтың наны" повесі (1955), "Бикешпен түскен топтық портрет" романы (1971) адам бойындағы махаббат, сүйіспеншілік, ізгілік сезімдерін бейнелейді. Автор алғашқы шығармасында алғашқы махаббат оқиғасын көрсетсе, ал романында шығарманың басты кейіпкері – Лени Пфайфер бейнесі арқылы адамның ішкі әлемінің мейірім мен шуаққа толы екендігін, адам сүю үшін, айналасындағы адамдарға жылуын дарыту үшін өмір сүретіндігін көрсетіп, эгоистік буржуазиялық моральды шеней отырып бейнелейді.

Генрих Бёлльдің шығармашылығында оқшау тұратын шығармалардың бірі – "Катарина Блюмнің арынан айырылуы немесе зорлық қалай туады және ол қайда апарады?" повесі. Жазушының суреткер ретінде әбден толыққан әрі әлемдік деңгейде мойындалған шағында 1974 жылы жарық көрген повесінде XX ғасырдың жетпісінші жылдарының оқиғалары суреттеледі. Соғыстан кейін әбден ес жиып, тұрмыс таукыметінен құтылған Батыс Еуропада алпысыншы жылдардың соны мен жетпісінші жылдары

қатыгездік, зорлық, террор сияқты құбылыстар көрініп қалып жатты. Бұның көріністері Германияда да қатты байқалды. Генрих Бёлль осы өзекті қоғамдық-әлеуметтік мәселелерге үн қатып, аталған повесін дүниеге келтірді. Бұл шығармасында жазушы сол қоғамда көрініс берген осы мәселелерді терең зерделеп, олардың себептерін көрсетуге тырысты. Автор оның себептерін қоғамдық-әлеуметтік жүйенің өзінен көреді. Генрих Бёльдің бейнелеуінше, – осы қоғамдық-әлеуметтік жүйенің қытымырлығы, мейірімсіздігі, гуманистік емес, буржуазиялық-нарықтық құндылықтарды жоғары қоюы – жеке адамдардың бойында қатыгездік, мейірімсіздік, осыдан туындайтын әртүрлі адам табиғатына жат қылықтар мен мінездерді туындатады. Яғни, қоғамдық-әлеуметтік жүйенің, тінті ресми саясаттың тонмойындығы, адамға қырын қарауы мейірімсіздік пен қатыгездіктен тарайтын келенсіздіктерді өрістетіп, оны қоғамдық проблемаға айналдырады. "Катарина Блюмнің арынан айырылуы немесе зорлық қалай туады және ол қайда апарады?" повесінің басты тақырыбы мен негізгі идеялық арқауы, міне, осындай жағдаяттарды көркем бейнелеуге арналған. Жазушының осы повесіндегі қоғамның өзекті мәселелері оның бұдан соңғы шығармаларынан да көрініс тауып жатты.

Генрих Бёлль ХХ ғасырдың екінші жартысындағы неміс көркем ойының алыптарының бірі. Ол үлкен суреткер болуымен бірге қоғамдық белсенді позициядағы қайраткер де болды. Оның суреткерлігі мен қайраткерлігі лайықты бағаланып келді. 1967 жылы Генрих Бёлль немістің айтулы сыйлықтарының бірі Георг Бюхнер сыйлығын алады. 1971 жылы неміс жазушылары ПЕН клубының президенті болып сайланады, көп ұзамай халықаралық ПЕН клубты басқарады. Бұл жұмыста ол 1974 жылға дейін болады. Аса көрнекті неміс жазушысының сан қырлы прозалық дарыны аса жоғары бағаланып, 1972 жылы Нобель сыйлығына ие болады. Ол соғыстан соңғы жылдардан кейінгі Нобель сыйлығын алған бірінші неміс жазушысы болды. Нобель комитетінің Генрих Бёлльге осы ең жоғары сыйлықты беруін әдебиет сыншылары жазушының "Бикешпен түскен топтық портрет" романымен байланыстырады. Бұл романда автор Германияның ХХ ғасырдағы тарихының кең панорамасын жасауды мақсат еткен.

Өзінің жазушылық миссиясын терең түсінген Генрих Бёлль қашанда азаматтық позициясынан айнымай, адамсүйгіштік, адалдық, ізгілік идеяларын насихаттаумен болды. Ол болмысынан жазушы болып жаратылған адам екендігін терең түсініп, қаламға қызмет етті, қаламмен халқына, дәуірге қызмет етті. Сондықтан да өзінің нобельдік дәрісінде ол: "... милиондаған адамдар сияқты мен де соғыстан оралдым, екі қолымнан басқа ештеңе де болған жоқ. Бірақ соғыстан оралған миллиондардан өзгешелігім – жазуға, жаза беруге деген құштарлығым айрықша болды", дей келіп "... мен өзім неміспін; маған ешкім жазып бере алмайтын, ешкім де ұзарта алмайтын жалғыз қуәлік ол – менің тілім. Маған көрсетілген Швед академиясының құрметін тек өзіме ғана емес, мен сөйлейтін тілге, мен азаматы болып табылатын елге көрсетілген құрмет деп сезінемін", деп тебіренген болатын.

ХХ ғасырдағы неміс әдебиетінің Эрих Мария Ремарк, Вольфганг Борхерт, Генрих Бёлль сынды өкілдері өз шығармалары арқылы осы әдебиеттің мерейі мен беделін көтерді. Арысы Гете мен Шиллерден, бірісі – Томас Манн мен Гауптманнан келе жатқан ұлы неміс әдебиетінің жақсы дәстүрлері жалғасын тауып жатқандығын тамаша көрсетіп берді. Адамзат тарихы үшін сан алуан оқиғаларға толы ғасырдың куәгерлері һәм суреткерлері болған олар өзі өмір сүрген дәуірдің ащы болса да ақиқат шындығын көркем кестелеп кетті.

Ербол ТІЛЕШОВ
филология ғылымдарының кандидаты

Генрих БЁЛЛЬ

КАТАРИНА БЛЮМНІҢ АРЫНАН АЙЫРЫЛУЫ

Бұл хикаяттың кейіпкерлері мен оқиға желісі ойдан шығарылған. Егер белгілі бір журналистік тәсілдерді сипаттауда "Бильд" газетінің амал-айласымен ұқсастық танылса, ол қасақана да емес, кездейсоқ та емес, шарасыз ұқсастық деу керек.

1

Төмендегі мәлімет бірнеше жанама деректемеге және кейін тағы қайталап жатпау үшін бірден атап көрсетілетін негізгі үш дереккөзіне негізделген. Басты дерек көздері: полицияның хаттамалары, адвокат д-р Хуберт Блорна, сондай-ақ оның мектепте бірге оқып, студенттік шақтарын бірге өткізген және – әрине, құпия түрде – тергеу хаттамаларын толықтырып, тергеуші органдардың кейбір шараларын түсіндірген әрі хаттамаларда көрсетілмеген тергеу нәтижелерін мәлімдеген досы Петер Гах; тағы бір айта кетерлігі – ол мұны ресми түрде емес, мейлінше жеке-дара пайдалану үшін істеді, себебі осының бәрін қалай түсіндіруді білмей дал болған, бірақ "жақсылап ойланса, мұны түсіндіруге болады әрі тіпті қисынды деуге де лайық" деп санайтын досы Блорнаның күйзелісіне байланысты өзі де қатты қапаланған-ды, Катарина Блюмнің ісі – айыпталушының тәртібіне және оны қорғаушы д-р Блорнаның аса қиын жағдайда қалуына бола – бәрібір азды-көпті қолдан қисыны келтірілген делінетін-діктен Гахтың тарапынан болған, пендешілік тұрғыдан өте табиғи, ұсақ-түйек әбестіктер тек түсінікті ғана емес, сонымен бірге кешірімді де еді. Бірі мәнді, бірі мәнсіз көлденең дерек көздерін бұл жерде атап жатудың қажеті де жоқ, өйткені олардың шатысуы мен бытысуы, сыңаржақтығы мен ілік-шатыстығы, күмәнділігі мен сенімділігі жауаптың өзінен келіп шығады.

2

Егер мәліметіміз, мұнда дереккөздері туралы көп айтылғандықтан, кейде "ауа жайылып" кетсе, оқырманнан кешірім өтінеміз: онсыз болмады. Қолымызда бары "дереккөздері" мен "сырғақтық" болғандықтан, жинақылық туралы сөз қылудың өзі қиын, қайта оның орнына "саю" ұғымын (немесе шетелдік "кондукция" сөзін) пайдаланса болар еді, сонда бұл ұғым бір кездегі балалық шағында (немесе тіпті есейгенде) шалшық суларда, солардың маңында немесе солардың *өзімен* ойнап жүріп, арнасын саркып, сапырылыстырып, жылғалап қосып, ақыры қол астындағы шалшықтың бәрін біртұтас кәрізге сайып, бұрынғысынан гөрі ылдилау деңгейге, ресми билік орындары әзірлеген арыққа немесе өзекке салатын, әрі тиісті жөн-жосығымен ағызатын әркімге-ақ түсінікті болар еді. Яғни кәдімгі кәріз немесе құрғату болады да шығады, – басқа түк те емес. Нағыз тәртіп орнату. Демек, хикаямыз аратура – деңгейдің әралуандығына бола – "ауа жайылып" бара жатса, оқырманның кешірімді болғанын сұраймыз, неге десеңіз, дағдару, тоқырау, іркілу, жайдақтау, "үйлесе алмайтын" сәтсіз кондукциялар мен дереккөздер, сондай-ақ жерасты ағыстары, т.т. мен т.б. болуы ықтимал ғой.

3

Сірә, бәрінен бұрын баяндап беруге тиісті жайлардың өзі тым қатал: баз бір қалада, 20.02.1974-тің сәрсенбісінде, ұлы ораза қарсаңындағы карнавал алдында жиырманың жетеуіндегі жас келіншек сағат 18.45-те өзінің пәтерінен шығып, жеке меншіктегі би кешіне барады.

Оқиғаның шиеленісе өрбігенінен кейін төрт күн өткенде – шиеленіс деңгейінің айырмашылығын білдіру үшін нақ осылай айтуға тура келеді, жексенбінің кешінде, дәл сол уақытта дейтіндей шамада, дәлірек айтқанда –19.04-те ол жеке шаруасына бола емес, қызмет бабына байланысты шейхтің киімін киіп жатқан қылмыстық полицияның аға комиссары Вальтер Мёдингтің есігіндегі қоңырауды қағып, хаттамаға жазу үшін деп, төбесінен жай түскендей болған Мёдингке ресми куәлік береді, яғни тапа тал түсте, сағат 12.15-те өз пәтерінде журналист Вернер Тётгесті атып өлтіргенін мәлімдейді де одан пәтердің есігін бұзып, өлікті "алып кетуді" өтінеді және өзі сабасына түсу үшін сағат 12.15-тен 19.00-ге дейін қала кезумен болғанын, бірақ ешқандай жеңілдік

сезбегенін, енді өзінің "сүйікті Людвигімен" бірге болғысы келетінін әрі сол үшін еркімен тұтқынға берілетінін айтады.

Жас келіншекті әртүрлі тергеулер бойынша жақсы білетін әрі оған біршама бүйрегі бұратын Мёдинг оның сөзіне қалтқысыз сенеді де өз мәшинесімен оны полиция басқармасына жеткізіп, өзінің бастығы, қылмыстық полицияның бас комиссары Байцменнеге мәлімдеп, келіншекті камераға апарып жабуға бұйырады. сағаттың ширегіндей уақыттан соң оның пәтерінің есігі алдында Байцменнемен кездеседі, ал арнайы машығы бар команда есікті бұзып ашқан соң келіншектің мәлімдемесі айна қатесіз рас екендігіне көзін жеткізеді.

Бұл арада қан туралы көп айтып жатудың қажеті жоқ, өйткені деңгейлердің *сөзсіз* айырмасы ғана шарасыз нәрсе саналуы тиіс, сондықтан оқырманның телевизия мен киноға, шытырман оқиғалы шығармалар мен мюзиклдарға жүгінуін сұраймыз; ал мұнда ағатын нәрсенің әйтеуір қан болмасы анық. Бәлкім, түстің белгілі әсерін атап көрсетуге болар: атылған Тётгестің киігені шейхтің көнетоз сейсептен ілдәлдалап көктей салған киімі екен, ал матаға көл-көсір қызыл қан жұқса оның қалай көрінетінін әркімнақ біледі; мұндай жағдайда пистолеттің бояу бүріккішке айналатыны сөзсіз, ал киімге қатысты айтқанда әңгіме кепеп туралы болғандықтан мұнда сілтемені өзгеге емес, осы заманғы сұңғат өнері мен декорацияға жасаған орынды. Жарайды. Әйтеуір нақты жағдай осындай.

4

Ұлы оразаның алғашқы аптасындағы сәрсенбіде думандаткан қаланың батысындағы шоқ тоғайдың арасынан өлігі табылған фототілші Адольф Шённерді де атып өлтірген Блюм болуы мүмкін деген алғашқы күдік оқиғалар желісін қалпына келтірген соң сейіліп, оның "фактілерге сәйкес келмейтіні" анықталды. Кейінірек бір такси айдаушы шейхтің киімін киген Шённер мен андалуз әйелдерінше киінген жас келіншекті тура сол шоқ ағаштарға жеткізіп салғанын айтыпты. Бірақ Тётгес жексенбінің түс кезінде атылған болса, Шённер тек сейсенбі күні күндіз атылған. Әрі көп кешікпей Тётгестің қасынан табылған қылмыстың қаруы Шённерді өлтірген қару болуы мүмкін емес екені анықталғанымен, қылмыска итермелеген себепке байланысты Блюм бірнеше сағат бойы күдікті саналумен болды. Егер оның Тётгестен алар кегі болса, Шённерге

де дәл сондай кек сақтауы әбден мүмкін еді. Бірақ Блюмнің екі бірдей пистолеті болуы тергеу органдарына сенімсіздеу көрінді. Ол өзінің қанды кегін салқынқанды есеппен алған; Шённерді де өлтірген сен емеспісің деген сұраққа ол: "Оны да өлтірсе несі бар екен?" – деп, сұраулы түрде екіұшты жауап берді. Дегенмен, кейін Шённерді де өлтірген сол дейтін күдік сейілді, оның үстіне алибиін тексеру оның бұған қатысы жоқ екенін толықтай дәлелдеп берді. Катарина Блюмді білетіндердің де, тергеу барысында біле бастағандардың да ешқайсысы егер оның Шённерді өлтіргені рас болса, онысын сөзсіз мойындайтынына күмәнданбады. Қалай болғанда да, әлгі екеуді шоқ тоғайға жеткізіп салған такси шопыры ("Мен оны тек тал-шілік қопасы дер едім", – деді ол) фотосуреттерден Блюмді танымады. "Құдайым-ау", – деді ол, – бойы 1,63-1,68 болатын, жасы 24-27-лердегі мұндай қоныркай шашты сылқым қыздар карнавал күндерінде мұнда мын-мындап жүреді емес пе".

Шённердің пәтерінен Блюмнің де, андалуз қызының да ешқандай ізі табылған жоқ. Шённердің әріптестері мен таныстары сейсенбі күні түс әлетінде оның журналистер жиналатын сыраханадан "әлдебір сайқалмен тайып тұрғанын" айтты.

5

Карнавалды ұйымдастырушы және әзіл-оспақты қайта жандандырдым деп дәсердей болатын, өзі шарап саудасымен айналысатын бір дөкей әрі шампан шараптары фирмасының өкілі екі қылмыстың да тек дүйсенбі мен сәрсенбі күндері жария болғаны үшін арка-басы кеніп, ойдай бір рахаттанды. "Бұл сұмдық мерекенің бастауында болса, көніл-күйдің де, сауданың да саудасы бітер еді. Киім ауыстыру қылмыс жасау үшін істелетінін жұрт білсе, көніл бірден-ақ су сепкендей басылып, сауданың да басына су құйылар еді. Қорлықтың көкесі сол. Шаттық пен жайдарылық сенімді қалайды, олар соған негізделеді.

6

Екі бірдей тілшісінің өлім құшқаны белгілі болысымен ГАЗЕТТІҢ мінезі өзгеріп сала берді. Көз көріп, құлақ естімеген дүрлігіс! Аршынды тақырыптар. Айқара беттер. Арнаулы нөмірлер. Өлім туралы добалдай әріптермен терілген хабарлар. Құдды бір атыс-шабыска толы дүниеде журналистің өлімі шектен

шыккан озбырлық, айталық, банк директорының, қызметшісінің немесе оны тонаушының өлімінен әлдекайда киянат бірдене дерсің.

Баспасөздің бұл асыра сілтеуін атап айтқан жөн, өйткені осы ГАЗЕТ қана емес, өзге газеттер де журналистің бұлайша өлтірілуін аса бір сұмдық, жан түршігерлік, тіпті жазмыштан болған, кәделі өлім ретінде жазып жатты. Керек десеңіз, мұны "кәсіптің құрбаны" десті және ГАЗЕТТІҢ өзі, әлбетте, Шеннер де Блюмнің қолынан өлді дейтін қисынға жабысты да қалды және Тётгес журналист болмаса (айталық, етікші немесе наубайшы болса) оған оқ атылмас еді дейтінді мойындасақ, онда кәсіпке байланысты болған өлім туралы айтқан дұрыс екенін анықтап алған жөн болар еді, себебі әлі тергеу жүргізілетіні кәміл және сол Блюм дейтін ақылды әрі байыпты әйелдің не себепті кісі өлтіруді ойына алып қана коймай, оны жүзеге асырғаны – өзі таңдаған шешуші сәтте пистолетті қолына алумен бірге оны іске қосқаны анықталатыны сөзсіз.

7

Осы бір болмашы деңгейден сдәуір еңселі биіктерге көтерілейікші. Қан туралы айта беріп қайтеміз. Баспасөздің даурықпасын да ұмытайық. Катарина Блюмнің пәтері жиналды, жарамсыз боп қалған кілемдер күресінге тасталды, жиһаздар сүртіліп, орын-орнына қойылды – мұның бәрі өзінің досы Гахтан өкілдік алған д-р Блорнаның өкімімен және соның есебінен атқарылды, бірақ Блорнаның мүлікке иелік ететін-етпейтіні әзірге белгісіз еді.

Қалай дегенмен сол Катарина Блюміниз бес жылда жалпы құны жүз мың маркалық бұл пәтерге колма-кол жетпіс мың марка төлеген ғой, сондықтан казір шамалы мерзімдік камаумен абақтыда жатқан ағасы айтқандай, "мұнда олжа қыларлықтай бірдене бар" болатын. Бірақ, пәтер атаулының едәуір қымбаттағанын еске алғанның өзінде, енді мұның өсімі мен қалған отыз мың берешегін кім төлемек? Актив қана емес, пассив те калып тұр ғой.

Бұл екі арада Тётгестің жерленгеніне де (баз біреулердің айтуынша, тым салтанатпен жерленгеніне) біршама уақыт болған. Бір ғажабы, Шеннердің өлімі де, жерленуі де дәл бұлайша дүркіреп, көп назарына іліккен жоқ. Мұның не себебі болды екен? Әлде ол "кәсіптің құрбаны" емес, тегі, қызғаныштың құрбаны болғандығынан ба? Шейхтің киімі заттай айғақтар коймасында

сақтаулы және пистолет те (08) сонда жатыр, оның қайдан пайда болғанын тек Блорна ғана біледі – полиция мен прокуратура оның анық-қанығына жете алған жоқ.

8

Сол бір беймағлұм төрт күнде Блюмнің іс-әрекетін тергеу әуелі ойдағыдай жүріп еді, бірақ күн жексенбіге ауғанда шаруа шаткаяқтады да қалды.

Сәрсенбінің кешінде Блорна өз ықыласымен Катарина Блюмге 280 маркадан толық екі аптаның – осы апта мен келесі аптаның жалақысын төледі, өйткені сәрсенбі күні кешкілік әйелімен бірге қысқы демалыска кетпекші еді. Катарина бұл жолы өткен жылдардағыдай науқандық жұмыска жалданбайтынын, демалыс алып, карнавалда көңіл көтеретінін айтып уәде беріп қана қоймай, тұп-тура ант-су ішті. Ол Блорналарға өзінің кіндік шешесі, жақын досы Эльза Вольтерсхаймның үйіндегі шағындау кешкі балға шақырылғанын, көптен бері бір билесем деп аңсары ауып жүргенде соған қатты қуанышты екенін айтты. Оған Блорна ханым: "Былқ етпе, Катринхен, осыдан қайтып оралған соң біз де бір кеш ұйымдастырамыз, сонда армансыз билейтін боласың", – деген. Өзі қалада тұрғалы бері, мінеки бес немесе алты жыл болып барады, Катарина "жай бір жерге барып билеп қайтудың" реті келмегенін айта беретін. Сондай-ақ өзі Блорналарға айтатындай, мұнда кілен бір сормандай студенттер ен-тегін салдақыларды іздеп табатын лашықтар мен жын-ойнақтың ордасы іспетті ғимараттар ғана болатын, ал діни сипаттағы би шараларын өзінің суқаны сүймейтін.

Сөйтіп, сәрсенбінің кешінде Катарина ара-тұра қолұшын беріп тұратын ерлі-зайыпты Хиперцтердің үйінде екі сағат болып, ол-пұл шаруаларына көмектесті. Карнавал күндері Хиперцтер де қаланы тастап, Лемгодағы қыздарына кететін болғандықтан Катарина өзінің "фольксвагенімен" карттарды вокзалға жеткізді. Мәшинеге тұрақ табу қиын болғанына қарамастан, оларды қоярда-қоймай перронға шығарып салды әрі заттарын да апарып берді. ("Ақшаға емес, жоқ, ондай көмегі үшін оған бірдеңе ұсынудың өзі мүмкін емес еді, оған ол қатты ренжіген болар еді", – деп түсіндірді Хиперц ханым). Пойыздың 17.30-да қозғалғаны анықталды. Катаринаның жаңа басталып келе жатқан карнавал абыр-сабырында мәшинесін тауып алуына 5-10 минут берсек, содан соң қаладан тысқары орман алқабындағы пәтеріне барғанша 20, тіпті 25 минут кетіп, оған ол тек 18.00-18.15-те жетті

десек, басы ашылмаған бірде-бір минут қалмайды әрі оның жуынып-шайынуына, киінуі мен жеңіл-желпі тамақтанып алуына уақыт беруіміз керек, өйткені 19.25-те ол Вольтерсхайм ханымның үйіндегі кештің басталуына үлгерді әрі оған мәшинесімен емес, трамваймен жетті және не бәдәуише, не андалуз қызынша киінбей, шашына жәй ғана қызыл қалампыр қыстырып, аяғына қызыл шұлық пен туфли, алқымы жабық, ақшыл сары түсті шағи нымша мен сол түстес жұпыны белдемше киіп барды. Катаринаның кешке өз мәшинесімен яки трамваймен баруында тұрған ештеңе жоқ сияқты көрінуі мүмкін, бірақ бұл арада оны айта кету керек, өйткені тергеу барысында оның маңызы аз болған жоқ.

9

Катаринаның Вольтерсхайм пәтеріне кірген сәтінен бастап тергеу жүргізу оңайлайды, себебі 19.25-тен былай қарай ол, өзі де білместен, полицияның қадағалауында болды. Кейін өзінің түсінігінде айтатындай, ол кештің өн бойында, 19.30-дан 22.00-ге дейін тек Людвиг Гёттен дейтін біреумен "ес-түссіз билеп", ақыры сонымен бірге кеткен.

10

Осы арада прокурор Петер Гахқа ризашылығымызды айтуымыз керек, неге десеңіз, заң құпиясын ашқанмен, барлық мәліметті біз содан алдық, яғни Блюм Вольтерсхаймның пәтерінен Гёттенмен бірге шығып кеткеннен кейін қылмыстық полицияның комиссары Эрвин Байцменне Вольтерсхайм мен Блюмнің телефондарын тыңдауға тәртіп бергенін білдік. Бұл сірә, хабарламаға лайық тәсілмен жасалған сияқты. Мұндай реттерде Байцменне тиісті бастығына телефон шалып: "Маған тағы да тілдерім қажет болып қалды. Бұл жолы – екеу", – десе керек.

11

Гёттен, сірә, Катаринаның пәтерінен телефон соқпағанға ұқсайды. Әйтеуір Гах ол жайынан бейхабар. Катаринаның пәтері қатаң қадағалауда болғаны белгілі, ал бейсенбі күні таңертеңгі 10.30-ға дейін Гёттен ол жерден не телефон шалмай, не сыртқа шықпай дінкелеткен соң шыдамы таусыла бастаған Байцменне мұздай қаруланған сегіз полицейді бастап, пәтерді шабуылмен

басып алды-дағы, сақтық шараларын қатаң сақтай жүріп, оны астын-үстін тінтіп шықты, бірақ тапқандары Гёттен емес, асүйдің серванты жанында добалдай кеседен кофе ішіп, май мен бал жағылған ақ нанды жеп, "мейлінше жайбарақат тұрған, тіпті бақытты сәтіндегі" Катарина болды. Тек күдікті көрінгені – ол тіпті абдырап-саспаған, байсалды қалпынан аумай, "сәл мақтанғандай" сынай танытты. Үстінде әсел гүлдерді кестелеп, жасыл түсті мақта матадан тігілген, суға түскенде киетін халат, оның ішінде ештеңе жоқ екені белгілі, ал комиссар Байцменне (кейін Катаринаның өзі айтқандай, "мейлінше дөрекі түрде") Гёттеннің қайда кеткенін сұрағанда ол Людвигтің пәтерден қашан шығып кеткенін білмеймін деп жауап берді. Өзі 9.30-да оянса, ол кетіп қалған екен. "Қоштаспастан ба?" – "Иә".

12

Осы арада Гах бір жолы есіне түсіріп, артынан теріске шығарған, содан соң тағы да есіне түсіріп, қайтадан теріске шығарған Байцменненің аса бір шетін сұрағы туралы айта кеткен жөн. Блорна бұл сұрақты маңызды санайды, өйткені оның қойылғаны рас болса, Катаринаның қытығына тиіп, ұяты мен ашуын қоздыруға себепші болған, басқа ештеңе емес, нақ соның өзі деп ойлайды. Блорна мен оның әйелі Катарина Блюмді жеңсік мәселесінде барып тұрған кінәмшіл, тіпті жан жуытпас асау деп сипаттайтындықтан, өз ойында құрықтаған болармын-ақ деп жүрген Гёттені қолынан сусып кеткені үшін әбден жыны қозған Байцменне осындай шетін сұрақты *қоя алатын ба еді* дегенді таразылап байқау керек. Байсалды қалыппен сервантына сүйеніп тұрған Катаринадан Байцменне: "Ол сені пайдаланды ма?" – деп *сұрапты-мыс*, ал Катарина бір сәт қызарып кетіп, бірақ салтанатты өркөкіректікпен: "Жоқ, мен оны олай атамас едім", – деп жауап қатса керек.

Егер Байцменне осы сұрақты қойған болса, Катарина екеуінің арасында ешқандай сенім орнамас еді деп кәміл сеніммен айтуға болады. Бірақ "тым жаман адам емес" деп саналатын Байцменне, қалтқысыз дереккөздері бойынша, соған әрекет жасап баққанымен, олардың арасында өзара сенім орнай қоймауын сол бір сүркия сұрақтың қойылмағанын даусыз дәлелдейді деп қарамау керек. Әйтеуір тінту кезінде бірге болған әрі достары мен таныстарының арасында "жеңсікқұмарлығы жетіп артылады" деп саналатын Гох селқос қана сервантқа сүйеніп тұрған атқан таңдай

ажарлы Блюмді көргенде басына тентек ой келіп, әлгіндей сұрақты соның өзі де қоюы немесе сондай бір дөрекі әрекетке баруы әбден мүмкін еді ғой.

13

Содан соң пәтер мұқият тінтілді, кейбір заттар, ең алдымен қағаздар тәркіленді. Катарина Блюмнің ваннада, полицияның қызметші әйелі Плецердің көзінше киінуіне рұқсат етілді. Бірақ ваннаның есігі қару асынған екі полицейдің қатаң қадағалауымен сәл ашық қалдырылды. Катаринаның қол сөмкесін және тұтқындала қалғандай болса деп түнгі туалет бұйымдарын, косметикалық қолдорбасын һәм оқуға бір-екі кітабын алуына рұқсат етілді. Оның кітапханасы төрт махаббат романынан, үш детективтік романнан, сондай-ақ Наполеон мен швед королевасы Кристинаның өмірбаяндарынан тұратын. Бәрі бір кітапқұмарлар клубының кітаптары еді. Ол қайта-қайта: "Бұл қалай, мұның қалай болғаны, мен сонша не істеп қойыппын?" – деп сұрай берген соң қылмыстық полицияның қызметшісі Плецер ақыры сыпайы сөйлеп, Людвиг Гёттеннің көптен бері іздеуде жүрген қарақшы екенін, банкті тонауға қатысқаны түгелдей дерлік әшкереленгенін, кісі өлтіргені және басқа да қылмыстары бойынша сезікті адам екенін айтып берді.

14

Ақыры 10.15-те Катарина Блюмді пәтерінен шығарып, тергеуге алып жүргенде оның қолына бұғау салынбады. Шыны керек, Байцменне бұғау салуды қолай көріп еді, бірақ қызметші Плецермен және өзінің ассистенті Мёдингпен қысқа-қайырым шүйіркелескен соң барып ол ойынан бас тартты. Сол күні карнавал басталатын болғандықтан үйдің қыруар тұрғындары жұмысқа бармаған еді, бірақ көне Рим салтанаттарына ұқсас жыл сайынғы шеруге, мерекеге және т.б. олар әлі шыға қоймаған-ды, сондықтан екі жағынан Байцменне мен Мёдинг қаусырмалап, қарулы полицейлердің айдауындағы Катарина Блюм лифтіден шыққанда ұядай пәтерлері бар он қабатты үйдің кіре берісінде капот пен пижама жамылған, суға түсетін халат киген отыз шақты тұрғындар топырлап, ал лифтіден бірер қадам жерде фоторепортер Шённер тұр екен. Катаринаны алдынан да, артынан да, қырынан да армансыз суретке түсіріп жатты, ол ақыр соңында ұяттан өртене

жаздап абдыраған, сөмке, қолдорба, екі кітап салынған пластик пакет пен жазу құралдарын ұстаған қолдарымен бетін көлегейлемек болып шашы дудыраған, ашулы бет-әлпеті әлем-тапырық болған күйінде тағы түсіріп алды.

15

Содан жарты сағат өтіп, Катаринаның құқықтары есіне салынып, өзін біршама жөнге келтіруіне рұқсат етілгеннен кейін, Байцменненің, Мёдингтің, Плецер ханымның, сондай-ақ прокурорлар д-р Кортен мен Гохтың қатысуымен жауап алу басталды да хаттамаға енгізілді: "Менің аты-жөнім Катарина Беттло, тумысымда – Блюм. Мен 1947 жылғы 2 наурызда Куир округіндегі Геммельсбройхта тудым. Әкем – тау-кен жұмысшысы Петер Блюм. Ол менің алты жасар кезімде, соғыста алған өкпе жарақатының салдарынан отыз жеті жасында қайтыс болған. Соғыстан соң әкем қайтадан қатпарлы тастар кенішінде жұмыс істепті, сонда пневмокониоз дертіне шалдыкса керек. Ол қайтыс болған соң анам зейнетақыға байланысты қиыншылықтарға тап болады, себебі қамтамасыз ету бөлімі мен кеншілер бірлестігі мәмілеге келе алмаған көрінеді. Әкемнің жиі ауырып, әредік қана табыс табуына және анамның әр жерлерде үй сыпырушы болып істеуіне байланысты менің үй шаруасымен өте ерте айналысуыма тура келді. Мектепте оқыған жылдарымда да тек өзіміздің ғана емес, көршілеріміздің де, ауылдастарымыздың да ол-пұл шаруасына көп араласып, тамақ пісіруге, азық-түлік консервілеуге, мал союға қолғабыс еткеніме қарамастан, оқудағы үлгерімім де тәуір болды. Үйде тыным таппайтынмын және жиын-терінге де көмектесетінмін. 1961 жылы мектепті бітірген соң Куирдегі кіндік шешем Эльза Вольтерсхайм ханымның көмектесуімен сондағы Герберстің ет дүкеніне көмекші болып орналастым, реті келгенде сореге тұрып сауда жасап та жүрдім. Куирдегі үй шаруашылығы мектебінде тәрбиеші-шебер болып істейтін кіндік шешем Вольтерсхайм ханымның көмегімен және қаржылай жәрдемімен 1962 жылдан 1965 жылға дейін сол мектепте оқыдым; мектепті "өте жақсы" деген бағалармен бітіріп шықтым. 1966 жылдан 1967 жылға дейін сол маңға жақын Офтерсбройх дейтін жердегі "Кёшлер" фирмасының ұзақты күнгі балабақшасында экономка болып жұмыс істедім, содан соң сол Офтерсбройхта дәрігер, д-р Клутеннің үй қызметшісі болып орналастым, тек онда бір-ақ жыл болдым, өйткені доктор мырза барған сайын еркінси беретін болды

да онысы ханымына ұнай қоймады. Ондай еркінсушілік мені де мезі ғып болған еді. Тіпті жыныма тиетін. 1968 жылы бірнеше апта бойы жұмыссыз қалып, анамның шаруасына көмектесіп, реті келгенде Геммельсбройхтағы дағырашылар корпорациясының жиналыстары мен кештеріне қолұшын беріп жүргенімде ағам Курт Блюм мені тоқымашы-жұмысшы Вильгельм Бреттломен таныстырды да бірер айдан соң соған күйеуге шықтым. Біз Геммельсбройхта тұрдық, демалыс күндері онда қарақұрым демалушылар келетін де мен ара-тұра Клоог мейрамханасының асүйінде ол-пұл шаруаға көмектесіп, әредік даяшы болып та жүрдім. Жарты жылдан кейін-ақ күйеуімді иттің етінен жек көретін болып алдым. Оның егжей-тегжейін қозғамай-ақ қойсам деймін. Ақыры күйеуімді тастап, қалаға көшіп кеттім. Ажырасу кезінде мен күйеуін қаскүнемдікпен тастаған әйел ретінде айыпты адам саналдым да қайтадан қыз күнімдегі тегіме көштім. Бастапқыда Вольтерсхайм ханымның үйінде тұрдым, бірнеше аптадан соң салық инспекторы д-р Фенерннің үйіне экономка әрі үй қызметшісі болып орналастым да сонда тұрақтадым. Фенерн мырза біліктілікті көтерудің кешкі курстарына қатысып, дипломды экономка болу үшін емтихан тапсыруыма мүмкіндік берді. Ол бір аса жағымды, мейірбан жан еді, сондықтан мен емтихан тапсырғаннан кейін де сол үйде қала бердім. 1969 жылы бірталай ірі фирмалардың салық салынатын мүлкін жасырғаны әшкереленіп, оларға жұмыс істейтін д-р Фенерн мырза тұтқындалды. Ұсталып кетіп бара жатқанда ол менің үш айлық жалақым салынған конвертті қолыма ұстатып тұрып, алдағы уақытта да үйіне қарайлай жүруімді өтінді және өзі көп кешікпей қайтып оралатынын айтты. Мен тағы бір айға қалып, оның кеңсесінде салық инспекторларының қадағалауымен жұмыс істеген адамдарына қызмет көрсеттім, үйін таза, бағын бабында ұстадым, киім-кешектерін ұқыптауды да ұмытқаным жоқ. Д-р Фенерн мырзаға арнап тергеу түрмесіне ұдайы таза ішкиімдер, сондай-ақ ішім-жем, әсіресе Куирдегі қасапшы Герберстен үйреніп, өзім пісірген арденн паштетін апарып тұрдым. Кейінірек кенсе жабылып, үй тәркіленді де менің бөлмені босатуыма тура келді. Сірә, д-р Фенерн де мүлікті заңсыз иемденді, құжаттарды қолдан жасады деп айыпталған болу керек, енді ол түрмеге шындап қамалды, бірақ мен оған қатынап тұруымды тоқтатқан жоқпын. Мен енді оған қарыздар болып қалған екі айдың жалақысын өзіне қайтармақшы болдым. Бірақ ол оныма үзілді-кесілді тыйым салды. Содан көп кешікпей-ақ мен Фенерн мырза арқылы танысқан д-р Блорнаның үйінен орын таптым.

Блорналар саябақта орналасқан Зюдштадт қыстағындағы бунгалода[1] тұрады. Сол жерден маған да баспана ұсынылғанымен, оны өзім қаламадым: тәуелсіз болып, еркін кәсіп иесі секілді өз мамандығым бойынша жұмыс істегім келді. Ерлі-зайыпты Блорналар маған үлкен мейірбандық танытты. Үлкен архитектуралық бюрода жұмыс істейтін д-р Блорна ханым "Өзен бойындағы сәнді мекен" дейтін атпен жарнамаланып жүрген оңтүстіктегі серік-қаладан өзіме пәтер сатып алуыма көмектесті. Д-р Блорна мырза өнеркәсіптік фирмаларға кеңес беруші заңгер, ал д-р Блорна ханым – сәулетші ретінде бұл жобамен таныс екен. Д-р Блорна мырза екеуміз отырып сегізінші қабаттағы асүйі мен ваннасы бар екі бөлмелі пәтердің құнын, өсімімен біртіндеп өтелетін қарызының мөлшерін есептеп шығардық және өзімде 7 мың марка шамасында жиған-тергенім болғандықтан әрі ерлі-зайыпты Блорналар 30 мың марка несие алуыма кепілдік бергендіктен 1970 жылдың басында-ақ мен өз пәтеріме қоныстануға мүмкіндік алдым. Әуелгіде ең төмен айлық төлемім 1100 маркадай болды, ал ерлі-зайыпты Блорналар менен тамақ ақысын алмағандықтан, Блорна ханым тіпті күн сайын қолыма ішім-жемін тықпалап пәруана болатындықтан мен өте үнемді өмір сүріп, несиемді баста есептегенімізден де бұрын өтейтін жағдайда болдым. Мен төрт жылдан бері солардың шаруашылығын басқарып келемін, жұмыс күнім таңғы жетіде басталып, үй жинап, сауда-саттық жасап, кешкі асты әзірлеумен 16.30-да аяқталады. Сондай-ақ ішкінімдер мен төсек-орындардың қам-қарекеті де менің мойнымда. Сағат 16.30 бен 17.30-дың арасында өз үй-ішімнің шаруасымен айналысамын және әдетте тағы 1.5-2 сағат бойы зейнеткерлер Хиперцтердің жұмысында боламын. Сенбі мен жексенбідегі жұмысым үшін екі үйден қосымша ақы аламын. Бос уақытымда реті келсе ресторатор Клофтта жұмыс істеймін немесе қабылдауларда, кештерде, үйлену тойларында, қонақасыларда, балдарда қолғабыс етемін және оларға көбінесе бүкіл жұмыс ақысын тұтастай бір-ақ алатын тәуекелмен ерікті негізде жалданған экономка ретінде немесе баз бірде "Клофт" фирмасының тапсыруымен барамын. Нарықтама жасаумен, жұмысты ұйымдастырумен айналысамын, орайы келсе аспаз немесе даяшы бола салатыным да бар. Сонда айлық табысым шамамен 1800-2300 маркадан айналады. Қаржы басқармасында мен еркін кәсіптің адамы саналамын. Салықтарым мен

Бунгало – тропикалық аймақтарда қала сыртына салынатын жеңіл тұрғынжай (ағылш.)

қамсыздандыру ақысын өзім төлеймін. Барлық қағаздарымды – салық декларацияларымен, т.б. – маған Блорнаның кенсесіндегілер тегін дайындап береді. 1972 жылдың көктемінен бері 1968 жылы шығарылған "фольксвагеннің" иесімін, оны маған қолайлы бағасына "Клофт" фирмасында істейтін аспаз Вернер Клормер сатқан болатын. Әйтпеген жағдайда өзі жиі ауысып тұратын әртүрлі жұмыс орындарына қоғамдық көлікпен жетуім қиынға түсе бастаған еді. Мәшине алған соң шалғай мейманханаларда өтетін қабылдаулар мен той-томалақтарға барып жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болдым".

16

Жауап алудың бұл бөлігі 10.45-тен 12.30-ға дейін және бір сағаттық үзілістен соң – 13.30-дан 17.45-ке дейін созылды. Түскі үзілісте Блюм полиция басқармасының есебінен кофе ішіп, ірімшік қосылған бутерброд жеуден бас тартты және оған көрінеу бүйрегі бұратын Плецер ханым мен ассистент Мёдингтің жалынып-жалпайғанынан да түк шыққан жоқ. Гахтың айтқанындай, оның, сірә, қызмет пен жеке басқа қатысты нәрсені бөлек қарастыруға, жауап алудың қажеттігін түсінуге дәрмені жоқ болса керек. Галстугінің түйінін босатып, жағасы жайлауға кетіп, кофе мен бутербродқа қырғидай тиіп отырған, қайырымды қарттан аумайтын Байцменне шынымен-ақ Блюмге әкелік мейіріммен қарай бастағанда Катарина өзін камераға апаруды өтініп қыңырая қалды. Содан соң өзін күзетуге қойылған екі полицейдің де кофе мен нан ұсынып пәруана болғанына қарамай, басын шайқап, нарда отырған күйі шылымын бұрқыратып, камерадағы кір-қожалақ унитазға деген жеркенішін мұрнын тыржитумен білдіріп, міз бағар емес. Дегенмен сәлден соң Плецер ханым мен өндірдей екі полицейдің өтінішіне бола қан қысымын өлшеуге мұрсат берді (онысы қалыпты деңгейде екен), сол маңдағы дәмханадан үгілмелі тәтті тоқаш пен бір кесе шай әкеп берулеріне рұқсат етуге дейін мейірленді, бірақ таңертең өзі киініп болғанда есігінің аузын күзеткен жас полицейдің "мырзалық көрсетпекші" ниетіне көнбей, ақшасын өзі төледі. Осыған байланысты екі полицей мен Плецер ханымның Катарина Блюм туралы пікірі: әзіл ұқпастың өзі екен дегенге сайды.

17

Жауап алу 13.30-да жалғасып, 14.45-ке дейін созылды. Байцменне сұрақтың неғұрлым қыска болғанына куана-куана

келісер еді, бірақ Блюм оның егжей-тегжейлі болғанын қалады да прокурордың екеуі бірдей Катаринаның соған қақысы бар екенін мойындады және Байцменне де, әуелі ықылассыз мойынсұнғанымен, мәселенің байыбына барғаннан кейін, уәжге жығылды.

17.45-те жауап алуды жалғастыру керек пе, әлде тоқтату керек пе, Блюмді босатамыз ба немесе камераға жібереміз бе деген мәселе қойылды. Рас, 17.00-де ол рақымшылық етіп, тағы шай ішуге және ет қосылған бутерброд жеуге келісімін берді де сонысы арқылы жауапты жалғастыруға құлықты екенін білдірді, өйткені Байцменне сол аяқталысымен оны үйіне жіберуге уәде еткен болатын. Ендігі әңгіме оның Вольтерсхайм ханыммен арақатынасы жайына ауысты. Катарина Блюмнің айтуынша, ол мұның кіндік шешесі, анасының немере сіңілісі екен және бұған ұдайы қамқорлық жасап келіпті, сол себепті де Катарина қалаға келіп орналаса салысымен дереу оны іздеп тауып алыпты.

"20.02-де мен сол үйдегі балға шақырылдым. Тегінде, оның өзі 21.02-ге, карнавал түніне белгіленген-ді, бірақ кейін бір күн ілгері жылжытылды, өйткені карнавал түнінде Вольтерсхайм ханым қызмет бабымен жұмыста болатын болды. Бұл менің төрт жылда бір көрген би кешім еді. Жоқ, мұным қате екен: Блорналардың үйінде конак күтісе жүріп бірнеше рет – бәлкім, екі, үш немесе төрт мәрте шамалы билегенім бар. Түннің біруағында, дастарканды жинап, ыдыстарды жуып болған соң, мен кофе әкелстінмін, ал ішімдік жағын д-р Блорнаның өзі басқаратын – міне, сол кезде мені салонға шақырып, онда д-р Блорна мырзамен, сондай-ақ университеттердегі, экономикалық және саяси топтардағы мырзалармен билеуші едім. Бара-бара ондай шақырудың өзін құлықсыз қабылдайтын болдым да ақырында мүлдем елемейтінді шығардым, өйткені көбінесе қызып алған конактар мұнда да қылжақтай беретін еді. Дәлірек айтсам: ондай шақырудан бас тартуым мәшине алғаннан кейін басталды. Бұрын мен ол мырзаларға тәуелді болатынмын: баз біреулері мені жеткізіп салатын. Әне, ана мырзамен де окта-текте билегенім бар", – деп Гахты көрсеткенде, ол әнтек қызарып кетті. Гах та қылжақтайтын ба еді – деген сұрақ қойылған жоқ.

18

Жауап алудың ұзакка созылу себебі – Катарина әрбір тұжырымды таңғаларлық такуалықпен қадағалап, хаттамаға

жазылған әр сөзді қайта-қайта оқып беруді сұраумен болды. Мысалы, соңғы тарауларда айтылатын "қылжақтау" деген сөз әуелде хаттамаға "наздану" деп жазылды, яғни алғашқы редакциясында "мырзалар "наздана" бастайтын" делінген-ді. Бұл Катаринаны қатты ашуландырып, оның қасарысқан қарсылығын тудырды. Оның прокурорлармен және Байцменнемен осы анықтамаларға қатысты келіспеушілігі үлкен дауға ұласты, өйткені Катарина: наздану деген екіжақты сезімнен туатын әрекет болса, қылжақтау – біржақты әрекетті білдіреді, ал бұл арада әңгіме осы екіншісі туралы болып отыр деп бетбақтырмады. Мырзалар мұның бәрі соншалықты мәнді емес десіп, жауап алудың мұншама созылып кетуіне оның өзі кінәлі екенін айтқанда, ол қылжақтаудың орнына наздану жазылатын болса, ондай хаттамаға қол қоймайтынын мәлімдеді. Ол үшін мұндағы айырмашылықтың шешуші мәні бар және оның күйеуімен ажырасуының бір себебі – ол наздану дейтіннен бейхабар, тек қылжақбас болса керек. Ерлі-зайыпты Блорналарға қатысты "мейірбан" деген сөзге бола да осындай дау-дамай өршіді. Хаттамада: "маған аса ізетті болды" деп жазылған екен. Блюм "мейірбанды" деген сөзді қалады, ал өзгелері оны тым ескілікті сөз деп тауып, оның орнына "кішіпейілді" ұсынғанда ол шат-шәлекей ашуланып, ізеттілік пен кішіпейілдік мейірбандықпен ауыл үй қона алмайтынын, ал өзі Блорналардың тарапынан нақ осындай жақындық сезінгенін айтты.

19

Бұл екі арада үйдің тұрғындарынан да жауап алынған. Олардың көбі Катарина Блюм туралы не ешқандай куәлік бере алмады немесе жарытымды ештеңе демеді: бар айтқандары кейде лифтіде кездесіп сәлемдесетін едік, қызыл "фольксвагеннің" иесі екенін білетін едік дегенге сайды; біреулер оны әлдебір дөкейдің хатшысы деп, тағы бірсулер – әмбебап магазиннің бөлім меңгерушісі деп санайды екен; бәрінің білетіні – ол қашанда ұқыпты, жайдары, тек сәл біртоға көрінетін болса керек. Катаринаның өзі тұратын сегізінші қабаттағы бес пәтердің тұрғындарынан екеуі ғана көңіл көншітерліктей мәлімет бере алды. Біреуі – шаштараздың иесі Шмиль ханым да, екіншісі – электр станциясының бұрынғы қызметшісі, қазіргі зейнеткер Рувидель дейтін біреу болып шықты; бір ғажабы, бұлардың екеуі де Катаринаны пәтерінде бөгде еркектерді қабылдайтын немесе өзімен бірге ертіп келетін жеңіл жүрісті әйел деп санайды екен.

Шмиль ханымның айтуынша, оған келуші – екі-үш аптада міндетті түрде төбе көрсететін, жасы қырықтардағы, "жақсы ортадан" шыққан дейтіндей аса сылқым мырза болса керек; ал Рувидель мырза оны бірнеше рет саяқ жүрген, тағы бірер мәрте фройляйн Блюммен бірге келген ұшып-қонба жас жігіт деп сипаттады. Ол сірә, өткен екі жылда сегіз немесе тоғыз рет келгенге ұқсайды, "бұл тек өз көзіммен көріп куә болғандарым ғана, ал менің назарымнан тыс келгені болса, әрине, ол жайында ештене айта алмаймын".

Кешкілік осы куәліктерді Катаринаға көрсетіп, оларға қатысты не айтатынын білмек болғанда, сұрақты тұжырымдап үлгермей жатып, нақ осы Гах жауап берушінің аузына сөз салғысы келгендей ниетпен: орайлы сәтінде оны үйіне жеткізіп салатын мырзалар осылар емес пе еді дегенді көлденең тарта берді. Ұят пен ашудан өрттей боп қызарып кеткен Катарина оған кекесінді сұрақпен жауап беріп, еркек қонақ қабылдауға тыйым салған заң бар ма еді деп жіберді; сөйтіп, ол Гахтың жақсы оймен жайып салған көпіріне аяқ басқысы келмегендіктен, ал бәлкім, оны тіпті көпір деп те елемегендіктен Гах түсін суыққа алып, мұнда қаралып жатқан істің – Людвиг Гёттеннің кең жайылып кеткен әрі бір жылдан артық уақыттан бері полиция мен прокуратураның зықысын шығарған ісінің қаншалықты ызғарлы екенін оның түсінуі керегін айтты және, сөз ләміне қарағанда, келімді-кетімді жүрістердің болғанын өзі де теріске шығармайтындықтан, әңгіме бір адам туралы болып отыр ма дейтін сұрақты оған қайталап қоятынын шегеледі. Бірақ осы арада сөзге қисынсыз араласқан Байцменне: "Демек, сіз Гёттенді екі жылдан бері біледі екенсіз ғой", – деп қалды.

Бұл сөз Катаринаның төбесінен жай түсіргендей болды, ол не деп жауап айтарын білмей тек Байцменнеге қараған күйі басын шайқай берді де ақырында: "Жо-ға, мен онымен кеше ғана таныстым", – дегенде, онысы пәлендей сенімді естілген жоқ. Келімсектің атын атауды талап еткенде ол "зәресі ұшқандай боп" басын шайқады да бұл жайдан куәлік беруден бас тартты. Сол арада Байцменне тағы да әкелік қамқорлығына салып, оны айналып-толғана бастады: оның досы болғанының және сол досы оған тіпті де қылжақтамай наздана білгенінің – міне, дәл осы жерде ол кешіргісіз қателік жасады, – ешбір әбестігі жоғын айтты; шынтуайттап келгенде, ол – күйеуінен ажырасқан әйел сондықтан адалдық сақтауға міндетті емес және қылжақтаудан таза наздану," тағы бір кешіргісіз қателік! – бәлкім, белгілі бір пайда келтіріп

жатса, оны тіпті айып-шамға балауға да болмас. Осы сөз істі насырға шаптырды. Катарина Блюм сұрақтарға жауап беруден бас тартып, өзін камераға апаруды немесе үйіне жеткізуді талап етті. Отырғандардың бәрін қайран қалдырған нәрсе: қалжыраңқы, баяу үнмен сөйлеген Байцменне – уақыттың өзі де 20.40-қа барып қалған – оны үйіне жеткізіп салуды қызметшіге тапсыратынын айтты. Бірақ Катарина орнынан көтеріліп, сөмкесін, колдорбасы мен пластикалық пакетін тез-тез жинастыра бастағанда ол кенет қаткыл үнмен: "Айтпақшы, сіздің назды-мейірімді Людвигіңіз түн жарымында үйден қалай шығып кетіп жүр? – деп сұрады. – Кірер есік пен шығар есіктің бәрі күзетулі; демек, сіз өзіңіз білетін басқа бір жолды көрсеткенсіз, мен оны бәрібір анықтаймын. Сау боп тұрыңыз".

20

Байцменненің ассистенті Мёдинг Катаринаны үйіне апарып салғаннан кейін оның көніл-күйіне қатты алаңдайтынын, ол өзіне бірдене істеп коя ма деп қорқатынын айтты; шынында, ол қатты торығып, әбден ұнжырғасы түсіп кетсе керек, бірақ, ең ғажабы, дәл сол күні де оның әзілкештік сезімі оянып, өркен жайғанға ұқсайды. Екеуі қала көшелерімен құйғытып бара жатқанда жігіт әзілдеп: "Қазір бір жерде әшейін жайбарақат, ешқандай жымысқы ойсыз бірдене ішіп, би билесе қандай тамаша болар еді", – десе, ол басын изеп, шынында бұл айтуға тұрарлықтай, тіпті таптырмайтын ой екен депті, ал үйіне жеткен соң жігіттің жоғарыға, есігінің алдына дейін шығарып салмақшы болған ұсынысына мысқылдай тұрып: "Жә, керек емес, менде келімсек-терден кенделік болмайтынын өзіңіз білесіз ғой, сонда да ниетіңізге тойдық", – деп жауап берсе керек.

Бүкіл кеш бойы және түн жарымына дейін Мёдинг Катарина Блюмді тұтқындау қажет, оның өз қауіпсіздігі үшін солай ету керек деп Байцменнені сендіруге тырысып бақты. Байцменне тіпті ғашық болып қалғаннан саумысың деп сұрап еді, жігіт: жоқ, ол маған жай ғана ұнайды әрі екеуміз құрдаспыз дегенді айтты және Байцменненің Катарина үлкен бір астыртын әрекетке қатысты дейтін қисынына иланбайтынын аңдатты.

Оның айтпай бүгіп қалған, бірақ бәрібір Вольтерсхайм ханым арқылы Блорнаға мәлім болған сыры Катаринаның қарсылығына қарамай, оны үйдің кіреберісі арқылы лифтіге ертіп апара жатып айтқан екі ауыз сөзіне қатысты болатын; осы екі-ақ ауыз сөз оның

өзіне де, әріптестеріне де оңайға сокпастай катерлі еді: лифт алдында тұрып, ол Катаринаға: "Ертең телефонға жоламаңыз және газет бетін ашпаңыз","дегенде оның ГАЗЕТТІ немесе жай ғана газеттерді айтқаны беймағлұм қалған.

21

Дәл сол күні (21.02.74, бейсенбіде) Блорна демалысында тұңғыш рет аяғына шаңғы тағып, армансыз бір сейілге шықпақшы болғанда сағат шамамен 15.30 болған-ды. Сол сәттен бастап өзі көптен армандаған демалысы зая кетті. Тек соның алдында ғана, осында келісімен ұзақ сейілдеген, қалың карды екі сағат бойы омбылаған кеш, содан соң маздай жанған алауошақ алдында ішілген бір шиша шарап пен ашық терезе алдындағы алаңсыз ұйқы кандай ғажап еді: демалыстағы жайбарақат, ұзақ отырып ішкен алғашқы таңғы ас пен одан кейін жылы оранып, айбандағы өрме орындыкта бірер сағат дамылдаған мазалы шақ; енді міне, аяғын шаңғыға асуы мұң екен, ГАЗЕТТЕГІ сол бір сұмырай карсы алдынан пайда бола кетіп, Катарина туралы сөйлеп жөнелді емес пе. Бұл оны қылмыс істеуге қабілетті деп ойлай ма? "Ол не деген сөз? – деді Блорна. – Мен адвокатпын, сондықтан кімнің қылмыс жасауға бейіл екенін білемін. Тағы қайдағы қылмыс? Катарина дейді? Мүмкін емес, оны қайдан алдыңыз? Қандай дерегіңіз бар?" Ақыры көптен іздеуде жүрген қарақшы үйінде қонып шыққаны дәлелденіп, шамамен таңертеңгі сағат 11-лерде Катаринадан қатаң жауап алынғанын біле салысымен ол дереу кері қайтып, оған көмек колын бермекші болып еді, ГАЗЕТТЕН келген мүттәйім – соның өзі шынымен сүйкімсіз бе, әлде оған кейін солай көрінді ме – істің жайы сондайлық алаң болатындай емес екенін айтып оның көңілін демдеді де Катаринаның бірлі-жарым ерекше сипаттарын атап бере алмас па екенсіз дегендей тілек койды. Ол жауаптан жалтарып коріп еді, әлгі жұқсыз оның жақсы ырым емес екенін және басқаша жоруға жол беретінін ескертіп, мұндай ретте – ал әнгіме "front-page-storj[1]" туралы ғой – оның мінез-құлқы жайында үнсіз қалу сол мінез-құлыктың жаман екенін білдіретінін айтканда Блорна терісіне сыймай кетіп, катты ашуланған түрмен: "Катарина өте ақылды әрі байсалды бала", – деп салды, бірақ ашулануы өзіне катысты болды, себебі бұл айтқаны да жалған болатын әрі айтайын деген ойын тіпті де білдірмейтін еді.

[1]Бірінші беттік мақала. *(ағыл.)*

Ол газеттермен, әсіресе сол бір ГАЗЕТПЕН ешқашан істес болып көрмеген-ді, сондықтан әлгі мүттәйім "поршесіне" мініп көзден ғайып болысымен Блорна шаңғысын шешті де демалыстың басына су құйылғанын сезді. Содан ол балконда көрпеге оранып, күн көзінде маужырап отырған Трудаға көтерілді. Болған жайды оған түгел айтып берді.

"Хабарлассаңшы", – деген Труданың сөзінен кейін телефон шалып байқады, үш рет, төрт рет, бес рет әрекет етіп көрді, бірақ "Абонент жауап бермейді" деген жалғыз ауыз сөзден басқа лебіз болмады.

22

Жұма күні таңертең сағат тоғыз жарымдар шамасында қабағы түксиіп келіп дастарқанға отырып еді. Труда қолына ГАЗЕТТІ ұстата берді. Бірінші бетте – Катарина. Табақтай фотосурет, бақандай бас әріптер. ҚАРАҚШЫНЫҢ НАҚСҮЙЕРІ КАТАРИНА БЛЮМ ӨЗІНЕ КЕЛУШІ МЫРЗАЛАР ТУРАЛЫ КУӘЛІК БЕРУДЕН БАС ТАРТУДА.

"Бір жарым жылдан бері іздеуде жүрген қарақшы әрі кісі өлтіруші Людвиг Гёттен кеше қолға түсуі мүмкін еді, бірақ нақсүйері, үй шаруасындағы әйел Катарина Блюм оның ізін жасырып, қашып құтылуына жағдай жасады. Полицияның жорамалдауынша, Блюм ұзақ уақыттан бері астыртын әрекетке қатысатын болуы керек (жалғасын келес беттегі "Келімсек мырзалар" дейтін тақырыптан оқисыз").

Келесі беттен ол өзінің "Катарина ақылды әрі байсалды бала" деген сөзін ГАЗЕТ "суық әрі әккі" деп, ал жалпы қылмыс жайында айтқанын "оның қылмыс жасауы әбден мүмкін" дейтін сөздерге өзгерткенін оқыды.

"Геммельсбройхтағы священник былай деді: "Ол немеден бәрін де күтуге болады. Әкесі құпия коммунист болатын, ал өзім қайырымдылық жасап біраз уақыт үй сыпырушы етіп ұстаған шешесі шіркеуден шарап ұрлап, қоймада нақсүйерлерімен жынойнақ жасайтын".

Соңғы екі жылда Блюм келімсектерді қабылдауды ұдайы кәсіпке айналдырған. Әлде оның пәтері астыртын орталық, қарақшылардың бас қосатын жері, қару тасымалдаушылардың жүк ұстайтын орны болды ма екен? Жиырма жеті жасар үй қызметшісі қай байлығымен құны шамамен 110 000 марка болатын жеке пәтердің иесі болып жүр? Немесе ол банкті

тонаудан түскен олжаны бөлісуге қатысты ма екен? Полиция тергеуін жалғастыруда. Прокуратура барын салып жұмыс істеп жатыр. Ертең толығырақ жазамыз. ГАЗЕТ. ОДЕТТЕГІДЕЙ, ОҚИҒАНЫҢ ҚАЛЫҢ ОРТАСЫНДА! Істің астыртын қырлары жайындағы күллі ақпарат – ертеңгі жексенбілік нөмірде".

Түс ауа аэродромда Блорна оқиғалардың одан ары қарай дамуын қайта жаңғыртты.

10.25. Өте абыржулы Людинг телефон шалып, дереу кері қайтуды және дәл солай абыржыған Алоизбен хабарласуды өтініп, жыларман болды. Бұлайша сасқалақтағанын бұрын көрмеген және осындай күйге түсер деп ойламаған Алоизым дәл қазір Бад-Беделигтегі христиан кәсіпкерлерінің конференциясында болатын және негізгі баяндаманы сол жасап, пікірталаска жетекшілік етуі тиіс еді.

10.40. Катарина телефон соғып, ГАЗЕТТЕ тұрған сөзді айтқаным рас па деп сұрады. Түсінудің орайы келгеніне қуанған мен мәселенің қалай болғанын айтып бердім де ол шамамен былай деді (есімде қалғанынша жазып отырмын): "Сізге мен сенемін, қалтқысыз сендім және енді ол оңбағандардың қалай жұмыс істейтінін білдім. Бүгін таңертең олар тіпті менің әл үстінде жатқан анама да, Бреттло мен өзге адамдарға да жетіпті". Қазір қайдасың деген сұрағыма ол: "Эльзадамын, қазір қайтадан жауап беруге бармақпын", – деп жауап берді.

11.00. Алоиз хабарласты, таныстығымызға жиырма жыл болса да оның абыржулы әрі үрейлі екенін тұңғыш рет сездім. Ол аса бір шетін мәселеде өзіне кепіл болуым үшін менің дереу кері қайтуым керегін айтты. Қазір ол баяндама жасауға тиіс екен, содан соң кәсіпкерлермен болатын түстікке қатысып, одан кейін пікірталас жүргізбекші, ал кешке бір достық кездесуге қатысуы керек көрінеді, бірақ 7.30 бен 9.30-дың арасында біздің үйге соға алатын сынайлы және одан әрі әлгі достық кездесуіне тартып кетпекші.

11.30. Труда да біз дереу кері қайтып, Катаринаға қолдау көрсетуіміз керек деп есептейді. Оның кекесінді күлімсіреуінен-ақ (қашанғысындай) Алоиздың қиыншылықтары туралы тиісті қисыны бар екенін байқаймын.

12.15. Билеттерге тапсырыс беріп, заттарды буып-түйіп, шот бойынша жамбасақысын төледім. Қырық сағатқа да толмайтын қамалыстан соң такси алып Иге жеттік. Онда 14.00-ден 15.00-ге дейін аэродромда отырып, тұманның айыққанын күттік. Катарина

жайында Трудамен ұзақ әңгімелестік – менің оған өте-мөте бауыр басып алғанымды Труданың өзі де біледі. Катаринаның аса бұйығы бола бермеуі, бақытсыз балалығы мен сәтсіз некесін ұмытуы үшін оны қалай жігерлендіргенімізді еске алдық. Әңгіме ақша туралы болғанда оның ынғайсыздануын қойғызып, банктегіден арзан несиемен біздің шотымыздан ақша алуға көндіргенімізді айтыстық. Тіпті банкке төлейтін 14%-тің орнына бізге 9 % төлесе де ешқандай шығынға отырмайтынымызды, ал ол қыруар ақша үнемдейтінін түсіндіргеніміз де оны бетінен қайтара алмаған еді. Қайта оған біз қарыздар сияқты едік: ол байсалдылықпен, жадырай жүріп шаруамызды атқарғалы бері біздің шығынымыз азайып қана қойған жоқ – ол екеумізге де өз жұмысымызбен ешбір алаңсыз айналысуға мүмкіндік берді, ал оны ешқандай ақшамен өлшеуге де болмайтын еді. Ол бізді некеміз бен жұмысымызға байлау болған бес жылдық шырмаудан босатты.

Тұман сейіле қоймаған соң, 16.30-да пойызбен қайтуға бел байладық. Труданың ақылына көніп, мен Алоиз Штройбледерге телефон *соқпауды* жөн көрдім. Таксилетіп вокзалға жетіп, 17.45-те Франкфрутқа жүретін пойызға іліктік. Жол жүрдік деген аты ғана – жүрек айнып, жүйке тозды. Тіпті байыпты деген Труданың өзі абыржулы. Ол үлкен жаманшылықты сезетіндей. Әбден қалжырап, Мюнхенде басқа пойызға ауысып міндік те ұйықтайтын вагонға орын алдық. Екеуміз бірдей Катаринаға байланысты қамығып, Людинг пен Штройбледерден көрер көресімізді сезіп келе жатқандаймыз.

23

Сенбі күні таңертең мүлдем қалжырап, еңселері түскен екеуі әлі де шат-шадыман карнавал құшағындағы қала вокзалына шығаршықпастан перрондағы ГАЗЕТ бірден көздеріне түсті: бірінші бетте тағы да сол Катарина, бұл жолы қылмыстық полицияның жай киім киген шенеунігінің жетегінде полиция басқармасының баспалдығымен төмен түсіп келеді екен. КІСІ ӨЛТІРУШІНІҢ ҚАЛЫҢДЫҒЫ ӘЛІ СЫР АШҚАН ЖОҚ! ГЁТТЕННІҢ ҚАЙДА ЕКЕНІНЕН ЕШҚАНДАЙ ДЕРЕК ЖОҚ! ПОЛИЦИЯ АБЫРЖУЛЫ.

Труда бір нөмірін сатып алды да, олар таксилетіп үн-түнсіз үйлеріне тартты, содан соң Труда есік ашқанша күйеуі көліктің ақшасын төлемекке іркіліп қалғанда жүргізуші ГАЗЕТТІ нұсқап: "Мұнда сіз туралы да жазылған, мен сізді бірден таныдым. Сіз адвокат боларсыз және бұл сайқалға жұмыс берген көрінесіз", –

деді. Адвокат шайлық ақшасын мол ғып берді де кекесінді дауысынан гөрі жымиысы жұмсақтау көрінген жүргізуші шабандандарды, сөмкелер мен шаңғыларды кіреберіске жеткізісіп беріп: "Сау боп тұрыңыз", – деп жылышырайлы қоштасты.

Кофекайнатқыны қосып қойып, Труда ваннада жуынып жатқан. ГАЗЕТ қонақ бөлмедегі үстел үстінде жатыр. Людинг пен Штройбледерден келген екі жеделхат та сонда. Людингтің жеделхаты: "Жұмсартып айтқанда, байланыспағаныңа ренжулімін. Людинг". Штройбледерден келген жеделхатта: "Мені ұятқа қалдырғаныңа сене алар емеспін. Дереу телефон шалуынды күтемін. Алоиз", – делініпті.

Сағат түп-тура сегізден он бес минут кетті – дәл осы уақытта Катарина бұлардың таңғы асын әкелетін: қашанда сәнді жасалған үстел, гүл, су, жаңа дастарқан мен майлық сүлгі, нан, тоқаш, бал, жұмыртқа мен кофе, ал Трудаға – қытырлақ нан мен апельсин тосабы.

Тіпті кофекайнатқыны, азын-аулақ қытырлақ нан, бал мен май әкеп қойған Труданың өзі ебіл-себіл десе болғандай. "Енді ешқашан бұлай болмайды, ешуақытта. Олар байғұс қыздың түбіне жетер. Полициясы болмаса, ГАЗЕТІ, ал ГАЗЕТТІҢ көнілі суыған соң оны жұрт қолға алады. Бері келіп, әуелі мынаны оқышы, келімді-кетімділерге содан соң хабарласарсың". Ол ГАЗЕТКЕ шұқшиды:

"Сіздерді әр жайдан хабардар етуге тырысатын ГАЗЕТ сол Блюм дейтіннің мінез-құлқы мен бұлдыр жолын айқындайтындай жаңа деректерге ие болды. ГАЗЕТ тілшілері Блюмнің хал үстінде жатқан анасын іздеп тапты. Ол әуелі қызының көптен хабарласпай кеткенін айтып, шағынды. Содан соң бұлтартпас фактілермен танысқан ол: "Осылай болатын жөні бар еді, осымен бітерін біліп едім", – деді. Блюмнің өзі арсыздықпен тастап кеткен бұрынғы күйеуі, аңқылдаған аққөңіл тоқымашы-жұмысшы Вильгельм Бреттло ГАЗЕТКЕ одан гөрі ықыластана жауап берді: "Енді, – деді ол көз жасын әрең іркіп, оның менен не себепті қашып кеткенін анық білетін болдым. Мені неге тастап кеткенін. Осындаймен айналысқан екен ғой. Енді бәрін түсіндім. Ол біздің азғантай бақытымызды місе тұтпаған екен. Биікке самғағысы келіпті, ал ары таза, қарапайым жұмысшы "поршені" неғылсын. Бәлкім, – деді ол нағыз ақылдың сөзін айтып, сіздер ГАЗЕТ оқырмандарына менің ғибратымды жеткіізсіздер: социализм жайындағы жаңсақ көзқарас осымен аяқталады. Мен сіздерден және сіздердің оқырмандарыңыздан

мынаны сұрар едім: үй қызметшісінің қолы мұншалық байлыққа қалай жетеді? Адал жолмен оған жете алмайсың ғой. Оның көзсіздігі мен шіркеуге қырын қарайтынынан неге іш жия беретінімді мен енді білдім және Жаратушының бізге перзент бермегіне шүкіршілік айтамын. Енді келіп, кісі өлтіруші мен тонаушының еркелетуі оған менің қарапайым жақындығымнан ыстық болғанын білгенімде істің бұл жағын да ұққандаймын. Осыған қарамастан мен оған тағы да сөзімді арнаймын: кішкентай ғана Катаринам, сенің менімен қалғаның жөн болар еді ғой. Жылдар өте келе біздің де дүние-мүлкіміз бен шағындау машинеміз болар еді, әрине, мен саған "порше" әпере алмас едім, бірақ кәсіподақтарға сенбейтін адал жұмыскердің жұпыны бақытын берерлік жайым бар еді. Әттең, Катарина..."

Соңғы беттен Блорна "Ерлі-зайыпты зейнеткерлер дағдарғанмен таңданған жоқ" дейтін тақырыппен беріліп, қызылмен сызылған бағанды көрді:

"Зейнеткерлік демалыстағы д-р Бертольд Хиперц пен Эрна Хиперц ханымды Блюмнің іс-әрекеті қатты дағдартты, бірақ "пәлендей таңдандырған жоқ". ГАЗЕТ қызметкері оларды Лемгодан, сондағы санаторийдің басқарушысы болып істейтін күйеудегі қызының үйінен тапты; Блюм үйінде үш жылдан бері жұмыс істейтін антикашы-филолог әрі тарихшы Хиперц: "Қай жағынан да пысықай неме, бізді оп-онай алдап кетті". – деді".

(Кейін Блорна телефон соққанда сол Хиперц: "Егер Катарина пысық болса, қызмет көрсетуге, шаруасына пысық және ақылесі дұрыс бала" дегеннен басқаны айтпап едім деп ант-су ішті және қырық жылдық педагогтық қызметінде жаңсақ басқан жері болмағанын айтты).

Бірінші беттің жалғасы:

"ГАЗЕТ дағырашылар мен сыбызғышылардың жаттығуына байланысты барып кездескен Блюмнің бұрынғы күйеуі көз жасын жасырмақшы болып теріс айналды. Қартаң шаруа Меффельс айтқандай, әмсе оғаш қылықтарымен көзге түсіп, саулырын сипатпастай болып жүретін Катаринадан тіршігіп, одақтың өзге мүшелері де теріс айналып кетіпті. Қалай болғанда да, адал жанды жұмыскердің карнавалдағы азғантай қызығы осылай бұзылған көрінеді".

Соңында Блорна мырза мен Труданың бақтағы жүзу бассейнінің жанында түскен суреті беріліпті. Сурет сөзі: "Бұрын "қызыл Труда" ретінде белгілі болған әйел мен реті келген жерде өзін "солшыл" атайтын оның күйеуінің бұған қандай қатысы болуы

мүмкін? Өнеркәсіп фирмаларының жоғары ақы алатын кеңесші-адвокаты д-р Блорна мен әйелі Труда әсем вилладағы жүзу бассейнінің түбінде".

24

Осы арада гидротехникалық терминді пайдаланып, кино мен әдебиетте ретроспекция деп аталатынға ұқсас өзіндік бір "кері іреу" жасаған жөн сияқты: енселері түсіп, қатты абыржыған ерлі-зайыпты Блорналар сенбінің елең-алаңында демалыстан қайтатынның алдындағы жұма күні таңертең Катарина полиция басқармасына жауап алуға жеткізілген; бұл жолы оны Плецер ханым мен жеңіл-желпі қаруланған егде полицей әкеліп еді және Катаринаның өз пәтерінен емес, өзінің мәшинесімен таңғы сағат бесте барған жерінен – Вольтерсхайм ханымның пәтерінен әкелген болатын. Қызметші әйел білгенін жасырған жоқ: олардың Катаринаны өз үйінен емес, Вольтерсхаймның үйінен табатынын айтқан. (Құдайшылығы үшін ерлі-зайыпты Блорналардың қандай құрбандыққа барып, не тауқыметті бастарынан өткергенін тағы бір айтып өткен жөн: демалысты тоқтатып, таксимен Идегі аэродромға жету. Туманның сейілгенін күту. Таксилетіп вокзалға бару. Франкфуртка баратын пойыз, Мюнхенде басқа пойызға ауысып міну. Ұйықтайтын вагондағы мазаң күй. Ақыры таң бозында әупірімдеп үйлеріне жеткендегі ГАЗЕТ! Кейінірек Блорна Катаринаға емес – оның жауап алуда отырғанын ГАЗЕТТЕГІ жігіттен білді ғой," Гахқа хабарласпағанына қатты өкінді – бірақ кеш болды, амал қанша).

Жұма күні Катаринадан екінші рет жауап алуға қатысқандардың бәрі – Мёдинг, Плецер ханым, прокурорлар д-р Кортен мен Гах, өзі "кісімсу" деп атағандай, Блюмнің әр сөзге мән беретініне жыны ұстаған хаттама жүргізушу Анна Локстер – бәрі-бәрі Байцменненің көңілі көкте екенін байқады. Ол мәжіліс залына екі қолын ысқылай кіріп, Катаринаға сыпайы сөйлеп, қызметіне емес, өзінің мінезіне байланысты болатын "кейбір дәрекіліктері" үшін кешірім өтініп – амал не, сондай бір добал адам, ә дегеннен торкіленген заттардың тізімімен таныса бастады. Онда мыналар бар екен:

1. Пішімі шағын, жасыл түсті қойын дәптер, оған жазылған кілең телефон нөмірлері табанда тексерілді, бірақ күдікті ештене табыла қойған жоқ. Тегі, Катарина қойын дәптерін он жылға жуық пайдаланған болса керек. Одан Гёттеннің жазуын іздеген (басқа

былықтармен қоса, Гёттен бундесверден қашып, тағы бір кенседе жұмыс істепті, яғни көптеген жазу іздерін қалдырған болу керек) қолтаңба сарапшысы Катаринаның жазуы, үлгілі түрде дамығанын атап айтты. Он алты жасар қыздың жазуы – қасапшы Герберстің телефон нөмірі, он жеті жастағы жазуы – дәрігер д-р Клутеннің нөмірі, жиырма жастағы жазуы – д-р Фенерннің нөмірі, кейінгі жазулары – аспаздардың, рестораторлардың, әріптестерінің нөмірлері мен мекен-жайлары.

2. Жинақ кассасындағы шоттан алынған көшірменің шет-шетіне Блюм өз қолымен қайта есептеулерін, жұмсалған шығындарын жазыпты. Түскен ақша, жұмсалған ақша – бәрі тап-түйнақтай, күдіктенерліктей бірде-бір сома жоқ. Сондай-ақ ол "Өзен бойындағы сәнді мекенін" сатып алатын "Хафтекс" фирмасына қатысты міндеттемелері мен есеп-қисаптарын салған шағындау тезтікпедегі сан-алуан бухгалтерлік есептері, жазбалары мен хабарлама қағаздары да дәл сондай ұқыпты. Оның салық декларациялары, салық хабарламалары, салық төлемдері егжей-тегжейлі тексерілді, содан соң оларды қарап шыққан қаржы сарапшысы еш жерінен "азды-көпті айтуға тұрарлық жасырын сома" дейтінді таба алған жоқ. Байцменне өзі әзілдеген болып "еркектердің келгіштеген кезеңі" деп атаған соңғы екі жылдың қаржы келісімдеріне айрықша мән берді. Бірақ ештеңе таба алмады. Рас, Катаринаның ай сайын анасына 150 марка аударып отырғаны, Куирдегі "Кольтер" фирмасына абонемент бойынша Геммельсбройхтағы әкесінің бейітін күтуді тапсырғаны анықталды. Жиһаз, үйдің керек-жарағын, киім-кешек сатып алғаны, бензинге жұмсаған есеп-қисабы – бәрі тексерілді, бірде-біреуінен ілік табылмады. Байцменнеге құжаттарды қайтарып тұрып, қаржы сарапшысы: "Есінде болсыншы. Ол бостандыққа шығып, жұмыс іздей қалса, маған айтшы. Мұндайларды іздесең де таппайсың", – деді. Блюмнің телефон шоттарында да күдікті ештеңе болмай шықты. Ол, сірә, халықаралық сөйлесулерге қатыспаған да сияқты.

Сондай-ақ Катарина Блюмнің ұрлық жасағаны үшін қазір түрмеде отырған ағасы Курттың күнделікті жұмсауына деп аратура 15-тен 30 маркаға дейін азын-аулақ ақша аударып тұрғаны да атап көрсетілді.

Катарина шіркеуге салық төлемейді екен. Қаржылық құжаттарына қарағанда, ол 1966 жылы 19 жасында-ақ католиктік шіркеумен қош айтысқан көрінеді.

3. Негізінен есеп-кисап сипатындағы әралуан жазбалары бар тағы бір шап-шағын қойын дәптері төрт бөлімнен тұрады екен. Біреуі Блорнаның үй шаруасына – азық-түлік, жуғыш және тазалағыш заттар сатып алуға, химтазалауға, кір жууға кеткен шығындарды жазуға арналыпты. Тағы бір анықталған нәрсе – киім-кешекті Катарина өзі үтіктеген көрінеді.

Екінші бөлімге Хиперцтердің үй шаруасына қатысты шығындар мен есеп-кисаптар жазылған.

Келесі бөлім Блюмнің өзінің үй шаруасына қатысты екен әрі оның шығындары тым жұпыны болып шықты; кей айларда ол азық-түлікке тек 30-35 маркадан жұмсапты. Дегенмен, ол киноға жиі барғанға ұқсайды – онда теледидар болмайтын – және оқтатекте шоколад, тіпті конфет алып жеуді ұнатқан сияқты.

Төртінші бөлімге Блюмнің бір жолы атқарған жұмыстарына байланысты табыстары мен шығыстары, кәсіби киім сатып алу мен тазалауға жұмсаған қаржысы, "фольксваген" үшін төлеген үлестік жарнасы жазылыпты. Әңгіме бензинге қатысты есеп-кисапқа жеткенде Байцменне сөзге килігіп, отырғандардың бәрін таңдандырған сыпайылықпен мұншама көп мөлшерде, дегенмен, спидометрдегі қомақты сандарға дәл келетін шамада, шығын жұмсалуына не себеп екенін сұрады. Неге десеңіз, Блорнаға барып-қайтудың қашықтығы шамамен 6 км, Хиперцке барып-қайту 8 км шамасында, Вольтерсхайм ханымға қатынау – 4 км екені анықталған және, кем-молынан есептегеннің өзінде, бір жолғы жұмыс аптаға бір реттен келеді десек әрі бұған тағы да кем-молынан алынған 20 км-ді қосып, аптаның барлық күндеріне болсек, тағы 3 км-ден айналады да барлығы күніне шамамен 21-22 км болып шығады. Бәлкім, ол Вольтерсхайм ханымға күн құрғатпай барып тұрмаған шығар, бірақ біз оны есепке алмай-ақ қоялық. Сонда жылына шамамен 8000 км болады; аспаз Клормермен жасасқан жазбаша келісімге қарағанда, ол Катарина Блюм, "фольксвагенді" бұдан 2 жыл бұрын алған және онда спидометрдің көрсеткіші 56 000 км болған. Енді бұған 2х8000-ды қоссақ, спидометрде шамамен 72 000 км болуы тиіс, ал шынтуайтында ол 102 000 км-ді көрсетіп тұр. Рас, ара-тұра оның Геммельсбройхтағы, ал кейінірек Куир-Хохзаккель санаторийіндегі анасына қатынап тұрғаны белгілі, бәлкім, бірер мәрте түрмедегі ағасына да қатынаған болар, ал бірақ Геммельсбройхка немесе Куир-Хохзаккельге барып-қайту қашықтығы шамамен 50 км, бауырына дейінгі жол – 60 км шамасында, сондықтан егер айына бір рет, мықтағанда екі рет қатынады дегеннің өзінде – ал

оның агасы түрмеге отырғалы тек бір жарым жыл болды, оған дейін ол Геммельсбройхтағы анасымен бірге тұрған – сол баяғы екі жылға көбейтсек тағы 4000-5000 км шығады, ал қалған 25 000 км анықталмастан, түсіндірілместен тұр. Сонда ол жиі-жиі қайда барып тұрған? Мүмкін – құдай-ақы, тағы да тұрпайы тұспал секілді көрінбесін, бірақ бұл сұрақтың себебін өзі де түсінуі керек қой," ол бір жерде (қай жерде?) біреумен немесе біреулермен кездесіп тұрған шығар?

Байцменненің жылы сөйлеп жайып салған осы есеп-қисабын тек Катарина ғана емес, отырғандардың бәрі елтіи түсіп әрі қайран қалып тыңдады, ал Блюм болса Байцменненің осы есеп-қисаптарының бәрін шамданып емес, тәнті бола таңырқап, ұйып қана тыңдағандай болды, өйткені ол сөйлеп отырғанда бұл әлгі 25 000 километрді қалай түсіндірем деп емес, қайда бардым, қашан және не үшін бардым деген оймен әуре-сарсаң еді. Жауап беруге келіп отыра бергенде-ақ Катарина бұрынғыдай жан жуытпас жабайы емес, биязы, тіпті бұйығы көрінді – шай ішті, ақысын өзім төлеймін деп те қасарысқан жоқ. Ал енді Байцменне өзінің сұрақтары мен есеп-қисабын айтып болған соң, сонда отырғандардың көбінің, тіпті *бәрінің дерлік күәландыруы* бойынша, құлаққа ұрған тынадай тыныштық орнап, құдды бензинге қатысты есеп болмағанда елеусіз қалатындай бір жайдың негізінде осы уақытқа дейін бар сыры алақандағыдай көрінген Блюмнің қытықты құпиясына осындағы әлдебіреудің шынымен-ақ сұғанақтық жасағанын түсінгендей болды.

"Иә,"деді Катарина, және сол сәттен бастап оның түсінігі осы күйіндегі хаттамаға түсіріле бастады, ол рас, мен қазір оның күніне кемі 30 километрден айналатынын ойша тез есептеп шығардым. Мен ол туралы ешқашан ойланған емеспін, шығынын да ешқашан есептеп көрмеппін, бірақ кейде ешбір ойсыз, ешбір мақсатсыз, жай әшейін алға тарта беретінмін, яғни мақсат өзінен өзі пайда болатын, мен әйтеуір белгілі бір бағытқа қарай жүретінміи және ол өзінен өзі айқындалатын: онтүстіктегі Кобленцке немесе батыстағы Ахен бағытына, еністегі Төменгі Рейнге бет алатынмын. Күн сайын емес. Қандай жиілікпен қай қашықтыққа шығып тұрғанымды қазір айта алмаймын. Көбінесе жаңбырлы күндері, қолым босаған және өзім жалғыз болған кештерде. Жоқ, түсінігіме түзету айтайын: тек жаңбырлы күндері шығатынмын, неге екенін білмеймін. Кей-кейде, Хиперцтерге бармайтын және бір жолғы жұмыс болмаған күндерде мен сағат бесте-ақ үйге келіп, өзімді қоярға жер таппайтынмын. Эльзаның үйіне бара бергім келмейтін,

әсіресе ол Конрадпен жақын-дасқаннан кейін оған қатынауым тіпті сиреді, ал басы бос әйелдің киноға сопайып жалғыз баруы тағы қиын. Діндарлығымнан емес, жайбарақат отыруға болатындықтан әредік шіркеуге барушы едім, бірақ соңғы уақытта онда да қырындаушылар табылатын болды, әрі тек жай келушілер болса бір сәрі ғой. Әрине, менің біраз достарым бар – мәселен, өзім "фольксвагенін" сатып алатын Вернер Клормер мен оның әйелі, Клофттың басқа да қызметшілері, бірақ оларға соқа басын бара беру оңай емес әрі көбінесе ыңғайсыз, оның үстіне біреумен шындап танысуды міндетті санамасаң, тіпті соған құлқың болмаса, оның қажеті де жоқ. Одан да ең абзалы – мәшинеңе мініп, радионы қосып қойып, басың ауған жаққа тартып кетсең және ұдайы жаңбырлы күндері, ауыл арасындағы жолдармен жүрсең, маған әсіресе екі қапталына ағаш отырғызылған жолдар ұнайтын; кейбірде мен Голландияға немесе Бельгияға дейін жетіп, сол жерде кофе әлде сыра ішіп, кері қайтатынмын. Иә. Мен соны енді ғана, сіз сұраған соң түсініп отырмын. Ал енді оның жиілігі қандай еді деп сұрасаңыз, айтайын: айына екі-үш мәрте, кейде сирек, ал кейде тіпті жиірек, және ол әдетте бірнеше сағатқа созылатын да кешкі тоғызда немесе онда, тіпті он бірлер шамасында өлердей шаршап, үйге қайтатынмын. Бәлкім, қорқыныштың да әсері болар; мен кешкілік теледидар алдында жападан жалғыз отырып мас болғанша ішетін бойдақ әйелдерді білемін".

Байцменненің бұл түсініктемені ешбір қыстырма сөзсіз жұмсақ жымиып қабыл алғанынан оның қандай ойда екенін түсіну қиын еді. Ол тек басын изеді де қойды, ал сонымен бірге екі қолын тағы да ысқылағанын, бәлкім, Катарина Блюмнің хабарламасы өзінің қисындарының біріне дөп келгендігінің көрінісі деуге болар. Отырғандардың бәрі таң-тамаша болып немесе ыңғайсыз жағдайға қалғандай, біршама уақыт үнсіздік орнады, құдды бір Блюм тұңғыш рет жеке өмірінің қытықты құпиясын ашқан ба дерсің. Тәркіленген заттардың басқаларын талқылау аса көп уақытты ала қойған жоқ.

4. Оңай ажыратуға болатын адамдардың фотосуреттері салынған альбом. Катарина Блюмнің әкесі дімкәс әрі ызбарлы адамның кейпін білдіреді және сол кездегісінен әлдеқайда ересек көрінеді екен. Рак ауруына шалдыққан, өлім алдындағы анасы. Ағасы. Катаринаның өзі – төрт жасында, алты жасында, алғаш шоқындырылған он жасында, некеге жаңа тұрған жиырма жасында: күйеуі, Геммельсбройхтағы священник, көршілері,

туған-туыстары, Эльза Вольтерсхаймның түрлі суреттері, содан соң әуелі ешкім тани қоймаған, аса ширақ көрінетін москал біреу – кейін оның зан бұзушы салық инспекторы д-р Фенерн екені анықталды. Байцменненің қисындарына жатқызарлықтай бірде-бір фотосурет жоқ болып шықты.

5. Катарина Бреттлоға, тумысында Блюмге берілген шетелдік паспорт. Осыған байланысты жолсапарлар туралы мәселе туындады да Катаринаның әліге дейін "нағыз жолсапарға" шықпағаны және, ауру-сырқаулы болған бірнеше күндерді айтпағанда, үнемі жұмыс істеумен келгені анықталды. Рас, оған Фенерн мен Блорна демалыс ақысын төлейтін, бірақ ол не соларда жұмыс істеп қала беретін, немесе уақытша жұмысқа жалданатын.

6. Ескі кәмпит қорабы. Ішіндегісі анасынан, ағасынан, күйсуінен, Вольтерсхайм ханымнан келген оншақты хат. Солардың бірде-біреуінде оған күдік келтіретіндей ештеңе жоқ болып шықты. Мұның сыртында қорапта оның әкесі – вермахт ефрейторының, дағырашы формасындағы күйеуінің бірнеше әуескойлық фотосуреттері, үзбе күнтізбенің мақал-мәтелдер басылған бірер парағы, өз қолымен жазылған шимай-шатпақтардың толып жатқан жинағы және "Тұздық әзірлеуде хересті пайдалану туралы" дейтін кітапша жатыр екен.

7. Куәліктер, дипломдар, ажырасу туралы әралуан құжаттар, пәтерге иелік етуге қатысты нотариалдық қағаздар салынған папка.

8. Сол кезге дейін тексерілген кілттердің үш бумасы – өзінің пәтері мен шкафтарының, Блорна мен Хиперцтің пәтерлерінің кілттері.

Осы аталған заттардан күдікті ешнәрсе табылмағаны анықталып, хаттамаға енгізілді; Катарина Блюмнің жұмсалған бензин мен жүрілген километрлер жөніндегі түсіндірулері ешбір сөзсіз қабылданды.

Тек сол сәтте ғана Байцменне қалтасында, сірә, орауысыз жатқан, көзіне ғауһар шапқан лағыл жүзікті қолына алып, жеңіне сүртті де Катаринаға ұсынды.

– Мына жүзікті танисыз ба?

– Иә, – деді ол кідірместен және ешбір қымсынбай.

– Бұл сіздікі мен?

– Иә.

– Сіз мұның наркын білесіз бе?

– Нақты білмеймін. Бірақ қымбат болмауы керек.

– Онда былай, – деді Байцменне жылы шыраймен, – біз мұны бағалап көрдік және сенімді болсын деп, сізге киянат жасамау үшін осы баскармадағы біздің маманға ғана емес, соған коса каладағы зергерге де көрсеттік. Бұл жүзік сегіз мыннан он мың маркаға дейін тұрады екен. Оны сіз білмедіңіз бе? Мен, тегі, сізге сенейін, бірак сіз мұны кайдан алғаныңызды маған түсіндіруіңіз керек. Тонауға катысканы әшкереленген, кісі өлтірді дейтін ауыр айып тағылған кылмыскердің ісі бойынша тергеу жүріп жатканда мұндай жүзік ұсак-түйек емес және жүздеген километр жол жүрген, жанбырдың астында автомобильмен пәленбай сағат сейіл құрған сияқты жеке бастың жағдайы да емес. Бұл жүзікті сіз кімнен алдыңыз – Гёттеннен бе әлде баска бір келімсектен бе? Бәлкім, тегі сол келімсегіңіз Гёттен емес шығар? Олай болса, сіз өзіңіз "барымсак" ретінде – менің осы бір әзіл сөзімді кешірерсіз – жанбырлатып мыңдаған километрге кайда барып жүрсіз? Бұл жүзіктің кандай зергерден сатып немесе ұрлап алынганын анықтау бізге киын емес, бірак мен сізге мүмкіндік берсем деймін, себебі сізді тікелей кылмыскер деп емес, тек анғал әрі сәл киялшыл әйел деп санаймын. Мына сіз – шыбык тимес шынк етер мінезі бар, таныстары мен достары "одағай" атап кеткен жан жуытпас кісікиік, жынойнак деп дискотекадан ат-тонын ала кашатын, "кылжакбас" болды деп күйсуінен ажыраскан сіз сол бір Гёттен дейтінмен, өзіңіз айткандай, бұрнағы күні ғана таныса салып, тіпті тізе бүгіп үлгермей жатып-ак оны үйінізге апарып, онымен жалма-жан – былайша айтканда – төсек катынасына түскенінізді маған – мына бізге – калай түсіндіресіз? Соны калай деп атайсыз? Бір коргеннен ынтык болу деп пе? Ғашыктык деп пе? Мейірімділік деп пе? Мұнда бір кисынсыздык бар екеніне және ол күдікті сейілте алмайтынына келісетін боларсыз. Тағы былай. – Ол пенжегінің калтасына колын салып, мейлінше алабөтен, күлгін түсті, сарғыш астарлы, дағдылы пішіндегі үлкен ак конверт шығарды. – Мына бос конвертті біз жүзікпен бірге сіздің түнгі үстеліңіздің жәшігінен алдык, 12.02.74 ж. 18.00-де Дюссельдорфтағы пошта бөлімшесінің белгісі соғылып, сізге жіберілген екен. Құдайым-ау, – деді акырында Байцменне, – егер сіздің досыңыз болса және өзі окта-текте сізге келіп, әредікте оған сіз де барып жүрсеңіз әрі ол сізге хат жазып, кейде ол-пұл сый-сыяпат жасап тұратын болса – оны жасырмай айтсаныізшы, ол енді кылмыс емес кой. Ол тек Гёттенмен байланысты болса ғана сізге айып тағылуы мүмкін.

Катаринаның жүзікті таныганымен, оның құны қандай екенін білмейтінін және әлдебір мырзаның келіп-кетуі туралы тағы бір қитықты тақырып пайда болғанын отырғандардың бәрі түсінді. Ол жақсы атына кір келетін болғанына ұялды ма, әлде өзі қатерге байлағысы келмей отырған адамына қауіп төнбекші болғанынан қорықты ма? Әйтеуір осы жолы бетіне тек сәл ғана қызыл шырай жүгірді. Оның жүзікті Гёттеннен алғанын мойындамауының себебі Гёттенді сондай дәрежелі жігіт етіп көрсетудің бекершілігін түсінгендігінен емес пе екен? Хаттамаға арналған сөздерін айтқанда ол байсалды, момақан дерліктей қалпынан айнығаи жоқ: "Вольтерсхайм ханымның үйіндегі балда мен барымды салып, өмірімде тұңғыш көрген адамым – Людвиг Гёттенмен ғана билегенім рас, ал оның аты-жөнін бейсенбі күні таңертең полицияның жауап алуы кезінде ғана естідім. Оған ерекше ықыласым ауды, ол да маған сондай сезімде болды. Сағат ондарда мен Вольтерсхайм ханымның пәтерінен шығып, Людвиг Гёттенмен бірге үйге қайттым. Жүзіктің қайдан шыққанын айта алмаймын, жоқ, сөзімді түзетейін: оны айтқым келмейді. Ол менің қолыма заңсыз түрде түспегендіктен, оның қайдан келгенін түсіндіріп жатуға өзімді міндетті санамаймын. Ұсынылған конвертті кім жібергенін білмеймін. Бәлкім, бұл кәдімгі жарнамалық басылым болар. Гастрономиялық кәсіби ортада менің біршама танымалдығым бар. Ал жарнамалық хатты кім жібергенін көрсетпестен не себепті астары қымбат мәнерлі конвертпен жолдағандарын мен түсіндіре алмаймын. Тек айтарым: кейбір гастрономиялық фирмалардың осылайша кәделі көрінуге тырысатындары бар".

Өз айтуынша, мәшинемен жүргенді жақсы көретін оның сол күні Вольтерсхайм ханымның үйіне трамваймен баруына не себеп болды деген сұраққа Катарина Блюм ішімдікті қанша ішетінімді білмегендіктен мәшинесіз барғаным сенімдірек болар деген едім деп жауап берді. Көп ішесіз бе, мас болатын кездеріңіз бола ма деген сұраққа берген жауабында ішімдікке әуестігінің жоқтығын, ешқашан мас боп көрмегенін, тек бір жолы ғана, күйеуінің көзінше, дағырашылар корпорациясының сауық кешіне жиналғандар кеу-кеулеп, дәмі лимонадқа ұқсас анис ішімдігін беріп масайтқанын айтты. Едәуір қымбатқа түсетін бұл ішімдік адамды есінен тандырудың онай жолдарының бірі екенін оған кейін айтса керек. Өзі ешуақытта көп ішпейтін болғандықтан артық ішіп қоям ба деп қорықтым деуі сенімсіз екенін айтып, мәселенің мәнісі Гёттен екеуінің алдын ала келісуінде, яғни қайтар жолда соның мәшинесіне мінетіндерін білгендігінде емес пе деген долбарға

ол басын шайкап: бәрі мен айтқандай болғаны рас еді. Дәл сол күні ол дұрыстап бір ішейінші деп барып, бірақ ниетінен қайтқан көрінеді.

Түскі үзіліске дейін тағы бір жайдың басын ашып алу керек болды: оның жинақ немесе чек кітапшасының болмауы қалай? Әлде бір жерде жеке шоты бар ма? Жоқ, жинақ кассасынан өзге еш жерде басқа шоты жоқ екен. Қолына тиген кез келген, тіпті болмашы соманы да ол үлкен өсіммен алған несиесін өтеуге төлейтін көрінеді: кей-кейде несиенің өсімі салым ақша бойынша төленетін өсімнен екі еседей артық болатыны бар, ал қолма-қол ақшасыз есеп айырысу өсім бермейді десе де болады. Күнделікті шығындарын, үй шаруасы мен мәшинесіне жұмсалатын ақшасын ол қолма-қол төлейді.

25

Қалтарыс кедергілер деп те атауға болатын белгілі бір іркілістер болмай қоймайды, өйткені көз алдыннан бос кеңістік шыға келетіндей етіп бұлақ көздерінің бәрін бір дегеннен бұрып, басқа арнаға сала қою мүмкін емес. Бірақ қажетсіз қалтарыс кедергілерден қашу керек, міне осыған байланысты бұл жұмада таңертең Байцменненің де, Катаринаның да не себепті сонша биязы, жуас дерліктей монтаны бола қалғанын, ал Катаринаның тіпті үрейлі, үркек мінез танытқанын түсіндіру қажет болады. Рас, ниеті түзу көршілерінің бірі Вольтерсхайм ханымның есігінің астына сұға салған ГАЗЕТ екі әйелдің де ашу-ызасын келтіріп, ұяты мен үрейін оятқан болатын, дегенмен Блорнаның телефон шалуы оларды біраз сабасына түсірді және абыржыған әйелдер ГАЗЕТТІ көздерімен шолып шығып, Катарина телефон арқылы Блорнамен сөйлескеннен кейін Плецер ханым келіп, әлбетте, Катаринаның пәтері бақылауға алынғанын, оны қайдан іздеу керегін содан білгенін мойындады және енді, өкінішке қарай (өкініштісі – Вольтерсхайм ханымнен бірге), тергеуге барулары керек болғандықтан, Плецер ханымның ашық-жарқын, жайдары мінезі ГАЗЕТ туғызған үрейді серпіп тастады да Катаринаның бойында түнгі оқиғамен байланысты туған қуаныш қайтадан лап етті: оған Людвиг хабарласқан, сол жақтан телефон соққан! Оның сүйкімді көрінгені сонша, Катарина оған өзінің басына түскен таукыметтерін айтпады – өзін әлдебір кесір-кесапаттың себепкері санамасын деді. Өздері бұл жолы да махаббат туралы тіс жарған жоқ, оны айтуға сол жолы екеуі мәшинеде келе жатқанда-ақ Катарина

үзілді-кесілді тыйым салып қойған болатын. Жо-жоқ, жағдайы жаман емес, әрине онымен бірге болса, үнемі немесе, ең құрығанда, біраз уақыт қасында жүрсе, тіпті мәңгілік бірге болса ғой, енді бұл карнавал уақытында демалады және бұдан былай одан басқа бірде-бір еркекпен билемейді әрі онымен ұдайы онтүстік-американдықша билейтін болады, ал қазір оның жағдайы қалай болғанын білгісі келеді. Ол да өте жақсы орналасыпты және ешнәрсеге ділгер емес екен, бұл өзі махаббат туралы бірдеңе деуге тыйым салып тастағанымен, мұны өте-мөте жақсы көретінін айтқысы келеді және күндердің күнінде – қашан екенін өзі де білмейді, бәлкім, бірер айдан соң немесе бір жылдан кейін, тіпті екі жылдан кейін болар – мұны алады да кетеді – қайда әкететінін әлі өзі де білмейді. Міне, сөздерінің ұзын ырғасы осы – бір-біріне деген ыстық сезім бауыраған адамдардың телефонмен дағдылы шүйіркелесуі. Қытықты қатынас жайында, әсіресе Байцменне айтқан (әлде тіпті Гах айтқан болар) масқара қылыққа қатысты бір ауыз сөз жоқ. Тек осы сарында. Біріне бірі ынтық жандардың сөздері. Едәуірге созылған шұрқырасу. Он минут. Мүмкін одан да көп болар, деді Катарина Эльзаға. Ерке назды екеудің нақты сөздік қорына келсек, мұны осы күнгі белгілі кинофильмдердегі көбінесе алыс қашықтықтан айтылатын көкезу және *көрер көзге* мағынасыз мылжыңдарға ұқсатуға болады.

Катарина мен Людвигтің арасында болған осы әңгіме – телефон әңгімесі – Байцменненің де босаңсып, жылышырай мейірленуіне себепші болды және ол Катарина неліктен қыңыраюын қойып, беті бері қарағанын енді түсінген болса, Катаринаның өзі, әрине, оның да дәл сол себеппен көңілденгенін сезген жоқ. (Осы бір есте қаларлық елеулі жай, тегі, наздана сыбырласпасаң да, телефонмен жиі сөйлесіп тұрудың қажеттігіне сылтау болса екен, өйткені, сол арқылы негізі *кімді* қуантатынды ешқашан білмейсің ғой). Бірақ Байцменнеге Катаринаның неге бүгежектегенінің де сыры белгілі еді, себебі одан кейін де телефонмен болған құпия әңгімені ол білетін.

Осы тарауда өзімсініп айтқан жайлардың төркінін іздеп әуре болмауыңызды сұраймыз, әңгіме қапталдас шалшықтағы бөгеудің септігі туралы болып отыр; әлсіз бөгет бұлап, қысымы басылғанша үстірт салынған бөгет тесіліп, суы ағып кететіні бар.

26

Түсінбестік болмау үшін айта кететін нәрсе: әрине, өз пәтерінен Гёттеннің елеусіз қашып кетуіне көмектесіп, Катаринаның заңды

бұзғаны даусыз; қылмыскердің сытылып шығуына септесуінің өзімен-ақ ол белгілі бір қылмысты істерге қатысушы болды және бұл ретте оның қандай қылмыс екенін білмеуі тіпті де есеп емес! Екеуін Плецер ханым тергеуге әкетер алдында Эльза Вольтерсхайм бұл жайды оның құлағына әбден-ақ құйды. Блорна да орайы келген сәтті пайдаланып, Катаринаның әрекеті жазалануға лайық қылық екенін түсіндіріп бақты. Катаринаның Вольтерсхайм ханымға: "Құдайым-ау, ол деген мен кездестіретін-ақ адам еді ғой, мен соған күйеуге шығып, бала тауып берсем арманым жоқ – ол қамаудан шыққанша жылдар бойы күтуге бармын", – дегенін де ешкімнен жасырып-жабудың қажеті болмас.

27

Катарина Блюмнен сұрақ алуды осымен бітті десе де болар, енді тек ол қажет болған жағдайда Вольтерсхаймның үйіндегі би кешіне қатысушы басқа адамдардың куәліктерін салыстыруға әзір болуы керек. Енді Байцменненің өзара келісу мен астыртын әрекет болды дейтін қисынына байланысты маңызы зор тағы бір жайды: Людвиг Гёттен Вольтерсхайм ханымның үйіндегі би кешіне қайдан тап болып жүр деген мәселені анықтап алу қажет еді.

Катарина Блюмнің үйіне кетуді немесе өзіне қолайлы бір жерде тоса тұруды таңдауына рұқсат етілді, бірақ ол үйіне барудан бас тартты, өйткені пәтерін көргісі келмейтінін, одан да Вольтерсхайм ханымнан жауап алынып болғанша камерада бола тұрып, содан соң екеулеп соның үйіне қайтатынын айтты. Тек сол сәтте ғана Катарина сөмкесінен ГАЗЕТТІҢ екі бірдей нөмірін алды-дағы осындай былғаныштан қорғап, дақ түскен арын тазартуға мемлекет ештеңе істей алмай ма деп – тұп-тура солай деп – сұрады. Енді ол өзінің тергеуге түскені орынды екенін жақсы білді, бірақ өз өмірінің ұсақ-түйегін қопарыстырудың не керегі барын түсінбеді, ал тергеудің егжей-тегжейі – мәселен, әлдебір мырзаның келгіштеуі және аярлықпен алынған жалған куәліктер ГАЗЕТТІҢ қоржынына қалай түсіп жүргеніне тіпті қайран. Осы арада сөзге прокурор Гах килігіп, Гёттеннің ісі жұртшылықтың зор ынтасын туғызып отырғандықтан, әлбетте, баспасөзге хабар берген жөн болар еді деді; баспасөз конференциясы әлі бола қойған жоқ, бірақ осы Катаринаның кесірінен Гёттеннің қашып кетуін туғызған абыржушылық пен қорқынышқа байланысты ол сірә, болмай қоймас. Айтпақшы, Гёттенмен таныстығының арқасында бұл енді "тарихи тұлғаға" айналды, демек, әбден орынды қоғамдық

ынта туғызып отыр. Жанына тиген жәнс, бәлкім, жаптым жала, жақтым күйе жайларды ол жеке түрде шағым беру арқылы реттер, ал егер тергеу орындарынан қауесет тарап кететіндей болса, заннның бұзылғаны жөнінде наразылық жасалып, оның өз құқықтарын қалпына келтіруіне көмек берілеріне ол күмәнданбай-ақ қойсын. Содан соң Катарина Блюм камераға әкетілді. Қатаң күзет қойылған жоқ, бірақ оны қадағалау полицияның қарусыз жас қызметкері Рената Цюндахқа жүктелді де кейін ол Катарина Блюмнің бар уақытын, яғни шамамен екі жарым сағаттай тек ГАЗЕТ оқумен өткізгенін айтты. Ол шайға да, нанға да – ештенеге қарамапты, бірақ асаулықпен емес, "жылы шыраймен дерліктей, бірақ біртүрлі сүлесоқ" бас тартыпты. Катаринаның көңілін аулау үшін Рената Цюндахтың сән туралы, фильмдер мен би кештері жайынан айтқан әңгімелеріне де селт етпесе керек.

Содан соң осы бір ГАЗЕТКЕ таскенеше жабысып қалған Блюмге көмектеспекші болып, ол күзетті Хюфтен дейтін әріптесіне тапсырды да мұрағатқа барып, басқа газеттердегі осы жайдың егжей-тегжейі мен Блюмнен жауап алу, оның бұл іске қатысы бұрмаланбай барынша шындықпен жазылған хабарларды әкеп берді. Олардың үшінші, төртінші беттеріндегі қысқаша хабарларда тіпті Блюмнің аты-жөні де толық айтылмай, үй шаруасындағы Катарина Б. дейтін біреу делініпті. Мәселен, "Шолудағы" сшқандай суретсіз-ақ берілген оп жолдық хабарда сүттен ақ, судан таза бір келіншектің қырсық шалып, істі болып отырғаны айтылған. Осының бәрін – анау-мынау емес, он бес газет қиындысын – місе тұтпаған ол тек қана: "Бұлар кімге керек? Мен білетіндердің бәрі тек ГАЗЕТТІ оқиды!" – деді де қойды.

28

Вольтерсхайм ханымның үйіндегі би кешіне Гёттеннің қалай барып жүргенін аныктау үшін алдымен Вольтерсхайм өзінен жауап алынғанда сол жауап алушылар алқасын Вольтерсхайм ханымның суқаны сүймейтіні анау айтқандай анык байқалмағанымен, әйтеуір оларға Блюмнен гөрі қырын қарайтыны бірден сезілді. Ол 1930 жылы туғанын, яғни қазір 44 жаска келгенін, күйеуі жоғын, мамандығы бойынша экономка болғанымен, дипломсыз екенін баяндады. Қаралып отырған іс бойынша куәлік бермес бұрын ол "өзінің ашу-ызасын айқайдан да анык сездіретін құрғақ ок дәрісіндей қатқыл, бірқалыпты үнмен" ГАЗЕТТІҢ Блюмге істеп отырған киянаты жөнінде, сондай-ак тергеудің мән-жайы сол

секілді баспасөзге берілетіні жайында айтып өтті. Катаринаның кандай қатысы барын аныктау керегін ол түсінеді, бірақ "жас өмірді өксітуге" жол беру калай болмак. Ол Катаринаны туған күнінен бастап біледі және кешеден бері сол өксіту мен абыржыту өзінің жемісін бере бастағанын көзімен көріп отыр. Өзі психолог болмағанымен. Катаринаның жанындай жаксы көретін, барын соған арнап пәруана болған баспанасына – пәтеріне енді осынша сүлесоктануын өте коркынышты деп санайды.

Вольтерсхаймның айыптаушы сөз таскынын токтату мүмкін емес еді, ол тіпті Байцменнснін де колынан келмеді, тек ол бір сөт кана ағындаған сөзді бөліп, Гёттенді үйінде кабылдағаны үшін әйелді жазғырған болып еді, анау оның өзі келіп таныспағанын және оны ешкім таныстырмағанын айтты. Тек бар білетіні – сол сәрсенбі күні ол 19.30 шамасында Герта Шоймельмен және оның күрбысы Клаудия Штерммен бірге келсе керек, ал Клаудияның касында шейх киімін киген біреу болыпты, аты Карл болса керек еді әрі ол тым оғаш кылыктарымен есінде калыпты. Катаринаның сол Гёттен дейтінді шакырып сөз байласуы мүмкін емес және Вольтерсхайм ханым бұрын оның атын естімеген де көрінеді, ал Катаринаның бүкіл өмірін ол бүге-шігесіне дейін біледі. Рас, Катаринаның "алабөтен автосапарларының" тністі көрсеткіштерін алдына жайып салып, оның өміріне катысты жайлардың бәрін білемін деген сеніміне балта шабылғанда барып, ол сапарлар туралы ештене білмейтінін мойындауына тура келді. Бір еркектің келгіштеуіне байланысты сұракка ол сдәуір кымсынып калды да Катаринаның өзі айтпаған соң ол жайдан ештене дей алмаймын деп жауап катты. Бар айтатыны: бұл "барып тұрган тұрпайы нәрсе" және "тұрпайы дегенді мен Катаринаға емес, сол әлгі келімсекке тигізіп айтамын". Катарина рұксатын берсе, білгенінің бәрін айтар еді; бірак өзі Катаринаның жол сапарлары сол мырзамен байланысты деген ойдан аулак. Иә, ондай мырзаның бары рас, бірак ол туралы ештене айткысы келмесе, оны күлкі-мазакка калдырмау үшін солай етеді. Әйтеуір калай болғанмен, осы екі жағдайда да – Гёттенге немесе әлгі келімсек жігітке байланысты – Катарина ізгі ниетте екеніне күмән жок. Катарина кашанда еңбеккор, адал, үркек, дәлірек айтканда – шошымал кыз болатын, бала кезінде тіпті кудайшыл такуалау еді. Бірак кейіндеу оның Геммельсбройхтағы шіркеуде үй сыпырушы болып істейтін апасының арамколдылығы байкалып, біл жолы тіпті кылмыс үстінде – кызметтес біреумен сондағы коймада шіркеу шарабын ішіп отырған жерінен ұсталды. Оның аяғы дабыраға ұласып,

шатаққа айналды, ал приходтың[1] священнигі мектепте Катаринаға қырын қарайтынды шығарды. Иә, Катаринаның анасы Блюм ханым ара-тұра салынып ішетін пәтуасыз адам еді, бірақ соғыстан әбден каусап оралған, үнемі сары уайымды сапырып отыратын дімкәс жанды – Катаринаның әкесін, содан ызбарланып, шатынаған анасын және қырсық шалған дейтіндей ағасын көзге елестетіп көріністерші. Ол және Катаринаның некесі сәтсіз болғанын да біледі. Осыған ол әу бастан-ақ қарсы болған. Бреттло дейтініниз, құдай өзі кешірсін, барлық ақсүйектер мен дінбасыларының алдында құрдай жоргалайтын міскіп емес пе, соған қарамай өзінің бөспелігін айтсаныізшы. Катаринаның некесі өз үйінің адам көргісіз жағдайынан безінуі еді, сондықтан сол кияметтен арылып және жаңсақ құрған некесінен де құтылған соң ол көре қалғандай адам болғаны белгілі. Оның кәсіби қадіркасиетіне ешқандай күмән болуы мүмкін емес, оны осы отырған өзі, Вольтерсхайм, ауызша ғана емес, қажет болса, колөнершілер палатасы емтихан комиссиясының мүшесі ретінде жазбаша түрде де растап бере алады. Меймандостықтың ұйымдасқан дәмхана деп аталатын жаңа түрінс барған сайын бейілденіп бара жатқан казіргі жағдайда ұйымдастырушылық, нарықтамалық және эстетикалық тамаша даярлығы бар Катарина Блюм секілді әйелдің бағасы арта түсуде. Ал ГАЗЕТ ендігі жерде райынан қайтпайтын болса, Катарина өзінің пәтеріне деген ынтасынан айырылумен бірге кәсібіне дейтін ынтасын да жоғалтары кәміл. Бұл мәселе бойынша Вольтерсхайм ханымға "журналистиканың көрінеу әдепсіз әдістеріне қылмыстық-құқықтық қуғындау жасау" полицияның немесе прокуратураның шаруасы емес екені түсіндірілді. Баспасөз бостандығына жөнді-жөнсіз қол сұғуға болмайды, дегенмен жеке айыптауы мүкият қаралып, зансыз ақпарат көздерін пайдалануға байланысты наразылық білдірілетініне оның күмәнданбауына болады. Жас прокурор д-р Кортен баспасөз бостандығы мен ақпараттың құпиясын жақтап жалындата сөз сөйледі әрі ол адамның өзі жаман ортаға үйірсектенбесе және онымен байланысы болмаса баспасөздегі қанку әңгімелерге де ешқандай желеу бермейтінін айрықша атап көрсетті.

Ал енді, айталық, Гёттен мен шейх киімін киген атышулы Карлдың пайда болуы адамдармен тамыр-таныстық орнатудағы айрықша бейқамдықты көрсетеді. Бұл тұрғыда оның әлі түсінбейтіндері көп және ол сонда биге барған екі жас қыздан

---

[1]Шіркеуге келуші діндарлар.

жауап алғанда көкейге қонымды жайларға қанығатынынан үмітті. Вольтерсхайм ханымның да кім көрінгенді қонаққа шақыратынын мақұл дей салуға болмас. Вольтерсхайм ханым өзінен көп кіші адамнан ақыл естіп отыруды ар санайтынын білдіріп, екі қызды да достарымен бірге келуге өзі шақырғанын дәлел етті және қонақтарының дос-жарандарынан жеке бастың куәлігі мен сенімді адамдар екендігіне полицияның анықтама қағазын талап ету дейтін масқарадан аулақ болғанын айтты. Осы арада оған адам жасының бұл жерде еш қатысы жоқ, мәселе прокурор д-р Кортеннің жағдайында екенін білгеніңіз жөн деген ескерту жасалды. Қалай дегенде де мұнда Гёттеннің қатысы болған елеулі әрі ауыр, тіпті аса ауыр дейтіндей қылмыс тергеліп жатыр. Сондықтан ол қандай жайлар мен қандай ақыл-кеңестің маңызды екенін таразылауды мемлекет өкілінің еркіне қалдырғаны жөн болар. Гёттен мен келімсектің екеуі бір адам болуы мүмкін бе деп қайыра қойылған сұраққа Вольтерсхайм: жоқ, олай болуы мүмкін емес деп жауап берді. Бірақ ол сол "келімпазды" өзі біле ме, оны көріп пе еді, бұрын-соңды кездескен жері бар ма деген сұрақтарға теріс жауап бергендіктен және оғаш автосапарлар сияқты аса маңызды жайдан да бейхабар болып шыққандықтан бұл жауап алу отырғандарды қанағаттандырмады да оның әзірше бара беруіне рұқсат етілді. Көрінеу ашуға мінген ол жөнімен кетпес бұрын шейхтың киімін киген Карл өзіне Гёттеннен кем күдікті көрінбегенін хаттамаға жазып қоюды талап етті. Қалай болғанда да, әжетханаға кіріп алып, өзінен-өзі шабыттана сөйлеген ол ақырында қоштаспастан кетіп отырған екен.

29

Гёттенді би кешіне он жеті жасар сатушы Герта Шоймель ертіп апарғаны анықталғандықтан, ендігі жауап содан алынды. Кәдімгідей-ақ үрейленген ол бұрын ешуақытта полициямен істес болмағанын айтты, бірақ сонда да өзінің Гёттенмен таныстығы жөнінде азды-көпті жөні түзу жауап берді. Ол былай деді: "Мен шоколад фабрикасында жұмыс істейтін құрбым Клаудия Штерммен бірге асүйі мен жуынатын орны бар бір бөлмелі үйде тұрамын. Екеуміз де Куир-Офтерсбройхтанбыз және Вольтерсхайм ханымға да, Катарина Блюмге де алыстан қосылатын туыс болып келеміз. – (Шоймель олармен алыстан қосылатын туыстығы қандай екенін нақтылап түсіндірмекші болып, аталары мен әжелерінің тағы бір аталар мен әжелерге немере мен шөбере екендігін айта бастап еді, отырғандар

"алыстан қосылатын" дейтін сөздің өзі де жеткілікті болатынын айтып, одан әріге бармай-ақ қоюына рұқсат етісті.) – Біз Вольтерсхайм ханымды әпке деп атаймыз және Катаринаны бөлеміз деп білеміз. Сол күнгі кеште, 1974 жылғы 20 ақпан күнгі сәрсенбіде Клаудия екеуміз сәл қиналыс көріп қалдық. Біз шағын сауық кешіне өзіміздің достарымызды ала барамыз деп Эльза әпкеме уәде бергенбіз, әйтпесе ойынсеріктердің жетіспейтіні белгілі болған еді. Бірақ қазір бундесверде, дәлірек айтқанда – сапер бөлімдерінде қызмет атқаратын менің досым аяқ астынан тағы да жасаққа шығатын болып қалды да, бұрын ондайдан талай сытылып жазықты болғандықтан бұл жолы үлкен жазаға тартылармын деп қорқып, менің қашып кетсеңші деген ұсынысыма көнбей-ақ қойғаны. Клаудияның досы да сылқиып ішіп алған екен, екеулеп төсекке әрең жатқыздық. Сондықтан Эльза әпкемнің алдында масқара болмас үшін "Полькт" дәмханасына соғып, сол жерден бір көркемдеу жігіттерді іле кетпекші болдық. Онда балға немесе мәжіліске дейін де, одан кейін де кездесулер болып жатады, сондықтан жас жігіттерді қалағаныңша табатыныңа сенімді боласың. Кешке қарай "Полькт" дәмханасының көңіл күйі аспандап-ақ тұр екен. Аты-жөні Людвиг Гёттен екенін әрі қауіпті қылмыскер ретінде іздеуде жүргенін өзім қазір біліп отырған сол жігіт мені екі рет биге шақырды және екінші рет билеп жүргенімізде оған сауық кешіне барсақ қайтеді деген ұсыныс жасадым. Ол құлдық ұрып келісе кетті әрі мұнда жолшыбай соққанын, әлі еш жерге тұрақтамағанын және кешті қайда өткізерін де білмейтінін, сондықтан менімен қуана-қуана бірге баратынын айтты. Мен Гёттенмен солай шүйіркелесіп жүргенімде Клаудия да бізге қатарласып шейхтың киімін киген біреумен билеп жүрген-ді, сірә, солар біздің әңгімемізді естіген болуы керек, неге десеңіз, есімі Карл екенін өзім кейін білген әлгі шейх әзіл-шыны аралас ұяң үнмен өзінің де соқа басты екенін және қайда барарын білмейтінін айтып, сол кештеріңізден маған да бір орын табылмас па екен деп қалды. Жә, сонымен, біздің дегеніміз болып, көп бөгелмей Людвигтің – кешіріңіздер, Гёттен мырзаның – мәшинесімен Эльза әпкемнің үйіне тартып отырдық. Мінгеніміз "порше", төрт адамға сәл қолайсыздау екен, дегенмен барар жеріміз алыс емес еді. Біздің біреулерді қармаққа ілу үшін "Полькт" дәмханасына баратынымызды Катарина Блюм біліп пе еді дейтін сұрауға айтарым: иә, білді. Таңертең мен адвокат Блорнаның үйінде жұмыс істейтін Катаринаға телефон соғып, Клаудия екеуміз біреу-міреулерді қармағымызға түсірмесек би

кешіне өзіміз баратынымызды ескерткенмін. Сондықтан "Польк" дәмханасына соға кетпекші екенімізді де айтқан болатынмын. Ол онымызды қолдай қоймады да бізді тым аңқау, женілтексіндер деп сөгіп тастады. Катаринаның өзі мұндай істе тым қатал ғой. Соған қарамастан, оның Гёттенді бірден-ақ баурап алып, екеуі ежелден таныс адамдарша, кештің өн бойында сонымен билегені мені қайран қалдырды".

30

Герта Шоймельдің куәлігін оның құрбысы Клаудия Штерм сөзбе-сөз қайталап шықты десе де болғандай. Олардың сөздеріндегі үйлеспеушілік тек болмашы бір жайға ғана қатысты еді. Атап айтқанда: ол шейх Карлмен екі емес, үш мәрте билепті, өйткені Карл оны биге Гёттеннің Гертаны шақыруынан бұрын шығарып үлгерген екен. Ол да, яғни Клаудия Штерм де, бұрын жан жуытпас кісікиіктігімен белгілі Катарина Блюмнің Гёттенмен қалай тез танысып, тіпті бауыр басып алғанына қатты таңыркапты.

31

Үйдегі балға қатысқан тағы үш адамнан сұрақ алуға тура келді. 56 жастағы тоқыма ісінің коммерсанты, Вольтерсхайм ханымның дос-жар адамы Конрад Байтерс пен 36 және 42 жастағы ерлі-зайыпты Хедвиг пен Георг Плоттен, мамандықтары бойынша екеуі де әкімшілік мекемелерінің қызметшілері, – осы үшеуі де кештің барысын, оған Катарина Блюмнің келгенін, Людвиг Гёттенмен бірге Герта Шоймельдің және шейх киімін киген Карлмен бірге Клаудия Штермнің келісін біркелкі сипаттап берді. Тегі, кеш көңілді болғанға ұқсайды, бәрі би билеп, ежіл-қожыл әңгімелессе керек, әсіресе Карл ерекше әзілкештігімен көзге түсіпті. Георг Плоттеннің айтуынша, "Людвиг Гёттеннің Катарина Блюмді басы бүтін иемденіп алуы", өздері солай деп ойламағанымен, біршама кедергі келтірген сияқты. Бұл би кешіне әдеттегі карнавал ойын-сауығына келіңкіремейтіндей байыптылық, тіпті салтанаттылық сипатын берсе керек. Хедвиг Плоттен ханымның айтуынша, Катарина мен Людвиг кеткеннен кейін балмұздақ алмақ болып асүйге барған оған да кешке Карл дейтін атпен кірген шейхтың өжетханада, өз-өзінен шабыттана сөйлеп жатқаны естіліпті. Айтпақшы, сөйткен Карл көп кешікпей қоштаспастан жөнімен кетіп отырыпты.

32

Жауап алуға қайта әкелінген Катарина Блюм телефон арқылы Герта Шоймельмен сөйлескенін растады, бірақ Гёттен екеуінің арасында келісім болды дегенді тағы да мойындаған жоқ. Герта Шоймельмен сөйлескеннен кейін оған Гёттен телефон соққан және сонда Катарина онымен Вольтерсхаймның үйінде еренсіз ғана кездесу үшін қулығын асырып, Шоймельмен сөйлесуге сілтеген дейтін қисынды мойындатуға жанын салған тіпті де Байцменне емес, одан едәуір жас прокурор д-р Кортен болды. Шоймель тәрізді үлде мен бүлдеге оранып тұрған аккуба сылқым қыздың көмегімен ондай қулықты жүзеге асыру да қиын емес-ті. Ешнәрсеге зауқы жоқ Катарина Блюм бұрынғысынша оқ қолымен ГАЗЕТТІҢ екі нөмірін умаждаған күйі сүлесоқ қана басын шайқап қойып, тұра берді. Содан соң оған рұқсат етілді де, Вольтерсхайм ханымнен және оның досы Конрад Байтерспен бірге ол полиция басқармасынан шықты.

33

Еренсіз қалған ештеңе жоқ па екен деп қол қойылған тергеу хаттамаларын қарастырып отырған д-р Кортен осы бір Карл дейтін шейхпен жөндеп айналысып, осы іске оның аса күдікті қатысын шындап зерттесе қайтер еді деген сұрақ қойды. Ол осы уақытқа дейін Карлды іздеп табудың ешбір шарасы қолданылмағанына қайран қалулы екен. Тегі, түнтеп келгенде, сол Карл "Полькт" дәмханасына Гёттенмен бірге болмағанның өзінде бір мезгілде кіріп, сауық кешіне де бірге барған ғой, сондықтан Кортен оның бұған қатысын, тіпті күдікті демесе де, мейлінше таңданарлық деп біледі.

Осы арада отырғандардың бәрі күлкінің тізгінін ағытып қоя берді, тіпті қылмыстық полициянын жер қозғалса қозғалмайтын қызметкері Плецер де жымиды. Хаттама жүргізуші Анна Локстер ханымның жүгенсіз шиқылдағаны сонша, Байцменненің оны тәртіпке шақыруына тура келді. Түкті де аңдамай аңырған Кортенге бұл күлкінің мәнісін оның әріптесі Гах түсіндіріп берді. Комиссар Байцменне шейхтың атын атамай, оны әдейі шеткері шығарып қойғанын Кортен түсінбегені ме? Ол "өзіміздің" адам екені айдан анық емес пе және оның әжетханаға кіріп алып өз-өзінен шабыттана сөйлеуі Гёттеннен және сол кезде, әлбетте, мекен-жайы да анықталып қалған Блюмнен көз жазбандар деп

шағын радиотараткыш әдісімен – әрине, орашолақтау болса да – әріптестеріне белгі беруі ғой. "Әрі өзініз де түсінесіз, әріптесім, карнавал маусымында шейхтың киімі – көз алдаудың таптырмайтын амалы, өйткені қазір шейхтар ковбойлардан әлдеқайда көзге үйреншікті. Әлбетте, – деп қосып қойды Байцменне, – карнавал қарақшылардың сусып кетуіне мүмкіндік беріп, олардың ізін суытпай соңына түсуімізге кедергі жасайтынын әу бастан-ақ білдік, ал біз Гёттеннің ізіне отыз алты сағаттан бері түсіп келе жатқанбыз. Айтпақшы, көз алдап, маскарадтың кәстөмін кимеген Гёттен аялдамада тұрған "фольксваген" маркалы автобуста түнеп, "поршені" сол жерден мініп кетті; таңғы асын дәмханадан ішіп, сондағы әжетханада қырынды да киімін ауыстырды. Біз оны бір сәтке де көзден таса қалдырған жоқпыз, шейхтардың, ковбойлар мен испандардың киімін киіп, шағын радио хабарын таратқыштармен жарактанған, карнавалдың масаңдау қатысушылары болғансыған біздің оншақты адамымыз оның әр қадамын андып, біреулермен байланысқа түспекші болған әрекеттерінің бәрін жалма-жан хабарлап отырды. Біз Гёттеннің "Полькт" дәмханасының табалдырығын аттағанға дейін жұғысып кеткен адамдарының бәрін қамтып, тексеріп шықтық, олар:

ол сыра ішуге қайырылған сырахананың қызметшісі;

ескі қаланың мейрамханасында ол билеген екі қыз;

Хольцмарктке жақын маңда өзі айдап кеткен "поршеге" жанармай құюға тоқтаған бензоколонкадағы жұмыскер;

Маттиасштрасседегі газет киоскісінің жанында кездесетін еркек;

темекі дүкенінің сатушысы;

сірә, бір банкіні тонаудан түскен жеті жүз АҚШ долларын ауыстыруына қызмет көрсеткен банк қызметкері.

Осының бәрі жоспарланған емес, кездейсоқ кездесулер екені және оның сол адамдармен сөйлескен сөздерінің бірде-біреуі шартты белгіге ұқсамайтыны анықталды. Бірақ мен Блюм де сондай кездейсоқтықтардың бірі дегенге сенбеймін. Оның телефон арқылы Шоймельмен сөйлесуі, Вольтерсхаймның үйіне дәлме-дәл бара қалуы, тіпті екеуінің бірдей алғашқы сәттен-ақ өліп-өшіп, еркелей жүріп билеуі – және дәл солай аяқ астынан тайып түрғандарын айтсаңызшы! – осының бәрі кездейсоқтықтың болмағанына куә. Дегенмен, ең алдымен, жігіттің қоштаспастан кетіп қалуына Катаринаның мүмкіндік беруі осыны айтады, бақылау қамтымаған тұрғын орамнан оған жол сілтеп жіберген де сол екені айдан анық. Әйтпесе біз тұрған орамды, яғни сол

орамдағы оның үйін бір сәт те көзден таса еткен жоқпыз ғой. Әрине, біздің де бір жарым шаршы километрге жуық аумаққа толық бақылау орната алмасымыз түсінікті. Сірә, Катарина қалтарыс жолды білген және соны көрсеткен болар, мұның үстіне, оған және, бәлкім, сол секілділерге баспана дайындайтын да өзі болар әрі оның қайда екенін білетініне де күмән жоқ. Оған жұмыс берушілердің үйлері бақылауға алынды, оның туған қыстағын шолып шықтық, осында жауапқа тартылып жатқанында Вольтерсхайм ханымның пәтерін тағы бір рет астын үстіне шығарып тінтіп шықтық. Ештене жоқ. Менінше, оның еркін жүріп-тұруына рұқсат етіп, андаусыз басуына мүмкіндік жасау керек қой деймін; бәлкім, оның пәтеріне баратын жол сол баяғы құрып кеткір келімсек арқылы өтетін болар, сондай-ақ, менің кәміл сенімімше, тұрғын орамнан шығатын қалтарыс жол "қызыл Труда" екенін өзіміз қазір біліп отырған Блорна ханыммен байланысты тәрізді, ал оның орамды жобалауға қатысқаны белгілі".

34

Бұл арада бірінші "кері тіреу" аяқталды деуге болатындай, жұмадан қайтадан сенбіге ауысқанымызды ескерте кеткен жөн. Жаңа іркілісті, соның ішінде жаңа қарбаластың артықша шоғырлануын болдырмас үшін қолдан келгеннің бәрі жасалды. Олардан түп-түгел ада болу, сірә, мүмкін емес сияқты.

Бір қызығы, жұма күні түс ауа, ақтық тергеуден соң Катарина Блюм Эльза Вольтерсхайм мен Конрад Байтерстен әуелі үйіне жеткізуді, содан соң – тілеуің бергірлер, тілеуің бергірлер деп – өзімен бірге жоғарыдағы пәтеріне көтерілуді өтініп сұрады. Ол қорқатынын айтты, өйткені сол бейсенбінің түнінде өзі Гёттенмен телефон арқылы сөйлескеннен кейін (тергеу кезінде болмаса да, өзінің Гёттенмен телефон арқылы сөйлескенін жасырмай айтуына қарап-ақ кез келген риясыз адам оның кінәсіз екенін андар еді) көп кешікпей сұмдық бір жағдай болыпты. Гёттенмен сөйлесіп болып тұтқаны қоя бергенінде телефон қайтадан шар ете қалып, тағы хабарласып жатқан Гёттен болар дейтін "ессіз үмітпен" ол тұтқаға жармасса, байланыстағы Гёттен болмай, "аса бұйығынқы" еркек дауысы "сыбырлай сөйлеп", оған "қайдағы бір қағынды", былапыт сөздерді тоғытыпты және ең онбағандығы – өзін осы үйде тұратын жігітпін деп таныстырып, саған керегі қызықшылық болса оны алыстан іздеп қайтесің, қызықтың ең көкесін, тіпті кез келген түрін мен-ақ көрсетейін дегенді айтыпты.

Иә, оның жеті түнде Эльзаға баруына түрткі болған сол қоңырау еді. Ол шошымалы тіпті телефоннан да шошиды және өзінің нөмірін Геттен білгенімен, Геттеннің нөмірін ол білмейді, сондықтан өзі хабарласып қалар деген үмітін үзбейді, сөйте тұра телефонның шылдырынан қорқады.

Катарина Блюмнің басынан өзге де құқайлар өткенін жасырып қайтеміз. Жә, мысалы, пошта жәшігін алайық; оның өмірінде жәшіктің келіп-кетер маңызы болған емес, ол оған "қалыпты дәстүр" бойынша ғана қарайтын, бірақ оның да еш нәтижесі болмаушы еді. Осы жұма күні таңертеңнен-ақ жәшік аузы-мұрнынан толыпты әрі Катаринаға қуаныш әкелгені шамалы. Эльза В. мен Байтерс хаттарды, баспа басылымдарын оған жеткізбей қағып кетуге қанша тырысқанымен, ол да алған бетінен қайтпай – өзінің аса қымбатты Людвигінен хабар келер ме екен дейді-ау, сірә, – пошта жөнелтілімдерінің бәрін, жалпы жиынтығы жиырма шақты болса да, қалдырмай қарап шықты, бірақ Людвигтен еш хабар келе қоймаған болар, қоқырсықты түгел сөмкесіне тоғытты. Тіпті лифтімен жүруі де азапқа айналды, ойткені осы үйдің екі тұрғыны қалмай бірге көтерілді. Солардың бірі (көрген көзде жазық жоқ, айтуға тура келеді) – шейхтың киімін киген мырза көрінеу олардан қашқақтап, бұрышқа тығылды, бірақ, бір тәуір жері, төртінші қабатта қалып қойды, екіншісі (сөнсеңіз де, сөнбесеңіз де) – бетіне перде тағып, андалуз әйелінше киінген біреу Катаринадан шошынған жоқ, қайта жанаса жақын келіп, "бейбастақ қой көзімен" именбестен міней карады. Ол сегізінші қабаттан жоғары көтеріліп кетті.

Ескерте кететін нәрсе: барған сайын бұдан да жаман болады. Олар ішке кіріп, Катарина Байтерс пен Эльза В.-ға жабыса қалуы сол екен, телефон шар ете қалды, бұл жолы Катаринадан гөрі обжілдік танытқан В. ханым тұтқаны бұрып көтерді де зәресі ұшып, құп-ку болған күйі: "Оңбаған шошқа, онбаған бүгежек шошқа", – дей беріп, тұтқаны орнына емес, қасына қоя салды.

В. ханым мен Байтерс Катаринаның қолынан поштаны алуға қанша әрекет етсе де, тұқ шығара алмады, барлық хаттар мен баспа басылымдарына тастай қатып әрі сөмкесінен ГАЗЕТТІҢ екі нөмірін қоса шығарған ол хат-хабарды түгел ашпаққа табандап тұрып алды. Ешқандай амал қалмады. Ол бәрін оқып шықты!

Бәрі бірдей домалақ хаттар емес екен. Сондай хаттардың бірі ең үлкені – өзін "Төсек қатынасына қажетті заттарды жөнелтуші үй" деп атайтын мекемеден келіпті және жеңсіккұмарлықтың сан түрлі керек-жарағын жіберген екен. Катаринаның амалын құртқан

осы болды, оның үстіне әлдебіреу: "Қызықтың көкесі осылар" деген жазуы бар қағазды қоса салыпты.

Қысқаша айтқанда, өзге он сегіз хат-хабардың ішінде мыналар бар екен:

төсек қатынасының қызметін көрсетеміз дейтін сойқанды ұсынысы бар, қолдан жазылған, кімнен екені белгісіз және "коммунистік мегежін" дейтін сөзді әрқилы ойнатып жазған жеті ашық хат;

ондай ұсынысы жоқ, бірақ "қызыл егеуқұйрықтан" бастап "кремльдік тәтейге" дейінгі саяси қорлау сөздерден тұратын, кімнен келгені белгісіз төрт ашық хат;

ГАЗЕТТЕН алынған қиындылары бар бес хат, олардың шет-шетіне әртүрлі мазмұндағы, мәселен: "Сталиннің қолынан келмеген сенің де қолыңнан келмес", – деген сияқты пікірлер жазылған;

діни уағыз мазмұндас екі хат, оның екеуіне де қоса тіркелген трактаттарға: "Қайтадан ғибадат қылуды үйрен, адасқан бейшара" және "Тізеңді бүк те тәубеге кел, Құдай әлі сенен безген жоқ", – дейтін сөздер жазылыпты.

Эльза В. есіктің астынан сұғылған жазбаны қазір көрді әрі, дес бергенде, Катаринадан жасырып үлгерді, онда былай делініпті: "Сен неге менің қызықтарымның жиынтығын пайдаланбайсың? Өз бақытыңа сені мен мәжбүрлеуім керек пе? Өзің кекірейіп, менсінбей кеткен көршің. Бұл – саған ескертуім". Осы сөздерді үлкен әріптермен жазған адамның, Эльза В. айтпақшы, дәрігерлік жоғары білімі болса керек.

35

Бір ғажабы, Катарина қонақ бөлмедегі шағындау бардан херестің, вискидің, қызыл шараптың шишалары мен шие шырынының аузы ашылған бөтелкесін алып, ешбір шімірікпестен үр таза қабырғаларға ұрып сындыра бастағанда В. ханым да, Конрад Б. да ләм-мим деп ештеңе айтқан жоқ.

Дәл осы қиқарлығын ол асүйде кетчуппен, салат тұздығымен, сірке суымен, дәмдеуішке арналған ащы тұздықпен тағы жасады. Ваннаға кірген жерінде мұнысын крем сықпаларымен және сауыттарымен, далаппен, ұнтақтармен, ваннаға арналған тұзбен, ал жатын бөлмеде иіссу шишасымен және-және қайталанғанын айтып жатудың қажеті болар ма екен?

Әрі бұл әрекеті абыржумен емес, жоспарлы түрде, сенімді істелгені сонша, Эльза В. мен Конрад Б. оны токтатуға тырысқан да жоқ.

36

Әрине, Катаринаның алғаш рет кісі өлтіруге тәуекел еткен немесе кісі өлтірудің жоспарын жасап, оны жүзеге асырған сәтін анықтауға мүмкіндік беретін сан түрлі қисындар болды. Біреулер бұл үшін бейсенбі күні ГАЗЕТКЕ бірінші мақаланың жариялануы жеткілікті болды десе, басқалар шешуші күн деп жұманы атайды, себебі сол күні ГАЗЕТТІҢ әлі аптығы басыла қоймаған болатын және тату-тәтті көршілік жағдай мен Блюмнің әбден бауыр басып алған пәтері тас-талқан болғаны (бері салғанда, субъективтік тұрғыдан) анықталған еді; белгісіз абонент, белгісіз пошта, ал содан соң тағы сенбілік ГАЗЕТ және одан кейін (алдын алып айтсақ) ЖЕКСЕНБІЛІК ГАЗЕТ. Бірақ мұндай дерексіз топшылаулар артық емес пе: ол кісі өлтіруді ойына алды да сонысын жүзеге асырды – сол жетіп жатыр! Сенімді түрде айтуға болатын бір жай: оның бойынан "өретүрегелген" бірдеңе бар, әсіресе бұрынғы күйеуінің айтқандары оны сабасынан шығарған; әрі толық сеніммен айтуға болатын нәрсе: содан соң ЖЕКСЕНБІЛІК ГАЗЕТТЕ жарияланғанның бәрі соның тікелей себебі болмағанымен, оны тыныштандырарлықтай ықпал ете қоймағаны анық.

37

"Кері тіреуді" осымен тәмамдап, бар назарды сенбіге аудару үшін Вольтерсхайм ханымның үйінде жұмаға қараған кеш пен жұмадан сенбіге қараған түннің қалай өткенін айту керек. Жалпы қорытындысы: ойламаған жерден тыныш өтті. Рас, Конрад Байтерстің би сазын, тіпті оңтүстікамерикалық музыканы қосып, Катаринаның биге деген ынтасын бұзуға талаптанған амал-айласы да, Катаринаны ГАЗЕТТЕН және домалақ поштадан айыру әрекеті де сәтсіз аяқталды; сондай-ақ болып жатқан жайдың бәрін өтпелі-кетпелі және сондайлық үрейлі емес етіп көрсету мақсаты және нәтижесіз болды. Оның басынан бұдан да сұмдық ауыртпалықтар өтіп, ашқұрсақ балалық, әлгі Бреттло дейтін мәңгүртпен қосақталу, "Курттың да жолдан адасуына себепші болған, жұмсартып айтқанда, азғындаудың жолына түскен" анасының салынып ішуі сияқты тауқыметтерді тартқан жоқ па. Қазір Гёттеннің басына төніп тұрған қауіп-қатер жоқ емес пе, мұны алып кетем деген уәдесінің бос сөз болғаны ма? Қазір карнавалдың кезі емес пе және оның өзі материалдық жағынан қамтамасыз

етілген емес пе? Тегі, дүниеде Блорналар, Хиперцтер секілді керемет сүйкімді жандар және тіпті әлгі "жылмандаған данғойға" ұқсас адамдар аз ба – келімсектің атын атауға әлі ауыздары бармайтын – және соның өзі, түптеп келгенде, жабырқатарлық емес, қызығарлық құбылыс сияқтанбап па еді? Осы арада Катарина қарсылық білдіріп, екеуін бірдей қиын жағдайға қалдырып, тіпті Людвигке күдік туғызған "жексұрын жүзік пен оңбаған конвертті" еске салды. Сол жылмақайдың өз желігін басу үшін ештеңеден тайсалмасын бұл біліп пе? Жо-жоқ, бұл оны қызығарлық деп тіпті де санамайды. Жоқ. Әнгіме пакты жайларға көшіп, мәселен, мұның жаңа пәтер іздеуі керегін және қайдан іздейтінін сөз ете бастағанда Катарина жалтара сөйлеп, қазір қолына алғысы келетін жалғыз нақты шаруасы – карнавал кәстөмін тігу екенін, осы күні көптің назары шейхтарға ауып тұрғандықтан сенбіде немесе жексенбіде бәдәуи болып "жолға аттанып" кететін ойы барын айтты да Эльзадан бір үлкен ақжайма бере тұруын өтінді. Тегі, қандай жамандық болды? Дұрыстап ойлап қараса, ешқандай да жамандық болған жоқ немесе тек қана жақсы нәрселер болды – қалай дегенмен Катарина шынымен-ақ "кездестірсем деген адамын" кездестірді, онымен "махаббат түнін" өткізді, жә, жарайды, одан жауап алынды және, байқап қараса, Людвиг шынында да "қой аузынан шөп алмас" дейтін емес екен. Содан соң ГАЗЕТТЕГІ дағдылы былапыт, бірер шошқалар домалақ қағаз жазды, бірер шошқалар астыртын телефон соқты. Бірақ өмір өз жөнімен жалғасып жатқан жоқ па? Людвиг орнын тапқан жоқ па – оның қалай тамаша, жайлы орналасқанын тек бұл ғана біледі. Енді біз Катаринаға құп жарасатын карнавал кәстөмін – күләпаралы, кең қолтық әйел шекпенін тігейік; ол соны киіп, жарқын жүзбен "жолға аттанып" кетсін.

Түптеп келгенде, табиғат өз дегенін істетеді, міне сен қалғи бастадың, ұйқыға кетіп, қайта ояндың да қайта қалғыдың. Әлде бір-бір стаканнан тастап алсақ па екен? Несі бар? Ең бір жайбарақат көрініс: киім тігіп отырған күйі мызғып кеткен келіншек; "табиғат өз дегенін істесін" деп ересек әйел мен ересек мырза оның жанынан ептеп басып өтеді. Табиғаттың өз дегенін істеуге шыңдап кіріскені сонша, түнгі сағат екі жарымда безілдеген телефон үні де Катаринаны оята алмады. Парасат несі Вольтерсхайм ханым телефон тұтқасын көтере бергенде қолы кенет дірілдеп кетуі қалай? Әлде бірер сағат бұрын бейтаныс біреуден естіген биязы сөздерді тағы күте ме екен? Әрине, түнгі екі жарым телефонмен сөйлесетіндей уақыт емес, әйтсе де ол

телефонға жармаса бергенде оны жалма-жан Байтерс жұлып алып "Иә?" деп еді, ана жақтағы тұтқаны орнына қоя салды. Телефон тағы шылдырлады, ол тұтқаны алып "Иә?" деп де үлгерместен байланыс қайта үзілді. ГАЗЕТТЕН аты-жөні мен мекен-тұрағын біліп алып, жұрттың жүйкесін тоздыратын адамдар болатыны рас, сондықтан енді тұтқаны аппаратқа қоймағаннын өзі-ақ дұрыс.

Бұлар Катаринаны ең болмаса ГАЗЕТТІҢ сенбілік басылымынан қорғаштамақшы болған, бірақ ол Эльза В. үйқыға кеткен, ал Конрад Б. ваннада қырынып тұрған бірер сәтті пайдаланып көшеге атып шықты да елең-алаңда бірінші кездескен ГАЗЕТ сататын автоматтың есігін жұлқа тартып, өзіндік бір күпірлік іс жасады, яғни ГАЗЕТТІҢ СЕНІМІН алдап, оны ақша төлемей-ақ алып кетті! "Кері тіреу" әзірге осымен аяқталды деуге де болар, себебі дәл сол уақытта, сенбінің сол күнінде еңселері түсіп абыржыған жабырқау Блорналар түнгі пойыздан түсіп, ГАЗЕТТІҢ сол нөмірін олар да сатып алған.

38

Сенбі күні таңертең Блорналардың үйінде жайсыздық орнап еді, пойызда селкілдеп, шайқалып, ұйқысыз өткізген түннің әсерінен ғана емес, Блорна ханым бұл пәледен қашсаң да құтылмайсың, адамды кез келген жерден табады деп атаған ГАЗЕТКЕ ғана байланысты емес және ыкпалды достары мен клиенттерінің жазғыруға толы жеделхаттарына ғана байланысты емес, сонымен бірге өздері ерте, тым ерте (оны бейсенбіде істеуге де болатынын ескерсе, тым кеш деуге де лайық) күндіз телефон соккан Гахқа да байланысты аса бір жайсыздық жайлаған болатын. Ол тым елпілдей қоймады, Катаринадан жауап алу аяқталғанын айтты, оған қарсы іс қозғалар-қозғалмасын айта алмайтынын, бірақ қазір оған, әрине, сот қорғаушысы болмағанымен, қалайда қорғаушы керек екенін білдірді. Қазір карнавал өтіп жатыр емес пе, прокурорлар да демалуға, ал кейде той тойлауға да қақылы екенін ұмытқанбысындар деп тастады. Бірақ қалай дегенде де оздері жиырма төрт жылдан бері таныс-біліс, оқуды бірге оқыды, сабақты бірге жаттады, ән айтысып, туристік жорықтарға да бірге шықты, сондықтан пәк көңілдің алғашқы минуттарына мән бере қоймайсың, оның үстіне өзінді де өте жайсыз сезінесің, бірақ сондай сәтте – прокурордың өзі! – әңгімені телефонмен емес, жүзбе-жүз жалғастырайық деген өтініш айтады. Иә, Катаринаға айып тағылды, көп жай тым шатыскан, бірақ жетер, бәлкім, кейін,

түс ауа, кездескен жерде айтармыз. Қай жерде? Қалада болсын. Дұрысы – жүре сөйлескен. Мұражай фойесінде. Сағат төрт жарымда. Катаринаның пәтерімен, Вольтерсхайм ханымменен, ерлі-зайыпты Хиперцтермен ешқандай телефон байланысы болмасын.

Жайсыздық болатынының тағы бір себебі – Катаринаның колымен орнатылатын тәртіптің жоқтығы тез сезілді. Тіпті жарты сағаттың ішінде үйқы-тұйқы былықпай қалай жайлап алғаны түсініксіз, бар болғаны кофе қайнатып, шкафтан қытырлақ нан, май мен бал алып, жүкті ауыз үйге қойғандары жаңа ғана еді ғой; ақыр соңында тіпті Труданың да ашуы келді, себебі күйеуі одан Катаринаның ісі мен Алоиз Штройбледердің, әсіресе Людингтің арасында қандай байланыс бар деп ойлайтынын қайта-қайта, тынымсыз сұрай берді де ол оны сабасына түсіруге ешбір әрекет жасаған жоқ, қайта әдетте күйеуіне қатты ұнайтын, бірақ бұл жерде қытығына тиген анқау-әзілкеш дағдысымен ГАЗЕТТІҢ екі нөміріне сілтей берді, содан соң оның бір сөзге мән берген-бермегенін сұрады, бірақ қандай сөз екенін атамады, тек мыскылдай күліп, оның зейінін тексергісі келетінін айтты, ал ол болса "осы пәлені, қайда қашсан да құтылмайтын жексұрын пәлені" үсті-үстіне қайталап оқып, ойын жинақтай алмай-ақ қойды, өйткені ананың бұрмаланған топшылаулары мен "қызыл Труда" деген сөздері оны әлсін-әлі сабасынан шығара берді, ақыры ол жеңілгенін мойындады да үлкен басын кішірейтіп, Труданың көмегіне жүгінді – ызадан жарыла жаздап отырғаны сонша, ойын тиянақтай алатын түрі жоғын, оның үстіне көп жылдан бері қылмысты істер емес, индустриялық істер бойынша адвокат болып істеп жүргенін алға тартты, оған жауап ретінде Труда: "Өкінішке қарай", – деп салқын ғана тіл қатты, дегенмен содан соң аяушылық сезімі ояныпп, былай деді: "Сен "келімді-кетімді мырзалар" деген сөздерді байқамадың ба? Менің соларды жеделхаттармен салыстырғаныма да назар аударма дың білем. Сол Гёттингтің, жоқ, Гёттеннің фотосуретіне байыптап қарашы, қалай киінгенімен, оны біреу-міреу келімсек мырза деп білер ме еді? Жоқ, ешқашан да, өз еркімен жансыздық етуші тар өрісті адамдардың тілінде ондайды мырза деп емес, еркек деп қана атайды және мен казір көріпкелдік жасап айтайын: әрі кеткенде бір сағат шамасында бізге де бір мырза келеді және мен алда жағымсыз жайлар, шиеленісті жағдайлар болатынын және, бәлкім, бір сырдесте достықтың аяқталатынын, сенің қызыл Трудаңа да байланысты көңілсіз жайлар күтіп тұрғанын, сондай-ақ Катаринаның басындағы таукыметтен де асып түсетін бірденелер боларын

айтайын. Бұл Катаринаның адалдық және асқақтық дейтін қауіпті екі қасиеті бар, екеуміз бірге зерттеп-зерделеп шыққан құпия жолды әлгі жігітке көрсеткенін ол ешқашан және ешқандай жағдайда мойындамайды. Саспа, қымбаттым, саспа: ештеңе әшкере бола қоймайды, бірақ, задында, сол Гёттингтін, жоқ, Гёттеннің елеусіз түрде оның пәтерінен жылыстап кетуіне мен кінәлімін. Сен, сірә, менің жатын бөлмемде "Өзен бойындағы сәнді мекеннің" бүкіл жылыту, желдету, арналық қәріз және сымдар жүйесінің жоспары ілулі тұратынын ұмытып қалған да шығарсың. Онда жылыту шахталары – қызыл, желдету жүйесі – көк, кабель желісі – жасыл, арналық қәріз – сары түспен белгіленген болатын. Өзі сондай ұқыпты, бәрін жоспарлап, керемет жоспарлап жүретін болғандықтан Катарина соған ерекше ынта бөліп, алдында ұзақ тұратын және өзі "дерексіз картина" деп атайтын сол жоспардағы желілердің мәнісін сұраудан жалықпайтыны сонша, мен соның көшірмесін тауып, өзіне сыйласам ба екен деп те ойлайтынмын. Дес бергенде, соны істемегеніме шүкір, әйтпесе одан жоспардың көшірмесі табыла қалғанда не боларын ойлап көрші – астыртын әрекет қисынына, қызыл Труда мен қарақшылар – Катарина мен келімсектер үйлесімінің өткізу пункті дейтінге керемет негіз табылар еді. Әрине, мұндай жоспар көзге көрінбей-ақ бөтен біреудің еңбегімен немесе бөтен біреудің жылуымен олжа табуды тәуір көретіндердің бәріне таптырмайтын басшылық болар еді. Әртүрлі өткелектердің биіктігі қандай екенін, құбырлар жарылып, сымдар үзілген жағдайда қай жерден тік жүріп, қай жерден еңкейіп және қай жерден еңбектеп өтуге болатынын Катаринаға мен өзім түсіндіргенмін. Қазір ол ерке назын армандап кана жүрген сол бір сылқым жігіт полициядан осылай, тек осылай ғана сытылып кеткен болу керек және егер оның банк тонаушы екені рас болса, бұл жүйенің шытырманын шешіп алғанына сөз жоқ. Келімсек мырза да сол жолмен кіріп, сол жолмен шыққан болуы мүмкін. Ескі үлгідегі табысты үйлердей емес, осы заманғы тұрғылықты орамдар үшін бақылаудың мүлдем басқаша әдістері қажет. Реті келгенде осыны полицияға немесе прокуратураға айтарсың. Олар негізгі кіреберістерді, бәлкім, ауыз үйлер мен лифтерді қадағалайды, бірақ тағы жүк лифтері бар емес пе, олар турадан-тура төлеге түсіреді, ал одан әрі бірер жүз метрге еңбектеп барып, бір жерден люктің қақпағын көтеріп жіберсең болды – тайып тұрасың! Маған сенсең, енді тек тәубе ету ғана қалады, белгілі бір жайларға байланысты ГАЗЕТТЕГІ аршынды тақырыптардың оған қажеті жоқ, қазір оған керегі – баспасөздегі өзі туралы нақты

әрі сенімді зерттеу мен ақпарат, ал ол ірі тақырыптардан гөрі өзінің құдай берген занды әйелі, төрт баласының анасы Мод дейтіннің наразы, зілді қарасынан қорқады. Оның шиыршық атып, "балаша мәз бола жүріп" деп-ақ айтайыншы, бірнеше рет Катаринамен шын ыкыласты билегенін өзің көрген жоқсың ба. Әрі оны үйіне жеткізіп салмақшы болып айналсоқтағаны ше, ол мәшине алғанда балаша бұртиып өкінгені ше? Оған Катарина сиякты ерекше сүйкімді, ешкандай елтен-селтені жоқ және сонымен бірге – өздерің айтатындай – еркелеткенге пейілді, байыптылығы мен жастығы құп жарасқан, тіпті өзіне өзі сұқтанғандай көрікті жан керек – оның жүрегі соны қалайды. Тегі, ол сенің де жүрегінді аздап қуанышқа бөлемеп пе еді?"

Иә, солай болғаны рас, ол мұның да жүрегін қуанышқа бөлеген әрі бұл соны оның өзіне де айтқан, мұның жай ғана ұнату сезімі емес, одан басқарақ, одан да асқақ әлдене екенін мойындаған және тек еркектің ғана емес, кез келген адамның әредік біреуді құшақтағысы келіп кететінін, тіпті көңілі шіркін одан да әріге шабатынын ол, Труда, білмейді емес, бірақ оны Катаринаға катысты айта алмайсың – жоқ, бұл арада әңгіме басқа сезім туралы, ол мұның ешкашан, ешбір жағдайда "келімсек" болуына жол бермеген болар еді және мұның "келімсек" болуына бірдеңе кедергі жасаса, тіпті оны ойлауға да мүмкіндік бермесе, онысы Трудаға деген құрметі емес, оған жалтақтауы емес, – мұның не айтқысы келетінін ол өзі де түсінеді ғой, онысы Катаринаға деген құрметі, иә, тіпті әспеттеу дейтіндей құрмет сезімі, керек десеңіз, оның пәктігін, тіптен пәктіктен де асыл қасиетін қастерлеу сезімі – мұндайда ауызға лайықты сөз де түспейді. Бәлкім, мәселе оның осы бір айрықша ұстамдылығында болар және мұның өзі Катаринадан он бес жас үлкен болып, өмірде біраз нәрсеге қолы жетсе де, көңіліне әнебір күпірлік ойлар кіре қалған күнде де, оның өксуге айналған өмірін қолға алып, түзу жолға салғанының өзі-ақ сол ойларды жүзеге асыруына кедергі болар еді, өйткені Катаринаның өмірін де, өзін де ойрандауға дәті шыдамас еді, ал оның жаны нәзік, керемет жәбірленгіш екені сонша, егер Алоиз шынымен сол келімсек болып шықса, бұл ешбір ойланбастан-ақ оның "тұмсығын бұзар" еді; иә, оған көмек керек, қолұшын беру керек, әйтпесе мынадай амал-айлаға, сұрақ-жауапқа қарсы тұруға оның қаукары жоқ, қазір тым кеш боп қалды, бірақ бүгін бұл қалайда Катаринаны іздеп табуы қажет... Осы арада оның қызықты ойларын Труда бұзып, өзіне тән тендесі жоқ суықтықпен: "Келімсек дәл қазір кілегінен түсіп жатыр", – деп хабарлады.

39

Бірден басын ашып айтатын нәрсе: Блорна шынымен-ақ сәнсалтанаты асқан жалдамалы автомобильмен келіп түскен Штройбледердің тұмсығын бұзған жоқ. Бұл жерде мүмкіндігінше қанның аз болғаны жақсы екені өз алдына, сонымен бірге зорлық-зомбылықты бейнелемейінше, болмаған күннің өзінде оның есепке лайық мөлшерінің ең азын қолай көрелік. Бірақ бұдан Блорналардың үйіндегі шиеленіс бірте-бірте бәсең тартты деген ұғым тумаса керек, қайта керісінше – бұрынғыдан да ушыға түсті, неге десеңіз, Труда Блорна кеседегі кофені араластыра тұрып, ескі досты: "Сәлем, келімсек", – деп қарсы алды. "Менің білуімше,"деп имене тіл қатты Блорна, – Труданың оғы бұл жолы да дөп тиген тәрізді". "Иә, – деді Штройбледер, – бірақ сол әрдайым орнымен тие ме десеншi".

Бұл арада айта кетуге болатын жай: Блорна ханым мен Алоиз Штройбледердің ара қатынасы бір кезде бірін-бірі көрместей болып ушыққаны бар-ды – анау, бәлкім, азғырмаса да кәдімгідей қырындап бақканда Труда өзіне тән салқынқандылықпен: өз ойында қанша кереметсігеніңмен, тіпті де ондай емессің, әйтеуір маған лайығын шамалы дегендей сынай таныткан. Жағдай солай болған соң, әрине, Блорна жалма-жан Штройбледерді өз кабинетіне алып кетуге асықты және бұл екі арада ("Ненің екі арасында?" – деп сұрады Блорна ханым) Катаринаны іздеп табуға барлық шараны қолдануды әйеліне тапсырды.

40

Барлық заттары шалаң тұтып, шаң баспай орны-орнында тұрса да адамға кейде өз кабинеті жүрек айнитындай лас, ыбырсық көрінетіні несі екен? Қыруар шаруаны жайғастырып, соншама әңгіме өткізуге себепші болған, жайлы отырып музыка тыңдауға да таптырмайтын қызыл былғарыдан жасалған жұмсақ орындықтар кенет көзге шыққан сүйелдей боп, кітап сөрелерінен жаның түршігіп, тіпті өзі қол қойып берген қабырғадағы Шагал оның, яғни суретшінің өз қолынан шыққан жасанды дүниесі секілденетіні қалай? Күлсалғыш, шақпақ, виски құятын шөлмек – қымбаттығынан өзге кінәсі жоқ осы бұйымдарды не деп жазғыруға болады? Осындай антұрған түннен соңғы осындай антұрған күнді мұншама адам төзгісіз ететін, өзің мен сырдесте досының арасын ширықтырып, жай ойнататын не болуы мүмкін?

Осы заманғы графикамен өрнектелген балғын-сары кабырғаларға қоятын қандай кінәміз бар?

"Иә-иә, – деді Алоиз Штройбледер, – менің саған келгендегі мақсатымның өзі енді нақ осы істе маған сенің көмегің керек емес екенін айтпақшы едім. Тұманның ашылғанын күтіп сол аэродромда отырғанда-ақ сенің жүйкеңе тозған болды. Сендер сабырдан айырылып, төзімдерің таусылғаннан кейін бір сағаттың ішінде-ақ тұман сейілген, соған шыдасандар 18.30-да осында болмақшы еділдер. Тіпті сабырмен ойласандар Мюнхеннен-ақ аэродромға хабарласып, ұшақтардың жолы ашылғанын білулеріне болатын еді. Жә, оны қоялық. Таңбаланған карталармен ойнағандай болмайықшы – тіпті ешқандай тұман болмай, ұшақ дер уағында көкке көтерілгеннің өзінде сен бәрібір кешігіп келетін ең, өйткені жауап алудың шешуші бөлігі әлдеқашан өтіп кеткен болатын, сондықтан ешнәрсеге кедергі жасаудың мүмкіндігі қалмаған еді".

"Мен бәрібір ГАЗЕТПЕН текесе алмаймын", – деді Блорна.

"ГАЗЕТТЕН келер ешқандай қауіп жоқ, – деді Штройбледер,– ол Людингтің қолында, бірақ басқа да газеттер бар ғой және мен кез келген тақырыптарға ештеңе демес едім, тек мені қарақшылармен бірге атамаса екен. Әйелмен байланысты қыздырмалы оқиға болса, тым мықтағанда отбасылық кикілжіндерге соқтырар еді, әйтеуір қоғамдық емес. Тіпті Катарина Блюм сияқты қарап тұрғандай бикемен түскен сурет те еш әсер етпес еді, өзге жағдайда еркектердің келіп-кетуі туралы қисын елеусіз қалады, ал әшекейге немесе хатқа келсек – иә, олар мен сыйлаған едәуір қымбат жүзікті қолға түсіріпті және бірнеше хат жазып ем, олардың бір ғана конвертін тауыпты, – мұның бәрі пәлендей қиыншылық туғызбайды. Бір жаман жері – әлгі Тётгес ГАЗЕТТЕ жариялауына болмайтын дүниелерін басқа атпен суретті газеттерге шығарады екен және, қырсыққанда, Катарина оған сұхбат беруге уәде етсе керек. Мен оны бірер минут бұрын Людингтен естідім, ол да сол сұхбатты Тётгеске беру жағында екен, өйткені ГАЗЕТКЕ ықпал етуге болады, ал Тётгестің басқа біреудің атынан жасайтын әрекеттеріне оны істей алмаймыз. Сен, не, осының бәрінен бейхабарсың ба?" "Ештеңеден түйсігім болса неғылсын", – деді Блорна.

"Қалай дегенде де, мен манданты болып жүрген адвокат үшін бұл таңданарлық жағдай екен. Кешікпей тұманның айығатынын хабарлайтын метеоқызмет орындарымен дер уақытында байланысудың орнына қаусаған қалтылдақ пойызбен жүріп уақытты

бей-берекет шығындағанда осылай болады. Байқаймын, сен онымен әлі хабарласпаған да сияқтысың ғой?"

"Жоқ, сен ше?"

"Жоқ, тікелей сөйлескен жокпын. Мен тек осыдан бір сағаттай бұрын ол ГАЗЕТКЕ телефон соғып, ертең түстен кейін арнайы сұхбат беруге Тётгеспен уағдаласканын ғана білемін. Анау келісіпті. Бірақ мені қинап, қатты қинап, жанымды жеп жүрген бір жағдай бар. – (осыны айтканда Штройбледердің бет әлпеті әлем-тапырық болып, даусы дірілдеп кетті) – ертеннен бастап сен мені қалағаныңша балағаттай аласын, себебі мен шынымен-ақ сендердің сенімдеріне қиянат жасадым, бірақ, екінші жағынан алғанда, біздің еркін елде өмір сүретініміз рас қой және мұнда махаббат еркіндігіне де мүмкіндік жасалғаны өтірік емес, сондықтан оған көмектесу үшін менің бәрін істейтініме күмәнің болмасын, тіпті өзімнің абырой-беделімді де осы жолға сарп етемін, себебі – күлсен күле бер, – мен ол әйелді сүйемін, бірақ: енді оған көмектесуге болмай қалды, маған әлі көмектесуге болар, ал ол өзіне көмектесуге рұқсат беретін емес...".

"ГАЗЕТКЕ қатысты да, әлгі шошқаларға қарсы, оған көмектесе алатын дәрменің жоқ па?"

"Құдайым-ау, сендерді де айналдыра бастағанына қарамастан, сол ГАЗЕТ дегенді қойшы. Қазір тоғышар журналистика мен баспасөз бостандығы туралы қызылкеңірдек болатын уақыт емес. Қысқасы, сен сұхбат кезінде менің *және* оның адвокаты ретінде қатыссаң деп едім. Мәселе мынада: жауап алуда да, баспасөзде де әлі күнге дейін ашылмаған ең шетін жай бар – осыдан жарты жыл бұрын оған зорлағандай етіп Кольфорстенхаймдағы екі адамдық үйшігіміздің кілтін берген едім. Пәтерді тінту кезінде де, жеке өзін тінткенде де кілт табылған жоқ, бірақ оның *бар* екені немесе болғаны анық, жай ғана лақтырып жіберген болса, өнгіме басқа. Мұны қиялшылдық дейсің бе, қалай атасаң өзің біл, әйтеуір мен онда үйімнің кілті болғанын қаладым, ол сонда бір келер-ау деген үмітімді үзгім келмеді. Маған сенші: мен оған көмектесер едім, шырылдап арашаға түсер едім, тіпті сонда барып: сол келімсектерің менмін дер едім, бірақ оның менен теріс айналатынына, ал өзінің Людвигінен ешуақытта бас тартпасына кәміл сенімді болдым".

Штройбледердің жүзіне мүлдем жаңа ешкім күтпеген, Блорнаның бойында аяушылыкка жуық, тіпті бері салғанда – ғанырқаушылық сезімін туғызған көнбістік кейіп пайда болды – өлде бұл қызғаныш па екен? "Әлгі әшекейлердің, хаттардың, енді

мына кілттің жағдайы не болды?" "Төбеннен ұрсын, Хуберт, сен әлі түсінбей отырсың ба? Ол жайында мен Людингке де, Гахка да, полицияға да айта алмаймын ғой: кілтті ол өзінің Людвигіне бергеніне, содан жігітің екі күннен бері сойдауылдай боп сонда жатканына күмәнім жоқ. Мен тек қорқамын – Катарина үшін, полиция шенеуніктері үшін, тіпті, бәлкім, Кольфорстенхаймдағы менің үйімде жатқан сол бір ақымақ бала үшін қорқамын. Мен ол бейшараның тұтқындалмай тұрып сол жерден жылыстап кеткенін қалаймын, сөйте тұра, ол колға түссе екен, сонымен бәрі тәмам болса екен деп те тілеймін. Енді ұқтың ба? Ұқсаң, маған не ақыл айтасың?"

"Сол жерге телефон соғуына болады емес пе – Кольфорстенхаймға дегенім ғой".

"Ол сонда болса телефонға жақындай қояр деп ойлайсың ба?"

"Онда сен полицияға хабарласуың керек, басқа амалың жоқ. Ең болмағанда, бақытсыздықтың алдын алу үшін. Керек десең, тіпті аты-жөнінді айтпай-ақ қой. Егер Гёттеннің сенің үйінде екендігіне зәредей ғана ықтималдық бар болса, сен дереу полицияны хабардар етуің керек. Әйтпесе оны мен істеймін".

"Әйтеуір менің үйім мен менің атым бас тақырыптарда сол қарақшымен бірге аталсын деймісің? Менің ойым басқа еді... Мен сенің сонда – сол Кольфорстенхаймға, айталық, менің адвокатым ретінде барып, мән-жайды біліп келгеніңді қалап едім ғой".

"Мынадай шақта ма? Карнавалдың сенбісінде, демалысымды шұғыл тоқтатып келгенімді ГАЗЕТ біліп отырғанда тек сенің саяжайындағы мән-жайды біліп қайту үшін ғана ма? Тоңазытқышың бұзылмай, жұмыс істеп тұрғанын біліп қайту үшін ғой, солай ма? Жермаймен жылытатын термостатың ретке келтірілген бе, терезе әйнектері сынғаннан сау ма, бардың іші толып тұр ма және төсек жаймалары дымқыл тартқан жоқ па деп? Жүзу бассейні ғажап сәнді жекежайы бар әрі "қызыл Трудаға" үйленген аса қадірлі кеңесші-заңгер демалысын мансұқтап, алқын-жұлқын жеткені сол екен ғой? ГАЗЕТТЕГІ тілші мырзалар менің әр қадамымды қалт еткізбей бағып отырғанда, сен осы ойынды дұрыс деп санайсың ба? Былайша айтқанда, пойыздан аттап шығысымен-ақ мен зағыпырандар қашан қылтияр екен, бәйшешектер гүл ашты ма екен деп сенің жекежайына баруым керек болды ғой? Сол әлгі Людвиг дейтін жігіт өзінің сүрмерген екенін дәлелдеп бергенін де айтпағанда, сен шынымен-ақ осынды жөн пікір деп санайсың ба?"

"Төбеннен ұрғыр, дәл қазір сенің қылжағың мен қыңыр сөзіңнің кімге керегі бар? Мен сенен адвокатым мен досым ретінде жеке бастан гөрі қоғамдық сипаттағы көмегіңді көрсет деп сұрап отырмын, ал сен болсан қайдағы бір бәйшешекті айтасың. Кешеден бері бұл істің құпияға айналғаны сонша, бүгін ол жақтан ешқандай ақпарат ала алмай отырмыз. Біздің бар білетініміз – ГАЗЕТ хабары, қайта онымен Людингтің сенімді байланысы барына шүкір. Прокуратура мен полиция, тіпті ішкі істер министрлігіне хабарласпай қойды, әйтпесе Людингтің онда да байланысы бар еді. Әңгіме өмір мен өлім туралы болып тұр, Хуберт".

Осы сәтте қолына транзистор ұстаған Труда есік қақпастан кіріп келді де байсалды түрде сөз бастады: "Құдайға шүкір, өлім туралы енді әңгіме жоқ, бәрі өмір туралы. Олар әлгі жігітті ұстамақ болса, ол ақымақтықпен оқ атқан ғой, оған да оқ атылып, жараланса керек, бірақ өлуден аман. Бұл сенің бағың да, Кольфорстенхаймдағы жүзу бассейні мен жаппаның екі арасында болған, Алоиз. Людингтің серіктестерінің біріне тиесілі, құны жарты миллиондық сәнді-салтанатты жекежай туралы айтады. Айтпақшы, нағыз жігіттер шынымен-ақ бар екен ғой: мың болғыр біздің Людвигтің бірінші айтқан сөзі Катаринаның бұған ешқандай қатысы жоқ депті және бұл өзіне тағылып отырған, бірақ өзі ешқашан мойындамайтын қылмыстарға әсте жанасымы жоқ, тек жеке басқа қатысты махаббат оқиғасы деген сөзінен танбапты. Сірә, сен терезелеріне біраз әйнек салатын шығарсың, Алоиз, – онда тым тәуір атыс болғанға ұқсайды. Әзірге сенің атың еш жерде аталған жоқ, бірақ сонда да Модка телефон соғуына тура келеді, ойткені ол кәдімгідей абыржып, жұбату күтіп отырғаны сөзсіз. Иә, айтпақшы, Гёттенмен бір мезгілде әр-әр жерден оның сыбайластары делінген тағы үш адам ұсталса керек. Айналып келгенде бәрі комиссар Байцменне дейтін біреудің айтулы жеңісі делініп жатқанға ұқсайды. Ал енді, Алоиз шырақ, сен табаныңды жалтырат-тағы, көңіл үшін болса да, сүйікті әйеліңнің жанына бар".

Сол сәтте бұлардың арасындағы жағдай Блорнаның кабинетіне шақ келмейтіндей шатақ пен жұдырықтасуға ұласып кете жаздап еді. Штройбледер, тәрізі – *тәрізі* – Труда Блорнаның жағасынан алып, оған оның күйеуі араласып: қай бетіңмен әйелге қол котермексің деді де, құдай-ау. Штройбледер тәрізі – *тәрізі* – мұндай шақпа тілді пәлекетті әйел деуге келетініне сенімі жоқ екенін, белгілі бір жағдайда, әсіресе қайғылы оқиға туралы айтқанда әзілге шаптырып пайдалануға келмейтін сөздер болатынын және ендігіәрі одан жаңағы жексұрын сөзді бір рет,

тек бір-ақ рет естісе – иә, сонда не болмақ? – онда бәрі бітетінін айтты ма-ау. Ол табалдырықтан аттап шығуы мұң екен. Блорна қалай дегенмен Труданың артық кетіп қалғанын айтып үлгергенше ол мұның сөзін аузынан қағып: "Түнде Катаринаның анасы қайтыс болды. Куир-Хохзаккеледен іздеп таптым", – деді.

41

Ағынды шығару-бұру-аудару жөніндегі соңғы айла-тәсілдерге кіріспес бұрын жолай техникалық тұрғыдағы деуге болатын бір ескерту жасай кеткен дұрыс болар. Бұл оқиғада не болмай жатыр дейсіз. Бой бермей кететін әрекеттердің көптігі ол үшін тек зиянға шығады. Әрине, еркін кәсіптің адамы ретін жұмыс істейтін үй қызметіндегі әйел журналисті өлтіріп жатса және ондай жағдайды зерттеп-зерделеуге немесе, ең құрығанда, түсіндіруге тура келсе өте өкінішті. Бірақ үй қызметіндегі әйел үшін еңбегі сіңіп, шаңғы тебетін маусымда мандай терімен алған демалысын шорт үзіп, қайтып келетін белгілі адвокаттарды қайтеміз? Уақыты өткен киялшылдықтың әсерімен нақ сол үй шаруасындағы әйелдің өзіне екі адамдық (өзін есептегенде) үйшіктің кілтін тықпалайтын, бірақ онысы сәтсіз болып шығатын; бір жағынан, publicity-ге құмар, екінші жағынан, тек белгілі бір publicity[1]-ді ғана қалайтын онеркәсіпшілер ше; тіпті өзара үйлеспейтін және ағымға (басқаша айтқанда, іс-әрекеттің біркалыпты өрістеуіне) ұдайы керте келетін, былайша айтқанда, мызғымайтын заттар мен адамдар. Ұдайы "тілді" қажет ететін және онысын алмай коймайтын қылмыстық полиция шенеуніктерін қайда қоямыз? Қысқасы, қауесеттің таралуы тым көп және сонымен бірге автордың есеп жазуына шешуші сәтте тым аз болып дінкені құртады, себебі азды-көпті бірденелерді білуге болғанымен (айталық, Гахтан немесе кейбір полиция шенеуніктерінен), олардың айтқандарының зәредей де күші жоқ, себебі ешбір сотта ешкандай дәлел алынбаған, ешбір соттың алдында куәлік келтірілмеген. Бұлардың куәгерлік көрсетулерінің күші жоқ! Қылаудай да қоғамдық мәні жоқ. Мәселен, "тілге" қатысты айла-шарғыны алайықшы, Әрине, телефон желісіне косылудың көмегі болатыны рас, бірақ оны тергеу органдары жасамайтындықтан ашық сот тергеуінде оның нәтижесін пайдалану былай тұрсын, ауызға алуға да болмайды. Ең әуелі: телефон әңгімесін тыңдаушы адамның құқы қандай?

[1] Жарнама *(ағылш.)*

Айрықша қажеттілікке байланысты, бұйрықты орындау түрінде болмаса да пайда қуып, өзінің борышын, былайша айтқанда, өз міндетін (бәлкім, өзіне ұнамсыз міндетін) атқарып отырған кіршіксіз шенеунік үйде жатқан бейтаныс біреудің – сөзді ұзартпау үшін біз ерке-назға бөлеуші деп атаған адамның – Катарина Блюм секілді аса сұйкімді, пәкиза жанмен телефон арқылы сөйлескен әңгімесін тыңдағанда қандай күйде болмақшы? Зығырданы қайнай ма, әлде құмарлығы коза ма немесе соның екеуін де бастан кешіре ме? Жұрт Одағай атаған адамды үздіккен үнмен шошытып, қайдағы бір пасық ұсыныстармен жанын жаралап жатқанда ашулана ма, қобалжи ма әлде өзіндік бір ләззат ала ма? Иә, жұрт көзінше болып жататын жайлар көп, ал қалтарыста – ұшан-теңіз. Айталық, осында аты аталған Людинг дейтін біреу ГАЗЕТТІҢ бас редакциясына телефон шалып, шамамен: "Ш-ны түгелімен алып тастаңдар да Б-ны дереу соның орнына қойындар", – деп жатқанын өз құлағымен естісе, күнделікті нанын табан ақы, мандай терімен табатын бейкүнә тың тыңдаушы не ойлауы мүмкін? Әрине, Людингтен тың тыңдаудың себебі *оған* бақылау жүргізілетіндіктен емес, біреулер – айталық, арандатушылар, саяси гангстерлер және т.б. – соған телефон соғып кала ма деген қауіптен. Ш. дегені – Штройбледер, ал Б. – Блорна екенін және енді ЖЕКСЕНБІЛІК ГАЗЕТТЕ Ш. туралы ештене басылмайтынын, оның есесіне Б. жайында аткөпір мақалалар болатынын кіршіксіз тың тыдаушы қайдан білсін. Бірақ сөйтсе де – оны кім біліп, тым болмаса, кім сезіктеніп жатыр – Блорна ұлттық шенберде болсын, ұлтаралық аукымда болсын өзінің шеберлігін талай мәрте дәлелдеген, Людингтің өзі аса қастерлейтін адвокат. Тағы бір әңгімеде, корольдың балаларына рақып әйелдің шырағдан коймай кететіні сияқты, "кездесе алмайтын" ақпарат көздері және аса тереңге батып, суға кеткен әлдебіреу туралы айтылатыны нені білдіреді? Бұған қоса Людинг ханым күйеуінің жексенбі күнгі тоқбасарға нені қалайтынын: бетіне көкнәр себілген шелпектің, құлпынай қосылған балмұздақ пен шайқалған кілегейдің немесе кілегейсіз балмұздақтың иә болмаса құлпынайсыз, тек шайқалған кілегей қосылған балмұздақтың қайсысын әзірлейміз деп Людингтің хатшы қызынан сұрауды өзінің аспазына тапсыруы, оған бастығының талғамын жақсы-ақ білетін, бірақ мазасын ала беруді қаламайтын, бәлкім, оны сабасынан шығарып, кикілжің туғызудан да кетәрі емес хатшы қыз аспаз әйелге кекесінді үнмен тіл қатып, Людинг мырзаның бұл жексенбіде бадам тұздығы қосылған карамель каттамасын қалайтынына кәміл сенімді екенін айтуы, ал Людингтің талғамын өзі де бір кісідей білетін аспаз әйел

қарсылық білдіріп және хатшы қыз өзінің талғамын Людингтің талғамымен шатастырып тұрған болар деп ойлайтынын сездіріп, тоқбасардың мәселесін Людинг мырзаның өзімен келісуі үшін аппаратты соған қосуды талап етеді. Реті келгенде конференцияларға Людинг мырзамен бірге барып, әртүрлі әйдік мейманханалар мен интербазаларда онымен бірге тамақтанып жүрген хатшы қыз бұған жауап ретінде *өзімен* бірге болған сайын ол бадам тұздығы қосылған карамель каттамасын жейтінін айтты; аспаз әйелдің жауабы: бірақ жексенбіде Людинг мырза онымен, хатшы қызбен, ешқандай сапарға шықпайды ғой және оның тоқбасарға деген ықыласы өзі жүрген ортаға байланысты болмауы мүмкін емес пе дегенге сайды. Т.т. Т.с.с. Содан соң бетіне көкнәр себілетін шелпек туралы ұзын-ырға әңгіме кетті және соның бәрі салық төлеушілердің есебінен таспаға жазылып жатты! Содан соң осы таспаны тыңдайтын және, әлбетте, мұнда анархистердің шартты белгілері жоқ па деп, айталық, шелпек дегені қол гранатасы, ал құлпынай қосқан балмұздағы – бомба емес пе деп мұқият қадағалауға тиісті адам шіркіндердің жұмысының қауыртын-ай немесе уайымдарының күштісін-ай деген ойға келмес пе екен, өйткені кеше ғана оның қызы қашып кеткен немесе ұлы нашақорлыққа салынған болуы яки пәтер ақының тағы да аспандап кетуі мүмкін ғой, ал мынаның бәрінің, осынша сөздің таспаға жазылуының жалғыз себебі – бір кезде біреулер Людингке бомбамен қоқан-лоққы жасаған болса керек; сөйтіп, түптеп келгенде, әлдебір бейкүнә шенеунік немесе қызметші біреуінің өзі бір түстігіне жарайтын шелпек дегеннің не екенін біліп шығады.

Жұрт көзінше болып жататын жайлар аса көп, ал қалтарыста – ұшан-теңіз. Егер таспаларды тыңдауға мүмкіндік болса ғой! Тым болмағанда бір жайды – айталық, шын бола қалған жағдайда, Эльза Вольтерсхаймның Конрад Байтерспен ашына-жай байланысын білу үшін. Осы екеуінің ара-қатынасына келгенде "дос" деген сөздің мәні қандай? Эльза оны асыл қазынам, сүйіктім дейді немесе жай ғана Конрад яки Конни деп атайды; егер бір-біріне наздана қалса, қандай базыналы сөздер айтады екен? Конрадтың оған телефоннан ән айтып беруі мүмкін бе – әйтеуір оның концерттік деуге лайық, тым болмағанда хорға жарайтын тәп-тәуір баритон дауысы бар екені белгілі ғой. Айтса, қандай әндер? Серенада ма? Шлягер ме? Ариялар ма? Мүмкін олар сұлу сөздермен бұрынғы немесе алда болатын ашына-жай шаруаларын айтысатын шығар? Осының бәрін білгің келетіні рас қой, ал бірақ жұрттың көбі телепатиялық қасиеттен ада болғандықтан олар сенімді құрал ретінде телефонды пайдаланады. Басшы органдар

өз шенеуніктері мен қызметшілеріне қандай ауыр жүк артатындарын біле ме екен? Айталық, "тілге" іліккен тұрпайы әрі сезікті біреу өзі сияқты жүгенсіз кеткен ашынасымен телефон арқылы төсек қатынасын сөз ғып отыр дейік. Өзіміз ерікті елде өмір сүретін болғандықтан және жайшылықта да, телефон арқылы да бір-бірімізбен ашық сөйлесетіндіктен, – таспадан қандай сөз атып шығып, еркек-әйел екеніне қарамай, сыпайы біреудің немесе ұятты адамның құлағына тиюі мүмкін екенін ойладық па? Соған жол беруге бола ма? Сол психологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуі мүмкін бе? Бұл жөнінде қоғамдық қызмет орындарының, көлік пен қозғалыстың кәсіподағы не айтар еді? Өнеркәсіпшілерге, анархистерге, банк директорларына, тонаушылар мен қызметшілерге қамқорлық жетіп артылады, ал біздің ұлттық магнитофонтаспа қарулы күштерімізге кім қамқоршы болмақ? Осы жайында шіркеудің де айтар сөзі болмағаны ма? Фульдедегі епископтар конференциясы немесе неміс католиктерінің орталық комитеті ешқандай шара қолдана алмағаны ма? Рим папасының аузына құм құйылып қалғаны қалай? Мұндағы бейкүнә құлақтар карамель қаттамасын талқылаудан бастап өрескел порноға дейінгінің бәрін естуіне тура келетінін ешкімнің сезіп-біліп отырмағаны ма? Жастарды шенеуніктердің қатарына шақыру бар, – ал оларды кімдердің қолына беріп жүрміз? Адамгершілікті телефон арқылы аяқасты етушілердің қолына. Міне, шіркеу мен кәсіподақтар осы аяда бірлесіп жұмыс істесе болар еді ғой. Тым болмағанда тың тындаушыларды ағартудың бағдарламасы сияқты бірдеңені жасасақ кәнеки. Тарихтан оқылатын лекциялардың таспаларын әзірлесек. Қымбатқа да түспес еді.

42

Жұрттың көз алдында өтіп жатқан оқиғаларға тәубе деп жана оралып, арналардағы міндетті жұмысты қайтадан қолға алып, бір дегенде мәлімдемеден бастауға тура келеді. Осында ендігіәрі қан ақпайтын болады деген уәде берілді, әрі десе Катаринаның анасы Блюм ханымның өлімі бұл уәдені тікелей бұза қоймайтынына назар аударуға болады. Өйткені әңгіме канды қылмыс туралы емес дегенмен, мұны таза-тақыр өлімге жатқызуға да болмайды. Блюм ханымның өлімі қасақана болмағанымен, зорлық-зомбылық-тың салдарынан болды. Қалай дегенде де – мұны баса айту керек, – бұған себепші адамда біреудің жанын алайын, өлтірейін, тіпті жарақаттайын деген ой болған емес. Анықталып қана қоймай,

тікелей өзі де мойындағанындай, әңгіме Тётгес туралы, яғни өзінің де кан-жоса өлімі кісі қолынан болған Тётгес жайында. Бейсенбі күні-ақ Тётгес Геммельсбройхта Блюм ханымның мекен-жайын іздеп, ақыры оны тапқан соң жан адамға сездірмей ол жатқан ауруханаға кірмекке әуреленді. Күзетші, бөлім медбиксесі Эдельгард пен бөлім меңгерушісі д-р Хайнен рак ауруына байланысты жасалған сәтті де болса ауыр операциядан кейін Блюм ханымға толық тыныштық кажет екенін, кез келген бөгде әсерлер оның денсаулығына зиянды болатынын, сондықтан ешкандай сұхбат туралы әңгіме болуы мүмкін еместігін айтты. Қызының Гёттенмен байланысының арқасында Блюм ханым да "қазіргі тарихтың белсенді қатысушысына" айналды деген Тётгестің сөзіне қарсы уәж айтқан дәрігер қазіргі тарихтың белсенді қатысушылары да өзі үшін, ең алдымен, пациент болатынын ескертті. Сол әңгіме үстінде үйдің қабырғасын сырлап жүрген жұмысшыларды байқап қалған Тётгес кейін әріптестеріне "кулық атаулының ең онайы – шебердің кулығын" пайдаланып, үстіне халат киіп, қолына сыр салынған шелек пен бояу жаққыш ұстап, жұма күні таңертең Блюм ханымға емін-еркін кіргенін айтып мақтанды және адамды, ауру да болса, анадан артық жарылқайтын жан болмайды деп қойды. Содан ол Блюм ханымның алдына барлық жайды жайып салды, бірақ Гёттен дейтіннің кім екенін де ұқпаған әйел ештененің байыбына бара қоймай: "Не себепті осылай аяқталуы керек еді, не себепті осылай болуы керек еді?" – дей берді, ал оның бұл сөзі ГАЗЕТТЕ: "Осылай болуы керек еді, осылай аяқталуы керек еді ғой", – деп түрленіп шықты. Блюм ханымның сөзіне енгізген шамалы түзетуін тілшінің өзі "карапайым жандардың айтар ойын жеткізуіне көмектесуді" борышым деп санап, соған үйренгенімен түсіндірген болды.

43

Тётгес Блюм ханымның алдына шынымен-ақ бара алды ма, әлде Катаринаның анасы айтты деген сөзді сұхбат ретінде ұсынып, өзінің журналистік әбжілдігіне жұрттың көзін жеткізіп күпіну үшін ауруханаға кіргені туралы қисынды ойдан шығарды ма дегенді нақты дәлелдеу мүмкін емес. Д-р Хайнен, медбике Эдельгард, ұлты испан медбике Уэльва, үй сыпырушы португал әйел Пуэлко – бәрі-бәрі "сол жігіттің шынымен мұндай жүгенсіздікке бара қоюы" (д-р Хайнен) неғайбыл екенін айтады. Әрине, Катаринаның анасына тілшінің – бәлкім, ойдан шығарылған болса да нақты анықталған осы барысының шешуші мәні болғаны сөзсіз, бірақ олай дегенде,

әрине, аурухана қызметкерлері оздерінің жол беруіне болмайтын нәрсені әшейін ғана теріске шығарып отырған жоқ па дейтін сұрақ туады немесе Тётгес Катаринаның анасы айтты деген сөзін дәлелдеу үшін соны ойлап тапқан болып шығады. Бұл арада даусыз әділдік болуы керек. Катаринаның Шённер бейбақ "бір желөкпе қызбен тайып тұратын" думанханаға бармақшы болып өзіне кәстөм тіккізетіні сұхбат беру үшін Тётгеспен уағдаласқанынан *кейін* және ЖЕКСЕНБІЛІК ГАЗЕТ Тётгестің жаңа хабарын жариялағаннан *кейін* болғаны дәлелденген деп саналады. Демек, сабыр ету керек. Өзінің пациенті Мария Блюмнің ойда жоқта өле қалуы д-р Хайненге төбесінен жай түскендей әсер еткені анықталған, дәлелденген жайт және өзінің оған "күтпеген нәрсенің ықпалы болғанын дәлелдей алмасам да теріске шығара алмаймын" дегені де рас. Қалай болғанда да, бейкүнә сыршылардың ешбір қатысы жоқ екені анық. Неміс қолөнер кәсібінің абыройына дақ түсіруге болмайды; Куирдегі "Меркенс" фирмасынан келген осы сыршылардың төртеуі бірдей әр-әр жерде жұмыс істегендіктен шынымен-ақ олардың бәрі сыршы екеніне медбике Эдельгард та, шетелдік бикелер Уэльва мен Пуэлко да кепілдік бере алмайды және әлдебіреу халат киіп, сыр салынған шелек пен бояу жаққыш ұстап, ұрланып кіріп кетуі мүмкін екенін де ешкім нақ басып айта алмайды. Анықталған нәрсе: Тётгес Мария Блюмнің бөлмесінде болып, одан сұхбат алғанын *өзі айтады* (оны растау мүмкін емес, өйткені онда барғанының өзі дәләлденбейді) және оның сол сөзі Катаринаға да жеткен. Меркенс мырза да төрт сыршының жұмыста бір мезгілде болмағанын және *егер* кімде-кім ұрланып кірмек болса, ол ойын оп-оңай жүзеге асыра алатынын растады. Кейін д-р Хайнен Катаринаның анасы айтты деген сөздің ГАЗЕТКЕ жариялануына байланысты наразылық білдіріп шатақ шығармақ-шы ойы барын айтты, ол рас болса сұмдық емес пе деп шат-шәлекей болды; бірақ оның бұл доңайбаты да, Штройбледердің "тұмсығын бұзбақшы" болған Блорнаның бопсасы да орындалмай қалды.

44

1974 жылғы 23 ақпанның сол сенбісіндегі түс әлетінде Куирдегі Клоогтың (әңгіме Катаринаның ара-тұра ас үйінде жұмыс істеп, даяшы да болған баяғы трактиршінің жиені туралы) дәмханасында ақыры Блорналардың, Вольтерсхайм ханымның, Конрад Байтерс пен Катаринаның бастары қосылды. Құшақтасып-сүйісіп, көздерін шыласты, тіпті Блорна ханымның да екі көзі

боталап кетті. Әлбетте, "Клоог" дәмханасында да карнавалдың көңіл-күйі шалқып тұрған, бірақ оның иесі, Катаринаның бұрыннан біліп, қадірлейтін және онымен "сен" деп сөйлесетін Эрвин Клоог жиналғандарға өз бөлмесін берді. Сол жерден Блорна әуелі Гахқа хабарласып, мұражайдың ауыз үйінде болатын кездесулерін өзгертті. Ол Гахка Катаринаның анасы кенет қайтыс болғанын хабарлап, оған ГАЗЕТ қызметкері Гёттеннің жолығуы себеп болған шығар деген сезігін айтты. Гах таңертеңгісінен сәл жұмсарған екен, өзіне ашу ұстай қоймаған тегі, ұстайтындай да жөні жоқ Катаринаға өзінің атынан көңіл айтуды өтінді. Айтпақшы, ол маған қашанда арқа сүйей алады деді. Рас, қазір қолы бос емес, Гёттеннен жауап алуымен шұғыл көрінеді, бірақ шамалыда босап та қалар; айтпақшы, Гёттеннен алынған жауаптарда Катаринаға күдік келтірердей ештеңе жоқ екен. Ол Катарина туралы үлкен ілтипатпен, ізет білдіре сөйледі. Екеуін кездестіруге рұқсат берудің жөні, әрине, келе қоймас, өйткені туыстық қатынастары жоқ, ал "қалыңдығы" деген анықтама тым солқылдақ әрі негізсіз көрінері сөзсіз.

Анасының өлімі Катаринаны тым шайқалта қоймаған сияқтанып еді. Ол, қайта, біртүрлі жеңілдік алғандай көрінген. Әрине, Катарина д-р Хайненді Тётгестің сұхбаты мен анасының сөздері келтірілген ГАЗЕТ нөмірімен салғастырып көрді, бірақ сұхбатқа байланысты д-р Хайненше бұлқан-талқан ашуланған жоқ; бұл адамдарды ол кісі өлтірушілер және жала жабушылар деп біледі, сондықтан оларды ит етінен жек көретіні де рас, бірақ сол тектес газетшілердің тікелей міндетінің өзі осы – бейкүнә адамдардың арын төгіп, абыройын былғау, денсаулығынан айыру болса керек. Катаринаны марксшіл деп қате түсініп жүрген д-р Хайнен (сірә, ол ГАЗЕТТЕН Катаринаның бұрынғы күйеуі Бреттлоның тұспалдаған былжырақтарын оқыған болу керек) оның байсалдылығына қарап біршама есінен тана жаздады да одан ГАЗЕТТІҢ осы қылығы мемлекеттік құрылыстың салқыны емес пе деп сұрады. Катарина оның ойын ұқпады да басын шайқай салды. Содан соң медбике Эдельгардтың шақыруымен ол қасына Вольтерсхайм ханымды алып мәйіттамға кірді. Катарина анасының бетіндегі жабындыны өзі ашып, "Иә" деді де оны маңдайынан сүйді; медбике Эдельгардтың қысқаша дұға оқысаншы деген ұсынысына басын шайқап, "Жоқ" деп жауап берді: әуелі ақырын жылап, бірте-бірте күшейте берді де ақыры тоқтаусыз солқылдай жөнелді. Бәлкім, әкесі марқұм есіне түсті ме екен – оны да соңғы рет осындай мәйіттамда, алты жасар бала шағында көрген болатын. Вольтерсхайм ханым Катаринаның бұрын ешуақытта, тіпті өмірдің

таукыметін көп тартқан бала кезінде де жылағанын көрмегеніп ойлады, шынтуайтында сондай ой кенет басына сап ете қалды. Анасына көрсеткен көмектері үшін шетелдік екі бикеге де – Уэльва мен Пуэлкоға Катарина асқан кішіпейілдікпен, сыпайы түрде алғыс айтты. Содан соң өзін мығым ұстап ауруханадан шықты, тек аурухана әкімшілігінен түрмеде жатқан ағасы Куртка телеграфпен хабар айтуды ұмытпауларын өтінді.

Сол күннің соңына қарай және кешкілік те ол осы сергек қалпынан ауған жоқ. ГАЗЕТТІҢ екі нөмірін қайта-қайта қолына алып, олардың барлық ұсақ-түйегін Блорналарға, Эльза Вольтерсхаймға және Конрад Байтерске баяндап, сол ұсақ-түйектерді өзінше түсіндіріп жүргенімен, онын ГАЗЕТКЕ деген көзқарасы да өзгере бастағаны байқалатындай. Бүгінгі уақыттың сөзімен айтқанда – қызбалығы басылып, саралауы белең ала бастағандай. Өзіне етене, дос көңілді осынау ортада ол Штройбледерге деген көзқарасын да жасырмай жайып салды: бір жолы, Блорналардың үйіндегі кештен қайтқанда ол мұны үйіне, тура табалдырығына дейін жеткізіп салып, мұның азар да безер қарсылық көрсеткеніне қарамастан, есіктің саңылауына аяғын салып тұрып, коярда-коймай пәтеріне кіріпті. Әрине, қыздың өзін көзге ілмегеніне қитыққан болу керек, біраз беймазалық танытып барып, ақыры" түн жарымы ауғанда – кетіп отырыпты. Сол күннен бастап ол Катаринаның ізінен қалмайтынды шығарса керек, гүл жіберіп, хат жазып сарсаң болыпты, бірнеше рет оның пәтеріне бас сұққаны да бар, сөйтіп жүріп, күндердің бір күнінде оған коярда-коймай жүзік сыйлапты. Бары осы. Оның келімді-кетімді жүрістерін Катаринаның айтпауы және оның атын да атамау себебі екеуінің арасында ештене, тіпті де ештене болмағанына, тіпті бір рет те сүйіспегеніне жауап алушы шенеуніктерді сендіре алмасына анық көзі жеткен еді. Дәулетті екені өз алдына, сонымен бірге саяси, экономикалық және ғылыми ортада өзінің керемет сүйкімділігімен аты шыққан, киноәртістен бір былай емес делінетін Штройбледер сияқты адамның алдында оның селт етпегеніне кім сенеді, үй шаруасындағы әйелдің адамгершілік емес, талғам тұрғысынан киноәртістен сырт айналғанына кім иланбақ. Мұның оған ешқандай ықыласы жоқ, сондықтан келімсек туралы осы әңгімелердің бәрін өзі тіпті ашыналық дегісі де келмейтін салаға бөгде біреудің барып тұрған оңбағандықпен қол сұғуы деп біледі; ал бұл саланы ашыналық деп атағысы келмейтіні оны жұрт басқаша түсініп жүрер дегеннен емес, – Штройбледер екеуінің арасында ондай байланыс болмағаны рас қой, – өзін ол ешкімге, әсіресе жауап алушы тұтас бір командаға түсіндіріп бере

алмастай жағдайға душар еткеніне байланысты. Бірақ, түптеп келгенде, – осы арада ол күліп жіберді – мұның оған айтарлық алғысы да бар, өйткені оның үйінің кілті Людвигке аса пайдалы болды, әсіресе үйінің өзін айтсаншы, неге десеңіз, – осы арада ол тағы да күлді – Людвиг оған кілтсіз де кіре алар еді, бірақ кілт шаруаны оңайлатқаны даусыз, ал карнавал кезінде жекежайдың бос тұратынын Катарина білген болатын, себебі содан тура екі күн бұрын Штройбледер оны тағы да иектеп, түп-тура ізінен қалмай әбден зықысын шығарған және өзі Бад-Б-дағы конференцияға қатысуға келісімін бермей тұрып, карнавал аптасының соңын сонда өткізейік деп қиылған. Иә, өзін полиция іздеп жүргенін Людвиг айтқан болатын, бірақ ол бундесверден қашқанын, енді шетелге өтіп кеткісі ойы барын ғана айтып еді, сондықтан – осы арада Катарина үшінші рет күлді – оны өз қолымен жылыту жүйесінің шахтасына жасырып, "Өзен бойындағы сәнді мекеннің" соңына таман Хохкеппельштрассенің бұрышында жарық дүниеге шығаратын қосымша ауызды көрсеткені өзіне қатты ұнаған болатын. Жоқ, Гёттен екеуін полиция аңдып жүргенін ол шынымен білмейтін, осының бәріне әлдебір қызық ойын сияқты қарайтын және тек таңертең ғана – Людвигтің сағат алтыда кетіп қалғаны рас еді – бұл баланың ойыны емес екенін ол шындап түсінді. Енді өзі Гёттеннің тұтқындалғанынан біртүрлі жеңілдік сезінгендей сыңайы бар; ол ендігәрі ақымақтық жасай алмайтын болады дегенді айтқан да өзі. Әйтпесе ол өнебойы үрейленумен жүр еді, өйткені әлгі Байцменненің адам шошырлық бірденесі бар.

45

Бұл жерде сенбі күнінің екінші жартысы мен кеші жайбарақат, беймарал өткені сонша, бұлардың бәрі – Блорналар, Эльза Вольтерсхайм және ғажап сабырлы Конрад Байтерс – тынышталып, көңілдері жайланды десе де болғандай. Айналып келгенде – тіпті Катаринаның өзі де – "жағдай бәсендеді" десті. Гёттен тұтқындалды, Катаринадан жауап алу аяқталды, Катаринаның анасы, мезгілсіз болса да, жанын жеген азаптан арылды, оны жерлеуге байланысты ырым-жырымдар өз жөнімен атқарылып жатыр, Куирдегі әкімшілік шенеуніктерінің бірі барлық қажетті құжаттарды, мереке аяқталардан бір күн бұрын болса да, дүйсенбіде жазып берем деп ілтипат білдірді. Ішім-жем үшін (әңгіме кофе, ликер, картоп салаты, шұжықша мен тәтті тоқаш туралы) ақы алудан үзілді-кесілді бас тартқан дәмхана иесі Эрвин Клоогтың қоштасарда айтқан: "Еңсеңді түсірме, Катринхен,

мұндағылардың бәрі бірдей сен туралы жаман ойламайды", – деген сөзі де біршама жұбаныш болды. Осы сөздердің астарындағы жұбаныш, бәлкім, салыстырмалы да болар, өйткені "бәрі бірдей емес" деген нені білдіруі мүмкін? – бірақ сонда да "бәрі бірдей жаман ойламайды" екен. Ақыры бұлар Блорналардың үйіне барып, кештің қалған бөлігін сонда өткізбекші болды. Катаринаның тынымсыз қолдарымен бірденеге килігуіне қатаң тыйым салынды – ол демалыста, сондықтан дұрыстап тыныксын делінді. Вольтерсхайм ханым асүйде бутерброд пісіріп, Блорна мен Байтерс алауошақты қолға алды. Катарина шынымен-ақ "еркелеуге" көшті. Кеш ойдағыдай өтті және, ортадағы бір өлім мен аса жаннан артық көруші бір адамның тұтқындалғаны болмаса, оның аяғы биге ұласып та кетер еді – қалай дегенмен, карнавал уақыты емес пе!

Блорна Катаринаны Тётгеске сұхбат бермекші болған бетінен қайтара алмады. Ол байсалды әрі өте ақжарқын болатын, сондықтан кейін, сұхбаты "сұхбатқа" айналған соң, Катаринаның оған қандай салқынқандылықпен табандап құлшынғанын және өзінің көмегінен үзілді-кесілді бас тартқанын ойлаған сайын Блорнаның аза бойы қаза тұратын болды. Әйтсе де кейін Катарина сол сұмдығын нақ сол кеште ойластырды дегеніне өзі күдікпен қарай бастады. Оған мұнда ЖЕКСЕНБІЛІК ГАЗЕТТІҢ шешуші ықпалы болды деген пікірдің жаны бар сияқтанды. Сол жолы бұлар музыканың байыптысына да, жеңіліне де елтіп, Катарина мен Эльза Вольтерсхаймның Геммельсбройх пен Куирдегі көрген-білгені жайындағы әңгімелерін тыңдап, тағы да құшақтасып-сүйісіп, бірақ көздерін шыламай-ақ емен-жарқын тарасқан. Катарина, Вольтерсхайм ханым мен Байтерс дос көңіл мен сыйлас сезімдердің жылы-жылы сөздерін айтысып, демалыстан дер кезінде – Катарина үшін дер кезінде – оралғандарына дән риза Блорналармен қоштасқанда кешкі он жарымның шамасы жаңа болған. Сөнуге айналған алауоттың алдында бір бөтелке шарапты алдарына қойып, ол екеуі жаңа демалыстың жоспарын құрып, достары Штройбледер мен оның әйелі Модтың қылықтарын әңгімелеп тағы біраз отырды. "Келімсек" дейтін сөз оған тым ауыр тиетіндіктен – оны өз көзімен көрді ғой – ендігіәрі ол келгенде соны айтпай-ақ қойшы деген күйеуінің өтінішіне Труда Блорна: "Енді оны жуық арада көре коймаспыз", – деді де қойды.

46

Кештің қалған уақытын Катарина жайбарақат өткізгені анық белгілі. Ол бәдәуидің кәстөмін тағы бір өлшеп көріп, тігістерін

жатқызды да бет пердесіп ақ түсті колорамалмен ауыстыру қажет деп шешті. Содан соң бәрі бірге радио тыңдап, ән айтып, печенье жеді де ұйықтауға кетті: Байтерс тұңғыш рет қымсынбай Вольтерсхайм ханымнен бірге оның жатын бөлмесіне бет алды, ал Катарина жайланып тақтаға жатты.

47

Эльза Вольтерсхайм мен Конрад Байтерс жексенбі күні таңертең ұйқыдан тұрғанда таңғы астың дастарқаны жайылып, сүзілген кофе термоска құйылып, ЖЕКСЕНБІЛІК ГАЗЕТТІ оқып үстел басында отырған Катарина алаңсыз дәмге қарап кеткен екен. Бұдан әрі біз өзіміз әңгімелегеннен гөрі дәйексөзге көбірек орын береміз. Рас, Катаринаның фотосуретімен қоса жарияланатын "өміртарихы" енді бірінші бетке берілмейтін болған. Бұл жолы бірінші бетті "Катарина Блюмнің ерке-назды наксүйері өнеркәсіп-шінің жекежайында қолға түсті" дейтін мәтінімен Людвиг Гёттен алыпты. Ал "өміртарихтың" өзі жетінші-тоғызыншы беттердегі әшейіңгісінен молырақ орынға көптеген фотосуреттермен қоса беріліпті: алғаш шоқындырылғаннан кейінгі Катарина, әкесі – майданнан қайтқан ефрейтор, Геммельсбройхтағы шіркеу, тағы да Блорнаның жекежайы. Катаринаның анасы – Геммельсбройх-тағы шағын үйлерінің алдында тұрған, жасы қырықтар шамасын-дағы, азып-тозған, түнжыраңқы әйел одан әрі Катаринаның анасы жұмадан сенбіге қараған түнде көз жұмған ауруханаңың фотосуреті. Мәтіні былай:

"Айтар ақылға сыймайтын, әлі күнге бостандықта жүрген Катарина Блюмнің ешбір дәлелдеуді қажет етпейтін алғашқы құрбандығы деп енді өз қызының қылықтарынан көрген күйзелісін көтере алмаған анасын айтуға болады. Анасы өлім алдында жатқан сәтте қызының сауық кешінде желігіп, қандықол тонаушымен ақ тер, көк тер билеп жүруінің өзі күпірлік болса, осы өлім оның көзінен бір тамшы жас шығармағаны бұзақылықтың шегінен шығады. Осы әйелдің тек "суық әрі есепкой" екені рас па? Өзіне бұрын жұмыс берушілердің бірі, қадірлі ауыл дәрігерінің әйелі оны былайша сипаттайды: "Оның жүріс-тұрысының өзі салдақының қылықтарын елестетеді. Өсіп келе жатқан ұлдарымды, пациенттерімді, сондай-ақ күйеуімнің абырой-беделін ойлап, оны жұмыстан шығарып жіберуге мәжбүр болдым". Мүмкін, тегі, Катарина Блюм атышулы д-р Фенерннің алаяқтығына да қатысқан болар? (Кезінде ГАЗЕТ ол жайында хабарлаған болатын). Оның әкесі ауруын сылтауратқан қашқын болмады ма екен? Ағасы неге

қылмыскер болды? Әлі беті ашылмай келе жатқан бір құпия – оның мансап жолымен жылдам өсуі мен мол табысы. Катарина Блюмнің қолы қанға боялған Гёттеннің қашып кетуіне көмектескені, бір қадірлі ғалым әрі өнеркәсіп иесінің достық сенімі мен көмек қолын ұсынуға деген ықыласын шімірікпестен өзінің арам ниетіне пайдаланды. Бұл екі арада ГАЗЕТКЕ келіп түскен хабарлар оның келімсектерді қабылдаушы болмағанын, қайта жекежайдағы жағдайдың бәрін алақандағыдай көріп-біліп отыру үшін оған өзі барғыштағанын бұлтартпай дәлелдейді. Блюмнің құпия автосапарлары енді құпиялы болудан қалды. Адал жар мен төрт баланың сезіміне селт етпеген ол беті бүлк етпестен қадірменді бір адамның абыройын айрандай төгіп, жеке басының бақыты мен саяси мансабына нұқсан келтірді (бұл жөнінде ГАЗЕТ оқырмандарын бірнеше рет хабардар еткен болатын). Блюмнің бір солшыл топтың тапсырмасымен Ш-ның мансабын бұзуға тиісті болғаны айдан анық.

Полиция да, прокуратура да масқара болған Гёттеннің Блюмді қорғаштаған сөздеріне шынымен-ақ сенер ме екен? ГАЗЕТ бұрын талай көтерген мәселесін тағы да алға тартады: біздің жауап алу әдістеріміз тым жұмсақ емес пе? Адам еместерге адамшылықпен қараудың қажеті бар ма?".

Блорнаның, Блорна ханымның және жекежайдың фотосуреттері астындағы сөздер:

"Д-р Блорна мен д-р Блорна ханымның толық сеніміне ие болып алған Блюм осы үйде өз бетінше, ешқандай қадағалаусыз таңғы жетіден он алты отызға дейін жұмыс істеген. Ештеңеден алаңсыз Блорналар өз кәсіптерімен айналысып жүргенде мұнда не сұмдықтар болуы мүмкін еді? Әлде олардың ештеңеден күдіктенбеуі мүмкін емес пе еді? Оларды Блюммен өте жақын, гіпті сенімді қарым-қатынаста деседі. Газет тілшілеріне көршілерінің айтуына қарағанда, мұны достық қарым-қатынас десе де болғандай екен. Бұл жерде біз белгілі бір шараларды сөз етпей-ақ қояйық, өйткені олардың бұл іске қатысы жоқ. Әлде, мүмкін, қатысы бар болар? Әлдебір техникалық институттың қойнауында күні бүгінге дейін "Қызыл Труда" аталатын Гертруд Блорна ханымның қатысы қандай болуы мүмкін? Полиция окшелей аңдып жүрген Гёттен Блюмнің пәтерінен қалай жылыстап кете алады? "Өзен бойындағы сәнді мекен" үйінің коммуникациялық жоспарын бүге-шігесіне дейін кім білуі мүмкін? Блорна ханым. Сатушы Герта Ш. мен жұмыскер Клаудия Шт. ГАЗЕТКЕ бірауыздан былай деді: "О, ол екеуі (Блюм мен қарақшы Гёттенді айтады) бір-бірін ежелден білетін адамдардай-ақ биледі. Бұл кездейсоқ емес, алдын ала келісілген кездесу еді".

Кейін жабық есік жағдайында Байцменнеге Гёттеннің сонау бейсенбі күнгі кешкі 23.30-дан бастап Штройбледердің жеке жайында болғанын біле тұрып, оны қырық сегіз сағаттай бақылаусыз қалдырдық, сөйтіп, оған тағы да қашып кететіндей жағдай туғыздық дейтін кінә артылғанда ол бейсенбідегі жарым түннен былай қарай оның ешқайда қашарлықтай жағдайы болған жоқ деп күле жауап берді. Үй орманның ішінде, бірақ жан-жағынан "күзет күмбезі" секілді аншы мұнараларымен қапысыз қоршалған, ішкі істер министрі жағдайды толық біледі және барлық шараларды өзі мақұлдаған; әлбетте, дыбыс жетпейтіндей жерге барып қонған тікұшақпен аншы мұнараларына қарай арнайы топ жіберілді, ал келесі күні таңертең аса күпия жағдайда жергілікті полиция қызметі жиырма жауынгермен толықтырылды. Гёттеннің кіммен байланыс жасайтынын анықтау үшін жасалған тәуекел оңды нәтижесін берді. Бес адаммен байланыс бары анықталды. Сөйтіп, Гёттенді тұтқындамас бұрын, әрине, осы бесеудің кімдер екенін түбегейлеп, қолға түсіріп, пәтерлерін тінтіп шығу керек болды. Осындай күдікті жандарды зиянсыздандырып барып Гёттеннің шаруасы қолға алынды, ал оның өзі – әлде ақымақтығы ма, әлде бетпақтығы ма – бейғам болғаны сонша, тіпті оны сырттан бақылауға да болатын еді. Айтпақшы, біраз жайларға қаныққанымыз үшін біз ГАЗЕТТІҢ тілшілеріне, оған қарайтын баспаға және сол концернмен байланысты органдарға қарыздармыз, олардың қарамағында егжей-тегжейлерді білудің ресми тергеушілердің қолы жете бермейтін емін-еркін әрі пәлендей қатып қалмаған әдістері болады екен. Мәселен, Вольтерсхайм ханымның да Блорна ханым сияқты анау айтқан періште емес екенін білдік. Вольтерсхаймыңыз бір жұмыскер әйелдің 1930 жылы Куирде некесіз туған қызы болып шықты. Шешесі әлі тірі екен, бірақ қайда тұрады дейсіз ғой – ГДР -де лажсыздан емес, өз еркімен тұрып жатқан көрінеді; оған бірнеше қабат – әуелі 1945 жылы, екінші рет 1952-де, содан соң 1961-де, қабырға[1] тұрғызылардан сәл бұрын елге, өзінің үйі мен бір морген жері бар Куирге қайтуға ұсыныс жасалыпты. Бірақ ол соның үшеуіне де көнбей әрі үзілді-кесілді бас тартып жауап беріпті. Вольтерсхаймның әкесі, Лумм дейтін біреу одан да сорақы: ол да жұмысшы әрі ГКП мүшесі болыпты, 1932 жылы Кеңес Одағына жер ауып, содан із-түзсіз кеткен-міс. Оның, Байцменненің, білуінше, ондай хабар-ошарсыз кеткендер вермахтың тізімінде жоқ болса керек.

---

[1] Берлин қабырғасы

Іс-әрекеттер мен қимылдардың өзара байланысы жайында біршама айқын айтылған белгілі бір пікірлердің ескерусіз қалмасына немесе теріс түсінілмесіне, тіпті болмаса әшейін ишара ретінде қабылданбасына сенім болмағандықтан осы арада тағы бір жайға назар аудара кеткен жөн болар: өзінің тілшісі Тётгес аркылы Катаринаның анасын, сөз жоқ, мерзімінен бұрын өлтіруге себепші болған ГАЗЕТ енді жексенбілік нөмірінде сол Катаринаны өз анасының өліміне кінәлі етіп шығарыпты және Штройбледердің екінші жекежайының кілтін ұрлап алды дегенге сайып көнірсітіпті! Мұнда кәміл сенімді болу киын болғандықтан мұны тағы бір мәрте баса айту керек. Бұл да ГАЗЕТТІҢ бұрмаланған, бәлекор, жалакор топшылауларының бәрін жұрттың дұрыс түсінеріне сене алмайтынымыз сиякты нәрсе.

Тым болмағанда Блорнаның мысалында ГАЗЕТ тіпті ақыл-ойы біршама адамға да *қалай* ыкпал ететінін көрсетуге болады. Әрине, Блорналар тұратын қала маңындағы ақсүйектер мекенінде ЖЕКСЕНБІЛІК ГАЗЕТ сатылмайды. Ондағылар көр-жерді жазатын тоғышарлық дүниелерді оқымайды. Сондықтан кауіп-катер сейілді деп ойлаған, тек Катаринаның Тётгеспен әңгімесінен біршама жүрексініп жүрген Блорна ЖЕКСЕНБІЛІК ГАЗЕТТЕГІ мақала туралы сәл кештеу, Вольтерсхайм ханымға телефон соккандa ғана білді. Ал Вольтерсхайм болса, Блорна ЖЕКСЕНБІЛІК ГАЗЕТТІ әлдеқашан-ақ оқыған болар деп ойлаған. Блорнаның Катаринаға шын жаны ашитын, аккөңіл бірақ сонымен бірге есебі түгел есті адам екенін оқырман байқаған болар дейміз. Вольтерсхайм ханым ЖЕКСЕНБІЛІК ГАЗЕТТЕГІ құйқылжыту-лардың тиісті жерлерін телефонмен оқып бергенде ол өз құлағына өзі сенбеді; соны тағы бір оқып беруді сұрап, амалсыз сенді және сол жерде, былайша айтканда, талағы тарс айрылды. Табанда айғайға басып, шашын жұлып, асүйді басына көтерс жүріп бос бөтелке тауып алды да гаражға ұмтылды, сол жерде әйелі кесе көлденендеп бетінен қайтармағанда жанғыш коспа жасап алып, алдымен ГАЗЕТ редакциясын, содан соң Штройбледердің "бас жекежайын" копарып тастауға аттанып та кетер ме еді, құдай білсін. Мұны тек көзге елестетіп көру керек: жасы қырықтың екеуіндегі жоғары білімді маман, жеті жылдан бері Людингтің күрметіне бөленген, халықаралық аукымда – Бразилияда болсын, Сауд Арабиясында немесе Солтүстік Ирландияда болсын келіссөздерді колмен койғандай парасаттылыкпен жүргізе білгені

үшін Штройбледер төбесіне көтеретін адам, яғни шалғайдағы бір шалахат емес, нағыз зиялы адам жанғыш қоспа жасамақшы!

Блорна ханым мұны бірден-ақ стихиялық – ұсақбуржуазиялық желікпе анархизм деп атады да науқасты немесе дененің ауырған жерін *талдаған* сияқты сгжей-тегжейлі талдай бастады, телефонды өзі алып, Вольтерсхайм ханымнан тиісті құйқылжытуларды оқып беруін өтінді және, турасын айту керек, бірден сұп-сұр болып кетті – тіпті ол да сұрланып кетті де, бәлкім жанғыш қоспа да істей алмастан бір әрекетті істеді: дереу телефонға жармасып, дәл сол кезде шайқалған кілегейі мен құлпынай қосылған балмұздағын қаузап отырған Людингке хабарласып: "Сіз шошқа екенсіз, барып тұрған шошқа екенсіз", – деді. Рас, өзінің кім екенін айтқан жоқ, бірақ Блорнаның таныстарының бәрі осып түсерлік орынды сөздері үшін өздері тым жарата коймайтын оның әйелінің дауысын жақсы білетін. Күйеуі оның мұнысын тым артық кеткендік деп санады, себебі Штройбледерге хабарласқан шығар деп ойлаған. Жә, енді бұл жерде Блорналардың өз арасында да, Блорналар мен басқалардың арасында да толып жатқан дау-дамай өршіді, бірақ әйтеуір одан өліп жатқан ешкім болмаған соң, бұл жайды айналып өтейік. ЖЕКСЕНБІЛІК ГАЗЕТТЕГІ жарияланымның, заңды болса да, аса мән беруге лайық деуге келінкіремейтін осы салдарын айтып жатқанымыздың себебі – тіпті өмірден өз орындарын тапқан білімді жандар да ашуға мініп, ең бір келеңсіз сипаттағы күштеу шараларын ойға алғанын оқырман білсін дедік.

Кейін анықталғанындай, сол уақытта – он екінің шамасында – сірә, Тётгес жайындағы мәліметтермен қанығу үшін болар, Катарина кісі танымастай кейіппен барып, журналистердің "Алтын үйрек" атты жертөлесінде бір жарым сағаттай отырып шыққаннан кейін Тётгесті күтпекші болып үйіне қайтқан, ал Тётгес онда он бес минуттан соң барған. "Сұхбат" жайында, тегі, айтпаса да болар. Оның немен аяқталғаны белгілі (3-бетті қараңыз).

50

Геммельсбройхтағы бір священниктің Катаринаның әкесі астыртын коммунист болған дейтін таңғаларлық – осы оқиғаға қатысушылардың *бәрін* қайран қалдырған – хабарының шынды-ғына жету үшін Блорна бір күнге қыстаққа барды. Алдымен священник өзінің айтқанын растады, ГАЗЕТ оны сөзбе-сөз, айнытпай жариялағанын мойындады, бірақ өз пікіріне ешқандай дәлел келтіре алмайтынын және келтіргісі де келмейтінін айтты, тіпті оны *қажет деп санамайды* екен, өйткені ол өзінің сезімі алдамайтынына сенеді

және Блюмнің коммунист сексінін иісінен-ақ сезген көрінеді. Бірақ өзі оның қандай сезім екенін түсіндіргісі келмеді, ал оны түсіндіргісі келмесе, ең құрығанда, коммунистің иісі *қандай* болатынын айтып беруін өтінген Блорнаның тілегіне священник мәу деп жауап бермеді және – амал жоқ, мұны да айту керек – көрер көзге әдепсіздік танытып, Блорнадан католик емеспісің деп сұрады да католик екенін естіген соң оның есіне құлшылық парызын салып өтті, тек онысын Блорна түсінген жоқ. Әрине, сол сәттен бастап оның, сірә, бұл манда аса қадірлі бола қоймаған Блюмдер туралы мәлімет жинаймын деген әрекеті кедергілерге кездесе берді; ол бір жолы шынымен-ақ шіркеу қызметшісімен қоймадан *бір* бөтелке шарап ұрлап ішетін Катаринаның анасы туралы бірталай жаман сөздер естіді, айтулы бәлекеттің өзі болған ағасы жайында небір жағымсыз жайларға қанықты, бірақ әкесінің коммунистігі туралы пайымдау 1949 жылы қыстақтағы жеті думанхананың бірінде ол Шоймель атты шаруаға: "Сұмдықтың ең сұмдығы социализм емес", – депті-міс дейтін қауесетке негізделетініне көзін жеткізді. Қолына түскен басқа дерек болған жоқ. Қыстақтағы жолы болмағыр әрекеттерінің жалғыз нәтижесі – солардың соңына таман Блорнаның өзі біреудің, қарғысын болмаса да, коммунист деген қатты сөзін естіді әрі жанына әсіресе қатты батқаны – оны айтқан өзге емес, өзіне едәуір көмек берген, тіпті жақын тартып жарасқан адамы – зейнеткер-мұғалім Эльма Цубрингер болды; қоштаса тұрып, мысқылдай күлген, тіпті қулана көзін қысқан әйел: "Өзіңіз де солардың бірі екенін, ал әйеліңіз нағыздың өзі саналатынын неге мойын-дамайсыз? – демеді ме.

51

Өкінішке қарай, Блорна Катаринаға қарсы процеске әзірленген кезенде орын алған кейбір өктемдік көріністері туралы айтпай кетуге жарамас. Оның жіберген ең үлкен қатесі Катаринаның отініші бойынша Гёттенді де қорғауды міндетіне алуы және екеуі некелескен дейтін желеумен олардың кездесуіне рұқсат әперуге әрекеттенуі болды. Құдды бір некелесу сол жиырмасыншы ақпанның кешінде және сол күнгі түнде болар ма. Т.т. және т.б. оның өзі туралы, Гёттен, Катарина, Блорна ханым туралы ГАЗЕТ не жазбады десеңізші. Блорна әйелімен ажыраспақшы екен дейтін қауесет таратылды да шындықпен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын сол қауесеттің кесірінен ерлі-зайыпты екеуінің арасында белгілі бір сенімсіздік пайда болды. Оның қаржы жағдайы

мәз емес екен дейтін сөз тарады және ең жаманы – ол шындық еді. Ол расында қолын тым артық сермесе керек, себебі, басқа шығындарымен қоса, "қанға боянған" дейтін жаман атына бола жалға берілуі де, сатылуы да қиынға соғатын Катаринаның пәтеріне қамқоршылықты да мойнына алған болатын. Әйтеуір оның бағасы құлдырап кетті де кезекті жарнасын, өсімін және т.б. Блорнаның бір дегеннен толық төлеуіне тура келді. Ол ол ма, тіпті "Өзен бойындағы сәнді мекеннің" тұрғын үй кешенін басқаратын "Хафтекс" фирмасы кешеннің жалдама, сауда және қоғамдық игіліктеріне зиян келтіргеніне байланысты Катарина Блюмнің үстінен шығынды өтеуді талап етіп шағым түсірмекші болғанының алғашқы белгілері де бой көрсете бастаған. Сөйтіп, жығылғанның үстіне жұдырық болып жатты. Катаринаны тұрғын үй кешенінің қосымша құрылымымен таныстырып, сенімді ақтамағаны үшін Блорна ханымды архитектуралық фирмадан шығару жөніндегі әрекет бірінші инстанциясында қабыл алынбағаны рас, бірақ екінші, үшінші сатыдағылар оны қалай шешетінін ешкім білмейді. Тағы бір жай: екінші мәшине сатылды, ал жақында ГАЗЕТКЕ Блорнаның шынымен-ақ қарап тұрғандай әсем "суперкөлігінің" фотосуреті басылып, астына: "Қызыл адвокат кішкентай адамның мәшинесіне қашан ауысып мінер екен?" дейтін мәтін беріліпті.

52

Әрине, Блорнаның "Люштрамен" (Людинг-Штройбледер-Компания) қарым-қатынасы да бұзылды, тіпті үзілді десе де ләзім. Ендігі әңгіме тек "шаруаны аяқтау" туралы ғана болмақшы. Рас, жақында Штройбледер телефонмен: "Сіздің аштан өлуіңізге жол бермейміз", – деп хабарлады. Штройбледердің "сен" деудің орнына "сіз" дегені Блорнаны таңғалдырды. Ол, әрине, әлі күнге дейін "Люштра" мен "Хафтекске" жұмыс істеп жүр, бірақ интернационалдық салада емес, тіпті ұлттық салада да емес, тек ара-тұра аймақтық, көбінесе жергілікті салада ғана істейді, ал бұл дегеніңіз оның келісім-шарттарды бұзушы болымсыздармен және, айталық, қаптаманы мәрмәрдан жасауға уәде беріп, зольнхофен тақтатасынан жасағандарға шағымданатын пәлекорлармен немесе ваннасының есігіне үш қабат лак жағуға уәде берсе, пышақпен бояуын қырып тастап, тек екі қабат сыр жағылғанын растап беруге дембе-дем сарапшыларды жалдайтын қымүйіз-дермен арпалысуына тура келеді деген сөз; ваннадағы шүмектен судың тоқтамауы, шартта келісілген ақшаны төлемеуге желеу болатын бұзылған

көкіс салғыш – міне, енді оның жүргізуіне тапсыр-ылатын істердің сиқы осындай, ал бұрын ол үлкен жобалардың талқылануына қатысу үшін, ұдайы болмағанымен, жиі-жиі сапарға шығып, Буэнос-Айрэс пен Персеполистің арасын талай жалғаған жоқ па. Әскери қызметте мұны көбінесе адамның абыройын кетіру максатымен шенін түсіру деп атайды. Соның салдары: Блорнада асказанның ойық жарасы жоқ, бірақ асказаны түскірдің сыр бере бастағаны рас. Қырсық шалғанда, ол тағы Кольфорстенхаймда жеке тергеуін жүргізіп, Гёттенді тұтқын-дағанда кілт есіктің сыртында әлде ішінде болып па еді немесе Гёттеннің ішке бұзып кіргенінің белгісі табылып па еді дейтін жайларды жергілікті полицияның шеберінен білмекші болып әрекеттенді ғой. Тергеу обден біткенде мұның кажеті не еді? Асқазан жарасын жазуға мұның ешкандай септігі жоқ екенін мойындау керек, ал полицияның шебері Херманс өте ілтипатты болды, оған коммунизмге байланысты ешқандай күдік келтірген жоқ, бірақ бұл іске араласып арандамауына көптен-көп кеңес берді. Блорнаның бірден-бір медет етері: әйелінің өзіне деген ықыласы барған сайын түзеліп келе жатқандай, тілінің котыры баз қалпында қалғанымен, оны енді күйеуіне емес, басқаларға карсы жұмсайтын болған. Оның жекежайды сатып, Катаринаның пәтерін алуды және сонда көшуді ойлаған жоспары әзірге пәтердің тарлығына байланысты жүзеге аспай тұр, себебі Блорна қаладағы кенсесінен бас тартып, шаруаларын үйде аяқтауға бекінген; өз жағдайын кобірек ойлайтын ымырашыл адам, үйіндегі кештеріне жұрт ықыластана жиналатын аккөніл, жайдары әріптес ретінде аты шыққан ол такуалыкка бой алдырып, бұрын ерекше мән беретін киім киісіне де салдыр-салақ бола бастаған, ал онысы әлдебіреуге еліктеуі емес, *шын* сипатына айналғандықтан кейбір әріптестері оны бойы-басына карауды да қойыпты, үстінен жағымсыз иіс шығатын болыпты деп сан-сакка жүгіртуді де шығарған. Сөйтіп, жаңа мансаптан үміт аз, өйткені – бұл арада ештеңені, тіпті зорердей нәрсені жасырып-жабудың жөні жоқ – шынында да оның иісі бұрынғыдай емес, таңертең құлшына душ кабылдайтын, сабынды, дезодорантты, туалет суын аямай жұмсайтын адамның иісіне мүлдем ұксамайды. Қыскасы, оның басынан елеулі өзгерістер өтіп жатыр. Оның достары – мәселен, Людвиг Гёттен мен Катарина Блюмге байланысты істе тілеулес Гах секілді бірсыпыра достары катты аландаулы, өйткені кайнаған ашуы – айталық, өзін шағын хабарларымен шаптан түртуін коймаған ГАЗЕТКЕ деген ашу-ызасы – енді буырканып шығуын қойып, ішіне

жиналып жатқанға ұқсайды. Достарының аландауы күшейе келгенде олар Труда Блорнаға өтініш айтып, оның әлдебір қаруға не болған-болмағанын немесе бір жарылғыш тетік жасап жүрген-жүрмегенін тексеруді тапсырды, өйткені оқ жеп өлім құшқан Тётгестің соңынан Эгинхард Темплер дейтін біреудің аттанып кетуі де ғажап емес еді. Осы Темплер Блорнаны жеке ломбардқа кіріп бара жатқан жерінде суретке түсіріп, содан соң ломбард иесімен әлдебір жүзіктің кепілдік құнын келісіп отырғанда тағы бір түсіріп, ГАЗЕТ оқырмандарының назарына ұсыныпты. Сурет сөзі мынадай: "Қызылдардан келетін байлық көзі шынымен сарқылды ма, әлде бұл кедейшіліктің жорта көрінісі ме?"

53

Блорнаның ең мүдделі мақсаты – Катаринаны сотта жауап бергенде Тётгестен кек алу, әрі оны өлтіріп емес, тек қорқытып кек алу жөніндегі шешімге жексенбі күні таңертең келіп едім дегенді айтуға көндіру болды. Рас, сенбі күні сұхбатқа шақырғанда оған өз ойын көрбілтелемей ашық айтып, өзіне де, анасына да істеген сұмдығына назарын аудармақшы болып еді, бірақ жексенбіде де, тіпті ЖЕКСЕНБІЛІК ГАЗЕТТІ оқып шыққаннан кейін де оны өлтірем деген ойда болған емес. Катарина күні бойы оны өлтірем деген ойда болып, ақыры сонысын жоспарлы түрде жүзеге асырды дейтін әсерден арылу керек. Алғашқы мақаланы оқығанда-ақ оны жазған адамды *өлтіру туралы ой* жылт еткен болатын деген Катаринаға ол талай адамдарға, соның ішінде өзіне де окта-текте біреуді өлтіру туралы ой келетінін, бірақ ондай ой мен жоспарлы түрде кісі өлтірудің арасында айырмашылық бар екенін түсіндіріп-ақ бақты. Оның тағы бір мазасызданатыны – Катаринада әлі күнге дейін өкініш сезімі жоқ, сондықтан оны сотта көрсете қоюы қиын нәрсе. Ол тіпті де қапалы емес, қайта "сүйікті Людвигпен бірдей жағдайда" жүргеніне біршама қуанышты сияқты. Өзі үлгілі тұтқын саналады, асүйде жұмыс істейді, ал егер сот тергеуінің басталуы кейінге сырғытылатын болса, оны шаруашылық (экономикалық) бөлімге ауыстырмақшы; бірақ ондағылар – тұтқындар болсын, басқару аппаратындағылар болсын – адал адам дейтін аты бар мұны құшақ жайып емес, секемдене қарсы алатын сыңайлы және ол өзінің қамаудағы бүкіл мерзімін – ал айыптаушы жақ оған он бес жыл сұрайды, бірақ сегіз жылдан он жылға дейін беретін болар деседі

– шаруашылық жағында жұмыс істеп өтейтін шығар деген қауесет бүкіл түрме бойынша сұмдық хабар ретінде тарап кетті. Міне, осыдан-ақ білініз: адалдық пен жоспарлай білудің үйлесімін еш жерде, тіпті түрмелер мен басқармада да ешкім ұнатпайды.

54

Гахтың Блорнаға құпия түрде хабарлағанына қарағанда, Геттен кісі өліміне қатысты дейтін қисынды дәлелдеу мүмкін болмайтын сияқты, сондықтан ондай айып тағылмауы да ғажап емес. Алайда оның бундесверден қашып қана қоймай, сондай киелі органды елеулі шығынға (моральдық қана емес, материалдық та) ұшыратқаны дәлелденген деп саналады. Банк тонамаған, бірақ екі полктың әскери қызметшілерінің жалақысы салынған сейфті және елеуір мөлшердегі ақшалай қорды қидай сыпырып кеткен; оның үстіне жалған баланстық тізімдеме жасап, қару ұрлаған. Сондықтан, тәрізі, ол да сегіз жылдан он жылға дейін арқалайтын болар. Сөйтіп, ол бостандыққа отыз төрттерінде шыкса, Катарина отыз бес жасында шығады әрі мұның болашаққа біраз жоспар жасап отырғаны да рас: өз есебі бойынша, бостандыққа шыққанға дейін капиталы бірталай өсім береді, сонда "әрине, бұл арадан емес, басқа бір жерден кулинариясы бар мейрамхана ашуына" мүмкіндігі болады. Ал өзі Геттеннің қалындығы саналуы мүмкін бе дейтін мәселе, сірә, бұдан жоғарырақ емес, ең жоғары деңгейде шешілмекші. Тиісті өтініш-арыздар хатталып, түрлі сатыдағы ұзақ сапарын бастап та кеткен. Айтпақшы, Штройбледердің жекежайында жатып Геттеннің жасаған телефон байланыстары тек қана бундесвердің қызметкерлерін немесе олардың әйелдерін қамтиды екен және солардың арасында офицер әйелдері де бар көрінеді. Бұл сірә, орта дәрежелі бір шатаққа ұласатын болар.

55

Тек еркіндіктен ғана шектелген Катарина өзінің болашағына алаңсыз қарайтын болса, Эльза Вольтерсхаймды барған сайын үмітсіздік торлап барады. Анасына және сталинизмнің құрбаны саналатын әкесі марқұмға шүбә келтірілуі оның жанын қатты жаралаған. Эльза Вольтерсхаймның бойынан өршіп бара жатқан қоғамға қарсылық үрдісін байқауға болады, оның бетін қайтаруға тіпті Конрад Байтерстің де шамасы жететін емес. Эльзаның өзі

негізінен салқын басытқылар жөнінен – нарықтау жағынан болсын, даярлау мен бақылау жағынан болсын мамандандырылғандықтан оның шамырқануы көбінесе шақыру-мен келген қонақтарға – шетелдік және отандық журналистерге, кәсіподақ қайрат-керлеріне, банкирлерге немесе лауазымы биік шенеуніктерге бағытталады. "Кей шақтарда, – деді ол жақында Блорнаға, – шыттай киінген бір сұмпайынының үстіне картоп салатын немесе декольтелі сайқалдың омырауына ақерке балық салынған табақты төнкере салудан өзімді шаққа ұстайтыным бар – солар да түптің түбінде қорқыныш дейтіннің не екенін білсін деймін ғой. Сырттай, яғни біздің көзімізбен қарағанда олар өз ұсқындарының қандай екенін; ауыздарын, дәлірек айтқанда – арандарын ашып тұрып, уылдырық салынған бутербродтарға қалай дүрсе қоя беретіндерін, ал кейбір сумақайлары – тіпті миллионерлер мен олардың әйелдері – сигареттерді сіріңке мен печеньені қойны-қоншына тықпалағанын көрсе деймін. Ал енді бірде олар әлдебір пластмасса ыдыстарды ала келіп, оларға кофе құйып әкететіндері бар; осының бәрі, бәрі-бәрі, қалай болғанда да, біздің салығымыздан төленеді ғой. Өзінің танертеңгі немесе түскі асынан жымқырып, тіске басарға қарақұсша дүрсе коя беретіндер бар, кінәсі жоқ құс бейшараға тілім жазықты".

56

Әзірге көпе-көрнеу зорлық көріністерінің бірі, өкінішке қарай, жұрт назарына қатты ілініп тұр. Суретші Фридерик Ле Боштың көрмесі ашылуына байланысты оның жебеушісі саналатын Блорнамен көптен бері жаңа кездескен Штройбледер оған жайран қағып қарсы ұшырасты да Блорнаның ұсынған қолын құшырлана қысып, құлағына: "Құдайым-ау, осының бәрін көніліне ала бермеші, біз сендерді өлтірмейміз, тек, амал не, өлімге өзің қарсы жүгіретінің бар", – деп сыбырлады. Өкінішке қарай, ақиқатын айту керек қой, дәл сол сәтте Блорна шынымен-ақ Штройбледерді т...-тан бір-ақ ұрды. Сәтінде-ақ ұмыту үшін айтайық: Штройбледердің мұрнынан қан кетті, көргендердің айтысына қарағанда, төрттен жеті тамшыға дейін қан шыкса керек, бірақ одан да сорақысы, Штройбледер шегіне берді де: "Мен сені кешірдім, жағдайына карап бәрін де кешіремін", – деді. Ал бұл сөз, неге екенін кім білсін, Блорнаның қатты ашуын келтіргендіктен, көзі көргендер "жұдырық сілтесу" деп атаған бір жағдай бола қалды және Штройбледер мен Блорна сынды адамдар көпшіліктің ортасына

түскенде сап ете қалатын дағдысымен ГАЗЕТТІҢ фототілшісі, оққа ұшқан Шённердің орнын басушы Коттензель дейтін біреу сол жерден табыла кетті, сондықтан әлгі "жұдырық сілтесудің" фотосуретін "Солшыл адвокаттың кертартпа саясаткерге шабуылы" дейтін мәтінмен жариялай қойғаны үшін белгілі бекбике ГАЗЕТКЕ өкпелеудің де жөні жоқ. Әрине, тек келесі күні таңертең. Көрме кезінде тағы бір кездесу – Мод Штройбледер мен Труда Блорнаның дидарласуы болды. "Менің тілектестігіме күмәндан-бауына болады, қымбатты Труда",– деген сөзге жауап ретінде Труда Б. Мод Ш.-ға: "Ондай тілектестігінді сезіміннің бәрі сақтайтын тоназыткышына тыға сал", – деді. Содан Мод Ш. кешірімін, ізгі ниетін, ақ көнілін, тіпті сүйіспеншілігін тағы да ұсынып: "Менің ықыласымды ешнәрсе, ешбір нәрсе, керек десең, сенің арам ойлы қаскөйлігің де мұқалта алмайды",– дегенде Труда Б. жауап ретінде айтқан сөздерді бұл жерде келтіре алмаймыз, олар жөнінде тек тұспалдап қана айтуға болады, әйелдің аузынан шығады деуге келмейтін осы сөздермен Труда Штройбледердің жақындаспақ ниеттегі көптеген әрекеттерін меңзеді және – аманат етілген құпияларды жарияға шығармау дейтін, адвокаттардың әйелдеріне де ортақ ережені бұзып – жүзік пен хатты айтты әрі "талай рет беті қайтса да ниеті қайтпайтын осы төсеккұмар пәлендей пәтерде қалдырып кеткен" кілтті де ұмытқан жоқ. Дегенмен осы арада бұл екеуінің арасына киліккен Фредерик Ле Бош селт етпестен сорғыш қағазбен Штройбледердің қанын іліп алып, өзі айтқандай, "One minute piece of art"[1] шығармаға айналдырып, "Ер азаматтардың көп жылдық достығының ақыры" деп атады және қағазға қолын қойды да оны Штройбледерге емес, Блорнаға сыйлық ретінде ұсынып тұрып: "Осыны сатып, сәл де болса қалтаңды қалындатарсың", – деді. Осы соңғы жайға және бастапқыда суреттелген зорлық көрінісіне қарағанда, өнер шіркіннің әлеуметтік мәні болатыны рас екен-ау деп қаласыз.

57

Әрине, әңгіменің соңына қарай үйлесімділіктің мұншама аз айтылатыны және үйлесімге деген үміттің де осынша азайғаны мейлінше қынжыларлық. Бұл бірігу емес, жырлау болды. Әлбетте, осы арада өзімізден: тегі, бұл қалай, не себептен сұрасақ та болар еді. Тәп-тәуір, тіпті жақсы дерліктей көңіл күйімен беймарал би

[1] Табан аузында *(ағыл.)*

кешіне барған жап-жас келіншек төрт күннен соң – бұл арада мақсат айыптау емес, хабарлау болғандықтан жалаң фактілерді ғана алға тарту керек – кісі өлтіруші болып шығады және, байыптап қарасақ, оған тек газет хабарлары ғана кінәлі болады. Бұл әуелі ашу-ыза мен ширығыс туғызып, ақыры көптен бергі ыгі достардың жұдырықтасуымен аяқталады. Әйелдерінің кекесінді шаптығуына ұласады. Мансұқталған тілектестік, тіпті мансұқталған сүйіспеншілік. Барып тұрған келенсіз көріністер. Жол-сапарда жүруді, жайлы өмір сүруді ұнататын, өмірге ғашық, аңқылдаған аккөңіл жанның өзінен өзі баз кешуі сонша, тіпті пістене бастайды! Әуелі аузынан шыққан демі де күлімсі. Ол өзінің жекежайын сатуға жарнама береді, тегі ломбардқа да барады. Әйелі "басқалау бірденені іздеп" айналасына алактай бастайды, өйткені екінші инстанция өзін орнынан аларына күмәнданбайды; ақыры ол, осынау дарынды әйел ірі жиһаз фирмасына "интерьер жөніндегі кеңесші" дейтін атпен мәртебесі жоғарылау сатушылық қызметке орналасуға да мақұл болса, ондағылар: "сіз араздасқан адамдар біздің тұтынушыларымыз еді, бикем", – деп кергиді. Қысқасы, жағдай мәз емес. Прокурор Гах Блорнаның өзіне айта алмайтындай сөздерін достарының құлағына сыбырлап та үлгіріпті: көрінеу сынаржақтылығына байланысты оны қорғаушылықтан тайдырмақшы екен. Бұдан әрі не болмақ, бұл енді немен аяқталмақ? Катаринаға бару және – енді несін жасырамыз! – оның қолын ұстау мүмкіндігінен айрылса Блорнаның жайы қандай болады? Күмән жоқ: бұл оны сүйеді, ол мұны сүймейді, мұның үміт етерлік ештенесі жоқ, өйткені ол бәрін-бәрін өзінің "сүйікті Людвигіне" берген! Тағы бір айта кетерлік нәрсе: "қолын ұстау" дейтін сөз тек біржақты қимылды білдіреді, оның мағынасы – Катарина құжаттарды, жазбаларды немесе деректі жазбаларды бергенде бұл оның колын, бәлкім, секундтын оннан үш немесе төрт, тіпті әрі кеткенде, оннан бес бөлігіндей уақыт артық ұстап қалатыны бар. Құдай-ау, Катаринаға деген ынтықтығы да – енді күмілжімей-ақ айтайықшы – мұның жиірек жуынып тұруына түртті болмаса, үйлесімді калай жасарсың. Қылмыс жасалған карудың төркінін анықтаған Байцменне де, Мёдинг те, олардың көмекшілері де емес, осының өзі, бір ғана өзі болғаны да казір мұның көңілін көншіте алмайды. Жарайды, "анықтаған" деу тым артықтау болар, неге десеңіз, әңгіме бірде өзінің бұрынғы нацист екенін, бәлкім, сол себепті әлі күнге күдік-күмәннан таза жүргенін айтқан Конрад Байтерстің ашық мойындауына байланысты. Кезінде ол Куирдегі

саяси басшы болыпты және Эльза Вольтерсхаймның анасына азын-аулақ көмегі тиген де болса керек. ал пистолет – өзі жасырып ұстаған бұрынғы қызметіне қатысты каруы көрінеді, бір жолы ақымақтық жасап, соны Эльза мен Катаринаға көрсеткен ғой; тіпті бірде үшеулеп орманға барып мергендік жарысын өткізіпті де жақсы атқыш екенін көрсеткен Катарина жастау шағында атқыштар үйірмесіндегі жігіттерге дастарқан басында қызмет көрсеткенін, мылтық атуды солардан үйренгенін айтыпты. Ал сол сенбіде ол онаша болғысы келетінін, бірақ өзінің пәтері қаңыраған өлі мекен екенін айтып, Конрадтан пәтерінің кілтін сұрап алған ғой. Бірақ сенбіде бәрібір Эльзаның жанында болды, демек, пистолетті ол жексенбі күні, таңғы асын ішіп, ЖЕКСЕНБІЛІК ГАЗЕТТІ оқып болған соң бәдәуише киініп, журналистердің сол бір карғыс атқыр думанханасына баратында алған болуы керек.

58

Ақыр соңында сәл де болса көнілділеу бір жайды айту қажет болар: Катарина қылмыстың қалай жасалғанын, сондай-ақ өзінің кісі өлтіру мен Мёдингтің үйіне баруының арасындағы жеті немесе алты жарым сағатты қалай өткізгенін Блорнаға баяндап берді. Осының бәрін ол қағазға түсіріп, процесте пайдалану үшін Блорнаға тапсырғандықтан сол баяндауды сөзбе-сөз келтірудің мүмкіндігі бар.

"Журналистердің жертөлесіне мен тек соны көрейін деп қана бардым. Өзімнің бүкіл өмірімді өксіткен сол адамның қандай екенін, қандай дағдысы барын, қалай сөйлеп, ішіп-жеп, билейтінін білгім келді. Иә, әуелі Конрадтың пәтеріне кіріп пистолетті алғаным, оны өзім оқтағаным рас. Бір жолы орманға барғанымызда оның қалай оқталатынын көрсетуді сұрағаным бар-ды. Жертөледе біржарым немесе екі сағаттай күттім, бірақ ол келе қоймады. Сол арада: егер ол аса сүйкімсіз болса, сұхбат беруге бармаймын деп шештім, шынында, оны бұрын көрген болсам соған бармас та едім. Бірақ ол жертөлеге келмеді. Кім көрінгеннің қылжақтай беруінен құтылу үшін оқта-санда өзіммен бірге жалдануға барып тұратын жертөле иесі, обер-кельнер Петер Краффлуннан үстелшенің басында жұмыс істей тұруға рұқсат сұрадым. Әлбетте, ГАЗЕТТІҢ мен туралы не жазғанын Петер біледі екен, Тётгес келе қалса маған белгі бермекші болды. Карнавал кезі емес пе, сондықтан мені бірнеше рет биге шақырғандар болды, бірақ Тётгес келе қоймаған

соң менің мазам кете бастады, өйткені онымен дайындықсыз кездескім келмеп еді. Сөйтіп, он екіде үйге қайттым, пәтерімнің бүлініп, әптер-тәптері шыққанын көргенде жаным шырқырады. Бірақ көп күте қойған жоқпын – пистолеттің сақтандырғышын қайырып, сақадай сай күйінде сөмкеме салып үлгіргенімше есіктің қоныраусы қағылды. Есікті ашқаным да сол еді, анау табалдырықтың сыртында тұр екен. Қоңырауды төменде тұрып басқан болар, әлі біршама уақытым бар ғой деп ойлаған мен оның лифтімен көтерілерін ескермеппін – тура алдымда тұрғанын көргенде селк ете қалдым. Оның шошқа екенін, нағыз шошқа екенін бірден байқадым. Әрі сылқым. Әдетте мұндайларды сылаң деседі. Суреттерін өздеріңіз де көрдіңіздер ғой. Ол бірден: "Ал, Гүлім[1], біз немен айналысамыз?" – деді. Мен ләм деп тіл қатпастан бөлмеге қарай шегініп едім, ол да солай кіре бере сөйледі: "Жә, неге сонша абдырайсың, Гүлім менің, әуелі көңіл көтеріп алайық та". Бұл екі арада мен сөмкемді алып үлгердім де, ол менің етегіме қол сала берген болатын, сол сәтте: көңіл көтерсек көтерейік деген оймен пистолетті ала беріп басып салдым. Екі рет, үш, төрт рет. Қанша екенін анық білмеймін. Оны полицияның есебінен оқып білулерінізге болады. Еркектің етегіме жармасқаны мен үшін жаңалық екен деп ойламаңыз – он үш жасыңызда немесе тіпті одан да ертерек жалшылыққа араласқан болсаңыз оның талайын көрген шығарсыз. Ал енді *мына* жігіт болса, әрі өзі "көңіл көтеруді" айтса, сол арада маған: жарайды, қазір сенің көңілінді көтерейін деген ой келді. Ол, әрине, мұндайды күтпеген болар, сондықтан маған бір сәт таңырқай қарап қатты да қалды, кенет – ойда жоқта, біреуге оқ атылғанда кинода болатындай көрініс. Содан соң сылқ етіп құлап түсті, өліп кеткен болар деймін. Мен оның қасына пистолетті тастай салып сыртқа шықтым да лифтімен төмен түсіп, думанханаға қайта бардым: жарты-ақ сағатта оралғаныма Петер қайран қалды. Ал мен үстелшенің басындағы орныма қайта тұрдым, биге қатысқан жоқпын, тек: бұл өтірік қой деп ойлай бердім, бірақ өзім оның шындық екенін біліп тұрмын. Ара-тұра Петер қасыма келіп: "Бүгін келмейді ол, сенің досың", – деп қояды, "Солай болар", – деймін мен де. Сөйтем де, енжар кейіпке түскен болам. Сонымен, төртке дейін арақ құйып, сыра сүзіп, шампан бөтелкелерін ашып, рольмопс берумен болдым. Содан соң Петермен қоштаспастан кетіп отырдым да

[1]Блюм дейтін фамилия Blume – гүл сөзіне ұқсас.

әуелі жақын маңдағы шіркеуге кіріп, жарты сағаттай ойға батып, анамды, оның пешенесіне бұйырған ит тірлікті, өмір бойы күнкілдеумен, мемлекет пен шіркеуді де, билік орындары мен шенеуніктерді де, офицерлер мен басқаларды да сыбаумен өткен, ал солардың біреулерімен істес бола қалса күлдік ұрып, құрдай жорғалап кететін әкемді еске алдым. Күйеуім Бреттло туралы, оның Тётгеске айтқан мерездіктері туралы және, әлбетте, мен бірер марка табыс тапсам сайтандай сап ете түсіп, болмашы бірде-нелеріне, киім немесе мотоцикл алуына иә болмаса құмарпаздар салонына қажет еді деп қиыла сұрап, соның өзін құтайтпайтын ағамды ойладым: әрине, өзімді мектепте әмісе "біздің қызғылт Катринхен" деп атайтын священник елестеп өтті" сол сөзімен оның не айтқысы келетіні менің миыма кірмейтін, бірақ менің шынында алаулап кететінімді көріп, бүкіл класс күлкіге көмілетін. Иә. Әрине, Людвигті ойладым. Содан соң шіркеуден шығып, бірінші кездескен киноға кіре салдым, бірақ онда да байыз таппай, қайтадан шіркеуге бардым, өйткені карнавал жексенбісінде аз да болса жаның жай табатын жер сол еді. Өзім атып, пәтерімде тастап кеткен бейбақты да ойламай қойған жоқпын. Бірақ өкіну, опыну дейтіннен тазамын. Көңіл көтергісі келген өзі ғой, ал мен оның көңілін көтердім, солай емес пе? Маған түнделетіп телефон соғатын және Эльза бейшараның да мазасын алатын жігіт осы емес пе екен деген ой жылт етті. Иә, соның-ақ дауысы, тек анығына көз жеткізу үшін кішкене сөйлете тұру керек пе еді деп ойладым: бірақ одан маған келер-кетері не еді? Әлден соң қою кофе ішсем бе екен деген оймен Бекерингтің дәмханасына бардым да залына емес, асүйіне кірдім, себебі дәмхана иесінің әйелі Кете Бекерингті үй шаруашылығы мектебінен білетін едім. Шаруасы басынан асып жатқанына қарамастан, Кете мені жылышырай таныта қарсы алды. Тартылған дәнге су құйып барып, әжесінің әдісімен ерекше әзірлейтін кофесін алдыма қойды. Содан соң әңгіменің бетін ГАЗЕТТЕГІ сол бір былжырақтарға бұрып, соған аздап иланатындай сынаймен сөйледі, шынында соның бәрі шым өтірік екенін жұрт қайдан білсін. Мен шындықты айтып түсіндірмекші болып едім, онымды ұға қоймады, тек қулана көзін қысып: "Демек, өзің сол жігітті шынымен сүйетін болдың ғой?" – деп сұрады, ал мен: "Иә" дедім де қойдым. Содан соң дәмге ризалық айтып, даладан такси ұстадым да сол жолы өзіме аса ілтипатты болған Мёдингтің үйіне тартып отырдым".

БАЛАЛЫҚ ШАҚТА ЖЕГЕН НАН

I

Хедвигтің келген күні жақсы есімде: сол күні, дүйсенбінің елеңалаңында, үй иесі әйел келіп, есігімнің астынан әкемнің хатын сұрқанын көрген мен бұрын интернатта тұрғанда ылғи дүйсенбінің таңында істейтін дағдыммен мен-зең қалпымда көрпеге қайта сүңгімекші болған едім.

Бірақ дәлізден бибінің даусы жетті:

– Сізге хат келді! Үйіңізден!

Хатты ол есік астынан сырғытып жіберіп, төртбұрышты ақ қағаздың ақырын сусылдап бөлменің алакөбеніне кіруі мұң екен, мен үрейлене төсектен атып тұрдым: конвертке үйреншікті мөрқалыптың орнына сопақшалау сезікті белгі соғылыпты – демек, бұл шұғыл хат болғаны.

Жеделхат дейтінді әкемнің суқаны сүймейді, сондықтан қалада сегіз жыл бойы дербес тірлік кешкен күндерімде ол маған сопақша мөрқалып соғылған шұғыл деректі екі-ақ рет жіберіпті: бірінде анамның қайтыс болғанын хабарласа, екіншісін өзінің екі аяғын бірдей сындырып алғанда жолдаған болатын, енді міне үшіншісі келіп тұр. Конвертті жыртып, хатты аяғына дейін оқып шыққанда ғана демімді бір-ақ алдым. "Өзің пәтер іздеп жүрген Мюллердің қызы Хедвиг жолға бүгін шығатынын ұмытпаған боларсың, – деп жазыпты әкем, – пойыз сендерге 11.47-де барады. Оны қарсы алғайсың, гүл сатып алуды ұмытпа және өзіне ілтипатты бол. Білесің ғой: тұңғыш рет қала шығып, жападан жалғыз бара жатқан жас қыз, тұратын көшесін де, оған қалай жететінін де білмейді, айнала – бейтаныс жандар, ал түс әлетінде вокзал басы ығы-жығы, тіпті абыржып қалып жүрер. Өзің ойлап қарашы: жасы небәрі жиырмада, өзі мұғалім болмақшы, сол үшін бейтаныс қалаға оқу іздеп бара жатыр. Әттең, енді маған жексенбі сайын келіп-кетіп тұра алмайсың, амал қанша. Шын ниетпен – әкең".

Сол жолы вокзалда Хедвигті қарсы алмасам арты қалай болар еді деп кейін көп ойландым: адасып, бөтен пойызға отырған адам сияқтанып, басқа, мүлдем өзге өмірге – Хедвигке кездеспес бұрын өзіме "әбден жарасымды" өмірге тап болар ма едім, кім білсін. Әйтеуір, жолдың қарсы бетіндегі пойыз секілденіп сақадай сай тұрған, өзім барып жетегіне ілесіп кете жаздаған сол өмірді мен өзімше осылай атадым, – соны ой елегінен қайта-қайта өткізе келіп, өзіме "әбден жарасымды" көрінген тірліктің нағыз тозақ боларын енді ғана түсініп жүргендеймін; сол өмірдің төрінен өзімді көремін, өзімнің дегбірсіз жымиысымды көремін, дауысымды естимін – әредік өстіп түсінде өмірі болмаған егіз-екі сынарынды көретінің бар ғой, өзіне дейін секундтың бөлшегіндей ғана жылт етіп көрініп, бойындағы тірлік белгісі зая кеткенше ғана елес берген әлдекімнің жымиысын байқап, үнін естігендей боласың.

Тіпті, әкемнің нақ осы хатты не себепті жедел поштамен жібергеніне және сол Хедвигін қарсы алуға мұршамның келер-келмесін білмегеніне таңданғаным есімде, өйткені кір жуатын мәшинелерді жөндеуші техник болып істей бастағалы бері менің ең қарбалас шағым демалыс күндер мен дүйсенбіге дөп келетін. Неге десеңіз, түп-тура сенбі мен жексенбіде отағалары ерігіп үйде отырады-дағы жаңада сатып алынған сән есепті қымбат ойыншықтарының қалай жұмыс істейтінін байқамақшы болып кір жуатын мәшинелерін айналдырғанды күп көреді – ал мен болсам телефонның түбінде отырып, шақыру күтемін және сол бойынша ит өлген жерге, қаланың шетіне дейін баруыма, кейде тіпті қала сыртына қарай шығандап кетуіме тура келеді. Үйге кірісімен, табалдырықтан аттар-аттамастан ұласқан сымдардың күйігі мен қоңырсыған резенке иісін сеземін немесе асүйде кәдімгі мультфильмдегіше агрегаттың аузынан тау-тау боп ақтарылып жатқан сабынды көбіктің үстінен түсемін және өздері басуға тиісті бірнеше түймешенің біреуін басуды ұмытып кетіп немесе екі қайтара басып жіберіп абдыраған еркектер мен аңыраған әйелдерді көремін де өз-өзімнен мардамсып, маңғаз қимылдап, сөмкемнен аспаптарымды шығара бастаймын, қабағымды шытып, астамсыған қалыпта ернімді сәл дүрдитіңкіреп, әуелі кір жуғыштың бұзылған жерін мұқияттап біліп аламын, содан соң тұтқыштар мен басқыштарды, өткізгіштер мен ұластырғыштарды сиқырлап, ақауды жөндей бастаймын, өзімнің бірқалыпты жымиысымнан ләззат ала тұрып, нұсқаулықта айтылған мөлшерден ауытқымай су құйып, жуғыш ұнтақ салып, мәшинені іске қосамын да үй

нелеріне барлық әрекеттерді рет-ретімен қайтадан түсіндіріп өтемін, ал содан кейін, қолымды жуып тұрып, өзінің техникадан барды-жоқты хабарына біреудің ілтипат білдіргеніне өлгенше мәз болған үй иесінің былжырағына құлак түрген боламын. Әрине, ондайда ол менің жұмысқа канша уақыт жұмсап, әрі-бері канша жол жүргенімді көрсетіп жазған түбіртегіме мән беріп жатпайды, ал мен болсам сол міз бақпаған калпымда мәшинеме мініп, шебердің көмегіне зәру боп қалған тағы бір үйге карай ағыза жөнелемін.

Әр тәуліктің он екі сағаты калт етпестен осылай өтеді де тек ара-тұра ғана Вольфпен және Улламен бірге кешті Йоостың дәмханасында өткізуге мүмкіндік туады; ал жексенбі сайын кешкі ғибадат бар, мен оған әдетте кешігіп барамын және ең әуелі садака жинау басталған-басталмағанын білу үшін табалдырықтан аттасымен священникке қараймын, қайырымдылық кәдесі әлі басталмаған болса, шырқыраған жаным дереу жай тауып, жақын тұрған орындыкка барып жайғасамын да көбіне-көп табанда ұйқыға басамын, содан тек шіркеу қызметшісінің уағыз аяқталғанын хабарлап, қоңырау соккынан бір-ак оянамын. Әсте-әсте тіпті өзімді де, өзімнің жұмысым мен екі колымды да сондайлық жек көретінім бар.

Сол жолғы дүйсенбіде таңертеңнен-ак сілем катсын, әлі жексенбіден калған алты шақыру бар-ды, оның үстіне үй иесі әйелдің кіреберістегі телефоннан біреуге:

– Иә-иә, міндетті түрде айтамын, – деп жатканын құлағым шалған.

Кереуетке отырып, шылым тұтаттым да әкем жайында ойға баттым.

Өзіміздің Кнохтада сағат ондағы пойызбен хат жөнелту үшін оның кештетіп, бүкіл каланы көктей өтіп, ілби басып бара жатканын көрдім; шіркеудің тұсынан, Муллерлердің үйінің маңынан өтіп, алаңмен аяндап, содан соң дал-далы шыккан құр сүлдер ағаштарды бойлап тап-тар саяжолмен кетіп бара жатканы да көз алдымнан өтті; содан кейін, жол кыскарту үшін, гимназияның шомбал қақпасын ашып, қараңғы күмбез астына аттап, мектеп ауласына шыкканын, көзі дағдылы машығымен қабырғалардың сарғыш сылағын қыдырыстап өтіп, бірден өз класының терезелеріне токтағанын да, дініне мектеп бақылаушысының иті сарып, зәр сасытып тастаған аула ортасындағы ағашты айналып өткенін де, сондай-ак өз кілтімен артқы шағын

қақпаны ашқанын да көрдім – бұл қақпа әдетте бес минутсыз сегізден тура сегізге дейін қала сыртынан келіп, вокзалдан мектепке асығатын оқушылар үшін ашық тұратын, ал біздің бақылаушымыз Хоншайд қақпа алдында қақшиып тұрып, жергілікті балалардың, мәселен, "жергілікті" болғаны үшін ғана күн сайын салпақтап, бір орамды боска айналып келетін бекет бастығының ұлы Альфред Груз секілділердің шеттен келетіндерге арналған жеңілдікті пайдаланып кетпеуін қадағалайтын.

Жазғы кештерде батып бара жатқан күн мектептің соқыр терезелеріне алқызыл шапақ жалатар еді. Кнохтада соңғы жыл тұрғанымда әкем екеуміз үнемі осы жолмен вокзалға барып, қарсы бағытта жүретін және Брохенге сағат он жарымда жететін пойызбен сол кезде ауруханада жатқан анама хат немесе сәлем-саукат жіберетінбіз.

Қайтарда әкем мені әдетте сол жолмен әкеп, мектеп ауласы арқылы жүргізетін еді, мұның өзі жолды төрт митуттай қысқартатын әрі қиқы-жиқы салынған, жабырқау кескінді тұрғын ораммен жүрмеуге осы жақсы, онын үстіне, әкемнің мектептен міндетті түрде кітап немесе бір бума дәптер алып қайтатыны тағы бар. Қаныраған бос гимназиядағы сол бір жексенбілік кештерді ойласам казірге дейін көңілімді мұн басады: күңгірт тартқан сұрқай дәліздер, класс есіктеріне тақау киім ілгіштерде ұмыт калып жетімсіреген бас киімдер, жаңадан шайыр жағылып жалтыраған еден, мерт болған гимназистердің кола ескерткішіне апталған алтынның күңгірт сәулесі, одан жоғарыда, бұрын Гитлердің портреті ілінген жердегі үнірейген тікбұрыш; ал мұғалімдер бөлмесіне тақау жерде тұрған Шарнхорст[1] портретіндегі мундирдің жағасынан қанқызыл ебелек ойнайды.

Бір жолы мен мұғалімдер бөлмесіндегі үстел үстінде жатқан, мөр соғылып, әбден дайын болған гимназиялық аттестаттың бланкін жымқырып кетпекші болғаным бар, бірақ ол бүктеуге келмейтіндей тым қатқыл болып шықты да жейдемнің етегіне тыға бергенімде сыбдыр ете қалғаны сонша, кітап шкафының қасында тұрған әкем артына жалт қарады да жылтыр қағазды қолымнан ашулана жұлып алып, орнына тастады. Оны түзетіп, қыртысын жазған да жоқ, маған да ләм-мим деп ештеңе айтпады, бірақ содан былай менің пешенеме бұйырғаны дәлізде Шарнхорстың қанқызыл жағасымен, жоғары кластың есігі алдында ілулі тұратын

---

[1] *Шарнхорст Герхард Иоганн Давид (1755-1813)* – пруссия генералы, 1813 жылғы Наполеонға қарсы азаттық соғысына қатысушы.

картинадағы Ифигениянын[1] алқызыл ернімен оңаша қалу болды, менің ендігі үлесім – тек күту еді, дәліздің сұрқай күңгірті және ара-тұра, ішім пыспауы үшін, кластың тұнжыраңқы бөлмесіне әредік көзекеден сығалау еді. Бір жолы мен жаңа сүртілген еденнен Ифигениянын ерні мен Шарнхорстың жағасындай алқызыл түсті түйетабаннын тұзын тауып алдым, ал еденге жағылған шайырдың қошқылтым иісінің арасынан жасқана шығып асүйдің, мектепте берілетін таңғы астың мұрынды жарардай хош иісі сезілді. Әр кластың есігі алдында линолеумнің бетіне түскен нән сорпа кәстрөлінің бедері анық көріпеді және ыстық сорпаның иісі мен дүйсенбі сайын әкелініп біздің кластың есігі алдына қойылатын осы кәстрөл туралы ойдың бір өзі тұла бойымда туғызатын аштық сезімін Шарнхорстың қаңқызыл жағасы да, Ифигениянын алқызыл ерні де, түйетабан тұзынын шиқандай жүрекшесі де тойтара алмастай еді. Сондықтан үйге қайтар жолда мен әкеме Фундальдың наубайханасына бұрылып – тек қана бас сұғып – "кеш жарық" айтайыкшы деп қынқылдайтынмын және, сүйейсалды болса да, бір бөлке наны немесе ортасында Шарнхорстың жағасындай қып-қызыл салындысы бар тәттісі қалған-қалмағанын сұрай салуды өтінетінмін. Әрі тастай қараңғы, меңіреу көшелермен үйге қарай ілбіп келе жатып, Фундальға кездейсоқ қайырылған сынай таныту үшін онымен қалай-қалай сөйлесу керегін де әкеме тәптіштеумен боламын. Осы тапқыр-лығыма өзім де таңыркап, Фундальдың дүкеніне жақындаған сайын жалбарынуым да көбейіп, әкемнің Фундальмен сөйлесетін әңгімесін де құйқылжытып, әрлей түсем. Әкем тек басын кіжіне сілке береді, наубайшынын ұлы оның класында оқитын және оқуы мәз емес-ті, бірақ біз Фундальдың үйінс тақай бергенімізде әкем тартыншақтап жүрісін тоқтатады. Оның қандай жиіркеніш сезімде тұрғанын мен білемін, бірақ қынқылымды қоймаймын, сондықтан ол қашанда кинокомедиядағы едірең солдат сияқты қоразданып, саптағыдай сарт-сұрт айналады да, есікке жетіп барып, қоңырауды басады, – бұл жексенбі күні, кешкі сағат онда болатын жағдай; одан әрі үнемі бір көрініс қайталанады: Фундальдың өзі емес, үйелмендерінің бірі келіп есік ашады, пұшайман болып қысылған әкем тіпті "кеш жарық" айтуды да ұмытып кетеді, ал Фундальдың ұлы, қызы немесе әйелі – қысқасы, есік ашқаны – артына, кіреберістің қараңғы түкпіріне қарай айқайлап:

---

[1] *Ифигения* – грек мифологиясында Агамемнон патшаның қызы, әкесі оны әйел құдай Артемиданын құрбандығына шалмақшы болып, ойын жүзеге асырар сәтінде Артемиданын өзі оны ұрлап әкетіп, кербұғымен алмастыра қояды.

– Әке! Мұғалім мырза ... – деп хабарлайды.

Әкем көнбістікпен табалдырықта күтіп қалады да оның артында тұрған мен иіс бағып, бүгін Фундальдың үйінде қандай тамақ әзірленіп жатқанын білмекке тырысамын, – үйден бұқтырылған еттің, қуырылған майдың, жертөленің есігі ашық тұрса – нанның хош иісі келіп, мұрнымды жарады. Содан соң Фундальдың өзі шығады да алшаң басқан күйі дүкенге кіріп, қағазға оралмаған бір бөлке нанды әкеп әкеме ұсынады, әкем де тіс жарып, тіл қатпастан оны қолына алады. Алғашқы жолы біздің қолымызда не портфель, не қағаз болмады да әбден үйге жеткенше әкем бөлкені қолтығына қысып әкелді, ал мен онымен қатарласа жүріп, бет әлпетіне ұрлана көз тастаумен болдым: сырт көзге бұл, қашанғысындай, ерікті жанның жайдары, тіпті тәкаппар кейпі сияқтанғанымен, оның жан дүниесі қаншалықты алағай да бұлағай екенін ешкім білмес еді. Менің нанды алмақшы болған ниетіме ол жәй ғана басын шайқады, содан былай жексенбінің кешінде екеуміз мамама хат немесе сәлем-сауқат жіберу үшін вокзалға жиналсақ, мен қалайда портфель ала шығуды ұмытпайтын болдым. Кейбірде, аштық әсіресе қатты қинаған айларда, мен сейсенбіден бастап-ақ тегін олжадай болған осы бөлкені аңсай бастайтыным есімде. Бірақ күндердің бір күнінде есікті Фундальдың өзі ашты да оның бет әлпетінен ендігәрі нанға иегіміз қышымауы керегін түсіндім: қимылсыз суық көзі сүзе карап, зіл батпан иегі салбырай тұрып, ол сыздана сөйледі:

– Мен нанды кәртішке бойынша босатамын және жексенбінің жеті түнінде емес, жұмыс уақытында беремін.

Сөйтті де біздің тура тұмсығымыздың алдынан есігін тарс жауып алды – қазір ол жергілікті джаз-клуб жексенбілік кешкі ойын-сауығын өткізетін дәмхананың есігіне айналған. Қаңқызыл түстің аясында тромбон тартып тұрған жылтыр қара негрлер бейнеленген жарнамасын өз көзіммен көргенім бар.

Ал сол жолы тек бірер сәттен соң есімізді жиған біз жонімізбен тайып тұрдық, жәй бір шаруа қоржын құрлы масқарасы шыға сөлбірейіп, ештенеге қажеті болмай қалған қадірсіз портфель менің қолымда кетті. Ал әкемнің бет әлпеті жайбарақат, тіпті сәл пандау ма дедім. Тек бар айтқаны:

– Кеше оның ұлына бір таяқты қонжита қойып едім, – деді.

Асүйде кофе тартып жатқан бибінің мейірімді, баяу үнмен қызының ақырын сөйлеуін өтінгенін естіген менің төсекке қайтадан сүңгіп, басымды көрпемен орап алғым келіп кетті; соның

өзі қандайлық жан рақаты екенін әлі ұмыта қойған жоқпын – интернатта жүргенде өтірік ауырып, жорта киналғансып бет-аузымды тыржитатыным сонша, тәрбиешіміз, капеллан Дерихс шайды төсегіме алдыртатын, ал мен болсам, жұрттың бәрі таңғы астарын ішуге кетісімен, қайтадан көрпеге оранып алып, бөлмеге үй сыпырушы әйел келгенде, сағат он бірлерде ғана көзімді тырнап ашатынмын. Үй сыпырушының ата-тегі Вицельдер еді және мен оның өнменнен өтердей суық көкшіл көзінің қарасынан өлердей қорқатынмын, оның сейсептерді бипаздап, көрпелерді жинап, менің төсегіме жақындамай, алапес көргендей айнала жүріп, аузы тыным таппай айтатын: "Жоқ, сен адам болмайсың! Адам болып жетістірмейсің!" – дейтін сөзі әлі күнге құлағымнан кетпейді, ал мамам қайтыс болып, жұрттың бәрі маған аяныш білдіріп жатқанда оның қабырғасы бірге қайысқаны, тегі, сес көрсеткенінен да қатты батып еді. Анамның өлімінен кейін мен болашақ мамандығымды тағы да өзгертпекші болып, мейірбан капелланымыз маған лайықты жаңа орын тапқанша ұзақты күнге интернатта бос сенделіп, ара-тұра асүйде картоп тазалап немесе еден жуатын таяқпен дәліз бойлап жүргенімді көріп қалса болды, ол бәз-баяғы: "Жоқ, сен адам болмайсың! Адам болып жетістірмейсін!" – деген гөй-гөйіне қайта басатын болды. Осы сөздерден мен қатты қорқатынмын, жырткыш құстың құлаққа түрпідей тиетін шаңқылын естігендей боп асүйге қашып тығылатынмын да аса мейірімді бас аспазшы Фехтер ханымның саясынан біршама пана табатынмын: сол жерде отырып, тұздауға арналған қырыққабатты турауға көмектесемін де кейде тіпті сол енбегімнің ақысына бір сыбаға пудингке[1] не боламын, – ақ қаудандарды тойымсыз шапқының астына салып отырып, өндірдей аспазшы қыздардың әніне елтіп қалғитыным бар. Фехтер ханым "әбестеу" деп санайтын жеке шумақтар мен тармақтарды, мәселен, "Түні бойы екеуі құшақтасты, сүйісті", – деген сияқты сөздерді қыздар тастап кетіп, тек әуенін ыңылдап айтулары керек еді. Бірақ асүйдің еденінде тау төбе боп жатқан қырыққабат үйіндісі, менің қалағанымдай емес, тез таусылып, фрау Вицельдің басшылығымен еден жуатын екі күнім жетіп-ақ келсін. Тек содан кейін ғана капеллан Дерихс маған арнап Виквеберден бір орын тапты да әуелі банктегі, магазиндегі, ағаш шеберханасындағы шәкірттіктен өткен мен сол Виквеберде электрик мамандығына машықтана бастадым.

---

[1] *Пудинг* – боткадан, сүзбеден, жемістен қарып пісірілетін қаттама тағам.

Осы жақында ғана, бұл енді интернаттан соң жеті жылдан кейін, көшемен ағызып бара жатқан бойымда трамвай аялдамасында тұрған фрау Вицельді көзім шалып қалып, мәшинені дереу тоқтаттым да оны қалаға жеткізіп салуға ниет білдірдім. Ол келісті, бірақ соңыра, үйінің жанында мәшинеден түсіп тұрып, наздана сөйлеп:

– Рахмет, әрине. Әйтсе де мәшине сатып алғаның әлі адам болғаныңды білдірмейді, – деді.

Мен көрпеге басымды тыға қоймадым және фрау Вицельдің сөзі рас па, жоқ па деп басымды да қатырмадым, өйткені адам болған-болмағаным өзім үшін бәрібір еді.

Үй иесі бибі таңертеңгі тамағымды бөлмеге әкелгенде мен әлі кереуетте отырғанмын. Оған әкемнің хатын ұсындым, содан соң өзіме кофе құйып, бутерброд жағып үлгергенімше ол хатқа көз жүгіртіп шықты.

– Енді, әрине, сіздің баруыңыз керек, – деді ол, хатты жайпақ табақтағы қант сауыттың қасына қоя беріп. – Қарсы алып, сосын тамаққа шақырыңыз. Есіңізде болсын, ондай жас қыздар әдетте жарым құрсақ жүрсді, тек әшейін сыр бермегенсиді.

Телефон шылдырлап, ол жауап беруге кетті де менің құлағыма: "Иә-иә, айтамын, міндетті түрде", – деген сөздері жетті, содан соң ол қайта келіп:

– Курбельштрасседен бір әйел хабарласты, мәшинесіне бірдеңе болса керек, жылап тұр. Тез келсе екен деп өлердегі сөзін айтады, – деді.

– Бара алмаймын, – дедім мен. – Әлі кешегі шақырулар бар.

Бибі ыығын қиқаң еткізді де кете барды, ал мен тамағымды ішіп-жеп, жуындым әрі өзім онша біле де бермейтін Муллердің қызы туралы ойлаумен болдым. Ол тіпті ақпанда келмекші болған және мен оның әкесінің хатын оқып, қолтаңбасын көргенде өзімнің ағылшын тілінде жазған болымсыз жұмыстарыма, әсіресе стиль тұрғысынан жасаған ескертпелері есіме түсіп, өлгенше күлгенім бар.

"Менің қызым Хедвиг, – деп жазып еді онда Муллер, – Педагогикалық академиядағы сабақтарына кірісу үшін ақпанда қалаға бармақшы. Соған бір лайықты баспана тауып беріп маған көмегіңізді тигізсеңіз Сізге бек риза болар едім. Әрине, Сіз мені онша-мұнша біле бермессіз: мен өзіңіз біраз жыл оқып жалпы білім курсынан өткен Гофман фон Фаллерслебен[1] атындағы мектептің

[1]*Гофман фон Фаллерслебен Август Генрих (1798-1874)* – либералдық-демократиялық бағыттағы неміс ақыны.

директорымын", – дей келіп Муллер менің екі рет екінші жылға қалып, мектеппен дүмше күйімде масқара боп қоштасқанымды киялай есіме салыпты. "Дегенмен, сіз мені ада-күде ұмыта коймаған да шығарсыз, – деп жалғастырыпты Муллер сол сарынымен, – сондықтан менің болмашы бір тілегім сізді аса көп әуре-сарсаңға сала коймас деймін. Қызыма арналған бөлме тым салтанатты болмай-ақ қойсын, бірақ аса жұпыны болмағаны да жөн және Педагогикалық академияға жақындау болса дұрыс болар еді, бірақ, – әрине, мүмкіндігіне карай, – каладан шеткері, әсіресе кала сыртында болмағаны жақсы, ал ең бастысы, – мұны баса айтайын, – бөлменің арзанға түскені". Осы жолдауын оқып отырғанымда Муллер маған өз пікірімдегіден мүлдем басқа адам сияқтанып көрінді – мен оны биязы, жаңғалақ және тіпті сәл салқамсоқтау адам деп білуші едім, ал мынау нағыз беймаза, жылпос біреу сияктанды да оның осы кереғар екі бейнесі санамда үйлесе коймады.

"Арзан" деген бір сөздің өзі-ақ бұрын өзім еш жамандыққа қимайтын Муллерді ит етінен жек көруіме жетіп артылатын еді, өйткені "арзан" деген сөзді менің суқаным сүймейді. Менің әкем де жарты килі май бір марка, ал жиһазы бар бөлмеде ішкен бір тамақ он марка тұрған, қалтандағы отыз пфеннигпен қызды биге шақыруға болатын өткен күндерін аузынан суы құрып отырып айтады және сол кездер туралы әңгімелерде "арзан" дейтін сөз әмсе жаратпаған сынаймен, майдың бағасы қазір төрт есе қымбаттап кеткеніне тыңдаушы кінәлі болғандай кекесінмен айтылады. Мен болсам дүниедегі баға біткенге ұзынқұлақтан қаныққан жоқпын, бәрін іс жүзінде ұғып, меңгердім, өйткені он алты жасымда жападан жалғыз каланың қақпақылына түскенімде олардың бірде-біреуімен есеп айырыса алмадым; бағаның сырын білуге мені аштық үйретті; жаңа жабылған ыстық нанды ойласам, менің көзім карауытатын, кештетіп кала көшелерін аралай қалсам, көкейімді тескен бір-ақ ой болады: нан! Көзім жайнап, әл-дәрменім құрып, тұла бойымнан бір коркау оянып келе жатқандай боламын. Нан! Есірткіні ойлап еліретін нашақор сияқты менің есіл-дертім нанда болады. Ондайда өзімнен өзім коркамын да интернатта бізге келіп поляр экспедициясы туралы лекция оқып, диафильм көрсеткен бір адамды ылғи ойлай беремін: ол Солтүстік полюстегі адамдар шикі балықты корек ететінін, оны ұстай салысымен ішін жарып, ақтармалап, табанда жеп коятынын айтқан еді. Күні бүгін де жалақымды алып, ірі ақшалар мен ұсақ тиындарды қалта-қалтама сыкап салып, кала кезсем-ақ сол күндердегі каскыр үрей

туралы естелік бойымды билеп алатыны бар және сондайда өкіртіп тұрып нан сатып аламын, жер-жердің бәрінде сөреге қойылған топ-томпақ, жып-жылы, хош иісті нан біткенді қидай сыпырамын – әуелі бір дүкеннен ең әдемі піскен екі бөлкені, содан соң келесі дүкеннен тағы бір бөлкені сатып аламын, сөйтіп сары алтын түстес, қыртысы қытырлақ, қызара піскен көп-көп бөлкелерді ала беремін де кейін солардың бәрін бибінің асүйінде қалдырамын, өйткені бір өзім сатып әкелген нанымның ширегін де енсере алмаймын, ал нан қатып қалып, боска рәсуа болады дейтін ойдың өзі-ақ менің зәре-құтымды алады.

Анам қайтыс болғаннан кейінгі алғашқы екі ай маған әсіресе қиын соқты: электриктің оқуына зауқым болмады, бірақ соған дейін өзімнің істемегенім де жоқ еді – банкте де, магазинде де, ағаш шеберханасында да шәкірт болып көргенмін және солардың қай-қайсында да шыдамым тұп-тура екі айдан аса қоймаған; енді мына жаңа кәсібіме де қоңылтақси қарайтын болдым, ал жаңа кожайынымды жек көретінім сонша, кешкілік аузы-мұрнынан лық толы трамваймен интернатқа қайтып келе жатып зығырданым қайнайды; бірақ мен шыдап бақтым, оқуымды аягына дейін жеткіздім, себебі жұрттың бәріне өзімнің кім екенімді танытпаққа мықтап бекінген болатынмын. Аптасына төрт мәрте мамамның бір жамағайыны асүйде жұмыс істейтін әулие Винценттің госпиталіне барып тұруыма болатын: онда сорпа-су беріледі, әредік аузымыз нанға да тиіп қалады және сонда барған сайын тамақ үлестіретін терезе алдындағы орындықта өзім сияқты ашпа-жалап төрт немесе бес адамның, көбіне-көп қарт кісілердің отырғанын көремін; көздей терезе ашылып, мейірбике Кларанның борбиған жұп-жұмыр білегі көрінісімен-ақ олар жалма-жан қалт-күлт еткен қолдарын созады, менің өзім де сорпа құйылған табақшаны оның алақанынан жұлып әкетердей боп шаққа тұрамын. Аурухананың қайырымдылық ісі аурулардың есебінен жасалады дейтін күмән туғызбас үшін сорпа-су түннің біруағында, олар әбден ұйықтағанда үлестіріледі және біз садақа күтіп отырған қабылдау бөлмесінде сығырайып он бес ваттық екі шам ғана жанып тұрады. Кейде біздің аузымыздың жапатармағай сылпылдағанын бұзып терезе қайта ашылады да мейірбике Клара пудинг салынған табақшаларды шығара бастайды; пудинг үнемі қып-қызыл болып, жәрмеңкедегі далба дүкенде сатылатын мұз кәмпит таяқшаларындай албырап тұрады, біз оны үлесіп әкетуге тарпа бассаламыз, ал мейірбике Клара бізге терезеден есіркей қараған күйі көзінің жасын әрең іркіп, басын шайқай береді. Содан соң: "Қазір", – дейді де асүйдің қойнауына

қайта сүнгіп кетіп, күкірт мензелдес улы сары ренді немесе өздерінің шатпақтарын жексенбілік базарға шығарып отыратын суретшісымақтардың қожалақ картиналарындағы күн түстес тұздық құйылған шағын кәстрөлді көтеріп қайыра шығады. Сорпаны сораптай ішіп, пудингті жеп, тұздықты жалап-жұқтап, терезе тағы ашылмас па екен деген жасқаншақ үмітпен зәреміз зәр түбіне кетіп біз отырамыз, – окта-текте әркайсымызға бір үзімнен нан тиетіні де бар, ал айына бір мәрте мейірбике Клара өзінің темекі сыбағасын таратады да әркім бір-бірден, кейде тіпті екіден баға жетпес әппақ сигарет алады, бірақ ол терезесін көбінесе: "Енді ештеңе жоқ", – дегенді айту үшін ашатыны қиын. Мейірбике Кларанын шүлеңгірлігінен нәпақа айырып жүрген топтардың күндері ай сайын ауысып отырады: бірі аптасына үш рет, енді бірі төрт рет тамақтанады да осы төртінші күн жексенбіге келеді, ал жексенбіде кейде ет тұздығы қосылған картоп берілер еді, сондықтан мен осы "жексенбілік" ауысымды бүкіл ай бойы тағатсыздана күтетінмін, – сірә, осындай шыдамсыздық түрмедегі қамау мерзімінің аяқталуын күткен адамда ғана болар-ау.

Содан бері мен "арзан" деген сөзді жаратпаймын, мен оны өз кожайынымның аузынан тым жиі еститінмін: сірә, Виквебер сол кездің өзінде-ақ "жөні түзу" делінетін адамдардың қатарында болғанға ұқсайды, – ыждағатты, істің жайын біледі және өз ыңғайында тіпті кексіз. Оның қолына шәкірттікке барғанымда менің жасым он алтыға да толмаған болатын. Ол кезде оның штатында екі шебердің көмекшісі мен төрт шәкірті болатын және бұған шеберді қосыңыз – шынын айтқанда, ол ертелі-кеш сол кезде Виквебер жолға қойып жүрген шағын фабрикадан шықпайтын. Біздің Виквебер дегеніңіз дәріпті, тиянақты адам, дені таза, жаны жайсаң, тіпті құдайшылығының өзінен ылғалсыз адалдықтың нышаны анық байқалады. Мен оны алғашқы күндерден-ақ ұнатпадым да екі айдан соң асүйінен шығатын иістері үшін ғана ит етінен жек көретін болдым: ол жақтан үйде пісірілетін бәліштің, бұктырылған еттің, қақтай қуырылған майдың хош иісі келіп мұрынды жарады, ал менің ішек-қарнымды жайлап алған қоркауым ондай иістерге үйренбеген ғой, сондықтан аласұрып, арпылдап, әлде ыстық, әлде қышқыл бірдеңемен өзегімді өртеп жібереді де менің Виквеберге деген қызылым бұрынғыдан да арта түседі, неге десеңіз, мен таңертең ортасына болымсыз бірдеңе жағылған екі тілім нан мен сүп-суық сорпа-су құйылған құйтақандай төңкерме табақ алып жұмысқа шығатын адаммын ғой; ұқыпты адам болса сорпаны көршідегі құрылыс басында ысытып алуға мүмкіндік те

бар, бірақ мен байғұс оны шеберханаға жеткізбей-ақ, жол-жөнекей жалап-жұқтап ішіп қоямын. Сөйтіп, аспап салған сөмкемде бос ыдысым саңғырлап, жұмыс басына жетемін, одан арғы үмітім – құдайға қараған әйел клиенттерімнің бірі алдыма сорпа-суы мен бір үзім жанын қоя ма деймін ғой баяғы – әйтеуір тамақ таңдайтын жағдай жоқ. Құдай сәтін салғанда, сондай жағдайдың болып тұратыны да рас. Ол кезде мен аса бұйығы, ұян, сойдиған ұзынтұра әрі шидей арық бозбаламын және ішімде қандай жалмауыздың жатқанын, сірә, ешкім білмейтін де, тіпті ойламайтын да болуы керек. Бір жолы әлдебір әйелдің мені мақтай келіп – өзі менің естіп тұрғанымды сезбеді білем, – ақыр соңында: "Тегі, сол өзі текті бала сияқты...", – дегенін кездейсоқ естіп қалғаным бар. "Дұрыс, – деп ойладым сол сәт, – демек, сен текті бала болдың". Содан соң-ақ интернаттың жуынатын бөлмесіндегі айнадан өзімді мұқият зерттейтінді шығардым: ернімді дүрдитіп, қайта қымқырып, жүдеу-жадау сопақша жүзіме қараймын да: бәсе, текті адамның түрі осындай болады екен-ау деп ойлаймын. Сөйтем де, анау айнадағы бейнеме дауыстай сөйлеп: "Талшық қылар бірдеңе болсашы..." – дейтінімді қайтерсіз.

Әкем менің қалай орналасқанымды көру үшін міндетті түрде келіп кететінін талай жазды, бірақ ақыры келген жоқ. Ал оған өзім барған сайын қала тұрмысы жайында сұрастырады да мен қара базар, интернат, өзімнің жұмысым туралы айта бастайтынмын; сондайда оның басы шарасыздықтан қалтаң қағып кетер еді, ал аштық туралы айта қалсам, – тегі, ол жағына бара бермейтінмін, тек аңдаусызда аузымнан шығып кететін, – ол дереу асүйге барып, жеуге жарайтынның бәрін – алманы, нанды, маргаринді үйіп-төгіп әкелетін, ал кейде пештің алдына тұра қалып, маған қуырылған картоп әзірлеп бере коюшін сасқалақтап табаға піскен картопты дөңгелектеп турай бастайтын; бір жолы, қолында қырыққабат қауданы бар, әбден абыржып келді де:

– Басқа тұк жоқ, бірақ мынадан салат жасауға болатын шығар, – деді.

Тек әкемнің мұндай сыйы мені қуанта қоймайды. Қала тұрмысын сөз еткенде мен дұрыс істемейтін шығармын немесе, бәлкім, сөзді орнымен қолданбайтын болармын – қысқасы, айтқанымның бәрі шындыққа үйлеспейтін болар деген әсерден арылмай-ақ қойдым. Ал менің айтатынымнанның, майдың, көмірдің бағасы туралы болады да әкем үнемі жағасын ұстайды, бірақ кейін баға жайын тағы да ұмытып кететін сияқты, әйтсе де оқта-текте маған ақша жіберіп: "Нан алып же!" – деп жазуды әсте ұмытпайды; мен болсам,

ақшаны алысымен, поштадан тура тартып қара базардан бір-ақ шығамын да наубайханадан жаңа шыққан бір әлде біржарым килограмдық нән бөлкені сатып алып, сол мандағы орынбаспайға отырып немесе қалтарыс-бұлтарыстардың біріне жайғасып, нанды ортасынан қақ бөлемін де ұлпадай жұмсағына кір шеңгелімді салып жіберемін, аузыма үсті-үстіне тықпалап жей беремін, жей беремін; кейде маған нан кәдімгідей-ақ тыныс алатындай көрінеді де өзімді тірі жан иесін қолыма ұстап, жұлып жеп отырғандай сезінемін, сол сәтте бізге поляр экспедициясы туралы лекция оқыған адам есіме түседі, полюстегі адамдар ұстаған балығын табанда ақтармалап, тірідей жейді деген сөздері құлағыма келгендей болады. Кейде бөлкенің біршамасын кейінге қалдырмақшы боламын да газетке орап, аспап салынған сөмкеме тоғытамын, бірақ жүз қадам жүрер-жүрместе қайта тоқтап, сөмкеден нанды алып, орауын жазамын да тура сол аяқжолдың қақ ортасында тұрған қалпымда бір түйір қоқымын қалдырмай жеп қоямын. Егер бөлке біржарым килограмдық болса кекірік ата тоятыным сонша, интернатта кәдімгідей шүленсіп, тамағымды басқа біреуге беремін де төсекке қисаямын; көрпеге ораныл, жаңа піскен нанның рахат дәмін бүкіл жан-тәніммен сезініп, тоқтық тартып, шәниіп келіп жатамын. Әлі тек кешкі сегіздің шамасы болатын, алдымда анау-мынау емес, он бір сағаттық ұйқым бар, ал шынында маған өмірі жетіспейтіннің бірі осы ұйқы болатын. Сірә, ол кезде әкем мамамның ауруынан басқа ештенені ойлай алмайтын болу керек; әйтеуір мен үйге барған сайын "аштық" деген сөзді аузыма да алмасқа, басқа түскен қиындықтар жайында ештеңе айтпасқа тырысатынмын, өйткені оның өзі менен де ашқұрсақ екенін біліп те, көріп те жүрдім; ол көрер көзге сартаптанып, жүдеп кетті және түрі де адам аярлықтай еді. Содан соң біз мамамның көнілін сұрауға баратынбыз және ол да төсегінің жанында отырған мені аяп, тамақтанып жүруімді өтінетін, өзінің ас-суынан немесе көнілін сұрай келген өзгелердің сауқаттарынан жырып сақтаған "тәтті-дәмділерін": бір ауыс жемісін, бір бөтелке сүтін, тәтті тоқашын маған тықпалайтын, – бірақ олар менің тамағымнан өтпеуші еді, өйткені мамамның өкпесі ауыратынын, сондықтан оның өзі жақсы тамақтануы керек екенін білетінмін. Ал ол жалбарынғандай болып, сонша тамақ боска бұзылып кететінін айтады, ал әкем тек мұңая тұрып:

– Клэр, сен міндетті түрде тамақ жеуін керек, міндетті түрде жазылуың керек! – деп зар-зар етеді.

Мамам қабырғаға қарай теріс айналып кетіп қыстығады, ал мен болсам бәрібір оның сақтаған тәтті-дәмділерінің бір түйірін де жей алар емеспін. Жапсарлас төсекте бір әйел жататын, соның көзінен мен өзімнің ішімдегі қорқаудың көзін танығандай боламын және ол мамамның маған деп сақтағандарының бәрін әп-сәтте қылтығып соғып алуға әзір екенін де білемін, сондықтан мамамның қолымды ұстағандағы алақанының ыстығын сезіп, көршісінің сұқтанған көзқарасынан өз көзінде жылт еткен үрейді көрдім. Мамам маған жалынышты түрде карап, үздіге сөйлейді:

– Құлыным, жей қойшы, карның ашқанын біліп жатырмын ғой, қалада қайбір жағдай бар дейсің.

Мен тек басымды шайқап, мамамның алақанын қатты қыса түсіп, көзімнің қарасымен, тек көзімнің қарасымен ғана одан ештеңе айпауды өтінемін, – сол сәтте ол жымиып кана күледі де тамақ жайын қозғауды кояды, мен де оның өзімді түсінгенін сеземін. Содан соң күбірлей бастаймын:

– Мүмкін үйде болғанды калайтын шығарсың? Әлде басқа палатаға ауысқың келе ме?

Мамамның оған айтар жауабы дайын:

– Басқа палаталарда орын жоқ, ал үйге мені ешкім жібермейді, жұқпалы ауру емеспін бе.

Содан соң біз, әкем екеуміз, дәрігермен сөйлесуге барамыз да оның дағдылы енжарлығына тағы да жыным келеді; бізбен әңгімелесе отырып ол үнемі өз ойымен болады, есікке бір, терезеге бір карай отырып, сұрақтарымызға селкос жауап қайырады және оның тоқтықпен томпиған шиқандай ернінің керенау козғалысынан мен мамамның бұ дүниелік емес екенін оқығандай боламын. Бірақ іргелес төсекте жаткан әйел бұрын көз жұмды. Бір жолы біз жексенбіде күндіз барсақ, ол түнде қайтыс болыпты, төсегі бос тұр екен, ал күйеуі жаманатын жаңа естіген болуы керек, палатаға келіп, оның шкафын ақтарып, шаштүйреуіш, опасауыт, ішкнім, бір қорап сіріңке сияқты кәкір-шүкірлерді апыл-ғұпыл жинастыра бастады әрі соның бәрін тиянақтылықпен, мұқият істеді, тіпті бізге бас изеуге де шамасы келмеді. Өзі тап-тапалтақ, ап-арық, бір есептен шортанға ұқсайтын сыптығыр қара, дөп-дөңгелек жылтырақ көз. Сол сәтте келе калған медбикеге ақырып, шкафтан табыла коймаған бір калбыр бұктырылған етті даулай жөнелді.

– Қалбырдағы ет қайда?! – деп шақшиды табалдырықтан жаңа аттаған медбикеге. – Кеше ғана әкелдім ғой, кешкілік сағат онда, жұмыстан қайтканда! Түнде өлген адам оны калай жеп кояды?! – Әйелінің шаштүйреуішімен медбикенің көзін шұқып алардай

болып, екі езуіне сары көпіршік боп жиналған сілекейін шашыратып, айқайға басып жатыр: – Ет қайда?! Табындар дереу! Иә сендер қазір қалбырдағы етті тауып бересіндер, иә болмаса мен мына молаларынның астаң-кестенін шығарамын!

Медбике күренітіп кетіп, ол да айқайға басты және бет-әлпетіне қарап, мен қалбырға киянат жасаған, сірә, соның өзі болар деп топшыладым. Бірақ ана сілімтік те кояр емес, қолындағы заттарының бәрін еденге лактырып тастап, оларды аяғымен басып-басып қойып шаптықты:

– Етті әкел дедім ғой, естимісіндер! Ө-өй, онбағандар! Салдақы өншең! Ұры-қары! Жауыздар!

Бұл ұзаққа созылған жоқ, әкем аурухана қызметкерлерін көмекке шақырмақ боп дәлізге жүгірді, ал мен енді сөзден іске көшіп қол жұмсауға айналған еркек пен медбикенің арасына барып киліктім, бірақ анау менен гөрі бәкенелеу әрі әбжілдеу екен, бәрібір орайын тауып, қарақошқыл қусүйек қолымен медбикені кеудесінен бірнеше рет періп кетті. Сол сәтте мен оның долырған жүзінен біртүрлі жымыстың табын байқадым және атжалманның тісіндей ақсиған тістерін де көріп қалдым – иә, біздің интернаттағы аспаз әйел қақпаннан алған атжалманның тісі тура осындай болатынын көруші едік.

– Бер қалбырымды, салдақы! – деп шаңқылдайды ол. – Қайда менің қалбырым?

Осы арада әкеммен ілесе келген енгезердей екі санитар жалмажан даукестің қолын бұрап, дәлізге сүйреп әкетті, бірақ онын:

– Консервімді қайтарыңдар! Ү-үй, онбаған ұрлықшылар! – деп ышқынған айқайы жабық есіктің сыртынан да біразға дейін естіліп тұрды.

Ақыры дәліздегі шаң-шұң басылып, біз бір-бірімізге қарағанда барып мамам байыппен сөз бастады:

– Осы сорлы келген сайын екеуінің арасында ақшаға байланысты дау басталатын. Әйелі оған азық-түлікке деп ақша беретін. Анау оған бағаның тағы да көтеріліп кеткенін айтып әкірендейтін, ол сене қоймайтын. Екеуінің бір-біріне айтқан сөздерін естісең сұмдық енді, бірақ ақыры әйелі келесі жолға дейін ақша беріп құтылады. – Мамам сөзін бөліп, сәл үнсіз қалды да көзін бос төсекке аударды. – Отасқандарына жиырма жыл болыпты, жалғыз ұлдары соғыста өлген көрінеді. Шешесі байғұс баласының суретін жастығының астына сақтап, анда-санда қолына алып, жылап отырушы еді. Сурет әлі сонда жатыр, ақшасы да сонда. Әлгі оны таба алмай кетті! Ал бұқтырылған етті, – деп

сөзінің соңын мүлдем баяулата айтты, – қалбырдағы етті өзі жеді, марқұм.

Мен сол жан шошырлық көрініс көз алдыма елестетіп көрдім: түннің біруағында, тура мамамның жанында отырып, қасқырша ашқарақтана қарайтын түксиген көршісі консерві қалбырындағы еттің қалдығын сылпылдата жейді.

Сол жылдары, мамам қайтыс болған соң, әкемнің хаттары біртіндеп жиілей түсті және ұзын-ырғасы да арта берді. Ол әдетте менің қалай орналасқанымды көруге бір шығатынын жазатын, бірақ шыға алмай-ақ қойды: жеті жыл бойы мен қалада жалғыз тұрдым. Сонда, мамам қайтқан соң, ол маған қайтадан Кнохтаға ауыс деп ұсыныс жасады, тіпті лайықты бір орын тауып бермекші де болды, бірақ менің қаладан кеткім келмеді, өзім бірте-бірте еңсемді көтеріп, Виквебердің шаруасын едәуір игеріп қалған едім, енді соған әбден төселіп алмаққа бекіндім. Оның үстіне Виквебердің кеңсесінде жұмыс істейтін Вероника дейтін айдай сұлу аққұба қызбен көңілім жарасып қалған, екеуміз жиі кездесетінді шығарғанбыз: жаздың жаймашуақ кештерінде Рейннің жағалауына барып сейілдейміз, дәмханада отырып балмұздақ жейміз, түн қараңғысында өзен кемеріндегі көк гранит жақтауда жалаң аяқтарымызды суға малып отырып сүйісеміз. Ал қарсы бетті де анық көруге болатын жарық түндерде өзеннің ортасына дейін жүзіп барып, қайранда қалған ескі баржаға шығып, бір кездерде, бәлкім, карт шкипер[1] өзінің бәйбішесімен отырып, ұзақ кештерді бірге өткізген темір орындыққа отырамыз, – оларға баспана болған рубканы[2] жұрт әлдеқашан бұзып алып кеткен, оның орнында сорайып жалғыз қалған дінгекке сүйенуге болады. Төменде, палубаның астында, шылпылдап, сарқырап су аунап жатады. Кейін, Виквебердің кеңсесіне жұмысқа оның қызы Улла келген соң, біздің кездесуіміз барған сайын сирекси берді. Ал тағы бір жылдан соң ол әйелі өлген москал біреуге, менің қазіргі пәтеріме жақын жердегі сүт дүкенінің иесіне күйеуге шықты. Мәшинем жөндеуге тұрып, өзім трамваймен жүретін кездерімде мен әдетте солардың дүкенінің қасынан өтемін де көбінесе Вероникаңы көремін: ол әлі де бұрынғысындай аққұба және әлі де көз суырғандай сұлу, бірақ содан бері өткен жеті жыл оның бетіне де бедерін салыпты. Өзі едәуір толып, біртүрлі жайылған, ауласына тартылған жіпте бірі көгілдір, бірі қызғылт түсті балалар

---

[1] *Шкипер* – коммерциялық кеменің капитаны.

[2] *Рубка* – кемені жүргізушілер орналасатын жеке бөлме.

кнімі ілулі тұрады, қызғылттауы, сірә, қызынікі, ал көгілдірі ұлынікі болуы керек. Магазиннің есігі ашық қалған бір жолы мен Вероникаиың әріректе, сөренің артында тұрып, өзінің әппақ, әсем әрі жомарт қолымен сүт құйып жатканын көрдім. Бұрын ол нан әкеліп, – немере ағасы нан зауытында жұмыс істеуші еді – маған өз қолымен нан беруді керемет ұнататын; менің аузыма асқан ілтипатпен нан салатын сол қолдар ұмытылмастай болып есімде қалыпты. Бірақ бірде оған анамның жүзігін көрсетем деп, аурухана палатасында мамаммен қатар жатқан әйелдің қимылсыз көзінен көрген ашқарақ жарқылды көрдім.

Иә, осы жеті жыл ішінде мен баға біткеннің бәрін танып-біліп болғанмын, сондықтан "арзан" деген сөзді жайбарақат ести алмаймын; арзан баға дейтін болмайды, ал нанның бағасы қашанда өз құнынан артық болады.

Несі бар, мен еңсемді көтердім – бұл өзі тағы қалай айтылушы еді; өзімнің кәсібімді жете меңгеріп алғаным сонша, алғашқы үш жылдағыдай емес, Виквебер менің еңбегімді "арзан" бағалауын әлдеқашан-ақ қойған болатын. Қазір мәшинем бар, шағын литражды болса да өз көлігім және оның ақшасын да түгел төлеп бітіргенмін, лицензияға да біршама қаржы салып қойдым, енді кез-келген уақытта Виквеберден кетіп, оның бәсекелесіне айналу мүмкіндігіне ие болу үшін соны сатып алсам деген құлшыныста жүрмін. Өзіммен істес болған адамдардың көбі маған аса ілтипатты, мен де оларға солай қарауға тырысамын. Жалпы, бәрі жақсы. Мен өзімнің қадірімді білемін, екі қолыма, техникалық машығыма, тәжірибеме сенемін, сүйкімім мен майлы қасықтай жұғымтал мінезімді жаппай мақтайтын клиенттерімнің тілін таба білетінім және бар, – осының бәрі онтайынан келіп тұр, неге десеңіз, қазір мен көзімді байлап қойып әп-сәтте ақтара салатын және әп-сәтте құрастыра қоятын кір жуатын мәшинелерді жөндеу жөніндегі техник қана емеспін, сонымен бірге оларды сату жөніндегі жарнамашы агентпін де, – иә, мен өз қадірімді білемін және оның бағасын тағы-тағы арттыра түсу де қолымнан келеді, демек, жағдайым ойдағыдай, ал бұл екі арада нанның бағасы да, былайша айтқанда, "бір қалыпқа келді". Мен тәулігіне он екі сағаттап жұмыс істеп, сегіз сағат ұйықтайтынмын, сонда да "бос уақыт" деп аталатынға бақандай төрт сағат қалатын, – сол бос уақытымда қожайынымның қызы Улламен кездесемін, – онымен ресми түрде дейтіндей атастырылмағаныммен, түбінде соған үйленетінім өзінен өзі белгілі бола бастағандай еді.

Бірақ әулие Винцент госпиталіндегі мейірбике Кларағa, маған сорпа-суын, нанын, күкірт түстес сап-сары тұздығы бар алқызыл пудингін ұсынатын, жалпы жиыны жиырма шақты сигаретін сыйлаған – бүгін болса аузыма да алмайтын пудингімен, қайырылып та қарамайтын сигаретінен жайыма қараскан, бірақ әлдеқашан-ақ қала сыртындағы әдіріня бейітінің құлакка ұрған танадай үнсіздігіндегі жер бесіктен ақтық орнын тапкан мейірбике Кларағa, тек соның бір өзіне ғана арналған жүрегімнің мейірімі мен жылуы Улламен бірге жүріп танысқан барлық әйелдерге деген сезімімнен әлдеқайда артып түседі: мен олардың көздеріне, олардың қолдарына қарап отырып-ақ қандай ақы төлейтінімді анық көретінмін және сол сәтте-ақ өзімнің дәсердей болған сүйкімділігім зым-зия желге ұшатын да аналардың бетпердесі жыртылып, күллі жұпар иісі мен бағасын өзім бір кісідей-ақ білетін сәнсалтанаты көзден ғайып болатын, – сол арада ішімде бұғып жатқан қорқауымды, өзіме бағаның паркын үйреткен жалмауызымды оятамын, – билеп жүріп қыздың мойнын мейірлене иіскейін десем де соның айбарлы ырылын естимін, алақанымдағы немесе иығымдағы сүйріктей қыз қолы кенет темір-болат шеңгелге айналып, менің нанымды тартып алмақшы болған қорқаулығын көремін. Әкем, анам және кей-кейде фабрикадағы қыздар болмаса, маған риясыз жақсылық жасағандар тым тапшы еді ғой...

II

Ұстарамды гигиеналық сүлгімен сүрттім – қол жуғышымның жанында ондай сүлгінің бір бумасы ілулі тұр; парфюмерия фирмасының агенті берген солардың әр жапырағында алқызыл әйел ерні басылған, ал қызыл еріннің астына: "Ерініздің далабын сулыққа сүрте көрменіз!" – дейтін тілек жазылған. Менде тағы басқа сүлгілер де бар, оларда ер адамның қолындағы ұстараның сулық орамалды қақ боліп бара жатқаны бейнеленген әрі астындағы жазуы да басқа: "Ұстараңызды тек біздің сүлгімен сүртіңіз!" деп тұр – бірақ мен өзім осы алқызыл ерін басылғанын тәуір көремін, ал ана ұстара бейнеленгенін үй иесінің балаларына беремін.

Кеше кешқұрым Вольф әкеп берген бір орам кабельді көтеріп, әдетте жұмыстан қайтқан соң қалтамның бәрін қағып, тапқантаянғанымды тастай салатын жазу үстелінің үстіндегі ақшамды сыпырып алып бөлмеден шыға бергенім сол еді, телефон шар ете қалды. Үй иесі әйел тағы да бұрынғы сөзін айтып:

– Иә, міндетті түрде айтамын, – деді де маған бір карап қойып, үн-түнсіз тұтқаны ұсына берді. Мен басымды шайкап ем, ол басын изеді және көзкарасындағы байсалдылығы сонша, телефонға баруыма тура келді. Еніреп жылаумен қоса әлденелерді былдырлаған әйел дауысынан ұққаным:

– Курбельштрассе, айналайын, тезірек келіңізші, өтінем! – деген сөздер болды.

– Жарайды, барамын, – дедім.

Бірақ әйел дауысы өксігін баса алмай, жалбарына берді:

– Күйеуім... біз жанжалдасып қалдық ... кешікпей келіңізші...

– Жарайды, барамын, – деп қайталадым да тұтқаны іліп қойдым.

– Гүлді ұмытпағайсыз, – деп жатыр үйбикесі. – Содан соң тамақтануға шақырыңыз. Түп-тура түскі астың мезгілі болады.

Гүлдің жайын бәрібір ұмыттым, вокзалға қаланың бір шетінен баруыма тура келді, ал дәл иегімнің астындағы бір шақыруға бара алмадым, оған барсам түбіртек қағазға жолдың қашықтығын да, барып-қайтқан уақытымды да ойланбастан-ақ ұзартып жазуыма болатын еді. Жүрісім суыт, сағат он бір жарымды соқты, ал пойыз 11.47-де келмек. Бұл пойыздың жайын жақсы білемін, жексенбіге әкеме барғанда дүйсенбі сайын көбінесе осымен қайтатынмын. Енді вокзалға жеткенше Муллердің осы қызы қандай болды екен деп көз алдыма елестетуге тырысумен болдым.

Бұдан жеті жыл бұрын, өзім әлі үйде тұрғанда, оны бірер мәрте көргенім бар; сол жылы мен Муллердің үйіне түп-тура он екі рет барған екенмін – әкемнің карап шығуына міндеттелген шет тілдері сабағының дәптерлерін айына бір рет апарып тұратынмын. Әр дәптердің соңғы бетінде, астынғы жағын ала шет тілдері оқытушыларының мұқияттап қойылған қолдары тұратын: Му дегені – Муллер, Цбк – Цубанек және Фен – бұл енді өзім Фендрих дейтін фамилиясын алған әкемнің қолы.

Неге екенін білмеймін, Муллердің үйінен менің есімде әсіресе қалғаны қабырғалардағы кара дақтар болды: жерден бастап ызбайланған ылғалдың қожалақ бұлттары сылақтың ашық жасыл түсін күңгірттендіріп екінші қабаттың терезелеріне дейін жетіп жататын; киялда ғана болатындай бұл жайылма әлдебір тылсым атласты еске түсірерліктей еді – жазда оның айнала жиегі кеберсіп, алапестің қабыршағына ұқсаған ақтандақ шенбер жасайды, бірақ күннің нағыз қайнаған ыстығында да бұлт түгел ыдырап кетпей, карасұр өзегінің ылғалын сақтап қалады. Ал күз бен қыста ылғал қайтадан дендеп, шенбердің ақтандақ қабыршақтарын оп-оңай жайлап, сорғыш қағаздағы сия тамшысындай тоқтаусыз жайылып

кете барады. Сондай-ақ Муллердің салдыр-салақтығы да, шәркейімен еденді тырпылдата басатын енжар жүрісі де, сала құлаш мүштігі де, кітап сөрелеріндегі былғары мұқабалары да және ауыз үйдегі фотосуретте шәниген Муллердің өзі де жақсы есте қалыпты – бұл суреттегі алабажақ студент телпегін киген жасөспірім жігіт бейнесінің астына нешетүрлі жөргемделген бұрама әріптермен "Тевтония" немесе әлдебір "...ониясы" бар сөз жазылған. Оқта-санда мен Муллердің ұлын да көретінмін, ол менен екі жас кіші еді, бір кезде екеуміздің бір класта оқығанымыз да бар, бірақ мен сонда-ақ одан алаңсыз қалып қойған болатынмын. Шашын келте қырыққызған, тапалтақ бойлы, денесі тығыршықтай, енекенің жас төлінен аумайтын ол, жанының жайсаңдығынан болар, менің қасымда көп тұрып мазамды алғысы келмейтін, оның менімен сөйлесуінің өзі онайға түспейтін, себебі, өзі ойлағандай, тым елпілдеп, ілтипат танытқансып, орынсыз арсаландау арқылы менің көңілімді ауыртып алам ба деп қорынатын. Сондықтан мені көрсе болды аңқылдай амандасатын да бірден әкесінің кабинетіне бастай жөнелетін. Ал Муллердің қызын – он екі-он үштердегі селтиген қызалақты екі-ақ рет көрдім білем: бірінде бақ ішінде гүл өсіретін бос құмыралармен ойнап жүргенін көргенім бар – мүк басқан қоныркай жасыл қабырғаның түбінде сол көзге жағымды, қызғылт түсті құмыралардан пирамидаға ұқсас бірдеңе салып алған екен, аяқ астынан "Хедвиг!" деген әйел дауысы естілгенде оқыс селк ете түсті, оның бұл үрейленуі ілдәлдамен әрең тұрған күллі құрылысын да шарпыды білем, пирамиданың төбесіндегі құмыра кенет дір етіп, шайқала берді де төмен құлап, бақ ішіндегі аяқжолдың дымқыл цементіне тиіп күлпаршасы шықты.

Енді бір жолы мен оны дәлізде, Муллердің кабинетінің қасынан, киім-кешек салатын себеттен қуыршағына бесік жасап алып ойнап отырған жерінен көрдім; нәзік, балаң мойнына түскен шаңқан түсті шашы ауызүйдің алакөбеңінде жасыл шырайланып көрінеді екен, мен оның қуыршағына еңкейіп, – қуыршақтың өзі көріне қойған жоқ – баяу үнмен бейтаныс бір сазды қайталап, ара-тұра оған Зувейя-зу-зу-Зувейя дейтін түсініксіз сөзді немесе, бәлкім, адам атын қосып әндетіп отырғанын естідім; ал жанынан өтіп бара жатқанымда ол басын көтеріп еді, ұзын, жібектей майда, алтын түстес шаш көмкерген ашаң, жүдеу жүздің қарағанын көзім шалды. Демек, сол қызалақ енді мен пәтер тауып бермек болып жүрген Хедвигтің өзі болғаны.

Бір айта кетерлігі – маған Муллер табыстағандай бөлмені біздің қалада, сірә, жиырма мыңдай адам іздеп жүрген шығар, ал ондай бөлме бүкіл қалада мыктағанда екеу, әйтпесе, тегі, біреу-ақ болар және оны ғайыптан тайып өзекті жандардың ортасына кіріп кеткен беймәлім бір періште жалға берер-ақ, – ал мен, сәті түсіп, дәл сондай бөлмеге ие болған едім әрі оны өзімді интернаттан алып кетуге әкемді әзер деп көндірген кезімде тапқан болатынмын. Обалы кәне, бөлмем кен, аса керемет болмаса да тәп-тәуір жабдықталған, сондықтан мұнда тұрған төрт жылым рақат өмірдің бір сәтіндей болып өте шықты; менің көз алдымда үйбикесінің балалары дүние есігін ашты, тіпті кенжесіне мен кіндік әке болдым, өйткені түннің біруағында акушерді шақырған мен едім. Алғашқы айларда мен – өзім де елеп-аланнан тұратын болғандықтан – Робертке сүт ысытып, оны бөтелкемен емізіп жүрдім, өйткені түні бойы әбден діңкелеп шаршаған бике таңға жуық қатты ұйықтап қалатын да оны оятуға дәтім бармайтын. Оның күйеуі – өзін "туабітті суреткер" санайтын, дарыны тағдырдың тәлкегіне айналып, даңқ тұғырына шыға алмай қалғанын, соғыстың қырсығынан жастық шағы өкінішпен өткенін сағаттап айтудан жалықпайтын жалқаулардың бірі.

– Бізді алдады, – деп зар жылағанда етегі жасқа толады, – өміріміздің нағыз өркен жаяр шағын, жиырмадан жиырма сегізге дейінгі дәуірлейтін жылдарымызды ұрлады...

Осылай қолды болған жылдарын міндетке ұстап, ол қайдағыбір болымсызбен айналысады, ал әйелі соның бәріне немкетті қарайтыны былай тұрсын, тіпті оның картина жазып, үй жобалап, музыка шығарамын дейтін шатпақтарын қаржыландырып отыратынын қайтерсің... Әйтеуір менің білуімше, оның қолынан сол үшеуінің бірде-біреуі келмейді, бірақ әредік қалтасына азын-аулақ қаржы түсіп тұратыны рас. Оның "Жазушының Альпідегі жекежайы", "Мүсіншінің жекежайы" деген сияқты нобайлары пәтерінің бүкіл қабырғаларын алып жатады және сол нобайлардағы сәулетшілер салатын, мұқият қолдан шыққан жасанды ағаштардан көз сүрінеді, ал мен болсам сәулетшілердің сол ағаштарынан жүрегім айниды, себебі бес жылға жуық уақыттан бері күнбе-күн соларға қараумен келемін. Оның айтқан ақылдарын да мен таныс емшінің ішірткісін қабылдағандай үнсіз ғана тыңдаймын.

– Сіздей кезімде, – деп алыстан орағытып бастайлы ол, – осы қалада бойдақ бола жүріп көрген тауқыметімді сіз тұрғай дұшпанның басына бермесін. – Соны айтқанда мен оның жезөкшелер жайлаған орамды емексітіп отырғанын пайымдауым керек.

Тегінде, менің үйбикемнің күйеуі жаман да адам емес, бірақ менің білуімше, барып тұрған санасыз және бірден-бір кісілігі әйелінің махаббатын сақтай біліп, үйелмелі-сүйелмелі балалардың әкесі болғаны деу керек шығар. Ал үйбикем – енсегей бойлы аккұбаның әдемісі, кезінде менің өзім де ессіз ғашық болып, көзден тасада оның алжапқышын, биялайын сүйіп, өзін парықсыз күйеуінен қызғанып, түн баласы көз ілмей шығатынмын. Алайда әйелі оны сүйеді, демек, осындай әйелдің – күні бүгінгі дейін өзім сұктанудан танбаған арудың махаббатына ие болу үшін еңбеккор болудың, аста-төк табыс табудың қажеті де жоқ екен ғой. Кейде ол әртістердің дәмханасы деп аталатындардың біріне барып, арзан шнапстың бір бөтелкесін тастап алып, алабажақ галстугі мен дудыраған шашын көрсетіп қайту үшін менен азын-аулақ ақша сұрайтыны бар, ал мен оның меселін қайтара алмаймын, сол бірер марканы аяймын деп әйелінің көнілін қалдырудан қорқамын. Ол да соны біледі әрі жақсы пайдаланады, өйткені жалқау атаулының бәрінде болатын түлкі қулығы және бар. Оның жалқау екені сөзсіз, бірақ онысын сездірмеуге тырысады, бүкіл өмірі бір сәттік шабыттан тұратындай, өзін сол шабыттың шабандозындай етіп көрсеткісі келеді, ал мен болсам оның осыны да мандытпайтынына кепілдік бере аламын.

Мен дәл өзімдікіндей басқа бөлменің жоқ екеніне сенімді едім, сондықтан Муллердің қызына нақ орталықтан, ескі қаладағы өзім жұмыс бабымен жиі барып, резеңкеаралық қабаттарының тозған-тозбағанын тексеріп, ескірген сымдарын жаңартып, босаған бұрандаларын қатайтып беріп жүретін кір жуатын салон орналасқан үйден содан кем түспейтін бөлме тапқанымда өзімнің таңданысымда шек болған жоқ. Мен көне қаланы, соңғы жарты ғасыр беделінде өзінің тұрғындары мен үй иеленушілерін есте жоқ ескі күндердің бірінде тойға киілген қадірі бөлек көнетоз фрак секілді алмастырып үлгерген осынау жайлы орамдарды жанымдай жақсы көремін – тойдан соң сол фрак бос уақытында музыканттың көлденең табысынан арланбайтын кедейленген нағашыға өтетіні, содан кейін о дүниелік болған нағашының туыстары ломбардқа салып, бірақ қайтадан сатып алмаған фрак енді көтерме саудаға, одан әрі кәстөмшінің қолына түсіп, ол арқылы арзан бағасына тағы біреулерге – қай жерде орналасқанын кенже ұлдарының жағырапиялық атласынан іздеп өздері де таба алмай жүрген шетелдік бір мемлекет елшісінің қонақасына шақырыла қалған кедейленген ақсүйектерге жалға берілетіні болушы еді ғой.

Дәл сол кір жуатын салон орналаскан үйдсн Муллердің қызына тапқан бөлмем оның әкесінің талаптарына толық сай келетіндей әрі кен, әрі жұпынылау болса да жайлы жиһазы бар болып шықты, үлкен терезесінен аксүйектер заманындағы ескі мырзалар бағына кен көрініс ашылады; өзі тура орталықта болғанымен, кешкі бестен кейін жанға жайлы тылсым тыныштық орнайды екен.

Бөлмені бірінші ақпаннан бастап жалдадым. Содан соң машақат басталды, себебі қаңтардың соңына қарай Муллер кенет хат жазып, қызының ауырып қалғанын, енді тек наурыздың ортасына қарай келетінін хабарлады және сол себепті бөлмені қызына қалдыра тұруға, бірақ ақысын есептемеуге болмас па екен деген тілек айтты. Мен соны оқысымен ызалы жауап жазып, қалада баспана жайының қаншалықты қиын екенін барынша түсіндіріп бақтым және, шынымды айтайын, жолы болғыр сол бір жарым айдың ақысын төлеуге сөзсіз келісімін берген қарттың момақан жауабынан қатты ұялдым.

Осы уақыттың ішінде қыздың өзі туралы ойлануға да мұршам болмады – тек Муллердің уағдалы ақшасын жіберген-жібермегенін ғана мұқияттадым. Ол жіберген екен, соған көзімді жеткізгенде барып үйбикесі мен бөлме іздеуге алғаш шыққан күні берген сұрағын тағы қайталады.

– Сол сіздің қызыңыз емес пе? Шынымен сіздің қыз емес пе?

– Құдайым-ау, – дедім мен ашуланып, – айттым ғой: мен тіпті оны танымаймын да.

– Есіңізде болсын, мен анау-мынауға ... – дей беріп еді, оның сөзін бөлдім:

– Білем, білем неге жол бермейтініңізді, бірақ тағы қайталап айтайын: біз тіпті таныс та емеспіз.

– Солай-ақ дейік, – деп ыржиды ол және тек сонысы үшін ғана мен оны жек көріп кеттім. – Оны сұраған себебім: атастырылған жандар үшін кейде жеңілдік жасайтыным бар ғой.

– Ой, тоба, – дедім мен күніреніп, – енді маған жетпегені атасу еді. Сәл басылыңызшы, құдай үшін.

Бірақ, байқаймын, ол онша сабасына түсе қоймаған сықылды.

Вокзалға бес минуттай кешігіп жеттім де автоматтың ойығына тиын салып, ол перрон билетін бергенге дейін сол баяғыда шет тілі дәптерлерінің кезекті топтамасын қолтығыма қысып алакөбең дәлізбен бара жатқанымда Муллер кабинетінің есігі алдында өзінің жұмбақ әні "Зувейясын" созып отырған қызды есіме түсіруге тырыстым. Мен перроннан шығатын баспалдақтың алдындағы онашалау жерде тұрып іштей: аққұба, жиырма жасар, болашақ

мұғалім деп қайталаумен болдым – бірақ қасымнан ентелей өтіп, шығар есікке ағылған адам таскынына караған сайын, сірә, бұл дүниеде жиырма жасар аккуба каздардан көп ештене болмас деген ойға келдім, – осы пойыздан түскен мың-сан аккуба кыздың бәрі колына шабадан ұстаған және, келбетіне караса, бәрі мұғалім болуға лайық тәрізді. Әрі мен солардың бірде-біреуіне жанасып, жөн-жосығын сурауға құлкым да, шамам да жоғын сездім, сондықтан езуіме сигаретімді кыстырып, шеткерірек шығып кеттім. – нак сол сәтте перрон шарбағының түбіндегі жалғыз кескінге көзім түсті: шабаданына тізе бүккен кыз, тәрізі, менің ту сыртымда бірталайдан бері отырғанға ұксайды; шашы қоңыркай түсті, ал пальтосы жаңбырлы жылы түнде жер төсін жарып жана шыккан дала көгіндей жап-жасыл екені сонша, мен тіпті көктемнің осынау алғашкы жас шөбінің иісін сезгендей болдым; шашы жаңбырдан сонғы шиферлі шатырдың түсіндей кап-кара да мінсіз әппак жүзі жана акталған кабырғаның астынан жосаның кызғылт рең бергеніндей әдемі-ак. Мен оны осылай боянып алған болар деп те ойладым, бірак ол боянбаған екен. Сол үртаза жасыл пальтоға, албыраған ак жүзге карап тұрып, кенет бойымды коркыныш билесін – жана жерге түнғыш аяк баскан, бірак осы жолда өздеріндей баска да экспедиция келе жатканын білетін әрі солардың бұл жерге туын кадап, өз меншігі деп жариялауы мүмкін екенінен секемденетін алғашкы ізашарлар, сірә, осындай коркыныш сезіміне бөленетін шығар – ұзакка созылған катерлі сапардың күллі азабы, тозағы мен тауқыметі боска кетерінен каупайлаған ізашардың коркынышы осындай-ак болар. Сол өңшырай менің жан-дүниемді бірден баурап алды да жұмсак балауызға түсіп, оны көктей өтетін ауыр шака сияктанып, оның терең түкпіріне бір-ак жетті, – жаным жараланды, бірак одан кан аккан жок, сол-ак екен, бір сәттік желік бойымды билеп, әлгі өңшырайды дереу тас-талкан етсем деген есерлік пайда болды – суретшінің бірден-бір баспа таңбаны алып, дәл осылайша накыш тактасының быт-шытын шығаратыны бар ғой.

Сигаретімді тастай беріп, арамыздағы алты кадамдык жерге жүгіре жөнеліппін. Кыздың алдына жетісімен коркынышым су сепкендей басылды. Әй-шай жок:

– Сізге көмектесуіме болар ма екен? – деп сұрадым.

Ол жымиып, басын изеді:

– Болады, Юденгассеге калай жету керегін білсеңіз.

– Юденгассеге ме? – деп кайталап сұрадым өз кұлағыма өзім сенбей: кейде бір түсінде өз атынды естіп, бірак анык өзінді

шақырып жатқанын аңғара алмай, нақ осындай халде болатынын бар ғой. Иә, мен аланғасар күйге түстім және аланғасар күйде болу дейтіннің не екенін өмірімде бірінші рет түсіндім. – Юденгассе деймісіз? – деп тағы қайталадым. – Е-е, Юденгассе ме! Білгенде қандай! Жүріңіз!

Сәл таңырқаған райда маған бір көз тастап, орнынан тұрғанына, зілдей шабаданын өзі қолына алғанына қарап, қол ұшын беруді де ұмытып, тұра беріппін, – дегбірім қашқаны сонша, тіпті әдеп дейтінді мүлдем естен шығардым. Қыз көшенің атын атасымен-ақ Хедвиг Муллер дейтіннің осы екенін білуге болатын, бірақ сол сәтінде санама жетіп үлгермей, кенжелеп келген ойдан есеңгіреп қалдым. Жоқ, мұнда бір түсінбестік бар сияқты: Муллердің қызы аккуба өнді екеніне, жақында ғана көз алдымнан өткен, болашақ мұғалім кейіптес сансыз аккуба қыздардың біріне ұқсайтынына әбден көнілімді бекітіп алған мен оны Муллердің қызы деп мойындай алмай дал болдым, тіпті бүгін де кей-кейде оның аты шынымен сол екеніне күмәнданамын да солай атаудан жасқана беремін, өйткені шын атын енді табатындай көремін.

– Иә-иә, – дедім оның сұраулы кейпіне жауап беріп, – жүріңіз, кәне жүріңіз, – деп зіл батпан шабадан көтерген оны ілгері өткізіп жіберіп, өзім артынан ілестім.

Сол сәтте, оның соңын ала бара жатқан жарты минуттың ішінде, оған не болатынымды, сол үшін алдымнан кесе-көлденең тұрған нәрсенің бәрін тас-талқан ететінімді ұқтым. Кір жуатын мәшиналерді қиратып, зіл батпан балғамен қаусатып жатқанымды көрдім. Хедвигтің арқасына, мойнына, қолына, ауыр жүктен ағарып кеткен саусақтарына қараймын. Билет ұсынған қолына бір сәт қолы жанасып кеткен бақылаушыдан да, аяғы тиген перронның асфальтынан да өзін өлердей қызғанып келемін, содан әбден сыртқа шығар жерде ғана қолындағы шабаданын алу керегін түсіндім.

– Кешіріңіз, – дедім жанына жетіп барып, шабаданын ала беріп.

– Мені қарсы алуға келгеніңіз қандай жақсы болды, – деді ол.

– Қалай? – деп қайран қалдым. – Сіз мені танушы ма едініз?

– Әрине, – деді ол күліп. – Сіздің суретіңіз ұдайы әкеңіздің жазу үстелінде тұрады ғой.

– Әкемді де білетін болдыңыз ғой?

– Білгенде қандай, – деп жауап қатты ол. – Ол кісі бізге сабақ берді емес пе.

Оның шабаданын артқы орындыққа жайғастырып, қасына сөмкесін қойдым да өзінің мәшинеге мінуіне көмектестім. – оның

алаканына, шынтағына тұнғыш рет осылай қол тигіздім: шынтағы жұмыр әрі мығым, алаканы үлкен, бірақ керемет жеңіл, суық әрі құрғақ екенін сездім, – ал рульге отыру үшін мәшинені айналып бара жатып кенет радиатордың алдына жете бере кідірдім де капотты ашып, мотордың әлденесін тексерген адамша біраз айналдым, бірақ екі көзім мәшинеде жаурап, бүрісіп отырған қызда; кенет бойымды қорқыныш билеп ала жөнелді, бірақ бұл оны біреу біліп қойып, тартып ала ма дейтін алғашқы қорқыныш емес еді, өйткені енді мен бүгін де, алдағы күндерде де, әмбесі жинала келгенде өмір деп аталатын күндердің бәрінде де одан екі елі ажырамайтынымды білген соң ол қорқыныштан із де қалмаған болатын. Жоқ, бұл басқа қорқыныш, енді сөзсіз болуға тиісті, болмай коймайтын шындықтың алдындағы қорқыныш еді: мен мінбекші болған пойыз екі иінінен демалып, жолға шығуға әзір тұр, жолаушылар орындарына жайғасқан, семафор ашық, қызыл фуражкалы кондуктор өзінің күрекшесін көтерді, енді бәрі мені күтулі, мен де басқышқа аяғымды салдым, жолаушылар тек менің вагонға кіруімді күтіп отыр, – міне, осы сәтте мен пойыздан секіріп түстім. Мен өзімді күтіп тұрған сансыз ашық әңгімелерді ойладым және кенет сондай әңгімелерді, ешқашан бітіп болмайтын мәнсіз де дәмсіз мылжыңдарды, кім кінәлі, кім кінәсіз дейтін бостекі тәжікелесуді, өзара жазғыруларды, дау-дамайды, телефон былшылын, мыжыма хаттарды, мойныма артуға тура келетін, артып та үлгерген кінә-кінәраттарды жаным жаратпайтыны есіме түсті. Өзімнің бұрынғы, мейлінше "жарасымды" өмірімді көрдім – ол басы-қасында механигі жоқ әлдебір таңғажайып күрделі мәшине секілді бос жүріспен жұмыс істеп тұр екен; әйтеуір қасында мен жоқпын; қозғауыш беталды кеткен, бұрандалар босаған, поршеньдер қып-қызыл боп қызған, ауаға әлдебір темірлер ұшып, қоңырсық иіс шыға бастаған.

Мен әлдеқашан-ақ капотты жауып, мәшиненің тұмсығына шынтақтай сүйенген қалпымда алдыңғы терезеден әйнек тазалағыштың қиғаш жолағы екіге айырған қыздың жүзіне қараппын да қалыппын: оның қандай көрікті екенін күні осы уақытқа дейін бірде-бір еркектің байқамауы, айдай сұлу ажарын танымай келуі қалай екенін түсінер емеспін, – жоқ әлде бұл сұлулық мен оны көрген сәтте дүниеге жарқ етті ме екен?

Ол маған мәшинеге кіріп, тізгінді қолыма алғанда барып бірақ карады және сол көзқарасынан қазір бұл бірдеңе айтар ма екен немесе, құдай ұрып, бір сұмдықты шығарар ма екен дегендей үрей нышанын көрдім, бірақ мен ештеңе айтпадым, мәшинені үнсіз

орнынан қозғадым, сөйтіп біз қалаға бет алдық; тек әредік оңға бұрылғанда оны қырынан көріп қаламын және оның да көз қиығымен маған ұрлана қарағанын байқаймын. Юденгассеге жете бере ол тұруға тиісті үйдің алдына мәшинені тоқтатпақшы болып жылдамдықты тежедім, бірақ біз тоқтап, мәшинеден шығып, үйге кірген соң не істеп, не қоятынымнан хабарым болмаған соң тағы да алға тартып, Юденгассені шарлап өтіп, қаланы түгелге жуық аралатып, вокзалға қайта соғып, одан сол жолымызбен Юденгассеге қайтып оралғанда барып мәшинені тоқтаттым.

Мәшинеден түсуіне көмектесіп, сол қолымдағы оның жеп-жеңіл құрғақ алақаны мен мығым әрі жұмыр шынтағын тағы да сезінгеніммен, бір ауыз сөз айтқан жоқпын. Шабаданын алып, көше беттегі кіреберіске келіп қоырауды бастым, қыз сөмкесін ұстап соңымнан ілесіп келе жатқанын білсем де оған қайырылып қараған жоқпын. Шабаданды көтерген бойы бірінші боп үйге кірдім де жоғарыға көтеріліп, жүгімді есіктің алдына қоя салысымен кері бұрылғанымда барып, сөмкесін қолына ұстап баяу көтеріліп келе жатқан Хедвигті жолықтырдым. Оған қалай сөйлеуді де білмедім, Хедвиг деу – ұяттау, "фройляйн Муллер" десем – тіпті ынғайсыз, сондықтан жәй ғана:

– Мен жарты сағаттан соң ораламын, сонда тамақтануға барармыз, жарай ма? – дей салдым.

Ол тек біртүрлі қиыс қараған сияқтанып басын изегенде бет әлпеті бірденені жұтпақшы болып, бірақ жұта алмаған адамды көзге елестетердей еді. Мен басқа ештеңе айтпадым, төмен жүгіріп түсіп, мәшинеге міндім де бетім ауған жаққа жүріп кете бардым. Қай көшелермен жүріп, не ойлағанымды да білмеймін, тек есімде қалғаны – бұрын ұдайы өзім ғана жүретін, тек окта-текте ғана қасымда Улла болатын мәшинеде енді жападан жалғыз қалғандай болдым және осыдан бір сағат бұрын Хедвигсіз, бір өзім ғана вокзалға қалай барғанымды есіме түсіруге тырыстым.

Бірақ соның қалай болғанын елестете алмадым: иә, өз мәшинемде өзімнің отырғаным, жападан жалғыз вокзалға кетіп бара жатқаным көз алдыма келеді, бірақ ол тіпті де мен емес, менің егізекі сынарым сияктанады және сол екеуміз судың екі тамшысындай ұқсас болсақ та ол тек сыртқы ұқсастық тәрізді көрінеді. Сол бетіммен салып ұрып гүл сататын магазинге жетіп қалғанымды білгенде барып мәшинені тоқтаттым да ішке кірдім. Тұла бойымды салқын ауа шарпып, жағымды иіс мұрнымды қапты, магазин іші бос екен. "Жасыл раушан керек, – деп ойладым, – иә, жасыл күлтелі раушан керек", соны айта беріп, айнадан өзімді

көріп қалдым, қалтамнан әмиянымды шығарып, ақша алып жатқанымды көрдім; тіпті өзімді бірден тани қойған да жоқпын және "жасыл раушан" деп дауысымды шығара күбірлеп тұрғанымды түсініп, табанда қызарып кеттім әрі біреу-міреу көріп қоймады ма деп қорқып та қалдым, өзімді тануым да осы қызарып кеткенімді түсінгенімнен болды және көкейіме: "Демек, шынымен бұл сен екенсің ғой, асылзада адамсып тұрған да өзің боларсың" – деген ой қашты. Бос кеністіктің қойнауынан жайқала басып, жымиған күлкісі мен қаз-қатар тізілген жасанды тістерінің шұғыласын бұлдап егделеу тартқан сатушы әйел көрінді: сірә, таңғы асын жаңа жеп болса керек, аузына салған дәмін әзер толған, үйреншікті жымиысын бетіне іле салып шыққаны байқалады, бірақ маған соның дәмі жұтыла қоймай, жымиысы бетіне қона кетпей тұрғандай көрінді. Бет әлпетіне карап, өз ойында мені бірден-ақ "алқызыл раушан" санатына қоса қойғанын аңғардым және ол, шынымен-ақ, жайқия күлген қалпы, күміс шелекте тұрған қызыл раушандарға қарай қайқая жөнелді. Саусақтары лыпып, гүл сабақтарын мейірлене сұрыптағанын көріп тұрып, ашынажайларда болады деп үйбикесінің күйеуі Бротих айтып, үнемі сақтандыратын әдепсіздіктер есіме түсті және өмір-ғұмырымда ашынажайда болып көрмесем де, қарап тұрып жүрегім айныды.

– Ғажап қой, солай ма? – деп сұрады сатушы.

Бірақ маған қызылы керек емес еді, оларды әсте ұнатпайтынмын.

– Ағы болса, – деп қырылдап едім, екі езуін екі құлағына қыстырған сатушы ақ раушандар салынған бақыр шелекке бұрылды.

– Е, үйлену тойына десенізші, – деді ол байқампаздық танытып.

– Иә, – дедім, – үйлену тойына. – Соны айтып, қалтамдағы барымды – екі қағаз ақшам мен тиын-тебенімді шығарып, сөренің үстіне қойдым да барды-жоқты бақыр тиындарымды ұсынып: "Бәріне кәмпит" дейтін бала кездегі машығыммен: – Бәріне ақ раушан ... Тек жасыл күлтесі көбірек болсын, – дедім.

Сатушы қағаз ақшаны алып, ұсақ тиындарды саусақтарының ұшымен зыпылдата санап шықты да бір бет орама қағазға тез-тез жазып, маған қанша раушан тиесілі екенін есептеп шығарды. Ақша есептегенде езуіндегі күлкісі зым-зия болып кетіп еді, ақ раушандар салынған бақыр шелекке қарай бет алғанда ол, еріксіз келетін ықылық сияқты, жүзіне қайтадан ойнап шыға келді. Айналаны түгел тұмшалаған сасық иістің уыты кенет басыма шапты, сол-ақ екен, жалма-жан екі-ақ аттап сөренің алдына жеттім де ақшамды түгел сыпырып алып, сыртқа атып шықтым.

Мәшинеге ырғып мінуім мұн екен, сонымен бір мезгілде адам білмес бір алыстан өзімнің жаңа ғана магазиннің кассасын тонаған қарақшыдай жанұшыра мәшинеге мінгенімді көргендей болдым да орнымнан атырыла жөнелдім, ал алдымнан вокзал көрінгенде құдды бір Хедвигті қарсы алғаннан бері мұны мың жылдан бері күніне мың мәрте келіп көріп жүрген сияқтандым, – бірақ вокзалдағы сағаттың тілі тек он екіден он минут кеткенін көрсетіп тұр екен, ал мен автоматқа тиын тастағанда он бес минутсыз он екі болатын: мен әлі тиынды қабылдаған автоматтың ызылдағанын, содан соң оның билетті кесірлене түкіріп тастағандай сырт еткен үнін естіп тұрғандаймын, – бірақ осы екі арада өзімнің кім екенімді, қандай екенімді және немен айналысатынымды мүлдем ұмыттым.

Вокзалды айналып шығып, қолөнершілер банкінің жанындағы гүл сататын дүкеннің алдына тоқтадым да үш маркаға сарғалдақ сұрадым – он тал сарғалдақ беріп еді тағы үш марка ұсынып және он талын алдым. Гүлдерді мәшинеге апарып, арткы орындыққа, аспап салатын шағын шабаданымның қасына тастадым, содан соң гүл сататын дүкеннің жанынан тағы өтіп, қолөнершілер банкіне кірдім де пенжегімнің ішкі қалтасынан чек кітапшамды алып, кассаға қарай жайлап басып бара жатқанымда өзіме өзім сәл күлкілі, бәлкім, тым салтанатты көрініп кеттім, оның үстіне бұлар менің ақшамды бермей коймас па екен дейтін үрей бойымды биледі. Чек кітапшамның жасыл мұқабасында жиған-терген каржымның сомасы – 1710 марка 80 пфенниг жазылған еді, сол арада чекті баппен толтырып, 1700 деген цифрды оң жақтағы шаршыға жаздым да оның астындағы "сомасы – сөзбен" деген сызық жолға "бір мың жеті жүз марка" деп қондырдым. Соның астына, оң жағына "Вальтер Фендрих" деп қол қойдым әрі сол сәтте өзімді басқа біреудің чегіне қол қойып тұрған алаяқ секілді сезіндім. Әлі де болса күлмәнім ашылатынынан қорка тұрып чегімді бақылаушы қызға ұсынып едім, ол тіпті маған назар салып қарамастан чекті тасымалдағыштың таспасына тастай салды да маған сары түсті картон нөмір берді. Мен кассаның терезесіне барып, тасымалдағыштың таспасымен қаз-қатар жылжып келе жатқан чектерді қызықтадым да тұрдым, әлден соң жайлап жылжып менің де чегім жетті, бірақ сонда кассирдің өз нөмірімді айқайлап айтқанына қайран қалып барып ақ мәрмәр тақтаға нөмірімді қойдым да табанда ақшамды алдым: жүздіктен он және елуліктен он төрт қағаз екен.

Қалтамды ақшаға сықап банкіден шыққанда бойымды біртүрлі сезім биледі: иә, бұл менің ақшам, оны адал жолмен, тіпті көп

қиналмай-ақ жинадым, өйткені табысым жаман емес, бірақ сөйтсе де айналамдағының бәрі – әппақ мәрмәр ұстындар, өзім жаңа далаға шыққан, алтын жалатылған ауыр есік, есікшінің кісімсінген суық жүзі – бәрі-бәрі маған өз ақшамды өзім ұрлағандай әсер қалдыратын сыңайлы.

Әйтсе де, мәшинеге отырысымен ракаттанып бір күліп алдым да шат көңілмен қайтадан Юденгассеге тарттым.

Фрау Грольтаның пәтеріне қоңырау соғып, құлпының сырт еткен дыбысын естісімен есікті ту сыртыммен аштым да діңкелеген, үмітсіз кейіпте баспалдакпен жоғары көтерілдім; үмітсіздігім – болмай қоймайтын нәрседен қорқамын. Гүлімді салбырата ұстап, бір дорба картоп көтерген адам секілдімін. Біреу желкелегендей боп, айналама қарайламастан, салып ұрып келемін. Қарсы жолыққан үйбикенің кейпі қандай болғанын білмеймін, – оған да көз салмастан өте шықтым.

Хедвиг, қолында кітабы бар, терезе алдында отыр екен, бірақ мен оның кітапты жәй көз қылу үшін ұстағанын бірден байқадым: дәлізбен ақырын-ақырын жылыстап отырып оның бөлмесіне дейін жеттім де, құдды бір баукеспе ұры сияқты, есігін білдірмей аштым, – бұрын ешуақытта бұлай істемеуші едім, оны қайдан үйренгенімді өзім де білмеймін. Ол дереу кітабын жаба қойды, сол қимылының лып еткен шапшаңдығы мен сондағы жымиысы мәңгі есімде қалып қойыпты – мұқабаның екі жартысы оқыс сарт ете қалғаны әлі құлағымда тұрғандай, ал кітабының ішіне бетбелгі ретінде салынған теміржол билетінің қалықтап барып еденге қонғаны да, оны не ол не мен жерден ала қоймағанымыз да анық көз алдымда.

Есіктің көзіне токтаған күйі бақтағы ескі ағаштарға, буыншағы ашылып, үстел үстіне және орындықтардың арқалығына қобырата тастай салынған Хедвигтің көйлектеріне, баданадай қызыл әріптермен "Педагогика оқулығы" деп жазылған қоңыркай кітап мұқабасына қарағыштай беремін. Кереует пен терезенің арасында сілейіп тұрған Хедвигтін екі қолы салбырап кеткен, бірақ дағыра қақпақшы болғанымен, таяқшаларын алуды ұмытқан дағырашы секілді, алаканың сәл жымқырып алыпты. Екі көзім онда болғанмен ниетім мүлдем басқада; дәл қазір ойыма Виквебердің жәрдемшісі болған, шәкірт кезімде жұмысты көбінесе менімен қатар істеген бір жігіттің әңгімесі түсті. Аты Грёммиг еді, сол жақ шынтағын қол гранатасының жарықшақтарынан қалған тыртық басқан алпамсадай арық неме болатын. Міне, сол Грёммиг маған соғыс кезінде канша әйелге қолы жеткенін айтып мақтанатын және кейде

"сол шаруаның" үстінде олардың бетіне сүлгі жауып қоятынын айтушы еді, – мен болсам, оның әңгімелері не себепті жүрегімді айнытпайтынына таң қалатынмын. Енді тек қазір ғана, арада алты жыл өткен соң, қолыма гүл ұстап Хедвигтің алдында тұрғанымда соны есіме алып, зәрем кетті – тегі, өмірімде содан сорақы ештенені естімеппін ғой. Ал шынында баска үйренушілер де әртүрлі пасықтықтарды айтатын, бірақ солардың бірде-біреуі әйелдің бетін сүлгімен тұмшалау дейтінді білмепті, сондықтан қазір енді солардың бәрі маған бейкүнә бала есепті көрініп кетті. Хедвигтің жүзі – баска ештенені ойлай алатын емеспін.

– Кетіңіз! – деді ол. – Қазір жоғалыңыз!

– Иә, – дедім мен. – Қазір кетемін, – бірақ кететін ойым жоқ; қазір оған істегім келген нәрсені мен ешбір әйелге істеп көрген емеспін; соны білдіретін сөз де көп, сөз орамдары да көп әрі соның бәрін дерлік мен білемін, интернаттағы және техникумдағы достарымнан үйренгенмін, бірақ мына қызға істегім келген нәрсеге солардың бірде-біреуі келмейді, – сол сөзді әлі күнге іздеумен жүрмін. "Махаббат" десем үйлеспейді, істің мәнісіне өзге сөздерден гөрі жақындау келгенімен, ол да емес.

Өзімнің бет әлпетімде жазылы тұрған үрей мен қорқыныш сезімін Хедвигтің жүзінен оқыдым, онда әдетте "ыкылас" деп аталатынның белгісі де жоқ еді, – бірақ сонымен бірге маған өзге еркектер айтканның, өздері әйел жүзінен канша іздесе де таба алмағанның бәрі сонда тұр, – сол сәтте мен тіпті Грёммиг те бұдан таза-такыр емес екенін түсіндім: әйел жүзін сүлгімен тұмшалағанда ол да өзінше сұлулықты іздеген шығар, бірақ – менің өз ойымша – бар болғаны сүлгіні лактырып тастаса жеткілікті болар еді. Хедвигтің бет әлпетіндегі менің жүзімнен ауысқан көленке біртіндеп тарай бастады – оның жан жүрегіме найзадай кадалған жүзі сол көлеңкенің қапасынан айығып келе жатқандай.

– Енді кетіңіз, – деді ол.

– Гүлдер сізге ұнады ма? – деп сұрадым мен.

– Иә.

Гүлдестені қағазға ораулы күйінде кереуетке қойдым да оның орауын жазып, гүлшанақтарын термелеп, ұзын жасыл жапырақтарын мейірлене саумалаған қыздың қимылына қарадым да тұрдым. Тіпті, күн сайын сыйға гүл алып жүрген адамнан аусашы.

– Маған гүлсауытты бере қойыңызшы, – деген өтінішіне қарай анадай жердегі әбдіренің түбінде тұрған гүлсауытты әкеп бердім; ол қарсы ұшырай гүлсауытты ала бергенде бір дем қолына қолым тиді және сол сәтте оны бауырыма тартып, сүйсем, сол қалпы

құшағымнан шығармай қойсам деген ынтызарлығымның бәрі ой-санамды шарлап өтті, бірақ мен соның бірде-біреуін істеген жоқпын, жәй ғана әуелгі орныма барып, босағаға сүйендім де онын құмырадан су алып гүлсауытқа құйғанын, содан соң гүлді соған салғанын қызықтап тұра бердім; гүлсауыт қызыл-қошқыл керамикадан жасалған екен, Хедвиг оны апарып терезе алдына қойғанда гүл мен сауыт күп жарасып кетті.

– Барыңыз, – деп қайталады ол, ал мен ләм-мим деп жауап қатпастан кері айналып, есікті шалқасынан аштым да шығып жүре бердім. Дәліз қаранғы екен, тек сонау алда кірер есіктің маңдайшасындағы көздей терезе ағарандап күңгірт елес береді. Қыз артымнан жүгіре шыкса екен, айқайлап тоқтатса екен деп тілеп едім, олай болмады, – сол беті қайырылмастан баспалдақпен төмен түстім.

Төменде, көше беттегі кіреберісте кідіріп, темекі тұтаттым да күн нұрына бөккен далаға қарадым, содан соң тұрғындардың атыжөндері жазылған кестелерді оқи бастадым: Хюнерт, Шмиц, Стефанидес, Кролль, ақырында үй иесі Грольттің фамилиясын да таптым, содан соң баспахана қарпімен жазылған "Флинк – жууға киім қабылдау" дегенді оқыдым, кір жуатын орын да осында еді.

Шылымымды шегіп болмастан көшенің арғы бетіне өтіп тоқтадым да үйге қарсы тұрып, кіреберістен көз алмауға тырыстым. Сондықтан тура құлағымның түбінен кір жуатын салонның иесі фрау Флинктің дауысы естілгенде селк ете түстім: ол, сірә, ақ халатын да шешпестен, арнайы мен үшін көшеден өтіп келген болуы керек, ал мен оны байқамаппын да.

– Беу, Фендрих мырза, – деп желпіне сөйледі ол, – сізді құдайдың өзі кезіктірген болар. Менің бір мәшинем қызатын болып жүр. Сірә, әлгі қу кыз бірдеңесін шатастырған болар.

– Олай болса өшіріп тастаңыз, – деген кеңес бердім мен, тіпті фрау Флинкке бұрылып та қарамастан, екі көзім әлі кіреберісте.

– Қалай, сіз қарап та бермейсіз бе?

– Жоқ, – деп дүңк еттім. – Қарай алмаймын.

– Бәрібір осында тұрған жоксыз ба!

– Иә, – дедім мен. – Осында тұрмын. Бірақ мәшинеңізді көріп бере алмаймын. Нақ осында тұрғандықтан.

– Жоқ, бұл сұмдық екен, – деп фрау Флинктің зығырданы қайнап кетті. – Тұрысы мынау, бірақ мәшинені қарап бере алмайды!

Көзімнің қиығымен фрау Флинктің көшені қиып өткенін көріп тұрдым, ал келесі сәтте салонның есігінен ақ халат киген кір жуушы қыздардың төрт-бесеуі бір-ақ көрінді. Жыртындап күлгендерін естіп тұрмын, бірақ оларда жұмысым жоқ.

"Сірə, – деп ойладым мен, – адам суға кеткенде осылай болатын шығар: айналаң бозала бұлыңғыр, соның ортасында қақалып-шашалған сен басқа ештенені көрмейсің де, естімейсің де, құлағыңда біркалыпты шуыл, ал сен сол бір бұлыңғыр, бірақ неге екені белгісіз, дəмі тəтті көрінген қоймалжыңды жұта бересің".

Менің миым, өшіруін ұмытып кеткен мəшине сияқтанып, өз-өзінен жанталаса жұмыс істеп тұр: кенет бұдан екі жыл бұрын техникумдағы емтиханда шеше алмаған алгебра есебінің шешімін таптым да көптен қиналып есіне түсіре алмаған кісі аты немесе сөз аяқ астынан басыңа сап ете калатындағыдай шат-шадыман сезімге бөлендім.

Тоғыз жыл бұрын сабақта есіме түсіре алмай қойған ағылшын сөздері өзінен өзі тілімнің ұшына орала берді – кенет "сірінке" сөзі "matsch" болатыны есіме түсті. "Тез сірінке əкеліп беріп еді, əкесі шылымын тұтатты. Алауошақтағы от дүркірей жанды да Үндістан туралы əңгімесін бастамас бұрын əкесі отқа бірнеше шөрке салды". Шөркені ағылшынша "log" дейді, сонда ешбір баланың – тіпті үздік оқушының да – шамасы келмеген осы сөйлемді мен казір оп-оңай аударып берер едім. Өзім біртүрлі ұйқыда сияктымын жəне бұрын ешқашан жаттамаған, оқымаған, естімеген сөздерді əлдебіреу ұйқыда құлағыма сыбырлап тұрғандай. Бірақ көзім бір ғана нысанадан – ерте ме, кеш пе əйтеуір Хедвиг шығатын есіктен калт етер емес: ол өзі қоңыр сыры жылтыраған жап-жаңа есік еді жəне маған дүниеде сол есіктен маңызды ештене жоқтай көрінді, одан басқа ешнəрсені көріп-білмегендеймін.

Жанымның қиналған-қиналмағанын да білмеймін: қара-қошқыл су қабаты үстімнен басып алған, əйтсе де санам қашанғысынан айқын – енді фрау Флинктен кешірім сұрау керек болды ғой деп ойлап та үлгердім, ол маған қашанда қамқор болып жүретін, Хедвигке арналған бөлмені де тапқан сол еді, ал кейде салым суға кетіп келсем кофе қайнатып беретіні де бар. "Əйтеуір бір алдынан өтіп, кешірім сұрау керек болды", – деп ойладым. Тегі, істейтін шаруа бастан асады, соның бəрі ойға оралды, тіпті бүгін телефонмен боздап тұрып сөйлескен, бəлкім, мені əлі күтумен отырған Курбельштрасседегі əйел де есіме түсті.

Бұрын да өзім біліп, бірақ осы алты жыл бойы мойындауға батылым бармай жүрген жайды енді анық білдім: өзім қолға алып, үйренсем деп талпынып көрген өзге жұмыстарым сияқты бұл жұмысты да ит етінен жек көреді екенмін. Мен кір жуатын мəшиналерді жек көремін, сабынды судың иісінен жүрегім айниды,

бұл тек жәй ғана жеркеніш емес, одан да сорақы бірдене. Енді білсем, жұмысымдағы бар жақсы көретінім тек ақша болды, ал ақша жағы менде бар; қолымды қалтама салып едім – иә, ақшам осында екен.

Қайтадан шылым тұтаттым, бірақ оны да ойланбай істедім: қалтамнан қорапты алып, одан шылымның біреуін шертіп шығардым, кіреберістің есігін бір сәт оттықтың қызғылт жалыны шарпыды, содан соң тағы бір сәтке темекі түтінінің көкшіл түтініне оранды, – бірақ темекі кермек татып, жүре қоймады, сондықтан оны ақырына дейін тартпай, су ағатын жырашыққа тастай салдым. Содан соң тағы бір шылым тарткым келгенде қораптың салмағынан темекінің біткенін сезіп, бос қорапты да сол жырашыққа тоғыттым.

Аштық та, ретортадағы сұйықтық секілденіп әлдеқайдан төменнен көтерілген талмаурау сезімі де – бәрі-бәрі менің бойымда емес, одан тысқары, беталбаты болып жатқандай көрінді. Мен бұрын ән айтып береке таптырған адам емес едім, бірақ қазір, – ерте ме, кеш пе – әйтеуір Хедвиг шығуға тиісті есіктің алдында тұрып, ән салғым келіп кетті және одан бірдене шығарына кәміл сенімді болдым.

Ісінің бәрі "заң бойынша" болғанымен, Виквебердің алаяқ екенін білетінмін, бірақ тек қазір ғана, аяқжол көмкермесінің кедір-бұдырлау гранит кесегінде сол есікті бағып тұрып, әлгі алаяктықтың сырын ашқандай болдым: мен оның фабрикасында екі жыл жұмыс істедім, ал содан соң онда жасалатын электр аспаптарын – бағасын Виквебер мен Улла үшеуміз есептеп шығарып, белгілейтін аспаптарды техникалық бақылау мен өткізуге жауап беретін болдым. Біздің шикізатымыз арзан болды, арзан әрі берік еді, ұшақтар мен сүңгуір қайықтарға да сол шикізат жұмсалатын, ал Виквебер оны вагондармен алдырушы еді, сондықтан су ысытатын құрылғылардың бағасын олар әр данасына 90 маркадан нарықтайтын: ол кезде бұл өздері айтатындай, рынок "қаныккан" болса, үш бөлкенің, ал ол тағы өздері айтатындай, "сұйықтау" болса, екі бөлкенің бағасы еді. Ал мен кітап дүкенінің үстіндегі аядай бөлмеде әр құрылғыны мұқият тексеріп, әрқайсысына "Ф" әрпінен және тексеру күнінің белгісінен тұратын өз ен-таңбамды басатынмын, содан соң шәкірт балалардың біреуі құрылғыны қоймаға жеткізетін де сол жерде ол майлы қағазға оралатын, – ал осыдан бір жыл бұрын мен сондай құрылғының біреуін әкеме сатып әпермек болдым да Виквебер оны маған өзіндік құнына сатты, қамбашы мені қоймаға ертіп апарып, қай

таңдағанымды алуыма мүмкіндік жасады. Құрылғыны мәшинеге салып, әкеме апардым, ал оны орнатып жатқанда сыртқы бетінен "Ф" қарпі мен "19.02.47" дейтін мерзімі жазылған өз ен-таңбамды көрдім де бір пәленің көмескі сұлбасын байқағандай болдым: мұнда бір белгісізі бар теңдеуге ұқсас жатыпатарлық бар сияқтанып еді, енді қазір Хедвиг шығуға тиісті есіктің алдындағы аякжол көмкермесінде тұрғанымда кенет көзім ашылып, алаяқтықтың барлық кулық-сұмдығы ешқандай белгісіздіктің көмегінсіз-ақ екі жердегі екі сияқты түсінікті болып шыға келді: ол кезде үш бөлкенің құнына татитын құрылғы енді екі жүз бөлке тұрады, сонда тіпті мен сияқты өзінің өсімдерін ықтияттап алып жүрген жарнашыға да құрылғыны "өзіндік құнымен" сатып алу жүз отыз бөлкеге түседі екен, – сондағы бір белгісіздің бағасы санама жеткенде қатты таңырқағаным әлі есімде әрі сол сәтте бірден-ақ өзім екі жыл бойы "Ф" қарпін таңбалаған барлық үтіктерді, су ысытатын құрылғыларды, су қайнатқыштар мен электр плиталарды ойладым.

Неге екенін қайдам, сонау бала кезімде, ата-анам мені Альпыға апарғанда катты ашуланғаным сол жерде есіме түсті. Әкем мамамды қар жамылған тау шыңдарының аясында суретке түсірген, анамның сондағы қара шашы мен ақшыл пальтосы күні бүгінгідей есімде. Әкем суретке түсіріп жатқанда мен оның қасында тұрып едім: айнала төңірек ақ ұлпа, сол әппақ әлемнің ортасында – мамамның кап-қара шашы; бірақ үйде әкем маған негативті көрсеткенде бәрі керісінше шығыпты: тау төбе көмірдің аясында ақ шашты негр әйел тұрған тәрізді. Сонда мен жатып кеп ашуланғанмын және әкемнің химиялық үдерістерді – айтпақшы, соншама бір құпия дәнеңесі жоқ жайларды – түсіндірмекші болған әрекеті мені қанағаттандыра қоймаған еді. Содан бері мен өмір-бақи, міне күні бүгінге дейін, әртүрлі тұздар мен ерітінділердің химиялық формулаларының көмегімен мұны түсіндіру мүмкін емес деп келдім, ал оның есесіне мені "айқындағыш" деген сөздің сиқыры баурап алды; содан соң мені қалайда сабама түсіргісі келген әкем бізді әдейі қала сыртына шығарып, қара пальто киген мамамды көмір қоймасының аясында суретке түсірді де сол жолы мен негативтен бұрынғы ақ шашты негр әйелінің ақ пальто киіп, әйдік карлы таулардың аясында тұрғанын көрдім; ақ түс тағы да қара түске айналыпты, енді ол тек мамамның беті болып шығыпты, ал оның қара пальтосы мен көмір үйінділері көз ұялтардай мерекелі ақ түспен жарқырағаны сонша, тіпті мамам ертегіде ғана болатын ақ қар әлемінің

ортасында тұрғанына шынымен-ақ шат-шадыман екен деп қалуға болатындай.

Осы екінші суреттен соң да менің зығырданым сабасына түсе қойған жоқ әрі содан былай фотосурет дейтін өзі өз болып мені ешқашан қызықтырған емес, тіпті мен соларды неге жасайтынын да түсінбей қойдым, өйткені соның өзі көрінеу өтірік қой; мен негативтерді көруге құмартатынмын, қызғылттау көмескі бөлмеде отырған әкемнің жанына баруға өлердей құштар едім, оның "айқындағыш" құйылған тылсым легеншеге ақ түсті тікбұрыштарды салып, олар қалқып жүргенде беттеріне қар-қар болып, көмір – көмір болып айқындалып шығатынын көруге ынтықпын, бірақ олар нағыз қар да емес, нағыз көмір де емес еді, ал негативтегі қар маған нағыз қар болып, негативтегі көмір нағыз көмір болып көрінер еді. Әкем мені сабама түсіруге тырысады, дүниеде бар нәрсенің бәрінің бірден-бір дұрыс суреті біз секілді өзекті жандардың көзі түспейтін жерде – Жаратушы Құдайдың тылсым бөлмесінде сақталатынын түсіндірмекші болады, бірақ бұлайша түсіндіру де ол кезде маған тым жұпыны болып көрінеді, өйткені Құдай деген – ересек адамдар өздері түсінбейтін нәрселерден жалтару үшін пайдаланатын бір әспетті сөз ғана.

Бірақ осында, мына аякжолда тұрып, мен, сірә, әкемді түсінген сияқтымын: дәл осы жерде тұрғанымда өзімнің суретке түсіріліп жатқанымды, менің бейнем – әлдеқайдағы бір сұркай судың терең қойнауындағы жалғызілікті біреудің кескіні – әлдеқашан-ақ жасалып қойғанын түсіндім және сол бейнемді көрсем деп өлердей аңсарым ауды. Әгәрәки біреу қазір менімен ағылшынша сөйлесе кетсе, мен де ешбір қиналмастан ағылшынша жауап берер едім және тек қазір ғана, Хедвигтің үйі алдындағы аякжолда тұрғанымда, өзім өмір-бақи қорқып келген, бірақ ұяндығыма байланысты ешкімге тіс жарып айтпаған нәрсеге көзім ашылды: ғибадатқа нәзір-садақа тарату басталғанға дейін барудың да, сондай-ақ соңыра, шіркеу әбден босағанда біраз шама, кейде тіпті ұзақ отырып, орындықтарды апыл-ғұпыл үстел үстіне шығарып, тамақтану орнының жабылғанын жалғыз қалған келушінің каперіне салатын даяшыдай боп шіркеу қазметшісі бумадағы кілттерін салдырлатқанға дейін оңашада ой кешудің де мен үшін маңызы зор және әлгі жалғыз бейшараның басы ауған жаққа кете баратындағы мұң-шері ғибадаттың әбден соңына қарай барсам да шіркеуден тиянақ таппай қуылып шығатын менің күйінішіме өте-мөте ұқсас. Виквебер мүттәйім болғанымен шынында құдай деген адам екені және соның екеуі де – құдайшылдығы мен

мүттәйімдігі риясыз екендігі бұрын ойым түгіл санама да кірмейтін менің оған деген өшпенділігім енді сәби қолындағы шардың көкке ұшқаны секілді бір демде ұшып жоғалды – шарының жіп бауын кішкентай алақанына қысып, күні бойы ұстап жүріп қапелімде қолын босатып алған бала басын шалқайтып, шары кешкі аспанға шарықтап, бірте-бірте кішірейе түсіп, ақырында көзден ғайып болғанша қарап тұрмайтын ба еді. Виквеберге өшпендігім дәл осылайша кенет ұшып жоғалғанда бойым жеңілдегендей ақырын бір күрсінгенімді тіпті өзім де естідім.

"Жолың болсын", – деп ойладым да, көкке ұшып кеткен күрсінісімнің соңынан қараймын деп, бір сәт есікті назарымнан шығарып алыппын, – нақ сол мезетте бұрын өшпенділік кернеген жерімде жеп-жеңіл бос кеңістік қалғандай сезіндім, балықты торсылдағы көтеретіні сияқты мені де кенет көкке өрлетіп әкеткен сол сәт ұзаққа созылған жоқ, содан соң оның орнын енжарлықтың қорғасындай ауыр, зілбатпан жүгі басты. Әрі мен әлсін-әлі сағатыма қарай бердім, бірақ сағат тілі мен минут тіліне емес, алты санының үстіне еренсіз орнатыла салғандай кішкене шеңберге қараймын – уақытым менен қашып, осы күйтақандай шеңберге кіріп жатыр, тек осы елпілдеген қағылез тіл ғана әлі де болса маған әсер ете алады, ал ебедейсіз, жайбасар үлкендерінің оған шамасы жоқ, оның есесіне мына зәредей бәлекей тынымсыз, еңбеккор; жүрісіне көз ілеспейтін әрі икемді, әрі нақпа-нақ осы мәшинесымақ әрбір тықылымен көзге көрінбейтін әлдененің, уақыттың жұрнағын кеміріп, әр айналымымен бос кеңістікке терендей түсіп, мүжіп бара жатқандай және оның сол кеңістіктен бұрғылап шығарған шаң-тозаны үстіме ұнтақ боп себіліп, мені бір сиқырлы мүсінге айналдыра түсетінге ұқсайды.

Мен кір жуатын салонның қыздары ,қаздай тізіліп түстікке барғанын, содан соң қаздай тізіліп қайта оралғанын көріп тұрдым. Салонның есігінде қақиып тұрған фрау Флинктің басын шайқағанын көрдім. Ту сыртымнан адамдар өтіп жатыр, қарсы беттегі аяқжолмен, ерте ме, кеш пе Хедвиг шығатын есіктің алдымен жұрт сабылып, әлсін-әлі есікті көлегейлеп кетеді, әлі де тындыруға тиісті шаруаларымды ойлап мен тұрмын: мәшинеде қалған бір жапырақ қағазда бес мекен-жай, бес клиенттің аты-жөні жазылған, ал сағат алтыда мен Йооса дәмханасында Улламен кездесуім керек, бірақ, неге екенін қайдам, ойым Уллаға тұрақтайтын емес, үнемі жанамалай өтіп кете береді.

Күн дүйсенбі, наурыздың он төрті болатын, ал Хедвигтің шығатын ойы жоқ. Сағатымды сол құлағыма басып тыңдап ем,

кенет бос кеңістіктен кілең бір шеңберлерді бірінен соң бірін жеміріп жатқан құйтақандай сағат тілінің жынды келтірерліктей тынымсыз сыртылын естідім, қап-қара, ұқыпты шеңберлер кенет көзімнің алдында селкілдеп, есіктің айналасында құжынай билеп, содан соң суға лақтырылған шақалар секілді ақшыл бозамық аспанға сіңіп ғайып болды; ал содан соң, бір сәтте, олар өзім Виквебердің фабрикасында төрт бұрышты кестелерді қалыптаған қаңылтыр табақшаларға ұқсас тесік елеуіш болып қайтадан көзімді көлегейледі және сол саңылаулардың әрқайсынан есік көрдім, үлкен парақтан жыртып алуға ыңғайланған пошта маркасындағыдай тесіктермен бөлінген сансыз кішкентай есіктерді көрдім.

Темекім таусылғанын біле тұрсам да, шылым шеккім келіп, қалталарымды қармана беремін: рас, мәшинеде тағы бір қорабы болса керек еді, бірақ мәшиненің өзі есіктен оңға қарай жиырма метрдей жерде тұрған және соған жету мұхиттан жүзіп өтумен бірдей болып тұрса қайтерсің. Тұрмыстық техниканың тілін таба алмаған әйелдердің дағдысымен бүгін телефонда сонша боздаған Курбельштрасседегі әйел қайтадан есіме түсті де аяқ астынан Улланы ойлаудан қашқақтаудың жөні жоқ екенін түсіндім, сол-ақ екен, ойым соған ауды: бұған бел байлағаным өлген адам жатқан бөлмедегі шамды жағуға тәуекел етумен бірдей болды, – қараңғылық оның өлгенін жасырардай еді, ол тек ұйқыға кеткен деп ойлауға, әредік тыныс алғанын естігендей, тіпті кеудесінің көтеріліп-басылғанын көргендей сезімде болуға мүмкіндік берер еді, – ал енді бөлмені самаладай жарық басқанда әңгіме тек өлікті жерлеуге тірелгенін білесің: шомбал шамдалдардағы шырағдандар жағылып, бөлме пальмалары өсірілген кеспектер әкелінген, – ал сол жақта, маркұмның аяқ тұсында ауыр қара жамылғының біртүрлі дүрдиіңкіреп жатқанын байқайсың: бұл – жерлеу бюросының қызметшісі ертең табыттың қақпағына екі шеге қағу үшін алдын ала әкеліп қойған балға, сондықтан тек ертең ғана естуге тиісті нәрсең – не белгілі ырғағы, не әуені жоқ, тек жазмыштың бұлтармас бұйрығынан тұратын келте, ызалы соққы құлағыңа келгендей болады.

Улланың өзі ештеңеден хабарсыз болғандықтан ол туралы ойлау екі есе ауыр: шынында, табыттың қақпағына қағылған шегені қайтып алуға болмайтыны секілді, енді ештенені өзгертуге де, түзетуге де болмай қалды ғой, өйткені ол мұны әлі білмейді.

Мен ол екеуміздің өміріміз қалай үйлесер еді деп ойладым; Улла мені қашанда күлсалғыш жасап, күйсандықтың үстіне қойған қол гранатасы құрлы көретін: жексенбі күндері, кофе ішіп болған соң,

жайбарақат отырып оған темекінің күлін түсіресің, дүйсенбі күндері одан шылымның қалдықтарын қағасың және қалдықтарды қаққан сайын жүйкене ұдайы бір күш түседі: жан түршігерлік қауіпті заттың мұншама бейкүнә бұйымға айналғанына қайран қаласың, оның үстіне гранатадан күлсалғыш жасаған шебер оның тұтандырғышын да қалай пайдаланудың амалын тауыпты: ақ түсті кәрден түймешені – үстел үстіне қойылатын шам өшіргішінің түймешесінен аумайтын – иә, тура сондай түймешені бассаң болды, күлсалғышқа бірге қондырылған батарея іске қосылып, қылдай екі сымтемірді қыздырады да соның отына темекі тұтатуға болады: әуелгіде тіпті де бейбіт мақсат үшін жасалмаған әп-әсем бейкүнә тетік, – сол ақ түймешені тоғыз жүз токсан тоғыз рет бассаң да еш пәле жоқ, бірақ мыныншы мәртеде әлдебір жасырын құрылғысы іске қосылып, әсем куыршағың жарылып кетпесіне ешкім кепілдік бере алмайды. Рас, соншалықты бір сұмдық нәрсе бола қоймас – жә, бір-екі жарықшақ атылар, бірақ тура жүрегіне тимей, қиыс өтіп кетер де зәре-құтыңды бір алар, тек содан кейін ойыншықты абайлап ұстайтын боларсың.

Уллаға қатысты да осыны айтуға болады: мұның бәрі турадан-тура оның жүрегін жаралай коймас, дегенмен жүректен басқа жерлердің бәріне жәбір-жапасы тиеріне сөз жоқ. Ол енді сөйлейді және ұзақ сөйлейтін болады, ал оның не айтатыны маған белгілі; ол белгілібір мақсат үшін емес, жәй ғана болса да өзінікі дұрыс болғанын қалайды және солай болады да, содан соң, тағы бір білетінім, ол соған кәдімгідей масаттанады, ал менің қашанда өзінікі дұрыс шығатын және сол үшін масаттанатын адамдарды ит етінен жек көретінім бар, – ондай адамдар маған тек бір ғана газетті мұқият алдыратын, бірақ беттің астыңғы жағындағы "жоғарғы орындардың құзыреттілігі" жөнінде бірдеңе айтылатын газет жолдарын өмірі оқымайтын адамдарды еске түсіреді, – ал күндердің бір күнінде газет келмей қалса олар адам айтқысыз ашуға мінеді, бірақ бар болғаны, қамсыздандыру полисіндегідей, газеттің тақырыптарына қарай бергенше, ұсақ әріптермен басылған сөздерді ұқыптап оқыса жетіп жатарын білмейді.

Есік көзімнен таса болғанда ғана осында не үшін тұрғаным есіме түсті: мен Хедвигті күтіп тұрмын. Ал есіктің көрінбей қалған себебі – оны өзіме тым жақсы таныс, "Виквебердің санитарлық қызметі" деген ақ сары түсті әйдік жазуы бар үлкен қызыл-қошқыл күйме көлегейлей қойған екен, – есік көрінетіндей болуы үшін көшенің қарсы бетіне шығуыма тура келді. Судың астымен жүргендей баяу басып арғы бетке өттім де қомағайлана, терең

тыныстадым – сірә, қау боп өскен балдырлар мен айғұлақ бұлтықтарының арасынан өтіп, айран-асыр балықтарды артқа тастап, құлама жарға шыққандай су түбінің тігіл жерлерін еңсеріп, кенет жағаға шыққанда су қабатының зілдей салмағын емес, өзі бұйым құрлы да көрмейтін ауа қысымын иығымен және желкесімен сезініп шошып кеткенде адам осылай тыныстайтын болар.

Жүк мәшинесін айналып шығып, көзім тағы сол есікке түсті, сонда барып анық ұққаным: енді Хедвиг далаға шықпайды, ол жоғарыда, өз бөлмесінде, секунд тілі үсті-үстіне бұрғылап кеністіктен шығарған көзге көрінбес тозаңға аяғынан басына дейін бөгіп, төсегінде жатқан болу керек.

Қолыма гүл ұстап алдына барғанымда мені қуып жібергеніне және өзіне не істемек ойым барын бірден түсінгеніне дән ризамын әрі оның енді мені қуғысы келмейтін сәтінен, дәл бүгін, дүйсенбінің нақ осы ұзақ күнінде болмай қоймайтын сол сәттен өзім қорқып та тұрмын.

Есікке елеңдеуімді қойдым, оған мен сияқтанып телмірудің өзі, әрине, ақылға сыймайтын ақымақтық еді, жұрт көзінен тасада үйбикенің алжапқышын сүйгенмен бірдей бассыздық болар-ау. Мәшинеге барып, есігін аштым да оң жақ жүксалғыштан бір қорап сигарет алып – ол өзім жүрген жолымның қашықтығы мен істеген жұмысымның уақытын жазатын түбіртектер топтамасының астында жатқан – шылым тұтаттым, мәшинені қайта жауып, Хедвигтің бөлмесіне көтерілерімді әлде Курбельштрасседегі телефон тұтқасына сонша боздаған әйелге барарымды білмей біраз тұрдым.

Кенет Вольфтың қолы иығыма түсті: әлгіде ғана су қабаттарының салмағын сезгенімдей оның да салмағын сездім және көзімнің қиығын солға бұрып, маған сан мәрте сигарет берген, менен сан мәрте сигарет алған, адал еңбеккор қолдың өзін көрдім және наурыз күнінің шуағымен жарқыраған неке жүзігін де көзім шалып қалды. Қолының әрең сезілетін әлсіз дірілінен Вольфтың күліп тұрғанын байқадым – оның осы үнсіз деуге болатындай бәсең, біртүрлі бүлкілдеген күлкісі техникумдағы мұғалімімізі өзінің өткір сөздерімен бәрімізді қарық қылатын кезден есімде қалыпты және қазір артыма бұрылып үлгерместен-ақ жаным құлазып жүріп берсін – құдды дәл сонда, әкемнің қалауы бойынша бұрынғы кластастарымның кездесу кешіне баратында сезінетіндей мұң-нала: әлі есімде, бәрі осында отыр, бұлармен өміріннің біраз жылдарын бірге өткізіп, біреулерімен үш, енді біреулерімен төрт, кейбіреулерімен алты, тіпті тоғыз жыл бірге оқығансың, үрейлі

жарылыстардан шошып, бомбапаналарда бәрің бірге жан сақтағансыңдар, бақылау жұмысы деп аталатын шайқастарда қоян-қолтық бірге болғансыңдар, мектеп өртенгенде оны бірге өшіріскенсіңдер, латын тілінің мұғалімі жараланғанда оның жарақатын бірге таңып, зембілмен бірге көтеріскенсіңдер, ал баз біреулерімен бір класта екінші жылға бірге қалғансыңдар, – осындай ортақ сындар сендерді мәңгі-бақи байланыстырса керек еді, бірақ байланыстырған жоқ, әсіресе мәңгі-бақи байланыстырмады, сондықтан есте қалған жалғыз нәрсе қашып-пысып жүріп тұңғыш тартқан шылымның ащы дәмі болды, сыра тасып жүрген даяшы қыздың қолына қолыңды тигізгің келіп өліп-өшетінің содан, тумысында тұңғыш рет көріп отырған, бірақ көптен бергі танысың, тіпті туысың сияқтанған сол қызды ғана қалайсың, мына бөгде адамдармен салыстырғанда оны туған анаңдай көресің, ал бұлардың өмірден алған сабағы – тек өздерінде болып та көрмеген мұраттардан айырылғандығы және бұл мұраттардың өзін де соларға тұрақтамағаны үшін жақсы көре бастайсың, бұларды айлық жалақысын сұрай қалсаң бәрі бір ауыздан өтірікті сукита жөнелетін есуастар демеске де амалың жоқ, – міне, осындай жағдайда кенет өмірдегі жалғыз досын екінші класта жүргенде өлген, өзіңмен бір ауыз сөйлесіп те жарытпаған тым бұйығы, қолапайсыз бала Юрген Броласки болғанын сезінесің – сол бейшара жаздың бір кешінде суға шомылып жүріп, салдың астына түсіп өлді, – ол сонау төменде, ағаш тілетін манда, жасыл талшілік тіпті көк гранитті жарып өскен, бөренелерді жағалауға сүйреп шығаратын бетон құламаларда жалаң сулыпа киіп, дөңгелекті коньки тебетін, сондай құламадан құйғытып келіп суға қойып-қойып кеткенінде пешке жағатын шырпы теріп жүрген түнгі күзетші: "Жә, балалар, жетер енді!" – деп дәрменсіз шырпыры шығатын жерде болған оқиға. Тыриған арық, ебедейсіз Броласкидің ондай конькиі де болмайтын, дей тұрғанмен оның анасы ішкі белдемшесінен пішіп тігіп берген ашық-қызғылт сулыпасы болушы еді, сондықтан мен оның судан шықпайтынын сол сулыпасына біздің сұқтанғанымызды қаламайтынынан деп ойлаушы едім; ал судан бірер сәтке шыға қалған жағдайда ол салға шығып алып, екі тізесін құшақтап, ту сыртын – бізге, бетін – Рейнге беріп, көпірдің кешкілік ағаш тілетін жерге дейін жететін жасыл баркын көлеңкесіне телміреді де отырады; оның соңғы рет сүнгігенін ешкім көрмеген, арамызда жоқ екенін ешкім байқамаған, тек кешқұрым анасы байғұс көшеден көше қоймай, үйден үйге жүгіріп:

– Шырағым, менің ұлым Юргенді көргендерің бар ма? – деп зар қақты.

– Жоқ, көрмедік.

Ал ефрейтордың орденсіз мундирін киіп мола басында тұрған әкесі "Мезгілсіз кеттің, бауырым, мезгілсіз кеттің ...", – деп біз соза жөнелгенде селк етіп, ой қамаған басын қалт көтеріп алды.

Міне, мектептің сондағы кешінде мен тек сол туралы, Броласки туралы және даяшы қыздың өзім бір ұстасам деп армандаған ақборық, әдемі колы туралы ойладым; ана байғұстың ішкі белдемшесінен пішіліп, тігілген ашық-қызыл сулыпаны есіме алдым; ал Юрген Броласки содан қайтып оралмады, көпірдің жасыл барқын көленкесіне түсіп, ұшты-күйлі жоғалып кетті...

Мезгілсіз кеттің, бауырым, мезгілсіз кеттің...

Мен Вольфқа баяу бұрылып, оның өзім жеті жылдан бері білетін мейірімді, адал жүзіне қарадым, сол сәтте ду етіп бойымды ұялыс сезімі шарпыды – аттестат ұрлап жатқан жерімнен әкем ұстап алатында да осындай сезімде болғаным бар.

– Маған сенің көмегің керек, – деді Вольф. – Бір ақауды таба алатып емеспін. Құлдығың болайын, жүрші. – Ол ақырын, соқырды жетектегендей болып, колымнан тартып, баяу басқан күйі кір жуатын салонға қарай бастады. Өзім күнде иіскеп жүрген иіс – кір киімнің иісі мұрынға ұрды, – мен өзіме таныс сары-сұр үйінділерді, қыздарды, фрау Флинкті көрдім, бәрі ақ халат киіп алған және бәрі менің көз алдыма жарылыстан соң шаң-тозаң басылып, енді тірі көрмеспін деген адамдардың сұлбасындай болып көрінді.

– Қыза береді, – деген дауыс ұйқылы-ояу халден жеткендей болып естілді, – үш рет қосып көрдік, үшеуінде де сол, ең болмаса бірі болса екен, бәрі солай.

– Сүзгілерді тексеріп пе едің? – деп сұрадым Вольфтан.

– Тексердім – бітеліп қалыпты, тазалап, қайта салып ем – бәрібір қыза береді.

– Ең жақсы клиентімнен айырылатын болдым, – деп гөй-гөйіне басты фрау Флинк, – Хунненхофтан! Клиенттерімнің алды сол еді ғой, киім-кешегі кешке дейін дайын болмаса Хуннехофтан айырылғаным айырылған-ақ!

– Құбыршектерді ажырат, – деп бұйырдым да өзім Вольфтың төрт мәшинеден құбыршектерді ажыратып жатқанын қадағалай тұрып, қыздардың төсек-орындарды сан саққа жүгірткен сыпсынына құлақ түрдім – олардың мейманхана қызметшілерімен осек-аяндарының сүйікті тақырыбы осы; олар түнде базбір

министрлер немесе актерлар жатып шыққан, ерінге жағатын далап жұққан сейсептерді маған талай көрсетіп, тіпті әйгілі партия дөкейінің кезекті ашынасы қандай әтір пайдаланатынына көзімді жеткізе түсу үшін мұрныма да тыға жаздаған ғой, бірақ мен одан жиіркене қоймайтынмын, ал қазір тіпті министрлер мен партия дөкейлерін адам құрлы көрмейтінімді ұқтым, олардың жеке өмірінде менің шаруам жоқ, ал оның ашыналық жағы мені тіпті де қызықтырмайды, – бар құпиялары кір сумен бірге ағып кете берсін...

Жыртыңдай күлген қыздар түнгі жүрістерімен аты шыққан киноактердың ақжаймасын қолдан қолға өткізіп жатыр.

Құбырлардың бәрін бұрап шығарып алған Вольфтың екі көзі менде: осы тұрысында өзі ақымақ шалыс біреуге ұқсайды.

– Су құбырын жөндеп пе едініздер? – деп сұрадым фрау Флинктен, өзіне бұрылып та қарамастан.

– Иә, – деді ол. – Кеше Корбмахергасседе күні бойы әуре болдық, біздің желі нақ сонда.

– Тура, – деді Вольф, суды жіберіп жатып. – Су әбден лай ғой, тот аралас.

– Аға берсін, таза су жүргенде құбыршектерді бұрай саласың, бітіп жатыр. Клиентіңізден айырылмайсыз, – дедім фрау Флинкке, – кешке қарай төсек-орны су жаңа қалпында болады. – Соны айттым да, бір жерден екінші жерге лезде ауыса қоятын түс көрген адам сияқтанып, далаға шықтым.

Виквебер күймесінің басқышына отырдым, бірақ енді есікке қараған жоқпын; көзімді жұмып, бір сәтте қараңғы түнекке шомдым да, фотосурет шығарғандағыдай түнектің түкпірінен бірте-бірте бері салып, өз білуімде өмірі ешкіммен жүз шайыспаған, жан баласына дауыс көтеріп көрмеген, имандылығына өзім ешуақытта күдік келтірмеген бірден-бір адамның жүзі айқындана берді – мен әкемді көрдім. Алдында – "жаднамалар" салынған қобдиша, кезінде домино тастары сақталған когілдір түсті ағаш қорапша. Қобдиша ұдайы "жаднамаларға" – кескіні бірдей жазбаларға толы болады, әкем оларды кез келген қағаз қалдықтарынан қиып алып жинайтын және оның соншалықты сарандықпен сақтайтын бірден-бір заты қағаз болушы еді. Өзі бастап, аяқтамаған хаттарынан, соңына дейін жазылмай ысырапқорлықпен тасталған мектеп дәптерлерінен, жастардың атастырылғанын немесе күні біткен жандардың о дүниелік болғанын хабарлайтын ашық хаттардан – орайы келген жерлердің бәрінен ол тікбұрыштап тілдей таза қағаз қиып ала береді, ал

әралуан баспахана өнімдері – балауыз қағазға басылып, кезекті манифестацияға қатысуға шақырған билеттер немесе азаматтарды дереу бостандық ісіне үлес қосуға міндеттеген, жаңағыдан да салтанатты, жылтыр қағазы көздің жауын алатын үндеулер әкемді балаша шаттандырып, қуанышка бөлейтін, өйткені сондай қағаздың әркайсынан кем дегенде әппақ сонар қардың түсіндей алты қиық алуға болады, ал ондай қиықтарды ол, құдды бір асыл қазына секілді, асқан құнттылықпен дереу доминоның ескі корабына салады. "Жаднамалар" – әкемнің құмары, олар оның кітаптарынан да селтиіп шығып тұрады, өзі әмиянын да соған толтырып алады, кенеулі ойы болсын, кенеусізі болсын – кез келген ойын соларға жазып қоятыны бар. Бұрын, үйде тұрғанымда, мен аттап басқан сайын соларды көретінмін. "Ішкиімге түйме тағу керек", – дегенді оқимын біреуінен, екіншісінде – "Моцарт", үшіншісінде – "pilaqeuse – pilaqe"[1] деген жазу болады, ал тағы бірде: "Трамвайдағы біреудің бет әлпеті – тура жантәсілім сәтіндегі Мәсіхтікіндей", – дегенді оқыдым. Дүкеннен бірдеңе әкелуге шығарда алдымен "жаднамаларын" шығарып, карта ойнамақшы болған адамша оларды араластырады да содан соң пасьянстағыша басымдық дәрежесі бойынша: туздар, корольдар, дамалар, валеттер ... деп топтастырады.

Оның кітаптарының бәрінен сорайып шығып тұрған осы "жаднамалардың" құлақтарын көресің – көбі түтеленіп, сардақтанып кеткен, себебі кітаптар әдетте кез келген жерде айлап жатады да ондағы жазбалары әкемнің қолына әредік бір тиеді. Оның есесіне каникул күндерінде ол бар мүкәммалын бір жерге үйіп қойып, назарын аударған жерлерін қайта оқиды, өзіне екі-үш қайтара кездескеннен кейін ғана мән-мағынасы түпкілікті ашылған ағылшын және француз сөздері, сөз орамдары, синтаксистік тіркестер жазылған "жаднамаларды" сұрыптайды. Ол кең көлемде хат алмасады, өзінің жаңалықтары жайында әріптестерімен ақылдасып, олармен пікір алмасып отырады, кере қарыс сөздіктерді жаздырып алады және анықтамалықтар мен энциклопедияларды түзушілерді өзінің сұрақтарымен мазалап, қазымырланады да жүреді.

Ал аса маңыздылығына қарай қызыл сиямен жазылған бір "жаднамасын" ол өмірі әмиянынан тастамайды; мен үйге келген сайын сол тілдей қағаз жойылады да көп ұзамай дәл сондай жаңасы пайда болады әрі онда ұдайы: "Баламен сөйлесу керек!" – дейтін бір-ақ сөз жазылады.

---

[1] "*Сылаушы* – сылау" *(фр.)*

Техникумда оқи бастағанымда өз бойымнан әкемнің сол қазымырлығын көріп қатты таңданғаным есімде: өзімнің білгендерім мен қолымның жеткендерінен гөрі мені әлі білетін, үйренетін нәрселер әлдеқайда көбірек ынтықтыратын болды, – сөйтіп, кезекті мәшинені ұйықтап жатып та бақайшағына дейін шағып бұзып, қайта құрастырмайынша жаным жай таппайтын болды; бірақ менің бұл әуескойлығым басқа бір іңкәрлікпен ажырағысыз ұштасқан болып шықты – мен білімді ақша табуға мүмкіндік беретіндігі үшін жақсы көреді екенмін, ал мұндай іңкәрлік әкеме мүлдем түсініксіз болатын. Бір ғана сөз үшін әрі-бері толып жаткан кітап алмасу, кейде тіпті сапарға шығып қайту қанша қаржыға түсетінін есептеу оған жат нәрсе, – өзі жаңадан ашқан сөзін ол жануарлардың жаңа түр тармағын тапқан зоологтан кем қадірлемейді және жаңалық ашқаны үшін ақша алу дейтін күпір ой оның санасына да кірмейді, – ондай ақшаны ол тірі тұрып алмас та еді.

Вольфтың қолы тағы да иығыма түскенде барып мен басқышта отырмағанымды, өз мәшинемнің жанында тұрып, оның әйнегінен бүгін Хедвиг отырған орындыққа телміріп қалғанымды бір-ақ білдім – ол болмаса, бұл орындық та жетімсіреп, бос қалғандай көрінеді екен...

– Саған не болды? – деп сұрады Вольф. – Және мың болғыр кемпір Флинкке не істеп едің? Ол тіпті адам танымастай.

Мен үндемедім; Вольф қолын иығымнан алып, жұмсақ қимылмен мені мәшинеден аулақ, Корбмахергассе жаққа қарай икемдеді.

– Ол маған телефон соқты, – деп сөзін жалғады Вольф, – әрі дауысында бір кілтипан бар сияқты көрінді де мен жалма-жан осында жеттім, себебі онысы тек мәшинелерге байланысты емес екенін ұқтым.

Менде үн жоқ.

– Жүр, – деді Вольф. – Қазір саған бір кесе кофе артықтық етпес. – Мен оның қолын иығымнан қағып түсірдім де тұп-тура Корбмахергассеге қарай тарттым – онда бір шағын дәмхана барын білуші едім.

Біз кіріп барған сәтте жап-жас келіншек ақ түсті кенеп қапшықтан жаңа піскен тоқаш нандарды сөреге ақтара салды: нандар таутөбе боп әйнекке тірелді, олардың біртегіс қоңырқай бауыры мен наубайшы тілік салған жерлері ақшыл жолақтанып, қызарып піскен үстіңгі беті көзімнің жауын алды; тоқаштар құдды

тірі сиякты көрінді, әйел сөре басындағы өз орнына кеткенде де олар қозғалып жатқандай болды әрі маған балық тәрізді, аквариум-сөреге әкеп қотара салған жуан, доғал тұмсық мөнке балық сияктанып көрінді.

– Осында ма? – деді Вольф таңданып.

– Осында, – дедім мен.

Ол басын шайкай түсіп, бірінші боп ішке кірді де мен сөренің артындағы бос тұрған шағын бөлмеге бастап апарғанымда мақұлдағандай күлім қақты.

– Несі бар, тіпті де жаман емес, – деді үстел басына отыра беріп.

– Иә, – деп мақұлдадым мен. – Тіпті де жаман емес.

– Енді бар ма, – деді ол, – түріне қарап, саған не болғанын білу киын емес.

– Маған не болыпты? – деп сұрадым мен.

– Жәй, әшейін, – ол күлімсіреді, – пәлендей ештеңе емес. Тек мына кеспірің өмірден баз кешкен адамға келінкірейді. Сірә, бүгін сенен ешкандай пайда бола коймас.

Келіншек сөренің қасынан өтіп бара жатып Вольф сұрап үлгерген кофені әкелді.

– Әкем шатақ салып жатыр, – деп хабарлады Вольф. – Таннан бері телефонда тыным жоқ, ал сені еш жерден, бірде-бір телефоннан таба алмайсын, тіпті өзің үй иесі фрау Бротихка тастаған нөмірден де қайыр болмады. Әкейді тым ашуландыра берме, – деп ақыл айтты Вольф, – ол саған онсыз да ренжулі. Өзің білесің ғой, ол шаруаға келгенде әзілді көтермейді.

– Иә, – дедім мен келісіп. – Ол шаруаға келгенде әзілді көтермейді.

Мен кофеден бір ұрттап, орнымнан тұрып барып үш тоқаш сұрадым; келіншек тәрелке мен пышақ ұсынып еді, басымды шайқадым. Тоқаштарды тәрелкеге салып, бөлмеге қайтып оралдым да үстелдің басына отыра беріп, бір тоқашты үздім, нақтырақ айтқанда, үстінгі тілігінің ақшылдау жолағына екі басбармағымды сұғып жіберіп, нанның жұмсағына ауызды салдым кеп; алғашқы үзімін талғай жұтып барып кана тұла бойымды тұмшалаған талмаурау сезімінен арылғандай болдым.

– Маскара, – деп күнк етті Вольф, – осылай құры нанды жей бермекпісің?

– Иә, – дедім мен. – Нанды өстіп құрғақтай жеймін.

– Жоқ, бүгін сенімен сөйлесіп болмайды екен.

– Жоқ, – дедім мен де. – Бүгін менімен сөйлесіп болмайды. Бара бер.

– Жарайды, – деп ол көне кетті. – Мүмкін ертең қалыбына келерсің.

Ол күлген күйі әйелді шақырып алды да екі кесе кофе мен үш тоқаштың ақшасын төледі, содан соң шайлығына екі шака бермек болып еді, әйел жиниып күлді де тиындарды оның таза, ұқыпты алақанына қайыра салды, ал анау басын шайқап, оларды әмиянына сүңгітті. Бұл екі арада мен екінші тоқашты ақтармалап жатып Вольфтың қадала қараған көзқарасын сездім – ол әуелі желкемді, шашымды, бетімді қыдырыстай келіп, қолыма тоқтады.

– Айтпақшы, – деді ол, – шаруа оналатын түрі бар. – Мен оған сұраулы кейіпте басымды көтердім. – Әлде кеше саған Улла "Тритонияға" арналған тапсырыс туралы айтпап па еді?

– Айтты, – деп баяу үнмен растадым. – Кеше ол маған сол туралы айткан.

– Айтса, сол тапсырыс енді біздікі, – деп күлім қақты Вольф. – Бүгін таңертең олар шешімдерін түбегейлі растады. Демек, жұмаға қарай, біз жұмысты қолға алғанша, сен де есінді жиятын шығарсың. Ал әкеме не дейін? Тегі, оған не деуге болады өзі?! Оның мұндай тулағанын өмірі көрген емен – тек содағы бір ақымақтық оқиғадан кейін болмаса.

Мен тоқашымды былай қойып, орнымнан көтерілдім.

– Қай оқиғадан кейін дейсің? – деп сұрадым. Соны аузына алғанына өкініп тұрғанын бет әлпетінен байқауға болатын еді, бірақ айтылар сөз айтылды; шалбарымның артқы қалтасын ағытып, ақшаларымды шығарғанда барып онда тек жүздіктер мен елуліктер жатқаны есіме түсті, – ақшаны қайтадан орнына сүңгітіп, түймесін салдым да пенжегімнің қалтасын кармандым – гүл сататын магазиннің сөресінен сыпырып әкететін ол-пұл ақшам сонда болатын. Жиырма марканы бір алып, екі маркалық және елу пфеннигтік шақаларды таптым да Вольфтың оң қолын ұстап, алаканын ашып тұрып, әлгінің бәрін уысына тоғыттым. – Бұл сондағы оқиға үшін, – дедім. Сонда алған кәмперкелерімнің әрқайсын екі жиырма бестен өткіздім. Мына ақшаны әкеңе берерсің, түп-тура он кәмперкенің құны. Сол оқиғадан бері алты жыл өткен шығар, – деп дауысымды бәсеңдете сөйледім, – ал сендер соны әлі ұмыта алмай жүрсіңдер. Тегі, соны есіме салғаның жақсы болды.

– Соны аузыма алғаныма өкініп тұрмын, – деді Вольф.

– Бірақ айтуын айттың ғой, жаңа ғана, нақ осы жерде, – демек, міне саған ақша, әкеңе берерсің.

– Қайтып алшы, – деп жалынды Вольф. – Бұлай істеуге болмайды.

– Неге болмасын? – деп байсалды түрде қарсылық айттым. – Сол жолы ұрлаған менмін, енді сол ұрлығымның өтеуін төлеп тұрмын. Әлде менің тағы бір берешегім бар ма?

Ол ләм деген жоқ, ал мен өзін аяп кеттім, өйткені ол мына ақшаны қайда қоярын білмей, алақанында ұстаған күйі абдырап тұр, мен болсам оның алақаны мен бетінің қалай тершігенін көрдім, ал Вольфтың қазіргі бет-әлпеті жұмысшылардың бір кездегі жүгенсіз айқайын немесе былапыт анекдоттарын естігендегі кейпінен аумайды.

– Сол оқиға болғанда екеуміздің де жасымыз он алтыда еді, – дедім мен, – және біз оқуды жаңа бастаған болатынбыз; ал қазір сенің жасың жиырма үште, сонда да бәрін ұмыта алатын емессің. Жә, ақша алақанынды күйдіріп бара жатса, өзіме бер. Поштамен де жібере аламын.

Алақанын қайта ашып ем, ол әрі ыстық, әрі терден малмандай екен, ұсақ тиындар мен қағаз ақшаны қайтадан пенжегімнің қалтасына салып алдым.

– Енді жүре бер, – деп ақырын ғана айтып едім, ол тұрған жерінен тапжылмады, тек сонда, менің масқарам әшкереленетінде қараған көзқарасымен жанарын менен аударатын емес: ол кәмперкелерді мен ұрлады дегенге сенбеген болатын, сондықтан өзінің жіңішке, ашулы даусымен шырқырай тұрып мені қорғап еді, – екеуміз құрдас болсақ та, тіпті бір айда тусақ та сол жолы мен оны інімдей кордім, ол ол ма, өзімнен бірталай кіші санадым, сол себепті ғана менің айыбым мен маған тиесілі таяқты өз мойнына алды деп есептедім: шал әуелі оған ақырып, ақыр соңында шапалақпен тартып та жіберді, ал мен осы ұрлығымды мойындамау үшін мың бөлке нан беруге де құлдық едім. Бірақ мойындауға тура келді – тура сол жерде, тот басқан патронымен коса қарашаның қара желі шайқап, ілдалдамен тұрған он бес күштік шамның сокыр жарығында көзге де көрінбейтін шеберхана ауласында. Қожайынның сұрағына менің "иә" деп келте қайырған жауабым Вольфтың қарсылық айтқан жіңішке дауысын шорт кесті де олар әкелі-балалы екеуі ауланы үн-түнсіз кесіп өтіп, үйлеріне беттеді. Өзінің балалық пайымының терең түкпірінде Вольф мені кашанда "жақсы жігіт" санайтын, сондықтан мені сондай құрметті атақтан айыру оған онайға сокпаған болу керек. Ал трамваймен жатақханаға қайтып бара жатқан менің жағдайым да мәз емес еді, бірақ мен өзім ұрлап алған сол кәмперкелерді ешбір шімірікпестен-ақ нан мен сигаретке айырбастап жібердім, неге десеңіз, сол кездің өзінде-ақ мен баға туралы ойлана бастаған болатынмын. Вольфтың мені жақсы жігіт деп санайтын-санамайтыны маған есеп емес еді,

ал оның көзінше нақақтан-нақақ, тіпті бейкүнә осы атақтан айырылуым, неге екенін қайдам, жаныма қатты батты.

Келесі күні таңертең кожайыным мені кеңсеге шақырып, Верониканы бір жаққа жұмсап жіберді де күс басқан қап-қара саусақтарымен сигаретін мыжғылап біраз отырды, содан соң – бұрын ешуақытта істемейтін – басынан жасыл түсті киіз қалпағын қолына алып барып сөйледі:

– Мен кеше капеллан Дерихске хабарластым. Сөйтсем, жақында сенің анаң қайтыс болған екен ғой. Білмеппін. Демек, енді мұны ешуақытта, естимісің, ешқашан еске алмайтын болайық. Ал енді бара бер.

Мен кете бардым, бірақ шеберханаға қайтып оралған соң нені еске алмайтынымызды білмей басым дал болды. Мамамның қайтыс болғанын ба? Сол сәттен бастап Виквеберді бұрынғыдан әрі жек көріп кеттім, не үшін екенін өзім де білмеймін, әйтеуір жек көретін себебімнің бары анық. Содан былай шынында да бұл оқиға жайында бір рет сөз болған емес және мен одан кейін бір рет те ұрлық қылған емеспін, бірақ оным тәубеме келіп, ұрлық дегеннің жаксы емес екенін түсінгендігімнен емес, мамамның өліміне байланысты тағы да кешірім алудан қорыққандығымнан еді.

– Ал енді бара бер, – дедім Вольфка. – Жөнел.

– Мен үшін өте өкінішті, – деп міңгірледі ол. – Мен... маған... – Оның көзіне қарасаң, осы уақытқа дейін "жақсы жігіттерге" сенетін сияқтанып кетті, сондықтан:

– Жарайды, бәрі дұрыс, оны ойлаушы болма. Бара бер, – деуіме тура келді.

Оның қазіргі кеспірі қырықтан асқан адамға ұқсайды, дәлірек айтса, жасы қырыққа келмей жатып мұрат-мақсат деп аталатынның бәрінен баз кешкен, сәл қолпылдаған, біршама жайылып кеткен аңқылдақ адам десе де болғандай, бұрынырақ бұлар да "жақсы жігіт" атанса неғылсын.

– Сонымен, әкеме не дейін?

– Сені сол жұмсап па еді?

– Жоқ, – деді ол. – Менің бар білетінім: ол әбден ашулы, сені іздемеген жері жоқ, әлгі "Тритонияға" арналған тапсырыс жөнінде сенімен сөйлеспекші білем.

– Мен әлі өзім туралы ештеңе білмеймін деп айтты дегейсің.

– Шынымен-ақ білмейсің бе?

– Иә, – дедім мен. – Шынымен-ақ білмеймін.

– Маған фрау Флинктің үйіндегі қыздардың айтқаны рас па? Сені бір қызбен шатасып жүр дей ме?

– Иә, – дедім. – Қыздар саған құдайлық шынын айтқан. Мен бір қызбен шатасып жүрмін.

– Құдайым-ау, – деп күрсінді ол. – Қалтаң толы ақшамен сені жалғыз қалдырмау керек еді.

– Қалдыру керек еді. Тіпті керегінің өзі сол еді, – дедім мен бәсең үнмен. – Ал енді бара бер және өтінерім, – деп үнімді одан әрі бәсендеттім, – әкеме не айтайын деп енді сұраушы болма.

Ақыры ол жолға түсті, жаймадан сұлбасын қарасам: басы салыңқы, екі қолы екі жағына салбырап кеткен – үмітсіз жекпе-жекке шыққан боксшы дерсің. Оның бұрыш айналғанын күтіп отырдым да дәмхананың ашық тұрған есігіне барып далаға қарадым: Виквебердің күймесі вокзал жаққа қарай кетіп барады екен. Соған көзім жеткен соң бөлмеге қайта кіріп, кофемді сарқып іштім де үшінші тоқашты қалтама тоғыттым. Сағатыма қарадым, бірақ көзім секунд тіліне емес, уақытты баяу әрі үнсіз итерстін үлкендеуіне түсті – әлі сағат төрт екен, ал мен алты немесе, ең құрығанда, бес жарым болып-ақ қалған шығар деп едім. Сатушы әйелге "сау болыңыз" дедім де мәшинеме қарай бет алдым, алыстан-ақ, алдыңғы орындықтардың арасындағы саңылау арқылы таңертең өзім клиенттердің мекен-жайлары мен аттарын жазып алған қағаздың шеті ағарандап көзіме түсті – солардың бәріне бүгін қызмет көрсетуім керек еді. Есікті ашып, қағазды алдым да жыртып-жыртып арыққа тастай салдым. Өзгеден бұрын көшенің арғы бетіне қайтадан өтіп, басымнан асканша, терең-терең судың түбіне дейін батуға аңсарым аусын, бірақ сол ойдан өзім ұялып, қызарып кеттім де Хедвиг тұратын үйдің есігіне барып, қоңыраудың түймешесін бастым; бір бастым, екінші, үшінші рет, содан соң және басып, есіктің ашылғанын білдіретін зуммердің ызылдағанын күттім – үн жоқ, түймешені тағы екі мәрте басып көріп едім зуммерге тіл біте коймады, міне сонда барып тұла бойымды үрей шырмады – сонау вокзалда Хедвигке қарай қадам басып, жүгіре жеткенімше менен екі елі ажырамай қойған үрей қайтадан торлады, – бірақ сол сәтте құлағыма аяқ тықыры естілді және ол үй иесі фрау Грольтаның ауыр жүрісі емес, әуелі баспалдактан төмен түсіп, содан соң дәліз бойлап келе жатқан жеп-жеңіл, асығыс аяқ басысы еді, – дегендей-ақ есікті Хедвиг ашты; ол менің есімде қалғанынан енселірек екен, тіпті менің бойыммен бірдей көрінді және дәл осылай бетпе-бет келгенімізге екеуміз де қорқып қалдық. Ол қалт етіп, бір адым кейін шегінді, бірақ есікті жіберген жоқ, ал мұның қаншалықты ауыр, қарыспа есік екенін мен жақсы білемін – фрау Флинктің салонына мәшинелерді кіргізгенде қабырғаға ілмек тастап бір жармасын бекіткенге дейін оны өзім ұстап тұрғаным бар.

– Мұның ілмегі болуы керек, – дедім мен.

– Қайда?

– Осы бір жерде болса керек еді, – деп есіктің сыртқы бетін алаканыммен сипаладым; Хедвигтің сол қолы мен жүзі бір сәт қараңғыда қалып, қайта көрінді.

Даланың жарқыраған сәулесі оның көзіне ұрды, ал оған қадала карап мен тұрмын, құдды бір картинаны қызықтағандай, адамға бұлай қарау әбестік екенін білсем де көз алардай шамам жоқ, бірақ астыңғы ерні әнтек дір еткені болмаса, менің қарағаныма ол да шыдап берді, мен оған қалай карасам, ол да маған солай карапты да қалыпты, сол сәтте мен бойымда ешқандай коркыныш жоғын аңғардым. Оның есесіне қайтадан жан ауруын сезіндім – оның жүзі жан жүрегімнің ең терең түкпіріне қайыра кіріп алды.

– Бұрын, – дедім мен, – сіздің шашыңыз сары болушы еді...

– Бұрын болғанда қашан? – деп сұрады ол.

– Айталық, жеті жыл бұрын, мен кетердің алдында.

– Е-е, – деді ол жымиып. – Иә, шашым ақсары болатын және менде қан аздығы дейтін де болды.

– Менің вокзалда аккуба қыздарды қарайлап жүргенім сол ғой, – деп түсіндірдім, – ал сіз сол кезде үнемі менің артымда, шабаданның үстінде отырыпсыз.

– Соншама көп отырған жокпын, – деп ақтала сөйледі қыз. – Отыра қалғаным сол еді, сіз де келдіңіз. Мен сізді бірден таныдым, бірақ бірдеңе деуге батпадым. – Ол тағы да жымиып қойды.

– Неге?

– Себебі сіздің бет әлпетіңіз өте ашулы сияктанды және өзіңіз де тым ересек әрі маңғаз көріндіңіз, ал мен ондай маңғаз адамдардан коркатыным бар.

– Сонда не ойладыңыз?

– Жәй, ештеңе емес, – деді ол. – Кіші Фендрих деген осы екен ғой деген ой келді; әкеңіздің үйіндегі суретіңізде сіз едәуір жас көрінесіз. Әрі жұрт та сіз туралы әрнені айтады. Біреу тіпті сізді ұрлық үстінде ұсталыпты деп соқты. – Осыны айтып әнтек қызарып кеткенде мен ендігіәрі бұған каны аздықтың каупі бола коймас деп ойладым, ал оның нарттай боп кеткені сонша, жүзіне караудың өзі ауыр еді.

– Қажеті жоқ, – деп баяу өтініш айттым мен, – оған бола қызарудың қажеті жоқ. Менің ұрлағаным рас, бірақ ол бұдан алты жыл бұрын болған жағдай, оның үстіне ... казір де тура солай еткен болар едім. Сізге оны кім айтып жүр?

– Ағам, – деп жауап катты ол. – Жалпы ол жаман жігіт емес.

– Иә, – деп костадым мен. – Жалпы ол жаман жігіт емес. Сонымен, бүгін мен кеткен соң сіз соны, менің ұрлық жасағанымды ойлағансыз ғой?

– Иә, ойладым, – деп мойындады ол, – бірақ көп емес.

– Көп емес болғанда канша?

– Қазір есімде жоқ, – ол тағы жымиды. – Әртүрлі жайларды ойладым. Содан соң тамақ ішкім келіп кетті, бірақ сіздің осында тұрғаныңызды біліп, төмен түсуге қорықтым.

Қалтамдағы тоқашты алып ұсынып ем, ол жымиған күйі нанды алып, жалма-жан ортасынан бөлді – мен оның әлуетті әрі нәзік бармағы нанның жұмсағына терең бойлап, жастықша мыжығанын көрдім. Ол тоқаштан бір үзіп жеп, енді екіншісін аузына апара бергенде мен:

– Сіз, зәуде, менің ұрлығым жайында ағаңызға кім айтқанын білмейсіз бе? – деп сұрадым.

– Сіз үшін сол маңызды ма?

– Иә, – дедім басымды изеп. – Өте маңызды.

– Сірә, сіз ... – дей беріп, ол тағы қызарып кетті, – енді, өзіңіз соны істеген адамдар. Ағам тура солай: "Мен оны өздерінен білдім", – деген. – Ол наннан тағы бір үзіп жеп, жанарын әлдеқайда тіктеген қалпы бәсең үнмен сөйледі: – Сізді қуып шыққаным тым өкінішті болды, өйткені қорқып кеттім. Бірақ ол тіпті де ағам айтқан оқиғаға байланысты емес.

– Мен, тегі, шынында ұры болмағаныма өкіне бастағандаймын, – дедім. – Бірақ ең ақымақтық жері – соның ағаттығында. Жас болдым, жасқаншақ болдым, қазір болса соның бәрін жымын білдірмей жасар едім.

– Байқаймын, сіз мүлдем өкінбейтін сияқтысыз ғой, солай ма? – деп сұрады ол, аузына наннан тағы бір үзімін сала беріп.

– Мүлдем, – деп растадым мен. – Әттең, тек қолға түсіп қалдым, өте қолайсыз болды, айтарға да сөз болмады. Ал олар мені кешірді. Бірсу ссні кешіріп жатса, ал сен өзінді кінәлі санамасаң қандай ғажап екенін білесіз бе?

– Жоқ, білмеймін, – деді ол, – бірақ соның өте-мөте жиіркенішті екенін түсінетін сияқтымын. Зәуі-сайтан, – деп күлімсіреді ол, – қалтаңыздан тағы бір нан шықпас па екен? Оны не үшін қалтаңызға салып жүрсіз? Құсқа бересіз бе? Әлде аштан өлуден қорқасыз ба?

– Мен ұдайы аштан өлуден қорқып жүремін, – деп мойындадым. – Тағы нан жегіңіз келе ме?

– Жегім келеді.

– Жүріңіз, – дедім, – мен сізге нан сатып әперейін.

– Тіпті бар ма, шөл далада сияқтымыз, – деп шағымданды ол. – Жеті сағат бойы не бір түйір нан, не бір жұтым су жоқ.

– Жүріңіз, – деп қайталадым мен.

Онда үн де жоқ, жаңағы жымиысы да жоқ.

– Барсам барайын, – деп үн қатты ақырында, – бірақ ендігәрі менің бөлмеме бір құшақ гүл көтеріп баса-көктеп кірмейтін боласыз.

– Уәде болсын, – дедім.

Ол есіктің артына қайтадан кіріп кетіп еңкейді де ілмекті ағытты – оның сырт етіп қабырғаға тигені құлағыма жетті.

– Алыс емес, – деп түсіндіріп жатырмын мен, – екі-ақ қадам, бұрышты айнала берген жерде, жүріңіз. – Бірақ ол тапжылған жоқ; есікке сүйеніп, оны арқасымен ұстап, менің алға түсуімді күтіп тұр. Жүрісіміз де солай болды: мен алдамын, ол соңымда; әредік артыма қарап қоямын, оның кішкентай сөмкесін ала шыққанын сонда ғана байқадым.

Дәмхана сөресінің басына енді келген ер адам ұзын селебе пышақпен жаңа пісірілген алма бәлішін кесіп тұр екен: жасылдау ренді алма салындысының бетіндегі қызара піскен қамыр торламасын бүлдіріп алмау үшін асқан сақтықпен қимылдайды. Оның шебер қолының қимылын қызықтап сөре түбінде біз тұрмыз.

– Мұнда тауық сорпасы мен сорпа-гуляш ішуге де болады, – деп сыбырладым Хедвигке.

– Тура айтады, – деп растады әлгі еркек жұмысынан бір сәт алаңдамастан. – Әбден болады.

Оның көмірдей қара қалың шашы ақ қалпаққа сыймай дудырап тұр және сүт иістеніп кететін шаруа әйелі сияқтанып, тұла бойынан нанның иісі аңқиды.

– Жоқ, – деді Хедвиг, – сорпаны қоя-ақ қойыңыз. Одан да бәліш алайық.

– Қанша? – деп сұрады еркек; дәл осы сәтте ол соңғы кесекті бөліп, жұмсақ қимылмен пышағын қамырдан суырып алып, өз ісіне ризашылықпен жымия қарап тұрған еді. – Бәс тігем, – деп кенет сөзін жалғағанда жүдеу, қоңырқай жүзін ақжарқын, көңілді күлкі жайлады, – кескендерімнің бәрі көлемі мен салмағы жағынан бірдей екеніне бәс тігем. Мықтағанда, – деп ол пышағын әрегірек қойды, – екі-үш грамдай ғана айырмашылық болар, ол енді есеп емес. Қалай, бәстесеміз бе?

– Жоқ, – деп күлдім мен. – Қажеті болмас. Мен бәрібір ұтыламын ғой.

Бәліш тек шіркеулерде болатын дөңгеленген әшкейлі терезеден аумай қалыпты.

– Әрине, – деді еркек насаттанып, – сіздің ұтылатыныңыз сөзсіз. Иә, сонымен, сіздерге каншау?

Мен сұраулы жүзбен Хедвигке қарадым. Ол именіп жымиды да қойды.

– Бір кесімі аз, екі кесімі көп.

– Демек, бір жарым, – деді еркек тұжырымдап.

– Олай да бола ма? – деп таңданды Хедвиг.

– Неге болмасын? – деп жауап берген анау пышақты алып, кесектердің бірін тұп-тура екіге бөле қойды.

– Демек, әрқайсымызға бір жарымнан, – дедім мен, – және кофе.

Вольф екеуміз отырып кеткен үстелшеде біздің кеселеріміз қалған еді, тоқаш қиқымдары салынған менің тәрелкем де сонда тұр екен. Қалтамнан сигарет шығарып, әлгіде ғана Вольф отырған орындыққа жайғасқан Хедвигке ұсындым.

– Жоқ, рахмет, – деді ол, – мүмкін кейінірек болса.

– Мен, – дедім үстел басына жайғаса беріп, – сізден тағы бір жайларды сұрасам деп едім. Соны әркез әкенізден сұрауға оқталып, бата алмаушы ем.

– Ол не сонда?

– Сіздердің ата-тектеріңіз Мюллер емес, Муллер болуы қалай?

– Ой, ол бір ақымақтықтан болған нәрсе, – деді қыз, – мен сол үшін әлі күнге дейін ашулымын.

– Ол неғылған жағдай?

– Менің атамның кәдімгідей-ақ Мюллер деген фамилиясы болған ғой, оның үстіне ақшасы да ырғын болса керек, ал фамилиясы өзіне тым қарабайыр көрінбей ме, содан ол "ю"-ды "у"-мен алмастыру үшін қыруар ақша жұмсапты. Сонысын ешқашан кешірмеймін.

– Неге?

– Мюллер дейтін фамилиямен-ақ және оның жазықсыз бір әріпті құртуға жұмсаған ақшасымен өмір сүрудің өзі артық емес пе. Қазір сол ақша менде болса мұғалім болам деп нем бар еді.

– Сонда қалай, мұғалім болуға құлқыңыз жоқ па?

– Құлқым жоқ деу дұрыс емес шығар, – деп күмілжіді ол, – бірақ асып бара жатқан құлшынысым да жоқ. Ал әкем болу керек дейді, әйтпесе күн көруім қиынға түсетін сияқты.

– Егер қарсы болмасаңыз, – дедім бәсең үнмен, – сізді мен-ақ асырайын.

Ол әнтек қызарып кетті, бірақ өзім әйтеуір осыны айтқаныма және нақ осылай айтқаныма риза болдым. Содан соң риза болғаным – әлгі еркек келе қалып, кофе ұсынды. Шәйнекті үстелге қойып, пайдаланылған ыдыстарды жинастырды да:

– Бәлішке каймақ әкелейін бе? – деп сұрады.

– Иә, – дедім мен. – Қаймақ, иә, әкеліңіз.

Ол жөнімен кетті де Хедвиг кеселерге кофе құйды; бетіндегі қызылы әлі тарай қоймаған одан көзімді тайдырып, бас жағындағы суретке қарап кеттім – әлдебір әйелдің мәрмәр мүсінінің фотосуреті екен; мүсін маған таныс еді, оның жанынан жиі өтетінмін, бірақ ол кімді бейнелейтінін білмеуші едім, ал енді фотосуреттің астындағы "Императрица Августаның ескерткіші" деген жазуды оқып қуанып қалдым: демек, мұның кім екені белгілі болды.

Даяшымыз бәліш әкелді. Мен кофеме сүт қатып, араластырдым, бәліштің бір кесегін қасықпен бөліп алып аузыма салдым және Хедвигтің де тамаққа ықылас бергенін көріп қуанып қалдым. Ол қызарғанын қойған, енді тәрелкеден басын көтермей отырып үн қатты:

– Тамақ болғанына, тіпті айтары жоқ: бір құшақ гүл мен құрғақтай бір тоқаш, оның өзі атүсті ғана.

– Оның есесіне, – деп мен қарсылық айттым, – артынан қаймақпен және кофемен жейтін алма бөліші. Ал кешке міндетті түрде менің мамам "дұрыс тамақ" деп атайтын бірдене болады.

– Иә, – деп қостады қыз, – менің мамам да күніне ең болмаса бір рет дұрыс тамақтану керек дейтін.

– Демек, сағат жетілерде ғой? – дедім.

– Бүгін бе? – деп сұрады ол.

– Бүгін.

– Жоқ, бүгін менің уақытым бола қоймас. Папамның бір танысына барып шығуым керек, ол қаланың сыртында тұрады әрі мені қамқорлығына алуға көптен құмартып жүрген әйел.

– Қалайда соған барғыңыз келе ме?

– Жоқ, – деді қыз. – Ол біреудің үйіне қонаққа бара қалса, табалдырықтан аттасымен-ақ үй иелерінің терезе пердесін соңғы рет қашан жуғанын біле қоятын әйелдердің сойынан және ең сұмдығы: өзі ешқашан қателеспейді. Егер ол қазір екеумізді көрсе, бірден-ақ: мына жігіт сені азғырмақшы екен дер еді.

– Демек, бұл жолы да ол қателеспеген болар еді, – деп іліп әкеттім. – Шынында, мен сізді азғырсам ба деген ойдамын.

– Оны білемін, – деді Хедвиг. – Жоқ, оған баруға тіпті де құлқым жоқ.

– Онда барманыз, – дедім. – Енді кешке сізбен тағы бір жолыксақ қандай жаксы болар еді. Ал көнілін жаратпаған адамдарға бармаған абзал.

– Жарайды, – деді ол, – бармай-ақ қояйын, бірақ мен бармасам ол өзі келіп, қолымнан жетектеп әкетеді ғой. Өзінің мәшинесі бар әрі керемет пысық адам, – жоқ, олай да емес, – әкем оны қашанда жігерлі әйел деп отырады.

– Жігерлі адамдарды жаратпаймын, – дедім мен.

– Мен де. – Ол бәлішін жеп болып, енді төрелкедегі қаймақтың қалдығын қасықпен жалап-жұқтап отырған.

– Ал мен сағат алтыда баратын жеріме баруға дауаламай отырмын, – деп шынымды айттым. – Бір кезде үйленсем деп жүрген қызыммен кездесуге бармақшы едім, осы жолы кездесіп, оған үйленгім келмейтінін айтпақшы болғанмын ғой.

Хедвиг өзіне кофе құймақшы боп шәйнекті ала берген еді – қолы жарты жолда тұрды да қалды.

– Оны соған айтар-айтпасыңыз маған байланысты ғой, солай ма? – деп сұрады ол.

– Жоқ, – дедім мен. – Бұл тек өзіме байланысты және бәрібір айтуға тура келеді.

– Онда барыңыз да айтыңыз. Ол өзі кім еді?

– Ол мен затын ұрлаған адамның қызы және, бәлкім, кейін оны сіздің ағаңызға айтқан адамға осы сырды жеткізген де соның өзі болар деймін.

– Солай деңіз, – деп қалды ол. – Онда, мүмкін, сізге оңайырақ болатын шығар.

– Оңайдың оңайы, – дедім келісіп. – Газетке жазылудан бас тартумен бірдей: газеттің өзіне емес, ай сайын сіздің қолыңыздан алып жүрген шайлығынан айырылатын пошташы әйелге ғана жаның ашиды.

– Онда барыңыз, – деді ол. – ал мен әкемнің танысына бармай-ақ қоярмын. Қашан кетуіңіз керек еді?

– Алтыға таман, – дедім мен. – Әлі бес болған жоқ.

– Мені жалғыз қалдырыңыз, – деген өтініш айтты ол. – Жазу қағазының дүкенін тауып, маған ашық хат әкеп берінізші: күн сайын үйге хат салып тұрамын деп уәде беріп кетіп ем.

– Тағы кофеге қалайсыз? – деп сұрадым.

– Жоқ, – деді ол. – Енді сигарет берінізші.

Қорабын түгел ұсынып ем, ішінен бір тал сигарет алды. Шылымын тұтатып бердім де сөре алдында есеп айырысып тұрып оның темекі тартып отырысына көз салдым: сигаретті ебедейсіз ұстағанына және түтінді ішіне сормай бірден шығаратынына қарап, оның шылымды ілуде бір тартатынын білуге болатын еді, ал мен сөре артындағы бөлмеге қайтып оралғанымда ол маған көзін көтеріп:

– Барсаңызшы енді, – деді. Шығып бара жатып, қол сөмкесін ашқанын көрдім және оның астары өзінің пальтосы секілді жасыл екенін байқап қалдым.

Корбмахергассені түгел өтіп, Нетцмахергассеге қарай бұрылдым; салқын түсіп, кейбір жаймалар жарығын жаға бастады. Нетцмахергассені де көктей өтіп, ақыры жазу қағазының дүкеніне барып тірелдім.

Дүкеннің ескі үлгідегі үлдіріктерінде үйме-жүйме боп саналуан кеңсе тауарлары тіреліп тұр, жаймасөреде қорабы ашылған карталар жатыр – біреу ашып, ақаулы екенін көрген соң алмай тастап кеткен сыңайлы, ақаулы карталар жыртылған қорапшасының қасына жайылыпты: ортасындағы қызыл ромбысы оңып кеткен қиықтың түзы мен бір бұрышы майырылған қарғаның тоғызы. Шарикті қалам мен оның қалай түсетінін жазып көруге арналған қойын дәптер де сонда жатыр. Жаймасөреге шынтағымды тіреп, қойын дәптерді ақтара бастадым. Небір шытырман шиыршықтар да, адамның ақылына қонбайтын шимайлар да осында екен, ал біреу "Бруноштрассе" деп жазып қойыпты, бірақ сатып алушылардың көбі қойын дәптерге қол қойып жаттыққаны әрі бірінші әріпті ерекше басып жазатындары байқалады: міне, анық, сенімді жазумен "Мария Кэлиш" деп жазылған, ал соның жанына әлдебіреу кекеш адамша кібіртіктеп аты-жөнін "Роберт Б – Роберт Бр – Роберт Брах" деп үш қайтара жазғанда әрең шығарыпты, оның үстіне жазуы да ескі үлгідегідей әрі ебедейсіз, біртүрлі әсерлі көрінді де мұны жазған, сірә, бір карт адам болар деп ойладым. Біреу жәй ғана "Генрих" деп жазыпты және соның жанында, сол қолтаңбамен жазылған "ботакөз" деген сөз тұрса, оған жалғас тағы біреу ұшты қаламмен "каусаған" деп қосып қойыпты.

Ақыры жап-жас сатушы шығып, маған ілтипатпен бас изеді де шашылған карталарды қайыра қорабына салды.

Мен әуелі бес дана ашық хат сұрадым да сатушы қыз ұсынған топтамадан саябағы, шіркеулері мен өзім бұрын көріп-білмеген ескерткіші бар бесеуін таңдап алдым: соңғысы "Нольдевольға ескерткіш" деп аталыпты және фрак киген, қолындағы қағаздың бумасын жайып тұрған біреуді бейнелейді екен.

– Бұл Нольдеволь дейтіні кім? – деп сұрадым сатушыдан, ашық хатты қайтарып тұрып. Албыраған сүйкімді жүзі, әсем айрықпен жатқызылған шашы көмірдей қап-қара сатушының бар келбеті зияратқа кеткелі жүрген адамды елестетеді екен.

– Нольдеволь – біздің Солтүстік ауданды тұрғызған адам, – деп түсіндірді ол.

Біздің Солтүстік аудан маған жақсы таныс. 1910 жылдан күні бүгінге дейін ұстамды, маңғаз буржуазиялық мекен-жай ретінде көрінбекші болып кергумен келе жатқан зәулім табыскер үйлер; көшелерінде көне трамвайлар жылжиды, олардың тік бүйірлі жасыл вагондары менің бойымда туғызатын аңсарлы сезімдер, сірә, 1910 жылы пошта күймесін көргенде менің әкемді де шарпыған болар деймін.

– Рахмет, – деп ілтипат білдірдім, ал өзім: бұрын осындайларға да ескерткіш қойылған екен-ау деп ойладым.

– Тағы бірдеңе қалайсыз ба? – деп сұрады сатушы, ал мен:

– Иә, маған бір бума пошта қағазын берінізші, анау, үлкен кораптағысын, – дедім.

Сатушы жайманы ашып, қорапты алды да шаңын үрледі.

Мен оның арт жағындағы қабырғада ілулі тұрған тайдан орауыш қағаздың бір парағын үзіп алғанын қызықтап, кішкентай ғана, сүйкімді, нәзік қолының қимылына сүйсініп біраз тұрдым, содан соң кенет ай-шай жоқ қалтамнан автоқаламымды алып, қойын дәптердегі Мария Кэлиштің атының астына өз қолтаңбамды қондырдым. Неге олай еткенімді өзім де білмеймін – осы бір ақ қағаздың бетіне өзімнің атымды қалдырсам деген құмарлық жеңген болу керек.

– О, – деп сасып қалды сатушы, – мүмкін автоқаламыныздың сия құю керек шығар?

– Жоқ, – дедім, аяқ асты қызарып бара жатқанымды сезіп, – жо-жоқ, рахмет, жақында ғана құйғанмын.

Ол жымиды және маған бір сәт онысы ниетімді сезіп қойғандай көрінді.

Ақшамды жаймасөреге қойып, қалтамнан чек кітапшамды алдым да, сол жерде тұрып оған жиырма екі марка елу пфеннигті толтырдым, содан соң чекті қиғаштай: "Берешектің өтеуі" деп жаздым, сатушы ішіне ашық хаттарды салып ұсынған конвертті алдым, ашық хаттарды қалтама жалаң тоғытып, чекті конвертке салдым. Ол өзі өте жұпыны, тым арзан екен, әдетте мұндай конвертпен салық инспекциясынан немесе полициядан хабарлама қағаз келуші еді. Конверттің сыртын толтыруым мұң екен, бұжыр қағазда Виквебердің мекен-жайы жайылып жүре берсін, сондықтан оны сызып тастап, асықпай, анық етіп қайта жазуыма тура келді.

Сатушының қайтарма ақшасынан бір маркалық шаңды сүзіп алып кері ысырдым да:

– Тілеуіңізді берсін, маған он пфеннигке бір марка және "Мұқтаждық көрушілерге көмек" маркасының біреуін берінізші, – дедім.

Ол тартпасын суырып, дәптердің ішінен аталған маркаларды алды да маған берді, ал мен оның екеуін де конвертке жапсырдым.

Тағы бірденелер алғым келіп, жаймасөре үстіндегі қайтарма ақшаға тиместен, үлдірікке көз жүгірттім; қалың дәптерлер бар екен, техникумда біз мұндайға лекция жазатынбыз – жасыл былғарыдан күмпиген мұқабасы бар біреуін алып, жаймасөренің үстінен сатушыға ұсындым; ол тайланған қағазды тағы да сыбдырлатып, мұқияттап орап берген дәптерді қолыма ала беріп, неге екенін қайдам, осыған Хедвиг лекция жазып та жарытпас деген ойға келдім.

Нетцмахергассемен қайтып келе жатқанымда осы бүгінгі күн еш таусылмайтындай көрінді: тек жайманың терезелері ғана әдеттегісінен жарықтау сияқты. Тағы бірденелерді сатып алуға әбден-ақ құлықты едім, бірақ жаймалардың бірде-бірінен көніліме ұнайтын ештене көрінбеді; рас, жерлеу бюросының жаймасы алдына аз-кем аялдап, көмескі жарықпен сұлбаланып көрінген шымқай қоңыр және қара табыттарға қарап біраз тұрдым, содан соң ілгері жүріп барып Корбмахергассеге бұрыла бергенде есіме Улла түсті. Онымен әңгіме жаңа ғана ойлағанымдай онай бола қоймас; ол мені көптен біледі әрі ішек қырындыма дейін білетінін қайтерсің, бірақ мен де оны жақсы білемін – онымен сүйіскен сәттерімде татаусыз бет ажарының астарынан әкесінің түптің түбінде толағай тартатын бас сүйегін; қаныраған көз аңғалағы мен жасыл түсті киіз қалпағын көргендей болатынмын.

Сонымен бірігіп, екеуміз жымдасып, карт Виквебердің қалпағын талай жерде теріс айналдырдық қой, әрі оны бұрынғыдай, өзім кәмперке оқиғасында қолға түсетіндей етіп емес, неғұрлым жымысқы, табысты амалдармен істедік; біз оны әлдеқайда қатырып алдап, металл сыныктары дейтіннен қыруар ақша таптық; менің басшылығыммен бүтіндей бір жұмысшылар бригадасын жасақтадық та ол бұзылуға белгіленген қиратындыларды талдап-талқандап, ал біз кәдеге жарайды-ау дегендерінің бәрін онды-солды сатумен болдық; өзіміз сүйемелі зәулім сатылармен шыққан жоғарыдағы кейбір пәтерлер бәз қалпында тұрғанын көретінбіз, оларда асүйдегі пештен бастап газ колонкасына, шұңғылшадан бастап унитаздың соңғы бұрандасына дейін – бәрі су жаңа болатын, тіпті кейде сүлгі ілулі тұратын эмаль ілгектер де, ерінге жағатын далап пен қырынатын аспап қатар жататын ваннадағы кішкентай шыны сөрелер де, суы көптен тұрып қалған ваннаның өзі де жаңа күйінде болады, ондағы сабын көпіршігі әк үрпегінше төменге шөккен де суының өзі мөп-мөлдір қалпында қалған, кейін балалардың жертөледе тұншығып

өлетін резеңке жануарлары сол суда әлі қалқып жүреді, ал мен болсам, өлім құшардан сәл ғана бұрын өздерінің жүзін көрген адамдардың көзқарасын сақтап қалған айналарға қараймын да аза бойым қаза болған қатты ашу үстінде балғамен сол айналардағы өз кескінімді тас-талқан етемін, – күміс сынықтар қырынатын аспап пен ерінге жағатын опаға қарша жауады; содан соң ваннаның тығынын ағытамын, көптен тұрған су төртінші қабаттан төмен құйылады, ал резеңке жануарлар қалықтап барып әк үрпек-шелеріне қонады.

Әлі есімде, бір жерде тігін мәшинесі тұратын да оның инесі бала шалбарына айналып үлгермеген қоңыр түсті матаның қиқымын қинайтын да жататын, соны көтеріп шығып, баспалдаққа сақпастан, есіктің үнірейген орнына тастап жіберіп, шомбал тастар мен қабырға киратындыларына соғып быт-шытын шығарғанымда мені түсініп, бәрекелді айтқан ешкім болған жоқ; әйтсе де мен бәрінен бұрын өзіміз тапқан айналардағы өз кеспірімді талқандауды жақсы көретінмін – күміс сынықтар күрілдеуіктей тізбектеліп төмен саулайтын. Ақыры Виквебер біздің "қайталама шикізатта" ешқашан айна көрінбейтіні несі деп таңғалып, киратындыларды сұрыптаушы бригаданы басқаруды өзге бір жәрдемшісіне тапсырғанға дейін осылай болды.

Дегенмен әлгі бір шәкірт бала жоғарыдан құлап өлетінде олар оқиға болған жерге нақ мені жұмсады – бейшара бала түн қаранғысында киракан үйге кіріп, электрлі кір жуатын мәшинені алып шықпақшы болған ғой; оның үшінші қабатқа қалай көтерілгенін ешкім білмейді, бірақ ол сонда көтеріліп, абажадай дәу мәшинені арқанға байлап түсіріп келе жатқанда жазатайым болған. Біз барғанда сол үйдің жанындағы күншуақта жайбарақат тұрған оның қоларбасын көрдік. Әбігерленіп полиция жүрді және тағы біреу рулеткамен арқанның ұзындығын өлшеп, асүйдің ашық қалған есігі мен тіпті қабырғаның көгілдір сылағына сүйеулі сыпырғышқа дейін анық көрінген жоғарыға қарап, басын шайқап тұр екен. Кір жуатын мәшине жаңқақша шағылып, атанағы сондайға ұшып кетіпті, ал баланың өзі құдды тірі адамдай жатыр екен, ол әбден тозығы жеткен матрастардың үстіне құлапты және суға батып, балдырға шырмалып қалғаннан аумайды, тіпті езуіндегі ызалы әжімі де қашанғысындай – бұл дүниенің әділдігіне сенбейтін аш адамның шер-шеменін ұқтырғандай. Баланың аты Алоис Фруклар екен, Виквеберде жұмыс істей бастағанына үш-ақ күн болыпты. Мен оны көтеріп, мәйітханадан жіберілген мәшинеге апара жатқанымда кошедегі әлдебір әйел:

– Бұл сіздің ініңіз бе еді? – деп сұрады.

Мен оған:

– Иә, інім еді, – деп жауап бердім, ал түстен кейін Улланың қызыл сия құйылған сауытқа қаламын матырып алып, оның атыжөнін төлем тізімдемесінен сызып отырғанын көрдім: сызығы ұқыпты, анық түсіпті және Шарнхорстың жағасындай, Ифигенияның ерніндей, түйетабан тұзының жүрегіндей қанқызыл екен.

Басын екі қолына сүйеп Хедвиг отыр, жасыл свитерінің жеңі түрулі, жұп-жұмыр ақборық білегі үстел үстіндегі екі бөтелке сияқты да өзінің жүзі сол екеуінің мойнын аялап, дамылдап қалғандай, ал бөтелке мойнының тарылар тұсы беттің дөңгелене біткен әсем сызығы сияқтанады, – жылышырайлы көзі бал түстес деуге келетін сарғыш реңк беріп жылтырайды және мен сол көздердің тереңінен өз сұлбамның елес бергенін көргендеймін. Бірақ ол мені байқаған жоқ, біраз қиыстау қарап, әлдеқайда алыста, шет тілдер сабағының дәптерлерін көтеріп өзім тұп-тура он екі рет кіріп-шыққан ауыз үйдің қараөлеңкесіне тесіле қалған – ол бөлменің көрінісі менің есімде де шала-шарпы қалғандай: қызыл-қошқыл тұскағаздар, – бәлкім, қоңыркай түсті болса да өзі білсін, әйтеуір ол жер қашанда күңгірттеу болушы еді, – студент малақайын киген әкемнің суреті және "Тевониямен"[1] аяқталатын жазу, темекі мен жалбыз шайының иісі, сондай-ақ нота дәптерлеріне арналған шағын сөре, ең үстіңгісінен мен бірде: Григ, "Анитаның биі" деген жазуды көріп қалғаным бар.

Менде сол ауыз үйді дәл Хедвиг сияқты жақсы білсем деген керемет құлшыныс оянды да, бәлкім, ұмыт болған көрініс қайта еске түсіргендей бірдеңе болар ма екен деп жанталасып, ойымды он қабат ақтарыстырып көрдім – тегі, киімнің астарын сөгіп, сонда түсіп кеткен тиынды осылай іздесе керек еді, өйткені жоқшылықтағы бірден-бір әрі ең соңғы үміт болғандықтан соның өзі тұтас бір байлық боп көрінбек; оған екі тоқаш нан, бір сигарет немесе өлімсіреп жиырылған өкпеге ауа бергендей етіп, ауыз қуыратын тәттісімен қарынды алдап, аштықтың бетін қайыратын жалбызды түймедәрінің бір түтігін алуға болады.

Сондықтан сен астарды ақтаруынды қоймайсың, тиын іздеген саусақтарың шаң-тозаң мен ұйпаланып қалған қылшықтарды термелейді, әрі-беріден соң өзінде осы іздеп отырғаным он пфенниг емес, тұтас бір марка болмасын дейтін үміт пайда болады. Жоқ, олай емес, бұл тек он пфенниг екен, мен оларды таптым және қалай болғанда да оларға баға жетпейтін болып шықты: кіре беріс

---

[1] *Тевтония* – Германияның латынша атауы, мұнда – студенттік корпорацияның аты.

мандайшада Құткарушы Мәсіхтің бейнесі ілулі болатын және шамдал жанып тұрушы еді, мен шіркеуден шығарда соны ұдайы көріп үлгеретінмін.

– Барыңыз, – деді Хедвиг, – мен сізді осында тосамын. Ол көп уақыт ала ма? – Мұны маған қарамастан сұрады.

– Осы дәмханада, жетіде жабылады, – дедім мен.

– Ал сіз кештеу келесіз бе?

– Жоқ, – дедім. – Анығы солай. Демек, сіз осында боласыз ғой?

– Боламын, – деп жауап катты ол. – Мен осында боламын. Бара беріңіз. Мен ашықхаттар мен маркаларды үстелге қойып, кайтадан Юденгассеге шықтым да мәшинеге отырып, Хедвигке деген сыйлықтар салынған екі капшықты артқы орындыққа тастадым. Осы уакытка дейін жұмысымнан калай жеріп жүрсем, мәшинеме де дәл солай беттемей калғанымды білетін едім, бірак енді карасам, мәшинеммен де тіл табыса калғандаймын; үйдің кіреберісіне карап көшенің арғы бетінде тұрғанда шылымға калай бауыр басып алсам, бұл да солай – колым жүріп, өзінен өзі лыпып тұр. Тепкіні басасың, түймені басасын, тепкіні жібересің, түймені жібересің, кол тежеуішті өзіне тартасын, жылдамдық иінтірегін ілгері итересін. Мәшинені көзді жұмып айдап келе жатқандаймын – бәрі өздігінен орайласып, үйлесіп кететіндей және өзім мүлдем меніреу дүниеде мүлдем жалғыз келе жаткан сияктымын.

Юденгассенің Корбмахерштрассемен киылысына шығып, Рентгенплатц жакка бұрыла бергенімде Корбмахерштрассенің аяғына таман, көшенің көмескілеу көз жетерінде Хедвигтің жасыл свитері жалт етті де жоқ болды, – мен көше киылысының тура ортасында кері бұрылдым да мәшинені солай салдым. Сол арада әлдекайда жүгіріп бара жатқан Хедвигтің колтығына бір бөлке нан кысып, көшеден өткен ер адамды токтатканын байқап калдым. Оған жакындай бере мәшинемді тежеп, әлгі еркектін бірденелерді түсіндіріп, әлдекайда колын бұлғағанын көрдім. Хедвиг әрі карай жүгіріп кетті де мен оның соңын ала Нетцмахергассемен баяу жүріп отырдым, ал Хедвиг өзім ашық хат алатын магазинмен катарласа беріп, бұрын мен көрмеген караңғылау, шолак көшеге бұрылды. Ол енді жүгіруін койған, колындағы кара сөмкесі біркалыпты ырғалып, жедел басып барады екен, ал мен, көшенің ілгергі беті көмескілеу көрінгендіктен, алыска ұратын шамды жаға беріп, ұяттан өртене жаздадым: самаладай шам жарығы сау етіп, жұпынылау шіркеушенің кіреберіс бетіне ұрды да, соған енді кіріп бара жатқан Хедвигті көзім шалды. Сірә, түнгі түсірулер кезінде прожекторының жарығы кушактасып-сүйіскен ғашыктарға байкаусыз түсіп кеткен киооператор осындай халде болатын шығар.

III

Жалма-жан шіркеуді айналып шығып, оның арт жағынан Рентгенплатц жаққа бұрылдым. Оған тура алтыда жеттім де, Чандлерштрасседен аланға қарай айнала беріп, сонадайдан Улланы көзім шалды – ол мені ет дүкенінің жанында күтіп тұр екен; оны көзімнен таса қылмастан, айналамдағы өзге мәшинелердің қыспағында баяу жүріспен аланды айналып өтіп, ақыры тұйық көшеге шықтым. Улла қызыл сулық пен қара қалпақ киген екен, оған бір кезде осы қызыл сулығынды кигенінді керемет ұнатамын дегенім кенет есіме түсті. Мәшинемді аяқжолға тақай қойып, Уллаға жақындай бергенімде оның бірінші айтқаны:

– Онда тұруға болмайды. Жиырма марканнан қағыласын, – деген сөз болды.

Оның Вольфпен сөйлескені бірден байқалды: қызыл шырайлы жүзінің жұқалтаң бетін қара көлеңке торлап үлгеріпті. Оның артында, ет дүкенінің жаймасындағы ақ майдың шомбал екі кесегінің арасында, мәрмәр үйектің үстіне қойылған гүл сауыттарының арасында консерві қалбырларының пирамидасы көрінеді, ал олардың заттаңбасына қаңқызыл әріптермен айқайлата жазылған "Сиыр етінен жасалған бұқтырма" дейтін бір сөз бәрінде қайталанады.

– Мәшинесі бар болсын, – дедім мен. – Уақыт тығыз.

– Сөз болғаныңа, – деді ол. – Кілтінді әкелші, әне бір орын босады.

Мен кілтті бердім де оның мәшинені ұршықша иіріп, көлік қоюға рұқсат етілмеген жерден біреудің лимузині жаңа ғана босатқан басқа бір орынға апарып қойғанын қарадым да тұрдым. Содан соң бұрыштағы пошта жәшігіне барып, оның әкесіне жөнелтілген хатты тастадым.

– Ақымақтықты қойсаңшы, – деді ол маған кілттерді беріп жатып. – Тап бір қалтаңдағы ұрлық ақша болар ма.

Мен күрсіндім де онымен таусылып болмайтын, өмірлік неке жолына түсіп кете жаздағанымды, құдыққа лақтырған тастай боп отыз немесе тіпті қырық жыл бойы басыма жауа жаздаған жазғыруларды, лақтырылған тастардың дыбысынан шыққан жаңғырық барған сайын бәсеңдей беріп, ақырында біржолата өшкенін, бірақ оның есесіне су бетіне тау-төбе тас үйілгенін көріп оның қалай қайран қаларын ойладым және осы өнешіне тас тығылған құдық бейнесі Улла екеуміз бұрыш айналып, Йоос дәмханасына қарай бет алғанымызша көз алдымнан кетпей қойды.

– Вольф саған бәрін айтты ма?

– Иә, – деп жауап қатты ол.

Дәмханаға кірер ауызда оны шынтағынан демей тұрып, мен:

– Олай болса, мүмкін, айта қоярлықтай ештенеміз жоқ шығар? – деп сұрадым.

– Е-е, болмайды, – деп қарсылық білдірді ол. – Екеуміздің айтатын әңгімеміз жеткілікті.

Ол мені батыл бастап жөнелді де, пүліш пердені ысыра ішке кіріп бара жатып оның менімен нақ осында отыруды не себепті қалағанын мен де түсіне қойдым: Вольф үшеуміз мұнда жиі келетінбіз – мен Вольфпен бірге кешкі курстарда оқығанда да және кейін, емтиханның бәрін тапсырып, техникумға баруды доғарғанда да Йоостың дәмханасы біздің бас қосуымыздың өзгермейтін орны болатын: мұнда ішілген кофеде, мұнда желінген балмұздақта қисап жоқ, сондықтан қазір босаған орынның ыңғайын қарап менің жанымда тұрған Улланың жымиысынан-ақ мені қақпанға түсірдім-ау деген масаттануын байқауға болады, неге десеңіз, мұндағының бәрі – қабырғалар, үстелдер, орындықтар, иіс-қоңыс та, тіпті даяшы қыздардың жүздері де – бәрі соның жағында; ол мұнда менімен өз аланында, өз босағасында, өз көрермендерінің көз алдында ойнайтын болады, бірақ оның білмейтін жалғыз нәрсесі – тіпті кеше ғана екеуміз осында отырып кеткенімізбен, осы жылдар – шамасы, үш немесе төрт жыл – енді менің жадымнан ада-күде өшірілді. Бұрын өзіне қымбат көрінген дәстерлі бір зат құрлы бірталайдан бері сақтап келген кәкір-шүкірді лақтырып тастайтыныңдай, бұл жылдарды мен де мүлдем есімнен шығардым: өзің бір кезде Монбланның шоқысында тұрғанда тауып алған, көзіне түскенде биіктіктен басың айналатындай болған сол тас қазір жер бетіндегі миллиардтаған тонна тастардан ешбір өзгешелігі жоқ, үлкендігі сіріңкенің қорабындай ғана жәй бір сұр тас – соны сен пойыздың терезесінен теміржол төсеміне тастай салсаң ол да өзі сияқты киыршық сұр тастардың бірі болып қала береді.

Күні кеше ғана кешкілік біз осында түннің біруағына дейін отырып едік: Улла мені мұнда кешкі ғибадаттан кейін сүйрегендей етіп әкелген болатын; ана жерде, дәретхана бөлмесінде мен күні бойғы жұмыстан кірлеген қолымды жудым, содан соң бір сыбаға паштет жеп, шарап іштім, сонда даяшы жазып берген есепшот қалтамның бір түкпірінде, умаждалған қағаз ақшалардың арасында әлі жатқан болу керек. Оның сомасы да есімде: алты марка елу сегіз пфенниг болар деймін, әне, сол даяшының өзі залдың түкпірінде газеттерді жайып жатыр.

– Отырамыз ба? – деп сұрады Улла.

– Жарайды, – дедім мен. – Отырсақ отырайық.

Сөренің басында тұрған фрау Йоостың өзі шоколад кәмпиттерді күміс қалақшамен хрусталь сауыттарға салып жатыр. Өз сөзіне сенсек, "жастарға бей-жай қарай алмайтын" оның айрықша мән беретін амандық-саулық сұрасуынан жылыстап кеткім-ақ келіп еді, болмады, – сөре артынан ытқып шыққан ол қанатын жайып, екі қолым қалпағым мен мәшиненің кілтінен босамағандықтан, білегімнен шап беріп ұстап:

– Сізді қайта көргеніме қандай қуаныштымын! – деп лепіре жөнелді.

Сол-ақ екен, оның бадам түстес әдемі көздеріне ұялшақтай қарап әрі олардан өзімнің әйел баласына қаншалықты жағымды екенімді көріп, қызарып кеттім. Фрау Йоостың басты шаруасы шоколад кәмпиттері болушы еді әрі күн сайынғы сол тірлігі оған танбасын мықтап салғаны сонша, өзі де кәмпит сияқты тәп-тәтті, үр таза, тәбетті болатын, ал нәзік саусақтары ұдайы күміс қалақшамен жұмыс істегендіктен сәл-пәл делдиіңкіреп тұрушы еді. Бәкене бойлы ол жәй басып емес, секіре түсіп жүретін сияқтанады, ал самайынан желкесіне қарай таралатын шашының ақшулан тұтамдары маған қашанда шоколад кәмпиттерінің марципан жолақтарындай көрінеді – кәмпиттің сондай сорты да бар: ал енді бар ма, оның шақшадай басында, сопақша жұмыртқа кескіндес осынау ыдыста біздің қаланың шоколадты-кәмпитті топографиясы туралы ен-тегін ақпарат сақтаулы десе де болады: әйелдердің қайсысы қандай кәмпитті қалайтынын, кімді немен ерекше қуантуға болатынын ол бүге-шігесіне дейін біледі, сондықтан барлық сылқым жігіттердің ақыл-кеңес берушісі және мейрам сайын өзінің айрықша қадірлі клиенттерінің әйелдеріне сыйлық жөнелтетін әйгілі фирмалардың кеңесшісі ретінде ол таптырмайтын адам. Ерлі-зайыптылардың қайсысы қайсысының көзіне шөп салғанын, енді қандай опасыздық жасалғалы жатқанын ол кәмпиттердің сүйікті сорттарына және олардың үйлесіміне қарап біліп отырады – айтпақшы, оның өзі де жаңа сорттар мен үйлесімдерді жасап, қолданысқа қосудың асқан шебері.

Ол Уллаға қолын ұсынып, жымиып қойды, содан соң Улланы тастай беріп, мәшиненің кілттерін қалтама салып үлгерген маған қол берді.

Мен осынау әдемі көзге тесіле қарап, бұдан жеті жыл бұрын осында нан сұрай келсем мұның менімен қалай сөйлесерін елестетуге тырыстым, – сол-ақ екен, бадам түстес көздің ызбарлана сығырайып, жанары тастай қатып, ұрғашы қаздың

жанарынша топастанып алғанын, мына биязы, томпиған саусақтардың түрпіленіп, күтімі жақсы жұп-жұмсақ колдың сарандықтың әсерінен тырысып, сарғайып бара жатқанын көріп, алаканымды оның шенгелінен жалма-жан суырып алғаным сонша, ол селк ете қалып, басын шайқаған күйі сөресіне қарай кетті, ал қапалы жүзі енді шалшыққа тасталған және ішінен тәтті емес, біртүрлі қышқыл татыған созылмалы салындысы ағып жатқан кәмпитке ұқсап кетті.

Улла мені алға жетелей берді де біз адамға лық толы үстелдердің жанынан өтіп, күңгірт-қызыл түсті төсеніш кілемшемен залдың түкпіріне, ол сонадайдан байқап қалған екі бос орынға қарай бардық. Бос үстел көрінбеді, тек үш адамдық шағын үстелдің басындағы осы екі орындық қана. Үшінші орындықта газет окып, шылымын бұрқыратып бір еркек отыр екен – темекісінің көк түтіні мұржадан шыққандай боп будақтайды және оның ұлпадай күлі қалықтап барып өзінің қара кәстөміне қонып жатыр.

– Мұнда ма? – деп сұрадым мен.

– Басқа орын жоқ, – деп жауап қатты Улла.

– Міне, сондықтан өзге бір дәмханаға барғанымыз жөн болар, – дедім.

Ол мына отырған еркекті өңменінен ата бір карады да айналасын алақтай шолып өтті, содан соң сонау түкпірден бір еркек көтеріліп, жанындағы бикесінің ақшыл-көгілдір пальтосын беріп жатканын көріп, көзі шырадай жанып кетті. Улланың соңынан ілесе беріп, ол үшін менімен нақ осы жерде түсінісудің қаншалықты маңызы барына көзім жете түсті. Ол өзінің кол сөмкесін аяк киім корабы жатқан орындыққа тастай салып еді, ақшыл-көгілдір пальтолы әйел жақтырмай басын шайқап, корапты колына алды да есікке шығар жердегі үстелдердің арасында даяшымен есеп айрысып тұрған серігіне қарай байпандай жөнелді.

Улла үстел үстіндегі ыдыстарды бір шетке ығыстырып, бұрыштағы орындыққа жайғасты. Мен соған қатар орындыққа отырып, калтамнан сигарет алып ұсындым; шылымын тұтатып беріп, өзім де біреуін езуіме қыстырдым да назарымды әлі жиналмаған тәрелкедегі балқаймақ жұғындысы мен шие сүйектеріне, кеселердегі ақшыл-сұрғылт кофе коймалжыңына аудардым.

– Фабрикада жүргенде саған көз суғарып, бухгалтериядағы әйнек далдадан әр кимылынды бағатын кезімде-ақ ойлануым керек еді, – деді ол. – Бізде істейтін қыздарға қырындап, олардың тамағына ортақтасатынсың, әсіресе ораушы болып істейтін, солғын жүзін безеу басқан жұдырықтай ғана мешел қыз повидло

жаккан бутербродының жарым-жартысын саған беріп, сен оны апыл-ғұпыл асап жатқаныңды талай көруші ем.

– Сен әлі бәрін білмейсің ғой. Менің тіпті онымен сүйіскенімнен де, киноға барып, қараңғыда қолынан ұстайтынымнан да және оның қайтыс болатыны түп-тура мен емтихан тапсырып жүрген күндерге дөп келгенінен де бейхабар боларсың. Және апталық жалақыма түп-түгел гүл сатып алып, оның моласына апарып қойғанымды да білмессің. Сонда жейтін бутербродтарымды ол маған кешірген болар деймін.

Улла маған үнсіз қарап қалған, содан соң босаған тәрелкелерді одан да әрегірек ысырып қойып еді, мен оларды қайтадан бері жақындаттым, өйткені бір тәрелке жерге құлай жаздап шақ қалды.

– Ал сендер, – деп сөзімді жалғадым, – оны жерлеуге азагүл жіберуге де жарамадыңдар, тіпті әке-шешесіне көңіл айтып хат жазу да ойларына келмеді; мен білсем, сен оның аты-жөнін төлем тізімдемесінен қызыл сиямен ұқыптап сызып тастадың да сонымен іс біттіге санадың.

Даяшы келіп, үстел үстіндегі тәрелкелер мен кеселерді жайпақ табаққа салып алып:

– Қашанғыдай, кофе ме? – деп сұрады.

– Жоқ, рахмет, – дедім мен, – маған керегі жоқ.

– Ал маған әкеліңіз, – деді Улла.

– Сізге не әкелейін? – деп ілтипат білдірді даяшы қыз.

– Бәрібір, – дедім қалжыраңқы түрде.

– Фендрих мырзаға жалбыз шайын әкеліңіз, – деді Улла.

– Иә, – деп келісе қойдым мен де, – маған жалбыз шайы болса.

– Бізде жалбыз шайы болмаушы еді, – деп қынжылды даяшы қыз, – жәй ғана шайдың өзі.

– Онда жәй шайдан әкеліңіз, – дедім де қыз жөніне кетті.

Мен Уллаға қарадым-дағы оның топ-томпақ әсем ерні әп-сәтте ызбарлы бір жолаққа – сызғышпен жүргізілген қызыл сызыққа қалай айналып кететініне бірнеше рет қайран қалдым.

Қолымнан сағатымды шешіп алдыма, үстел үстіне қойдым: алтыдан он минут кеткен екен, ал жетіге бес минут қалғанда мен, ешбір бөгелместен, шығып кетуім керек.

– Сенімен екі минут артық сөйлесу үшін айыппұлға жиырма марканы аямас едім, қоштасарда гүл сыйлағандай етіп саған сол екі минутты куана-куана сыйлар едім, – бірақ сыйлықтан өзің қағылдың. Сол екі минут үшін маған жиырма марка дегенің түк емес.

– Әрине, – деді Улла кекесінді үнмен, – сен енді мейірімді мырзасың, әр талын жиырма маркадан алып, оңды-солды гүл шашуға да барсың.

– Иә, – дедім мен, – сыйлық та соған лайық болар деймін. біз ешқашан бір-бірімізге сыйлық беріп көрген емеспіз. Солай емес пе?

– Рас айтасың, – деп келісе кетті ол, – біз бір-бірімізге ештеңе сыйлаған емеспіз. Бала кезімнен-ақ менің санама үлкендер әуелі сыйлыққа лайық болу керек деген шындықты ұялатқан, ал сен, менің білуімде, оның бірде-біреуіне лайық болған емессің, айтпақшы, өзім де солаймын – бірде-бір сыйлыққа лайықты қылығым жоқ.

– Дұрыс, – деп қоштадым мен, – ал енді лайықты ісің болмаса да менің саған берсем деген жалғыз сыйлығымды өзің қабылдамадың. Мейрамханаға барсақ, – деп жалғастырдым мен бәсең үнмен, – салық инспекциясын ескеріп, есепшот сурауды ұмытпайтынбыз және оны кезекпе-кезек – бірде Вольф екеуін, бірде мен алатынмын. Ал сүйіскеніміз үшін есепшот ұсынатын болсақ, сенде олардың бәрі тіркеулі тұрар еді.

– Сүйісудің де сурауы бар, – деп қарсылық айтты ол – Кезінде оған да есеп беруіне тура келеді.

Даяшы Уллаға кофе, маған шай әкеліп, соның бәрін әспеттеп ұсынып болғанша маған осы ырым-жырым түгесіліп бітпейтіндей көрінді: кішкентай тәрелкелер, кішкентай кеселер, сүт сауыттар, кантсалғыш, бауы бар шай пакетіне арналған табақша және осының бәрінің тобықтай түйіні ретінде – ұшына жұп-жұқа лимон кесегі ілулі құйтақандай күміс қысқаш салынған ерекше бір шағын тәрелке.

Уллада үн жоқ, ол айқайға басар ма екен деп зәрем кетіп мен отырмын – бір жолы оның қалай айқайлайтынын естігенім бар: ол фирманың ісіне қатысуға байланысты өз үлесін талап етіп, әкесі онысын хош көрмегенде болған жағдай еді. Уақыттың аяғына тұсау түскен бе дерсің: бар болғаны жетіден он үш минут кетіпті.

– Сайтан алғыр! – деп кіжінді Улла. – Ең болмаса сағатыңды әрі әкетерсің?

Мен сағатымды ас мәзірінің қағазымен жаба қойдым.

Маған осының бәрін өзім сансыз мәртс көргендей, естігендей, тіпті иіскегендей көрініп кетті, соның бәрі жоғарыдағы көршілер әр кеш сайын сарнатып қоятын күйтабақ, өзіне тозақта көрсететін, қайталап көрсете беретін бір ғана кино ма дерсің, мына иіс те, кофе мен тердің, әтірдің, ликёр мен сигареттің мұрыннан кетпейтін иісі де, менің сөздерім мен Улланың сөздері де – әмбесі талай айтылған, бірақ бәрібір жалған болатын, тіпті дәмінен де жалғандығы білінетіндей еді және аузымнан сол дәмді сезетінмін: әкеме қара базар мен аштық туралы айтқанымда солай болушы еді – жаңа ғана ауыздан шыққан сөз өтірікке айналатын, – міне,

дәл қазір, осында отырып, кенет Лена Френкельдің повидло жаккан бутербродын маған беретіні есіме түсті, тіпті құны болмашы, ең арзан сортты, сол қызыл повидлоның дәмін анық сездім, сонда барып Хедвигке, содан соң – Юрген Броласки суға батып, мәңгі ғайып болатын жердегі көпірдің жасыл-баркын көлеңкесіне аңсарым ауып кетті.

– Мұны, – деді Улла, – ақырына дейін бәрібір түсінбеймін, өйткені сенің ақшаға қатыссыз бірдеңе істей алатының ақылыма қонбайды, әлде оның ақшасы бар ма?

– Жоқ, – дедім мен, – оның ақшасы жоқ, бірақ ол менің ұрлық істегенімді біледі; біреуіннің ауыздарыннан шыкса керек, содан оның ағасына жеткен. Вольфтың өзі де әлгіде ғана соны тағы есіме салды.

– Тіпті жақсы істеген, – деді ол. – Әйтпесе сенің ақсүйек болып кеткенің сонша, темекілік тиын-тебен табу үшін кәмперке ұрлағаныңды ұмыта бастағандайсың.

– Нанды да ұмытпа, – дедім мен, – сен де, әкең де өмірі татырмайтын, тек Вольф қана анда-санда менімен бөле жейтін нанды ұмытпа. Аштық дегеннің не екенін көрмесе де екеуміз жұптасып жұмыс істеген кезде ол маған ұдайы нан беріп тұратын. Содан соң, – дедім мен естілер-естілмес қана, – егер сен сонда маған ең болмаса бір рет нан берген болсаң қазір екеуміз мұнда отырмас та едік және мен сенімен бұлай сөйлесе алмас та едім.

– Біз қашанда тарифтен артық ақы төлейтінбіз және бізде жұмыс істеген әр адамға жеке азық, ал түскі аска ешбір кәртішкесіз сорпа берілетін.

– Иә, – деп күптадым мен, – сендер қашанда тарифтен артық ақы төлейтінсіндер және өздерінде жұмыс істейтін әр адамға жеке азық, ал түскі аска ешбір кәртішкесіз сорпа беретінсіндер.

– Малғұн! – деп ышқына сөйледі ол. – Жақсылықты білмейтін малғұн!

Үстіндегі ас мәзірін алып сағатыма қарасам әлі алты жарымға да жетпеген екен – бетін қайтадан жаба қойдым.

– Әсілі, өзің жүргізген төлем тізімдемелерін қайта карап шық, – дедім мен, – бірақ шын ниетіңмен, әркімнің аты-жөнін дұға бағыштаған адамдай анықтап, дауыстап оқы, әр адамның атын атаған сайын "Бізді кешіре гөр!" деп отыр – содан соң барлық адамдардың санын мың нанға көбейт, соның нәтижесін тағы мыңға көбейт, – әне, бәлкім, сонда сен әкеңнің жеке есебінде канша карғыс бар екенін білерсің. Ал оның өлшем бірлігі нан болсын, калың тұман арасындағыдай көмескі калған біздің бала шақта

жеген нанымыз болсын, тек кожайынның шүленсіп берген, кешке біз селкілдек трамваймен үйді-үйімізге тарағанда ішек-қарнымызда шолпылдап, ыстық әрі қышқыл толқын боп, дәрменсіздіктің кекірігіндей алқымымызға шабатын сорпа-су болмасын. Біздің өмірден көрген жалғыз қызығымыз да өшпенділік болушы еді, – деп мен енді деміге сөйледім, – бірақ ол ұмытылғалы да не заман, бүкіл іші-бауырымды тастүйін бүріп әкететін кекірікпен бірге өтті-кетті. Құдайым-ау, Улла, – дедім енді сыбырға көшіп және осынша уақыттан бері оның жүзіне тура қарап, – сен шынымен-ақ бір тәрелке сорпамен және жалақыға қосылатын болмашы үстемемен бәрінің тігісін жатқызуға болады деп мені иландырғың келе ме? Соған өзің де сенетін болғаның ба? Ең болмаса сол баяғы тай-тай майлы қағаздарды есіне алсаншы...

Ол қасығымен кофесін араластырып, маған көзін көтерді де сигарет қорабын ұсынды, мен біреуін алып, оның темекісін тұтаттым, содан соң өзім де тарттым.

– Сол бір керемет ұрлығым жайында басқа адамдарға айтқандарың маған түк емес, бірақ біз, сендердің төлем тізімдемелерінде болған бәріміз кейде болса да басы артық бір үзім нанға лайық болмадық дегенге мені иландыра аламын деп шынымен-ақ ойлайсың ба?

Ол менен қиыс қарап, әлі үнсіз отыр, ал мен сөзімді жалғадым:

– Мен болсам, сол кезде үйге барған сайын әкемнің өмір бойы жинаған, студент кезінде өзі жарымқұрсақ бола жүріп сатып алған, көзінің қарашығындай сақтайтын кітаптарын ұрлап сатып, нан алып жейтінмін; кезінде ол жиырма бөлке нанның құнына алған кітаптарын мен жарты бөлкенің құнына өткізіп жүрдім, – енді мұндағы проценттердің қаншаға жететінін өзің есептеп көрші: минус екі жүзден минус шексізге дейін...

– Біздің де, – деп тіл қатты Улла, – біздің де процентпен есептесуімізге тура келеді, әрі десе, – деді сыбырға көшіп, – оның мөлшері сенің ойына да келмейді.

– Иә, – дедім мен, – сендер өздеріне өсімнің қандай бәсі қойылғанын да пайымдамастан есеп айырысасыңдар, ал оның шарықтау шегі тым жоғары, – бірақ мен болсам сатуға алған кітаптарымның қандай екеніне қарамайтынмын, әйтеуір жуан болса болды; әкемнің кітаптарының көптігі сондай, ол байқамайтын шығар деп ойлайтынмын, – тек оның әр кітапты жанындай көріп жадында сақтайтынын, бұл жөнінен алдындағы қойының бәрін түстеп-түгендеп танитын қойшыдай екенін әбден беріде білдім, ал тіпті болымсызға, бір қорап сіріңкенің құнына өткізіп

жіберген пышақтың қырындай ғана көнетоз біреуі, кейін білсем, бүтін бір вагон нанға бара-бар екен. Оның кітап сатуды өзіне сенін қалдыруды өтінетіні – әрі қызарақтай тұрып өтінетіні! – әбден беріде ғой, содан кейін ол шынында кітапты өзі сатып, маған ақшасын жіберетін болды, ал мен оған нан алып жейтінмін...

"Нан" деген сөзді естігенде ол селк ете қалды да мен оны аяп кеттім.

– Қаласаң, мені ұрып жібер, – деді ол, – бетіме шайынды шашып жібер, тек сөйлей бер, сөйлей берші, сен менімен ешқашан сөйлеспеуші едің ғой, бірақ құдай ақы, ендігіәрі "нан" деген сөзді айтпашы, оны ести алмаймын... өтінемін, – деп қосты, ал мен ақырын ғана:

– Кешір, енді айтпаймын, – дедім.

Мен оған қайтадан көз тастай беріп, шошып кеттім: қазір қасымда отырған Улла менің бірер ауыз сөзімнен және ас мәзірінің астында уақытты үсті-үстіне үңгіп жатқан титімдей сағат тілінің тынымсыз айналуынан көз алдымда қылт етіп өзгере қалады: бұл енді мен сөзімді арнап отырған Улла емес, мүлдем басқа біреу. Мен оны сөйлей беретін шығар, – бір себеппен емес, әйтеуір көп сөйлейтін болар және шырқыратып шындықты айтар деп ойлап ем – бірақ керісінше болып шықты: көп сөйлеген мен болдым және бір себеппен емес, жалпылама шындықты мен де айттым.

Ол менен көз алар емес, оның қайтар жолда, бақ арасындағы соқпақпен қарандаған шеберхананың жанынан өтіп, әкесінің үйіне жете бере, аюбадам бұтасының түбіне тоқтап, өмірі көрсетпеген қылығын көрсетіп жылап жіберетінін мен сол сәтте-ақ білдім, – ал Улланың жылағанын бұрын көрген емес едім.

Өз ойымда бүгін ол насаттанатын-ақ шығар деп едім, бірақ бұл жолы насаттанған мен болдым және үстемдіктің кермек дәмі болатынын да өзім сездім.

Ол кофесін ұрттап та алған жоқ, тек қасықпен араластыра берді де әлдеп соң қайта сөйлегенде дауысы жер-жебіріме жеткендей болды:

– Біздің жеке есебімізден сол қарғыстардың бәрін шығынға шығаруын үшін саған ашық чекті шын ықыласыммен-ақ берер едім. Осынша жылдар бойы тек бір нәрсені ойлап, қарғыс атаулының санын алып жүргенінмен маған ештеңе демегенінді білу оңай деймісің...

– Бұл жылдарда ондай ештеңе ойлаған жоқпын, – дедім мен. – Тіпті де олай емес, оның бәрі менің ойыма тек бүгін, бәлкім, тап осы жерде келген болар. Бұл қайнар суы сияқты: оның қандай

жылғалармен байланысты екенін білу үшін көзіне қызыл бояу себесін, бірақ кейде араға жылдар салып ойламаған бір жерде қызыл бұлаққа кездесетінін бар ғой. Бүгін бұлақ біткеннің бәрі қанқызыл, сондықтан мен өзімнің қайнарларым қайда екенін бүгін ғана білдім.

– Несі бар, сенің сөзің де рас шығар, – деді Улла. – Мен де өзімнің ақшаға енжар екенімді тек бүгін, тап қазір біліп отырмын. Саған тағы бір ашық чек беріп, тіпті есепшоттан қалағанынша ақша алатындай сенімхатын қоса тапсыруыма да болар еді және соған зәрердей де ішім ашымас еді, ал бұрын соны қимаспын деп ойлаушы едім. Сірә, сенікі дұрыс та шығар, бірақ енді бәрібір кеш болды.

– Иә, – дедім мен, – енді кеш болды: өзің бәсіне мынды қоймақшы болған сәйгүлігін бәйгеден озып келгенін көргеніңді, тіпті толтырылған бланкты – байлыққа белшеннен батыратын ақ талонды қолына ұстап тұрғанынды қайтесің, бәсінді тікпеген соң сол талоның енді ескерткіш үшін сақтауға да тұрмайтын бір жапырақ қағаз болып қала береді.

– Тек өзіннің мың маркан ғана қалтанда қалады, – деді ол. – Бірақ, бәлкім, сен сол мынды да қағазымен қоса арыққа тастай салар ма едің.

– Иә, – деп келістім. – Мүмкін, мен солай еткен болар едім.

Суыған шайыма сүт қатып, оның үстіне лимон шырынын сықтым да іріген сүттің сарғыш-сұр үлпек болып кесенің түбіне шөккеніне қарап біраз отырдым. Содан соң Уллаға сигарет ұсынып ем, ол басын шайқады, менің де шылымға зауқым сокпады, сондықтан темекі қорабын қайтадан қалтама салдым. Ас мәзірін сәл көтеріп, ұрлана сағатыма қарасам, жетіге он минут қалған екен, жалма-жан сағаттың бетін қайта жапқаныммен, қимылымды қалт жібермей бақкан қыз:

– Жә, бара бер, мен отыра тұрамын, – деді.

– Мүмкін сені үйіне жеткізіп салармын? – деп сұрадым.

– Қажеті жоқ, – деді ол. – Мен әлі отыра тұрамын. Бара бер.

Бірақ мен тапжыла қоймадым да ол:

– Қолынды берші, – деді.

Қолымды ұсындым. Менің алақанымды өз алақанына салып, бір сәт ұстап тұрған Улла кенет оны босата қойғанда ештеңенің байыбына барып үлгере қоймаған басым оқыстан үстелдің шетіне қолымды ұрып алдым.

– Кешір, – деп күрсінді ол, – бұлай болсын деген жоқ едім.

Кәдімгідей-ақ қолымды ауыртып алғаныммен, оның әдейі істемегеніне сендім.

– Сен құрал-сайман ұстағанда, кез келген электр аспабын жайып салып, оның жұмыс істейтініне көзін жеткен соң қайта құрастырғанында үнемі қолыңа қарайтынмын. Сенің сол жұмыс үшін жаралғаның және оны жақсы көретінің бірден-ақ белгілі болушы еді, сондықтан саған нанды тегін бергенше оны өз еңбегінмен табуыңа мүмкіндік жасаған көп артық еді.

– Мен жұмысымды жақсы көрмеймін, – дедім, әр сөзімді нығарлай айтып. – Боксшы боксты қалай жек көрсе, мен де оны солай көремін.

– Ал енді бар, – деп өтінді ол, – жолың болсын!

Сол-ақ екен, мен бір ауыз сөз айтпастан, артыма бұрылып та қарамастан жолға түстім: сөреге дейін жеттім, тек сол жерде кілт бұрылдым да даяшыға барып, үстелдердің арасында тұрған күйімде кофе мен шайдың ақысын төледім.

IV

Қайтадан Юденгассеге шыққанымда кеш жамыраған шақ болатын және күн әлі дүйсенбі еді; мен асығып келе жаттым. Бірақ сағат жеті боп қалған, ал жетіден кейін Нудельбрайтедегі жүріс-тұрыс тоқтатылатыны тарс есімнен шығып кетіпті, – айналма жолға түсіп, жанұшырған күйі қараңғы әрі ел мекендей қоймаған қатарлас көшелерге соқтығыса жүріп, ақыры соңғы рет Хедвигті көрген шағын шіркеудің алдына қайыра шықтым.

Неге екенін қайдам, олардың екеуі де – Хедвиг те, Улла да маған: "Бар, барсаңшы енді!" дегені нақ осы арада есіме түсті.

Қайтадан кеңсе бұйымдары дүкенінің, Корбмахергасседегі жерлеу бюросының жанынан өткенде барып дәмханада жарықтың жоғын көріп зәрем зәр түбіне кетті. Құйғытқан күйі өтіп кете жаздап, қайтадан Юденгассеге тартпақшы бола бергенімде дәмхана есігінің алдынан Хедвигтің жасыл свитерін көзімнің қиығымен шалып қалдым да тежегішті оқыс басканым сонша, мәшине оңқа-шоңқа боп барып, төсемелі көшені қазып, қайта көмген жердегі шұқанаққа қойып кетті, ал мен қолымды – бұл жолы оң қолымды – есіктің тұтқасына ұрып алдым. Енді екі қолым да ауырғанына қарамастан мәшинеден шығып, тастай қараңғыда Хедвигке қарай тарттым, ол кешкілік қараңғы көшелермен келе жатқанымда әредік үйлердің кіреберісінен дауыс беріп шақыратын жеңіл жүрісті қыздарша есіктің көзінде пальтосыз, ашық жасыл түсті свитерімен тұр екен: қара шаштың жиектемесіндегі

айдай беті ажарланып көрінеді және свитерінің омырауындағы тілдей ойығынан менмұндалаған әппақ мойны көз суырғандай, ал ақ жүзінен айқын бедерленген аузы мойыл жаққандай ерекше елес береді.

Ол селт етпестен, көзін әлдеқайда қадап, үнсіз тұр, мен де бір ауыз тіл қатпастан шап беріп қолынан ұстадым да мәшинеге қарай тарттым.

Айнала қаран-құраң адамдарға тола бастаған – менің тежегішімнің ойбайы-ақ көшені басына көтерген болатын, сондықтан есікті жалма-жан ашып жіберіп, Хедвигті мәшинеге тоғыта салдым да, өз жағыма жүгіре жетіп, рульге қарғып мінісімен ағыза жөнелдім. Тек бір минут уақыт өткенде – вокзалды әлдеқашан артқа тастап барып – ептеп ес жияйын дедім де қыздың бетіне қарауға шыдамым жетті. Өні құп-қу болып, тас мүсіндей қатып, тырп етпестен ол отыр.

Бірінші көше шамына жетіп тоқтадым. Қараңғы көшеде тұрмыз, шамның саябаққа түскен жарығы мұқият күзелген гүлкөмбеден жартылай шеңберді айқындап тұр: құлаққа ұрған танадай тыныштық.

– Менімен бір еркек сөйлесті, – деді Хедвиг, мен оқыс селк ете түстім: ол бұрынғысындай тура алдына қарап, қаққан қазықтай боп отырған. – Иә, бір еркек. Мені бір жаққа әкеткісі келді ме, әлде менімен бірге барғысы келді ме, білмеймін: түріне қарасаң сүп-сүйкімді-ақ, колтығына папка қыскан, тістері сарғыш, темекінің ысы тұткан, жасы егделеу, отыз бестерде, бірақ тым сүйкімді көрінді.

– Хедвиг! – дедім мен, бірақ ол бұрынғысынша көзін әлдеқайдағы бір нүктеге қадап отыра берді, тек мен ыңғынан шап бергенде ғана басын бері бұрып, бәсең үнмен:

– Мені үйге апаршы, – деді, ал мен оның "сенге" қалай опонай, өзінен өзі көшкеніне қайран қалдым.

– Апарам үйіне, – дедім. – О, тоба...

– Жоқ, кішкене тұра тұршы, – деп өтінді ол. Сөйтті де маған қарады, күндіз менің өзіне қарағанымдай байыптап, көз алмастан, тесіле қарады, бірақ енді оған көзімді көтеріп қарауға менде дәрмен жоқ еді. Тұла бойымды тер басып кетті, екі қолым ауырып алып барады, ал мына бүгінгі күн, осы дүйсенбі маған бітпейтіндей, бір тәулік үшін тым ұзақ көрініп кетті, сонда барып түсінгенім: мана оның бөлмесінен кетпеуім керек еді – өзімнің жерімді тапқаныммен, оған туымды тігіп үлгермеген болатынмын. Бұл бір

таңғажайып, тамаша жер екен, бірақ қаншалықты тамаша болса, соншалықты бөтен еді.

– О, жаратқан, – деді ол бәсең үнмен, – сенің одан гөрі сүйкімдірек болғанына өте қуаныштымын. Әлдеқайда сүйкімдісің, ал дәмхананың иесі алғаш көрінгеніндей жақсы емес екен. Тұптура жетіде мені қуып шықты. Кешікпеуің керек еді. Енді кеттік, – деді.

Мен жайлап келе жаттым, ал біз өткен қараңғы көшелердің бәрі кез келген сәтте мәшинені тартып кететін мибатпақ қорыстың ортасындағы жазымөткел сокпаққа ұқсайды; мәшине жарылғыш заттарды әкеле жатқандай баяу жылжиды. Хедвигтің дауысын естіп, оның иығыма салған қолын сезінген сайын Таңда-мақшар күніндегі алмағайып сындардан өткен адамға ұқсап кетемін.

– Енді болмағанда сонымен кетіп қала жаздадым ғой, – дейді Хедвиг. – Оның енді қанша шыдауы керек болғанын білмеймін, бірақ ол шыдамады. Маған үйленем деді, әйелімен ажыраспақшы болды, балалары бар екен, – жоқ, өте сүйкімді; бірақ сенің мәшинеңнің жарығы көшеге түсісімен тайып тұрды. Менің жанымда бар болғаны бір минуттай тұрып, әлгінің бәрін сыбырлап, керемет асығыс адамдай аптығып айтты байғұс, – мүмкін асығыс екені рас та болар, – ал сол бір минуттың ішінде мен онымен тұтас өмірімді бірге өткізгендей күй кештім: өзімді оның құшағында көрдім, құшақтасып болған соң оның қандай екенін білдім, одан бала таптым, шұлығының жыртығын жамадым, ал кештетіп жұмыстан қайтқанында есіктің көзінде бетінен сүйіп, қолындағы папкасын алдым; оған алмалы-салмалы тіс салынғанда екеуміз бірге қуандық, ал жалақысын өсіргенде торт алып, кішкене той-томалақ жасадық, содан соң киноға бардық, ол маған шие повидлосы сияқты қып-қызыл жаңа қалпақ әперді; ол сенің істегің келгенінді жасап жүрді және мен оның қоланайсыздау еркелетуін ұнаттым; әрі мен оның көстомдерін де, оларды қалай ауыстырғанын да бес саусағымдай білдім: "бір киер" көстөмінің сәні кете бастаса оны күнделікті киюге қалдырып, орнына "бір киерлік" көстөм алатынбыз, содан соң ол да ескірсе жаңасымен алмастырамыз, ал үйелменді-сүйелменді балаларымыз шие повидлосы сияқты қызыл телпек киіп өсіп келе жатты және мен кезінде өзіме тыйым салынған нәрсені оларға да рұқсат етпейтін болдым: жаңбырда далаға шығуларына тыйым салдым. Себебі де сол – жаңбырдан киім бүлінеді дедім...

Содан соң оның жесірі атандым да фирмадан көніл айтқан хат алдым. Ол шоколад фабрикасында калькулятор болып істейтін және бірде кешкілік өзінің фирмасы "Юсупов" шоколад жиынтығынан қаншама қыруар табыс алатын құпиясын ашып бергені бар, бірақ ешкімге тіс жарып сыр ашушы болма деп жалынған, ал менің аузымда сөз тұрушы ма еді, келесі күні таңертең сүт дүкенінде тұрып, оның фирмасы "Юсупов" шоколад жиынтығынан қанша ақша табатынын ақтарып салайын. Бейшара неме тағы бір-екі минут қарайлауы керек еді, бірақ тәуекелі тұрмады, сенің мәшинең бұрыш айнала берісімен құйын-перін зытып жөнелді. Әрі өзі: "Сіз теріс ойлап жүрменіз, қалқам, мен анау-мынау шалахат біреу емеспін", – деді-ау.

Мен жүрісті одан әрі баяулаттым, – сол қолым ауырғанда жанымды көзіме көрсетіп, оң қолым ептеп домбыға бастаған; Юденгассеге әне-міне деп құлағалы тұрған көпірге шыққандай жылжып барып әрең түстім.

– Мұнда неге келдің? – деп сұрады Хедвиг. – Немене, осында тоқтамақпысың?

Мен оған тек қиялай қарадым да қойдым, бәлкім, әлгі еркек те осылай, әбден қалжырап қараған болар.

– Маған көтеріле алмаймыз, – деді ол, – онда мені күтіп Хильда Каменц отыр. Терезеден жарықты көрдім және оның мәшинесі де есіктің алдында тұр.

Мен кіреберістің, көше жақтағы қоңыр есіктің алдынан жайлап өттім, бұл есік, сірә, қызғылт түсті буалдыр түнектен шыққан фотосурет сықылды әрдайым көз алдымда тұратын шығар: толып жатқан сурет және бәрінде баспахана станогынан жаңа шыққан пошта маркаларының үлкен топтамасындағыдай бір ғана есік.

Көше жақтағы есік алдында қызыл шие түстес мәшиненің тұрғаны рас екен.

Мен не істерге білмей аңырып Хедвигке қарадым.

– Хильда Каменц – әкемнің сол мен айтқан танысы, – деп түсіндірді ол. – Айналмаға қарай тарт; онда келесі көшедегі үйлердің арасында бос аланқай бар, мен оны тереземнен көргем: төсемелі қараңғы көше, ортасы – шұқанақ, сен келмейтін шығар деп қорыққаным сонша, тіпті сонда сұлап жатқаныңды көргендей болғанмын.

Мен бұрылып, Корбмахергассеге шықтым, жүрісім мандымайды, – тегі, бұдан былай өмірі жылдам жүрмейтін болармын-ау. Нан дүкенінен әрідегі бірнеше үйден кейін шынында шағындау

бос аланқай шықты, ол жерден Хедвиг үйінің артқы қабырғасы көрінеді екен; оның біраз бөлігін жапырағын кең жайған қалың ағаш перделепті, дегенмен терезелердің бір бағанасы тұтас көрінетін сияқты: бірінші қабат тастай қараңғы да екінші, үшінші қабаттарда шам жанып тұр.

– Менің терезем, – деді Хедвиг, – ал егер ол соған жақындаса, біз сұлбасын көрер ек, сөйтіп сен торға түскен шыбындай боп оның алдынан бір-ақ шығар едің және ол, әрине, бізді өзінің таңғажайып пәтерін көрсетуге ала жөнелер еді; оның пәтері шынында ғажап, әдейі жасалмағандай әсем көрінеді, бірақ сен сол әсемдіктің шебер қолдан шыққанын бірден байқайсың да өзінді кинодан шыққандай сезінесің: фильм есінді тандырғанымен, сыртқа шыға бере біреудің: "Иә, фильм жаман емес екен, тек музыкасы мәз болмаған ғой", – дегенін естігендей боласың.

Хедвигтен көзімді тайдырып терезеге қарап едім, қалпақ киген әйелдің сұлбасын байқадым және оның көзін көре алмағаныммен, таныс-білістерінің жеке өмірін қамдастырып, тәртіпке салып жүруден ләззат алатын әйелдің өткір көзімен біздің мәшинемізге, өзімізге қадала қарап тұрғанын сездім.

– Кеттік, – деді Хедвиг, – саған барайық, әйтпесе бұл көріп қоятын шығар деп қорқамын, ал егер оның қолына түстік бар ма, онда кешке дейін қармаққа іліндік дей бер: таңғажайып пәтерінде отырып, таңғажайып шай ішумен боламыз, бір сәт шешелерінің көңілін аулайды деп балаларына да сене алмайсың, өйткені оның балалары да таңғажайып тәрбие алған және қолмен қойғандай кешкі жетіден таңғы жетіге дейін ұйықтайды. Кетейік, – тіпті оның күйеуі де үйінде емес, сапарда жүр, ақшага жалданып, біреулердің пәтерлерін жайғастырып жүрген көрінеді – оларда да ойда жоқта керемет әдемі болсын дейді білем. Кеттік құрысын!

Мен тартып отырдым, әуелі Корбмахергассемен, содан соң Нетцмахергассемен жүрдім де Нудельбрайтеден баяулап өтіп, Рентгенплатцты айналып, бұқтырылған ет қалбырлары қашанғысындай таутөбе боп тұрған ет дүкенінің сөресіне көзім түскенде Улланы және онымен бірге өткізген жылдарды есіме алдым: ол жылдар сондағы түс әлетінен кейін, Хедвиг келгеннен бергі уақытта алғаш жуылғанда-ақ бырысып қалатын жейде сияқты бірден сәнін жоғалтты – енді ол мүлдем басқа уақыт болып қалды.

Әбден шаршадым, көзім талды, ал мен басы-аяғына көз жеткісіз әрі жебедей тік көше – Мюнхнерштрассемен төмен құйғытып, өз капталымда жападан жалғыз бара жатқанымда бізге қарсы

тырағайлап, бірінен бірі озып, бүкіл дүниені бастарына көтере бажылдатып мәшинелер таскыны өтті: сірә, стадионда жаңа ғана боксшылардың жарысы немесе веложарыс аяқталған болу керек, – карсы мәшинелердің жарығынан жасқанған мен түк көрмей, сипаланып келе жатырмын, самаладай сәуле көзімді ұрып, жанымды қинағанда өзімді сапта тұрған сансыз найзалардың арасынан айдап, солардың әркайсысы тәнімді сұккылап жатқандай сезініп, ыңыранамын. Құдды біреулер жарықпен оскылағандай болғанда әр таң сайын көзімді тырнап ашпай тұрып-ақ шам жарығынан зәрезаптанған жылдарым есіме түсті: бакандай екі жыл бойы күнде таңертең бес жарымда тұрып, бір кесе қою, ащы шайды шала-пұла ішіп, формулаларды жаттап, кәсіби білігімді арттыратынмын немесе төмен, жертөледегі шағын шеберханама түсіп, егеу мен дәнекерлегішті қинап, жаңа тәсімдерді сынап, электр желісіне кисапсыз күш түсіретінім сонша, кейде сақтандырғыштар күйіп кетіп, көзге түртсе көргісіз қараңғыда кофе қайнатуды ұната қоймайтын жоғарыдағы тұрғындардың карған-сілегенін еститінмін. Дәл қасымда, жазу үстелінің немесе шеберүстелдің үстінде тұратын қоңыраулы сағат тура сегізде безілдеп қоя береді де, соның әмірімен жоғары көтеріліп душ қабылдаймын, содан соң асүйге барып, ертеңгілік тамағымды аламын – сөйтіп, өзге жұрт таңғы астарына енді отырып жатқанда мен екі жарым сағат еңбек етіп тастайтынмын. Кейде бір ықыласым түсетіні болмаса, осы екі жарым сағаттық жұмысты жаным жаратпайтын, бірақ оны ешқашан каза қылған емеспін. Қалай болғанда да, осы құқайды, казіргідей жарықтың азабын нақ сол кезде, таңғы асымды күн шуағы молынан түсетін бөлмемде іше жүріп, талай тартқаным бар.

Бұл Мюнхнерштрассесі түскірдің аяғына жетудің өзі бір мұң, сондықтан ақыры стадионнан өткенде барып ығымнан жүк түскендей болып бір күрсіндім-ау.

Біз токтаған кезде Хедвиг бір сөт корганшактап, богеле бергендей болды: мен оның есігін ашып, қолынан сүйеп түсірдім де сәл теңселе басып, баспалдакка беттедім.

Сағат жеті жарым екен, әйтеуір осы дүйсенбі бітіп болмайтындай көрінді; ал бірақ мен үйден шыккалы он бір сағат та бола коймапты.

Дәлізде кожайынның кешкі аста отырған балаларының үні құлағыма жетті және әлгіде баспалдакпен көтеріліп келе жатканымда не себепті аяғымды әрең басканымды енді білдім: бәтіңкеме батпандай балшық жұғыпты, Хедвигтің туфлиы да

баттасқан батпақ екен – бұл әлгі Корбмахергасседегі шұңқырдан қалған батпақ.

– Шамды жақпай-ақ қояйын, – деп сыбырладым бөлмеге кірісімен. Көзім ауырып, шыдатпай барады.

– Жақсы, – деп сыбырлады Хедвиг те, – жақпай-ақ қой.

Мен есікті жаптым.

Қарсы беттегі үйдің терезелерінен бөлмеге көмескі сәуле түсіп тұр екен, соның жарығынан жазу үстеліндегі қағаз парақшалары көрінді – фрау Бротих, қашанғысындай, ертеңге берілген шақыруларды жазып қойыпты. Сенімдірек болу үшін қағаздар таспен бастырылған; соны қолыма алып, граната секілді салмақтап тұрдым да баққа қарай лақтырып жібердім; оның гүлкөмбеге дүрс ете қалып, шөп үстімен домалаған күйі қоқыс салатын шелекке барып соқтыққаны құлағыма жетті. Терезені ашық қалдырып, үстел үстіндегі жазбаларды қолыма алдым-дағы қараңғыда оларды санап шықтым: жетеу екен, бәрін жыртып, қағаз салатын себетке тастадым. Ту сыртымнан Хедвигтің:

– Сабының қайда? – деген дауысын естідім. – Қолымды жуып алайын деп едім, әйтпесе менің бөлмемдегі су біртүрлі лас, таттанған екен.

– Сабын сол жағында, астыңғы үлдірікте, – дедім.

Қораптан сигарет алып тұтатып, сіріңкені күлсалғышқа тастағалы кері бұрылғанымда Хедвигтің айнадағы жүзі көзіме түсті: оның аузы өзім ұстараның жүзін сүртетін қағаз сулықтағы әйелдердің оймақтай ауыздары сияқтанып көзге ұрады екен, – судың сылдыры мен оның сықырлата қолын жуғаны естіледі. Әлденені күткендей боп елегізіп тұрғанымда ақырын есік қағылды да нені күткенім есіме түсті. Үйбикесі еді. Жалма-жан есікке жетіп, оны жартылай ашқан күйі сытылып ауызүйге шықтым.

Жаңа ғана алжапқышын шешіп, бүктеп жатқан оған көзім түсісімен-ақ осы үйде табандаткан төрт жыл тұрсам да нақ осы сәтте оның фрау Вицельге ұқсайтынына, аздап та болса тәрізі келіңкірейтініне көзім жетті. Содан соң – тағы да тек осы жерде – оның жасының қаншада екенін байқадым: қырқыңды еркін ұрғаны сөзсіз. Аузына сигаретін қыстырып, имене түсіп, алжапқышын қаққылайды – сіріңке іздеп тұрғаны анық, бірақ сіріңкесі түскір табыла қоймады, мен де қалталарымды қарманып көріп ем, сіріңкем бөлмеде қалыпты, сондықтан сигаретімді ұсындым, ол шылымын тұтатып алып, құшырлана бір сорды да менің сигаретімді өзіме қайтарды; тегі, бұл әйел темекіні еркектерше сораптап, құныға тартатын.

– Бұл не деген күн болды, – деді ол. – Ақыры мен жазуды да қойдым, сізді ешжерден таба алмасам жазып керегі не. Әлгі Курбельштрасседегі әйелді қалайша ұмытып кетіп жүрсіз?

Мен оның сәл шапыраштау көзіне тесіле қарап, ыңғымды қақтым.

– Ең болмаса гүлді ұмытпаған шығарсыз?

– Ұмыттым, – дедім мен. – Гүлді де ұмыттым.

Ол қолындағы сигаретін қымысына айналдырып, қабырғаға сүйенген қалпы үнсіз қалды, ал мен оның көкейіндегі сөзін айта алмай қиналып тұрғанын сездім. Оған көмектесейін десем, аузыма сөз түспейді: ол сол қолымен маңдайын сипай бере:

– Сіздің тамағыңыз асүйде, – деді.

Менің кешкі тамағымды үнемі асүйде қалдыратын.

– Рахмет, – дедім мен, содан соң одан әрідегі тұсқағаздың өрнегіне тесіле карап тұрып, ақырын ғана сөйледім: – Жә, айтсаныізшы.

– Менің шаруам емес, – деді ол. – тіпті де менің шаруам емес, және осыны сізге айтуымның өзі де ыңғайсыз, бірақ бұл маған ұнамайды – әлгі қыздың түнде сізбен қалатыны мүлдем ұнамайды.

– Оны көрдіңіз бе? – деп сұрадым мен.

– Жоқ, – деп жауап қатты ол. – Бірақ екеуініздің келгендеріңізді естідім, тып-тыныш еді, кенет ... бәрін бірден-ақ түсіндім. Сонымен, ол қала ма?

– Иә, – дедім. – Ол.. ол менің әйелім.

– Қай жерде некелесіп үлгеріп жүрсіздер? – Ол жымиған да жоқ, ал мен тұскағаздағы өрнектен, сол бір қызғылт сары үшбұрыштардан көз алар емеспін. Өзімде үн жоқ. – О, тоба, – деді ол ақырын ғана, – мұны айту маған қалай ыңғайсыз екенін өзіңіз білесіз, бірақ мұндай нәрсеге менің жаным төзбейді. Шыдамаймын және соны бетіңізге айтуға мәжбүрмін, айтып қана қоймай ...

– Жедел шоқындыру рәсімі болатыны сияқты, асығыс жасалатын үйлену тойлары да болады емес пе, – дедім.

– Білем, – деді ол, – ондай қулықтың бәрін мен де білемін. Священнигі жоқ елсізді немесе ну орманды мекендеп жүрген жоқпыз.

– Біз, – дедім мен, – біз екеуміз нақ сондай елсізде, нақ сондай ну орманда жүргендейміз, әйтеуір біздің некемізді қиятын священник көзге түсетін емес қой.

Соны айтып, көзімді жұмдым, өйткені жарықтың салдарынан оның ауырғаны әлі басыла қоймаған еді, әрі өзім өлердей шаршаған болатынмын және қолым да ауырып, мазамды кетіріп

тұрған. Көз алдымда қызғылт сары ұшбұрыштар шеңбірек айналып барады.

– Әлде, – деп сұрадым, – сіз сондай священникті білетін бе едіңіз?

– Жоқ, – деді ол. – Білмеймін.

Мен үстел үстінде, телефонның қасында тұрған күлсалғышты алып, шылымымды соған бастым да оны үйбикеге ұсындым; ол да соған өзінің күлін түсіріп, күлсалғышты менің қолымнан алды.

Өмірімде дәл осылай шаршамаспын. Қызғылт сары үшбұрыштар көзіме тікендей қадалады, ал мен қазіргі мәнер дегенсіп қана осындай тұсқағаз сатып алып жүрген оның күйеуін ит етінен жек көріп тұрмын.

– Ең болмаса әкеңізді ойласаңыз етті. Оны жақсы көресіз ғой?

– Иә, – дедім мен, – жақсы көремін және дәл бүгін ол жайында көп ойлап едім. – Соны айтып, тағы да әкемді есіме алдым, оның алқызыл сиямен баттитып тұрып: "Баламен сөйлесу керек!" – деп жазған кезекті, ең маңызды жаднамасын көргендей болдым.

Хедвигті әуелі үй иесінің көзінен көрдім: жылы шырайлы сұрғылт қарашықтағы қаран еткен елес. Мен оған бұрылып қараған жоқпын, ығымнан қолының салмағын сезіп, тіпті жақыннан демін естідім де соның иісінен ернін бояғанын білдім: далаптың жағымды жұпары.

– Бұл кісі – фрау Бротих, – дедім. – Ал мынау – Хедвиг.

Хедвиг үй иесіне қолын созды да оның әппақ, жомарт алаканының қандай ірі әрі қуатты екенін көріп, тағы қайран қалдым: фрау Бротихтің қолы оған толайым сүңгіп кетті десе де болар.

Үшеуміз де үнсіз қалыппыз және мен асүйдегі су құбырынан тамған тамшының үнін, көшедегі әлдебір еркектің аяқ басысын естідім, тіпті ауыртпалығы мол бір күннің артта қалғанына бола оның жүрісіндегі шат-шадыман жеңілдікті сезіп жымиған болдым, бірақ әбден әл-дәрменім біте тұра соған қалай шамам жеткенін білмеймін.

Фрау Бротих күлсалғышты қайтадан телефонның жанына қойып, алжапқышын орындықтың арқалығына тастай салғанда күлсалғыштың ішіндегі бозала күл бүркырап, еденді көк түсті кілемшеге қонды. Ол сигареттің отына тағы бір шылым тұтатып алып барып сөйледі:

– Мен кейде сіздің қандай жас екенінізді ұмыта беремін. Ал енді барыңыз, сізді қуып шығуыма мәжбүрлемеңіз, жолыңыз болсын.

Мен артыма бұрылып, Хедвигті қолынан ұстаған күйі бөлмеге қарай икемдедім; содан соң қараңғы бөлмеде қарманып, мәшиненің кілтін ұзақ іздедім де ақыры оны үстел үстінен таптым, содан соң екеуміз былғаныш аяқ киімімізбен тырпылдата жүріп басқышпен қайтадан төмен түстік; мәшинемді гаражға кіргізбей, көшеге қойғаным мұндай жақсы болар ма. Сол қолым қатты ауырып, жансыздана домбығып кеткен, оң қолымның да жайы мәз емес-ті, сірә, оны дәмханадағы мәрмәр үстелшеге қатты ұрып алғанға ұқсаймын. Шаршап-шалдығып, әбден ашыққан басым ақырын жылжып қалаға қайтып келе жатырмын; Хедвигте де үн жоқ, қолындағы кішкентай айнасына қарағыштап, ернін ғана айналдыра беретінін байқаймын – сәлден соң кол сөмкесінен далабын алып, баяу қимылмен, қатты басып, ерніне тағы жаға бастады.

Нудельбрайте әлі жабық көрінді, сондықтан мен шіркеуді артқа тастап, Нетцмахергассеге қарай айналып, ақыры Корбмахергассеге шыға бере, нан дүкенінің артындағы алаңқайға қарсы бетке мәшинені тоқтатқанымда сағат сегіз де бола қойған жоқ еді.

Хедвигтің терезесінде әлі шам жанып тұр екен, мен сәл әрегірек өтіп, есік алдындағы шиедей қызыл мәшинені көрдім, сондықтан бүкіл орамды айналып шығып, қайтадан сол алаңқайға тоқтадым. Мүлгіген тыныштық пен қараңғылық; екеумізде үн жоқ; бойымдағы аш жыланым бірде оянып, бірде тына қалады, содан соң қайтадан бас көтеріп, қайта басылады, – құдды бір жер сілкінісінің толқыны сияқты. Кенет Виквеберге жіберген ақшам, сірә, қарызымның бәрін жаба алмайтын болар деген ой басыма сап ете түсті, содан соң Хедвигтің менен жұмысым жайында сұрамағанын және тіпті фамилиям болмаса, атымды да білмейтінін ойлап кеттім. Екі колым қаксап шыдатпай барады, бір сәт жарықтан жапа шеккен көзімді жұмсам ойнақ салған қызыл сары үшбұрыштардың түпсіз тереніне түсіп кете барамын.

Дегенмен Хедвигтің терезесіндегі жарық мына бүгін, енді төрт-ақ сағаты қалған осы дүйсенбіде бір сөнер-ау; шиедей қызыл мәшиненің гүрілі бәрібір алысқа барып бір өшер-ау, мен тіпті сол гүрілдің түн құшағын кеміріп, соңына қараңғылық пен үнсіздікті тастап, соған сіңіп бара жатқанын көріп отырғандаймын. Сонда біз баспалдақтармен жоғары көтеріліп, есіктерді ақырын ашып, ақырын жабатын боламыз. Хедвиг айнадан ернін тағы бір

коріп, оны әлі де албырата түсу үшін баяу, сенімді қимылмен баттастыра басып тағы да далап жақты, ал мен алда көретін қызығымды қазір-ақ көре бастағандаймын.

Бұрын мен әсілі өлмеспін деп те, өлімі хақ өзекті жанның бірімін ғой деп те ешқашан ойлаған емеспін: менің құлағыма Вифлеемде өлтірілген сәбилердің жылағаны келді[1] және Фруклардың ешкім естімеген, бірақ қазір менің құлағыма жеткен жантәсілім айқайы сәбилердің сол жылауымен астасты; ар-ұждан құрбандарын боршалаған арыстандардың жиіркеніштi тынысын сездім және олардың тырнағы тәніме тікенекше қадалды; теңіздің ашы дәмі, түпсіз тұңғиықтардан шыққан тамшылардың удай татымы аузыма келді, көз алдымда – жағалаудан асқан тасқын сияқтанып жақтауларынан шығып жатқан бейнелер: өзім ешқашан көрмеген суреттер, өмірі кездестірмеген бейнелер, ал мен сол көріністердің арасынан әлдеқайда төменге, Хедвигтің шалқалаған жүзіне құлай беремін, құлаған сайын Броласкиге, Елена Френкельге, Фруклярға соқтығамын және солардың бейнелері арқылы одан әріге, Хедвигтің бет әлпетіне құлай түсемін әрі тек соның жүзі ғана айқын шындық екенін білемін, айдай әлпетін Грёммигке ашып көрсету үшін ол кенет бетіндегі жабындысын сыпырып тастағанда оны тағы көретініме еш күмәнім жоқ, – айналаны түн түнегі тұмшалап алғанымен, Хедвигтің ақ жүзін көру үшін маған қазір көздің де қажеті шамалы еді.

Көріністер, бейнелер, тұлғалар қаранғыдан фотосурет тәрізді айқындалып шығып жатыр: көлденеңнен көз салғандай өзімді көрдім, Хедвигке еміне түскен бөтен-бөгде біреу екенмін деймін, сондықтан оны сол бөтенге, өз-өзіме қызғандым; онымен сөйлескен еркекті көрдім, оның темекі түтіні ыстап сартап болған тісін, қолтығына қысқан папкісін көрдім, біздің көршіміз, музыка мұғалімі фройляйн Клонтикке портретінен қарап жымиған Моцартты көрдім әрі осы көріністердің бәріне қабаттасып сол баяғы Курбельштрасседегі әйелдің жылағанын естідім және осының бәрі дүйсенбіде болып жатты да мен өзім енді алға ентелегенді қойып, кері қайтқым келетініне көзім жетті, қайда баратынымды өзім де білмеймін, бірақ әйтеуір кері қайтатыным анық.

Кил Эчил (Ирландия),
1955 ж. шілде-қыркүйек.

---

[1] Вифлеемде Иса Мәсіхтің туғанын білген иудейлердің жаңа патшасы Ирод сол мекендегі барлық сәбилерді өлтіруге жарлық берген.

ЭРИХ МАРИЯ РЕМАРК

АМАНАТ ӨМІР

Клерфэ мәшинесін май құятын стансаның қарсы алдындағы қары күрелген жерге тоқтатып, белгі берді. Телефон бағандарының басында қарғалар қарқылдап, май құятын стансаның арт жағындағы шағын шеберханада біреу қаңылтырды қаңғырлата соғып жатыр екен. Міне, енді тарсыл тоқтап, шеберханадан қызыл тоқыма мен құрыш жиекті көзілдірік киген, жасы он алтылардағы бозбала шықты.

– Бакты толтыршы, – деді Клерфэ мәшинеден шыға беріп.

– Ең мықтысынан ба?

– Иә. Мұнда тамақ ішетін жер бар ма?

Бала бас бармағымен көшенің арғы бетін нұсқады.

– Анау мейманханада. Бүгін олар түстікке қышқыл қырыққабат қосқан шошқа сирағын берді.

Асхана желдетілмейді екен, ескі сыра мен ұзаққа созылған қыстың иісі мұрынды ұрады. Клерфэ швейцар етіне, вашерон сыры мен бір графин ағылшын сырасына тапсырыс беріп, оларды айбанға әкелуді өтінді. Күн айтарлықтай суық емес. Аспан айлапат үлкен әрі шашыратқының гүліндей көкпеңбек.

– Мәшинеңізді құбырішекпен бір шомылдырып шықсақ қалай болады? – деп айқайлады май құю стансасындағы бала. – Құдай біледі, бейшара әбден күнсіп тұр.

– Жоқ, тек алдыңғы терезесін сүртсең жетеді.

Мәшинеңің талай күннен бері жуылмағаны бірден байқалады. Сен-Рафаэлдеге жағалауда қызыл құм қапқан қанаттары мен қақпағы нөсерден кейін құдды нақыш салынған матадай әлемтапырық. Шампань жолдарында мәшине қорабын шалшық сулардың әк сатпақтары мен сансыз жүк мәшинелерін басып озғанда олардың артқы дөңгелектері атқылаған батпақ тұтып қалған.

– Мені осында не алып келді? – деп ойлады Клерфэ. – Шаңғы тебетін кез өтіңкіреп кетті. Демек, аяушылық қой. Бұл аяушылық дейтін жақсы жолсерік емес, ал ол жолсапардың мақсатына айналса, тіпті жаман.

Ол орнынан көтерілді.

– Мынау километрлер ме? – деп сұрады қызыл свитерлі бала, спидометрді көрсетіп.

– Жоқ, мильдер.

Бала ысқырып жіберді.

– Альпіге қалай келіп жүрсіз? Сәйгүлігіңізбен автострадада жүре бермедіңіз бе?

Клерфэ оған тіктей карады. Көзілдірігінің жалтыраған әйнегі, таңқылау мұрны, безеу басқан беті, қалқиған құлағы балалықтың енжарлығын есейіңкіреген шақтың барлық қателіктеріне енді-енді айырбастаған жанның кейпін танытады.

– Әмсе жаңсақ баспау мүмкін емес, ұлым. Тіпті өзің біліп тұрсаң да солай. Бірақ кейде өмір сонысымен қызықты. Ұқтың ба?

– Жоқ, – деді бала мұрнын тыржитып.

– Сені кім дейміз?

– Геринг.

– Не?

– Геринг.

Жігітіміз ақсиып еді, каска тісінің біреуі жоқ екен.

– Бірақ атым Губерт.

– Әлгінің туысы...

– Жоқ, – деп оның сөзін бөлді Губерт, – біз базельдік Герингтерміз. Солардан тарайтын болсам, мұнда бензин айдап нем бар. Майшелпек зейнетақы алып жүрмес пе едім.

Клерфэ оған сынай қарады.

– Бүгін бір қызық күн болып тұр, – деді сәл үнсіздіктен соң. – Сен сияқты біреуді кездестіремін деп ойласамшы. Өмірден өз орнынды табуыңа тілектеспін, балам. Мен саған қайран қалдым.

– Ал мен өйткен жоқпын. Сіз шабандозсыз ғой, рас па?

– Оны қайдан білдің?

Губерт Геринг радиатордың батпағы астынан көзге көмескі ғана түсетін нөмірді көрсетті.

– Байқаймын, өзінде ойшылдық та бар сияқты! – Клерфэ мәшинеге отырды. – Мүмкін, адамзатты тағы бір тозақтан аман сақтау үшін сені түрмеге тығып тастау керек болар? Әйтпесе, премьер-министр болып алсаң, дес бермей кетерсің.

Ол моторын косты.

– Ақша төлеуді ұмыттыңыз, – деп қалды Губерт. – Сізден қырық екі мәнет.

– Мәнет! – Клерфэ оның ақшасын берді. – Ақшаны осылай еркелетіп атайтын елде ешқашан фашизм болмайды.

Мәшине тауға тез-ақ көтерілді де кенет Клерфэнің көз алдынан кешкі апақ-сапақтың көгілжім буалдырында әредік шашыраған ауыл үйлері, мейманхана ғимараттары, ақшаңқан шатырлары, қисайған шіркеуі, сырғанағы мен шамдары енді жана бастаған терезелері "менмұндалаған" кең алқап ашылды.

Клерфэ бұралаң тас жолмен төмен қарай түсіп еді, әлден соң шамда бір кілтипан барын білді. Құлағын төсеп, моторды бірнеше рет ышқындырып байқады. "Май басқан болды ғой", – деп ойлады да тура жолға шыққан соң мәшинені тоқтатты. Капотты ашып, қол акселераторын бірнеше рет басып көрді. Мотор қайтадан гүр етті.

Клерфэ еңсесін тіктеді.

Дәл сол сәтте шанаға жегілген екі аттың өзіне қарай желдіртіп келе жатқанын көрген; оқыс гүрілден үріккен аттар жалт беріп, ала жөнелді. Осқырынып аспанға шапшып, шананы мәшинеге соға жаздады. Клерфэ жалма-жан шаужайға жармасқан күйі аттардың тұяғы тимейтіндей болып асылып қалды. Бірнеше рет жұлқынып барып, екі аттың арыны басылды. Енді дір-дір етіп, булары бұрқырап, көздері шатынай түсіп, танаулап тұр; тұмсықтарына қарасаң, қаймана замандардан қалған бір жануарларды елестететіндей. Клерфэ сол күйі аттарды бірер сәт ұстап тұрды. Содан соң абайлап қолын босатты. Алағызған жануарлар орындарынан тапжылмай, тек пысқырынып, қоңырау-ларын сылдырлатумен болды.

Қара үлдірден бөрік киген еңсегей бойлы еркек шанада тұрып, аттардың арынын басып жатыр. Ол Клерфэге мән беріп қараған да жоқ. Артында отырған жас әйел шананың қанатынан тастай ғып ұстап алыпты. Жүзі күнге тотыққан, ашық шырайлы көздері мөп-мөлдір.

– Сізді үрейлендіргеніме кешірім өтінемін, – деді Клерфэ. – Бірақ мен бұ дүниеде мәшинеге бойы үйренбеген ат қалмаған шығар деуші ем.

Еркек делбені босатыңқырап, Клерфэге қырын қарай отырды.

– Иә ғой, бірақ мынадай парылдауық мәшинені көрмегендігінен болар, – деді ол салқын сөйлеп. – Қалай болғанда да, бұлардың

басына өзім де ие болар едім. Дегенмен көмегінізге рахмет. Әйтеуір үстіңізді былғап алмасаңыз болғаны.

Клерфэ шалбарына көз тастап, содан соң еркекке қарады. Астамсыған, кекірт жанның келбеті мен жымысқылау меннен көзқарасты көрді – осынау бейтаныс біреу Клерфэнің батырсынған әрекетіне мысқылдай қарап тұрған сықылды. Клерфэнің адам баласын бір қарағаннан дәл осылай жаратпаушылығы көптен болмаған еді.

– Жоқ, былғанған жоқпын, – деді ол ақырын сөйлеп. – Мені былғай қою да оңай шаруа емес.

Клерфэ әйелге тағы бір көз тастады. "Міне, мұның себебі қайда, – деп ойлады ол. – Өзі батыр боп көрінгісі келеді". Осыны ойлап, мырс етті де мәшинесіне қарай кетті.

"Монтана" шипажайы қыстаққа асыла орналасқан екен. Клерфэ шаңғышылардың, спорт шаналары мен құлпырта шалбар киген әйелдердің ара-арасынан сыналап өтіп, абайлап жүріп, бұралаң жолмен тауға өрлеп барады. Ол осыдан бір жылдан аса бұрын сырқаттанып қалған бұрынғы өзінің жұптасы Хольманның жағдайын біліп қайтпақшы еді: Италиядағы мың мильдік жарыстан соң оның қан түкіруі басталып, дәрігер туберкулез ауруын анықтаған болатын. Әуелде Хольман бұған күлген де қойған: шынымен солай болса, дәрігерлер бір уыс түймедәрі беріп, көбірек ине сұққылайды, сонымен құлан-таза айығып кетемін деген. Алайда антибиотиктер де жұрт ойлағандай мың да бір ем болмай шықты және әсіресе ол соғыс жылдары түлкі құрсақ болып өскен адамдарға келгенде әмбебап емес екен. Ақырында дәрігер Хольманды жан тыныштығы, таза ауа мен күн сәулесі секілді ескі әдіспен емдемекші болып, тауға жіберген. Хольман әуелі біраз тулап бағып, ақыры көнген болатын. Сөйтіп, оның мұнда өткізетін екі айы табандаткан бір жылдай уақытқа созылып еді.

Мәшине тоқтасымен Хольман оның алдынан жүгіре шықты. Клерфэнің таңданысында шек жоқ: ол Хольманды төсек тартып жатқан болар деп ойлаған.

– Клерфэ! – деп айқай салды Хольман. – Жоқ, қателескен жоқпын. Мотордың дауысын бірден танидым ғой! "Джузеппе" қарттың гүрілінен аусашы деп ойладым. Міне, енді екеуің бірдей алдымда тұрсыңдар! – Ол арсаландап, Клерфэнің қолын сілкілей береді. – Қуаныш деп осыны айт! Әрі кәрі арыстан "Джузеппемен" келуін айтсаңшы! Мынау "Джузеппенің" інісі емес қой, нақ өзі ғой, солай ма?

– "Джузеппенің" өзі. – Клерфэ мәшинеден түсті. – Қазір зейнеткерлікке шыққанымен, қынқыл-сынқылының бәрі бұрынғыдай-ақ. Таза-тақыр құрып кетпесін деп өзін фирмадан сатып алдым. Ал сондағы маған жасайтын жақсылығы – жолда сәл қиялға беріліп кетсем болды, шамдарының бәрін маймен баттастырып тастайды. Мінезін ешкімге бермесін.

Хольман рахаттанып бір күлді дейсің. Өзі айналшықтап мәшинеден кетер емес. Енді қалай: онымен он рет, тіпті одан да көп жарыска шыққан болар.

Клерфэ Хольманға карады.

– Өңің жаман емес, – деді. – Ал мен сені төсек тартып жатқан болар деп едім. Мыналарың шипажайдан гөрі мейманханаға ұқсайды ғой.

– Осының бәрі емдеу курсына кіреді. Қолданбалы психология. Мұнда, осы тауда, ауру және өлім дейтін екі сөзге тыйым салынған. Біреуі тым ескі сөз болса, екіншісі даусыз шындықты білдіреді.

Клерфэ күлді.

– Тура біздегідей. Солай ма?

– Иә, төмендегі біздегіге ұқсайды. – Хольман мәшинеден көзін алып, артына карады. – Төрлет, Клерфэ! Бірдеңе ішесің бе?

– Мұнда не бар?

– Ресми түрде – тек шырын мен арасан суы. Ал бейресмиге келсек, – Хольман жан қалтасын қаққылап қойды, – жасыруға ыңғайлы болуы үшін жайпақ бөтелкеге құйылған джин мен коньяк; солардың арқасында апельсин шырыны бал татиды. Сен қайдан келесің?

– Монте-Карлодан.

Хольман тұра қалды.

– Онда жарыс болды ма?

– Сен не, спорт хабарын оқымайтын болғанбысын?

Хольман көзін тайдырды.

– Әуелде оқып ем. Кейінгі айларда қойдым. Ақымақтық қой, рас па?

– Жоқ, – деді Клерфэ. – Өте дұрыс! Қайтадан жарыска шыққанда оқып аларсың.

– Монте-Карлода сенімен кім жұптасты?

– Торриани.

– Торриани?

– Сен енді онымен ұдайы бірге шығатын болғансың ба?

– Жоқ, – деді Клерфэ, – бірде – біреумен, енді бірде тағы біреумен жұптасамын. Сені күтіп жүрмін.

Онысы өтірік еді. Оның жарысқа Торрианимен бірге шығып жүргеніне жарты жыл болған; Хольман спорт хабарын оқуды қойғандықтан оны алдай салуға да болатын сияқты.

– Бәріміз сені күтіп жүрміз, – деп қосып қойды ол.

– Рас па? Мені әлі ұмытқан жоксыңдар ма?

– Ақымақтың сөзін айтпа.

Хольманның екі езуі екі құлағында.

– Монте-Карлода қалай болды?

– Ешқалай да болған жоқ. Поршеньдерім қарысып қалды. Шығып кеттім.

– "Джузеппенің" бе?

– Жоқ, оның інісінің.

Хольман жадырай күлді; ол үшін өзінің орнын басқан адаммен бірге Клерфэнің жеңіліс тапқанын естігеннен жақсы шипа жоқ еді. Енді бір сәтте бұрынғы жайдары қалпына келе қалған ол тағы да сұрақты жаудыра бермекші еді, бірақ Клерфэ қолын көтерді.

– Мұнда сендерде екі нәрсеге тыйым болса, енді біз оған жарысты қосайық: ол туралы айтпай-ақ қояйықшы.

– Енді... Клерфэ! Ол тіпті мүмкін емес қой. Не үшін?

– Мен шаршадым. Мұнда демалайын деп және бірер күн болса да сол түбін түскір туралы ештеңе естімеу үшін келдім. Біреулерді мәжбүрлеп, адам айтқысыз жылдамдықпен жүйткітетін көз ілеспес мәшинелер жайында естігім де келмейді...

Хольман оның жүзіне барлай қарады.

– Бірдеңе болғаннан сау ма?

– Жоқ, әшейін өзімнің ырымшылдығым ғой. Келісім-шартымның мерзімі өтіп барады және ол ұзартылған да жоқ. Бары осы ғана.

– Клерфэ, – деді Хольман байсалды түрде, – апатқа ұшыраған кім?

– Сильва.

– Өлді ме?

– Әлі тірі. Сәтін салса, аяғын кестіріп шығады. Бірақ әлгі өзін баронессамын деп, оның соңынан қалмайтын есуас қатын енді оны көргісі келмейді. Көзінің жасы көл болып казинода отыр. Оған мүгедек керек емес екен... Ал енді жүр, маған шамалы джин құйшы.

Екеуі терезе алдындағы үстелшеге отырды. Апельсин шырынын бір-екі ұрттаған Клерфэ үстел астына қол жүгіртіп, стақанына толтыра джин құйды:

– Мектеп экскурсиясындағы сияқтымыз. Осыны соңғы рет сонда істеп едім. Бұдан бес жүз жыл бұрын.

Хольман оның қолынан жалпақ бөтелкені алды.

– Қонақтарға спиртті ішімдік бере береді. Бірақ осының өзі оңтайлы.

Клерфэ айнала қарады.

– Мұндағылар кілең науқастар ма?

– Жоқ. Қонақтар да бар.

– Жүздері қуқыл тартқандар аурулар шығар.

– Жоқ, олар – сау адамдар. Жүздері қуқыл көрінетіні – тауға жаңа шыққандарынан. Сен мұнда қанша бола аласың?

– Екі-үш күн қайда жайғассам болар екен?

– Палас мейманханасына. Оның бары тәуір.

***

Клерфэ терезеге қарап тұрып, шанаға жегілген аттардың мәшинеден үріккенін көрді. Олар кіреберіске таман келіп тоқтады. Холда жатқан қасқыр ит ашық есіктен атып шығып, үлбір бөрікті еркектің төсіне шапшыды.

– Бұл кім? – деп сұрады Клерфэ.

– Әйел ме?

– Жоқ, еркек.

– Бір орыс. Борис Волков дейтін.

– Кенестік пе?

– Жоқ, ақ эмигрант. Бір ерекшелігі – кедей де емес, бұрынғы ұлы князьдердің санатынан да емес. Әкесі күні бұрын, өзі атылып кетпей тұрып, Лондонда ағымдағы шот ашып үлгерген екен, шешесі әрқайсысы шиенің сүйегіндей болатын меруерттің бір уысын, әлде жұтып, әлде белбеуіне тігіп, бері алып өткен көрінеді. Ол кезде әйелдер белбеу тағатын болса керек қой.

Клерфэ жымиды.

– Оны сен қайдан білесің?

– Мұнда бір-біріннің сырына тез қанығасың, тек шамалы ұзағырақ тұрсаң жетіп жатыр, – деп жауап қатты Хольман жеңіл күрсініспен. – Екі аптадан соң, спорт маусымы аяқталғаннан кейін, біз қайтадан жылдың соңына дейін небәрі кішігірім бір қыстақтың тұрғындарына айналамыз.

Қара киінген, бәкене бойлы бірнеше адам Клерфэ мен Хольманды жанай өтті. Өз үстелшелеріне қарай қысыла-қымтырыла өтіп бара жатып, олар испанша қызу әңгімелерін үзген жоқ.

– Кішігірім қыстақ үшін тым интернационалды екенсіңдер, – деп қалды Клерфэ.

– Оның рас. Өлім әлі шовинист бола алмай тұр.

– Өз басым оған онша сенімді емеспін.

Клерфэ әйелдің шанадан қалай түсетінін қалт жібермей бағып қалған екен. Содан соң ол Хольманға қарады.

– Саған не болды? – деп сұрады ол. – Әлемдік қайғы ма?

Хольман басын шайқады.

– Жоқ, оқа емес. Бірақ кейде осы мекеме жәй ғана үлкен түрме сияқтанып көрінеді. Күн сәулелі әрі жаңа жайлы болса да – түрме.

Клерфэ жауап қатқан жоқ. Ол басқа түрмелерді білетін. Бірақ ол Хольманның неге олай ойлағанын да біледі. Әңгіме тек мәшинеде ғана. Оны абыржытқан "Джузеппе" еді. Клерфэ қайтадан терезеге қарады. Күн батуға таяп, қарды қызғылттау, жабырқаңқы түске бояп тұр екен. Әлгі орыс пен әйел ежіл-қожыл әңгімелесіп кіреберістің аузында тұр.

– Қасындағы өзінің әйелі ме? – деп сұрады Клерфэ.

– Жоқ.

– Өзім де солай ойлап едім. Әйел не, науқас па?

– Иә. Екеуі де.

– Түрлеріне қарап олай дей алмайсың.

– Негізі, қашанда солай ғой. Бұл ауру кезінде біразға дейін өмірдің өзіндей күлпырып жүре бересің. Көңіл күйің де сондай болады. Тек бәрі кенеттен болады да адам қарайтындай сықпытың қалмайды.

Аналар ішке кірді. Клерфэге екеуінің арасында бір кикілжің бардай көрінді. Олар аялдады, орыс ақырын сөйлеп, әйелге әлденелерді қасарыса айтатынға ұқсайды. Сәл кідірген әйел басын шайқады да, жылдам басып лифтіге қарай кетті. Серігі әуелі оның соңынан ілескісі келгендей қимыл жасады, содан соң қайтадан далаға шығып, шанасына мінді.

– Бұл орыс мұнда тұрмай ма? – деп сұрады Клерфэ.

– Жоқ. Осы маңда өзінің үйі бар.

Стаканын сарқып ішіп, Клерфэ орнынан тұрды.

– Мейманханаға барып жуынайын. Екеуміз қай жерден тамақтансақ екен?

– Осы жер жарайды. Сенімен бірге отыруыма болады – қызуым қалыпқа түскеніне бір апта болды. Тек күн батқан соң ғана сыртқа шығуға болмайды. Бұл жердің тамағы жаксы. Аурухананың асы дейтін емес. Қонақтарға тіпті жеңіл-желпі шарап беретіндері бар.

– Жарайды. Қашан болсын?

– Қалаған уақытында. Сағат тоғызда жатамыз. Тура балалар сияқтымыз, солай ма?

– Жоқ. Солдат сияқты де. Жататын уақыт болды ма – бітті! Жауапты жарыс алдында да ерте жатасың ғой.

Хольманның жүзі жайраң қақты.

– Әрине, солай десе де болады.

Әйел тағы да холға кірді. Есікке беттей беріп еді, бурыл шашты бір бике тоқтатып, үстемелете бірденелерді айтты. Анау да қызбалана сөйлеп, бірер сөзбен жауап берді, содан соң кілт бұрылып, Хольманды көрді де соған жақындады.

– Мыстанның мені жібергісі жоқ, – деп ашулана сыбырлады ол. – Кеше менің қызуым болды дейді. Шанаға отырмауым керек екен. Бәрін Далай-Ламаға айтпақшы, егер тағы бірде...

Клерфэні енді ғана байқаған ол үнсіз қалды.

– Мынау Клерфэ, Лилиан, – деді Хольман. – Бұл жөнінде сізге айтып едім ғой. Ойда жоқта сап етіп келіп қалыпты.

Әйелдің мөлдір көзі Клерфэге тесілді; құдды өңменінен өткізе қарап тұрған сияқты.

– Сіз қайдан келдіңіз?

– Ривьерадан.

Оны біліп қайтетінін Клерфэ түсінген жоқ.

Ол қайтадан Хольманға қайырылды.

– Мыстан мені төсекке танып қоймақ, – деді тебірене сөйлеп. – Бористің де ойы сол. Ал сіз қалайсыз? Сіз жатпайсыз ба?

– Тоғызға дейін жатпаймын.

– Мен де келемін. Кешкі тексеруден кейін. Қамауына көне қоймаспын! Әсіресе бүгін түнде.

Клерфэге сүлесоқтау басын изеген ол холдан шығып кете барды.

– Саған, сірә, осының бәрі шытырман көрінетін шығар. Далай-Ламасы, әлбетте, біздің профессор. Мыстаны – аға медбике....

– Ал ана әйел кім?

– Оның аты-жөні Лилиан Дюнкерк. Саған айтпап па едім? Бельгиялық, шешесі жағынан француз болса керек. Ата-анасы о дүниелік болған.

– Ажарлы әйел екен. Өзі болмашыға бола күйіп-пісетіні несі?

Хольман әлденеге бөгелді.

– Шипажайда біреу-міреу өлгенде ылғи осылай болады, – деді ол қымсына сөйлеп. – Өйткені өлген адам сенің де бір бөлшегінді ала кететіні бар ғой. Үмітіннің бір бөлшегін. Оның құрбысы қайтыс болды.

Шипажайдың жоғарғы қабаттары меймаңханаға тіпті де ұқсамайтын; ол аурухана еді. Лилиан Дюнкерк Агнес Сомервилл көз жұмған бөлменің алдына тоқтады. Дабырлаған дауыстарды естіп, есік ашты. Табытты алып кеткен болатын. Терезелер ашық, еңгезердей екі үй жинаушы әйел еденді жуып жатыр. Су шылпылдап, лизол мен сабынның иісі мұңкиді, жиһаздар орындарынан қозғалған, шақырайған электр жарығы барлық бұрыштарды сәулелендіріп тұр.

Лилиан есіктің көзіне тоқтады. Ол бір сәт өзін басқа жерге тап болғандай сезінді. Бірақ әлден соң шкафтың үстіне тастай салынған пүліш қонжыққа көзі түсті; марқұм болған құрбысы оны бойтұмарындай көруші еді.

– Оны алып кеткен бе? – деп сұрады ол.

Үй жинаушы әйелдердің бірі бойын тіктеді.

– Он сегізінші нөмірден бе? Жоқ, оны жетіншіге ауыстырды. Бүгін кешке сол жерден әкетеді. Біз мына бөлмені жинастырып жатырмыз. Ертең жаңа біреу келіп жайғасады.

– Рахмет.

Лилиан есікті жауып, дәлізбен кете барды. Ол жетінші бөлмені білетін. Аядай ғана бөлме жүк лифтінің жанында еді. Оған өлген адамдарды әкеп жатқызатын – сол жерден оларды лифтімен төмен түсіру оңтайлы болатын. "Кәдімгі шабадан сияқты", – деп ойлады Лилиан Дюнкерк. Ал содан соң өліктің зәрердей ізі қалмас үшін айналаның бәрін сабынмен және лизолмен мұнтаздай етіп жуатын.

***

Лилиан Дюнкерк қайтадан өз бөлмесінде отыр. Орталық жылу жүйесінің құбырларында әлдене гуілдейді. Шамның бәрі жағылған.

– Есімнен танып барамын ба, – деп ойлады ол. – Түннен қорқатыным-ай осы. Өзімнен өзім қорқамын. Не істеу керек? Ұйықтататын дәрі ішіп, шамдарды өшірмей қойса болар еді. Бориске телефон соғып, біраз мылжыңдасуға да болады.

Телефонға қолын соза берді, бірақ тұтқаны көтермеді. Оның не айтатынын өзі де біледі. Әрі сонысы дұрыс болатынын да біледі; бірақ өзгенің ісі дұрыс боларын білгеннен келіп-кетер пайда не? Бір ғана ақыл-оймен өмір сүруге болмайтынын түсіну үшін де адамға ақыл-ой берілген. Адамдар сезіммен өмір сүреді, ал сезім үшін кімнің ісі жөн екені есеп емес.

Лилиан терезе алдындағы жұмсақ орындыққа жайғасты.

Мен жиырма торттемін, – деп ойлады ол, – Агнес те осы жаста болатын. Бірақ енді Агнес жоқ. Менің осы тауға келгеніме де төрт жыл болыпты. Ал оның алдында төрт жыл соғыс болды. Өмір туралы мен не білемін? Тас-талқан күйзеліс, Бельгиядан қашу, жылау-сықтау, үрей, ата-анамның қазасы, аштық, ал содан соң аштық пен қашып-пысудың салдарынан болған ауру. Оған дейін сәбимін. Қалалардың түнгі келбеті тіпті есімде жоқ десем де болады. Түн сайын самаладай толқыған от теңізі, жалтыраған данғылдар мен көшелер жайында не білемін? Есімде қалғаны тек перде тұтылған терезелер мен түн түнегінен жаңбырша жауған бомбалар. Менің бар білетінім – басқыншылық, баспана іздеу және сүйектен өткен суық. Бақыт ше? Кезінде армандарымның жұлдызындай жарқыраған шеті жоқ, шегі жоқ осы сөз қалай кушиды дссеңші. От жағылмаған бөлме де, бір үзім нан да, баспана да, оқ дарымайтын кез келген ықтасын да бақытқа айналды. Ал ақырында мен шипажайдан бір-ақ шықтым.

Лилиан терезеге тесіле қарап қалыпты. Төменде, жабдықтаушылар мен жалшыларға арналған кіреберісте шаналар тұр. Крематорийдің шаналары. Кешікпей Агнес Сомервиллді шығармақшы. Осыдан бір жыл бұрын ол шипажайдың негізгі кіреберісіне жайнаң қағып, үлде мен бүлдеге оранып, гүл құшақтап келген болатын; енді Агнес бейнебір берешегін өтемеген адам сияқтанып үйді артқы есіктен тастап бара жатыр. Небәрі бұдан алты апта бұрын Лилиан екеуі бұл жерден қалай кетудің жоспарын жасаған еді-ау. Кету! Қол жетпейтін арман, сағым.

Телефон шылдырлады.

Бөгеліңкіреп барып, тұтқаны көтерді.

– Иә, Борис. – Ол ықыластана тыңдады. – Иә, Борис. Иә, өзіме мығыммын... иә, тек солай көрінетінін білем ғой, себебі, мұнда бәріміз бір тілекпен өмір сүреміз... Иә, сауығып кетіп жатқандар көп... иә, Борис, бірақ біз үшін бұл, бәлкім, тым артық болған шығар, біз өлімді тым көп көрдік; иә, көріп жүріп көндігу керек екенін білемін, бірақ баз біреулер оған көндіге алмайтын сияқты.... иә, иә, Борис, өзіме мығыммын... міндетті түрде.... жоқ, келмейақ қой... иә, сені сүйемін, Борис, әрине...

Лилиан тұтқаны орнына қойды.

– Өз-өзіңе мығым бол, – деп күбірледі де ол сағатқа қарады.

Тоғыздар шамасы екен. Әлі алдында ұзақ түн бар.

Ол орнынан көтерілді. Тек жалғыз қалмаса екен! Асханада әлі адамдар бар болуы керек.

Асханада Хольман мен Клерфэден басқа оңтүстікамерикалықтар отыр екен – екі еркек пен бәкене бойлы топ-толық әйел. Үшеуі де қара киінген, үшеуінде де үн жоқ. Бөлменің ортасындағы жап-жарық шамның астында отырған олар кішкентай қара төмпешіктерден аумайды.

– Бұлар Боготадан[1], – деді Хольман. – Мүйіз көзілдірік киген еркектің қызы әл үстінде жатса керек. Ол жөнінде бұларға телефонмен хабарланыпты. Бірақ бұлар келгенше науқас біраз сергіп қалғанға ұқсайды. Енді бейшаралар кері ұшарын немесе осында қала тұрарын білмей дал болулы екен.

– Қыздың анасы ғана қалып, өзгелері қайта берсе болмай ма?

– Ана жуан қыздың анасы емес. Өгей шешесі. Мануэла мұнда соның ақшасына тұрып жатыр. Шынын айтқанда, олардың бірдебіреуінің тіпті қыз әкесінің де мұнда қалғылары жоқ. Өздері Мануэланы әлдеқашан ұмытса керек. Олардың Боготадан оған ұдайы чек жіберіп тұрғандарына, ал Мануэланың осында жатып оларға ай сайын хат жазатынына бес жыл болыпты. Әкесі мен өгей шешесінің әлдеқашаннан-ақ өз балалары бар және Мануэла оларды танымайды да. Бәрі жақсы, бәрі ойдағыдай жүріп жатқанда сап етіп Мануэла өлім аузында жатыр дейтін хабар жетпей ме. Әрине, мұндайда өз абыройлары үшін болса да осында келуге мәжбүр болған. Бірақ әйелі түскір күйеуін жалғыз жібергісі келмейді. Өзі тым қызғаншақ болса және тым жайылып кеткенін білсе, амалы қанша. Сүйеніш болсын деп, бауырын қоса алып, жолға шыққан ғой. Боготада бұл әйел Мануэланы үйінен қуып шығыпты деген лақап тарап кетсе керек. Енді өгей қызын қалай жақсы көретінін дәлелдеудің орайы осылай келе қалған ғой. Демек, мәселе тек қызғанышта ғана емес, ол абыройға да тіреліп тұр. Егер әйел жалғыз қайтса, әңгіме тағы өршиді. Бұлардың әрі-әрі боп отырған себебі сол.

– Ал Мануэла ше?

– Осында келген соң бұлардың оған деген сүйіспеншілігі оянғанын қайтерсің. Сол-ақ екен, тумысында жылы қабақ көрмеген Мануэла бейбақ өзін соншама бақытты сезініп, ептеп сауыға бастады. Ал оның туғандары шыдамсыздықтың салдарынан күн санап семіре берді: жүйке аштығына ұшыраған олар бұл маңда аста-төк тәтті-дәмдіні талғамай жеп, шеңбірек ататынды шығарды. Бір аптадан соң олар жедеғабыл өле қоймаған Мануэланы жек көретінге айналды.

---

[1] *Богота* – Колумбияның астанасы.

– Немесе осы жерде қалып, кондитер дүкенін сатып алады да қыстаққа бауыр басады, – деді Клерфэ.

Хольман күлді.

– Қиялыңның мұндысын-ай.

Клерфэ басын шайқады.

– Қиялыңның деймісің? Менің өмірлік тәжірибем мұнды.

Үш қара тұлға ләм деп сөз айтпастан орындарынан көтерілді. Мардамсыған күйі маңғаз басып есікке қарай шұбырды да Лилиан Дюнкеркпен соқтығыса жаздады. Оның екпіндей кіргені сонша, әлгі жуан әйел есі шыға шегіне беріп, әлдебір құстың үнімен шар ете қалды.

Лилиан асыға басып Хольман мен Клерфэ отырған үстелге жақындады.

– Мен, тегі, елеске ұқсағаным ба? – деп күбірледі ол. – Мүмкін, солай да шығар! Болып-ақ қалғаным ғой.

Лилиан қол сөмкесінен айнасын алды.

– Қайдағы, – деді Хольман.

Лилиан айнаға қарады.

"Қазір бұл бұрынғысынан басқаша көрінеді", – деп ойлады Клерфэ. Шынында, бет әлпеті тозғынданып, жайнаң қаққан жанары солғын тартыпты. Лилиан айнасын орнына салды.

– Мұны не үшін істеп отырмын? – деп міңгір етті ол айнала қарап. – Мыстан мұнда да болып кеткен бе?

– Жоқ, – деді Хольман, – ол әне-міне келіп қалар және бізді түріп айдап шығатын болар. Оның дәлдігі прустың фельдфебелі сияқты.

– Бүгін түнде есік алдындағы күзетте Жозеф болады. Шығып кетуге мүмкіндігіміз бар. Қашып жоғалуға, – деп сыбырлады Лилиан. – Бізбен бірге жүресіз бе?

– Қайда? – деп сұрады Клерфэ.

– Палас-барға, – деді Хольман. – Шыдамның шегіне жеткенде кейде солай ететініміз бар. Қызметшілерге арналған есіктен жасырын қашып шығып Палас-барға, үлкен өмірге барамыз.

– Палас-барда пәлендей ештеңе жоқ. Мен түп-тура содан келдім.

– Ал бізге пәлендей дерлік ештеңенің керегі де жоқ. Тіпті онда тірі жан болмаса да мейлі. Бізге шипажайдан тысқарыдағының бәрі қызық. Мұнда болмашыға да қанағат етіп үйренесің.

– Шығып кетуімізге де болады, – деді Лилиан Дюнкерк. – Мен байқап қарадым, бізді аңдушы ешкім жоқ.

– Шыға алмаймын, Лилиан, – деді Хольман. – Бүгін кешке менің қызуым көтерілді. Кім білсін неге екенін! Қайдан сап ете түскенін қайдам. Сірә, мына көненің көзіндей болған сатал-сатал жарыс мәшинесін қайтадан көріп, көңілім бұзылғанынан болар деймін.

Лилиан Дюнкерк оған коршауда қалған ең сияқты апалақтай карады. Үй жинаушы келіп, еденді сыпыру үшін орындықтарды үстелдің үстіне коя бастады.

– Біз денеміздің қызуына да карамай каша беруші едік, – деді Лилиан.

– Оған бүгін күлкым жоқ, Лилиан.

– Сатал-сатал болған ескі жарыс мәшинесіне бола ма?

– Иә, ол да бар, – деп жауап қатты Хольман күмілжіп. – Онымен әлі біраз жүрсем деймін. Бір кезде содан күдерімді үзгенім де бар. Ал енді... Ал Борис сендермен бара алмай ма?

– Борис мені ұйықтап жатыр деп ойлайды. Бүгін күндіз мені кыдырт деп, онсыз да біраз мазасын алғанмын. Ол енді келіспейді.

Үй жинаушы перделерді ашты. Кенет терезеден менмұндалап Ай нұрына мүлгіген тау беткейлері, қара орман, ақ кар көрінді. Бәрі орасан зор, үмітсіз.

Үлкен залдағы үш адам мүлдем көзге көрінбейді. Үй жинаушы әйел шамдарды сөндіре бастады. Әр шам сөнген сайын табиғат бөлменің түкпіріне қарай ығыса түсетін секілді.

– Е, міне, Мыстан да жетті, – деді Хольман.

Аға медбике есіктің көзінде тұр екен. Клерфэ Лилианның кенет ширыға қалғанын байқады. Медбике соларға жақындады. Сұпсуық көзімен сүзе қарап, қаладай тістерін аксита күлді.

– Қашанғыдай, түнді бағып отырсыздар, ә! Дамылдайтын уақыт болды, мырзалар! – Ол Лилианның әлі жатпағаны жайында бір ауыз сөз айтқан жоқ. – Дамылдайтын уақыт болды! – деп қайталады. – Төсекке, төсекке! Ертең тағы күн бар!

Лилиан орнынан көтерілді.

– Сіз соған сенімдісіз бе?

– Әбден сенімдімін, – деп жауап берді аға медбике адамның жігерін құм қылатын жайдарылықпен. – Сіздің түнгі үстелшеңізде ұйықтататын дәрі жатыр, мисс Дюнкерк. Морфейдің құшағында жаткандай тырп етпей ұйықтайтын боласыз.

– Біздің Мыстан – жаттанды сөздердің шебері, – деді Хольман. – Қайта бүгін кешке бізге мейірім танытты ғой. Тегі, осы денсаулық күзетіндегілер ауруханаға түскен жандарды түк

білмейтін бала немесе кеңкелес біреулер құрлы көретіндері несі екен?

– Олар өз мамандықтарының кегін өзгелерден алады, – деді Лилиан зығырданы қайнап. – Егер даяшылар мен аурухана бикелерінің сондай құқығын тартып алса, олар құсалықтан өлген болар еді.

Олар холда, лифтің жанында тұрған.

– Сіз қайда барасыз? – деп сұрады Лилиан Клерфэден.

Клерфэ бір сәт мүдірді.

– Палас-барға, – деді содан соң.

– Мені де ала кетпейсіз бе?

Ол тағы мүдірді. Көз алдына шанамен болған көрініс тұра қалды. Әлгі орыстың астамсыған кейпі келді.

***

Шана мейманхананың алдына тоқтады. Клерфэ Лилианның ботысыз екенін байқап қалды. Оны лып еткізіп қолына көтерді де бірнеше қадам жерге апарды. Әуелде қарсылық білдірген болған Лилиан тез жуасыды. Клерфэ оны кірер ауызға жеткізіп, жерге түсірді.

– Міне! – деді ол. – Атлас туфли аман қалды! Енді барға барамыз ба?

– Иә, бірдеңе ішкім келіп тұр.

Бардың іші ығы-жығы екен. Би алаңында топырлап, аяқтарына шойтабан бәтіңке киген қызыл шырайлы шаңғышылар жүр. Оркестр, өші қалғандай, ышқына ойнайды. Даяшы бардың үстеліне тақап тағы бір үстелше мен екі орындық қойды.

– Сізге өткен жолғыдай арақ әкелейін бе? – деп сұрады ол Клерфэден.

– Жоқ, глинтвейн немесе бордо болса. – Клерфэ Лилианға карады. – Сізге ше?

– Маған арақ, – деп жауап қатты ол.

– Демек, бордо, – деді Клерфэ. – Мені қинаманызшы. Тамақтан соң арақ ішкенді жаратпаушы ем.

Лилиан оған күдіктене карады: өзіне ауру адамша карағанды ол жек көруші еді.

– Рас, – деді Клерфэ. – Арақты ертең қалағаныңызша ішейік. Бір-екі бөтелкесін шипажайға астыртын өткізермін. Ал бүгін шеваль-блан алдырайық. Ол шараптың жеңіл екендігі сонша, Францияда оны *барқыт шалбарлы қылықтым* деп атайды.

– Вьеннада сіз сондай шарап іштіңіз бе?

– Иә, – деді Клерфэ.

Онысы өтірік еді. "Отель де Пирамидте" ол монтраше ішкен болатын.

– Жақсы.

Даяшы келді.

– Сізді телефонға шақырады, төрем. Есіктің оң жағындағы кабина.

Клерфэ орнынан көтерілді.

– Ал сіз әзірше мың тоғыз жүз отыз жетінші жылғы шевальбланнын бір шишасын әкеп аша беріңіз.

Соны айтып, шығып кетті.

– Шипажайдан ба? – деп күйгелектене сұрады Лилиан ол келген соң.

– Жоқ, Каннан соғыпты. Канндағы ауруханадан. Бір танысым қайтыс болыпты.

– Енді кетуіңіз керек пе?

– Жоқ, – деді Клерфэ. – Бұл өлім ол үшін бақытпен бірдей десе де болады.

– Бақытпен?

– Иә. Ол жарыс кезінде апатқа ұшыраған болатын, енді мүгедек болып қалуы мүмкін еді.

Лилиан оған бажайлай қарады.

– Мүгедектер де өмір сүргісі келеді деп ойламайсыз ба? – деп сұрады ол

Клерфэ жауабын бірден берген жоқ. Телефонмен сөйлескен әйелдің: "Енді қайттім? Сильва ештене қалдырған жоқ! Соқыр тиын да! Келіңізші! Көмектесіңіз! Мен тақырға отырдым! Бұған сіз кінәлісіз! Бәріңіз кінәлісіздер! Сіздер және сіздердің құрып кеткен жарыстарыңыз!" – деп таусыла сөйлегендегі темірдей қатқыл үні оның құлағында әлі атойлап тұр.

Ол осы ойлардан арылуға тырысты.

– Бәрі адамның көзқарасына байланысты, – деді ол Лилианға бұрылып. – Әлгі бейшараның өлердей сүйген адамы барлық механиктермен былығып бітті. Ол ес-түссіз шабандоз болатын, бірақ ешуақытта әрі-сәріліктің шебінен шықпас еді. Жарыстағы жеңіс пен сол әйелден өзге оның іңкәрі болмайтын. Басқа ештенені тілемейтін. Ақыры шындықты білмей-ақ көз жұмды. Аяғын кестірген соң ғашық жарының оны көргісі де келмегенін білген жоқ. Бақытты қалпында о дүниеге аттанды.

– Солай деп ойлайсыз ба? Бәлкім, оның қалайда өмір сүргісі келген шығар.

– Білмеймін, – деді кенет сасып қалған Клерфэ. – Бірақ мен одан да бақытсыз жандардың өлімін көргенмін. Сіз көрмедіңіз бе?

– Иә, – деді Лилиан қитығып. – Бірақ солардың бәрі әлі де болса өмір сүргісі келер еді.

Клерфэ біршама үнсіз қалды. Осы мен не айтып отырмын деп ойлады ол. – Және кімге айтып отырмын? Тегі, өзім сенбейтін нәрсеге өзімді иландыру үшін айтып отырған жоқпын ба? Сильваның зайыбының телефонмен сөйлескендегі үні қандай зәрлі, суық, темірдей қатқыл еді!

– Жазмыштан ешкім қашып құтылмақ емес, – деді ол шыдамсыздана сөйлеп. – Және ол қашан келіп құрығын салатынын да ешкім білмейді. Уақытпен саудаласудан келіп-кетер пайда бар ма? Тегі, ұзақ өмір дегеннің өзі не? Өткеннің ұзақ жолы. Біздің болашағымыз әрқашан да келесі тынысымызға дейін созылады. Одан соң не болары жұмбақ. Қай-қайсымыз да сәтпен өмір сүреміз. Ал сол сәттен кейінгінің бәрі – тек үміт пен сағым. Ішеміз бе?

– Әне, Борис келе жатыр, – деді Лилиан. – Осылай боларын біліп ем!

Клерфэ орысты Лилианнан бұрын байқаған. Волков баяу басып, адамдар жыпырлай қонған тағанның қасынан сыналай өтіп келеді екен. Клерфэні байқамаған сынай танытты.

– Шана сені күтіп тұр, Лилиан, – деді ол.

Лилиан Волковқа қарады. Күнге тотыққан жүзі қуқылданып кетті. Бет әлпеті кенет үнірейіп шыға келді. Біртүрлі ширығып, секіретін мысықша жиырыла қалды.

– Шананы қайтар, Борис, – деді ол өте байсалды сөйлеп. – Мынау Клерфэ. Бүгін күндіз танысқансың.

Клерфэ ілтипат рәсімінен гөрі селқостау көтерілген болды.

– Солай ма? – деп сұрады Волков мардамсып. – Е, рас! Кешірім өтінем. – Ол Клерфэнің жүзіне көзін бір жүгіртіп өтті. – Сіз аттарды үркітетін спорт мәшинесінде болып едініз ғой, солай ма?

Клерфэ оның сөзінен бүркемеленген кекесін табын сезді. Бірақ үн қатқан жоқ.

– Сен ертен рентгенге баратынынды ұмытпаған боларсың? – деді Волков Лилианға қарап.

– Ұмытқан жоқпын, Борис.

– Демалып, ұйықтап алуың керек қой.

– Білемін. Бірақ бүгін кешке шипажайда мұнын бәрі маған мүмкін емес.

Мұны ол бірдененің мәнісін ұқпаған баламен сөйлескен адамша тәптіштей айтты. Алқым ашуды іркудің жалғыз жолы осы еді. Кенет Клерфэнің бойында орысқа деген аяныш сезімі лап еткендей болды. Волков өзін өзі тығырыққа тіреп тұр.

– Кішкене тізе бүксеңізші, – деген ұсыныс жасады ол Волковқа.

– Рахмет, – деген болды ол кекірттеніп, онысы тағы бірдене қажет емес пе деп келген даяшыға беретін жауабына ұқсас шықты.

Ол да, әлгідегі Клерфэ сияқты, бұл ілтипаттан бүркемелі кекесін сезді.

– Мен мұнда бір адамды күтуім керек, – деді ол Лилианға қарап. – Егер сол екі арада қажет деп тапсаң, шана...

– Жоқ, Борис! – Лилиан сөмкесін екі қолымен бірдей қымқыра ұстады. – Менің осында отыра тұрғым келеді.

***

Волков Клерфэні әбден ығыр етті.

– Мисс Дюнкеркті мұнда мен ертіп әкелдім. – деді Клерфэ басалқы үнмен, – және қайта шығарып салуға да шамам келетін шығар деп ойлаймын.

Волков еңсесін тіктеді.

– Байқаймын, сіз мені дұрыс түсінбейтін сияқтысыз, – деді ол ызбарланып, – сондықтан бұл жайында сөйлесіп қажеті жоқ сияқты.

Ол Лилианға тағзым етіп, таңанға қарай қайта кетті.

Клерфэ қайтадан тізе бүкті. Ол өзіне риза емес еді. Осы оқиғаға мен несіне киліктім деп ойлады ол. Ең болмаса жасым жиырмада емес.

– Сіз онымен бірге неге кетпедіңіз? – деп сұрады ол.

– Менен күтылғыңыз келе ме?

Клерфэ жымиды. Кез келген басқа әйел осындай сұрақ қоятын болса, бұған ол сұмдық көрінер еді. Ал, бір ғажабы, Лилианның айтуында ол басқаша естілді де Клерфэнің алдында оның абыройына сызат та түскен жоқ.

– Жоқ, – деді Клерфэ.

– Онда осында қалайық. – Ол таған жаққа бір көз тастап қойды. – Анау да қалыпты, – деп күйіне сыбырлады ол. – Мені күзетпекші. Райымнан қайтады деп ойлайды-ау, шамасы.

Клерфэ бөтелкені алып, өзіне де, оған да жарты рөмкеден арақ құйды.

– Жарайды. Кәне көрейік, кімнің отырысы қалай екенін.

Лилиан оған мойнын бұрды.

– Сіз түсінбейсіз, – деп қарсылық айтты ол. – Бұл тіпті де қызғаныш емес.

– Солай ма? Онда мен жалпы қызғаныш дегеннің не екенін білмегенім.

Әйел оған ашулана карады. Достарының өлімін де спорт жаңалықтары тәрізді соз қылатын мына сңгзердсй келімсек қалай-қалай еркінсиді? Тегі, мұнда бірдеңенің байыбына барарлық ес бар ма өзі?

– Волков бақытсыз сорлы, наукас және өзі маған камқорси жүреді, – деді ол салқын ғана. – Дені сауында адам өзінің үстемдігін онай білдіреді.

Клерфэ бөтелкені кейін ысырды. Жұдырықтай болып алып әділдік айтқысы келетінін қарашы, – деп ойлады Клерфэ, – және өзін осында алып келгеніме рахмет деудің орнына төске шауып барады!

– Мүмкін, – деді ол немкетті үнмен. – Ал бірақ деннің саулығы қылмыс саналатыны болғаны ма?

Енді әйелдің көзінде басқаша шырай байқалды.

– Әринс, олай емес, – деп мінгірледі ол. – Не айтқанымды өзім де білмеймін. Одан да кетейін.

Үстелден сөмкесін алғанымен, қимылсыз отыра берді.

– Рөмкенізге ернінізді де тигізбепсіз ғой, – деді Клерфэ. – Өзініз емес пе еді бірдене ішкім келеді деген.

– Иә... бірақ...

– Менімен сыпайысудың кажеті жок. Соншалықты кылт етпе адам емеспін.

– Солай ма? Ал біздің мұндағылардың бәрі өкпешіл.

– Менде ол жок. Жә, енді рөмкенізді алып қойыныз.

Лилиан ішіп салды. Олар далаға шыққанда кар жауып тұр еді. Бористің ізі әлдекашан суыпты. Оның шанасы да зым-зия.

Екеуі шанаға мініп, тауды айнала ирелендейтін жолмен жоғары өрледі. Ат әбзеліндегі қоңырау сыңғыр қағады. Будақтаған мұнарда жол тіпті тыпа-тыныш көрініп еді, бірақ көп кешікпей олар басқа бір коңыраудың үнін естіді. Көшір жол айрығындағы көше шамының түбінде аттардың басын тартып, таудан түсіп келе жатқан шанаға жол берді.

Ұйытқыған карда қарсы келе жатқан шана олардың жанынан үнсіз сырғып өте берген. Үлкен жайдақ шанада беті қарамен жабылған ұзын жәшік тұр екен.

Клерфэ қолын Лилианның қысқанын сезді. Жәшікпен қатар жатқан брезенттің астынан гүл шоктары көрінеді; сондай екінші брезент бірнеше азагүлдердің үстіне жабылыпты.

Көшір шоқынып алды да делбені қақты.

Жолдың соңғы айналымын үнсіз өткен олар шипажайдың бүйір есігінің алдына тоқтады. Әйнек қалпақша астындағы электр шамы карға сары шеңбер тастап тұр. Сол сәуле шеңберінде жұлынған жасыл жапырақтардың бірнешеуі шашырап жатыр.

Лилиан Дюнкерк Клерфэге бұрылды.

– Ешбір амал жоқ, – деді ол қыжырта күлімсіреп. – Мұны тек бір сәтке ғана ұмытасың... Бірақ біржола арылу дейтін жоқ. – Ол есікті ашты. – Рахмет, – деп міңгірледі. – Әрі десе, мені кешіріңіз, жақсы серік боп жарытпадым. Бірақ өзім бүгін кешке жалғыз калуға дәрменім жетпесін сездім.

– Мен де.

– Сіз бе? Не себеп?

– Сіздің себебіңіз менде де болды. Өзіңізге айтып едім ғой. Каннан соғылған коныpау.

– Бірақ сіз оны бақыт деген сияқты едіңіз.

– Бақыт дейтінді түрліше түсінуге болады. Содан соң жұрт не демейді. – Клерфэ колын калтасына салды. – Міне сізге бір бөтелке арақ. Жақсы жатып, жай тұрыңыз.

***

Бір сағаттай карды омбылай жүріп, Клерфэ тоғайдың шетіндегі шаршы кескіндес қарасынға кездесті. Күмбез тәрізді шатырынан қара түтін будақтайды. Талай жылдардан бері жадынан өшіруге тырысқан жиіркеніштi елестері Клерфэнің ойына атой салып қайта оралды.

– Анау тұрған не? – деп сұрады ол әлдебір дүкеншенің алдындағы карды күреп жатқан жас жігіттен.

– Анау ма? Крематорий, төрем!

Жігіт күрегіне сүйенді.

– Қазір мұның керегі де шамалы болып қалды. Ал бұрын, бірінші дүниежүзілік соғыстың алдында, жұрт мұнда қынадай қырылыпты. Қыс козі қырауда, өзіңіз білесіз, жер казу оңай шаруа

емес. Крематорий әлдеқайда қолайлы болса керек. Біздікі қырық жылдан бері тұр.

– Демек, сендер мұны крематорийлер сәнге айналмас бұрын тұрғызған болдындар ғой?

Жігіт дәркүмән күйде Клерфэге аңыра қарады.

– Біз қашанда кез келген іскерлік бастаманың алдында жүреміз, төрем. – Ол шаршы кескінді ғимаратқа тұнжырай қарады; енді оның үстінен тек болмашы ғана түтін будақтап тұр екен. – Иә, бүгінде крематорий дейтіндер сәнге айналды.

– Дәл солай, – деп қостады Клерфэ. – Әрі тек мұнда ғана емес.

Жігіт басын изеді.

– Адамдар өлімге деген құрметін жоғалтты дейді менің әкем. Және сол әлемдік екі соғыстың кесірінен болса керек.

Түтін будақтауын қойды. Клерфэ сигаретін тұтатты. Неге екенін өзі де білмейді, әйтеуір крематорийден түтін шығып тұрғанда оның шылым шеккісі келмеген. Енді ол жігітке де темекі ұсынды.

– Әкеніз немен шұғылданушы еді?

– Біз гүл саудасымен айналысамыз. Егер сізге бірдене керек бола қалса, біліп қойыңыз, төрем, анау қыстақтағы қаныпезерлерден гөрі біз арзанға сатамыз. Бізде тауардың небір қадірлісі болады. Дәл бүгін танертен жаңа партиясы келді.

Клерфэ ойланды. Шипажайдағы бельгиялық аруға, әлгі тентек әйелге неге гүл жібермеске? Бәлем, өктемсіген орысы терісіне сыймай кетер. Соны ойлап, дүкенге кірді.

Мұның дүкен деген тек аты ғана екен және ондағы гүлдер де соған сай көрінді, тек айнала көрініске мүлдем сәйкеспейтін бірнеше гүл көздің жауын алады. Клерфэ ақ гүл салынған гүлсауыт пен әппақ ұсақ орхидеяның үлкен бір бұтағын ұнатты.

– Мүлдем жап-жас! – деді тапалтақ біреу. – Бүгін ғана келді. Мұндай гүлді іздесеніз таппайсыз. Ең бері салғанда екі аптасыз солмайды. Сирек кездесетін сорт.

– Осыларды ораныз, – деді Клерфэ кеше барда отырғанда Лилиан ұмыт қалдырған қара жібек биялайды қалтасынан шығарып. – Мынаны бірге ораныз. Сізде конверт пен қағаз табыла ма?

Екеуі де табыла кетті.

Шипажай іші жым-жырт.

Көк шалбар киген Лилиан Дюнкерк өз бөлмесінің балконында отырған. Алдында, түнде үрлеп тастаған қар үстінде – Клерфэ сыйға берген бір бөтелке арақ.

Телефон шылдырлады. Лилиан тұтқаны көтерді.

– Иә, Борис... жоқ, әрине, жоқ... олай істесек несіне келер едік?.. Соны айта бермейікші... әрине, бері көтеріл... иә, жалғызбын, түнделетіп маған кім келе қоюшы еді?..

Лилиан қайтадан балконға шықты. Әдемі арақты тығып тастасам ба екен деп бір ойлап тұрды да, сосын стақан алып, бөтелкенің аузын ашты.

Арақ әрі жақсы, әрі өте суық екен.

– Таң жарық, Борис, – деді ол есіктің сырт еткенін естіп. – Мен арақ ішіп отырмын. Ішемісің? Онда стақан ала кел.

Орысты арқалығы көлбеу отырғышқа керіле түсіп қарсы алды. Волков қолына стақан ұстап, балконға шықты. Лилиан, арқасынан ауыртпалық түскендей, жеңіл күрсінді. "Құдайға шүкір, ақылсуынан аман құтылдым", – деп ойлады ол. Волков өзіне арақ құйып алды. Лилиан стақанын ұсынып еді, оған да толтыра құйды.

– Сен неге арақ ішесің, жарқыным? – деп сұрады анау. – Рентгеннен қорқасың ба?

– Жоқ, Борис, өмірге ризашылығым ғой.

Борис оған таңырқай қарады.

– Далай-Лама суреттер жайында ештеңе айтпады ма?

– Жоқ. Айтқанда не дейді? Ештеңені де білгім келмейді.

– Оның дұрыс, – деді Волков. – Сол үшін ішейік.

Ол стақанын аузына төңкере салып, бөтелкені кейін алып қойды.

– Маған тағы құйшы, – деді Лилиан. – Мына стақаны құрығыр көздей ғана екен.

– Қалағаның болсын.

Лилиан оған барлай қарап қояды. Оның ішпе деп жалынатынын күтеді, бірақ Борис те құдың қуы емес пе: сол ойын айтқызбай білді.

– Тағы құяйын ба? – деп сұрады.

– Жоқ. – Лилиан стақанды жанына қойып, оған қолын да тигізген жоқ. – Борис, – деді ол, біз бір-бірімізді өте жақсы түсінеміз. Сен мені жақсы түсінесің, мен сені жақсы түсінемін – біздің сорымыз осында.

– Оның рас, – деді Волков. – Сордың көкесі сол! Флн[1] соққанда оны қаттырақ сезінесің.

Лилиан көзін жұмды.

– Кейде менің ең бір қисынсыз нәрсені істегім келетіні бар. Мысалы осынау әйнек тордың быт-шытын шығаратын бірдеңені. Өзім де білмейтін бір жаққа безіп жоғалғым келеді.

---

[1] *Флн (нем. Fuhn)*– тау аңғарынан алқапқа соғатын жылы жел.

– Мен де сөйтем, – деді Волков.

Әйел көзін ашты.

– Сен бе?

Волков басын изеді.

– Жұрттың бәрі солай еткісі келеді, жарқыным.

– Онда сен неге істемейсің?

– Өйткені одан өзгеретін дәнене жоқ. Тек өзімнің торда отырғанымды бұрынғыдан да қаттырақ сезінер едім.

– Білемін, Борис. Мен де әшейін сөз үшін айтамын. Неге екенін өзің түсінесің. Рентгеннен қорқамын және сонымды ешкімге көрсеткім келмейді.

Ол мотор үнін Бористен бұрын естіді. Клерфэнің мәшинесі жол ирелендерімен жоғары өрлеп келе жатты да кенет моторы сөніп, тоқтап қалды.

– Тегі, сен соны неге жек көресің?

Волков біршама үнсіз отырды. Оның басы мен сәл енкіш иығы күміс түстес аспан аясында қарауытып зораяды. Қолындағы стақанын дамылсыз айналдырған сайын онысы құдды сутастан жасалғандай болып жарық шағылыстырады. Сәлден соң Волков жымиды.

– Бәлкім, бір кезде өзім де соған ұқсағандығымнан шығар.

– Сол да себеп болып па?

– Болса несі бар екен? Ол күндерімді біреудің еске салғанын қаламаймын. Өзі қашан кетуші еді?

– Білмедім. Ертең шығар.

– Сол жақтан келген адамдар қашанда әбігер ала келеді.

Лилиан көзін жұмды.

– Ұйқың келді ме? – деп сұрады Волков.

– Иә. Арақ ұйқыны келтіреді. Арақ пен жел.

Сәл жұмулы кірпігінің астынан Лилиан оның шалқайма орындықты жанай өткенін көрді. Зор дене бір сәт жарықты көлегейледі, ал Волков әрі өтіп кеткен соң жарық бұрынғыдан да жайнай түскендей болды.

Лилиан абыржулы еді, ол ұйықтай алмады. Жатып кітап оқуға да құлқы болмады. "Арақтан болар", – деп ойлады. Сәлден соң орнынан тұрып, төменге түсті.

Бір таң қалғаны – Клерфэ жалғыз екен. Хольман жоқ, кіреберістегі орынбаспайда Клерфэнің өзі ғана отыр.

– Мәшинеңіз қайда? – деп сұрады Лилиан. – Сіздің мәшинемен келгеніңізді естіп едім ғой.

– Мәшинені жолда қалдырдым. Мына биікке жетпей тоқтадым.
– Хольман үшін бе?
– Иә, – деді Клерфэ.
– Ол өзі қайда?
Сол мезетте мотордың гүжілдегені естілді.
– Сонда,– деді Клерфэ, – "Джузеппені" сынап әуре.
Лилиан орнынан көтеріліп, шипажайға кірер ауыздағы алаңшаның шетіне барды. Бірнеше шыршаны көрді, ал олардан әрегіректе жолдың жақын бұраланымен жайлап жылжып мәшине көтеріліп келеді екен.
– Келе жатыр! – деп айқайлады ол Клерфэге. – Тоқтатыңыз оны!
– Неге? Ол әлі мәшине айдауды ұмыта қойған жоқ.
– Мәселе онда емес! Өкпесіне суық тигізеді ғой.
– Киімі жылы.
– Бірақ үсті ашық спорт мәшинесіне мінетіндей емес. Тоқтатыңыз!
Шұғыл бұрылыспен жоғары өрлеген мәшине шипажайдың тұсынан өтіп кетті.
– Оны тоқтатыңыз, – деп Лилиан шыр-пыр. – Қазір ол жын қуғандай құйғытады! Бұл жақсылықпен бітпейді.
Ол жолдың ортасына жүгіре шықты.
– Сізді қағып кетіп жүрер, – деп Клерфэ оны шетке қарай тартты.
Жөпелдемеде-ақ шипажайдың артынан жалт ете қалған мәшине азан-казан гүжілдеп төмен құлдырады. Хольман бұларға қолын бұлғап, мәз болып барады.
– Сіз кешіктіңіз, – деді Клерфэ Лилианды босатып.
– Оны тоқтату керек еді! Неге өйтпедіңіз?
– Сіз Хольманның осында жүріп дәл жаңағыдай бір күлгенін көрдіңіз бе? Мен көрген емеспін.
– Кешке күлкіні көреді. Ыстығы көтеріледі.
– Мен тыйым салынғанның пайдасына сенемін. Ол да терапия, – деді Клерфэ. – Ал сіз сенбейсіз бе?
– Өзгелер үшін – сенбеймін.
Клерфэ күлді.
– Хольман дәл сіз ойлағандай тас-емен емес және оны тәртіптілктің өнегесі деуге де болмас. Кеше кешке оның жамбасы төсекке де тиген жоқ. Тек өзінің айтысы ғана болмаса. Ол біздің сонымыздан қашып шығып, "Джузеппені" жуып жатқан гаражға барды. Сол жерде мәшинеге отырып, ойша жарыстың туын тіккен

болу керек. Оны маған гаражда істейтін бір балақан айтты. Ал мәшинеден түскенде, дейді әлгі бала, түрі түр емес екен, айкезбе болған адамдай ілбіп кете барыпты. Сондықтан мен бүгін таңертең "Джузеппені" әдейі әкеліп, Хольманның бір айналып қайтуына рұқсат еттім.

– Демек, оны соған итермелеген өзіңіз екенсіз ғой?

– Қолына кілтті бердім де, "Джузеппенің" қайда тұрғанын айттым, – деп жауап қатты Клерфэ. – Соның өзі-ақ жетіп жатыр еді.

Клерфэ Лилианды тік көтеріп, өзінің қасына орынбаспайға отырғызды.

– Оның қайтып оралғанын күткіңіз келе ме? Бірақ ол жуық арада келе қоймас.

Лилиан жауап қатпады; бірақ кете де қоймады. Клерфэ оған барлай қарады. Өзі өндірдей жас екен ғой, – деп ойлады ол. – Кеше кешкілік қазіргісінен бес жастай үлкен көрініп еді. Ғажап, әдетте керісінше болатыны бар ғой.

– Тәртіптілік – жақсы қасиет, – деді Клерфэ. – Бірақ кейде одан сүрініп, опық жеуге де болады. Ал бұл сияқты тас-емен біреудің сүрініп жатқанының өзі күлкілі, дер сәтінде аздаған адамгершілік танытқан ғанибет. Азар болса Хольман артықтау кетіп, тұмау тигізіп алар, бірақ оның есесіне қайтадан өзіне деген сенімі артады. Өзін мүгедек санап, абайлап басқаннан осының өзі артық. Әлде сіз менімен келіспейсіз бе?

Кенет Лилиан бойында Клерфэге деген қыжылдың бұрқ-сарқ қайнап келе жатқанын сезді.

– Мұнда тұмау да қатер, – деді ол долданып. – Бірақ сіздің дәнеңеңіз де кетпейді! Әрине, сіз оған өлім де бақыт болар еді дерсіз: өйткені ол біраз мәшиненің құлағында ойнап, ұлы шабандоз боларына көзін жеткізді ғой.

Осы сөздерді айтуын айтса да өзі өкініш сезінді.

Клерфэ үнсіз.

Олар қайтадан мәшиненің дауысын естіп, артынша оның өзін де көрді. Кішкентай қара ноқат сияқтанған ол қыстақтың сыртымен оқша атылып, асуға апаратын жолға қарай құйғытып бара жатты.

– Соның орнында болсаңыз не істер едіңіз? – деп сұрады Лилиан.

Клерфэ оған бұрылып қарады.

– Мен бе? Мен қайтып оралмас едім деп ойлаймын. Одан әрі асу арқылы төменге тартар едім...

Лилиан оған тесіле қарады.

– Содан соң?

– Содан соң өз бойымнан барымды сығып алып, өмірге иә жауымдай иә көнілдесімдей ес-түссіз құлап, ақтық демім біткенше қызығына батар едім... Тіпті соның өзі жақсы... – Ол кідіріп барып, қайта сөйледі: – Кім білсін, мен де, бәлкім, тағдыр-талайымнан тағы бір сағат, тағы бір күн немесе бір сәт мәулет сұрап, жер бауырлап, жалбарынар ма едім... Өзім өр санап жүрген талайлардың-ақ менің көзімше сөйткенін көргенім бар. Алдын ала ешкім ештеңені біліп болмайды. – Ол Лилианға қарады. – Кеше ғана өзіңіз қандай жағдайда болсын, адам айтқысыз халде де әркімнің өмір сүргісі келеді, тіпті мүгедекке де, қаусап-қалжыраған бейшараға да жан тәтті деген жоқ па едіңіз?

– Иә, – Лилиан оның көзқарасына шыдап бақты. – Бірақ сіз өзіңіз маған кешегінің кеші – әлдеқашан өткен күн демедіңіз бе?

Алыстан тағы да мотор үні жетті. Жылдам жақындай берді.

– Хольман қайтып келе жатыр, – деді Клерфэ.

– Иә, қайтып келе жатыр, – деп қайталады Лилиан біртүрлі күлген болып. – Асудан өтпеген болды.

Клерфэ оған қырындай қарады.

– Сіздің өте сұлу екеніңізді айтқандар болды ма?

– Иә, – деді Лилиан көтеріле беріп. – Әрі мұндай қарадүрсін түрде айтпаған сияқты еді.

Лилиан қараңғы бөлмеге кіруді өлгенше жек көруші еді, сондықтан ол әрдайым жарықты сөндірмей шығатын; оның есесіне кезекші бике шамды қасарыса сөндіретін. Бұл жолы да солай болған екен. Лилиан шамды жақты.

Үстел үстінде ақ таспамен буылған ақ түсті картон қорап тұр екен. Гүл болды ғой, – деп ойлады ол. – Кімнен болуы мүмкін? Әрине, Бористен, басқа кімнен болушы еді?

Ол таспаны шешіп, қораптың аузын ашып, папирос қағазын ала берді де... қалақай көргендей гүлді де, қорапты да жерге атып ұрды. Қораптағы орхидея гүлдері екен...

Гүлдер кілем үстінде жатыр. Олармен қатар жатқан қара биялай еден астынан созылған қап-қара қолға ұқсайды. Лилиан орхидеялардан көз алар емес.

Оларды бұл бұрын көрген, оған күмән болуы мүмкін емес. Лилиан гүлдерді санап шықты – иә, дұрыс, олар да осынша

болатын. Бұл жердегі дүкенде мұндай орхидея сатылмайды. Оларды өзі іздеп, ақыры Цюрихтен алдырған еді ғой.

Қазір еденде шашылып жатқан дәл осы гүлдерді ол Агнес Сомервиллдің табытына қойған болатын.

Лилиан жылан көргендей болып, гүл бұтағын ақырын айналып өтті. Содан соң терезені ашты, еденге еңкейіп, саусақтарының ұшымен қағазды шымшып алып, онымен гүлдерді жинады да қағазымен қоса терезеден лақтырып жіберді. Олардың соңынан қорап та кетті.

Орхидеяларды лақтырғанда Лилиан Клерфэнің жазбасын аңдаған жоқ. Ол өліктің қарайған қолына немесе о дүниенің тылсым белгісіне ұқсаған өз биялайын танымай қалған еді. Жалмажан еденнен алып, оны да терезеден лақтырды.

"Мен есірік болып барам-ау осы, – деп ойлады ол. – Жоқ жерден тылсым күштерді көргендей боламын. Бәрі анықталуы тиіс, бұл гүлдер кәдімгі гүл сататын дүкеннен алынған, – бұларды тылсым күштің көмегімен әруақтар әкелмеген шығар тегі. Қазір төменде, жерде жатқан болар".

Лилиан терезеге келіп, сыртқа қарады.

Қарады да ышқына жаздап шақ қалды. Жанағы орхидеялар жым-жылас. Селдірлеу тұман болғанына қарамастан, ол қар бетін анық көрді, айнала жым-жырт, жанды қара көрінбейді, гүлді ала қоятындай да ешкім жоқ. Тіпті қорап та жоғалыпты. Бәрі көкке ұшып кеткендей. Тек саусақтары тарбиып, үрей шақырып, кіпкішкентай қара биялай қар үстінде жатыр.

Лилиан терезені жапты. Бұл жерден кету керек, – деп ойлады ол. – Бірақ қайда? Бориске ме? Оның не айтатынын өзі де біледі. Әлде екінші қабаттағы Долорес Пальмерге барса қайтеді? Бүгін Долорестің бөлмесіне құпия түрде бірнеше адам жиналмақшы; онда патефон мен күйтабақтар болады және, әдеттегідей, кірпияз-кіді, көңілсіз кеш өтеді. Бұл одан не алмақшы? Хольманға барса ше? Бірақ өзі Хольманның да не айтатынын біледі. Жоқ, ең дұрысы – шипажайдан мүлдем кетіп қалу.

Ол екідай күйде қалды. Содан соң Палас-отельге телефон соғып, Клерфэні шақыртып алды.

Оның телефонға жетуіне біршама уақыт кетті.

– Сіз маған кіріп шыға аласыз ба? – деп сұрады Лилиан.

– Қазір ме?

– Иә.

– Жарайды. Бір демде барамын.

***

Ол төмен түскенде Клерфэ кіреберісте тұрған.

– Мұндағы қар үстінде менің гүлдерім қайдан жатыр? – деп сұрады ол.

Лилиан оның көзі түскен жаққа қарады. Бірнеше қадамдай жердегі қар үстінде орхидеялар жатыр екен. Қорабы да сонда болып шықты. Лилиан олардан көз алар емес. Әлден соң барып өзі жоғарыдан қарағанда ақ қардың үстіндегі ақ гүлдер мен ақ түсті қорапты ажырата алмағанын түсінді.

– Бұл сіздің гүлдер ме еді? – деп сұрады ол. – Осы гүлдерді маған сіз жіберіп пе едіңіз?

– Иә, – деді Клерфэ. – Бірақ, байқаймын, сіз бұларды ұнатпаған сияқтысыз.

– Бұларды қайдан алып едіңіз?

Клерфэ Лилианға таңырқай қарады.

– Гүл сататын дүкеннен. Бүгін күндіз алдым. Несі бар екен?

– Орхидея... дәл өзі! Дәл осы гүлді кеше мен Агнес Сомервиллдің табытына қойғанмын. Жәй ғана ұқсас гүл емес, нақ осы гүл.. дәл өзі!

– Көңілсіз жай екен! – Клерфэ басын шайқады. – О, тоба, мен білдім! – деді ол кенет. – Бұл гүлдерді мен крематорий маңындағы дүкеннен алып едім-ау. Енді түсінікті болды. Крематорийдегі пысықайлардың бірі бұларды өртеп жіберудің орнына қайта өткізіп пұл қылған. Бәсе, сондай жаман-жәутік дүкенге осындай гүл қайдан түсіп жүр деп өзім де ойлап едім. Демек, олардың ұдайы істейтіні осы болды ғой! Жылпостарын қарай гөр! Екі жеп биге шығатын кулар. Ал күлмәндарының ашыла қоюы екіталай. Қай гүлді түстеп-түгендеп жатарсың. Мұнда осы тектес жалғыз орхидея болады және сол алдыңызға қайта келеді деп кім ойлапты. Мыңда бір болатын ерекше жағдай.

Ол Лилианның қолын алып еді, оның қалтылдап тұрғанын сезді.

– Ал енді не істейміз? Осылай абдырап тұрамыз ба әлде жұрттың әсіре пысықтығына күлеміз бе? Менінше, бірдеңе ішу керек шығар деймін. Жүріңіз.

– Неткен сұмдық, – деп күбірледі Лилиан.

– Мұндай сұмдықтың небір атасы болады, – деді Клерфэ. – Бірде менің бір жерден қашып шығуыма тура келіп, өлген адамның киімін шешіп кигенім бар. Оны істемесем шыға аламас едім, ал шыға алмасам мені өлтіретін болды. Сондағы аза бойым қаза болғанын күні бүгінге дейін ұмытпаймын. Әрі ең сұмдығы – әлгі

бейшараның киімі жылы екен. Өзім суық болар деп ойлағам ғой, бірақ маркұмның денесі суып та үлгермепті. Ішкиіміне дейін түк қоймай киіп алуыма тура келді. Өлік маған қалған жылуын қарызға берді де, соның ақырында мен қимылдарлық дәрменімнен айырыла жаздадым. Құдай сәтін салғанда абайсызда өліктің пышағымен қолымды кесіп алдым және, соған долданам деп, есімді жинадым. Жә, кеттік.

– Гүлдер ше, – деп күбірледі Лилиан. – Оларды мұнда тастауға болмайды ғой...

– Неге? – деді Клерфэ. – Бұл гүлдердің сізге де, маған да ешкандай ортақтығы жоқ қой, тіпті бұлардың енді Агнес маркұммен де ортақтығы жоқ. Ертең мен сізге басқа гүл жіберемін. Бұларды ұмытайық! Міне, биялайыңыз.

Клерфэ шананың есігін аша берді. Сол қимылымен бірге ол делбешінің орхидеяға байыппен, бірақ қызыға қарап отырғанын байқап қалды да Лилиан екеуін Палас-мейманханаға жеткізіп салған соң ол қайта келіп, гүлдерді алатынын ұқты. Содан соң олардың қайдан шығарын бір Құдайдың өзі білсін.

– Біз өлілерден үрейленбеуіміз керек, – деді ол шана бұралаң жолмен құлдилап бара жатқанда.

– Ондай "керектер" көп қой, – деп күбірледі Лилиан.

Оның әлі қатты абыржулы екенін Клерфэ сезіп отыр.

– Өліктің киімін киіп алған соң бірнеше сағат бойы түн қаранғысын күтіп өзен жағасында тығылып жаттым, – деді ол. – Денем түршігуін қоймады; бірақ кенет мен солдат кезімде киген киімім де бір кезде өліктің үстінен шешілген болуы мүмкін екенін түсіндім... үш жылғы соғыстан кейін жаңа формалы киімге жари қоймағанбыз... ал содан соң маған қолда бардың бәрі – тіліміз бен біліміміз де, өзімізді бақытты сезіну қабілетіміз бен торығу қабілетіміз де бізге өлілерден аманат қалған дейтін ой келді. Енді міне, өмірге қайта оралу үшін өліктің киімін киіп алған соң өзімізді жануарлардан артық санайтынымыздың бәрін: біздің бақытымызды – неғұрлым дара және неғұрлым көпқырлы бақытымызды, неғұрлым терең біліміміз бен неғұрлым қатыгез жанымызды, аяушылық білдірер қабілетіміз бен тіпті құдай жөніндегі пайымымызды – бәрі-бәрін бір бағамен алғанымызды түсіндім: біз, жұрт айтатындай, жан-жануарлардың түйсігі жетпейтінді танудық, өлімнің болмай қоймайтынын білдік... Ол бір әдеттен тыс түн болды. Мен қашу туралы ойды ұмыттым, еңсемді түсірмеу үшін өлім туралы ойлай бастадым да, содан жаным жай тапты.

Сөзіне Лилианның ықыластана ден қойып отырғанын сезді. Ол алға еңсеріле түсіп, бұған қарап қалған екен.

Шана мейманхананың алдына тоқтады. Кірер ауыздағы қар үстіне бірнеше тақтай төселген екен. Лилиан шанадан түсті. Зілмендей шаңғы бәтіңкесі мен свитер киген спортшылар әрлі-берлі сапырылысады; кешкі жеңіл туфли киген қылдырықтай Лилиан сәл алға еңкейіп, пальтосының өңірін қолымен жауып, солардың арасымен өтіп бара жатқанда құдды бір тылсым жан иесі тәрізді көрінеді.

Клерфэ оның сонынан барады. "Осы мен не айтып кеттім? – деп ойлады ол. – Бұларда мұның бәріне тыйым салынған деп Хольман ескертпеп пе еді? Бірақ осы келіншектің өзі үнемі өлімді аузынан тастамайды. Бәлкім, одан басқа ештеңеге қызықпайтын болды ма екен. Тегі, осындай әңгімелердің еліктіргіш күші бола ма деймін". Әйткенмен, бұл осыдан бір сағат бұрын оны Римнен шақыртқан Лидия Мореллимен – әйелдің айла-шарғысының бәрін білетін және солардың бірде-біреуін ұмытпайтын Лидия Мореллимен – телефон арқылы болған әңгімеден гөрі басқашалау бірдене.

– Бүгін кеш бойы бос әңгіме айтайықшы, – деді ол Лилианға.

***

Шалдың құдды денесі жоқ секілді, үстіндегі жамылғысы бір тегіс жатыр. Бет әлпеті қалжыраған, бірақ тереңнен жылтыраған шүңірек көзі көгілдір асылын жоғалтпаған. Ұйпаланған папирос қағазы сияқтанған терісінің астынан қан тамырлары бұлтияды. Шал ұзынша тар бөлмедегі тар төсекте жатыр. Кереует жанындағы түнгі үстелшенің үстінде шахмат тақтасы тұр. Шалдың атын Рихтер дер еді. Жасы қазір сексенді ұрып тұр, соның жиырма жылын ол шипажайда өткізген. Мұндағылардың бәрі Рихтерді үлгілі пациент деп мақтан тұтады. Бас дәрігердің алдына жігерсіз, күйрек аурулар келе қалса, ол екі сөзінің бір мысалы етіп Рихтерді ұсынады. Ол үшін Рихтер нағыз алтын қоймасы іспетті – өлім аузында болса да өле қоймайды.

Лилиан соның төсегінің басында отыр.

– Бері қараңыз! – дейді шал шахмат тақтасын нұсқап. – Оның ойыны баланың ойынына ұқсап барады. Бұл Реньесі түскірге не болғанын түсінсем бұйырмасын.

Шахмат десе Рихтер ішкен асын жерге қояды. Оның "Монтанадағы" ойынсеріктерінің бәрі соғыс кезінде жан-жаққа

бытырап та, өліп те бітті. Бірнеше ай бойы Рихтер кіммен ойнарын білмей сенделді: сүлесоқтанып, азып та кетті. Сонда барып бас дәрігер Рихтерді Цюрих шахмат клубының мүшелерімен ойнататын болып келіскен.

Әуелде шыдамсыз Рихтер өзінің жүрістерін телефонмен хабарлап жүрді, бірақ бұл тым қымбатқа түсетін болды да жәй поштаның қызметімен шектелуге тура келді. Хат тым ұзақ жүретіндіктен Рихтер екі күнде бір жүріс жасаудан аса алған жоқ.

Содан соң Ренье пайда болды. Онымен бір партия ойнағаннан кейін-ақ Рихтердің құдайы беріп қалды: тағы да лайықты қарсылас табылды. Алайда немістің әскери тұтқындарға арналған лагерінен босаған Ренье Рихтердің неміс екенін білісімен өзі сияқты француздың онымен шахмат ойнауын күпірлікке санады.

Рихтер қайтадан жүдей бастады; Ренье де төсек тартып қалды. Екеуі де катты зерікті, бірақ Ренье алған бетінен қайтпады. Тығырықтан шығудың амалын Ямайкадан шығып, христиан дініне кірген бір зәнгі тапты. Ол да төсек тартып жатқан науқас еді. Зәнгі Рихтер мен Реньенің әрқайсысына жеке-жеке хат жазып, өзімен төсектен тұрмай-ақ, ішкі телефон арқылы ойнауды ұсынды.

Бұған ойынсеріктің екеуі де катты қуанды. Ендігі жалғыз қиындық – зәнгінің өзі шахмат ойынынан құлантаза бейхабар екен. Бірақ бұл киындықтан да ол аскан шеберлікпен шықты. Енді Рихтерге қарсы ақпен, ал Реньеге қарсы қарамен ойнады. Керек десеңіз, оның шахмат тақтасы да жоқ болатын және бар міндеті – Ренье мен Рихтердің жүрістерін өзінікі санап, олардың бір-біріне жеткізіп отыру болды.

Соғыс аяқталған соң көп кешікпей зәнгі көз жұмды. Ал Ренье мен Рихтердің телефоны жоқ бөлмелерге қоныстануына тура келді, себебі екеуі де әбден кедейленген болатын; олардың біреуі енді үшінші қабатта, екіншісі екінші қабатта тұрып жатқан.

Зәнгінің міндеті Мыстанға ауысты, ал жүрістерді палата медбикелері таситын болды. Екі ойыншы да зәнгімен ойнап жүрміз деп ойлады; оларға тамағының катты ауырғанына байланысты зәнгінің сөйлеуіне рұқсат етілмейтін болды деген желеу айтылды. Реньенің төсектен тұруына рұқсат етілгенге дейін бұл жағдай өстіп тәп-тәуір жалғасып келе жатқан болатын. Қырсыққанда, ол алғашқы сапарын зәнгіден бастамақшы болмай ма. Сөйтіп, бәрінің күлмәні ашылды.

Бұл екі арада Реньенің ұлттық сезімі де біршама басылса керек. Рихтердің туғандары Германиядағы әуе шабуылы кезінде опат

болғанын естіген ол онымен бітуана жасасып, содан былай олар бір-бірімен еш кедергісіз ойнайтын болды.

Бірақ бертінде Рихтер де, Ренье де қайтадан төсек тартып қалып, олардың арасын өзге науқастар жалғастыратын болды, соның ішінде Лилиан да бар еді.

Осыдан үш апта бұрын Ренье көз жұмды. Ол кезде Рихтер де әне-міне деп нашар жатқан-ды, сондықтан оған ойынсерігінің қазасын естіртуге ешкімнің жүрегі дауаламаған.

Бір амалын тауып Рихтерді алдай тұруға тура келді де ойынға Мыстанның өзі тәуекел етті; соңғы кезде ол ойыннан азын-аулақ хабар алып қалған-ды, бірақ, әрине, Рихтерге лайықты қарсылас бола алмасы анық еді, ал әлі Реньемен ойнап жүр екенмін деп ойлаған Рихтер ондай мықты ойыншының аяқ астынан осынша мығұлаға айнала қалғанын түсіне алмай қайран еді.

– Сіз шахмат ойнап үйренуіңіз керек, – деді Рихтер Лилианға. – Мен үйретсем қалай қарайсыз? Тез-ақ үйреніп кетесіз.

Лилиан басын шайқады. Рихтердің көк көзінен қорқыныш көрді. Қартың Ренье олай-бұлай боп кетіп, тағы да ойынсеріксіз қалар ма екем деп қорқады.

– Маған сеніңіз, – деді Рихтер, – шахмат біздің ойымызға мүлдем жаңаша бағыт береді. Ол адами нәрсенің бәрінен... күдік-күмән мен мұң-наладан соншама жырақ... оның дерексіз ойын екені сонша, тіпті жаныңызды жадыратады. Шахмат дегеніңіз – өз әлемі өзіндегі нәрсе, ол әбігерді де... өлімді де тыңдамайды. Көмегі көп. Ал бізге одан артықтың керегі де жоқ, солай емес пе? Бізге керегі тек келесі таңды аман-есен қарсы алу ғой.

– Иә, – деді Лилиан. – Мұндағылар одан артықты қаламайды.

– Сонымен, қалай? Бүгіннен бастаймыз ба? – деп сұрады Рихтер.

– Жоқ, – деді Лилиан енжар түрде, – енді мұның еш қажеті жоқ. Мен енді мұнда көп тұра қоймаспын.

– Кететін болдыныз ба?

– Иә, кетемін.

"Мен не айтып отырмын!" – деп ойлады ол үрейленіп.

– Сауықтыңыз ба?

Лилиан өтірік айтып, қашып кеткелі отырғандай, шалдың қарлыққан дауысы ашулы естілді.

– Түбегейлі кетейін деген ойым жоқ, – деді Лилиан аптыға сөйлеп. – Тек шамалы уақытқа кетпекпін. Содан соң қайтып келемін.

– Бәрі қайтып оралғанды біледі, – деп қырылдады Рихтер сабасына түсіп. – Бәрі сөйтеді.

– Жүрісінізді Реньеге жеткізейін бе?

– Қажеті шамалы. Мен оған мат қойдым деп санай берсе де болады. Дұрысы қайта бастаған деп Реньеге айта барыңыз.

"Иә, – деп ойлады ол, – дұрысы қайта бастаған".

***

Түс ауа Лилиан жап-жас медбикені рентгеннің соңғы суреттерін көрсетуге көндірді. Есікті жабар-жаппаста Лилиан конверттен қара суреттерді алды да жарыққа қарсы ұстап қарай бастады. Олардың жайын көп біле де бермейтін, бірақ Далай-Ламаның өзіне көлеңке түскен жерлер мен қара дақтарды көрсеткені есінде. Соңғы кезде ол онысын қойған да болатын.

Лилиан суреттерден, олардың жылтыраған сұрғылт-қара түсті үстіңгі бетінен көз алар емес; қазір оның өмірі осыларға байланысты болып тұр.

Мынау – өзінің иық сүйегі, мынау – омыртқасы, қабырғалары, күллі қаңқасы, ал саулық немесе сырқат деп аталатын қатерлі беймәлім бәле солардың ара-арасында. Ол өзінің бұрынғы суреттерін, олардағы көмескі сұр дақтарды есіне алды да енді соларды таппақшы болды. Табуын тапты, бірақ олар едәуір ұлғайып кеткендей көрінді.

Лилиан артына жалт қарады. Алтын сары абажурдан баяулап жылы сәуле төгіліп тұр екен. Бөлме іші жым-жырт, бірақ Лилианға осы тыныштық өзіне беймағлұм сұрақтың жауабын күтіп тұрғандай болды. Ол айнаға бұрылды.

– Сонымен қалай екен? – Арт жағынан уыздай медбикенің дауысы естілді. Аяқ басысының сыбдырын да сездірмей кірген ол суреттерді әкетуге келіпті.

– Соңғы екі айда екі кило жоғалттым, – деді Лилиан.

– Аса беймаза болмау керек. Содан соң тамаққа басыңқыраған дұрыс. Сіз тәп-тәуір-ақ оналған сиякты едіңіз ғой.

– Айтыңызшы, сіз бұрын-соңды ауырып көрдіңіз бе?

– Жоқ, қызылша мен қызамықты айтпағанда, ешқашан ауырған емеспін. Сіз де кешікпей сауығасыз, – деп дағдылы дабырлауына басты қыз. – Аздаған қайталау қашанда болуы мүмкін. Әсіресе қыста.

– Және көктемде, – деді Лилиан күйінішпен. – Жазда да. Күзде де.

– Сабырлы болған жөн. Және профессордың айтқанын орындау керек!

– Иә, мен де сөйтермін, – деді Лилиан, кенет шыдамсызданып.

– Сіз тамақты көбірек ішуіңіз керек. Сонда әлгі бірнеше килоны тез арада қалпына келтіресіз. – Медбике енді табалдырықта тұрған. – Бүгінгі кештен бастаңыз. Кешкі асқа ваниль тұздығы қосылған шоколад суфлесі беріледі.

Қыз жөнімен кетті де Лилиан әлі біраз қимылсыз тұрды. Шынымен, бұдан бірер минут бұрынғы бөлме осы ма?

Есік қағылды. Келген Хольман екен.

– Клерфэ ертең кетпекші. Бүгін түнде ай толады. Сондықтан таудағы лашықта, әдеттегісінше, мереке болмақшы. Біз де қашып шығып, сонымен бірге жоғары көтерілсек қайтеді? Клерфэмен бірге өткізетін соңғы кешіміз ғой. Оны осы жерде өткізудің ешбір сәні болмас. Бізбен бірге жүруге қалайсыз?

Лилиан жауап қатқан жоқ.

– Долорес Пальмер мен Шарль Ней де баруға ниет білдіріп отыр, – деді Хольман. – Бұл жерден сағат ондарда сытылап шыксақ, түп-тура аспалы көлікке үлгереміз. Ол бүгін түнгі бірге дейін жұмыс істейді.

– Сіз өзгеріпсіз, – деді Лилиан жақтырмай. – Бұрын өте сақ едіңіз!

Хольман күлді.

– Тағы сондай боламын! Ертең кештен бастап. Клерфэ кеткен соң тағы жым-жырт боламыз. Ертең кештен бастап мен ең момақан, ең сақ пациентке айналамын. Сіз өйтпейсіз бе? Сонымен, қалай, сағат онда сізге келейік пе?

– Иә.

– Жақсы. Демек, бүгін тойлаймыз.

– Сонда нені? – деп сұрады Лилиан.

Хольман сасып қалды.

– Әркімнің бір дегені бар ғой, – деді содан соң. – Әлі тірі жүргенімізді. "Джузеппенің" келгенін. Айдың толғанын.

– Және ертеңнен бастап үлгілі пациент болатынымызды.

– Несі бар, мен оған да келісем!

Хольман жөнімен кетті.

Ертең, – деп ойлады Лилиан. – Ертең шипажайдың дағдылы күйбеңі бәрін үн-түнсіз бауырына басады, бұл жағынан ол мына түбі тесік қыста тынымсыз жауып, жанды қараның бәрін бүркемелеп, тұмшалап жатқан дыбыссыз, жұп-жұмсақ дымқыл

карға ұқсайды... Тек мені емес, – деп ойлады ол. – Тек мені тұмшаламаса екен!

"Таудағы лашық" самаладай жарық. Ол қыстақтан көп бөлекте орналасқан болатын; айына бір рет, әбден ай толғанда, ол түні бойы ашық тұратын да оған келушілер қолдарына алау ұстап тарқасатын.

Шипажайдағы науқастар үшін таулы лашықтағы мерекелер өзіндік бір маскарад есепті болушы еді. Шарль Ней мен Хольман өзге жұрт танымасын деп мұрт жапсырып алыпты. Долорес Пальмер сұлу шашына шілтерлі шарқат жауып, бетін пердемен көлегейлепті.

Лилиан шарқатты да, пердені де керек еткен жоқ. Ол өзінің дағдылы көк шалбары мен үлбір жәкетін киген.

Лилиан тым абыржулы көрінді. Түннің өзі де жан тебірентерліктей еді: Ай алба-жұлба бұлттардан қалқып шығып, қайтадан сүңгіп кетеді, бұлттардың көленкесі ақшулан беткейлерге үйіп қалғанда беткей біткен жанданып жүре береді "– жер үстінен темірқанат алып қоқиқаздар ұшып бара жатқандай болады.

– Сіз қашан жүретін болдыңыз? – деп сұрады Лилиан Клерфэден.

– Ертең түстен кейін. Қас қарайғанша асудан өтіп алсам деймін. – Соны айтып, ол әйелге қарады. – Менімен бірге жүресіз бе?

– Иә, – деді Лилиан.

Клерфэ күлді; оның сөзіне сенген жоқ.

– Жақсы, – деді ол. –Тек көп зат алмаңыз.

– Маған көп нәрсенің керегі де жоқ. Қайда барамыз?

– Ең алдымен өзіңіз соншама жек көретін қардан құтыламыз. Ең дұрысы Тессинге, Лаго-Маджореге[1] барған болар. Көктем сол жақтан келеді. Қазір ол маң гүлге оранып тұр.

– Содан соң қайда барамыз?

– Парижге.

– Жақсы, – деді Лилиан байсалды түрде.

– Құдай сақтасын, – деп сыбырлады Хольман. – Далай-Лама келді! Әне, есіктің алдында тұр.

Төртеуі бірдей басында қылтанағы жоқ, сұр кәстөм киген, жүдеу кескінді профессорға қарады. Ол тау лашығындағы көңілді абыр-сабырды көзімен шолып тұр екен. Әлден соң сол жақта, есікке тақау тұрған үстелге қарай бет алды.

---

[1] *Тессин* – Швейцарияның бір кантоны (облысы); соның оңтүстігі мен Италияның Пьемонт облысының солтүстігін ала өте көркем Лаго-Маджоре көлі орналасқан.

– Мүмкін тайып тұрармыз? – деп дегбірсіздене сұрады Хольман.

– Ол сіздерді танымайды – деді Лилиан. – Мұрттарыңыз бар.

– Ал сізді ше? Долоресті ше?

– Лилиан мен Долоресті ол сыртынан көретіндей етіп отырайық, – деді Шарль Ней. – Сонда оларды да танымайтын болады.

– Бәрібір таниды. Оның көзі – көз емес, ренгтен аппараты десе де болады. Дегенмен байқап көрелік. Менің орныма отырыңыз, Лилиан.

Лилиан басын шайқады.

– Сіз ше, Долорес?

Долорес бір сәт бөгелінкіреп барып, орнынан тұрды да Далай-Ламадан тасалау жерге отырды.

Лилианның екі көзі дәрігерде және ол да бұған тесірейе карап қалыпты.

– Күлкілі екен! – деді Лилиан. – Бұл жерде амалсыздан күлкілі жағдайға қалады екенсің.

– Адамдар қашанда күлкілі, – деді Клерфэ. – Соны мойындаса, өмір едәуір женілдеп сала береді.

– Ертең сағат нешеде жүрмекшісіз? – деп сұрады Лилиан.

Клерфэ оған карады да бәрін бірден түсінді.

– Қалаған уақытыңызда, – деп жауап берді.

– Жақсы. Онда маған сағат бесте келерсіз.

***

Волков кіргенде Лилиан шабандарын жинастырып жатқан.

– Буынып-түйініп жатырмысың, жарығым? – деп сұрады ол. – Қажеті не? Екі-үш күннен соң бәрібір қайта шешесің ғой.

Оның көзінше бұл өстіп екі-үш мәрте жиналған. Жыл сайын көктем мен күзде алыс қырларға ұшып кетуге жыл құсындай аңсары ауатыны бар. Сондайда оның бөлмесінде бірер күн немесе бірнеше апта бойы шабандар пайда болады да Лилианның арыны басылып, алған бетінен қайтқанға дейін сақадай сай тұрады.

– Мен кетемін, Борис, – деді ол. – Бұл жолы шынымен кетемін. Есікке сүйеніп, жымия күліп анау тұр.

– Білемін, жаным.

– Борис, – деп айқайлап жіберді ол. – Қойшы осыны! Енді мұның ешқандай амалы жоқ! Кететінім рас!

– Иә, күнім.

Лилиан оның мүләйім жұмсақтығы мен сенбеушілігі өзін өрмекшінің торындай матап, жігерін жасытып бара жатқанын сезді.

– Мен Клерфэмен кетемін, – деді ол. – Дәл бүгін!

Лилиан оның бет әлпеті өзгере қалғанын көрді.

– Мен жалғыз кетемін, – деді ол. – Бірақ соған еремін, әйтпесе тәуекелім жетпеуі мүмкін. Осының бәріне бір өзім қарсы тұра алар емеспін.

– Маған қарсы, – деді Волков.

Ол есіктен былайырақ шығып, шабадандардың қасына барып тұрды. Лилианның көйлектеріне, свитерлеріне, туфлиларына көзі түсті де кенет тұла бойы азынап жүре бергендей болды – бұл жан досын жерлеп қайтқан адамның өзін өзі қолға алмақшы болып тұрып оқыста маркұмның заттарын – туфлиын, жейдесін немесе қалпағын көріп қалғанда болатын халге ұқсас. Енді Волков Лилианның шынымен кетуге бел байлағанын ұқты.

– Жарқыным, – деді ол, тынысының тарылып бара жатқанын сезіп, – сен кетуге тиіс емессің.

– Тиіспін, Борис. Саған хатпен жазайын деп едім. Міне, қарашы, – деп ол үстел түбіндегі жез сымнан тоқылған, қағаз салатын кішкентай себетті көрсетті. – Мен ештеңе істей алмадым. Қолымнан келмеді. Бос әурешілік – оны түсіндірудің өзі мүмкін емес. Содан соң қоштаспастан кете беріп, саған сол жақтан хат жазамын деп ойладым, бірақ оны да істей алмас едім. Мені қинамашы, Борис...

"Мені қинамашы! – деп ойлады Борис. – Әлсіздік пен өзімшілдіктің бейнесіндей бұл әйел шіркіндердің ылғи айтатындары осы, сөйте тұрып өздері басқаларды қинайтынын ойласашы. Бірақ тіпті ойлаған күннің өзінде онысы әлдеқайда зілмауыр болмақ, өйткені ондай аяушылығы жарылыстан аман қалған солдаттың айналасында қан-жоса азап шегіп жатқан жолдастарына қарап: "Құдайға шүкір, маған тиген жоқ...", – дейтін аяушылығына ұқсар еді".

– Сен Клерфэмен кетесің бе?

– Бұл жерден Клерфэмен шығамын, – деді Лилиан жабырқап. – Ол мені Парижге дейін жеткізеді. Парижде екі айырыламыз. Онда менің нағашым тұрады. Менің ақшам, өзіме тиесілі азын-аулақ қаражатым соның қолында. Сөйтіп, мен Парижде қалмақпын.

Ол мұнысының шындыққа жанаса қоймайтынын білді, бірақ қазір өзі де шынын айтып тұрғандай сезінді.

– Мені түсінші, Борис, – деп өтінді.

– Түсінгеннің қажеті қанша? Әйтеуір сен кетіп бара жатырсың ғой – соның өзі жеткілікті емес пе?

Лилианның басы салбырады.

– Иә, сол да жеткілікті. Ұр тағы.

"Ұр тағы, – деп ойлады анау. – Жүрегіне ок тигендей қиналып, аза бойың қаза болса, бұлар *тағы да ұр* деп ыңырсиды, құдды бір адам өлтіргіш сен болармысың".

– Мен сені ұрып тұрған жоқпын.

– Менің өзіңмен қалғанымды қалайсың ба?

– Мен сенің осында қалғаныңды қалаймын. Айырмашылығы сонда.

"Мен де жалған айтып тұрмын, – деп ойлады ол. – Мұның өзіммен қалғанын тілеймін ғой, бұдан басқа менің кімім бар, енді қалған үміт-тілегім осы еді, бұдан да көз жазғалы тұрмын, Құдайым-ау, айыра көрме!"

– Өзіннің өмірінді құны қашқан ақшадай онды-солды қор қылғаныңды қаламаймын.

– Оның бәрі жай сөз, Борис, – деп қарсылық айтты ол. – Тұтқынға: бір жыл еркіндікте өмір сүр де содан соң өлім қабылда немесе түрмеде жатып шіри бер деп, екінің бірін таңдауды ұсынса, сенің ойынша, ол соның қайсысын мақұл көруі керек?

– Сен түрмеде емессің, жарығым! Ал өзің өмір деп атайтын нәрсе туралы түсінігің керемет қисынсыз, – деді Волков.

– Әрине. Өйткені мен оны білмеймін ғой. Дәлірек айтсам, оның тек бір жағын – соғысты, аярлық пен аштықты ғана білемін, ал егер екінші жағы көп-көп өкінішімен түнілдіретін болса да ол оның өзім білген және, сөз жоқ, күллі өмірді түгесе алмайтын жартысынан жаман бола қоймас деймін. Кітаптардың, картиналар мен музыканың тілімен сөйлейтін, бойыма қорқыныш ұялатып, алыс қиырларға еліктіретін, өзіме әлі таныс емес, өзге бір өмір болуы керек қой... – Ол біраз үнсіз қалды. – Бұл жағын қозғай бермейікші, Борис. Менің айтқанымның бәрі – жалған... аузымнан шыға салысымен-ақ жалғандыққа айналады, тиген жерін тіліп түседі. Ал менде сені ренжітейін деген ой жоқ. Бірақ әр сөзім тілдегенмен бірдей естіледі. Тіпті сөздің ақиқатын айтқаныма өзім сенімді болсам да шынтуайтында бәрі басқаша болып шығады. Менің дымды да түсінбейтінімді өзің байқамайсың ба?

Лилиан оған сүзіле қарады. Жалыны сөнуге айналған махаббат та, аяушылық пен өшпенділік те сол көзқараста еді, өйткені ол Лилианды райынан қайтаруға жанталасып бақты, оның ұмытқысы келген жайларын амалсыз айтқызды.

– Клерфэ кетсе кете берсін, бірнеше күннен кейін кез келген желөкпенің желіктіргеніне жүре берудің кандай ақымақтық бола жаздағанын өзің де түсінесің, – деді Волков.

– Борис, – деді Лилиан амалы таусылып, – мәселенің бәрі әркашан тек басқа еркекке тіреліп қалып па?

Волков жауап қатпады. "Ақымақ, – деп ойлады ол. – Бәрін тек мұның көңілін қалдыру үшін айтатыным не?! Жылы сөйлеп, сенің сөзің дұрыс деп неге айтпаймын? Ежелден белгілі амалды неге қолданбаймын? Жабысқан адам – айырылысқан адам. Кімде-кім күле тұрып жолың болсын айтса – оның ұпайы түгел. Соны да ұмытканым ба?"

– Жоқ, – деді ол. – Бәлкім, мәселе басқа еркекте болмас. Бірақ, солай болғанның өзінде, бірге жүруге қалайсың деп менен неге сұрамайсың?

– Сенен бе?

"Болмады, – деп ойлады ол. – тағы болмады! Жабысып нем бар еді?"

– Осыны қояйықшы, – деді ақыры.

– Өзіммен бірге ештеңе алғым келмейді, Борис, – деп сөзін жалғады Лилиан. – Сені сүйетінім рас; бірақ өзіммен бірге ештеңе алғым келмейді.

– Бәрін ұмытқың келеді ғой?

"Тағы сөз емес", – деп ойлады ол торығып.

– Білмеймін, – деді ұнжырғасы түскен Лилиан. – Әйтеуір өзіммен бірге ештеңе алмасам деймін. Ол мүмкін емес. Менің жағдайымды қиындата бермеші!

Борис бір мезет мелшиді де қалды. Оған жауап бермеуі керегін ол түсінді, әйткенмен екеуінің де өмірі шектеулі екенін және күндердің күнінде, санаулы сағаттары қалғанда, қазір қадірсіз етіп отырған уақытының қаншалықты қымбат болғанын өзі-ақ түсінетінін, сонда ғана сол уақытты босқа рәсуа қылғаны үшін қалай опынып, бүгінде жабырқау есен-саулық көрінгеннің тағы бір күнін, тағы бір сағатын жалынып, мүмкін, тегі, жер бауырлай жалбарынып сұрарын ұқтырғысы да келді. Бірақ ол тағы бір сұмдықты: осының бәрін оған түсіндірмекші болса, айтқан сөзі түп-түгел күйректік болып шығарын және білді.

– Қош бол, Лилиан, – деді ол.

– Кешір мені, Борис.

– Махаббатта кешіретіндей ештеңе болмайды.

Жігіт жымиып тұрды.

Лилианның ойын жинақтайтын да уақыты болмады; медбике келіп, Далай-Ламаның шақыратынын айтты.

Профессордың бойынан тәуір сабын мен арнаулы антисептикалық киімнің иісі анқиды екен.

– Кеше кешке мен сізді таудағы лашықтан көрдім ғой, – деп әңгімені салқын бастады.

Лилиан үнсіз ғана басын изеді.

– Сіздің бұл жерден шығуыңызға болмайтынын білетін бе едіңіз?

– Әрине, білемін.

Далай-Ламаның қуқыл жүзіне лап етіп қызыл шырай жүгірді.

– Демек, оған бағынасыз ба, жоқ па – сізге бәрібір болғаны ғой. Олай болса, сіздің шипажайдан кетуіңізді сұрауыма тура келеді. Бәлкім, сіз өз қалауыңызға неғұрлым сәйкес келетін басқа бір жерді табарсыз.

Лилиан ләм деп жауап қатқан жоқ – Далай-Ламаның кекесінінен ауыз аша алмай қалды.

– Мен аға медбикемен сөйлестім, – деп сөзін сабақтады Лилианның үнсіздігін қорыққанның белгісі деп түсінген ол. – Ол маған мұның бірінші рет болып отырмағанын айтты. Өзі сізге бірнеше рет ескерту жасаған көрінеді. Бірақ сіз оны қаперіңізге де алмапсыз. Мұндай жағдайлар шипажайдың өнеге негізін шайқалтады...

– Түсінемін, – деді Лилиан оның сөзін бөліп, – мен шипажайдан бүгін кешке-ақ кетемін.

Далай-Ламаның төбесінен жай түскендей болды.

– Ол соншалықты асығыс та емес, – деді ол сәл бөгеліп барып. – Өзіңізге лайықты бірдеңе тапқанша қоя тұрсаңыз да болады. Әлде тауып та қойып па едіңіз?

– Жоқ.

Профессор сәл шатасқандай болды. Лилиан жылап-сықтап, тағы бір кешірім өтінетін болар деп еді ол.

– Өз денсаулығыңызға қастандығыңыз бар ма еді, фрлйлейн Дюнкерк? – деп сұрады ақыры.

– Тәртіпті бұлжытпай орындағанымда да жағдайым жақсара қоймаған болатын.

– Кенет жағдайым нашарлап кетті екен деп, айтқанды тындамауға бола ма? – деп шатынады ашулы профессор. – Бұл өзіңізді орға жығатын ақымақтық! – Сырт көзге суық көрінгенімен, жүрегім алтын деп білетін Далай-Лама бұлқан-талқан боп, талай

жерге барып кайтты. – Ондай былшылды андағы әдемі басыныздан аластап тастаныз!

Ол Лилианды екі иығынан ұстап, ептеп сілкіп қойды.

– Ал енді бөлмеңізге барыңыз-дағы бүгіннен бастап барлық ережені бұлжытпай орындайтын болыңыз.

Лилиан иығын қозғап, оның уысынан босанды.

– Мен бәрібір ережені бұза берер едім, – деді ол орнықты сөйлеп. – Сондықтан шипажайдан кеткенім дұрыс болар деймін.

Далай-Ламамен болған бұл әңгіме оны қорқытқан жоқ, қайта тәуекелін нығайта түсті. Бір ғажабы, бұл оның Бориске деген аяушылығын да басты, өйткені кенет аландарлық ештенесін қалдырмады. Ол енді ұзақ күндерге созылған күтуден кейін ақыры шабуылға шығуға бұйрық алған солдаттың кейпінде. Артқа қарайтын жол қалмады. Бұлтартпастық өзінің бір ажырағысыз бөлігіне айналғандай, сонысы солдат формасын да, болашақ шайқасты да және, бәлкім, өлімді де қамтитын шабуылдың бұйрығы іспетті.

– Басы артық әбігер туғызбаңыз, – деп Далай-Лама бая-шая, – өйткені бұл манда басқа шипажай жоқ, қайда барып тиянақ таппаксыз?..

Шипажайдың осынау дардай әрі мейірімді құдайы Лилианның алдында көрер көзге шыдамсызға айналып барады: ол бұған барар жолың әне дегенді аңғартып еді, бұл сол сөзге жармасып, қыңырайды да қалды, енді оның жаздым-жаңылдым деп сөзін қайтып алуын күтіп отыр.

– Біздің ережелеріміз де соншама көп емес және соның бәрі сіздердің мүдделеріңізді көздейді, – деп қызбаланды ол. – Шипажайда балапан басына, тұрымтай тұсына кетіп жатса не болғанымыз?! Енді қалай деп едініз? Тегі, бұл түрме емес қой, әлде сіз басқаша ойлайсыз ба?

Лилиан жымиды.

– Мен сізбен келісемін, – деді ол. – Бірақ енді мен сіздің пациентіңіз емеспін. Менімен енді қайтадан адам сияқты сөйлесуінізге болады. Тек баламен немесе тұтқынмен сөйлескендей емес.

***

Шабадандар буып-түйілді. Бүгін кешке-ақ, – деп ойлады Лилиан, – таулар алыс-алыс артта қалады. Көп жылдан бері тұңғыш рет оның өне бойын өлшеусіз, көмескі күту сезімі шарпыды – ол

бостекі әлденені емес, жылдар бойы сарсылтатын әлдебір ғажайыпты емес, небәрі бірнеше сағаттан соң болатын жайды күтулі. Өткен шақ пен келер шақтың таразысы қалтылдап тұр; Лилиан жалғыздықты емес, бар дүниеден баз кешкендікті сезінді. Өзімен бірге ештеңе алған да жоқ, қайда баратынын білген де жоқ.

Ол Волковтың келерінен қорықты, сөйте тұра оны тағы бір көрсем деп ойлады. Кенет есікті әлдене тырналағандай болды да иттің ақырын үргені естілді. Лилиан есік ашты. Бөлмеге Волковтың қасқыр иті жүгіре кірді. Бұл ит Лилианды жақсы көретін және иссінсіз-ақ өзі келе беретін, бірақ қазір Лилиан оны Борис әдейі жіберіп отырған болар деп ойлады. Волковтың өзі көрінер емес.

Лилиан есікті жауып, баукеспе ұрыша баспалай жүріп, әппақ дәлізбен кете барды. Сол беті холл арқылы елеусіз өтпекші болып еді, лифтің түбінде аға медбике күтіп тұр екен.

– Профессор тағы да сәлем айтты, сіздің осында қала беруінізге болады деді.

– Рахмет, – деп Лилиан әрі өтіп кетті.

– Ақымақ болмаңыз, мисс Дюнкерк. Жағдайыңыздың қандай екенін сіз білмейсіз. Қазір сізге климат өзгертуге болмайды. Жазда болса бірсәрі...

Лилиан қайырылған жоқ.

Бридж ойынына арналған үстел басында отырған бірнеше адам бастарын көтерді; холда баска жан жоқ: шипажайда демалыс сағаты болатын.

Борис келмепті. Хольман шығар ауызда тұр екен.

– Ақыр кетпек болсаңыз, ең болмаса темір жолмен жүріңіз, – деді аға медбике.

Лилиан оған ләм деместен, тек тоны мен түбіт орамалын көрсетті. Мыстан жаратпаған кейіп танытты.

– Қамсау болмайды! Сіз не, өзіңіздің түбінізге өзіңіз жетпекпісіз?

– Оны сізге кім айтты? Біз баяу жүреміз. Барар жеріміз де онша алыс емес.

Оның енді бір қадам басуы қалған.

– Сізге ескерттік, – деді тура қасынан шыққан біркалыпты дауыс. – Бізден кінә жоқ, енді біздің арымыз да, қолымыз да таза.

Лилианның күлерлік жағдайы болмаса да жымимай қала алмады. Мыстанның соңғы жаттанды сөзі жағдайды түзетіп жүре берді.

– Қолдарыңыз онсыз да стерилденген ғой. Қош боп тұрыңыз! Бәріне рахмет. – Соны айтып, сыртқа шықты. Қардың күнге шағылысып жылт-жылт етуі сонша, тіпті көз қарықтырады. – Сау боп тұр, Хольман!

– Сау бол, Лилиан. Кешікпей мен де сондарыннан барармын.

Лилиан оған жалт карады. Хольман күліп тұр екен. "Құдайға шүкір, – деп ойлады ол, – әйтеуір ақыл айтушылардан құтылдым ба". Хольман оны тоны мен түбіт орамалына қымтап берді.

– Жолда баяу жүреміз, – деді Клерфэ. – Күн байыған соң төбені түсіреміз. Ал әзірге екі капталдан соғатын желден қорғанышымыз бар.

– Жақсы, – деді Лилиан. – Енді жүреміз бе?

– Сіз ештеңе ұмытқан жоқсыз ба?

– Жоқ.

– Айтпақшы, ұмытсаңыз да соңыныздан жібереді ғой.

Бұрын каперіне келмеген осы ой Лилианға жұбаныш болды. Өйткені ол өзі кеткен соң шипажаймен байланысының бәрі үзілетін шығар деп ойлаған.

– Иә, шынында, соңыра жіберулерін сұрауға болады ғой, – деді Лилиан.

Мәшине жолға шықты. Хольман оларға қол бұлғап қала берді. Борис қарасын да көрсеткен жоқ.

Лилиан айнала төңірекке көз салды. Әлгіде ғана қыбыр еткен жан көрінбеген күншуақтың тепсеңдеріне адамдар жинала қалыпты. Арқалығы көлбеу орындықта жатқан науқастар да тұрып, қаз-қатар сап құрыпты. Шипажайдың құпия телеграфы болғалы жатқан жайдан бәрін құлағдар еткен болатын, енді мотордың үні шығысымен олар орындарынан тұрып, төменге көз тіккен; алқаракөк аспанның аясында адамдардың жіңішке тізбегі қараяды.

– Бұқалардың шайқасы кезіндегі жоғарғы белдеуден аумайды, – деді Клерфэ.

– Иә, – деп келісті Лилиан. – Ал біз қайсысымыз? Бұқалар ма әлде мотадорлар ма?

– Қашанда бұқа болуына тура келеді. Бірақ өзің мотадормын деп ойлайсың.

Төбесінен шашыратқының гүліндей көкпеңбек аспан бұлақ суынша төгіліп тұрған қылаң шатқалмен мәшине баяу жылжып барады. Асу артта қалған, бірақ жолдың екі қапталындағы күртік қардың биіктігі екі метрдей. Оның тасасынан ештеңе көрінбейді. Қайда қарасаң да көзіне тек қар қабырғалар мен аспанның көкпеңбек белдеуі ғана ілінеді. Артына шалқайған күйі отырған Лилиан ара-тұра жоғарыдағы мен төмендегінің не екенін – көк түс пен ақ түстің қайда екенін ажырата алмай қалады.

Содан соң шайыр мен қылқан жапырақтың иісі аңқып қоя берді де кенет алдарынан енсесі төмен қоңырқай үйлері бар қыстақ шыға келді. Клерфэ мәшинесін бензин құятын жердің алдына тоқтатты.

– Менінше, шынжырды алса да болар еді. Алдағы жол қалай? – деп ол май құятын станса дағы балақайдан сұрады.

– Сайрап жатыр!

– Не? – Клерфэ балаға қарады. – Ау, біз таныспыз ғой! Сенің атың Герберт немесе Гельмут, жоқ әлде...

– Губерт.

Балақай май құятын станса алдындағы екі бағанға бекітілген: "Г. Геринг, гараж және автомобиль жөндеу" дейтін әйдік қаңылтыр жарнаманы нұсқады.

– Бұл жаңа жазу емес пе? – деп сұрады Клерфэ.

– Жоқ, су жаңа жазу.

– Онда атыңды толық неге жазбадың?

– Осы пайдалырақ. Жұрт менің атымды *Герман*[1] екен деп қалады.

– Фамилияңды осынша аршынды әріптермен жаздырғаннан гөрі оны ауыстыруға құштар болатын адамсың ғой.

– Өйтсем анық ақымақ болар едім, – деп мәлімдеді балақай. – Әсіресе қайтадан неміс мәшинелері пайда болған қазіргі кезде! Менің қаншама шайлық алатынымды білсеңіз ғой! Жоқ, төрем, мен үшін бұл – табыс көзі.

Клерфэнің көзі оның былғары күртешесіне түсті.

– Бұл да сол табыс көзінен бе?

– Жартылай ғана. Ал мына маусым аяқталғанға дейін ол менің шаңғы бөтіңкесі мен пальто алуыма мүмкіндік береді. Оған әңгіме жоқ.

– Мүмкін есебіннен жаңыларсың. Көптеген адамдар сенің фамилияңа бола шайлық бермей кететін шығар.

Балақан мырс етті де шынжырды мәшинеге тастады.

– Әйтеуір қысқы спортпен айналысу үшін қайтадан осында келетіндер олай етпесі анық. Тегі, жаман ештеңе бола да қоймас: біреулер оның мүрдем кеткеніне қуанып шайлық береді, енді біреулер онымен қызықты күндерін өткізгенін еске алып береді, әйтеуір бәрі береді десем артық айтқандық болмас. Бұл жерде осы жазу пайда болғалы мен де біраз жайға қанықтым. Сізге бензин керек пе, төрем?

---

[1] *Герман* – гитлерлік үкіметтегі авиация министрі, гестапо мен концлагерьлерді құрудың бастамашысы болған Герингтің аты.

– Иә, керек, – деді Клерфэ, – бақандай жетпіс литр, бірақ мен оны сенен емес, жылпостығы басымдау біреуден алармын.

Бір сағаттан соң қар алыста қалды. Егістіктер қарайып, ылғал көбейе түсті, ал көгалдардағы өткен жылғы шөп сарытаптанып, сұрғылт-жасыл түстене берді.

– Аялдағыңыз келе ме? – деп сұрады Клерфэ.

– Әзірше қажет емес.

– Артымыздан қар қуып жетер деп қорқасыз ба?

Лилиан басын изеді.

– Енді оны коргім келмейді.

– Енді келесі қыска дейін көрмейсіз де.

Лилиан жауап қатпады. Қыс жұлдыздай алыс сияқтанды. Ол оған ешқашан жете алмас.

– Дегенмен бірдене ішсек қайтеді? – деп сұрады Клерфэ.

– Жарайды, – деді Лилиан. – Лаго-Маджореге қашан жетеміз?

– Бірер сағаттан соң. Әбден кештетіп барамыз.

Клерфэ мәшинесін қыстақ мейманханасының алдына тоқтатты. Екеуі келімді-кетімді қонақтарға арналған бөлмеге кірді. Өндірдей даяшы қыз шам жақты. Қабырғаларға ойнақ салған саңырау құрлар мен азынаған бұғыларды бейнелейтін нақыштар ілінген екен.

– Қарныңыз ашқан жоқ па? – деп сұрады Клерфэ. – Тегі, сіз бірдене ішіп-жеп пе едініз?

– Ештене.

– Бәсе, біліп ем-ау. – Ол даяшы қызға бұрылды. – Сіздерде не бар?

– Салями, аншылар шұжығы мен шублиги.

– Екі сыбаға шублиги мен анау қара нанның бірнеше тілімін берсеңіз. Содан соң май мен шарап әкеліңіз. Фендан бар ма?

– Фендан да, вельполичелло да бар.

– Бізге фендан әкеліңіз. Өзіңіз не ішуші едіңіз?

– Алхоры шарабынан, қарсы болмасаңыз, – деді қыз.

– Қарсылығым жоқ.

Лилиан терезе алдындағы бұрышта отыр. Құлағы Клерфэ мен қыздың әңгімесінде.

Шамның қызғылттау сәулесі сөредегі бөтелкелерге шағылысып, жасыл және қызыл ебелек ойнатады. Терезе сыртындағы қарайған ағаштар жасылдау реңді зеңгір көкке бой созады; қыстақтың үйлерінде алғашқы шамдар да жағыла бастапты. Кілең бір табиғи, жайбарақат көрініс. Бұл кештің қорқынышы да, шатағы да жоқ. Ал Лилиан соның бір бөлігі іспетті, басқаларының

бәріндей табиғи, жайбарақат бөлігі. Ол аман құтылды! Осыны өзі анық сезінгенде тіпті тынысы тарылды.

– Шублиги дейтін – ауылдың майлы шұжығы, – деп түсіндіріп жатыр Клерфэ. – Өте дәмді, бірақ сізге ұнамайтын шығар?

– Маған бәрі де ұнайды.

Қыз мөлдір шарап әкелді. Оны кішкентай стақандарға құйды. Содан соң алхоры шарабы құйылған стақанын көтере беріп:

– Сіздің денсаулығыңыз үшін! – деді. Екеуі ішіп салды. Клерфэ айнала қарады – мейманхана тым жұпыны екен.

– Бұл әлі Париж емес, – деді жымиып.

– Мен үшін бұл Париждің алғашқы шет жағасы, – деп жауап қатты Лилиан.

***

Глшененге дейін түн ашық болды, жыпырлап жұлдыздар тұрды.

Клерфэ "Джузеппені" Перрон маңында тұрған тауар платформаларының біріне тиеді. Қылует жол арқылы бұлардың мәшинесінен басқа екі лимузин мен қызыл түсті спорт мәшинесі өтеді екен.

– Мәшинеде қала бергіңіз келе ме әлде вагонмен жүрейік пе? – деп сұрады Клерфэ.

– Осында қалсақ үстіміз былғанып жүрмей ме?

– Жоқ. Бұл – электр көлік. Енді төбесін жабайық.

– Теміржолшы тиянақ үшін дөңгелектердің астына ағаш келтек қойды. Өзге жолаушылар да мәшинелерінде қалған. Екі лимузиннің үстіңгі жарығы жағылған.

Вагондар тіркеліп, пойыз Сен-Готард қылует жолына кірді.

Қылуеттің қабырғалары сыз екен. Зуылдап оттар қалып жатыр. Сәлден соң Лилиан өзін шахтамен төмен, Жер қойнауына құйғытып бара жатқандай сезінді.

Борсыған ауада тыныс ауырлап барады. Пойыздың шуылы мың мәрте жаңғырып қайтып жатыр. Лилианның көз алдында тербелген жап-жарық лимузиндер құдды тозаққа тартып бара жатқан вагоншалар секілді.

– Мұның бітетін кезі бар ма? – деп айқайлады ол.

– Ширек сағаттай уақытта. Сен-Гортард қылует жолы – Еуропадағы осындай ең ұзын жолдардың бірі. – Клерфэ оған мейманханада қайтадан толтырып алған жайпақ жанторсығын ұсынды. – Бұған да үйренгеннің зияны жоқ, – деді ол. – Естігеніміз бен көргенімізге қарағанда, кешікпей осындай жағдайда өмір

сүретін болармыз. Әуелі бомбапаналарда, ал содан соң жерасты қалаларында.

– Біз қай жерден шығамыз?

– Айропоның түбінен. Одан Италияға қол созым жер.

Лилиан алғашқы кештен қорқып еді. Ол өкіну мен опыну болар, қай-қайдағы естеліктер қаранғыдан шыққан егеуқұйрықтарша қаптар деп ойлаған. Бірақ жердің тарсылдаған тас құрсағымен жол жүру оның басқа ойларының бәрін жым-жылас қылды. Оның бойын жердің астында емес, үстінде өмір сүретін кез келген жан иесіне тән үрей – көміліп қалудың қорқынышы биледі; ол жарық сәуле мен көк аспанды аңсағаны сонша, одан басқа сезімдерінің әмбесі ғайып болды. "Бәрі қалай тез өзгереді, – деп ойлады ол – Небәрі бірнеше сағат бұрын мен бинік тау басында жүріп, төменге түсуді армандап едім. Енді жер астында құйғытып барамын және қайтадан жоғары шығуды армандаймын".

Лимузиндердің біреуінен бір жапырақ қағаз ұшып шығып, бұлардың мәшинесінің алдыңғы терезесіне келіп ұрды.

– Қай уақытта, қандай жағдайда болсын тамағын ұмытпайтын адамдар болады, – деді Клерфэ. – Тегі, солар тозаққа да бутербродтарын ала баратын болар.

Ол сыртқа қолын шығарып, әйнектегі қағазды алып тастады.

Орама қағаздың тағы бір жұлымы жер астымен зу етіп өтті. Лилиан күлді. Одан кейін бір снаряд келіп бұлардың терезе жақтауына соқты.

– Тоқаш, – деді Клерфэ. – Бұл төрелер тек шұжық жейді, нанға зауқы соға қоймайды. Жердің құрсағындағы тоғышарлықтың жауыз әруақтары.

Лилиан жайғасып отырды. Қылует жолдың сиқырлы бірденесі бар сияқты. Сол сиқыр оған бұрын жабыскан нәрселердің бәрін жұлып әкетіп жатқандай. Шуылдың қатқыл түктері Лилианның бойынан өткен күндердің табын сыпырып жатыр ма дерсің. Шипажай орналаска ескі планета толайым артта қалды; енді оған қайта оралу жоқ – бұл да Стиксті[1] екі жүзіп өтуге болмайтыны сияқты.

Ол енді осы қапастан сытылып шықтым-ау, жаным тірі қалды-ау дейтін жалғыз оймен Жердің қойнауынан атылып шығып, әрі төмен құлдилап, әрі ілгері зымырап барып, кенет жаңа планетадан бір-ақ шығады. Соңғы сәтте оған өзін жер астындағы ұшы-қиыры

---

[1] *Стикс - коне грек мифологиясында* - жерасты әлеміндегі өзендердің бірі, оны олгендердің әруағы мекендейді-міс.

жоқ ормен әкетіп бара жатқандай көрінді. ордың құлама қабырғалары оның үстінен күмбездене түйісіпті дейді, ал оны бір күш алға, жарыққа жетелей береді де кенет ордың шетінен пайда болған сәуле жақсылықтың жаршысындай болып оған тез-тез жақындап келіп тоқтай қалады. Пойыз тоқтады, оны жеп-жеңіл боп ақырын сусылдаған сұрғылт-сары түсті бірдеңе тұмшалап алыпты. Ол жер астының суық өлі ауасын алмастырған өмір ауасы еді.

Жаңбыр жауып тұрғанын Лилиан содан кейін ғана білді. Мәшиненің төбесін тырсылдатқан тамшы үніне құлақ салып біраз тұрды да жылы ауаны кеудесін кере жұтып, жаңбырға қолын тосты. "Құтылдым", – деп ойлады ол.

– Бұдан басқарақ болса ғой, – деді Клерфэ. – Онда – жаңбыр, мұнда – ашық күн дегендей. Күткеніңіздей болмады ма?

Лилиан басын шайқады.

– Жаңбырды мен өткен жылғы қазаннан бері көрмеппін.

Клерфэ оған таныркай қарады.

– Е, онда әңгіме басқа. Сонда сіз төрт жыл бойы етекке түспегенсіз бе? Бұл, демек, сіздің қайта туғаныңыз есепті, өмірге естеліктерінізбен екінші рет келгеніңіз секілді ғой.

– Соғыс сойқаны, күйзеліс, қашып-пысу мен өлім туралы естеліктермен деңіз. Ал ең түбіндегі сарқындысы – бостан босқа өткен балалық туралы естелік, бірақ балалықтың тым алыста қалғаны сонша, оның естелігіне басқа да қат-қабат естеліктер қосылыпты.

Клерфэ тас жолға бұрылды.

– Бензинді осы жерден құялық, ал әлгі қаныпезер елестен мал тауып отырған Губерг Геринг сумақай жөнімен тұра тұрсын.

Ол кілтті механикке беріп, Лилианға бұрылды.

– Сізге тіпті қызығуға болады. Бәрін басынан тағы бір бастап келесіз. Жастықтың жалынын сақтап, бірақ оның дәрменсіздігінен арылып дегендей.

Пойыз жүріп кеткен, оның қызарған оттарын жаңбырдың пердесі бүркеп үлгерді. Механик кілтті қайыра әкеп берді. Мәшине артымен жүріп тас жолға шықты. Енді айналу үшін Клерфэ тежегішті басты. Ол бір сәт мәшиненің жабылған төбесінің астындағы аядай кеңістікке жаңбырдың қожырланған тынымсыз тамшыларынан оқшауланып, аспан қалқанының байыпты жарығында отырған Лилианды көріп қалды. Сағаттардың және қашықтық пен жылдамдық өлшегіш аспаптардың шамдары сәулелендірген оның жүзі, сол тетіктердің бірде-бірсуіне

қарамастан, уақыттың ырқына көнбейтіндей, Лилиан бәсеке жарысына түскен өлімнің өзі сияқты, оның аясынан тыс қалғандай көрінді Клерфэге. Кенет Клерфэ бұл бәсеке жарысының жанында дүниедегі барлық автомобиль жарысы – баланың ойыны екенін түсінді.

"Парижге жеткізіп салған соң мен бұдан айырыламын", – деп ойлады ол.

– Парижде не істемек ойыңыз бар? Ол жағын шештіңіз бе? – деп сұрады Клерфэ.

– Онда нағашым бар. Менің ақшама иелік ететін сол. Осы уақытқа дейін маған ай сайын белгілі бір сомада ақша жіберіп тұратын. Енді бар ақшаны өз қолыма алмақпын. Үлкен шатақтың болары анық. Ол мені әлі күнге дейін он алты жасар қыз деп ойлап жүр.

– Ал шынында сіз нешедесіз?

– Жиырма төрт және сексендемін.

Клерфэ күлді.

– Тамаша үйлесім екен. Менің де жасым бір кезде отыз алты да сексенде болған... соғыстан оралғанымда.

Лилиан оған жалт қарады.

– Содан әрі не болды? – деп сыбырлады ол.

– Одан соң қырыққа келдім, – деді Клерфэ бірінші жылдамдықты қосып.

Мәшине вокзалдан тас жолға дейінгі қайқаңға шықты да енді төмен құлдай бастады. Ол ұзақ құламаға түсе бергенде арт жақтан басқа бір мотордың үні естілді – қылует жолдан бұлармен бірге өткен қызыл түсті спорт мәшинесі екен. Жүргізушісі бензин құятын жерде бөгеліңкіреп қалып еді, енді оның мәшинесі төрт емес, он алты цилиндрлі тәрізді аңыратып келеді.

– Мұндай немелерден құтылып болмайсың. Өзінің жарыспақ ойы бар. Кәне, көкесін көзіне көрсетейік! Жоқ әлде меселін қайтармай-ақ қойсақ па екен? Дүниеде менің тұлпарымнан асқан жүйрік жоқ деп жүре берсін!

– Жүре берсін.

– Жақсы.

Клерфэ "Джузеппені" тоқтатты. Қызыл мәшине де тоқтап, жүргізушісі қоңыраулатты. Ол Клерфэнің мәшинесінен оп-оңай алға өте алатын еді – орын деген жеткілікті болатын. Бірақ ол қалайда бір бәсекелесіп қалғысы келген сыңайлы.

– Бопты ендеше, – деді де Клерфэ қайтадан моторын қосты. – Адам баласы осы енді – желкесі қиылмай желігі басылмайды.

Әбден Фандоға дейін қызыл мәшине бұлардың соңдарынан салпақтап әбден іштерін пыстырды. Клерфэге жете алмай әлек болды.

– Бұл әлі өстіп жүріп ажалын табады.

Клерфэ аялдай берді де жалма-жан қайтадан газға басты.

– Алда ғана обал-ай! Озып алға түсудің орнына бізге келіп соқтыға жаздады-ау.

Клерфэ "Джузеппені" жолдың оң жақ жиегіне бағыттады. Бензин құятын жердің алдына мәшинені тоқтатты. Бұл жолы қызыл мәшине тоқтаған жоқ. Бажылдаған күйі олардың қастарынан өте барды. Жүргізушісі кекесінмен қол бұлғап, күлген болды.

Кенет жым-жырт тыныштық орнай қалсын. Бұлақтың сылдыры мен жанбырдың бәсең тырсылынан басқа үн жоқ. "Бақыт деген осы ғой, – деп ойлады Лилиан. – Болар істің алдындағы бір мезет тыныштық". Ол енді осы түнді, судың ерке сылдыры мен жалтыраған дымқыл асфальтты өмір-ғұмырында ұмытпас.

Ширек сағаттай уақыттан кейін олар тұман алқабына кезікті. Клерфэ астыңғы шамдарды қосты. Баяу жылжып келеді. Әлден соң жел жиегі қайтадан көріне бастады. Алдағы жүз метрдей жердің тұманын жаңбыр шайып кеткен екен, содан әрі олар төменнен көтерілген тұманның тұмшалауына тағы кілікті.

Клерфэ тежегішті кілт басты. Олар тұманнан енді ғана шыққан. Алдарындағы километрлік бағаншаның түбінде қызыл түсті спорт мәшинесі тұр; бір дөңгелегі бағаншадан асып барып, шыныраудың ернеуіне асылып қалыпты. Мәшинесінің жанында дін аман жүргізушісі тұр екен.

– *Жолы болған* деп осыны айтады, – деді Клерфэ.

– Жолы болған деп? – Жүргізуші жарыла жаздап ақырып қалды. – Мәшине ше? Қараңыз сықпытына. Өзі қамсыздандырылмаған да. Содан соң қолды айтсаңшы!

– Әрі кеткенде қолыңыз шыққан болар, қимылдатып тұрсыз ғой. Одан да тірі қалғаныңызға қуансаңызшы.

Клерфэ шығып, қираған мәшинеге қарады.

– Кейде тіпті километрлік бағаншалардың да пайдасы тиетіні бар.

– Бұған сіз кінәлісіз! – деп лепірді жүргізуші. – Сіз ғой мені қатты жүріске желіктірген. Бәріне жауапты сіз деп білем. Мені неге алға жібермедіңіз, неге бәсеке жасадыңыз...

Лилиан күліп жіберді.

– Мына бике неменеге күледі? – деп сұрады ашырған жүргізуші.

– Онда сіздің шаруаңыз болмасын. Дегенмен, бүгін бір сәтті күн болғандықтан, мейлі, оның жайын сізге түсіндірейін. Бұл бике бізге басқа планетадан келіп отыр, сондықтан біздің жөн-жосығымызды біле бермейді. Ол сіздің аман қалғаныңызға қуанудың орнына мәшинеңізді жоқтап тұрғаныңызға күледі! Ондай қылық бұл кісіге мүлдем түсініксіз. Ал мен болсам, керісінше, сізге таңданып тұрмын. Алдағы елді мекеннен сізді құтқаратын мәшине жібертемін.

– Тоқта! Сіз өйтіп оңай құтыла алмайсыз. Мені өзіңізбен бәсекелесуге мәжбүр еткен сізсіз, егер сіз болмасаңыз мен жайбарақат қана...

– Кінәнің бәрін өзіміз ұтылған соғысқа аудара салсаңыз да болар, – деді Клерфэ.

Жүргізуші "Джузеппенің" нөміріне қарады.

– Французбікі! Енді мен ақшамды қалай қайырып аламын? – Ол сол қолына ұстаған қарындашы мен бір жапырақ қағазын әрлі-берлі сілтей сөйледі. – Маған сіздің нөміріңіз керек! Нөміріңізді жазып беріңіз! Сол қолмен жаза алмай тұрғанымды көрмейсіз бе?

– Үйренесіз. Менің одан да сорақы нәрселерге үйренуіме тура келген.

Клерфэ қайтадан мәшинеге отырды. Жүргізуші оның қыр соңынан қалар емес.

– Сіз жауапкершіліктен тайқып кетпекшісіз.

– Солай. Бірақ бәрібір сізге мәшине жібертемін.

– Не? Сонда сіз мені мына жаңбырда жолға тастап кетпекпісіз?

– Иә. Менің мәшинем екі орындық. Тынысыңызды ақырын алыңыз, таудың көркін қызықтаңыз, аман қалғаныңыз үшін Құдайға мың мәрте шүкіршілік айта тұрып, бұл өмірден өзіңізден де ардақты адамдар өткенін еске алыңыз.

Олар бұрылыстан соң бұрылысты, айналымнан соң айналымды артқа тастап еңіске түсіп келеді.

– Бұл араның жолы іш пыстырарлықтай, – деді Клерфэ, – өстіп Локарноға дейін созылады. Ал онда көл бар. Сіз шаршаған жоксыз ба?

Лилиан басын шайқады. Шаршағанды айтады! – деп ойлады ол. – Іш пыстырарлық дейді! Мына қасымда отырған дені сау зіңгіттей азамат менің қалай толқып келе жатқанымды сезбегені ме? Жанымның қалай жалаулайтынын ұқпағаны ма? Айнала дүниенің мендегі шемен боп қалған бейнесі кенет жіпсіп, жан бітіп, өзіммен тілге келе бастағанын, оттар мен жол-соқпақтар да иіп

сала бергенін білмей келе жатқаны ма? Мен енді ешқашан дәл қазіргідей табиғатпен етене бауыр баспасымды, сары үрпек балапандай, үргедек қалпымда беймағлұм бір құдайдың құшағында бесікте жатқандай болған осы халім – бәрі бір сәтке ғана созыларын және бұл әлем менікі болып үлгергенше осынау көшеден, мына ағаштардан, қыстақ мейманханаларының алдындағы жүк мәшинелері мен терезе алдынан шырқалған әннен, гитараның былдырынан және *Осония, Крещиано, Кларо, Кастионе мен Беллинцона* дейтін атаулардан бір демде көз жазып қаларымды түсінбегені ме? Бұлар пайда бола салысымен көленке сияқты жоғалып, өмірі болмағандай ғайып боп жатады. Бұл менің, құдды бір елек сияқты, бәрін сусытып, бәрінен айырылып жатқанымды көрмегені ме? Ешнәрсені дәйекті ұстап тұрмасыма көзі жетпегені ме?

– Иә, сөйтіп, өмірмен алғашқы таныстығыңыз өзінізге ұнады ма? – деп сұрады Клерфэ. – Өз мүлкін өлердей жоктап, өз өмірін түкке тұрғысыз санайтын адамға не дерсіз?

– Ол бір ақымақ қой.

– Сіз әлі ондай ақымақтың талайын білетін боласыз.

"Әуелі мен өзімді біліп алайыншы, – деп ойлады Лилиан. – Өзгені қайтем!"

– Дегенмен бұл әралуандық қой, – деп жауап берді ол Клерфэге. – Сол, ана таудағылардың әрқайсысы өз өмірін керемет әспеттейтін. Мен де сөйттім.

Олардың екі қапталынан зуылдап үйлер мен оттар өтіп жатты да әлден соң кең алаң көрінді.

– Енді он минутта жетеміз, – деді Клерфэ. – Мынау – Локарно.

Дәл алдарынан трамвай тарсылдап, жолды бөгеп қалды. Лилиан оған кем дегенде кафедралық шіркеуге қарағандай аңырайды. Оның трамвай көрмегеніне де төрт жыл болған еді.

***

Кенет олардың алдынан күмістей жарқырап кең айдынды, адуын толқынды көл шыға келді. Жанбыр саябыр тапқан. Мамырлаған ақшулан бұлттар Айдың шар айнасын бүркемелеп тез-тез өтіп жатыр. Жолаушылар мамыражай Аскона мен жағалау аланды көрді.

– Қайда тоқтаймыз? – деп сұрады Лилиан.

– Көл жағасына. "Тамаро" мейманханасына.

– Мұндағы мейманханалардың бәрін сіз қайдан білесіз?

– Соғыстан соң осында бір жылдай тоқтағаным бар, – деп жауап қатты Клерфэ. – Неге өйткенімді ертең таңертең айтармын.

Ол мәшинесін шағындау қонақүйдің алдына тоқтатып, шабандарды түсірді.

– Осы мейманхана иесінің бүтіндей бір кітапханасы бар. Оны ғалым десе де болар. Ал анау төбедегі мейманханада Сезанның, Утрилло мен Тулуз-Лотректің картиналары ілулі тұр – мұндағы адамдар міне сондай! Біз бірден кешкі асқа барамыз ба?

– Қайда?

– Италияның шекарасындағы Бриссагоға. Бұл арадан көлікпен он минуттық-ақ жер. Мейрамхана "Джиардино" деп аталады.

Лилиан айналасын шола қарады.

– Глициниянын[1] жайнап тұрғанын қараңыз!

Клерфэ мәшинесін биік тас баспалдақтың жанына қойды. Содан соң олар кішігірім мейрамханаға көтерілді. Клерфэ бір бөтелке шарап, сүрленген шошқа етін, күріш және Валле-Маджидің сырын алдырды.

– Сіз осында тұрып па едіңіз? – деп сұрады Лилиан. – Осы көлдің жағасында?

– Иә. Бір жылдай. Қашқын боп жүргенімде және соғыстан кейін. Бірнеше күн аялдармын деп келіп бірталай тұрып қалғаным бар. Соным өзіме шипа болды. Маған керегі де сол еді. Мен бос жүріспен, күн нұрымен және тас қабырғаларға қыздырынуға шығатын тасбақалармен емделіп, сағаттап аспанға және көлге қараудан дәру таптым, көргенімнің бәрін ұмытуға тырыстым, ақырында менің көзім бір нүктеге қадалуын қойды, сонда барып мен адамзаттың жиырма жылдық есуастығын табиғат тіпті елеусіз тастағанын ұқтым. Кеттік!

Лилиан жеңіл итальян шарабын ішіп отыр. Оған айналатөңіректің бәрі дамылдап жаткандай көрінді.

– Мұнда тамақты керемет дәмді жасайды екен. Әлде мен қателестім бе? – деп сұрады Лилиан.

– Жоқ, сіз дұрыс айтасыз. Мұның қожайыны кез келген үлкен мейманхананың бас аспазы болуға лайық.

Лилиан стаканын үстелге қойды.

– Мен бақыттымын, Клерфэ, – деді ол. – Сөйте тұра, шынымды айтсам, осы сөздің мағынасын мүлдем түсінуден қалғанмын.

---

[1] *Глициния* – лалагүлдің бір түрі.

– Мен де соны түсінбеймін.

Лилиан өз бөлмесіндегі терезе алдында тұрған. Терезеден әріде көл жатыр. Түн. Жел. Көктем аландағы шынарлардың басы мен бұлттарда ойнақ салып барады. Бөлмеге Клерфэ кірді. Келе Лилианды құшақтады. Ол мойнын бұрып, жігіттің жүзіне карады.

– Сен корыкпайсың ба? – деп сұрады.

– Неден?

– Менің науқас екенімнен.

– Менің корқатыным басқа нәрсе: жарыс үстінде, екі жүз километрлік жылдамдықпен бара жатып алдыңғы дөңгелектерімнің тысы жарылып кетпесе екен деп тілеймін, – деді ол.

Лилиан кенет өздерінің бір-біріне несімен ұқсайтынын түсінді.

Екеуі де болашағы жоқ адамдар. Клерфэнің болашағы келесі жарыска дейін созылады, өзінікі – келесі қан түкірумен шектеледі.

– Бұған байланысты бір қыска ғана тәмсіл бар. Гильотина[1] кезінде Парижде сотталған біреуді жазалауға апара жатқан ғой. Күн суық, жол алыс болса керек. Жолай айдауылдар шарап ішіп бой жылытуға аял жасапты. Мейірімді жандар бөтелкені өлімге кесілген бейшараға да ұсынипты. Сонда әлгі байғұс бөтелкені колына алып тұрып: "Ешқайсыңның мерезің жоқ шығар деп сенемін", – депті деп шарапты басына көтеріпті. Ал жарты сағаттан соң оның басы себеткс домалап түскен ғой. Бұл тәмсілді он жасар бала кезімде маған әжем айтып еді. Өзі күніне бір бөтелке кальвадос ішетін. Жұрттың бәрі оны жасына жетпей өледі дескен. Бірақ кемпіріңіз әлі тірі. Ал әлгі сәуегейлердің бәрі о дүниелік болған. Мен "Изоль" шарапханасынан бір бөтелке ескі шампан ала шығып ем. Ол өзі көктемде қатты көпіреді деседі ғой. Сірә, табиғаттың жандана бастағанын шампан да сезетін болар.

Клерфэ әуелі бөтелкені терезе алдына қойды да содан соң оны әрі әкетті.

– Мұны бұл жерге коюға болмайды. Ай сәулесі шампанның хош иісін жояды. Оны да мен әжемнен естігем.

Ол есікке беттеді.

– Клерфэ, – деді Лилиан.

Ол артына қарады.

– Мен сонша жерден келгенде казір жалғыз калайын деген жоқ едім, – деді келіншек.

---

[1] *Гильотина* – қылмысты адамдардың басын шабатын рәсім.

***

Алдарында, айнала мекендерімен қоса, жанбыр тұмшалаған ұскынсыз сұркай қала – Париж жатты; бірақ онымен неғұрлым ұзақ жүрген сайын қала оларды солғұрлым сұқтандыра түсті. Утрилло мен Писсароның картиналарындағы секілді қиылыстар, көшелер мен тұйық көшелер қарандап қалып жатыр; сұрғылт рендер ашылып, күміс түстене бастады; содан соң олар кенет өзенді көрді. Көпірлер, баржалар, бұршік жара бастаған ағаштар, букинистік дүкендердің қатарлары мен Сенаның оң жағалауындағы тас үйлер.

– Ана жерден Мария Антуанеттаны басын шабуға әкеткен, – деді Клерфэ. – Ал тура соған қарсы беттегі мейрамханадан жеген тамақтың дәмі ауыздан кетпейді. Сірә, мұнда аштық пен тарих біте қайнасқан болу керек. Сен қай жерге тоқтамаксың?

– Ана жаққа, – деді Лилиан, сөйтті де өзеннің арғы жағалауында қасбеті жарқырай көрініп тұрған шағындау мейманхананы нұсқады.

– Ол мейманхананы білуші ме ең?

– Оны қайдан білем? – деп сұрады Лилиан.

– Сен осында тұрдың ғой.

– Мен мұнда тұрғанда біз көкөніс сатушының жертөлесін паналайтынбыз.

– Мүмкін сен он алтыншы округтің бір жеріне тоқтарсың? Болмаса нағашыңның үйіне?

– Нағашымның сарандығы сонша, бәлкім, өзі де бір бөлмеде қысылып-қымтырылып тұратын болар. Сол мейманханаға барып, бос орын бар ма екен, сұрайық. Сендер Парижде қайда тұрушы едіндер?

– "Риц" мейманханасында.

– Өзім де біліп ем, – деді Лилиан.

Клерфэ басын изеді:

– Мен тағы басқа бір жерде тұратындай бай емеспін.

Олар Сен-Мишель желекжолының көпірінен өтіп, Гран Огюстэн жағалауымен жүріп барды да "Биссон" мейманханасының алдына тоқтады. Мәшинеден түсе бергендері сол еді, мейманхананың есігінен шабадан көтерген қызметші шыға берді.

– Міне, бөлме де дайын, – деді Лилиан. – Біреу орын босатып жатыр.

– Сенің шынымен осында орналасқың келе ме? Көзіне бірден түскен мейманхана осы болғандығынан ғана ма?

Лилиан басын изеді.

– Иә. Тегі, мен ешкімнің ақыл-кенесін тыңдамастан, ешкандай ырым-жырымға карамастан осылай өмір сүргім келеді. Орайы калай келсе – солай.

Бос бөлме табыла кетті. Сәтін салғанда, екінші кабатта болып шыкты. Мейманханада лифт жок. Баспалдак ескі, баскыштары кетік. Аядай бөлмеде жиһаз да тапшы, кереует бір көрмеге жаман емес сиякты; тіпті ванна бөлмесі де тар екен. Жиһаздарының бәрі жаңа әрі кымбат емес, тек малайларының ортасындағы ханзадаға ұксайтын барокко үлгісіндегі үстелшенің құны бөлекше болар. Тұскағаздары көнелеу, электр жарығы сәл күнгірттеу, оның есесіне терезеден әріде жаркыраған өзен, жағалау, Консьержери, Париж Құдай Анасы Шіркеуінің мұнарасы көрінеді.

– Бұл жерден сен кез келген уакытта кете аласың, – деді Клерфэ.

– Қайда? "Рицтегі" саған ба?

– Маған емес, жәй ғана "Рицке", – деп жауап катты Клерфэ. – Соғыс кезінде мен сакалымды өсіріп жіберіп, баска фамилиямен сонда жарты жыл тұрғанмын. Арзан нөмірлерінде. Ал мейманхананың терезесі Вандом алаңына карайтын баска жартысын жоғары қызметтегі нацистік төрелер мекендейтін. Соның өзі бір қызық дүние еді.

Қызметші шабадандарды кіргізді. Клерфэ есікке беттеді.

– Тамакка бірге бару үшін кешке соғайын ба? – деп сұрады ол.

Лилиан оған таңдана карады.

– Сол да сөз бе екен! Әрине, сок.

– Жаксы. Тоғызда ғой?

– Тоғызда.

Лилиан оның соңынан карап біраз тұрды. Парижге барарда ол Аскондағы түн жайында бір ауыз сөз айтпап еді. Француз тілі әбден ыңғайлы-ау, – деп ойлады ол. – "Сізден" сенге көше салу немесе керісінше істеу ешбір киындық туғызбайды, оның катып калған ештеңесі жок, баланың ойыны сиякты.

"Джузеппенің" гүрілін естіп, Лилиан терезеге барды. Сен-Мишель желекжолында жасыл сәуле жанды да тазы иттердің құтырынған тобы сияктанған мәшинелер ағыны – "ситроендер" мен "симкалар", "ренолар" мен жүк мәшинелері "Джузеппенің" соңынан құйғыта жөнелді. Өмірі осынша мәшинені көрген-көрмегенін Лилиан есіне түсіре алар емес. Соғыс кезінде олар көп болмайтын. Ол терең күрсінді. Мен әлі талай терезенің алдында тұрамын, – деп ойлады ол. – Соның өзі әлі-ак өмір терезесі болады!

Лилиан шабандардың бумасын шешіп жатыр. Оның өзімен бірге ала шыққан заттары болмашы ғана еді. Ақшасы да шамалы қалған. Нағашысына хабарласып бақты. Ешкім жауап бермеді. Тағы хабарласты. Бөтен бір дауыс жауап берді. Нағашысының телефоннан баз кешкеніне бірнеше жыл болған.

Оны бір сәт үрей торлады. Өле қалуы мүмкін емес еді ғой, – деп ойлады. – Бір ғажабы, басына бірінші боп осы ой келеді! Бәлкім, ол көшіп кеткен болар. Лилиан адрес кітабын сұратты. Бірақ бөлімде тек соғыстың алғашқы жылында шығарылған ескі кітап бар екен, жаңа кітап оларда жоқ болып шықты. Парижде көмір әлі тапшы болатын. Кешке қарай бөлме азынап кетті. Лилиан пальтосын киді.

Терезеден кірген лас, сұрғылт ымырт бөлмені жайлап барады. Оның жанды жабыркататынын Лилиан білетін. Біраз жылынып алу үшін ол ваннаға түсіп, төсегіне жатты. Шипажайдан кеткелі түнғыш рет жалғыз қалуы... Ақшасы мықтағанда аптаға жетеді. Қас қарая оның бойын үрей билеп, жалғыздық сезімі оны күшейте түсті. Нағашысының қайда екенін кім білер? Бәлкім, ол бір аптаға бір жаққа кеткен болар, әлде бір жағдайға ұшырады ма екен? Мүмкін Клерфэ де осынау бейсауат үлкен қалада із-түзсіз жоғалып, басқа мейманханаға ауысып кетер, содан соң бұл одан таза-тақыр бейхабар қалар. Лилиан қалтырап кетті. Арман-киялдың бәрі шындықпен, селкостықпен және жалғыздықпен бетпе-бет келіп жым-жылас болды. Ал қазір шипажайдың жылы ұясында орталық жылу жүйесінің батареялары баяу ғана уілдеп тұрған болар.

Есік қағылды. Дәлізде қолында екі орамасы бар қызметші тұр екен. Біреуіндегі гүл болып шықты. Оны тек Клерфэ жіберуі мүмкін. Шамның күнгірт жарығында Лилиан қызметшіге тым артық шайлық ұстата қойды. Екінші орамадағы жүн көрпе екен. "Бұл сіздің қажетінізге жарап қалар деп ойлаймын, – деп жазыпты Клерфэ. – Парижде әлі көмір тапшылығы бар көрінеді".

Лилиан көрпені жазып еді, ішінен екі картон қапшық түсті. Оларға электр шамның шынысы салыныпты. "Франциядағы мейманханалардың иелері электр қуатын үнемдегенді дұрыс көреді, – деп жазыпты Клерфэ. – Бөлмеңіздегі шамдардың орнына осыларды салыңыз, сонда сізге дүние екі есе жарық болып көрінеді".

Бұл ұсынысты ол табанда жүзеге асырды. Енді ең болмағанда кітап оқуға мүмкіндігі бар. Қызметші газет әкелді. Лилиан оны қолына алды да көп қарамай әрі қоя салды. Оған енді соның бәрінің

керегі шамалы. Оның уақыты тым тапшы. Ол енді алдағы жылы кімнің президент боларын, қай партия парламентте басым шығарын білмейді де. Бұлар оған қызық емес. Оны толғандыратын бір-ақ нәрсе – өмір. Өз өмірі.

Ол киінді. Енді қалғаны нағашысының бір ғана мекен-жайы еді: осыдан жарты жыл бұрын сол мекен-жайдан хат алған болатын. Сонда барып, анық-қанығына жету керек.

***

Нағашысы ескі пәтерінде тұрады екен, ол тек телефонын алдырып тастапты.

– Сенің ақшаң ба? – деп сұрады ол. – Өзің білесің. Мен оны саған ай сайын Швейцарияға жіберіп тұрдым; ақша аударуға рұқсат алудың өзі машақат болды. Енді оны осында, Францияда ай сайын төлеп тұра аламын. Қай мекен-жайға жіберейін?

– Мен ай сайын алғым келмейді. Бәрін бір-ақ алсам деймін.

– Не үшін?

– Дұрыстап киінгім келеді.

Шал оған тесірейе қарады.

– Сен әкеңнен аумайсың. Егер ол...

– Әкем бұ дүниеде жоқ, Гастон аға.

Гастон өзінің картқа тән жүдеу қолына қарады.

– Ақшаңның қалғаны мәз емес. Енді немен айналысқың келеді? Құдайым-ау, мен Швейцарияда тұра алсам ғой! Не деген бақыт!

– Мен Швейцарияда тұрған жоқпын. Ауруханада тұрдым.

– Сен ақшаның қадірін білмейсің. Бірнеше аптада бәрін жұмсап бітесің. Жоғалтып қоясың...

– Мүмкін, – деді Лилиан.

Нағашысы оған үрейлене қарады.

– Бәрінен айырылып болған соң қайтпексің?

– Қорықпай-ақ қой, саған масыл болмаймын.

– Сен күйеуге шығуың керек.

Лилиан күлді. Шалдың көкейі белгілі болды. Ол Лилианның жауапкершілігін басқа біреуге аудара салмақшы.

– Сен күйеуге шығуың керек, – деп қайталады Гастон. – Мен сені біреулермен таныстыра аламын. Соны ұйымдастырсам қалай қарайсың?

Лилиан тағы күлді, бірақ шалдың не істейтінін де білгісі келіп барады. Бұл өзі сексенге тақап қалған болар, – деп ойлады ол, –

бірақ істеген ісіне қарасаң, тағы сексен жылдың шаруасын алдын ала пысықтап қойғысы келетін тәрізді.

– Жақсы, – деді ол жауап ретінде. – Ал енді маған тек мынаны айтшы: жалғыз өзің не істейсің?

Сасып қалған шал өзінің шақша басын жоғары көтерді.

– Не дерің бар ма... Түсінсем бұйырмасын... Менің шаруам жетеді... Сұрақ болғаныңа. Оны неге сұрадың?

– Барынды алып, басың ауған жаққа кетіп, түгін қоймай жұмсасам дейтін тентек ой саған ешқашан келген емес пе?

– Әкесінен аусашы! – деді шал. – Борыш сезімі, жауапкершілік сезімі дегендерді ол білмей-ақ кетті. Саған тағы да қамқоршы тағайындау жағын ойластыру керек екен!

– Ол сенің қолыннан келмес. Сенің ойынша мен ақшамды желге шашып жүрген сияқтымын, ал менің ойымша сен оміріңді оксітіп жүрген сияқтысың. Әрқайсымыз өз пікірімізде қалайық. Содан соң маған ертеннен қалдырмай ақша алып беретін бол. Тезірек көйлек-көншек алғым келеді.

– Ал оны қайдан алмаксың? – деп бастырмалата сұрады коккұтанға ұқсап кеткен шал.

– Баленсиагадан. Ол менің ақшам екенін ұмытпа.

– Сенің шешең...

– Ертеңге дейін, –деді Лилиан шалдың маңдайына ернін тигізіп.

– Тындашы, Лилиан, ақымақ болма! Киімің тіпті көп-көрім. Ал мұндағы сән несі тігіншілердің бір көйлегі бір әулеттің байлығына татиды.

– Әбден мүмкін, – деді де Лилиан сұркай аулаға және көшенің қарсы бетіндегі үйлердің сұркай терезелеріне көз тастады.

– Сен әкеннен бір аумайсын. – Ақшулан болған көккұтан қарт шыңдап үрейленді. – Аузынан түсіп қалғандайсың! Оның бітпейтін киялдары болмаса қазір сен шалқып жүрер едің...

– Гастон аға, біздің заманымызда ақшадан құтылудың екі жолы бар деседі ғой. Оның бірі – ақшаны жинап-жинап келіп, инфляция кезінде бір-ақ айырылу да, екіншісі – оның мөріне қарамай жұмсау екен. Сенің күн көрісің қалай?

Гастон қолын сермеді.

– Өзің көріп отырсың. Заман қиын. Ал мен жарлы адаммын.

Лилиан оның бөлмесі өте әсем байырғы жиһазбен жабдықталғанын, жұмсақ орындықтар құндақталып, сутас люстра дәкемен жабылғанын байқап қалған. Қабырғаларға бірнеше қымбат картиналар ілініпті.

– Сен ежелден сараң едің, Гастон аға. Сол қалпыннан әлі өзгермегенің қалай?

Ол біраз уақыт Лилианды өзінің құс көзімен тінте қарап отырды.

– Осында тұрғың келе ме? Менде орын жеткіліксіз ғой.

– Орның жетіп жатыр, бірақ мен мұнда тұрғым келмейді. Турасын айтқанда, сенің жасың нешеде осы? Менің әкемнен жиырма жас үлкен сияқты едің.

Шал әбден састы.

– Өзің білесің ғой. Несіне сұрайсың?

– Өлімнен қорықпайсың ба?

Гастон біраз үнсіз қалды.

– Сенің тәртібің сұмдық жаман, – деді ол ақырын ғана.

– Дұрыс айтасың. Сенен соны сұрамай-ақ қоюым керек еді.

– Менің саушылығым жаман емес. Жақын арада мұраға қолым жетеді екен деп дәметіп жүрсең, иегің қышымай-ақ қойсын.

Лилиан бұртия қалған карт көккұтаға қарады.

– Жоқ, дәметпеймін. Мен мейманханада тұрамын және саған ешқашан масыл болмаймын.

– Қай мейманханада? – деп асығыс сұрады Гастон.

– "Релэ Биссонда".

– Құдайға шүкір! Тіпті "Риц" мейманханасына орналассаң да таңданбас едім.

– Мен де, – деді Лилиан.

Клерфэ келді. Екеулеп "Гран вефур" мейманханасына тартты.

– Бұл жердің әлемімен алғашқы кездесу қалай өтті? – деп сұрады ол.

– Мен құдды бір мәңгі өмір сүргісі келетін адамдардың ортасына түскендеймін. Әйтеуір пейілдері солай. Ақшаға құныққандары сонша, өмір дейтінді ұмытып кеткендей.

Клерфэ күлді.

- Ал соғыс кезінде адамдардың бәрі: осыдан тірі қалсақ мұндай кателікті қайталамаспыз деп серт беріскен еді-ау. Бірақ адам баласы бәрін тез арада ұмытып кетеді.

– Сен де бәрін ұмыттың ба? – деп сұрады Лилиан.

– Барынша тырысып көрдім ғой. Бірақ қолымнан келді деп айта алмаймын.

– Бәлкім, мен сені нақ соның үшін сүйетін шығармын?

– Сен мені сүймейсің. Сүйген болсаң, мұны айтпас едің.

– Мүмкін мен сені ертеңінді ойламайтынын үшін сүйетін шығармын?

– Онда сен шипажайдағы еркек біткеннің бәрін сүйген болар ен. Біз қуырылған бадам қосылған самса жеп, монтраше ішеміз.

– Сонымен сені не үшін сүйетін болдым?

– Сенімен бірге жүргенім үшін. Және өзің өмірді сүйетін болғандықтан. Ал мен сен үшін – өмірдің беймағлұм бір бөлшегімін. Бұл қауіпті.

– Кімге?

– Кімнің аты жоқ болса – соған. Оны кез келген уақытта ауыстырып алуға болады.

– Мені де, – деді Лилиан.

– Мен оған аса сенімді емеспін. Менің орнымда ақылды адам болса әлдеқашан қашып құтылған болар еді.

– Сенің де соншама үздігіп тұрғаның шамалы ғой.

– Ертен мен кетемін.

– Қайда? – деп сұрады оған сене қоймаған Лилиан.

– Римге баруым керек.

– Ал мен Балесиагаға барамын. Көйлек алуға. Ол Римнен де алыс.

– Кететінім рас. Жаңа келісім-шарт жайын ойластыру керек.

– Жарайды, – деді Лилиан. – Демек, менің сән иесі тігіншілермен тәуекел жарысына түсуге уақытым болады екен. Гастон ағам маған қамқоршы бекітіп беруге... немесе күйеуге шығарып жіберуге құштар.

Клерфэ оған барлай карады.

– Еркіндік дейтіннің не екенін біліп үлгермей жатып-ақ сені қайтадан торға қамамақшы ма?

Клерфэ жымиды.

– Соны мен де білмеймін. Тек білетінім: еркіндік – жауапсыздық та, мақсатсыз өмір де емес. Оның кандай екенінен гөрі кандай болмау керегін түсіну оңай.

– Сен қашан қайтасың? – деп сұрады Лилиан.

– Бірнеше күннен кейін.

– Римде көңілдесің бар ма?

Клерфэ бір сәт бөгелді.

– Иә, – деді ол.

– Өзім де солай ойлап ем, – деді Лилиан байыппен.

– Неге?

– Сенің жалғыз болуың түсініксіз ғой. Сен алғаш келгенде мен де жалғыз емес болатынмын.

– Енді жалғызсың ба?

– Иә, – деді Лилиан жайнаң қағып.

Клерфэ оған таңдана қарады.

***

Клерфэ Римде екі аптадай болды. Кенселерге, дәмханалар мен шеберханаларға кірді. Тіпті Лилианды есінен шығарып алған күндері де болды. Есесіне кей сәттерде оны бұрын өзінде болмаған мейіріммен ойлайтынды шығарды. Клерфэ оны қатты ұнатты; басқа бірде-бір әйел оның сезімін осылай қозғап көрген емес. Лилиан оған өз тұрғыластарынан кенже қалып, енді соның кемістігін толтырғысы келген баладай көрінетін. Алайда, Римде Лидия Морелли мен бір апта бірге тұрғанда ол өзінің Лилианға лайық емесін түсінді. Лилианға керегі – Волков сияқтанып көп уақытын соған жұмсайтын адам; ол, сірә, тек Лилиан үшін өмір сүрген тәрізді. Клерфэ басқа қарым-қатынасқа үйренген. Оның ешнәрсеге басы бүтін берілгісі жоқ. Оған Лидия Морелли секілді әйел керек. Осындай тұжырымға келген Клерфэ жеңілдік сезінгендей болып, келісім-шартқа қол қойылғанына қарамастан, Римде тағы бірер күн айналды.

Оның қоярда-қоймаған тілегіне орай Лидия Морелли де Клерфэмен бірге Парижге жол тартты.

Лилиан Баленсиагаға кетті. Оның көйлегі көп емес-ті және соғыс жылдарында тігілген олар сәннен шығып та қалған еді. Кей көйлектері анасынан қалып, кейін оларды ақысы арзан тігіншілер қайта тіккен болатын; енді біреулері соғыс кезінде сатылған арзан маталардан жасалған. Барлық киімдерінің ішінде сәнін жоғалтпаған көк және ақшыл-сұр кәстөмі еді. Рас, оларды кигеніне де біраз жыл болды, бірақ үлгісі әлі ескіре қоймаған.

Сән шеруі басталды. Залда отырып, Лилиан өзге әйелдерге көз жіберді. Көбі кәрі-құртаң және тым қалың боянған; баз біреулері заржақтанып, ашулы тоты құстарша тоқтамай сөйлейді; рас, өз қадірін жақсы білетін ажарлы әйелдер де бар. Көп ішінен мардымсыған американдық әйелдерінің ақымақтығы адамды жалықтырғандай; әр жерден қарайып еркектер де көрінеді.

Лилиан төрт кәстөм таңдады. Соларды өлшегенде сатушының оған көрсеткен ықыласы тіпті бөлекше.

– Таңдауыңыз өте жақсы, – деді ол. – Тегі, бұлар сізге арнап қана тігілгендей екен. Мұндай үйлесім бола бермейді. Әйелдердің көбі өздеріне ұнағанын алады, ал сіз күп жарасқанын алғалы тұрсыз. Мына кең-мол труакар сізге қона кетті.

Лилиан айнаға қарады. Жүзі таудағыдан гөрі Парижде көп тотыққан сияқты; ықтары да күйген. Жаңа көйлектері сымбатын

ашып, бет әлпетіне күп жарасып тұр. Ол кеңет өте сұлуланып кетіпті, оның үстіне, ешкімге тоқтамай, айналасындағы заттарға енжар қарайтын мөлдір көзі енді өзіне мұнды ажар беріп, жүректің қылын шертетіндей бей-жайлыққа не бола қалыпты. Ол көрші кабиналардағы әйелдердің әңгімесін естіді, пәкиза жыныстының құқықтары үшін тынбай күресетін осынау сабаздардың шығып бара жатып өзіне сұқтана қарағанын көрді, олармен ортақ ештеңесі жоғын Лилианның өзі білетін. Ол үшін көйлек-көншек еркектердің көңілін аулаудың құралы емес. Оның мақсаты – өмір және өзі.

Төртінші күні киім өлшеуге аға сатушы келді. Бір аптадан соң Баленсиаганың өзі төбе көрсетті. Өздерінің үлгілерін осы бір тұтынушы ерекше салтанатпен пайдалана аларына олардың көздері жетті. Лилиан көп сөйлемейді, оның есесіне айна алдында үлкен шыдамдылық көрсетеді; ол таңдаған заттардан байқалатын испандық нышан өзінің жас тұлғасына, тым қасақана болмағанымен, мұнды сипат береді. Мексикалықтардың шәлісі сияқты қара яки алқызыл көйлек немесе матадорлар киетіндей қысқа күртеше иә болмаса қараған адамның назарын тек бет әлпетіне аударатындықтан денесін жеп-жеңіл етіп көрсететін көлдей пальто кигенде оның өзіне тән уайым-шері айқын көзге ұрып шыға келеді.

– Сіздің таңдауыңыз тамаша, – деді сатушы. – Бұл заттар ешуақытта сәннен қалмайды; бұларды көп жыл киюіңізге болады.

"Көп жыл!" – деп мырс етті Лилиан, содан соң жымия тұрып:

– Бұлар маған тек осы жылға ғана керек,.. – деді.

Сатушы оған балықтың қабыршағына ұқсас, күмісше жалтылдаған бірдеңені көрсетті.

– Су жаңа үлгі. Өлшеп көресіз бе?

Лилиан басын шайқады.

– Жетер. Енді менің ақшам жоқ.

– Бәрібір өлшеп көріңіз. Мен білсем, сіз бұл көйлекті аласыз. Ақшасы да сізге лайықты.

Лилиан күмісше жалтылдаған сол қабыршақты да өлшеп көрді. Оны кигенде ол жаңа ғана теңіз толқынынан шыққандай боп көрінді. Өзі түкке тұрғысыз арзан екен.

– Біздің фирма мұны тек сіздің киіп жүргеніңізді қалайды, – деді аға сатушы.

***

Лилиан Дюнкерк екі апта есеңгіреумен жүрді. Көйлектер мен туфлилардың ортасында ол шарап қоймасына түсіп кеткен маскүнемдей сезінді. Енді, міне, Гастон нағашысына есепшот жіберіп отыр. Олай болатыны – Гастон ағасы оған ай сайын жіберетін сомадан артық ақша бермеген. Құнды қағаздарды жою тым көп уақыт алады деп сылтауратқан.

Келесі күні-ақ алқын-жұлқын боп Гастон жетті. Ол бөлме ішін ерсілі-қарсылы кезіп, жауапсыздығы үшін Лилианды сөгумен болды да одан өз үйіне ауысуды талап етті.

– Сонда менің басқан ізімді бағып отырмаксың ғой?

– Жоқ, ақшанды үнемдесін дегенім. Осынша қаржыны көйлекке шығындаудың өзі күнә. Тіпті, алтыннан тігілген болар ма.

– Олар шынында алтыннан жасалған, тек сен оны байқамайсың.

– Өсім беретін акцияларды қайдағы ку шүберекке сатып... – деп гөй-гөйледі Гастон. – Саған қамқоршы белгілемесе болмас!

– Белгілеп көр. Франциядағы кез келген судья менің жайымды түсінеді де қамқоршыны саған белгілеу керек деп шешеді. Егер жуық арада ақшамды өзіме қайтармасаң, бұдан екі есе көп көйлек сатып аламын да есепшотын саған жіберемін.

– Екі есе көп шүберек пе? Сен ақылыннан...

– Жоқ. Гастон аға, ақылынан адасқан мен емес, сенсің. Өзің ит етінен жек көретін оншақты мұрагерлердің шылқымайға батып қалуы үшін аузыннан жырып жүрген сенсің ғой. Жарайды, бұл сөзді доғарайық! Қалып, тамақ іш. Мұнда тамаша мейрамхана бар. Сенің құрметіне мен жаңа көйлектерімнің бірін киіп шығайын.

– Болмайды! Енді қалған ақшаны...

– Мен сені қонақ етейін. Қалған кеңесінді тамақ үстінде айтарсың. Ал мен қазір алты сағат қатарынан жаттығуда болған шаңғышы сияқты ашпын. Тегі, жаттығудан гөрі киім өлшегеннен қарның тезірек аша ма деймін. Мені төменде күте тұр. Бес минутта әзір боламын.

Лилиан төменге тек бір сағаттан соң түсті. Ашу қысқаннан күп-ку боп кеткен Гастон әлдебір өсімдігі бар құмыра тұрған және бірнеше журнал жатқан кішкене бір үстелдің басында отыр екен. Өзін оның әрең таныққанына Лилиан қатты риза болды.

– Бұл мен ғой, Гастон аға, – деді ол.

Гастон жөткірінді.

– Көзіме бірдеңе болды ма, – деп ашулы түрде күңкілдеді ол. – Сені соңғы көргенім қашан еді?

– Екі апта бұрын.

– Оны емес, оған дейінгіні айтам.

– Бес жыл бұрын... Онда мен ашқұрсақ әрі мүлдем абыржулы болатынмын.

– Ал қазір ше? – деп сұрады Гастон.

– Қазір де ашпын, бірақ тәуекелге бел байлап тұрмын.

Гастон қалтасынан пенснесін алып киді.

– Мына көйлектерді кімге алдың?

– Өзіме.

– Саған қарайтын...

– Сонау тау басында жігіт деуге жарайтын жалғыз еркектер – шаңғы спортының нұсқаушылары еді. Солар да тек шаңғы кәстөмдерін кигенде ғана қызығарлықтай болатын, ал жайшылықта тойға баратындай боп киінген ауылдың собалдарынан аумайтын.

– Демек, сен мүлдем жалғыз болдың ғой?

– Иә, бірақ сен сияқты соқа бас емеспін, – деді Лилиан оны мейрамханаға бастап бара жатып.

– Ал не жейсің? – деп сұрады Гастон. – Әлбетте, мен сені қонақ етемін. Өзім аш емеспін. Саған не алдырайын? Мүмкін, әлі де болса емдәмнің жеңіл тамағын жерсің? Омлет, жеміс салатын, бір бөтелке виски...

– Ең алдымен, – деп жауап берді Лилиан, – маған теңіз кірпісін алдыр. Әрі бір дегенде он екісін.

Гастонның көзі еріксіз бағасына түсті.

– Теңіз кірпісі денсаулыққа зиян.

– Сарандарға ғана солай. Кірпі десе олар кірпіше жиырылады, Гастон. Содан соң – сүбе.

– Менінше, мұнысы тым ащы болар. Бәлкім, суға пісірілген тауық немесе сұлы ботқасын алсақ? Шипажайда соны жемейтін бе еділдер?

– Иә, Гастон аға. Мен жеген сұлы ботқасы мен пісірілген тауық бүкіл өміріме жететін шығар және сонымен бірге олардың әдемі көрінісін де қызықтап болғанмын. Жетер. Етке шато-лафитаның бір бөтелкесін алдыр. Әлде сен оны ішпеуші ме едің?

– Іше алмаймын. Мен қазір өте жарлымын ғой, қымбатты Лилиан.

– Білемін. Сол себепті де сенімен бірге отырып тамақ ішу – жатқан бір ақырзаман.

– Не? Неліктен?

– Әр жұтым шарапта сенің тұп-тура жүрегіннен шыққан канның бір-бір тамшысы бар.

– Түу, соғылған! – деді кенет Гастон кәдімгідей-ақ калыпты дауыспен. – Ұқсатқан түрін! Әрі мынадай шарап ішіп отырып! Одан да басқа бірденелерді айтайық та. Теңіз кірпісінен татып көрсем бола ма?

Лилиан өз табақшасын оның алдына қойды. Гастон жалма-жан үш кірпіні соғып алды. Әлі де болса тамақтан үнемдеуді ойлап отырған ол шарапты кәдімгідей-ақ құдитты. Ақыр ақшасын төлеген соң рахатын көрмек.

– Балақаным, – деді ол әбден бөтелке босағанда. – Уақыт қалай зымырайды! Менің есімде сенің...

Лилиан бір сәт жанының ышқынғанын сезді.

– Ол туралы ештеңе естігім келмейді, Гастон аған. Маған тек бір нәрсені түсіндірші: мені не себепті *Лилиан* атаған? Бұл атты өзім жаратпаймын.

– Әкеннің қалауы сол болды.

– Неге сонда?

– Кофемен бір рөмке ликер ішуге калайсың? Коньяк ше? Шартрез де керек емес пе? Солай деп ойлап ем-ау! – Гастон көрер көзге жібіді. – Жақсы, онда екі жамша шампан болсын. Иә, сөйтіп сенің әкең...

– Не?

Көккұтан бір көзін қысып қойды.

– Соғысқа дейін ол бірнеше ай бойы Нью-Йоркте тұрды. Жападан-жалғыз. Содан соң табандап отырып сенің атынды *Лилиан* қойды. Анаңа бәрібір еді. Кейінірек естісем, Нью-Йоркте ол.. айталық, *Лилиан* дейтін бір әйелмен әмпей байланыста болған екен. Сен мені кешір, сұраған өзінсің.

– Құдайға тоба! – деді Лилиан. – Мен болсам, өзімнің атымды анам бір кітаптан алып қойған шығар деуші едім. Ол кітапты көп оқушы еді ғой.

Гастон өзінің шақша басын қылтың еткізді.

– Иә, оның рас. Есесіне әкең кітап бетін ашпайтын. Ал сен ше, Лили? Сен енді, – деп айнала карап өтті, – осылай жүре бермекпісің?.. Осынды бекершілік деп ойламайсың ба?

– Өзім сенен соны сұрайын деп отыр едім. Шарап ішіп едің кәдімгідей адам боп қалдың ғой.

Гастон коньякка ернін тигізді.

– Мен саған бір кішігірім кеш жасап берсем деймін.

– Соны айтып, мені бір коркытқаның бар еді.

– Келесің бе?

– Тек бір-бір кесе шай ішу болып жүрмесін.

– Жоқ, түстік асқа. Менде әлі бірер бөтелке шарап сақталған сияқты еді, небәрі бірнеше бөтелке, бірақ олар бүгін екеуміз ішіп отырған шараптан бір де кем соқпайды.

– Жарайды. Барайын, – деді Лилиан.

Енді сен сұлу қызсың, Лили. Тек тік мінездісің! Тіксің! Әкең мұндай емес еді.

Тікпін, – деп ойлады Лилиан. – Тік мінездісің дегендегі айтпағы не? Тегі, мен тік мінездімін бе? Мүмкін ащы шындықты жақсы тәрбиенің алтынымен аптап, мәймөңкелеуге менің уақытым жоқ шығар?

***

Терезеден оған Консьержеридің сұркай қабырғаларынан асып көкке шаншылған Сен-Шапель шіркеушісінің инедей сүмбісі көрінеді. Күннің алғашқы ашығын пайдаланып Лилиан сонда барған. Уақыт сәскеге тақау еді, әйнектері түрлі-түсті биік терезелері бар шіркеу күн нұрына шомылып, сәуледен қаланғандай боп мөлдіреп тұр екен. Тіпті теп-тегіс терезелерден ғана тұратын сияқтанған ол зеңгір көк, қанқызыл, сары және жасыл сәулелерге бөгіпті. Бояулардың қанықтығы сонша, Лилиан өзін түрлі-түсті суға шомылғандай сезінді.

Лилианнан өзге шіркеуде бірнеше американдық солдаттары бар екен, олар көп кешікпей шығып кетті. Жер бетіндегі ең жұқа, ең ғажап мата – сәулеге оранып орынбаспайда отырған ол мөлдір дүнияның өз денесімен қалай сорғалайтынын көру үшін үстіндегі киімін шешіп тастағысы келді. Ол сәуленің сарқырамасы еді, жер бетіндегі заңдардың бірде-біріне бағынбайтын мастық сезімі еді, әрі құлдырау, әрі шарықтау сезімі еді. Лилиан құдды сәулемен тыныстап отырғандай. Осынау көк, қызыл және сары түстер қаны мен өкпесіне сіңіп, өзін қоршаған ортадан айырып тұрған тәні қабығы мен санасы зым-зия жоғалып кеткендей болды, сөйтіп, ренгтен сәулесі тәрізденіп, бар болмысынан нұр сәуле өтіп жатқан сияқтанды, тек бір айырмашылығы – рентген сүйекті ашатын болса, сәуле жүректі соқтырып, қанды айдайтын тылсым күшті айқындайтындай. Бұл бір керемет жұбаныш еді; ол енді

бұл күнді ешкашан ұмытпасын білді, – бүкіл өмірі, алдағы көрешегінің бәрі дүниедегі ең жеңіл бал-шырынға – сәулеге, өкінішсіз бақытқа, күл қалдырмас алауға ұқсасашы.

Шіркеу қызметшісі оны иығынан екінші қайталап түртті:

– Бикеш, шіркеуді жабамыз.

Лилиан орнынан көтерілді. Көз алдында қартайған, қалжыраған, жабырқау кескін тұр екен. Бір сәт ол өзінің сезімі осынау жаңға түсініксіз боларын ұға қоймады.

– Сіз мұнда көптен істейсіз бе? – деп сұрады карттан.

– Он алты жыл болды.

– Ұзақты түнді осында өткізгеннің өзі бір ғанибет шығар-ау!

– Қалай болғанда да жұмыс қой, – деді қызметші. – Бірақ бәрібір ақша жетпейді. Инфляция қырсығы.

Лилиан шалдың өмір-ғұмырында осы сәуленің қаншалықты ғажап екенін ең болмаса бір мәрте сезген-сезбегенін білген жоқ, ол сірә, осы Париждегілердің көбі өмірді қалай қабылдаса, ол да мұны дәл сондай дағдылы, қарабайыр нәрсе ретінде көріп жүруі де мүмкін-ау. Ол сөмкесін ақтарып, ақша алды. Шалдың екі көз жайнап кетті. Соған бола оны айыпқа бұйыруға болмайтынын Лилиан түсінді, өйткені ол үшін өмірдің бар қызығы осы қағазда тұр ғой: оның жейтін наны да, ішетін шарабы да, басын жастыққа қоятын баспанасы да осында.

***

Алғашқы көйлектерін алғанда Лилиан оларды шкафқа тыққан жоқ. Бүкіл бөлмеге жайнатып іліп тастады. Барқыт көйлекті кереуеттің үстіне ілді, ал оған таман жерден күмісше жалтыраған көйлегі орын тапты – түн ұйқысында түпсіз түнектен тағы бір түпсіз түнекке құлап бара жатқандай болып қыстыға жылан оянғанында кол созым жердегі барқыт көйлегі мен күміс түстес көйлегіне жармасып жан шақырса, сол арқылы елестің сұркай інірінен төрт қабырғаға, уақыт сезіміне, адамдарға, кеңістік пен өмірге қайта көтеріліп есін жиса болғаны. Лилиан көйлектерін колмен тегістеп, олардың матасын сипайды; төсегінен тұрып, көбінесе тырдай жаланаш бөлмені кезеді; кейде өзін көп достарының арасында жүргендей сезінеді: қабырғаларда, шкафтың есіктерінде иык-ағаштағы көйлектері ілініп, камодтың үстінде қылдырықтай бнік өкшелі сары, қоңыр, қара туфлилары қаздай тізіліп тұрғанда солай болатын жөні де бар. Түн баласы ол бөлмедегі мол қазынасын еркін аралап, асыл дүниясын Ай сәулесіне тосып, қалпағын басына киіп, туфлиын, болмаса көйлегін

өлшейді, айна алдына барып, Айдың көмескі жарығында оның күңгірт сәулеленген бетіне ұзақ тесіледі. Ол өзінің бет-жүзіне, иығына қарайды – апыр-ай, оян тартқаннан сау ма? – анарына қарайды – салбырап кеткенге ұқсай ма? Аяғына көзі түседі – екі санына терең әжім түскеніне қарағанда ол да суала бастағаны ма?

"Әлі ерте, – деп ойлайды ол. – Әлі тым ертерек". Сөйтеді де үн-түнсіз қияли ойынына қайта кіріседі.

Лилианмен қайта кездескенде Клерфэ оған ұзақ қарады – осынша өзгеріп кете қойғанына қайран қалды. Әңгіме көйлекте ғана емес; ол жақсы киінетін әйелдің талайын көрген. Лидия Морелли киім жайын унтер-офицердің әскери сапты білгенінен артық болмаса кем білмейтін. Лилиан тіпті өзгеріп кетіпті: әлі сынына толып, қалыптасып үлгермеген кешегі ебедейсіздеу жас қыз енді келісті келіншек кезінде қайта кездессе, балалықтың тылсым шегінен аттағанымен оның таңғажайып көркінен әлі айырыла қоймай, әйелдік сиқырының жымысқы сенімділігіне не болатындай қабілетке жеткен сықылды. Клерфэ Римде неге сонша уақыт жүргенін және Лидия Мореллидің өзімен бірге келуіне неге ынтық болғанын енді түсінгендей. Өзінің бағасын төмендеткісі келмегендіктен ол Лилианның біршама жұпыны қасиеттерінің бәріне баса мән беруге тырысты: сезімдерінің серпінділігі мен олардың көрінуіндегі сәйкессіздікті есірікке балады, – ал шындығында бәрі басқаша болып шықты. Лилиан өзіне тым тар келетін аквариумға тасталған, оның қабырғаларына тынымсыз соқтығып, түбіндегі балдырдың астан-кестенін шығарған аспан-балыққа ұқсаушы еді. Ал енді сол аспанбалық аквариумда емес, өзінің үйреншікті мекен-жайында, сондықтан ол ештеңеге соқтықпайды: енді ол өзінің шалт қимылына шаттанып, құйтымдай жай оттарынан қуат алып, алуан түспен құлпырған қабыршағымен қайран қалдырады.

– Гастон ағам менің құрметіме шағындау қонақасы бермекші, – деді Лилиан.

– Солай ма ?

– Иә, мені күйеуге беретін ойы бар.

– Әлі сол ойда ма?

– Бұрынғысынан да берік байламға келгендей. Көйлек алуымды қоймасам, мен ғана емес, өзінің де тақырға отыратынынан қорқады.

Олар тағы да "Гран Вефур" мейрамханасында отырған. Даяшы тағы да бадам қосылған самса әкеліп, олар дәл сондағысындай, монтраше ішіп, самса жеуді жөн көрген.

– Римге барып келген соң нағыз үндемеске айналыпсың ғой, – деді Лилиан.

Клерфэ оған барлай карады.

– Солай ма, тегі?

Лилиан жымиды.

– Мүмкін ол әлгіде ғана осында кірген әйелдің әсері шығар?

– Қайдағы әйел?

– Менің көрсеткенімді қалайсың ба?

Клерфэ Лидия Мореллидің калай кіргенін байкамай калған. Жолын болмағыр, ол мұнда неғып жүр? Қасында авиация өнеркәсібі алпауыттарының бірі, шалкыған бай Джонсон бар; Лидия Мореллиініз уакытты боска жібермейтін болды, өйткені кешке онымен кездесе алмайтынын Клерфэ бүгін танертең ғана айтқан еді ғой. Сондай-ак Клерфэ оның не себептен тура осында келгенін де түсінді: бұдан бірер жыл бұрын өзі оны ара-тұра "Гран Вефурга" әкеліп тұратын. Ендігі жерде сүйікті мейрамханалар жағынан да абай болған жөн екен!

– Сен онымен таныссың ба?

– Өзгелермен таныстығымнан артық-кемі жок.

Ол Лидияның Лилианды калт жібермей бағып отырғанын байқады және оның үстіндегі киімдерінің құнын жүз франкка дейін дәл бағалап, олардың қайдан және каншаға сатып алынғанын да анықтап койғанына күмәнданған жок. Тіпті ол Лилианның туфлиын көріп үлгермегенімен оның да бағасын біліп отырғанына Клерфэ әбден сенімді еді. Бұған келгенде Лидияны анык әулие десе болар. Әрине, ол алдын ала ойланғанда бұл жағдайды болдырмаудың да реті бар еді, бірак ақыры осылай болған соң Клерфэ оны пайдаланып калмакка бекінді. Тегі, ең карапайым сезімдер – ең күшті сезімдер болатыны бар ғой. Солардың бірі – кызғаныш. Лилиан оны кызғана бастайды екен – сонысы жаксы. Ол онсыз да ұзак сырттап кеткеніне өзін кінәлай бастаған болатын.

– Өзі керемет киінеді екен, – деді Лилиан.

Ол басын изеді.

– О жағынан алдына жан салмайды.

Енді ол Лилиан Лидияның жасына байланысты бірдене айтар деп күтті. Лидия қырыкта болатын, күндіз оған отызды, ал кешке, жарык жаксы болған жерде, жиырма бесті беруге болар еді. Лидия баратын мейрамханаларда жарык үнемі жаксы болатын.

Дегенмен Лилиан Лидияның жасы жайынан ештеңе деген жоқ.

– Өзі сұлу екен, – деді Лилиан. – Екеуіннің аранда бірдеңе болып па еді?

– Жоқ, – деп жауап берді Клерфэ.

– Оның ақымақтық болған екен, – деді Лилиан.

Клерфэ оған таңдана қарады.

– Неге?

– Тым сұлу көрінеді. Ол кім өзі?

– Итальян қызы.

– Римнен бе?

– Иә, – деді Клерфэ. – Римнен. Оны неге сұрадың? Қызғанасың ба?

Лилиан сары шартрез құйылған стаканын үстел үстіне қойды.

– Мен қызғанбаймын, – деді байсалды түрде. – Оған уақытым жоқ.

Клерфэ оған қадала қарады. Кез келген басқа әйелдің аузымен айтылса мұндай жауап оған қарабайыр көрінер еді, бірақ Лилианның аузынан олай естілген жоқ және оны Клерфэ түсінді де. Ол шын жанымен айтып отыр. Әр сәт сайын Клерфэні ашу дендеді, әрі неге солай екенін өзі де түсінбеді.

– Бәлкім, басқа бірдеңе жайында айтармыз?

– Неге? Сенің Парижге басқа әйелмен оралғаның үшін бе?

– Далбаса! Осындай сандырақ ойына қайдан келеді, тегі?

– Сандырақ болғандығынан келеді де. Олай емес деші?

Клерфэ бір сәтке ғана мүдірді.

– Иә, солай екені рас, – деді ол байсалдырақ сөйлеуге тырысып.

– Талғамың тамаша екен.

Клерфэ келесі сұрақты күтіп үнсіз қалды. Ол тек шындықты айтуға бекінген. Бүгін таңертең ол Лилианды біраз айналдырып көрсем ешқандай зияны бола қоймас деп ойлаған, енді одан басқаға қарайтын ойы жоқ. Аймандай болғанына өзі кінәлі екенін түсінді және өз-өзіне жыны келді, бірақ ол сондай-ақ өткен қателікті ешбір амалмен, әсіресе ешқандай қисынмен түзеуге болмайтынын да білді. Лилиан қолынан сусып түсті, әрі ең қауіпті жолмен – ешбір күрессіз алыстап кетті. Енді оны қайта қолға түсіру үшін жалғыз-ақ жол қалды: сол үлгімен әрекет етіп, әдетте осындай жекпе-жекте ақай жоқ, токай жоқ жүргізілетін қиыннын қиынына бас тігіп, одан енді көз жазып қалмау үшін бәрін мойынға алу керек.

– Мен саған ғашық болайын деген жоқ едім, Лилиан, – деді.

Ол жымиды.

– Бірақ бұл амал емес қой. Гимназияшылар ғана солай істейді.

– Махаббатта кім болсын гимназияшылар секілді.

– Махаббат? – деді Лилиан. – Ол деген тым кең ұғым ғой! Онын астарында не жоқ дейсің... – Ол Лидия Мореллиге қарады. – Бәрі әлдеқайда қарапайым емес пе еді. Кеттік пе?

– Қайда барғың келеді?

– Өзіме. Мейманханаға.

Клерфэ ләм деместен ақшасын төледі. Содан соң екеуі Лидия Морелли отырған үстелдің қасынан өтіп, есікке беттеді, ал Лидия Клерфэні елемегендей сыңай таныпты. Мәшинелерін шығарып, бұрыштан әрегірек апарып қойғанша олар тар тұйық көшеде күтіп тұрды.

Лилиан артына бұрылып, Клерфэге мәшинесін нұсқады:

– Міне, "Джузеппе" – саткын мынау. Мені мейманханаға жеткізіп салшы.

– Жоқ. Енді Пале Рояльға барайық. Бақ ашық па? – деп сұрады ол есік күзетшісінен.

– Әлбетте, төрем.

– Мен онда болғанмын, – деді Лилиан. – Сенің не ойын бар? Қосәйелді болғың келе ме?

– Жә, қой. Кеттік.

Олар Пале Рояль аркасының астымен өтті. Кеш салкын болатын, бақтағы топырақ пен көктем иісі мұрынды жарғандай. Ұйытқыған жел түнгі ауадан әлдеқайда жылы тәрізді. Клерфэ бөгелді.

– Сұрамашы. Маған ештенені түсіндір демеші. Ол мүмкін емес.

– Нені түсіндіруді айтасың?

– Ештенені.

– Шынымен-ақ ештенені ме? – деп сұрады Лилиан.

– Мен сені сүйемін.

– Саған ұрыс-керіс жасамайтыным үшін бе?

– Жоқ, – деді Клерфэ. – Ол сұмдық болар еді. Мен сені өзіме мүлдем басқа жағдай жасағаның үшін сүйемін.

– Мен, тегі, жағдай жасау дейтінді білмеймін, – деп жауап берді Лилиан, бешпстінің енсіз үлбір жағасын көтеріп қойып. – Сірә, соны қалай бастаудан да бейхабар шығармын!

Жылы жел шашын қобыратып, ол Клерфэнің алдында тұр. Өзі Клерфэге тым бөгде бірсу болып көрінді: бұл әйелді Клерфэ білмейді екен және одан айырылып та үлгергенге ұқсайды.

– Мен сені сүйемін, – деді Клерфэ тағы да, содан соң оны құшақтап, сүйді.

Ол әйел шашынан самырсынның жас жоңқасының иісіне ұқсас жұпар иісті және мойнынан әтірдің ашқылтым иісін сезді. Лилиан Клерфэнің құшақтағанына қарсылық білдірген жоқ. Не нәрсеге де сүлесоқ қалыпта, екі көзін бадырайта ашып, желдің уіліне құлақ түріп қалғандай.

Шыдамы таусылған Клерфэ оны сілкіп-сілкіп қойды.

– Бірдеңе десеңші! Бір әрекет істесеңші! Тым болмаса мені ку! Шапалақпен бір тартшы! Әйтеуір тас мүсін қалпыннан серпіл.

Лилиан бойын тіктегенде Клерфэ қолын босатты.

– Сені не деп куамын? – деп сұрады Лилиан.

– Демек, менің қалғанымды қалайсың ғой?

– Бүгін кеште бірденені *қалау* деген сөз маған біртүрлі ерсі көрінеді. Оған істер амалым жоқ. Ол тым морт.

Клерфэ оған карады.

– Меніше, осы сөздеріннің бәрін сен шынымен-ақ ойлап айтасың, – деді Клерфэ аз үнсіздіктен кейін. Ол таң-тамаша еді.

Лилиан жымиды:

– Енді қалай деп ең? Мен саған айттым ғой: бәрі сен ойлағаннан әлдеқайда карапайым деп.

Клерфэде үн жоқ. Ол енді не істерін білмей дал

– Жүр, мен сені мейманханаға жеткізіп салайын, – деді ақыры.

Лилиан жайбарақат оның соңынан ерді, онымен қатарласып жайбарақат жүріп бара жатты.

"Маған не болды? – деп ойлады Клерфэ. – Сонша берекем қашып, бұған да, Лидия Мореллиге де сонша ренжіп... Түптеп келгенде, өзімнен баска кімге ренжігендеймін..."

Олар мәшиненің қасында тұр. Дәл сол сәтте есіктен Лидия Морелли мен серігі шыға калмасын ба, Лидия тағы да Клерфэні елемегенсіп өтпекші болып еді, бірақ әуескойлық шіркін қойсын ба. Клерфэ бір сәт Лилианды корғаштауға тура келер деп ойлаған, бірақ оның қажеті жоқтығына да сол арада көзі жетті. Мейманхананың екі қызметшісі көшені бастарына көтере тәжікелесіп, бүкіл козғалысты тоқтатып, олардың мәшинелерін көлденең тартқанға дейін әйелдердің арасында бір көрмеге сыпайы, бірақ екі жақтан да жымысқы соққы алмасып, шарпысқан әңгіме өрбіді. Дағдылы ортасында болса Лидия Морелли, сөз жоқ, үстем шығар еді: ол Лилианнан гөрі ересектеу, әлдеқайда тәжірибелі әрі ызбарлы болатын. Бірақ басқаша болып шықты – сырт көзге Лидияның соққыларының бәрі мақта шүйкесіне тиіп жатқандай көрінді. Лилианның онымен анқаусып, риясыз кішіпейілдікпен

сөйлескені сонша, қалай сақтық жасағанымен, Лидия Мореллидің қастық ойлаған күлмәні ашылып қалды, ал онысы женілгенімен бірдей еді. Тіпті қасындағы серігінің өзі де оның мүдделі жақ екенін сезіп қойды.

– Міне, мәшинеңіз, төрем, – деп мәлімдеді есік күзетуші.

Тұйық көшемен біраз жүріп барып Клерфэ бұрышты айналды.

– Жеңіс деп осыны айт! – деді ол Лилианға қарап. – Ол ақыры сенің кім екеніңді, қайдан келіп, қайда тұратыныңды білмей-ақ кетті.

– Қажет етсе, ертең бәрін біліп алады ғой, – деді Лилиан енжар ғана.

– Кімнен? Менен бе?

– Менің тігіншімнен. Мына көйлектің қайда тігілгенін ол бірден-ақ ұқты.

– Өзің соған немкетті сияқтысың.

– Болғанда қандай! – деді Лилиан түнгі ауамен терең тыныстап. – Келісім алаңымен өтейікші. Бүгін жексенбі, субұрқақтар самаладай боп тұрған шығар.

– Байқаймын, сен бәріне енжар сияқтысың, солай ма? – деп сұрады Клерфэ.

Лилиан оған жалт қарап, жымиып қойды.

– Байыптап қараса, солай екені рас.

– Өзім де солай ойлап ем, – деп мінгірледі Клерфэ. – Саған не болған?

***

Клерфэ жайлап жүріп алаңды айналып өтті. Аспалы шамдардың жарығы Лилианның жүзінде ойнайды.

"Өзімнің өлетінімді білемін, – деп ойлады ол. – Әрі оны сенен жақсы білемін, мәселе сонда, сен үшін дыбыстардың жәй ғана қымқуыт сапырылысуынан мен жылауды да, айғай-шуды да, шатшадыманды да еститінім содан; саған күнделікті үйреншікті нәрсені мен бақыт ретінде, тағдырдың сыйы деп қабылдайтыным содан".

– Субұрқақты қарашы! – деді ол.

Париждің күмістей жалтыраған сұрғылт аспанының аясындағы субұрқақтар біресе көкке атылып, біресе бірін бірі қуалай төмен құлап, сылдырлайды, солардың бәрінің үстінен асқақтай қарап, мың жылдық тұрақтылықтың белгісіндей болып ескерткіш тұр – зәу биікке инедей шаншылған қылаң өзегі Жер бетіндегі ең

тұрақсыз пәрсеге – кокке шапшып барып, дереу қайта сорғалап, ғайыпқа кетіп жатқан субұрқақтардың телегейіне тік қадалыпты: Жердің тартылыс күшінен бір сәтке ғана босап шыққан бұл субұрқақтардың дереу түрін өзгерте төмен құлдырап, дүниедегі ең байырғы бесік жырын – біркалыпты судың жырын, материяның мәңгі жаңғыруы мен дербес тұлғаның мәңгі жойылуының жырын айтады.

– Енді Рон Пуэнге барайықшы, – деді Лилиан, – онда да субұрқақ көп.

Клерфэ үн-түнсіз Елисей алқабын көктей өтіп келеді. Рон Пуэнге жеткенде олар ақ көбік атқан судың сол жырын тағы естіді. Бірақ мұнда субұрқақтардың айналасына гүл телімдер шаншылып, найзаларының ұштары түксиген пруссиялық солдаттарша сап түзеген сарғалдақтардан шағын тоғай өсіпті.

– Сен енді осыларға енжар қарай аласың ба? – деп сұрады Клерфэ.

Лилиан түн қараңғылығындағы сорғалаған судан көзін алып, жайлап қана оған назарын аударды. "Жаны қиналып тұр, – деп ойлады ол. – Өзін қалай тез тәубеге келтірдім!"

– Енжар қарайтын болармын, – деді ол. – Қарап тұрсам, осыларға сіңіп кететін сияқтымын. Сен мені түсінбейтін болғаның ба?

– Жоқ. Менің ешнәрсеге сіңіп кететін ойым жоқ; қашанда өзімді мықты сезінгім келеді.

– Ондай тілек менде де бар.

Оның бойында мәшинені тоқтатып, Лилианды сүйіп алсам деген зор құлшыныс пайда болды: бірақ оның немен аяқталарын білмейді. Ең дұрысы – гүлкөмбенің үстіне шығып, сарғалдақтарды басып-жаншып, айнала бәрінің күл-паршасын шығарып, содан соң Лилианды құшағына алған күйі басы ауған жаққа тайып отырса... Бірақ қайда? Әйтеуір алып қашып, сенімді бір жерге жасырасың немесе осынау сұраулы көзқарасқа мәңгі байланып, өз көзіне ешқашан тұтас шомып көрмеген осы көзге пенде болып қалмақсың.

– Мен сені сүйемін, – деді Клерфэ. – Өзгенің бәрін ұмыт. Әлгі әйелді есіннен шығар.

– Неге? Саған жалғыз қалудың қажеті қанша? Осы уақыттың бәрінде мен жалғыз болды деп ойлаймысың?

Кенет "Джузеппе" шоршып кетіп, үнсіз қалды. Клерфэ моторды қайта косты.

– Сен шипажайды айтасың ба? – деп сұрады ол.

– Мен Парижді айтамын.

Клерфэ оған одырая қарады. Лилиан күлімсіреді.

– Мен жалғыз бола алмаймын. Енді мені мейманханаға апаршы. Шаршадым.

– Жақсы.

Клерфэ Луврды бойлап, Консьержеридің тұсынан өтті де Сен-Мишель көпіріне шықты. Ол не істерін білмей дал. Лилианды сабап алар еді, бірақ оған қақысы жоқ: өйткені өзінің осыған дейін мойындап жүргенін ол да мойындады емес пе. Күдіктенетін ештеңе жоқ. Клерфэнің жалғыз тілегі – оны ешқайда жібермеу. Лилиан кенет ол үшін дүниедегінің бәрінен қымбат, ансарлы жанға айналды. Енді ол бір әрекет жасауы керек. Онымен мейманхананың алдында жайбарақат қоштаса салуға болмайды. Одан соң оның бұған қайта оралмасы анық. Ең соңғы үміті – қазір. Оны кідірту үшін бір сиқырлы сөз табуы керек, әйтпесе ол мәшинеден шығысымен бей-жай түрде жымияды да мұны бетінен сүйіп, мейманханаға кіріп жоқ болады. Ауыз үйі балық сорпасы мен сарымсақ мүнкіген мына мейманхана оны мәңгіге жұтып әкетеді; ол басқыштары кетілген кисық баспалдақпен жоғары көтеріледі де алдына лион шұжығының бір тілімі мен арзан шараптың бір бөтелкесін қойып, қалғып-шұлғып отырған портьенің[1] қасынан өтеді; ал Клерфэнің есінде қалатын ең соңғы елес Лилианның тар өткелектің алагеуімінде баспалдақпен жоғары өрлеп бара жатқан ақ сазандай балтыры болмақ. Лилиан бөлмесіне кірген соң кенет оған қос қанат бітеді де пыр етіп далаға ұшып кетеді; ол бүгін өзі айтқан Сен-Шапель шіркеуіне емес, Баленсияның немесе Диордың тым әсем бұйымы – сырыққа мініп, жынойнақтан бірақ шығады. Ондағы жындардың бәрі фрак киген өңкей рекордшы шабандоздар, өздері алты тілде сөйлейді, Платоннан Хейдеггерге дейінгі барлық пәлсапашыларды оқыған, оның үстіне дәулескер пианистер, бокстан әлем чемпиондары және ақындар.

Портье есінеп барып оянып кетті.

– Сізде буфеттің кілті бар ма? – деп сұрады Клерфэ.

– Дәл солай. Сізге не? Виши ме, шампан ба, сыра ма?

– Тоназытқыштан бір құты уылдырық әкеліңіз.

– Ол мүмкін емес, төрем. Кілт бикеде.

– Онда айналмаға, "Ломеруз" мейрамханасына барып келіңіз. Ол әлі ашық. Содан алыңыз. Біз сізді осында күтеміз. Сіз үшін мен кезекші бола тұрайын.

---

[1] *Портье* – мейманхананың кіреберісінде тұратын қызметшісі *(франц.)*.

Ол қалтасынан ақшасын шығарды.

– Менің уылдырық жегім келмейді, – деді Лилиан.

– Сонда не жейсің?

Лилиан күмілжіді.

– Клерфэ, – деді ол бірғауым үнсіздіктен кейін. – Бұған дейін мен түннің біруағында ешкімді қабылдаған емеспін. Сенің білгің келгені сол ғой?

– Онысы рас, – деп портье сөзге араласты. – Мадам қашанда үйге жалғыз қайтады. C'est pas normal monsicur[1]. Сізге шампан әкелейін бе? Бізде әлі отыз төртінші жылғы өнімнің шампаны бар, "Дон Периньон".

– Оны тез осында әкелініз. Сіз алтын адам екенсіз! – деп айқайлап жіберді Клерфэ. – Енді тіске басарлық бірдене бар ма?

– Мен мынадай шұжық жер едім. – Лилиан портьенің кешкі асын нұсқады.

– Сізге өзімдікін берейін, мадам. Буфетте бұдан көп нәрсе жоқ.

– Буфеттен шұжық әкелініз, – деді Клерфэ. – Және бір тілім кара нан мен бір тілім қышқыл сыр болса.

– Әрі бір бөтелке сыра, – деп қосты Лилиан.

– Сізге шампан керек емес пе, мадам?

Шайлығым кеміп қалатын болды деп ойлаған портьенің жүзі түнжырап кетті.

– Дегенмен "Дон Периньоның" бір шишасын ала келініз, – деді Клерфэ, – тым болмаса өзім ішермін. Бүгін бір тойлайтын ретім бар.

– Ол ненің реті?

– Сезімдер шалкуы. – Клерфэ портьенің орнына жайғасты. – Барыңыз! Мен сіздің орнынызға кезекші бола тұрайын.

– Ал сен мынаның тілін білесің бе? – деп сұрады Лилиан кезекшінің тақтасын көрсетіп.

– Әрине. Соғыс кезінде үйренгенмін.

Лилиан үстелге шынтақтай тұрды.

– Соғыс кезінде сен көп нәрсені үйренгенсің. Рас па?

– Өте көп нәрсені. Тегі, үнемі соғыс қой.

Қоныстанушылардың бірі бір бөтелке су алдырмақшы болды, кетпекші болған тағы біреу таңғы алтыда оятуды өтінді. Клерфэ бәрін жазып қойды. Өзіне таңыркай қараған қасқабас мырзаға Клерфэ он екінші нөмірдің кілтін алып берді, ал ағылшынның жап-

[1] Бұл дұрыс емес, мсье *(франц.)*.

жас екі келіншегіне жиырма төртінші және жиырма бесінші нөмірлердің кілттерін тапсырды. Содан соң ауыз үйге қызыңқырап алған бір еркек кіріп кетті де Лилианның басы бос яки бос емесін және нарқының қандай екенін білгісі келді.

– Мың доллар, – деді Клерфэ.

– Бірде-бір әйелдің нарқы ондай болмайды, ақымақ, – деді масаң, соны айтты да судың шолпылы естіліп жатқан жағалаудың түнегіне сүңгіп ғайып болды.

Бөтелкелері мен шұжығын көтеріп портье жетті де енді бірдеңе қажет болса "Тур д' Аржанға" немесе "Лаперузаға" тағы да барып келуге әзір екенін мәлімдеді. Ол үшін велосипеді барын айтты.

– Ертең болсын, – деді Клерфэ. – Сіздерде бос бөлме бар ма?

Портье оған есуас адамға қарағандай одырайды.

– Мадамның бөлмесі бар емес пе?

– Мадам – күйеудегі әйел. Менің әйелім, – деді Клерфэ. Қайтадан аңырған портье олай болса "Дон Периньонның" неге қажет болғанын түсіне алмай ошарылды.

– Алтыншы нөмір бос, – деді ол. – Тура мадаммен жапсарлас.

– Жақсы. Мынаның бәрін сонда апарыңыз.

Өзі сатып әкелген заттарын апарып қайтқан портье шайлық ақшаны көрген соң мсьенің тапсырмаларын орындап түні бойы велосипедпен шапқылауға әзір екенін айтты. Клерфэ оған бір мәсуек, бір кесек сабын және сол сияқтыларды сатып әкеп, таңертең есігінің алдына қоюды өтініп жазған бір парақ қағаз ұстатты. Портье бәрін бұлжытпай орындайтынын айтып, жөніне кетті. Содан соң ол тағы бір соғып мұз әкеп берді де тайып тұрды.

– Бүгін кешке сені жалғыз тастасам, сенді қайтып көрмеспін деп ойладым, – деді Клерфэ.

Лилиан терезе алдындағы тақтайға отырды.

– Мен түн баласы соны ойлап шығамын.

Клерфэнің жаны ышқынып кетті. Лилианның нәзік сұлбасы терезе сыртындағы түннің аясында айқын көрінеді. Кенет ол Клерфэге сұмдық жалғыз көрініп кетті – аласталған емес, қағыс қалған.

– Мен сені сүйемін, – деді Клерфэ. – Саған қажет пе, жоқ па – білмеймін, – бірақ бұл – шын сөзім.

Әйел жауап қатқан жоқ.

– Өзің де түсінесің, мен мұны бүгінгі оқиғаға байланысты айтып отырған жоқпын, – деді Клерфэ өтірікті соғып жібергенін өзі де аңдамай. – Бүгінгі кешті ұмыт. Ол кездейсоқ болды, мен

ақымақтық істедім, әбден шатастым. Дүние бүлініп кетсе де сені ренжіткім келмес еді.

Лилиан тағы біраз үнсіз отырды.

– Өз ойымша, белгілі бір дәрежеде маған өкпе-наз жүрмейтін сияқты, – деді ол ақыры ой құшағында отырып. – Шынымен солай ойлаймын. Бәлкім, ол анау, басқаның өтеуі шығар.

Клерфэ оған не дерін білмеді. Оның нені мезгеп отырғанын түсінді, бірақ өз ойынша, мәселе мүлдем керісінше еді. Бәлкім, екеуінікі де дұрыс шығар, тек бірін-бірі толықтырып отырған болар.

– Түнде сенің терің қабыршақ секілді ішінен сәулеленеді, – деді Клерфэ. – Ол сәулені жұтпайды, қайта өзі сәуле шашады. Сен шынымен шарап ішесің бе?

– Иә. Әрі десе, лион шұжығын де жеп көрсем деймін. Нан қосып. Оныма шамданбайсың ба?

– Ештеңеге де шамданбаймын. Өзім қазір осы түнді өмір бойы күткендеймін. Портьенің сарымсақ сасыған жұмыс орнынан әрідегі күллі дүние күйреген. Тек екеуіміз ғана аман қалдық.

– Үлгердік пе?

– Иә. Тындашы, айнала қалай жым-жырт.

– Тынышталған сенсің, – деп жауап қатты Лилиан. – Өйткені дегеніне жеттің.

– Мен бе жеткен? Мен өзім айтулы тігіншіге барған адам сияктымын.

– Е, сен менің үнсіз достарымды айтады екенсің ғой. – Лилиан бөлмеге самсата ілінген көйлектеріне қарады. – Түн баласы бұлар маған тек ертегіде болатын балдар мен карнавалдар туралы әңгіме айтып шығады. Бірақ бүгін енді бұлардың маған керегі жоқ. Әлде, бәрін жинап, шкафқа іліп қойсам ба екен?

– Тұра берсін. Бұлар саған не әңгіме айтты?

– Көп жайдан. Кейде тіпті теңіз жайында. Тегі, мен теңіз көрген емеспін ғой.

– Біз теңізге барамыз, – деді Клерфэ.

Соны айтып, оған сыра құйылған стаканды ұстатты.

– Бірнеше күннен соң біз солай қарай жолға шығамыз. Менің Сицилияға баруым керек. Сонда жарыс болады. Бірақ менің жеңістен үмітім жоқ.

– Сонда сен ұдайы жеңімпаз бола бергің келе ме?

– Кейде сол өте кажет. Қиялшылдар ақшаны жұмсаудың орнын біледі.

Лилиан күлді.

– Мұны Гастон ағама айтайыншы.

Клерфэ кереуеттің басына ілінген, күміс түстес жұка дүриядан тігілген көйлектен көз алар емес.

– Әдейі Сицилияға арналғандай, – деді ол.

– Мұны мен кеше түн жарымында киіп көргенмін.

– Қай жерде?

– Осында.

– Бір өзің бе?

– Бір өзім.

– Енді сен жалғыз болмайсың.

– Жалғыз болып көрген емеспін.

– Білем, – деді Клерфэ. – Мен сені сүйем дегенде маған риза болуың керек сиякты айтамын. Бірақ ондай ойдан аулақпын. Жәй, әншейін, ақымақтың сөзін айтам, өйткені маған...

– Жоқ, сен ақымақтың сөзін айтпайсың...

– Әрбір еркек, егер ол әйелге өтірік айтпаса, ақымақтың сөзін айтады.

– Бар, – деді Лилиан, – "Дон Периньонның" аузын ашып әкелші. Сен нан мен шұжықтан тым сенімсіз әрі терең ойлы болып кетеді екенсің. Нені іскеп тұрсың? Менің иісім қандай екен?

– Сенен сарымсақтың, Айдың және мен ажырата алмайтын өтіріктің иісі шығатын сиякты.

– Онда Құдайға шүкір. Кәне енді қайтадан Жерге түсейік. Бүйте берсек, одан оп-онай ажырап кетерміз.

Әлдеқайдан қанар бұлбұлдың әні жетті. Клерфэ оны ұйықтап жатып естіген. Ояна салысымен апалақтап айналасына карады. Бір сәт қайда жатканын түсіне қойған жоқ. Ақшуда бұлттар мен өзеннен түскен күннің ебелегі төбеде діріл қағады; бөлме төңкеріліп түскенге ұқсайды: асты үстінде, үсті астында секілді. Бөлменің төбесі ашық жасыл түсті сәтен бүрмемен көмкеріліпті. Ваннаның есігі ашық тұр екен, ал ондағы терезе айқара ашылған, сондықтан Клерфэнің көзіне қарсы беттегі үйдің қанар бұлбұлы бар қапаз қыстырылған терезесі шалынды. Одан әрегіректегі үстел басында шашын сарыға бояған шомбал денелі әйел отыр; сондай-ақ Клерфэ оның алдында таңертеңгі емес, түскі ас пен жарты бөтелке бордо шарабы тұрғанын байқап қалды.

Клерфэ қолымен сипалап сағатын алды. Қателеспеген екен. Он екі болыпты. Ұйқыдан бұлай кеш тұрмағанына не заман; кенет Клерфэ карнының катты ашқанын сезді. Абайлап, есікті саңылаулап ашты. Табалдырықта жатқан түйіншектің ішінде кеше

өзі айтқандардың бәрі бар болып шықты. Портье уәдеде тұрған екен. Клерфэ жуынатын заттарды алып, ваннаны суға толтырды да жуынып-шайынып, киініп алды. Лилианнан әбден кеш қайтқан болатын. Қасында жатып ұйықтап алған соң мазаламай, өз нөміріне кетіп қалуды дұрыс көрген.

Қанар бұлбұл әлі сайрап отыр екен. Керсендей аққұба әйел енді алма бәлішімен кофе ішуге кірісіпті. Клерфэ жағалауға қарайтын екінші терезеге барды. Далада – қайнаған өмір. Букинистердің далба дүкендері ашық тұр, өзен бойлап күн көзінде жарқыраған тіркеуіш кеме жүзіп барады, оның артқы жағында тұрған иттің шәуілдеп үргені бір байбалам. Клерфэ еңсеріле қарап, көрші терезеден Лилианды көрді. Ол өзіне Клерфэнің қарап тұрғанын сезбестен терезеден басын шығарып, арқан жіпке байланған жайпақ себетті байыппен саумалап төмен түсіре бастады. Бұлардың тура астындағы дәмхананың жанына жәшіктерін жайнатып, теніз ұлуын сатушы орналасыпты. Сірә, бұл тәсіл оған таныс болса керек. Себет төменге түскен соң сатушы оның түбіне дымқыл балдыр төсеп, жоғарыға қарады.

– Сізге қандай ұлу керек еді, морен ба, белон ба? Бүгін белон жақсы.

– Белоннан алтау, – деді Лилиан.

– Он екі, – деп қосты Клерфэ.

Лилиан оған бұрылып, күліп жіберді.

– Сенің таңғы асқа барғың келмей ме?

– Ұлу жегім келеді. Содан соң апельсин шырынының орнына бір бөтелке жеңіл пуйя болса.

– Он екі ме? – деп сұрады сатушы.

– Он сегіз, – деп жауап қатты Лилиан, содан соң Клерфэге қарап: – Бері кел. Шарап ала келерсің, – деді.

Клерфэ дәмханадан бір бөтелке пуйя мен екі рөмке алды. Ол және нан, май, тағы бір тілім л'эвек ала барды.

– Бұл әдісіңді жиі қолданамысың? – деп сұрады ол.

– Күн сайын десем де болады. Бүгін тіпті сақтық үшін кешкі тамағымды да осылай жемекпін. Өйткені Гастон нағашым менің құрметіме түстік береді емес пе. Сені де шақырса қалай қарайсың?

– Қажеті жоқ.

– Мейлі. Ол түстіктің маған дәулетті күйеу табу дейтін мақсатына қайшы келер еді. Мүмкін сен дәулетті шығарсың?

– Менің бірер апта ғана баитыным бар. Тым тәуір дәулеті бар жігіт табылып жатса, оған тиер ме едің?

– Маған шарап құй, – деп жауап қатты Лилиан, – және қайдағы жоқты айтпай отыр.

– Сенен бәрін күтуге болады.

– Ол қашаннан бері?

– Мен сен туралы көп ойландым.

– Қашан?

– Түсімде. Сенің не істеп, не қоятыныңды алдын ала біліп болмайды. Сен маған беймәлім, айрықша тәртіпке бағынатын сияқтысың.

– Несі бар, – деді Лилиан. – Оның зияны жоқ. Бүгін күндіз не істейміз?

– Бүгін күндіз сен менімен бірге "Риц" мейманханасына барасың. Сол жерде сені холға, жұпынылау бір бұрышқа он бес минуттай оңаша қалдырып, қолына біраз журнал беремін де өзім киімімді ауыстырамын. Содан соң, Гастон ағаңа ерегіскенде, дұрыстап тамақтанамыз.

Лилиан терезеге қараған күйі ләм-лим деп жауап қатқан жоқ.

– Қаласаң, соның алдында сенімен бірге Сен-Шапель шіркеуіне немесе Париж Құдай Анасы Шіркеуіне, тіпті мұражайға барып шығайын; ең қауіптісі – сенің бойында ештеңеге қыры жоқ көн етіктінің де, құлдырау заманындағы тағдыр айдап Византиядан бір-ақ шыққан көк етікті грек сылқымдарының да сипаттары қатқабат тоғысқан. Қысқасы, мен бәріне дайынмын, Эйфель мұнарасына жүр десең де немесе "Бато Муш" кемесіне мініп Сенамен серуенге шығайық десең де барамын.

– Сенамен серуенге шығып көргенім бар. Сол жерде қалталы бір қасапшының ашынасы болуыма ұсыныс жасалған-ды. Ол маған пәтер жалдап беруге уәде етіп еді.

– Ал Эйфель мұнарасында болып па едің?

– Жоқ. Оған мен сенімен барамын, сүйіктім.

– Өзім де біліп ем. Сен бақыттысың ба?

– Бақыт деген не өзі?

– Дұрыс айтасың, – деді Клерфэ қымсынып. – Соның не екенін кім біліпті. Мүмкін, ол шыңыраудың шетінде тұру болар.

***

Гастон нағашысының үйіндегі қонақтан кейін виконт де Пестр Лилианды мәшинесімен мейманханаға жеткізіп салды. Кеш тым көңілсіз өтті, бірақ дастарканы айта қалғандай екен. Ағасы бірнеше әйел мен алты еркекті шақырыпты. Әйелдері кірпіше

жиырылған өншең бәлекет: қай жағынан келеріндi білмейсiн, әшейін атырылып тұр. Бірде-біреуі кербез деуге келмейді, әрі бәрінің күйеуі бар. Еркектердің төртеуі бойдақ көрінді; бәрі қалталы, дүмді, екеуі жас, ал ең москалы және ең байы виконт Пестр екен.

– Сіз неге сол жағалауда тұрасыз? – деп сұрады ол. – Әсершіл көнілдің тілегі ме?

– Жәй ғана кездейсоқтық. Бұл – мен білетін тілектердің ең ізгісі.

– Сіз Вандом алаңында тұруыңыз керек қой.

– Тіпті ғажап нәрсе, – деді Лилиан, – осы жұрттың көбі менің қайда тұруым керегін өзімнен артық біледі.

– Вандом алаңында менің бір шағын пәтерім бар, суретшінің ательесі мәндес баспана, ал өзім онда ешқашан болмаймын.

– Соны маған жалға бермекпісіз?

– Берсе несі бар екен?

– Сонда ол қанша тұрмақшы?

Пестр жайланып отырды.

– Акша жағын қозғап қайтеміз? Соны бір барып көрініізші. Көнілінізге ұнаса, ол сіздікі.

– Әрі маған ешқандай шарт қоймайсыз ба?

– Тіпті ешқандай. Әрине, реті келгенде менімен мейманханаға барсаңыз, бек риза болар ем, бірақ ол да шарт емес.

– Тегі, бұл дүниеде риясыз жандар әлі бар екен-ау, – деді Лилиан.

– Оны қашан көресіз? Ертең барсаңыз қайтеді? Сізбен ертең түстікке барсақ қалай қарайсыз?

Лилиан оның ақ түрпі мұрт өскен сопақша бетіне қарады.

– Турасын айтқанда, нағашым мені күйеуге бергісі ойы бар, – деді ол.

Пестр күлді.

– Сіздің болашағыңыз әлі алда. Нағашыңыз сәл ескілікті адам ғой.

– Ол пәтерде екі адамдық орын бар ма?

– Болар деймін. Оны неге сұрадыңыз?

– Досыммен бірге жайғаса қалсам дегенім ғой.

Пестр бір мезет оған байыппен қарап қалған.

– Ондай жағдайды да ойластыру керек екен, – деді ол сәл үнсіздіктен кейін, – бірақ, ашығын айтқанда, пәтер екі адамға біршама тарлық етуі ғажап емес. Біраз уақыт жалғыз тұрсаңыз болмай ма? Әуелі Парижбен жақсылап танысып алыңыз! Мұнда сіздің алдыңыздан көп мүмкіншіліктер ашылады.

– Рас айтасыз.

Мәшине тоқтап, Лилиан сыртқа шықты.

– Сонымен ертең сізге сағат нешеде келейін? – деп сұрады виконт.

– Ойланып көрейін. Гастон нағашымнан сұрасам, қарсы емессіз бе?

– Сіздің орнынызда болсам, мен өйтпес едім. Оны боска мазалап кажеті не? Өзіңіз де оны істемессіз деймін.

– Неге?

– Оны сұраған адам ешкашан да олай етпейді. Сіз аса сұлусыз және өте жассыз, мадемуазель. Мен сізді өзіңізге лайық жақтауға салсам арманым болмас еді. Мен сияқты жасамыс адамға сеніңіз: бұл жер сізге қаншама ғажап көрінгенімен, мұндағы тірлігіңіз – бос кеткен уақыт. Сізге сән-салтанат керек, үлкен сән-салтанат. Қошеметім үшін кешіріңіз, бірақ мен адам танимын. Жақсы жатып, жай тұрыныз, мадемуазель.

***

Лилиан баспалдақпен көтерілді. Әуелгіде Гастон нағашысы ұйымдастырған күйеулер көрмесі оған ашы мысқылдан басқа ешкандай әсер етпеген болатын. Ол өзін енсесін көтеру үшін өмірдің қызықтарымен еліктірген жаралы жауынгердей сезінді. Бірақ сәлден соң кенет көңілі құлазып жүріп берсін. Осынау тірідей іріп-шіріген жандардың арасындағы жалғыз дені дұрысы өзі сияқтанып кетті. Олардың әңгімелерін түсінбейтін тәрізденді. Өзіне немкетті нәрсенің бәрі оларға аса маңызды сияқтанды, ал мұның ансарлы дүниесіне, неге екенін кім білсін, олар тыйым салған. Виконт де Пестрдің ұсынысы оған, сірә, ең ақылға қонымды сияқты көрінді.

– Иә, қалай, Гастон нағашың ойлаған жеріннен шыға алды ма? – деген Клерфэнің дауысы естілді дәліздсн.

– Сен осындамысың? Түнгі мейманхана бармай, ештеңе ішпей осында жүрмісің?

– Ондай дүниелерден көңілім қалған.

– Мені күтіп жүрсің бе?

– Иә, – деді Клерфэ – Сенің арқанда керемет игі жанға айналатын түрім бар. Енді ішкім келмейді. Сенсіз жерде.

– Бұрын ішіп пе едің?

– Әрине. Жарыс-жарыстың арасында ұдайы ішетінмін. Оным көбінесе апат-апаттың арасында болып кететін. Шамасы,

қорқақтықтан ішетін болуым керек. Әлде өзімнен өзім қашқан түрім бе екен? Енді соның бәрі өтті-кетті. Бүгін күндіз мен Сен-Шапель шіркеуінде болдым. Ал ертең тіпті Клюни мұражайына бармақпын. Екеумізді бірге көрген таныстарымның бірі сені сол мұражайда ілулі тұрған гобеленде бейнеленген сынар мүйіздіге ұқсайды екен дейді. Әйтеуір сен жұрттың аузындасың. Қалай, тағы бір жаққа барамыз ба?

– Бүгін кешке ешқайда бармаймын.

– Бүгін сен өмірді асүй, салон және жатын бөлме деп қана білетін алпауыттарда қонақта болдың, ал шынтуайтында өмірдің тым желкені көп қайық екенін және оның кез келген уақытта аударылып түсетінін олар қайдан білсін. Сен енді олардан демалуың керек.

Лилиан күлді.

– Сен қалайда ішіп алғансың ғой?

– Жо-ға, оның маған қажеті шамалы. Сенің шынымен-ақ ешқайда барғың келмей ме?

– Қайда?

– Көше біткеннің әрқайсына және өзің бірденесін естіген думанханалардың бәріне: Киім киісінде мін жоқ. Тіпті өзіннің кежегең кейін тартса да мына көйлекті біз жұртқа көрсетуіміз керек. Тегі, көйлек атаулыға қатысты белгілі бір міндет бар емес пе.

– Ал адамдарға қатысты болмай ма?

– Әрине, болмайды.

– Жақсы. Баяу жүріп отырайық. Көшелерді аралайық. Бірде-біреуінде жатқан қар жоқ. Әр бұрышта гүл сатылып жатыр. Бір құшақ шсгір гүл сатып алайықшы.

Клерфэ мәшинесін жағалаудағы абыр-сабыр жүрістен шығарды да мейманхананың алдына барды. Оған қатарлас мейрамхана енді жабылғалы жатыр екен.

– Зарыққан ғашық, – деген дауыс тура құлағының түбінен естілді. – Ондай халге сен тым кәрі емессің бе? – Клерфэнің қасында Лидия Морелли тұр екен. Ол жанындағы серігінен озыңқырап мейрамханадан жаңа ғана шыққан.

– Сөзсіз, – деп жауап қатты Клерфэ.

Лидия ақ жамылғысының етегін иығынан асыра тастады.

– Жаңа қырыңнан көрінбексің! Тіпті күлкілі, жарқыным. Әрі анандай шикі өкпемен.

– Қошемет деп осыны айт, – деді Клерфэ. – Мұндай сөз сенің аузыңнан шыққа, демек, оның әдемі болғаны.

– Әдемі! Парижден бөлме жалдап, Баленсиагадан үш көйлек сатып алған салдақы.

– Үш дейді? Оның құрығанда отыз көйлегі бар деп жүрсем. Олар оның үстінде күн сайын басқаша құлпырады. – Клерфэ күліп жіберді. – Қашаннан бері сен жас қыздарды тыншыдай тіміскілейтін болғансың?

Лидия оған бірер кәрлі сөз айтпақшы болып оқталып еді, бірақ сол сәтте мейрамханадан серігі шыға қалды. Ол Клерфэні танымайтын. Құдды қару ұстаған адамша жігітінің қолынан шап берген Лидия Клерфэнің қасынан өтіп кете барды.

Әлден соң барып Лилиан келді.

– Қазір ғана біреу маған сенің айдай сұлу екенінді айтты, – деді Клерфэ. – Енді сені жұрт көзінен тасаламаса болмас.

– Күтем деп ішің пысып кетті ме?

– Жоқ. Егер адам көптен бері ешкімді күтпеген болса, жаңа біреуді тосқаны оны он жылға жасартады. Бәлкім, тіпті жиырма жылға... Мен енді ешқашан біреуді күтпеспін деп едім.

– Ал мен өмір бойы әлденені күтумен келемін.

Лилиан қасқабас еркекпен бірге мейрамханадан шыққан ақсары түсті шілтерлі жамылғысы бар әйелдің соңынан қарап қалды; ол кіл өңкей жаңғақтай ірі гауһардан алқа тақкан екен.

– Жарқырауын қарашы! – деді Лилиан.

Клерфэ жауап қаткан жоқ. Асыл тас атаулы оның ең осал жері болатын; егер ол Лилианның көкейіне бір қонақтаса, оның тілегін бұдан әлдеқайда құлдық ұрып орындайтын адамдар қаптал табылады.

– Асыл тасқа әуестігім жоқ,– деді Лилиан оның ойын оқып қойғандай-ақ. "Мен үшін ол тым ерте де, кеш те", – деп ойлады өзі.

– Сен жаңа көйлек кигенбісің? – деп сұрады Клерфэ.

– Иә. Мұны бүгін ғана әкелді.

– Көйлегіңнің бәрі нешеу өзі?

– Осымен сегіз болды. Оны неге сұрадың?

Сірә, Лидия Морелли тәуір-ақ хабардар секілді. Оның үш көйлек дегені де дағдылы нәрсе болғаны.

– Гастон ағамның зәре-құтын алып болдым, – деді Лилиан күліп. – Барлық есепшотты соған жібердім. Оның тек бір білмейтіні: осы көйлектер менің бүкіл өміріме жетеді. Ал енді, кәне, ең мынау деген түнгі мейрамханаға тартайық. Сенің сөзіннің жаны бар. Көйлектердің де өзіндік қақысы болады.

***

– Тағы бір жерге барамыз ба? – деп сұрады Клерфэ. Таңғы сағат төрт болған еді.

– Иә, барайық, – деді Лилиан. – Шаршаған жоқсың ба?

Лилианнан шаршаған-шаршамағанын сұрауға болмайтынын Клерфэ білетін.

– Әзірге жоқ, – деді ол. – Саған ұнай ма?

– Өте.

– Жарайды, онда басқа бір мейрамханаға баралық. Сығандары барына.

Монмартр да, Монпарнас та, біршама кешігіп болса да, соғыстан кейінгі дүрсу шағында тұрған. Сауықханалар мен түнгі мейрамханалардың алашұбар апандары көк түтінге оранған. Олар тегі, су астында тұрғандай-ақ. Мұнда болып жатқан абырдабырдың бәрі бір нәрсенің шексіз қайталауы дерлік. Лилиан болмаса Клерфэ жалығып өлер ме еді, кім білсін. Ал Лилиан үшін мұның бәрі таңсық, ол нақты бір нәрсені де емес, әмбе жұрттың көргенін де емес, өзінің көргісі келгенін көрді. Күдік-күмәні мол сауықханалар оның көзіне отты күйін болып көрінді, ал шайлық десе өліп кете жаздайтын оркестрлер керемет капеллаға ұқсап кетті. Жалдамалы бишілер, қалталы саудагерлер, жүгенсіз кеткен кемақыл қатындар – уақыттарын қалай өткізерін білмеген немесе оқыс оқиға күтіп, яки әлдебір мәміле жасағысы келген үйбезерлер толы залдарды ол құдды бір ұшқындаған иірім құрлы қабылдады, өйткені өзінің қалағаны осы еді, ол мұнда осындай дырду іздеп келген.

"Осында сенделіп жүргендерден мұның айырмашылығы осы, – деп ойлады Клерфэ. – Аналардың бәрі не жанжал іздейді, болмаса бизнес құрады, яки өз бойларындағы бос кеңістікті джаздың даңғазасымен толтырмақшы болады. Ал бұл өмір іздейді, тек өмірді қуады, оны құдды бір ақ шаңқан бұғы немесе ертедегі сынар мүйіз сияқтандырып қыр соңына түседі. Өзі аялдау, жанжағына қарау дейтінді білмейді. Бұған ерсең, өзінді иә қаусаған карт, иә болмаса беймарал бала сезінесің. Сол уақытта ұмыт қалған жылдардың терең қойнауынан кенет әлдебіреулердің бет әлпеті қалқып шығып, ескі армандар мен қилы қиялдардың сұлбасы қайтадан жанданады, ал содан соң, ымырттағы найзағайдың шақпағындай болып, өмірдің қайталанбайтыны туралы әлдеқашан ұмытылған сезім қайыра бас көтереді".

Ықыласты қоцыркай көз сығандар үстелді шыр көбелек айналып, жарамсақтана бүгіліп, ән шырқатып жүр. Лилиан олардың әніне елтіп қалған.

"Бұлардың әнмен айтқандарының бәріне ол қалтқысыз сенеді, – деп ойлады Клерфэ. – Оның көкей көзінің алдында далиып дала жатыр, түн қойнауынан жалғыз-жарым өксік естіп, жалғыздықты өзі де сезінеді және алау мен оның басындағы қорғаныш іздеген адамды көреді; тіпті айтыла-айтыла мезі қылған, әбден кадірі кашкан жыланқы әндердің өзін ол бүкіл адамзаттың әнұранындай кабылдайды, солардың әркайсынан кайғы-касіретті де, колға жұкпасты ұстап калсам деген аңсарлықты да және оның мүмкін еместігін де кабат естігендей болады. Лидия Морелли айтқан сөздің де жаны бар – осының бәрін оның карабайырлығы деуге де болар еді, бірак дәл осы касиеттері үшін Лилианға табынуға болмайды десе, мен бәс тігер едім".

– Байкаймын, тым көп ішіп қойған сиякты мын, – деді Клерфэ.

– *Тым көп* дегенде сен нені айтасың?

– Өз "менінді" сезінуден кала бастаганды.

– Олай болса, мен тым көп ішуім керек екен. Мына мен өз "менімді" жактырмаймын.

"Өзі ештеңеден тайсалмайды, – деп ойлады Клерфэ. – Думанхана бұған өмірдің өз бейнесіндей көрінеді, ал кез келген карабайыр сөз мұның құлағына ең алгаш айтылгандағысындай әрі сикырлы, әрі акылды естілетін болса керек. Тегі, бұған шыдау киын. Ол өлетінін біледі, адамдардың есірткіге бой алдыратыны сиякты, осы ойға өзі әбден көндіккен, бұл ой оған бүкіл дүниені өзгеше көрсетеді, үрей деген оған жат, ол пасыктыктан да, күпірліктен де корыкпайды. Ал мен ешбір ойланбастан иірімге койып кетудің орнына, құдай ұрып, тартыншактай беретінім неліктен?"

– Мен саған сиынуға бармын, – деді Клерфэ.

– Соны көп айта бермеші, – деп жауап катты ол. – Тек алыстан ғана сиынуға болады.

– Ол бірак саған катысты емес.

– Олай болса, осыны үнемі кайталай бер, – деді ол. – Маған ол су мен шараптай кажет.

Клерфэ күлді.

– Кашанғыдай, сенікі жөн. Бірак мәселе сонда ма? Біз кайда барамыз?

– Мейманханаға. Мен орын ауыстырсам деймін.

Клерфэ ештенеге таңыркамаска бекінді.

– Жарайды, олай болса барып жиналайык, – деді ол.

– Мен заттарымды жинастырып қойғанмын.

– Қайда көшпексің?

– Басқа мейманханалардың біріне. Міне, екі күн қатарынан дәл осы уақытта маған бір әйел телефон соғады. Табаныңды жалтырат, бұл жер сенің орнын емес дегенді айтады. Сол сияқты басқа да доңайбаты көп.

– Онымен байланыстырушы болма деп портьеге айтпайсың ба?

– Айтуын айттым, бірақ ол бәрібір амалын тауып өтіп кетеді. Кеше оны менің шешеммін деп алдапты. Тілінде бір мүкісі бар. Француз емесі анық.

"Лидия Морелли" – деп ойлады Клерфэ.

– Ал маған неге айтпадың?

– Несін айтам? Немене, "Рицте" бос нөмір жоқ па?

– Әрине, бар.

– Онда жақсы. Менің қайда жатқанымды естісе Гастон ағам шалқасынан түсетін шығар.

Клерфэ портьеден абажадай сандық алып (оны қуғында жүрген бір неміс майоры мейманханада тастап кетсе керек), Лилианның жаңа көйлектерін соған салды. Бұл кезде Лилиан кереуетте мәз боп күліп отырған.

– Маған бұл жерден кету оңай емес, – деді ол. – Мұндағының бәріне бауыр басып қалыппын. Бірақ қимасам да өкінішім жоқ. Соны түсінесің бе?

Клерфэ басын көтерді.

– Түсінем-ау деп қорқам. Сен ештеңеден өкінбей ажырасасың.

Лилиан қайта күлді. Ол екі аяғын созып жіберіп, кереуетте отыр. Қолында – бір рөмке шарап.

– Енді ештеңенің өкініші жоқ. Мен шипажайдан кеткен екенмін, басқа қай жерден де кете аламын.

"Бүйте берсе бұл менен де кетер-ау, – деп ойлады Клерфэ, – жұрттың мейманханасын ауыстырғаны сияқты, мені де оп-оңай ауыстырып жүре берер".

– Міне, қарашы, мынау – неміс майорының семсері, – деді ол. – Сірә, сасқалақтап жүріп, ұмытып кеткен болар. Неміс офицері үшін ол жараспайтын-ақ қылық. Семсерді мен сандықта қалдырайын. Айтпақшы, сен массың ғой, бірақ сол өзіңе өте жарасады екен. Сәтін салғанда, бұдан екі күн бұрын саған деп "Рицадан" бір нөмірге тапсырыс беріп қойып едім. Әйтпесе ондағы портьенің алдынан өту оңай емес.

Лилиан семсерді қолына алып, орнынан тұрмастан оны серт ұстады.

– Сен маған қатты ұнайсың. Осы мен неге ешуақытта сенің атыңды атамаймын?

– Менің атымды ешкім атамайды.

– Онда менің атағаным тіпті дұрыс болар.

– Бітті, – деді Клерфэ. – Семсерді өзіңмен бірге алғың келе ме?

– Оны осында қалдыр.

Клерфэ кілтті қалтасына салып, Лилианға пальтосын әперді.

– Мен тым жүдеп кетіппін бе? – деп сұрады Лилиан.

– Жоқ. Меніңше, екі килограмдай қосқансың.

– Енді ең бастысы сол, – деп міңгірледі Лилиан.

Шабандандар таксиге салынып, ол бұлардың ізімен жүріп отырды.

– "Рицтегі" бөлмем Вандом алаңына қарай ма? – деп сұрады Лилиан.

– Иә. Ол немістер жағына шығады. Соғыс кезінде онда немістер тұрған. Ал Камбон көшесіне қарайтын нөмірлерді жоғары нәсілге жатпайтын адамдар мекендеді. Ол кезде осындай шетін нәрселерге мән берілетін.

– Ал сен қайда тұрдың?

– Бір мезет мен әскери тұрғындарға арналған лагерьде отырғанмын. Ал ағам ол кезде Вандом алаңына шығатын нөмірлерде тұрды. Біз эльзастықтармыз. Ағамның әкесі – неміс, ал менің әкем – француз болатын.

– Сонда ағаңның сені құтқаруға шамасы жетпеді ме?

Клерфэ күлді.

– Оған салсаң, мені аулағырақ жіберер еді. Тіпті жаһаннамның түбіне болса да. Аспанға қарашы. Таң атып келеді. Құстардың сайрағанын естимісің? Қалада оларды тек осы мезгілде ғана тыңдай аласың Түні бойы мейрамханада отырып, таң бозымен қайтқанда ғана табиғатты сүюшілер сайрауықтың әніне елти алады.

Олар Вандом алаңына қарай бұрылды.

Осынау елең-аланда атшаптырым сұрқай алаң жым-жырт көрінді; аспанда бұлт көшкеніне қарамастан айнала тегіс сары жалқын сәулеге бөгіп тұр.

– Бағзыда адамдар қандай ғажайып ғимараттар салғанын көргенінде олар бізден гөрі бақытты болған-ау деп еріксіз ойға қаласың, – деді Лилиан. – Сеніңше қалай?

– Меніңше, олай емес, – деп жауап қатты Клерфэ. Ол мәшинесін мейманхананың кіреберісіне тоқтатқан. – Мен қазір бақыттымын.

– деді ол– Әрі біз бакыт дейтіннің не екенін білеміз бе, жок па – онда менің шаруам шамалы. Иә, мен нак осы сәтте бакыттымын, сенімен бірге осы аланда тұрып тыныштыкка ден койғаныма бакыттымын. Ал сенің ұйкың канған соң біз Сицилияға тартамыз. Онда мен "Тарго Флорио" деп аталатын жарыска катысамын...

***

Сицилияда көктем дүркіреп тұрған. "Тарго Флорио" жарысы өтуге тиісті тас жол (жүз сегіз километр және мың төрт жүздей бұралаң) күніне бірнеше сағат жабылады екен: онда жаттығу өтуі тиіс. Баска уакытта да шабандоздар, баяу жылдамдыкпен болсын, бұл аракашыктыкты әлденеше өтіп, бұралаң-бұрылыстарды, еністерді, кайкандарды және жолдың ерекшеліктерін естеріне сактаумен болды. Сондыктан осы ак жол мен күллі шуакты алкап таннын атысынан күннің батысына дейін куатты моторлардың гүрілінен калтырап жатты.

Клерфэнің жұптасы жиырма төрт жасар итальяндык Альфредо Торриани болатын. Екеуі де ұзакты күнге жол бойында болады. Кешке карай тотығып, аштык пен шөлден өле жаздап кайтады.

Клерфэ Лилианның жаттығу жүрістеріне катысуына тыйым салған. Оның өзге шабандоздардың әйелдері мен ғашык жарларына үксап, шамалары келгеніне көмектеспекші болғансып колдарына секундомер мен кағаз ұстап, автомобиль фирмалары мәшинелерді ұсак-түйек жөндеуге, дөңгелектерінің тысын ауыстыруға және бензин құюға арнап салған орындарда күні бойы бос сенделуін каламаған. Клерфэ Лилианды теніз жағасында жекежайы бар досымен таныстырды да оны сонда орналастырды. Досының аты Левалли еді, ол алабұға аулаумен айналысатын кемелерді ұстайтын. Клерфэнің оны тандауы тегін емес-ті; ол каскабас әрі толык адам болатын және жаратылысында нәпсікұмарлығы жок еді.

Лилиан ұзакты күнге теніз жағалауында немесе Леваллидің жекежайын коршаған бактың ішінде болады. Қараусыз калған бұл бакта аттаған сайын Эйхендорфтың өлендеріндегідей мәрмар мүсіндер кездеседі екен. Лилианда Клерфэні көрсем деген ниет бола койған жок, бірак оған кайда барса соңынан калмайтын, тіпті мамыражай апельсин тоғайын да жайлап алған бастығынкы мотор үні катты ұнады. Оны Лилианға, гүл шашкан ағаштардың жұпар иісімен коса, жел әкеледі де джунглидің дағырасынан шыккан су жаңа ырғактардан аумайтын осы даңғаза соқпа толкынның гүіліне

ұласады. Бұл бір алабөтен саз, бірақ Лилиан содан Клерфэнің даусын естігендей болады. Ол күні бойы көзіне көрінбей, көңілінде тұрады да ақыры Лилиан ыстық аспан мен теңіздің ақ шұғыласына қалай елтісе, оның даусына да солай елтиді. Лилиан қайда барсын мейлі – құдай мүсіндерінің саясындағы қарағай-лардың түбінде ұйықтап жатса да, отырғышта Петрарканы немесе "Әулие Августиннің өсиетін" оқып отырса да, ештеңені ойламай, теңіздің көркін қызықтаса да немесе қас қарайып, итальялық қыздар "pelicissima notte"[1] деп атайтын шақта – беймәлім құдіреттің күшімен әр созден сұрақ туындап жататын сәттерде текшеке-мерде отырса да Клерфэ онымен бірге болады. Алыстан жетіп, аспанды да, кешті де дағыраның дүрсілі мен гүрсіліне толтырған гуіл бір басылмай, Лилианның қаны да сонымен бірге шымырлап, бірге ағады. Ол ешбір сөзді қажет етпейтін махаббат еді.

Ал кешкілік сол гуілдің жетегінде Клерфэ келеді. Оның мәшинесі жекежайға жақындаған сайын гуіл күннің күркіріне ұласады.

– Бұл заманның кондотьерлері[2] байырғы заманның құдайлары сияқты, – деді Левалли Лилианға. – Олардың қай-қайсысысы да Юпитердің ұлдарынша дабылдатып, дуылдатып келеді.

– Оларды жақсы көрмейтініңіз не?

– Мен, тегі, автомобиль атаулыны жаратпаймын. Олардың гүрілі соғыс кезіндегі бомбалаушылардың тажалды үнін еске салады.

Соны айтты да аса сезімтал жуан Шопеннің фортепьянолық концерті жазылған күйтабақты қойды. Лилиан оған ойлы кейіпте қарады. Адамның біржақты болатыны ғажап, – деп ойлады ол. – Мынау тек өз тәжірибесіне сенеді және тек өзіне төнетін қауіпті ғана ойлайды. Осы бір өнерсүйгіш нәзік жанды адам өзінің кемелері қынадай қыратын алабұғалардың қандай сезімде болатынын бір сәт ойлады ма екен, сірә?

Бірнеше күннен кейін Левалли үлкен мереке ұйымдастырды. Оған Сицилия мен Оңтүстік Италиядан жүзшақты адам шақырды. Самаладай жанып шырағдандар мен лампиондар тұрды; жұлдызы самсаған түн ерекше жылы болатын; өзге бір ғаламшардан жіберілген шар сияктанып көкжиекте асылып қалған орасан зор қызыл Ай, қарансын деп әдейі жаратылғандай ұшы-қиырына көз жеткісіз теңіз айдыны теп-тегіс айнадай боп жалтырап жатты. Лилиан таң-тамаша.

---

[1] Тылсым түн *(итал.)*.

[2] Кондотьер – 14-16 гг. Еуропа корольдерінің біріндегі немесе Рим папасында қызметте болған Италиядағы жалдамалы әскери жасақтың басшысы; пайда үшін кез келген істі қорғауға әзір адам *(итал.)*.

– Сізге ұнай ма? – деп сұрады Левалли.

– Бар арманым осы еді.

– Бәрі ме?

– Бәрі десем де болар. Төрт жыл бойы тау басында, ақ қардың құрсауында қалып, осындай мерекені армандадым ғой. Осының бәрі қарға, тауға бір ұқсаса неғылсын...

– Мен аса қуаныштымын, – деді Левалли. – Мұндай мереке ұйымдастырмағаныма көп болып еді.

– Неге? Дағдылы нәрсеге айналып кетеді деп қорқасыз ба?

– Олай емес. Мереке дейтіндер... қалай айтсам екен... көңілімді құлазытатыны бар. Оларды ұйымдастырғанда үнемі әлденені ұмытсам екен дейсің... бірақ ұмыта алмайсың.

– Мен ештеңені де ұмытқым келмейді.

– Қойыңызшы? – деп сыпайы ғана сұрады Левалли.

– Енді солаймын, – деп жауап қатты Лилиан.

Левалли жымиды.

– Ертеде осы жерде Рим жекежайы тұрған және онда көл-көсір той-топырлар болған деседі; алаулар мен аузынан от ақтарылған Этнаның самаладай жарығында Римнің айдай сұлулары көңіл көтеретін болған ғой. Ежелгі римдіктер жұмбақтың шешуін табуға біртабан жақын қалған деп ойламайсыз ба?

– Қайдағы жұмбақтың?

– Біз не үшін өмір сүреміз дейтін.

– Тегі, біз өмір сүреміз бе өзі?

– Өзіміз осылай деп сұрасақ, ол да рас болар-ау. Осы әңгімені бастағаныма кешірім өтінем, бірақ біз, итальялықтар, күйреуік халықпыз, сырт көзге басқашалау көрінгенімізбен, күйреуік екеніміз анық.

– Пенде баласы сол, – деді Лилиан.– Тіпті есуастар да үнемі көңілді бола бермейді.

Клерфэнің мәшинесі жақындап келе жатқанын естіп, ол күлімсіреді.

– Аңыздың айтуынша, – деп сөзін сабақтады Левалли, – осы жекежайдың соңғы иесі болған әйел, таңның атысымен өзінің ашыналарын өлтіруге әмір етеді екен. Римнің ынсапсыз сұлуы қызыққа толы түннен кейінгі көңілдің пәсеюіне көне алмаған-ау.

– Неткен күрмеулі нәрсе! – деп ытырыла сөйледі Лилиан. – Оларды таң атқанша шығарып жіберуіне болмады ма екен? Немесе өзі-ақ кетіп қалса нетер еді?

Левалли оны қолтығынан алды.

– Әрдайым ең оңайы сол бола бермейді. Өзіннен өзің қайда қашып құтыларсың.

Олар музыка ойнап жатқан жаққа бет алды.

– Сіздің ешқандай меншікке ие болғыңыз келмей ме? – деп сұрады Левалли.

– Бәріне ие болсам деймін, яғни бұл – ештенеге де ие болғым келмейді деген сөз.

Левалли оның қолын сүйді.

– Міне, мәселе қайда, – деді ол. – Ал енді мен сізді сонау кипаристерге апарайын. Онда біз астынан жарық түсетін әйнекті едені бар би алаңын жасадық. Ондай алаңдарды Ривьерадағы жаздық мейманханалардан көріп құмартқан едім. Міне, сіздің жігіттеріңіз де келді – бүгін мұнда Неапольдің, Палермо мен Римнің тең жартысы жиналған болар.

– Не көрермен, не ойнаушы болуға әбден болады, – деді Левалли Клерфэге қарап.

– Немесе екеуі де болады.

– Мен тек көрермен болуды қалаймын. Мұның екеуін де үйлестіргісі келетін адамдар кемелділіктің шыңына шыға алмайды.

Олар кипаристердің алдындағы жарығы астынан түсетін әйнек еденде билеген әйелдерді қызықтап текшелерде отыр. Лилиан Фиола ханзадамен билеп жүрген.

– Оны жалын десе де болар, – деді Левалли Клерфэге. – Қалай билейтінін қараңызшы. Помпейдің мозаикасы есіңізде ме? Өнер туындысы – әйелдердің ғажап болатыны – олардағы артық нәрсенің бәрі аласталған! Тек сұлулығы ғана бейнеленген. Криттен әйгілі Миностың сарайындағы картиналарды көргеніңіз бар ма? Эхнатон заманындағы мысырлық әйелдердің бейнесін көріп пе едіңіз? Сопақ бет, қиық көз әдепсіз бишілер мен уыздай жас патша қыздары есінізде ме? Бәрінің бойында алаулаған от бар. Ал енді би алаңына назар аударыңызшы. Біз техниканың, әйнек пен электрдің көмегімен жаққан теп-тегіс жасанды жалынға қараңыз; әйелдер тура соның бетімен сырғып жүргендей. Соның бәрін көру үшін мен осындай алаң жасаттым. Оларды астынан жасанды жалын сәулелендіреді, көйлектерін от шарпып, бірте-бірте жоғары өрлей береді, ал олардың бет-жүздері мен иықтарына Ай мен жұлдыздардың салқын сәулесі қонады; қажет көрсеңіз, бұл ишараға біршама күліп алсаңыз да оқасы жоқ, бірақ бірер минут ойлануыңызға болады. Біздің жартылай құдайларға айналуымызға жол бермей, әрқайсымызды отағасы ететін, өнегелі қала тұрғыны,

бала-шағаның асыраушысы болуымызға мүмкіндік беретін және сөйте тұра, бізден құдай жасамаққа уәде беріп, өздерінің торына түсіретін бұл әйелдер неткен тамаша жандар десенізші. Шынында, осылар ғажап емес пе?

– Иә, олар ғажап, Левалли.

– Әрқайсысы бір-бір Цирцея[1] десең болмас па. Әрі ең күлкілісі – соған өздері сенбейді. Тұла бойларын жастықтың жалыны кернеген, бірақ сондарынан қалмай көзге көрінбейтін елес билеп барады, ол – тоғышарлықтың және кешікпей өздері жинап алатын он килі салмақтың елесі, отбасындағы күйкі тірліктің, мардымсыз атаққұмарлық пен болымсыз мақсаттардың, рухани қалжырау мен енжарлықтың, бітіп болмас бірсарындылық пен мысықтабандап жақындай түскен қарттықтың елесі. Осының бәрі бұлардың тек біреуіне – мұнда сіз ертіп келген, қазір Флорамен билеп жүрген аруға жолай қоймас деймін. Оны сіз қалай тауып жүрсіз?

Клерфэ иығын көтерді.

– Оны қайдан таптыңыз?

Жауап бермес бұрын Клерфэ бір сәт күмілжіді.

– Сіздің сөзіңізбен айтсам, мен оны Аид[2] патшалығының қақпасы алдынан таптым. Көп жылдан бері сіздің осындай лепірген сезімде болғаныңызды бірінші көруім.

– Мұндай көңіл күйінің сәті жиі бола бермейді. Аид патшалығының қақпасы алдынан... Енді сізден әрнені сұрап мазаңызды алмайын. Қиял тербетуге осы да жетеді. Сіз оны өзекті жандардан тек Орфей ғана құтылып шыққан үмітсіздіктің інір қаранғысынан тапқан екенсіз. Солай болар. Тек, қалай дегенмен, тозақтан әйелді құтқару үшін Орфей өз басын бұрынғысынан да сұмдық жалғыздыққа байлаған ғой. Ал сіздің бұған берер қандай құныңыз бар, Клерфэ?

Клерфэ күлімсіреді:

– Мен ырымшыл адаммын. Сондықтан және әсіресе жарыс алдында мұндай сұрақтарға жауап бермеймін.

***

"Бүгін Оберонның түні болды ғой, – деп ойлады Лилиан бірде Фиоламен, бірде Торрианимен билей жүріп. – Мұндағының бәрі: мына самаладай жарық та, көгілжім көлеңкелер де және бір

---

[1] *Цирцея* – грек мифологиясында – Эя аралының иесі, сиқыршы; азғырушы жауыз.

[2] *Аид* – көне грек мифологиясында жерасты дүниесі мен өлілер патшалығының құдайы; өлілердің жерасты патшалығы, тамұқ.

мезгілде әрі шындық, әрі елес боп көрінген омірдің озі де сиқырланған тәрізді. Аяктын тыкыры мүлдем естілмейді, бәрі музыка сазымен үнсіз қалқып бар жатқандай. Қар басқан шипажайда керсуетінің басына дене қызуының парақшасын іліп қойып, Неапольден немесе Парижден музыка тыңдап жатып осындай түнде, аспаннан Ай қарап, желдің лүп еткен лебі лимоза мен гүл төккен апельсин ағаштарының жұпарын желпіп тұратын мұндай түнде тіпті өлгін де келмейтін сияқты. Адамдар бір-бірімен жолығысып, бір сәт бірге болады да көптің арасына сүңгіп кетіп, енді баска біреудің ықыласына бөленіп жатады. Сенің алдыңнан өзге бейнелер, өзге адамдар табылады, бірақ алакан ыстығы сол баяғыдай.

"Осының өзі рас па? – деп ойлады Лилиан. – Әне, анау жерде бір мезет осынау ғажайып бақтың иесі болған қапалы адамның қасында менің ғашығым отыр; олардың әңгімесі мен туралы екенін де білемін. Сірә, сөз тізгіні қамығыңқы Леваллидің қолында болар; ол тағы да өзімнен сұраған жайдан сөз қозғап, менің сырымды білмек боп отырған шығар. Ешкім сырын аша алмаған ергежейлінің ешкімге сездірмей жұрттың бәріне күлетіні туралы ертегі болатын сияқты еді ғой. Оның атын да ешкім таба алмаушы еді". Лилиан жымиды.

– Бірдеңе ойладыңыз ба? – деп сұрады Фиола.

– Бар сыры – атын ешкім білмейтін бір адам туралы ертегі есіме түсіп кеткені.

Фиола күлімсіреді. Оның тотыққан жүзінде тістері өзгелердікінен әлдеқайда әппақ көрінеді.

– Мүмкін сіздің сырыңыз да сонда шығар? – деп сұрады ол.

Лилиан басын шайқады.

– Адам атының қандайлық мәні болуы мүмкін?

– Кейбір адамдардың бар сыры атында тұрады.

Билей жүріп Клерфэнің қасынан өткенде Лилиан оның ойлы жанарымен өзіне қарағанын байқап қалды.

"Ол мені өзімен қанша жүрсем де ештеңе сұрамайтынымен баурап алған сияқты", – деп ойлады Лилиан.

– Сіз өте бақытты адамша жымиясыз, – деді Фиола. – Бәлкім, сіздің сырыңыз сонда болар?

"Ақымақтың сөзі ғой, – деп ойлады Лилиан. – Бақыттымысың деп әйелден ешуақытта сұрауға болмайтынын ешкім үйретпеген бе?"

– Сырыңыз неде? – деп сұрады Фиола. – Жарқын болашағыңызда ма?

Лилиан тағы да басын шайқады.

– Менде болашақ дейтін жоқ. Ешқашан да. Соның өзі-ақ көп жайды жеңілдететінін сіз білмейсіз ғой.

– Фиолаға қараңыздаршы, – деді картаң графиня Вителлеши, – тегі, мұнда мына бір бейтаныс бикештен басқа бірде-бір жас келіншек жоқ болар ма.

– Оған таңданатын дәненесі жоқ, – деп жауап қатты Тереза Маркетти кемпір. – Егер ол біздің бойжеткендердің бірімен осынша билесе, оларды өзіміз жартылай атастырып қояр едік те, ақырында ол оған үйленбей кетсе, қыздың ағалары өлгенше шамданған болар еді.

Вителлеши көзіне тұтқалы көзілдірігін тосып, Лилианға тесіле карады.

– Бұл қайдан келген өзі?

– Әйтеуір итальян қызы емес.

– Көріп отырмын. Дұбара біреу болар.

– Мен секілді, – деді Тереза Маркетти кекесінмен. – Менің бойымда американдықтың, үндіс және испан қаны бар. Әйтсе де әкемнің долларының көмегімен Уго Маркеттиді құтқарып қалуға, оның қаусаған сарайындағы атжалмандарды құртып, онда ванна бөлмелерін салуға шама-шарқым жетті.

Графиня Вителлеши ештеңені естімегендей сынай байқатты.

– Сізге айту оңай, ұлыңыз біреу және күнделікті шотыңызда ақшаңыз жетерлік, ал менің төрт қызым бар әлі қарыз-құрызым бастан асады. Фиоланың үйленетін уақыты болды. Азын-аулақ дәулетті бойдақтарымыз ағылшынның мәнекеншілеріне үйлене берсе не тамтығымыз қалады. Қазір сол сәнге айналыпты. Елді екінің бірі тонап жатыр.

– Соған тыйым салатын заң шығарса болар еді, – деп мысқылдай сөйлеген Тереза Маркетти әңгімесін созды. – Олардың соқыр тиыны жоқ інілерінің американдық бай қатындарға үйленуіне де жол берілмесе екен: өйткені ол бейбақтар некеге тұрғанға дейінгі ғашықтық ынтызары күйеуінің гареміндегі үй тұтқынымен аяқталарын білмейді де ғой.

Графиня тағы да естімеген сынай танытты. Ол өзінің екі қызына ақыл айтумен әуре еді. Фиола Лилианды тастай беріп, баққа қойылған үстелдердің біріне қарай барды. Торриани Лилианды қолтықтап, Клерфэге апарды.

– Сен неге менімен билемейсің? – деп сұрады одан Лилиан.

– Мен сенімен орнымнан тұрмай-ақ билеп отырмын, – деп жауап берді ол.

Торриани күлді.

– Аяғына байланысты! Ол Монте-Карлодағы жарыска катыспауы керек еді.

– Сонда билеуіне болмай ма?

– Жо-ға, неге болмасын, тек өзі тым өркөкірек кой.

– Онысы рас, – деді Клерфэ.

– Ал бүрсігүнгі жарыска қатыса ала ма?

– Ол тіпті басқа әңгіме. Караччола жамбасының сынғанына карамай жолға шығып, жеңімпаз боп қайткан.

– Жарыс алдында сақтануың керек пе? – деп сұрады Лилиан Клерфэден.

– Әрине, жок. Әшейін билеуім киын болып отыр.

Лилиан Торрианимен бірге би алаңына оралды. Левалли қайта келіп Клерфэнің қасына отырды.

– Өзі бар ма, жалын сияқты, – деді ол. – Немесе қанжар дерсің. Мына жарқыраган әйнек тақталар – барып тұрған талғамсыздық деп ойламайсыз ба? – деп, әңгіме бетін басқаға бұра қойды. – Айдың жарығы де жеткілікті. Луиджи! – деп айқайлады содан соң. – Би алаңының астындағы жарықты өшір де ескі граптың бір бөтелкесін әкелші. Осы әйелдің кесірінен мені мұң басып барады, – деді кенет Клерфэге карап; қараңғыда Леваллидің жүзі тіпті қаяулы көрінді. – Әйел көркі мені мұңға бөлейді. Неге екен?

– Өйткені оның тез өтетінін білесің де әлі ұстай тұрғың келеді.

– Сол-ак па?

– Білмеймін. Меніше, сол да жеткілікті.

– Сұлулық сізді де мұңға бөлей ме?

– Жок, – деді Клерфэ. – Мені мұңға бөлейтін мүлдем баска нәрсе.

– Сізді түсінем. – Левалли рөмкесіндегі граптан бір ұрттады. – Осының бәрі маған таныс нәрселер. Бірақ өзім олардан қашық жүремін. Жуан Пьерро болып кала бергім келеді, бар болғаны сол. Грапп ішіңіз.

Екеуі бір-бірден алып тастап, үнсіз калды. Лилиан кастарынан тағы да калықтап өтті.

“Менің болашағым жок, – деп ойлады ол. – Болашағың болмау деген жер бетіндегі заңдарға бағынбаумен бірдей. – Ол Клерфэге карады. – Бұл жағынан екеуміз ұқсаспыз, – деп ойлады тағы. –

Оның да болашағының бәрі – бір жарыстан екінші жарысқа дейін ғана".

Ол ернін жыбырлатып, үнсіз ғана бір сөз айтты. Клерфэнің отырған жері қараңғылау болып қалған. Лилиан оның жүзін әрең шырамытты. Бірақ оның Клерфэні көруі міндетті емес еді. Өмірдің жүзін көрудің қажеті жоқ! Оны сезінсең жетіп жатыр.

***

– Мен қаншасыншы орындамын? – деп сұрады Клерфэ май құятын жерге жетіп тоқтағанда; мәшинесінің гүрілінен дауысы құмығып естілді.

– Жетінші, – деп айқайлады Торриани. – Жол қалай?

– Жол сиқы жоқ. Мынадай ыстықта резеңкені майшабақша жейді. Лилианды көрдің бе?

– Көрдім. Трибунада отыр.

– Секундомер ұстап, осында тұрмағанына шүкір.

Торриани лимонад құйылған саптыаяқты Клерфэнің аузына тоса берді.

Алқынып жаттықтырушы жетті.

– Қалай, дайынсыздар ма?

– Біз сиқыршы емеспіз! – деп айқайлады аға механик. – Отыз секундта ешкім сізге дөңгелек ауыстырып бере алмайды.

– Кәне бол! Тездетіңдер!

Бакқа сарылдап бензин құйылды.

– Клерфэ, – деді жаттықтырушы. – Сендердің алдарында Дюваль кетіп барады. Соны тақымдандар. Бізге баска түктін де керегі жоқ. Алғашқы екі орын да біздікі болады.

– Кәне! Дайын! – деп айқай салды аға механик.

Мәшине атырыла жөнелді.

"Абайлау керек, – деп ойлады Клерфэ. – Тек шектен шықпасақ екен!" Міне, алашұбар, ақ түспен жарқыраған бірдеңелер – трибуналар қалып барады, содан соң оның алдынан тағы да тек тас жол, көз қарықтырғандай көк аспан ашылды, сонау көз ұшында карайған нүкте көрінді де бұрқыраған шаңға, Дювальға, Дювальдың мәшинесіне айнала берді.

Төрт жүз метрлік қайқаң басталды.

Клерфэ Мадони тау сілемдерін, лимон тоғайларын, күмісше жарқыраған зәйтүн ағаштарын, тауға өрмелеп ирелендеген жолды, бұлтарыстар мен бұрылыстарды, дөңгелек астынан ұшқан қиыршықтарды көріп, мотордың ыстық лебін, аяғының дуылдап

алып бара жатканын сезіп келеді; қайдағы бір жәндік көзілдірігінің әйнегіне снарядша соқтықты. Ол кактустардан қаланған жасыл қоршауды, бұлтарыстардағы қайқандар мен еңістерді, шыңқуздарды, қиыршық тастарды, жалт-жұлт еткен шақырым бағандарын көрді. Содан соң алдынан сұркай қоңыр түсті ежелгі Калтавутуро қорғаны мен будақтаған шаң шықты, шаң барған сайын қоюлана берді де өрмекшіден аумаған мақұлыққа – баска бір шабандоздың мәшинесіне айналып жүре берді.

Клерфэ бұрылыстарда жылдамдықты арттыра түсті. Біртіндеп жолды ұта берді. Он минуттан соң алдындағы мәшине айқын көрінді. Әрине, ол Дюваль болар. Клерфэ онымен құйрық тістесе кетті, бірақ Дюваль жол беретін емес. Алдына түспекші болған сайын Клерфэнің мәшинесін кес-кестей береді. Бәсеке мәшинені оның көрмеуі мүмкін емес. Екі рет кездескен шұғыл бұрылыста Дюваль бұлтарыстан шығып, Клерфэ оған енді кіре бергенде мәшинелердің қапталдаса келуі сонша, шабандоздар бір-біріне көз тастап үлгерді. Дюваль Клерфэге көрінеу кедергі жасап бақты.

Мәшинелер бірінің артынан бірі жұлдыздай ағып барады. Клерфэ тас жолдың өрге қарай кең иін жасап көтерілер тұсын әдейі күткен еді: енді ол алдын шолуға мүмкіндік алды. Бұдан әрі жайдақтау бұрылыс боларын ол білетін. Дюваль оған жолдың сыртқы шетін ала кірді, ондағы ойы – Клерфэнің оң жақтан озуына пұрсат бермеу еді. Бірақ Клерфэнің күткені де сол болатын; бұрылысты қиып өткен ол бұлтарыстың ішкі жағын ала Дювальмен қатарласа жүйткіді. Клерфэнің мәшинесі қырын тарта бастағандай еді, бірақ ол оны туралап үлгерді, ал абдырап қалған Дюваль бір сәтке ғана жылдамдықты тежегенде Клерфэ оның тұсынан ағып өтіп алға түсті. Кенет шаң будағы Клерфэнің артында қалды. Бұрқыраған аспан аясынан ол ақшуда түтін оранып аскақтаған Этнаны көрді; кос мәшине бүкіл жолдың ең биік нүктесі – Полиццие карай күйғытып бара жатты; Клерфэ алда еді.

Дювальдың алдына түсіп, қисапсыз шақырымдардан кейін қалың шанның бұлтынан шығып зеңгір аспанды көргенде, бес елі шаң баскан бетіне шарапша сергітетін таза ауа желпіп өткенде, атырылған мотордың ыстық лебін қайтадан сезініп, Күнді, көз көрімдегі жанартауды, карапайымдылығы да, ұлылығы мен байсалдылығы да бірдей осынау әлемді, жарыста да, оған қатысушы адамдарда да шаруасы жоқ әлемді қайта көргенде, таудың қыр арқасына шығып, бір сәт өзін Прометейдей сезінгенде Клерфэнің бойын бұрын-соңды болмаған куат кернеп, каны Этнаның жанартауынан шыккан балқымадай қайнады. Ол белгілі

ешнәрсені ойлай қойған жоқ – анығырақ айтқанда, өзінің еркіне бағынған мәшинесін де, тұп-тура тозақтың аузына апаратын жанартаудың қазаншұңқырын да, балқыған көк темірден тұратын аспанды да – бәрін бір-ақ ойлады; ол осы аспанға өрмелеп отырып Полиццидің өзіне дейін жетті, содан соң тас жол кенет төмен құлап, айналмадан соң айналмамен құлдилай берді. Клерфэ де жылдамдықты үсті-үстіне ауыстырып, төмен жүйткіді. Мұнда жылдамдықты кім шебер ауыстырса, жеңіс соныкі. Клерфэ сонау етекке, Фиуме Гранде алқабына қарай құйғытты, содан соң қайтадан самғап, тоғыз жүз метрлік биіктікке, жалаң жартастарға шықты да тағы төмен құлдырады, – бұл қалпында ол алып алтыбақанда тербетіліп тұрғандай еді; сөйтіп, сонау Коллезанонын өзіне дейін осылай келді де ол пальмаларды, агаваларды, гүлдерді, көк шалғын мен теңізді қайтадан көрді, ал Кампо Феличеден әрі қарай жолдың жалғыз тікелей бөлігі – теңіз жағалауымен тартатын жеті километрлік қашықтығы басталатын.

Клерфэ тесілген протекторының тысын ауыстырмақшы болып тоқтағанда ғана Лилианды тағы есіне алды. Ол алуан түсті гүлдерге толы жәшіктерге ұқсап, тұманыткан трибуналарды көрді. Жанартаудың дыбыссыз күркіріне ұласқандай болып арқыраған мотор гүрілі әп-сәтте басылды. Аяқ астынан орнай қалған тыныштықта ол өзін жерасты дүмпуінің күші қазаншұңқырдан лақтырып тастағандай сезінді және Икар секілді қалықтап келіп Жерге қонып, Жердің айқара ашық құшағына бөленгендей, өзі үшін аты да, келбет-кейпі де, тіпті ерніне шейін байтақ Жердің бейнесі боп көрінген, қазір сонау трибунада отырған арудың жанынан табылғандай болды.

– Тарт! – деп айқайлады жаттықтырушы.

Мәшине тағы ытқи жөнелді, бірақ енді Клерфэ жалғыз емес еді. Оның жанында, аспанда қалықтаған қоқиқаздың көленкесі секілденіп, бірде ілгерілеп, бірде кейіндеп, бірақ қара үзіп кетпей, Лилианға деген нәзік сезімі бірге бара жатты.

Келесі айналым басталғанда мәшине шайқалақтай бастады. Клерфэ тізгінді мықтап-ақ ұстап барады, арткы дөңгелектері ырыққа көнер емес. Ол жетектің көмегімен оларды жөнге салмақшы болып еді, сол мезетте ойламаған жерден бұрылыс шыға келсін; қарақұрым халық оны ауылдың кондитер бұйымына қонған шыбындай құжынап басып алыпты. Мәшине де біреу шабына түрткендей құтырынып, басы ауған жаққа шапшыды, жетек қолдан шығып кете жаздап барады. Клерфэ жылдамдықты

бәсендетті, бұрылыс қол созым жерде сияқты. Ол тежегішті қатты басып жіберіп, қайтадан газ жібергенде жетек қолын бұрап әкетті де иық жағында әлдененің сарт ете қалғанын сезді; бұрылыс жай оғындай жылдамдықпен жақындап қалды; жарқыраған аспанның аясында адамдар үш есе зорайып кеткендей және тез-тез өсіп, алыптарға айналып барады. Оларға соқтықпай өту мүмкін емес. Клерфэнің басына көктен қара түнек құлап келеді. Ол әлденені тістеп, қатып қалғанын біледі; әлдебіреу қолын сындырып алып барады, бірақ өзі сөйтсе де жетектен айырылған жоқ; иығына оттай ыстық балқыма тамып барады, өзі лап қойып келе жатқан түнектің ортасындағы көз қарықтырған көкпеңбек дақтан көз алар емес; астындағы мәшинеңің қаңғалақ қаққанын сезе отырып, сол дақтан жаза баспайды; сөйтіп бара жатып кенет бос кеңістікке әлгі екі аяқты алып шыбындар үймелеген жалғыз сақылауға көзі түсті де акселераторды басып қалып, жетекті шұғыл бұрып жібергенде – о, ғажап! – мәшине ырқына бағынып, адамдардың тұп-тура жанынан өтіп, беткеймен жоғары өрлеген күйі бұталар мен тастардың арасына қойып кетті; артқы дөңгелектің жыртылған тысы үйірілген қамшыдай сарт етті де мәшинеңің үні өшті.

Клерфэ өзіне қарай жүгірген адамдарды көрді. Олар әуелі суға лақтырылған тастан тараған толқындарша жан-жаққа тырағайлай қашқан. Енді атойласып, қайта айналып келеді. Клерфэ әлем-тапырық жүздерді, алға созған қолдарды, арандай ашылған ауыздарды көрді. Олардың өзін өлтіргелі немесе құттықтағалы келе жатқанын білген жоқ – оған бәрібір еді. Тек бәрібір болмайтын бір-ақ нәрсе бар: олар мәшинеге қолдарын тигізбеуі керек, өзіне ешкім көмектеспеуі керек, әйтпесе оны жарыстан алып тастауы мүмкін.

– Әрі! Әрі! Қол тигізбеніздер! – деп айқай салды ол тұра беріп.

Сонда барып тағы да ауырсынғанды сезінді. Көк комбинезонына жып-жылы бірдене тамшылап тұр екен. Клерфэ қанды көрді. Жиынға айбат шегіп, мәшинеден кері серіппекші болып еді, тек бір қолын көтеруге ғана шамасы келді.

– Қол тигізбеніздер! Көмектеспеніздер! – Клерфэ шайқалақтап мәшинеден түсті де радиатордың алдына барып тұрды. – Тиіспеніздер! Оған рұқсат жоқ.

Жұрт бөгелді. Оның өз бетімен қимылдай алатынына көздері жетті. Жарақаты қауіпті емес екен, беті қанапты. Ол жүгіре басып мәшинені айналып шықты; дөңгелектің тысы жарылған, протектор бірнеше жерінен ұшып кеткен. Клерфэ боктап жіберді. Екі айналдырған бір қырсық. Ол жалма-жан протекторды тіліп жіберіп,

суырып алды да дөңгелек тысын қолмен басып көрді. Ішінде, аздау болса да, әлі ауа бар екен, сондықтан өзі бұрылыстарда қатты каркын алмаса, дөңгелек тысы жолдың біраз шоқырағына шыдайтын сияқты. Оның иық сүйегі аман еді, тек қолын шығарып алған болатын. Енді жетекті тек оң қолымен ұстап ілгері жылжуына тура келеді. Қалайда май құятын орынға жетуі керек, ал онда өзін ауыстыратын Торриани бар, механиктер мен дәрігер де сонда.

– Жолдан аулақ! – деп айқайлады ол. – Мәшинелер келеді!

Бұл сөзін екі қайталауына тура келген жоқ. Тау белестерінен, әріден мәшинелердің бірсарынды гүрілі жетті де сәт сайын зорайып, ақыры бүкіл дүние гүрілге толды; жұрт беткеймен жоғары өрмеледі, шиналардың сықыры естілді, іле бір мәшине октай зулап, әуеде ұшқан түтіндеткіш құтыдай бұрқырап Клерфэнің жанына өте шықты да бұрылыска жетіп көзден ғайып болды.

Клерфэ орнына отырып үлгерген. Бөтен мәшиненің арқыраған үні оған кез келген дәрігер жасайтын шаншымнан жақсы әсер еткен еді.

– Жолдан былай! – деп ақырды ол. – Мен кеттім!

Мәшине артқа лыксыды. Клерфэ оны тас жолға бағыттап жетекті жұлқып қалды да мотор азынап сала берді. Клерфэ бірінші жылдамдықты қосты, қайтадан жетекке жармасып жолға шықты; енді ол май құятын орынға жету керегін ұмытпай, жетекті мықтап ұстап, баяу жүріске салды. Сәлден соң жолдың тіке бөлігі басталады, енді бұрылыстар да көп емес, ал тіке жолда ол мәшинені жүргізе алады. Арт жақтан гүріл естілді – тағы бір мәшине басып озғалы келеді. Тістеніп алған Клерфэ шамасының келгенінше оған жол бермеуге тырысты. Біреуге кедергі болып келе жатқанын, оған тыйым салынғанын және онысы кісілікке жараспайтынын ол білді, бірақ өзіне қылар қайраны жоқ – арттағы мәшине бұрылыста оң жағынан озып алдына түскенге дейін жолдың ортасымен жүрді де отырды. Клерфэден озып бара жатқан шабандоз оған қорқаныш көзілдірігі бар, бозала шаң басқан жүзін бұрып, қолын көтерді. Ол Клерфэнің бет әлпеті мен дөңгелегінің жарылған тысын көрді. Клерфэ бір сәт тұла бойын жолдастық толқыны шарпып өткенін сезді, бірақ ізінше тағы да сонынан жақындап қалған мәшиненің азынаған үнін естісімен бойын кернеген жолдастық сезімі ашуға – ешбір себепсіз, мүлдем дәрменсіз, барып тұрған сұмпайы ашуға ауысты.

"Өзіме осы керек, – деп ойлады ол. – Қарап отырып қиялға шомғанша жолға қарасамшы. Жарысты жан рахаты деп тек шалағай біреулер ғана ойлауы мүмкін; бәсеке кезінде мәшине мен

шабандоздан басқа ештеңе болмауы керек, үшінші тек қатер болуы мүмкін, –анығырақ айтқанда, басқа нәрсенің бәрі қатерге ұрындыруы кәдік. Дүниедегі қоқиқаз атаулының бәрін шайтан алсын. Әйтеуір мәшинені ұстап қала алдым ғой. Бұрылыстарды жайлап қисам болар еді, дөңгелектің тысын сақтауым керек еді, енді өкінгеннен пайда жоқ, уақыттан қатты ұтылдым, мәшинесі құрып кеткірдің тағы бірсуі өкшелеп келеді, оның артында тағы бар. Тіке жол маған қол емес. Мәшинелер есек арбаша құжынап, лек-легімен қаптайды, ал мен оларды алға өткізуім керек. Лилианың да бар болсын, оның отыратын жері бұл емес. Өзім де бір жолым болмағырмын – менің де орным бұл емес.

Лилиан трибунада отырған. Бөтен жерге қанша бойбермейін десе де отырғыштардың ортасында қысылып-қымтырылған асай-топырдың қызуы оны да шарпыған. Жұрттың көңіл күйіне берілмеу мүмкін емес еді. Сансыз моторлардың сарыны мың қайталаған анестезияша әсер етеді, құлақтан кіріп, миды шағады.

Сәлден соң адам айтқысыз даңғаза-шуға құлақ үйреніп, сезіну пайда болды. Сарын жолда болып жатқан әрекеттен оқшау сияқты. Бөлініп шығып, бұлт секілді, ауада қалықтап тұрғандай, ал сол екі арада төменде алуан түрлі құйтақандай мәшинелер карандайды. Осының бәрі балалардың әлдеқандай бір ойынына ұқсайды; алуан түсті комбинезон киген ергежейлі адамдар дөңгелектерді домалатып, әрлі-берлі домкрат тасып, жаттық-тырушылар бисквиттен аумайтын кестелері мен жалаушаларын көтеріп абыр-сабыр, оқта-текте репродуктордан диктордың барлыққан дауысы естіледі – жарыстың барысын минуттары мен секундтарына дейін тәптіштеп айтқан оның сөздері санаға бірден жете қоймайды. Ат жарысында немесе бұқа шайқасында болатындай, мұндағы әрекеттің бәрі ойынға ұқсайды, бұған әркім өз тілегімен араласады, сондықтан қауіп-қатердің өзі ойынға айналады, ал өздеріне тікелей қауіп төнбейтін адамдар оны шынға баламайды.

Лилиан ойын жинақтауға тырысты. Оның бұрынғыдай көппен бірге болғысы-ақ келеді, бірақ жан дүниесінде жаңа оянған әлдене жарыстың бұрынғы жанталасына басқалардай байыпты қарауына мүмкіндік бермеді. Ол өліммен қоян-қолтықта тым ұзақ уақыт болды. Сондықтан бұлайша отпен ойнау оған әбес көрінгені рас. Шабандоздарды ол құйғытып бара жатқан автомобильдің алдын кес-кестеп өтпекші болатын балаларға ұқсатты. Тауықтың да сөйтіп мәшинеңің астына түсіп өлетіні бар. Ал енді соны дардай

адамдар істесе, ол таныркауға емес, кынжылуға лайық. Лилианға өмір де бір керемет, өлім де бір керемет – олармен ойнауға болмайды. Ерлік дейтін қорқактықтың жоқтығы емес; алғашқысы – қауіп-қатерді сезіне білу болса, екіншісі – түйсіздіктің көрінісі.

– Клерфэ! – деген дауыс шықты оның тура қасынан.

Лилиан орнынан ұшып тұрды, ол қауіпті түсініп болмай тұрып сезінді.

– Оған не болды?

– Әлдеқашан-ақ өтетін уақыты болып еді ғой.

Трибуналардағы адамдар мазасыздана бастады. Торриани Лилианға қарап қолын бұлғады да тас жолды нұсқады, содан соң қайтадан қарап, тағы да қолын бұлғады: алаң болма, ештене болған жоқ дегендей еді. Өзгеден бұрын ол осыдан қорықты. Ол апатқа ұшыраған болды ғой, – деп ойлады Лилиан қыбыр етпестен. Қимылдауға әл-дәрмені жоқ. Үш қайтара қарғыс атқыр жолдың бір шиырында Клерфэ тағдырмен бетпе-бет келген болды ғой. Секундтар қорғасын құйып алғандай баяу жылжиды, минуттар сағаттап созылады. Жолдың бозалаң таспасындағы осынау жынойнақтың бәрі оған көрген түстей секілді. Күтумен сарылған бос кеудесі қара үнгірге ұқсайды. Сәлден соң репродуктордан біреудің салқынқанды дауысы естілді:

– Клерфэнің он екінші нөмірлі мәшинесі бұрылыста ұшып кетті. Әзірге басқадай жаңалық жоқ.

Лилиан басын баяу көтерді. Аспанның көкпеңбек жарқылы да, көйлектердің текпішектенс төмен түскен алашұбар гүлзары да, таңғажайып Сицилия көктемінің аңшаңқан дүрмегі де – бәрі бәз қалпында. Тек енді сонау көз ұшында өпсіз бір нүкте – ішінде әлдекім өліммен арпалысып немесе соның құшағында тұншығып өлгендей тұман шудасы пайда бола кетті. Біреудің дымқыл қолы Лилианды қылғындырып бара жатқандай болды да ол өлімнің келеңсіз сұмдығын: соны үнсіздікпен, мүлдем жым-жырт ғайыппен бітетін тыныштықты қайтадан сезінді. Жан-жағына алақтай карады. Көзге көрінбейтін алапес секілді осы ойға бой алдырған тек өзі ғана ма? Бойындағы тіндерінің бәрі ыдырап, ауа жетпей тұншығып, бір-бірлеп өліп бара жатқандай күйге түскен бір өзі ғана болғаны ма? Айналасындағы адамдардың жүзінен Лилиан таңғаларлық оқиға күткен құмарлықты, астыртын аңсарлықты көрді. Оларға өлім ойыншық болар ма. Ашық түрде болмаса да көлгірсіген өкінішпен, өтірік қорқынышпен одан ләззат алып, өздерінің тірі қалғанына ризашылығын білдіреді.

– Клерфэ аман, – деп хабарлады диктор. – Жарақаты қауіпті емес. Мәшинесін жолға шығарыпты. Клерфэ келе жатыр. Ол жарыстан шыққан жоқ.

Трибуналарда жеңіл гуіл жүріп өтті. Лилиан адамдардың жүздері қалай өзгеріп жүре бергенін байқады. Бәрі кенет жеңілдік сезгендей: әлдекім ажалдан аман құтылды, өзін өлімге бермей, өжеттік танытты, жолдан шыққан жоқ. Сол үшін көрермендердің әрқайсысы Клерфэнің мәшинесінде өзі отырғандай желпініп қалды. Бірер минуттың ішінде ұшқалақ шыжбақай өзін байсалды батыр сезініп, нәуетек әйелқұмар өлімді де мәу демейтін өлермен көрініп қалды. Адамның өзіне де ешқандай қатерді сездірмейтін кез келген қауіптің серігі – нәсіпқұмарлық осы жандардың қанын адреналинмен қанықтырып жатыр. Бұлар кіру билетіне ақшасын да осы үшін төлеген ғой. Лилиан көзін ашу-ызаның шіркеуі торлап бара жатқанын сезді. Осы адамдардың бәріне және әрқайсысына жеке-жеке жыны келді; кеуделерін керіп, еңселерін көтерген еркектерге, көздерінің астымен қарап, құмарларын тарқатқан әйелдерге жыны келді. Айналасына тарап жатқан тілектестік толқынына, ермегінен айырылып қалып, енді амалдың жоғынан тәнті болуға ауысқан көптің ілтипатына жыны келді. Клерфэге де жыны келді; бұл оқыста болған қоркыныштың әсері екенін өзі түсінді, бірақ өлімді ермек қылған осы есерлік ойынға қатысқаны үшін Клерфэні де атарға оғы жоқ еді.

Лилиан шипажайдан кеткелі бері тұңғыш рет Волковты есіне алды. Сөйтіп отырып, кенет Клерфэні көрді. Оның қан жуған бетін, жұрт мәшинеден шығарып жатқанда оның аяғынан әрең тұрғанын көрді.

Механиктер мәшинені айналдырды. Дөңгелектерін ауыстырды. Торриани Клерфэнің жанында тұр.

– Осы дөңгелектің тысынан-ақ көресіні көрдім, – деді Клерфэ. – Жетекті бір қолыммен ұстауыма тура келді. Бірақ мәшине дін аман. Енді сен жүресің.

– Түсінікті! – деп айқайлап жіберді жаттықтырушы. – Кәне, Торриани!

Торриани ырғып мәшинеге мінді.

– Дайын! – деп айқайлады аға механик. Мәшине ытқи жөнелді.

– Қолыңызға не болған? – деп сұрады жаттықтырушы. – Сындырып алдыңыз ба?

– Жоқ, шығарып алдым. Иығымды. Қалай болғанын өзім де білмеймін.

Дәрігер келді. Кенет Клерфэ жаны шығардай болған ауырсынуды сезді. Ол бір жәшікке барып отырды.

– Болды ма? – деп сұрады. – Торриани аяғына дейін шыдайтын шығар.

– Енді сіздің шығуыңызға болмайды, – деді дәрігер.

– Дәкемен таңып тастаңыз, – деді жаттықтырушы. – Жалпақтау дәкемен иығын байлап қойыңыз. Тіпті, қалай-қалай емес, желімдеп тастаса да болар еді.

Дәрігер басын шайқады.

– Дәкенің соншама көмегі болмайды. Қайтадан жетекке отырса, өзі де оны бірден сезеді.

Жаттықтырушы күлді.

– Өткен жылы бұл екі табанын да өртеп алған болатын. Сонда да жарыстан шықпаған. Күйдіріп емес, кәдімгідей өртеп алған.

Клерфэ жәшікте отыра берді. Әл-дәрмені құрып, бос кеудесі ғана қалғандай. Дәрігер иығын созылмалы дәкемен тас қып таңып берді. "Абайлап жүруім керек еді, – деп ойлады Клерфэ. – Адамға берілген жылдамдықты арттырғаннан құдай болған ешкім жоқ. Өзінің жылдамдығынан артатындай амалды адамның миы ғана ойлап таба алады деседі. Бекер сөз. Бүркіттің қанатына кіріп алған бит те өз жылдамдығынан асып түседі емес пе".

– Бұған қалай арандап жүрсіз? – деп сұрады жаттықтырушы.

– Бәрі сол дөңгелек тысының кесірі! Мәшине бұрылыста ауытқып кетіп, бір бұтақты сүйрей жөнелді емес пе. Мен барып жетекке соғылдым. Қырсық шалайын десе сол.

– Бұл әлі ештеңе емес. Тежегішін, моторын мен басқару тетігін – бәрі ұшып кетпегеніне шүкір де. Әйтеуір мәстегін аман. Әлі ойыннан кімнің шығып, кімнің қалары белгісіз! Жарыс әлі аяқталған жоқ қой.

Клерфэ механиктер мәшинеден алған металл бөлшектерге тесіле қарап, тапжылмай отыр. "Мен тым шау тартқан болармын, бұл енді менің орным емес, – деп ойлады ол. – Бірақ бұдан басқа қолымнан не келеді?"

– Әне ол! – деп ышқынған жаттықтырушы дүрбісін көзіне апара берді. – Тас төбеннен жай түскір! Әне келе жатыр сайтанның сапалағы! Бірақ ол енді жете алмайтын шығар. Біз тым кешеуілдеп қалдық.

– Біздің жігіттерден шығып қалмағандары бар ма?

– Вебер бар. Ол бесінші орында.

Қастарынан жүйткіп Торриани өтті. Қолын бір бұлғады да ғайып болды. Кенет жаттықтырушы билеп ала жөнелсін.

– Дюваль шығып қалды! Ал Торриани төрт минут ұтты! Төрт минут! Әулие Мадонна, өзің жар бола гөр!

Ол тіпті сына жаздап тұр. Торриани әр айналым сайын ілгерілеп барады.

– Онай ма, салқамы шыққан арбамен! – деп дүрілдеді жаттықтырушы. – Айналып қана кетейінім! Алтыным менің! Шамамен тоқсан километрлік жылдамдықпен бара жатыр! Мынадай жолда рекорд қой!

Торриани әр айналым сайын ұтылыстың есесін қайтаруда. Оның табысына қызғаныш білдіргісі келмегенімен, Клерфэ көкірегін күйініш шалғанын сезді. Он алты жастың айырмасы осы жерде көрінді. Рас, әмсе бұлай бола бермеген. Жамбасы сынып, жанын көзіне көрсеткен ауыртпашылықта да Караччола өзінен әлдеқайда жас рекордшыларға шаң қаптырып кеткен болатын; Нуволари мен Ланч соғыстан кейін он жылға жасарып кеткендей боп, көресіні көрсеткендері бар. Бірақ әр санлақ өз кезегінде өзгелерге орын беруі керек және Клерфэ де өзінің енді көп дүрілдемесін біледі. Спортшының қасіреті де осында: дер кезінде өлім құшпасаң, қарапайым қайысбауды тартуыңа тура келеді.

– Валентенің поршендері қарысып қалыпты! Монти кейін қалды. Біз енді үшінші және төртінші орындамыз! – деп лепірді жаттықтырушы. – Торрианиге бірдеңе бола қалса, оны ауыстыруға мүмкіндігіңіз бар ма?

Клерфэ жаттықтырушының өзіне қараған көзқарасында күмән барын байқап қалды. "Әзірге бұлар менен жағдай сұрауға жарап тұр, – деп ойлады ол. – Көп кешікпей оны да қояды".

– Шамасы келгенше Торриани жүре тұрсын, – деді ол.

Жаттықтырушы басын изеді.

– Иықтың ауыруымен бұрылыстардан өтем деу – өзін-өзі өлімге байлағанмен тең, – деді ол.

– Жылдамдықты азайтуыма тура келген болар еді.

– Әулие Мадонна! – деп жаттықтырушы көкке бір ұшып, жерге бір түсті. – Тореллидің тежегішін қарыстырып тасташы. Вебер мен Торрианиді сақтай гөр! Бордонидің бағы жарылсын-дағы!

Қашанда жарыс кезінде жаттықтырушы өзіне лайық түрде керемет құдайшыл болып кететін де жарыс аяқталысымен қайтадан күпіршілікке басатын.

Соңғы айналымның алдында кенет Торрианидің мәшинесі тоқтап қалды. Торриани бар денесінің салмағын жетекке басып қыбырсыз жатыр екен.

– Не боп қалды? – деп ақырды жаттықтырушы. – Не, сіз енді жүре алмайсыз ба? Не болды? Шығарындар өзін! Клерфэ! Әулие Мадонна, барша қасірет шеккендердің Анасы, мұны ыстық ұрған ғой! Әрі қашан? Көктемде! Сіз жүре аласыз ба? Мәшине...

Механиктер мәшинені соңғы айналымға әзірлеп жатқан.

– Клерфэ! – деп жалбарынды жаттықтырушы. – Сіз мәшинені мәреге жеткізуіңіз керек! Алда Вебер кетіп барады. Ол сіздерден екі минут озып кетті. Біз тағы бес минут жоғалтуымыз мүмкін, онда тұрған ештене жоқ. Сіз бәрібір үшінші боласыз. Тездетіңіз! Мініңіз!

Клерфэ мәшинеге мініп те үлгерген. Торрианидың жағдайы тіпті мәз емес.

– Тек мәшине мәреге жетсе екен! – деп жаттықтырушы баяшая. – Үшінші орын – бізге одан басқа түктің керегі жоқ! Тек Бордонидің камерасынан жел шықса екен, аз да болса!

"Тағы бір айналым, – деп ойлады Клерфэ. – Шамалыдан соң бәрі бітеді. Иықтың ауырғанына шыдармын-ау. Бір кезде эсэшілер өзінің достарын ұстап бере қоймаған жас баланың сапсау тісін түбіне дейін бұрғылап тескенін де көріп едім. Бірақ бала достарына сатқындық жасамады. Алда – Вебер. Мен қандай жылдамдықпен жүрсем де бәрібір емес пе? Жоқ, бәрібір емес. Көзімнің алдында бірдене айналатын сияқты. Құрып кеткір акселератор, соны басуым керек!"

Диктордың микрофон бұрмалаған дауысы қалтырай шықты:

– Клерфэ жарысқа қайта қосылды. Торриани шығып қалды.

Клерфэнің мәшинесі трибуналардың алдынан ағып өтті. Лилиан оның таныльған ныығын көрді. "Неткен ақымақ! – деп ойлады ол. – Ешқашан есеймейтін бала. Алаңғасарлық – ерлік емес. Ол тағы бірдеңеге ұрынады! Тегі, дені сау адамдар өлім дегеннің не екенін біле ме? Оны тек өкпе шипажайында жатқандар, әр алған тынысын керемет сый деп біліп, сол үшін арпалысқандар ғана біледі".

Біреу оның қолына танысқы қағазын қыстыра қойды. Ол қағазды жерге тастап, орнынан тұрды. Кеткісі келді. Жүздеген көздер қарап қалған. Лилианға күн сәулесі шағылысқан жүздеген бос шынылар өзіне ілесіп келе жатқандай көрінді. Қыр соңынан қалмайды. "Неткен бос көздер, – деп ойлады Лилиан. – Қанша қараса да түк көрмейтін көздер. Ылғи осылай болып па еді?" Қар басқан шипажай тағы есіне түсті. "Онда бәрі басқаша болушы еді ғой: адамдардың жанары түсіністікпен жайнайтын. Сонда қалай, бірдеңенің байыбына жету үшін адам апатқа ұшырап, жаны

жараланып, жоқшылық көріп, өлімнің жақындығын сезінуі керек пе?"

Ол трибунаның сансыз қатарларынан өтіп, төмен түсіп бара жатыр. Титімдей сансыз айналарға ұқсаған сансыз көздер соңынан қарайды.

"Бұл көздерден нені көруге болады? – деп ойлады ол. – Ылғи бір-ақ нәрсені: бос кеуек пен осы жандардың мысық тілеуін ғана".

Кенет ол ұйтқыған желге кездескендей тұра қалды. Бір сәт айналадағының бәрі алабажақ жағылған, алтын түстес үлдірмен безендірілген театр декорациясы секілденіп ғайып болғандай көрінді. Лилиан сол декорацияның өзегін – кереге көз жалаң ағаштарды ғана көрді. Сол мезет ол кенет есі кіргендей әсер алды. Бірақ жалаң ағаштар әлі тұр екен, демек оларға кез келген декорацияны ілуге болғаны ғой. "Сірә, соны ешкім біле қоймайтын болу керек, – деп ойлады ол. – Өйткені әр адам тек бір декорациямен өмір сүреді және дүниедегі жалғыз декорация сол деп ойлайды да олардың санына қисап жоқ екенін білмейді. Бірақ ол өз декорациясы әбден тозып, түте-түтесі шыққанша соның аясында өмір сүреді, түптің түбінде сол көнетоз сұркай шүберек өзінің сұр кебіні секілді жамылғысына айналады, ал әлгі адам енді ақылман қарттыққа жетіп, бұлдыр қиялдан ада болдым деп өзін өзі тағы алдайды. Шындығында ол ештененің байыбына да бара алған жоқ".

Лилиан трибуналардың жанынан торпеда сияқтанып ағып өтіп жатқан мәшинелердің гүрілін естіді. Тұла бойынан жылы толқын жүріп өткендей болды. "Даналық қашанда жас, – деп ойлады ол. – Дүниеде декорациядан көп нәрсе жоқ, ойын ешқашан тоқтамайды, ал кереге көз жалаң ағаштардың сидам сиқынан шошымайтын адам алуан түрлі декорациясы бар сансыз көріністердің куәсі бола алады. Тристан мен Изольда ешуақытта өлген жоқ. Ромео мен Джульетта да, Гамлет те, Фауст та, алғашқы көбелек те, соңғы реквием де, әсілі, өлген емес". Ол ешнәрсенің өлмейтінін, тек біркатар ауысулардан өтетінін түсінді. Лилианға өзінің жаңа ойларын жұрттың бәрі пайымдауға тиісті сияқты көрінді; оған кенет мына дүние "өлім" дейтін суық сөзді ұскынсыз әлдене ретінде алыс-алыс жұлдыздар шоғырына лақтырып тастаған, алтын мүсіндері қайта тірілген зал секілденіп кетті. Төмен түсіп бара жатқанында Лилианға құйындай ұйтқып, Клерфэге деген махаббат сезімі оралды және сол сәтте ол онымен қош айтысатынын түсінді.

***

Лилиан ұшақпен Римге аттанды, одан әрі Парижге бармақшы. Клерфэ ниығы жазылғанша оның бірер күн Палермода бола тұруын өтініп, содан соң асықпай көктемге ілесіп, Сицилиядан күллі Италия арқылы Ломбардия көлдеріне, одан әрі Франция мен Бельгия арқылы қызғалдақтардың телегей теңізі – Голландияға баруды ұсынған.

Бірақ Лилианның күтуге құлқы болмады. Оның кеткісі келді де тұрды. Әлі коп жыл омір сүретін адамдардай емес, ол уақытқа мүлдем басқаша қарайтын. Оларға "бір ай бұрын" нәрсені ол "кеше" деп қабылдайды. Ол үшін әр түн апталап созылатындай. Түн, қара түнек шыңырау тәрізді, бір күнді бір күннен ажыратып тұрады. Өзінің есебі бойынша, ол Сицилияда көп айларын өткізген сықылды. Енді оңаша қалып, ойларын тәртіпке келтірмекші. Клерфэні ол Парижде қарсы алмақшы болып уәде берген.

Міне, енді төменге көз салып, "Alitalia" авиакомпаниясының ұшағында отыр. Өзі ұшақтың ең жылдам автомобильден де ұшқыр екенін білсе де төмендегі егінжайлар, жайылымдар мен таулар оған еш қимылсыз жатқандай көрінеді. "Мәселе оларға қай тұрғыдан қарағаныңа байланысты", – деп ойлады ол. Лилиан бұрын ұшақпен жол жүріп көрмеген болатын. Жалған салмақсыздық сезімі оны қайран қалдырды: ол Сен-Шапель шіркеуінде жарықтан мас болғандай сезіміне қайта бөленді. Римге жетуге сағаттың ширегіндей қалғанда, жаркыраған бұлт пердесі көк аспанды да, жерді де көрсетпей, көкжиектің о шеті мен бұ шетін түгел торлап алды. "Қазір төменнен қарасаң аспан көңіл қобалжытарлықтай сұп-сұр болар, – деп ойлады Лилиан, – ал мұнда седепше құлпырады. Бұл да қай тұрғыдан қарағаныңа байланысты, – кейде өмірдің өзі осындай қарапайым сабағын үйрететіні бар-ау".

Лилиан тағы да төменге қарады. Бұлт пердесі қалыңдап, аңшаңқан тауларға айналып бара жатыр екен, ал кенет Лилианның алдынан көгілдір аспан, қарлы шыңдар мен көз қарықтырардай жарқыл шыға келді; бәрі қаңтардың ашық күнінде шипажайда болатын көрініс. Көңілін түсініксіз бір мұң басты. Қонуға ыңғайланған ұшақ қалын бұлттардан сүнгіп шығып, ақ тұйғынша төмен құлдилап, алыстағы қалаға, Тибр өзеніне, Әулие Періште қорғанына, әлі күнге дейін христиан азапкерлерінің үнсіз өксігі естілгендей Колизейге бет түзегенде Лилиан қуанып кетті.

Ол Римде екі күн болды. Әбден қалжырағандықтан оны ұдайы ұйықтаумен өткізді десе де болады. Авиакомпанияның кенсесінен

Лилиан Венецияның көрінісін бейнелейтін плакат көрген. Енді Парижге емес, сонда бармакка бекінді. Аяқ басар құрғақ жері жоқ, үйлерінің бәрі суда қалқып жүргендей болған осы қаланы бір көрмек, қайта оралғанша көріп қалмакшы. "Қайта оралғанша? – деп таңырқай ойлады ол. – Бірақ қайда? Қайда оралғанша?" Тегі, өзі көне аңызда айтылатын, аяқсыз туып, өле-өлгенше ұшып жүруге душар болатын құстарға ұқсамайтын ба еді? Осындай тағдырды өзі қалап алмап па еді? Лилиан Клерфэге айтпастан Венецияға билет алды. Бәрібір Парижге одан бұрын жетеді ғой.

Ұшақ кешке қарай, бүкіл қала қызғылт сәулеге бөгіп жатқанда жетті. Қойнаудың суы тұп-тұнық; үйлер мен аспанның сол суға соншама анық шағылғанына қарап ұшақтың теңізге немесе көкке қарай ұшып бара жатқанын айыру қиын.

Лилиан "Даниэли" мейманханасының бұрыштағы бөлмесіне орналасты. Лифт жүргізуші бірден-ақ Жорж Санд пен Альфред Мюссенің арасындағы қызуқанды ғашықтық оқиғасы нақ осы мейманханада өткенін айтып үлгерді.

– Кім кімге опасыздық істепті? – деп сұрады Лилиан. – Жас жігіт дәурені өтіп бара жатқан аруды алдаған болар?

– Әрине, олай емес, – деп жауап қатты лифт жүргізуші жымиып. – Мадам Санд мсье Мюссені алдайды да. Бір итальян дәрігерімен шатасып. Мсье де Мюссе ақын болатын.

Лифт жүргізушінің көзінде әлдене жылт ете қалды. Лилиан одан көнілді әжуа мен құрмет сезімін байқағандай болды. "Апамыз өзін өзі алдаған ғой, – деп ойлады Лилиан. – Сірә, біреуіне барғанда ойында екіншісі тұрған болар-ау".

Кешке Лилиан тап-тар тұйық көшелермен жүріп сейілдеді, содан соң бір ескекті қайық алып "Ла Фениче" театрына барды. Негізгі кіреберісі ғимараттың қарсы бетінде екен, бүйір есікке қайық көп тоқтамайтын көрінді. "Бұрын таудан түсіп, өмірге қалай жанассам, театрға да солай ұрлана кіремін", – деп ойлады ол.

– Венецияда әйелдің жалғыз жүруі жараспайды, – деді қайықшы, Лилиан қайықтан түсе бергенде, – әсіресе ол жас әрі, керек десеңіз, сұлу болса.

Лилиан батар күннің қызыл арайына қарады.

– Тегі, мұнда өзінді жалғыз сезінуге бола ма?

Қайықшы тиындарын қалтасына салды.

– Басқа қай жердегіден де солай сезінесіз, синьора. Тек егер осында тумаған болсаңыз, – деп қосып қойды ол.

Лилиан перде жаңа көтеріле бергенде залға кірген. Корсетілетін он сегізінші ғасырдың комедиясы болатын. Лилиан айналасына қарады: зал жаңға жайлы алагеуім екен – жарық тек сахнадан және арнаулы жарық беруші тетіктерден түсіп тұр. Бұл дүние жүзіндегі ең әдемі театр еді; сірә, электр дегенді білмеген және белдеулердің бәріне сансыз шырағдандар жарық берген көне замандарда бұл театр керемет сиқырдай көрінген болар. Дегенмен, ол солай болып қалды да.

Лилиан қайтадан сахнаға көз тікті. Ол итальяншаны нашар білетін, сондықтан әрі-беріден соң пьесаны қызықтауын қойды. Тұла бойын біртүрлі жалғыздық пен жабырқаушылық сезімі билеп алды. Әлгі қайықшының сөзі рас болғаны ма? Әлде мәселе өзінің қитыққан қыңырлықпен бүгінгі кештен әлдебір ишара іздеуіне байланысты ма екен: келесің де пьесаны көресің, әуелі оның бірде-бір сөзін түсінбейсің, ал әлден соң бірдеңенің байыбына бара бергенінде кетуіне тура келеді... Сахнада түкке тұрғысыз бірдеңе жүріп жатқаны анық: көңілді комедия, азғыру, қым-қуыт айлашарғы, ашық ауыз аңқауды мүшектеу. Соның өзі көңілін несімен тебіренткенін де білмейді, Лилиан қол орамалымен аузын басып, локсығын әрең тежеп отыр. Тағы бір локсі түсіп, орамалында қарайып үлкен дақтар қалғанын көргенде барып жағдайды түсінді.

Бойын жинамақшы болып біршама күтіп еді, қан тоқтай қоймады. Далаға шығуы керек, бірақ Лилиан оған шамасының келер-келмесін білмеді. Көршісіне французша сөйлеп, тыска шығуына көмектесуін өтінді. Ол тіпті бұрылып та қарамастан наразылық білдіріп, басын шайқады. Пьесаның оқиғасына елтіп отырған адам оған не керек екенін түсінбеді. Содан соң Лилиан өзінің сол жағында отырған әйелге бұрылды. Өзі итальянша "көмек" деген сөздің қалай айтылатынын есіне түсіре алмай қиналды. Бірақ сол сөз ақыры басына келмеді.

– Misericordia, – деп міңгірледі ақыры Лилиан. – Misericordia, per favore![1]

Біршама жасқа келген аққұба әйел оған таңдана қарады.

– Are you sick?[2]

Орамалын аузына басқан күйі Лилиан басын изеп, тыска шыққысы келетінін ишарамен түсіндірді.

– Too many coctails, – деді әйел. – Mario, darling, help the lady to get some fresh air. What a mess![3]

---

[1] Аяушылық етіңіз, аяушылық етіңіз, өтінем! *(итал.)*.

[2] Бір жеріңіз ауырып отыр ма? *(агыл.)*.

[3] Коктейль тым көп боп кетті. Марио, жарқыным, мына бикені таза ауаға шығаршы. Неткен ыңғайсыздық! *(агыл.)*.

Марио орнынан көтерілді. Лилианды сүйей берді.

– Тек есікке дейін, – деп сыбырлады Лилиан.

Марио оны қолтығынан алып, шығуына көмектесті. Әлдебіреу мойнын бұрып, Лилианға жүгірте көз салып өтті. Дәл сол сәтте сахнада епті жігіт, көңілдесіне қолы жетіп, думандатып жатқан. Марио есікті ашып, Лилианға бажайлай карады. Ақ көйлек киіп, күп-ку болған әйелдің саусақтары арасынан қан саулап, кеудесін жауып барады екен.

– But, signora, you are really sick, – деді Марио абдырап. – Shall I take you to a hospital?[1]

Лилиан басын шайқады.

– Жоқ, аурухананың қажеті жоқ. "Даниэли" мейманханасы... Мәшине болса... Өтінем... – деп үздіге сөйледі ол. – Такси...

– Пәлі, сеньора, Венецияда такси болмайды ғой! Жалғыз ескекті қайық кана! Немесе моторлы қайық. Сізді клиникаға жөнелту керек.

– Жо-жоқ! Қайық! Мейманханаға жетейін. Сол жерден бір дәрігер табылар. Өтінем, тек қайыққа дейін... Сіз қайтуыныз керек қой...

– Неге? – деді Марио. – Люсиль отыра тұрады. Ол бәрібір итальянша бір ауыз сөзді түсінбейді. Оның үстіне пьеса да іш пыстырарлық екен.

Ол жалғыз ескекті қайықты тоқтатты.

– Бізге моторлы қайық жіберші! Тездет!

Ә дегенше қайық та жетті. Марио Лилианның оған мінуіне көмектесті. Лилиан екі орындыққа жантая жайғасты.

Аспанда жұлдыз самсап тұрған; бұғаздың қайық жүре алмайтын жайдағында қызыл шамдардың гүлалқасы суға төніп тұр; азан-казан боп Vaporetti-лер[2] "Санта-Лючияны" шырқатады. "Өлім деген осы шығар, – деп ойлады Лилиан, басын шалқайта беріп, – бәлкім үзіліп бара жатып судың сылдыры мен әннің бұрмаларын естіп, қайта-қайта How are you feeling?[3] – деп өбектеген бейтаныс адамды көріп жатқан болармын... Жоқ, бұл өлім емес", – деп түйді ақыры. Марио оның қайықтан түсуіне көмектесті.

– Ақысын төлеңіз, – деп күбірледі ол "Даниэлиге" кірер жердегі арна шетінде тұрған мейманхана қызметшісіне. – Мен үшін ақысын төлеңізші! Содан соң дәрігер шақырыңыз! Жылдам!

---

[1] Оу, сеньора, сіздің шынымен жайыныз болмай тұр ғой. Рұқсат етсеніз сізді ауруханаға жөнелтейін *(ағыл.)*.

[2] Өзен трамвайы тұрпатты катерлер.

[3] Жағдайыныз калай? *(ағыл.)*.

Марио оны холл арқылы алып өтті. Онда ешкім жоқ десе де болғандай. Жап-жас лифт жүргізуші әлі күзетінде екен. Лилиан оған зорлана жымиды.

– Бұл шынымен оқиғалы мейрамхана болып шықты, – деп күбірледі ол. – Сөзіңіздің жаны бар екен.

– Сіздің сөйлеуіңізге болмайды, – деді Марио. Өзі жебеуші періште дейтіндей аса тәрбиелі қоңыр дауысты жігіт екен. – Дәрігер қазір-ақ жетеді. Доктор Пизани. Өте жақсы дәрігер. Сіз сөйлемеңіз. Мұз әкел! – деп бұйырды ол лифт жүргізушіге.

Содан Лилиан бір апта төсек тартып жатты. Дала жылы болғаны сонша, терезелер ашық тұрды. Лилиан Клерфэге ешқандай хабар айтқан жоқ. Ауру күйін көруін қаламады. Төсекте жатқанда оны өзі де көргісі келмеген. Бұл тек өзіне қатысты, тек өз тағдыры. Лилиан ұзақты күнге ұйықтайды немесе қалғып-шұлғумен болды; түннің бір уағына дейін ұйқылы-ояу халде қайықшылардың дөрекі үнмен айқайласқандарын және Скиавонда арқандаулы тұрған қайықтардың жағаға шылп-шылп ұрғанын естиді де жатады. Аратұра дәрігер келеді, Марио де келіп кетеді. Дәрігер жағдайын түсінеді. Мұның пәлендей қауіптенстіні жоқ, әшейін аздаған қан кету ғой дейді ол; ал Марио гүл әкеліп, жасамыс бикелермен өтіп жатқан өмірінің ауыртпалықтарын әңгімелейді. Ең болмаса бір мәрте өзінің жанын ұғатын қалталы жаспен кездессе ғой! Бұлай дегенде ол Лилианды айтпайды. Оның басқа сойдан екенін ол бірден түсінген. Сондықтан оны өз кәсібінің адамындай көріп, мүлдем емін-еркін сөйлеседі.

– Мен уақытының өтіп бара жатқаны үшін әбігерге түскен әйелдермен қалай өмір сүрсем, сен өліммен солай өмір сүресің, – деді ол бірде күліп. – Немесе, шындығы, сен өзің әбігердесің, ал сенің "жігітің" – өлім. Тек айырмасы – ол саған үнемі адал. Оның есесіне, сен оны аттаған сайын алдайсың.

Лилиан Марионы қызық көреді.

– Содан соң не болады, Марио? Сен кемпірлеріннің біріне үйленесің бе?

Марио байыпты түрмен басын шайқады.

– Жоқ. Мен ақша жинап жүрмін. Жетерлік етіп жинаған соң шағын бір әсем бар ашамын. "Харри-бар" секілді. Падуеде қалындығым бар, тамақты өте дәмді пісіреді. Оның феттучиниін жеп көрсең ғой! – Марио саусақтарының ұшын сүйіп алды. – Жігітіңмен бізге барамысың?

– Барамын, – деді Лилиан; ол өзінің ұзақ өмір сүретініне күмәні жоқтығына сендіргісі келген Марионың әдептілігіне риза болды.

Айтпақшы, оның өзі де Құдайдың жақсылығына іштей үміт артып жүрген жоқ па? Өзін біреулердің сақтандырған жерінен мүмкін пайда көрермін деп сенетін кездері де болатыны өтірік пе? Тіпті соған сенбейтін кім бар? "Мен, тегі, қиялшыл ақымақ қыз едім ғой, – деп ойлады ол, – мейірлене арқамнан қағып, қиын-қыстау жағдайдан құтқаратын құдіретке балаша сенген байыпсыз болдым". Тал түстегі күн сәулесі төгілген терезенің аясында қызғылт кварцтан шабылған әшекей тас сияқтанып көрінген бет әлпетіне қарап Лилиан Сицилияда бір ағылшын шабандозының аузынан естіген сөзді еске алды. Оның айтуынша, роман халықтарында әзіл дейтін болмаса керек: оларға әзіл қажет емес екен, адамның өзін танытуының бұл тәсілінен олар әлдеқашан өтіп кеткенге ұқсайды. Әзіл мәдениет пен жабайылықтың үйлесімінен туады; он сегізінші ғасырда-ақ адамдар әзіл дегенді білмеген десе де болады, оның есесіне әдептіліктен алдарына жан салмаған, шамалары жетпейтіннің бәрін әшейін елемеуге тырысқан. Француз революциясы кезінде өлім жазасына бұйырылғандар бастары кесілетін жерге бара жатып патша сарайына баратындай әдеп сақтаған көрінеді.

Бір жолы Марио Лилианға папа киелеген таспих пен хат салуға арналған әшекейлі венециан қобдишасын әкеп берді.

– Ал менің саған сыйлар ештеңем жоқ, Марио, – деді ол.

– Мен одан дәмеленбеймін де. Жәй, өзім сыйлық бергенді ұнатамын, өйткені қайыр-садақамен күн көруге мәжбүрмін ғой.

– Мәжбүрмісің?

– Менің кәсібім өте пайдалы, одан бас тарту күнә. Бірақ ол оңай кәсіп емес. Сенің менен ештеңе қаламайтыныңның өзі маған катты ұнайды.

Лилиан күлді. Марио үшін махаббат – жұмыс еді. Ол өзінің пікірін өзгертіп үлгергенше Лилиан кетіп те қалды. Осы әңгімеден соң төрт күннен кейін ол, дәрігердің қарсылығына қарамастан, Парижге ұшып кетті.

***

Клерфэ Лилианды Парижден іздеді; содан соң ол шипажайға қайтып оралған болар деген байламға келген. Сонда хабарласып, ол ойының қате екеніне де көзін жеткізді. Айналып келгенде, Лилиан өзін тастап кеткен болар деген ойға тірелді. Оны Парижден іздеуін тоқтаткан жоқ, бірақ әрекетінің бәрі сәтсіз болды. Тіпті Гастон ағай да күнкілдеп, жиенінің қайда екенін білмейтінін де,

білгісі келмейтінін де айтты. Клерфэ Лилианды ұмытып, бұрынғы тірлігіне қайта көшпекке бет алды; ол қайтадан ішімдікке салынып, дырду-думанға бет бұрды, бірақ желім сияқты жабысқақ бірденеге батып бара жатқандай түсініксіз бір сезімнен арыла алмай-ақ қойған. Кешікпей Парижге Лидия Морелли келді.

– Құсың ұшып кеткен бе? – деп сұрады Лидия.

– Байқаймын, сол сенің мазаңды ала беретін сияқты ғой. Бұрын бөтен әйелдер туралы ештеңе сұрамаушы ең.

– Демек, ол сені тастап кеткен ғой?

– Тастап кеткен! Неткен ақымақ сөз, – деп жымия жауап берді Клерфэ.

– Бұл – дүниедегі ең ежелгі сөздердің бірі. – Лидия одан көз алар емес.

– Сенікі не, маған мың да сегіз жүз тоқсаныншы жылдың үлгісіндегі отбасы жанжалдарының бірін ұйымдастырмақпысың?

– Сен ғашық болған екенсің, менменсіген досым.

– Ал сен қызғаныштан жарыла жаздауға шақ тұрсың.

– Иә, менікі қызғаныш, ал сенікі – азап. Айырмашылығы осы.

– Шынымен бе?

– Иә. Мен кімге қызғану керегін білемін, ал сен одан да мақрұмсың. Мені бірдеңе ішетін жерге ертіп апаршы.

Клерфэ Лидияны мейрамханаға апарды. Бұл кеште Клерфэнің абыржуы Лилианға дегеп окінішке айналды, оны ашу қысты – әйелді өзі емес, әйел өзін тастап кеткен еркектің ежелгі ашу-ызасы алқымынан алды. Лидия оның жарасын тырнап алғандай болды.

Әңгіме аяқтала келе Лидия:

– Сен үйленуің керек, – деді.

– Кімге?

– Оны мен білемін. Бірақ сенің үйленетін кезің келді.

– Саған ба?

Лидия жымиды.

– Жоқ, маған емес. Ол үшін мен сені қатты қадірлеймін. Оның үстіне сенің ақшаң тым аз. Ақшасы бар әйелге үйлен. Ондайлар толып жатыр. Қашанғы жарысқа қатыса бермексің? Жарыс жастарға жарасымды.

Клерфэ басын изеді:

– Оны білемін, Лидия.

– Маған сонша абыржып қарай берме. Бәріміз қартайып барамыз.Тек оралынның барында өміріңді қамдап қал.

– Сол керек пе өзі?

– Ақымақ болма. Енді бізге не қалды?

"Ал мен өмірін қамдағысы келмейтін адамды білемін", – деп ойлады ол.

– Сонымен, не ойлағаның бар? Мен кімге үйленейін, Лидия? Аяқ астынан мұнша қамқор бола қалыпсың.

Лидия оған сынай қарады.

– Ол жөнінде сөйлесуге болар. Сен өзгеріп кетіпсің.

Клерфэ басын шайқады.

– Сау бол, Лидия, – деді ол орнынан көтеріле беріп.

Лидия оған жанаса жақындады.

– Әйтеуір қайтып ораласың ғой?

– Біздің таныстығымызға қанша жыл болды?

– Төрт жыл. Бірақ ілгішектері көп.

– Иә, ол жылдар қарақүйе жеген қамқаға ұқсайды.

– Әшейін біріміз үшін біріміз жауап беру дегенді білмедік, әркайсымыз қалағанымызды алып... беруге жоқ болдық.

– Өтірік – екеуі де өтірік.

– Біз бір-бірімізге сай едік қой, Клерфэ.

– Ештеңеге жарамайтын адамдар сықылды. Солай ма?

– Білмедім.

Лидия бір сәт оған жабыса тұрды.

– Бір құпияның бетін ашайын ба?

– Қайдағы? Еш құпия жоқ – бәрі құпия дейтінді ме?

– Жоға, олай ойлайтын тек еркектер ғана. Мен саған әйелдер не ойлайтынын айтып берейін. Бәрі сондайлық жаман да емес әрі пәлендей жақсы да емес. Әрі түбегейлі ештене жоқ. Бүгін кешке маған кел.

***

Клерфэ барған жоқ. Ол сүлесоқ күйге түсіп, мен-зен болды да жүрді. Бұрын да өстіп жүнжитіні болушы еді, бірақ бұл жолғысы тіпті бөлек. Ол тек Лилианды ғана емес, өзінің ішкі әлемінің де бірденесін жоғалтқандай. Оның өмір салтының кей үрдісіне өзі де бой алдырғанын білмей де қалған болатын.

"Ертені жоқ өмір – деп ойлады. – Ол мүмкін емес қой, ертенгі күннің бары анық, ең болмағанда мен үшін болуы керек.

Лилианның кесірінен өзгелерден қол үзіп, кісікиік болуға айналдым, – деп ойлады тағы, зығырданы қайнай түсіп. – Соған бола өзім жиырма жылға жасардым әрі ақымақтана түстім. Бұрын Лидия Мореллиді кездестірсем, онымен бірер күн сайран салушы

ем; ал енді соны ойласам, гимназия оқушысы сияқты болған екенмін-ау деймін-дағы, жаман шарап ішкеннің ертеңіндегідей меңзеп қалыпта жүремін.

Лилианға үйленуім керек еді, – деген ой келді. – Лидия дұрыс айтады, дәп өзі ойлағанындай болмаса да сөзінің жаны бар".

Кенет Клерфэ өзін еркін сезінді де табан астында соған қайран қалды. Бұрын ол үйлену жайын әсте ойына алмайтын. Енді үйлену дейтін өзінен өзі қисынды нәрсе сияқтанды; Лилиансыз өмір сүре алмайтындай көрінді. Бұл бос қиял да, күйректік те емес еді; енді Лилиансыз өмір оған шамдары сөнген бөлмелердің тізбегіндей бітіп болмас бір сарынды сияқтанып кетті.

Клерфэ Лилианды іздеумен болды; тек оны қайтадан "Биссон" мейманханасына келіп жайғасар деп ойлаған жоқ. Ал Лилиан тағы бірнеше күн жападан-жалғыз болды. Ол жанын күтуі керек екенін білді, сондықтан уақытын боска жібермеуге тырысты. Өзін дені сау адамдай сезінетін жағдайға жеткенінше Клерфэ оны көрмеуі тиіс. Ол көп ұйықтады, ешқайда аттап шыққан жоқ. Терезесінен ашылатын таңғажайып коріністен артық ештеңені қаламас та еді – жағалау, Сена өзені, Консьержери, баржа сүйреген тіркеушілер мен автомобильдер тасқыны, Париж Құдай Анасының Шіркеуі, Сен-Шапель шіркеуінің инедей шаншылған сүмбісі, Сен-Мишель желекжолы, жайқалған ағаш жапырақтары ұдайы көз алдында. Көктемнің жылы күндері оны қуанышқа бөлейді.

Оның "Риц" мейманханасындағы шабаданын күзетіп Клерфэ жүр, ал бұл екі арада ол Сицилияға ала кеткен жолсандығын қанағат тұтты. Өзі қатты дауылдан соң ескі айлаққа қайтып оралғандай сезімде болды, бірақ осы азғантай уақытта айлақ мүлдем өзгеріп кетіпті. Декорация алмасқан, анығы – декорация орнында қалып, жарық өзгертілген. Ендігі жарық айқын, тұрақты және мейірімсіз. Дауыл тынған. Адасудың қызғылт тұманы да айыққан. Енді ол аман күтыла алмасын білді. Ызы-шу біртіндеп басылып келеді. Енді шамалыдан кейін ол жүрегінің соғуын еститін болады.

Сауыққан соң Лилианның бірінші іздеп барғаны Гастон нағашысы болды. Оны көрісімен шал әуелі сасып қалды, содан соң ғана бет әлпетіне үргедек қуаныш сезімі тепті.

– Қазір қайда тұрып жатырсың? – деп сұрады ол.

– "Биссон" мейманханасында. Ақысы қымбат емес, Гастон аға.

– Осы сен түн баласы ақша өздігінен өсіп шығады деп ойлаймысың? Алған бетіннен тайма, сонда коп кешікпей екі

саусағынды танауыңа тығып қалмасаң маған кел. Ақшаңды желге шашуыңды қоймасаң, ол қаншаға жететінін білесің бе?

– Білмеймін. Білгім де келмейді.

"Тездетіп өлмесе болмас", – деп ойлады ол жеңіл кекесінмен.

– Сен қашанда шамаңа қарамай үйренгенсің. Бұрын жұрт тек капиталынан түскен өсіммен ғана өмір сүруші еді.

Лилиан күлді.

– Швейцарияның шекарасындағы Базель қаласының тұрғындары өсімнен түскен өсімге өмір сүрмейтін адамды ысырапқор санайтын көрінеді ғой.

– Иә, Швейцарияда, – деп қайталады Гастон, құдды бір әңгіме Венера Калипига туралы болып жатқандай кейіппен. – Валюталары қандай! Бақытты ел ғой!

Ол Лилианға қарады.

– Мен саған осы пәтерімнен бір бөлмемді берейін. Сонда сен мейманханаға төлейтін ақшаңды үнемдейсің.

Лилиан айналасын шолып өтті. Бұл енді өзінің ұсақ-түйек шырғалаңына мені қайта салмақшы, қайтадан құдалықтың әуресін бастамақшы, деп ойлады ол. Ізін андуын тағы бастайды. Күндердің күнінде бұған өз ақшасын жұмсауына тура келе ме деп Гастон ағасының зәре-құты қалмайды. Бірақ ағасына шындықты айту деген ой мұның басына кіріп те шықпаған.

– Қорықпай-ақ қой, Гастон аға, мен саған титтей де масыл болмаймын, – деді ол. – Ешқандай жағдайда да.

– Жас Буало сен туралы жиі сұрайды.

– Ол кім еді?

– Әлгі Буалолардың ұлы – сағат фирмасын білесің ғой. Аса бір қадірлі жандар. Шешесі...

– Әлгі қоянжырық па?

– Қоянжырық! Сөзінің түрін! Ол деген ұсақ-түйек емес пе. Байырғы әулеттерде ондай-ондайлар бола береді! Оның үстіне, оған операция жасалған. Қазір жырығы байқалмайды да. Еркектің карап тұрғандай сұлу болмағы, тегі, міндет емес.

Лилиан менменсіген бәкене бойлы бәлекейге бажайлай қарады.

– Осы сенің жасың нешеде, Гастон аға?

– Бұрынғыңды тағы бастайын дедің бе? Өзің де білесің ғой.

– Дегенмен, әлі қанша жасамақсың?

– Сенің мұның әдепсіздік. Ондайды сұрамас болар. Адамның қанша жасайтынын бір Құдай біледі.

– Құдайдың білетіні көп қой. Күндердің күнінде оның да талай сұрақтарға жауап беретініне тура келер, қалай ойлайсың? Менің де оған қоятын бірді-екілі сұрағым бар.

– Немене? – Гастонның көзі шарасынан шыға жаздады. – Сен не деп отырсың?

– Ештеңе емес. – Лилиан лап етіп көтерілген ашуын тежеді. Осы бір сиықсыз, бірақ емендей қатқан ергежейлі, өз үйіндегі аядай әлемнің әрі патша, әрі құдайы әлдеқашан-ақ шау тартқанына қарамастан Лилианды да бірнеше жыл алдына салар-ақ; бұл күркетауықтың білмейтіні бит астында және өзі не жайында болса да өркөкіректікпен сөйлейді, тіпті Құдайды да терезесі тең санайды. – Гастон аға, – Лилиан байсалды сөйлеуге тырысты, – егер өмірді қайта бастауға мүмкін болса, сен оны басқаша сүрер ме едің?

– Оған сөз бар ма!

– Сонда қалай? – Лилианның жүрегінде болмашы үміт жылт етті.

– Онда мен франктің құны құлдырай бастағанда-ақ инфляцияға қайтара жем болмас едім. Сонау он төртінші жылы-ақ американдық акцияларды сатып ала берер едім және отыз сегізінші жылдан бұрын...

– Жарайды, Гастон аға, – деп оның сөзін бөлді Лилиан. – Түсінемін. – Кенет оның ашуы тарқап жүре берді.

– Жоқ, сен ештеңені де түсінбейсің. Сенің болмашы ғана ақшаң қалды, енді соны онды-солды шаша беруге бола ма? Әрине, сенің әкен...

– Білемін, Гастон аға. Ол ысырапқор болған! Бірақ одан да асқан ысырапкор бар.

– Ол кім еді?

– Өмір. Ақшасын алаяққа ұтқызған ақымақ сияқты, бәрімізді ысырап етіп жатқан сол емес пе.

– Бос сөз! Салондардың сандырағы! Ондайға үйір болма! Өмір – салмақты да салиқалы нәрсе.

– Дұрыс. Сондықтан есеп айырысуға тура келеді. Маған ақша бер. Әрі мен сенің ақшаңды жұмсап жатқандай қараушы болма. Ол – менікі.

– Ақша! Ақша! Міне, сенің өмірден білетінің осы!

– Жоқ, Гастон аға. Өмірден *сенің* бар білетінің сол.

– Рахмет десеңші! Баяғыда-ақ соқыр тиынсыз қалатын едің. – Гастон амалдың жоғынан чек жазып берді. – Ал содан соңғы күнің

не болмақ? – деп ашына сұрады ол. сиясын кептіру үшін чекті ауада әрі-бері бұлғап. – Содан соң не болады?

Лилиан, сиқырланған адамша, оған қарапты да қалыпты. "Бұл тіпті сорғыш қағаздан да үнемдейтін болған-ау", – деп ойлады ол.

– "Содан соң" дейтін менде болмайды, – деді Лилиан.

– Бастапқыда бәрі осылай дейді. Ал түгі қалмай қайыршыланған соң сені табады да амалдың жоғынан өзіннің азын-аулақ жиған-тергеніндi...

Лилиан бойын қайтадан долырған ашу кернеді. Ол нағашысының қолынан чекті жұлып алды.

– Болды, күніренбші! Бар-дағы американдық акцияларды сатып ал, патриот!

Күн ылғал екен. Лилиан Гастонмен тәжікелесіп отырғанда жаңбыр жауған болатын, бірақ енді Күн қайта жадырап, сәулесі асфальтта және жол жиегіндегі шалшық суларда ойнап жатыр екен. "Аспан бәрінен, тіпті шалшық судан да шағылады, – деп ойлады Лилиан. – Құдай да солай, оны тіпті Гастон ағадан да көруге болады". Оның күлкісі келді. Суағарға құйылатын лай судан аспанның көгілдірі мен күннің ебелек ойнағанын көруге болар, бірақ Гастоннан Құдайдың барын байқау, әй, оңай емес-ау. Айтпақшы, Лилиан білетін адамдардың көбінен Құдайдың сипатын табу қиын. "Олар өмірді түсінбейді, – деп ойлады ол. – Сондықтан мәңгі тұратындай боп өмір сүреді. Кеңселерінен шықпай, жазу үстелдерінің басында құлдық ұрумен күндері өтеді. Тегі, әрқайсысы екі-екіден Мафусаил[1] болар ма. Бар құпиялары осында. Олар, тегі, өлімнен бейхабар өмір сүреді. Сөйте тұра, батырлар емес, саудагерлерше мінез танытатынын қайтерсің! Өтпелі өмір жайында ойлағысы келмейді, түйекұс секілді бастарын құмға тығып, өлместің сырын білетіндей қалып танытады. Тіпті, сүйегі қаусаған қақбасты да бірін бірі алдап, өздерін әлдекашан құлға айналдырған ақшасы мен билігін көбейте беруге жанталасады".

Лилиан жүз франктік қағазды қолына алып бір қарады да Сенаға лақтырып тастай салды. Қарсылық білдірудің бұл нышаны балалық еді. Бірақ бәрібір емес пе? Әрине, Гастон нағашысының чегін ол лақтырған жоқ. Сол беті Лилиан Сен-Мишель желекжолына жеткен еді. Мұнда өмір қайнап жатыр екен. Кілең бір жортуылдаған, асығып-аптыққан жандар. Тасқын судай жөнкілген автомобильдердің сауырында күн сәулесі ойнайды, моторлар азынайды; әркім бір-бір мақсатқа жұмылған, әркім соған тезірек

[1] *Мафусаил* – Тәурат аңызындағы 969 жыл өмір сүрген абыз.

жетсем дейді, сөйткен ұсақ-түйек мүддеңнің бәрі адам өмірінің түпкі мақсатын мүлдем көлегейлеп тастаған – тегі, ондай мақсат жоққа тән.

Қайда қарасаң осы екені өтірік пе? Лилиан көшені кесіп өтті. Оңында да, солында да бағдаршамның қызыл сәулесіне амалсыз бағынып, шыдамсыздана селкілдеп, аптап атқан құбыжықтар сіресіп тұр. Бір кезде Мұса мен Израиль халқы Қызыл теңізді қалай кешіп өткен болса, Лилиан да олардың арасынан дәл солай жүріп өтті. "Шипажайдағы жағдай басқа еді ғой, – деп ойлады Лилиан. – Ондағы түпкі мақсат үнемі төбеде тұратын алау Күннен аумайтын. Адамдар сол Күннің астында өмір сүріп, өзін елемеуге тырысқанымен, одан теріс айналмайтын. Олардың соңғы сәтінде сол медет болушы еді. Өзінің өлетінін білген, ақтық сәтінің боларын біле тұрып, өлімнің бетіне қаская қараған адам жәй тәжірибеге арналған мақұлықтан әлдеқайда артық еді. Ол тіпті өзінің жаналғышынан да биік тұратын".

Лилиан мейманханаға жетті. Ол енді екінші қабатта тұратын, сондықтан бір баспалдақ арасына көтерілсе жетіп жатыр. Дәмханаға кірер ауызда ұлу сатушы тұр екен.

– Бүгін менде тамаша асшаян бар, – деді ол. – Ұлудың мерзімі өтті десе де болады. Олар тек қыркүйекте түседі. Ол кезде сіз осында боласыз ба?

– Әрине, – деп Лилиан күле жауап берді.

– Шаян таңдай берейін бе? Көрер көзге қызылы жақсы сияқтанғанымен, ең абзалы – сұр шаян. Сізге қайсысын, сұрынан ба?

– Сұрынан. Қазір сізге себет түсірейін. Оған және жарты бөтелке қызғылт шарап қосарсыз, тек суықтауынан болсын. Шарапты Симоннан, даяшыдан сұрарсыз.

Лилиан баспалдақпен жайлап басып жоғары көтерілді. Содан соң себет түсіріп, қайтадан жоғары көтеріп алды. Бөтелкенің аузы ашылған екен, ал шарабының суықтығы сонша, тіпті ыдысы бусана терлеп тұр. Лилиан терезе тақтайына малдас құрып отырды да арқасын терезеге сүйеді. Шарапты жанына қойды. Даяшы бөтелкеге қоса рөмке мен сүлгі орап жіберген екен. Лилиан шараптан ішіп, шаянды жәукемдеуге кірісті. Өмір тамаша көрінді де енді ол бұл жайында ойланбауға тырысты. Санасынан тыс тағдырға мойынсұну сияқты бірдеңе жылт етті, бірақ оның мойынсұну дейтінге көңгісі жоқ. Тақа болмағанда, қазір. Анасы ауыр операциядан соң рактан қайтты. Әйтеуір тауқыметті сенен

көп тартатын жандар қашанда табылады. Лилиан көзін сығырайтып, Күнге қарады. Бетіне сәуле түскенін сезді.

Үмітін әбден үзіп, "Бисоннын" терезесі алдынан, сірә, оныншы рет өтіп бара жатқан Клерфэ оны дәл сол сәтінде көрген.

Клерфэ есікті жұлқи ашты.

***

– Лилиан! Сен қайда жүрсің? – деп айғай салды ол ентігін зорға басып.

Лилиан оның өтіп келе жатқанын көрген.

– Венецияда, Клерфэ.

– Не себепті?

– Кенет Венецияны көргім келіп кетті. Римге барғанымда.

Клерфэ есікті тарс жапты.

– Маған неге хабарламадың? Мен де Венецияға баратын едім. Онда қанша болдың?

– Бұл не – тергеу ме?

– Әзірге олай емес. Сені іздемеген жерім жоқ. Онда кіммен болдың?

– Сенінше, бұл әлі тергеу емес пе?

– Мен сені сағындым ғой. Ойыма не сұмдықтар келмеді дейсің! Соны да түсінбейсің бе?

– Түсінемін, – деді Лилиан. – Шаян жейсің бе? Бұлардан балдыр мен теңіздің иісі шығады екен.

Клерфэ шаян салынған картон қорапты алып, терезеден лақтырып жіберді.

Лилиан қораптың соңынан қарады.

– Төбесі жабық жасыл "Ситроеннің" үстіне түсті. Енді болмағанда ашық мәшинеде кетіп бара жатқан керсендей сары келіншектің басына тигізетін едің. Себет пен арқанды берші. Менің қарным ашты.

Клерфэ себетті де шаянның соңынан жіберетіндей көрініп еді, бірақ оны Лилианға ұсынды.

– Қызғылт шараптан бір шишасын қоса салсын, – деді Клерфэ. – Өзің терезеден түсші, армансыз бір құшайын.

Лилиан терезе алдына сырғып түсті.

– "Джузеппе" де осында ма?

– Жоқ. Ол Вандом алаңында көптеген "бентлейлер" мен "роллс-ройстардың" қоршауында, оларға кекірейе қарап тұр.

– Соны алып келші, Булон орманына барайықшы бір.

– Жарайды. Булон орманына барайық. – деді Клерфэ, оны бетінен сүйіп. – Бірақ "Джузеппеге" екеуміз бірге барамыз да онымен осында бірге келеміз. әйтпесе мен қайтып оралғанша сен тағы жоғалып кететін шығарсың деп қорқамын. Енді маған тәуекелдің керегі жоқ.

– Сен мені сағындың ба?

– Кей-кейде. сені жек көргенімді қойып. көнілдесін қызғаныштан өлтіріп тастады ма деген қаупім сейілген сәттерде сағынғаным рас. Венецияда сен кіммен болдың?

– Өзім ғана.

Клерфэ оған бажайлай карады.

– Несі бар, солай болуы да мүмкін. Саған келгенде ешнәрсені анық біліп болмайсың. Маған неге хат жазбадың?

– Бізде ондай үрдіс қалыптаспаған. Өзің де кейде Римдетіп кетіп, бірнеше аптадан соң шаң беретінің бар ғой. Әрі ашынаңды ерте келесің.

Клерфэ күлді.

– Соны есіме бір салтыныңды біліп едім-ау. Сол үшін жоғалып кеттің бе?

– Жоқ. әрине.

– Өкінішті-ақ.

Лилиан теңіз шаяны салынған себетті жоғары тарту үшін терезеден еңкейді. Клерфэ үнсіз күтіп отыр. Біреу келіп есік қақты. Клерфэ есікке барып, даяшыдан шарап бөтелкесін алды да бір рөмкесін қағып салды; Лилиан тағы бірнеше уыс шаян сұрап терезеден айқайлады. Клерфэ жан-жағына карады. Лилианның туфлилары бөлменің әр жерінде жатыр екен, жұмсақ орындықтардың бірінде іш киімі қалыпты, жартылай ашық қалған шкафта көйлектері ілулі тұр. "Осында қайта келгені жақсы болды-ау", – деп ойлаған Клерфэ тұла бойын өзінде бұрын-соңды болмаған жайбарақаттық билеп алғанын ұқты.

Қолына себетін ұстап Лилиан келді.

– Не деген иіс! Бұдан соң біз тағы да теңізге барар ма екенбіз?

– Барамыз. Монте-Карлоға. Жазда онда жарыс өтеді.

– Одан ертерек баруға болмай ма?

– Қашан барғың келеді? Бүгін бе? Ертең бе?

Лилиан күлімсіреді.

– Сен мені білесің ғой. Жоқ, бүгін де емес, ертең де емес.

Ол Клерфэнің ұсынған рөмкесін алды.

– Мен Венецияда мұншама көп болармын деп ойлаған жоқ едім, – деді ол – бірер күн ғана айналармын деп барғанмын.

– Онда неге ұзақ жүрдің?

– Денсаулығым мәз болмады.

– Сонда не болды?

Лилиан бір сәт мүдірді.

– Суық тигізіп алдым.

Ол Клерфэнің сенбегенін байқады. Соның өзі Лилианды шаттандырып жіберді. Ол сенбейді екен – демек, қан кетуі Лилианға кенет бір ғажап боп көрінді, мүмкін соның өзі шынында көңілге алатындай болмас? Лилиан өзін он кило салмақ тастаған жуандардай сезінді.

Ол Клерфэге жабысып тұрды. Клерфэ оны қапсыра құшақтады.

– Сен тағы қашан кетпексің? – деп сұрады ол.

– Мен кетпеймін, Клерфэ. Кейде тек болмай қалатыным бар.

Өзеннен тіркемеші кеменің гудогы естілді. Палубада алуан түсті кірлерін жайып бір жас келіншек жүр екен, меңгерікті басқарушының бөлмесі мен асүйдің екі арасына арқан тартылыпты. Тіркемешінің иесі әлденені ысқырып меңгерік дөңгелегінің жанында тұр.

– Қарашы, – деді Лилиан. – Осындай көріністерге мен қатты қызығамын. Отбасының бақыты. Құдайдың қалағаны да осы.

– Басында осындай бақытың болса, сен алғашқы аялдамадаақ жылыстап қашып отырар едің.

– Сонда да бұларға қызығуымды қоймас ем. Енді "Джузеппеге" барсақ қайтеді?

Клерфэ абайлап Лилианды қолына көтерді.

– Менің "Джузеппеге" де, Булон орманына да барғым жоқ. Соны біз кешке істесек те болар.

***

– Қысқасы, сен мені қамауда ұстамақсың ғой, – деді Лилиан күліп.

Клерфэ де күлді.

– Жоқ, сені қамап қояйын деген ойдан аулақпын. Мен саған үйленгім келеді.

– Не үшін?

Лилиан кереуеттен тұрмастан қызғылт қорабы бар бөтелкені көтеріп, жарыққа тосып қарады. Терезе оған қанқызыл сияқтанып көрінді. Клерфэ оның қолындағы бөтелкені алды.

– Күндердің күнінде тағы да із-түзсіз жоғалып кетпеуің үшін.

– "Риц" мейманханасында менің шабандарым қалып еді ғой. Үйлену әйелді киім-кешегінен гөрі мықтырақ байлайды, сондықтан ол тезірек оралады деп ойлайсың ба?

– Мен саған қайтып оралуың үшін емес, ылғи менімен бір болуың үшін үйленбекшімін. Дегенмен, осыған екінші жағынан қарайықшы. Сенің шамалы ғана ақшаң қалды. Ал менен ештеңе алғың келмейді.

– Сенің өзінде де ақша жоқ емес пе, Клерфэ.

– Мен екі жарыстан алған үлесімді сақтап қойғанмын. Оның сыртында, бұрыннан қалған біраз қаржым бар болатын және әлі де табысым болады. Екеумізге осы жылға молынан жетеді.

– Жақсы, ендеше келесі жылға дейін күте тұрайық.

– Несін күтеміз?

– Оның түкке тұрмайтынына көзің жетсін. Келесі жылы маған көйлек пен туфлиды қай ақшаға әпермексің? Келісім-шартымның мерзімі жыл аяғында бітеді деген өзің едің ғой.

– Біздің фирма маған өкілеттілік ұсынып отыр.

Лилиан аяғын көтеріп, оған сынай қарады. "Енді көп кешікпей бұл да суалады", – деп ойлады Лилиан.

– Сен мәшине сатумен айналысасың бе? – деп сұрады ол. – Сол қызметтегі сені елестете алмаймын.

– Өзім де сөйтем, бірақ көп ретте өзімді елестете алмай, кейін емін-еркін игеріп кететінім бар. Мәселен, саған үйленем деген ой үш ұйықтасам түсіме кірмейтін.

– Демек, бәріне бір дегеннен жетсем деймісің? Күндердің бір күнінде қадірменді саудагер әрі үлгілі отағасы болып шыға келмексің бе?

– Соның өзін сен әлемдік зілзала сияқты айтасың.

Лилиан төсектен ытып тұрып, халатын алды.

– Автомобильдерді қай жерде саудаламақсың?

Клерфэ бір сәт кідірді.

– Тулуза округінде кешікпей бос орын ашылады.

– Құдайым-ау! – деді Лилиан. – Қашан?

– Бірер айдан соң. Күзде. Ең әрі кеткенде – жыл аяғында.

Лилиан шашын тарай бастады.

– Енді шамалыдан соң мен шау тартып, жарыста олжа алудан қаламын, – деді Клерфэ оның арт жағында төсекте жатып. – Тегі, мен Нуволари да, Караччола да емеспін ғой. Мүмкін бір жерге жаттықтырушы болып орналасуыма да болар, бірақ онда мен өзіміздің жуан Чезаре сияқтанып үнемі бір жерден бір жерге көшумен жүрер едім. Жарыс Африка мен Оңтүстік Америкада

ұйымдастырыла бастағалы бері ол тіпті қыста да әйелін көрмейтін болған. Жоқ, маған жетеді. Енді мен өмірімді өзгертсем деймін.

"Осылардың бәрі міндетті түрде өмірлерін өзгерткісі келетіндері несі? – деп ойлады Лилиан. – Бір кезде сүйікті әйелдерінің көзіне түсулеріне көмектескен нәрсені өзгертуге несіне құмартады? Енді сол әйелдерінен айрылып калулары мүмкін екенін неге ойламайды? Тіпті Марио екеш Марио да соңғы сәтте өзінің үйреншікті кәсібінен бас тартып, менімен жаңа, өнегелі өмір жолын бастағысы келді емес пе. Енді міне, мені сүйсмін деп ойлайтын Клерфэ де (өзім сияқты болашағы жоқ адам деп ойлағанда оны мен де сүйдім ғой) бәрін өзгерткісі келеді және мен соған қуануым керек деп ойлайды".

– Менің жағдайымдағы әйелдер күйеуге шығуы керек пе деп мен талай ойланғанмын, – деді Лилиан. – Бірақ соның бірде-бір дәлелі маған орынды көрінген жоқ. Әсіресе, біздің шипажайдағы наукас шахматшы ұсынған дәлел. Ол өлімді ойлап жабырқаған шақта қасында жақын адамың болғаны жақсы деп еді. Сол сөздің қаншалықты дұрыс екенін білмеймін; меніңше, ондай сәтте адамның жаны құлазитыны сонша, тіпті төсегінің басына бір қора жақындары жиналса да сезбейтін болар деймін. Шипажайда қайтыс болатын Камилла Албен өлер сәтінде көңілдестерінің ең болмаса біреуі қасында болғанын қалаушы еді, кез келген кездейсоқтық болмас үшін ол соншама қиындықтарға шыдай жүріп, бір мезгілде үш бірдей ашынасымен байланысын үзген жоқ; солардың бәрін бір күнде оның төсегінің басына жинап алуға болатын еді – ол тіпті соны да мұқияттап қойған болатын. Нақ сол үшін арсыз біреумен болған қарым-қатынасын тым ұзаққа созып жібергенін де білетінбіз... Ақыры Камилла Албенді қыстақтың албос көшесінде мәшине қағып кетті де жарты сағаттан соң ол көз жұмды. Өлер сәтінде, көңілдестерінің ешқайсысы, тіпті әлгі арсыз да қасында болған жоқ. Ол көпіршіген кілегей қосылған тәтті тоқаш жеп Киндлердің кондитер дүкенінде отырған және оның сонда екені ешкімнің ойына да келуі мүмкін емес еді. Камилланың қолын өзі өмірінде бірінші рет көрген қыстақ полицейі ұстап отырса керек. Оған оның ризашылығы сонша, қолын сүймекші болған ғой. Бірақ мұршасы келмепті.

– Лилиан, – деді Клерфэ байсалды үнмен, – осы сен үнемі жауаптан жалтара беретінің не?

Лилиан тарағын әрегірек қойды.

– Соны да түсінбейсің бе? Тегі, не жағдай болды? Екеуміз кездейсоқ кездестік. Бәрін бәз қалпында қалдырғын келмейтіні қалай?

– Мен сенен айырылмасам деймін. Қолымнан келгенінше. Бәрі түсінікті ғой, солай емес пе?

– Жоқ. Олай айырылмауға болмайды.

– Жарайды. Онда мұны басқаша атайық. Мен енді бұрынғыша өмір сүргім келмейді.

– Жан тыныштығын ойлағың келе ме?

Клерфэ ұйпаланған көрпе-жастыққа қарады.

– Сен қайдағы бір қағынған сөздерді айтасың. Соларды мен басқаша айтайыншы. Мен сені сүйемін және сенімен тұрғым келеді. Оған да күле беруіне болады.

– Оған мен ешқашан күлген емеспін. – Лилиан Клерфэге барлай карады.. Көз шарасы жасқа толып тұр екен. – Әй, Клерфэ-ай! Осының бәрі неткен ақымақтық!

– Рас па? – Клерфэ тұрып, оның колын алды. – Соның болмайтынына біз өте сенімді едік қой.

– Бәрін өз қалпында қалдыр! Өз калпында! Ештенені бүлдірме.

– Нені бүлдіруім мүмкін?

"Бәрін, – деп ойлады Лилиан. – Тулузада, көбелектің канатында отбасының бақытын орнатуға болмайды, тіпті оларға қорғасын кигізіп қойсаң да болмайды. Өзімшілдік адамның көзін байлайтыны ғажап. Әңгіме баска біреуге катысты болса, бұл мені бірден түсінер еді, ал өзіне келгенде кенет соқыр бола калуын карашы".

– Мен аурумын ғой, Клерфэ, – деді Лилиан шамалыдан соң.

Осының өзі-ақ саған жалғыздық жарамайтынын көрсетеді!

Лилиан үнсіз. "Борис, – деп ойлады ол. – Қазір Борис болса, мені түсінер еді. Клерфэ де сол секілді сөйлейді. Бірақ бұл Борис емес".

– "Джузеппені" әкелуге барсақ қайтеді? – деп сұрады ол.

– Өзім-ақ әкелейін. Сен күте тұрасың ба?

– Иә.

– Ривьераға кашан бармақсың? Жақында ма?

– Жақында.

Клерфэ оның ту сыртына токтады да:

– Онда менің бір лашығым бар, аса мәз емес, – деді.

Лилиан айнадан Клерфэнің жүзін және өзінің иығына салған екі колын көрді.

– Мен сені жаңа қырларыннан көре бастағандаймын, шын сөзім.

– Оны біраз жөндеуге болар еді, – деді Клерфэ.

– Сатуға болмай ма?

– Дегенмен әуелі өзін көрсеңші.

– Жақсы, – деді Лилиан кенет тағаты таусылғандай болып. – Мейманханаға барсаң, менің шабадандарымды осында жібертерсің.

– Өзім-ақ ала келейін.

Клерфэ шығып кетті. Лилиан көкжиекте шапақ тарап, сапақ басқанын карады да тұрды. Жағалауда бірнеше балықшы отыр. Екі қаңғыбас жағалау жақтауына кешкі астарын жайып күйбеңдеп жүр. Өзіміз махаббат деп атайтын сезімнің кейде таңғажайып жолдарды таңдайтыны бар-ау, – деп ойлады ол. – Бірде Левалли тойқұмар жас қыздың соңынан әрдайым шаруақор кейуананың сұлбасын, ал күлімсіреген сайыпқыраннын соңынан табысы мықты кала тұрғынын көруге болады деген еді.

"Бұл маған қатысты емес, – деп ойлады Лилиан. – Бірақ жоқ жерде мына Клерфэге не болған? Бұл оны өмірдің әр сәтін соңғы сәтіндей көріп қадірлейтіні үшін сүйген жоқ па еді. Тулуза!" Ол күліп жіберді. Лилиан өзінің ауруы жайында ешуақытта айтпайтын, науқастың бойында қашанда сау адамды жиіркендіретіндей бірдене болады деп санайтын. Ал қазір ол керісінше де болуы мүмкін екенін білді: кедейленген ақсүйекке әлдебір калталы саудагер калай өрескел көрінсе, науқаска сау адам да солай көрінуі мүмкін. Лилианда өзін Клерфэ бір себеппен тастап кетіп, мұның аяғы жетпейтін кең, ұлан-ғайыр бетке шығып алғандай сезім пайда болды. Клерфэ саудасы біткен адам болып көрінуден калды, оның алдынан кенет болашақтың өрісі ашылды. Лилиан өзінің егіліп, ешбір киналмастан, үнсіз ғана жылап тұрғанын көріп, ғажаптанды. Бірақ ол өзін бақытсыз сезінген жоқ. Тек осы күйін біраз соза түскісі келді.

Клерфэ шабадандарды әкелді.

– Мына көйлектеріңсіз осынша калай жүргеніңді түсінсем бұйырмасын.

– Жаналарын тіктіріп жатырмын. Көйлек мәселесі аса киын емес кой.

Лилиан өтірік айтты. Ол жана ғана ертең таңертең Баленсиагаға бармақшы болып шешкен. Оның сылтауы да бар сияқтанған: ең алдымен, осы жолы өзі өлім аузынан калған Венециядан аман-сау оралғанын атап өтуі керек болатын. Оның үстіне, өзіне үйленіп, Тулузада орнығып калмақшы болған Клерфэнің ұсынысына карсылығын білдіру үшін акшасын оңды-солды шашуы кажет.

– Бәлкім, саған бірер көйлек сыйлауға рұқсат етерсің? – деп сұрады Клерфэ. – Қазір мен байлардың санатындамын десем де болады ғой.

– Неке көйлегін сатып әпермекпісің? Болашақ тойымыздың құрметіне ғой?

– Мүлдем керісінше. Сенің Венецияға барып келуіннің құрметіне!

Лилиан күлді.

– Олай болса, көйлек сыйлауыңа рұқсат. Бүгін кешке қайда барамыз? Енді Булон орманында отыру суық болмас па екен?

– Пальто ала шығуымыз керек, әйтпесе тым салқын болар. Бірақ біз орманды аралап қана өтеміз. Қазір ол жасыл желегімен жайқалып, көктеммен және бензиннің көгілжім буымен сиқырланғандай болып тұр. Үлкен шаһардың тұрғындары осындай көктемге де риза. Кеш баласы бүйір желекжолдарда сап түзеп мәшинелер тұрады. Әрібір терезеде махаббаттың жалауы желбірейді.

Лилиан алқызыл желбіршек салынып, мөлдір қара матадан тігілген көйлегін алып, терезеден бұлғады.

– Жасасын махаббат! – деді ол. – Құдайға да, жерге де лайық үлкенді-кішілі махаббат! Сен енді қашан кетуші едің?

– Менің кететінімді сен қайдан білдің? Спорт күнтізбесін қадағалайсың ба?

– Жоқ. Бірақ бізде кімнің кімді тастайтынын ешқашан біліп болмайды.

– Бәрі өзгереді.

– Бірақ жыл соңынан беріде емес кой?

– Одан ертерек үйленуге де болады.

– Одан да әуелі кездесуіміз бен қоштасуымызды атап өтейікші. Сен қайда бармаксың?

– Римге. Бүкіл Италия арқылы өтетін мың мильдік жарысқа. Оған бір-ақ апта қалып тұр. Ал сенің менімен жүруіне болмайды. Әбден естен танғаныңша жүре бересің, жүре бересің – бары сол. Ақыр соңында жол мен мотордың қайда екенін, өзіннің қайда екенінді білмей қаласың.

– Сен жеңесің бе?

– "Милле Милия" – итальяндардың басты нөмірі. Рас, бір жолы жеңіске "Мерседес" фирмасының намысын жыртушы Караччола ие болғаны бар, әйтпесе бірінші орынды әдетте итальялықтар алатын. Торриани екеуміз "Милле Милияға" оқыста бір жағдай бола қалса шығатын үшінші команда ретінде қатысамыз. Сен кинингенше осында отыра тұруыма бола ма?

Лилиан басын изеді. Ол әзір болып та қалған еді.

– Қай көйлегімді кисем екен? – деп сұрады ол.

– Менде тұтқында болғандарының біреуін кисеңші.

Лилиан шкафты ашты.

– Мынаны ма?

– Иә, сол маған жақсы таныс.

– Сен мұны ешқашан көрмеп едің ғой.

– Сенің үстінде көрмегенім рас; әйтсе де ол маған таныс. Сол көйлегің бірнеше күн менің бөлмемде ілулі тұрған.

Лилиан қолына айна ұстаған күйі артына бұрылды.

– Шынымен бе?

– Шынымды айтайын, – деді Клерфэ. – Біраз көйлектерінді қыстырып қойып, сен қайтып келсін деп сиқырлағаным бар-ды. Оны өзіннен үйреніп едім ғой. Қара сиқыр және, сонымен бірге, жанға жұбаныш. Өйткені әйел сүйгенін ұмытуы мүмкін, бірақ көйлегін еш ұмытпайды.

Лилиан айнадан көзін әбден мұқияттап карады.

– Демек, менің елесім сенімен бірге болған.

– Жоқ, елесің емес, түлеген терің: сен одан жыланша шығып, тастап кеткенсің.

– Мен сенімен басқа әйел болды дегенге көбірек сенер едім.

– Әрекет етіп көрдім ғой. Бірақ сен мені дуалап кетіпсің. Сенімен салыстырғанда басқа әйелдер қазір мен үшін – Деганың биші қыздарының жанындағы нашар боялған ашыкхаттармен бір бәс.

Лилиан күлді.

– Үнемі суреттерін сала беретін ұсқынсыз балет атжалмандарын айтканың ба?

– Жоқ. Мен Леваллидің үйіндегі суретте бейнеленген таңғаларлық қимыл үстіндегі биші әйелді айтамын. Оның бет пішіні бірер ғана сызыкпен берілген және әркім-ақ содан өзінің арманын көргендей болады.

Лилиан далабы мен қас бояйтын карындашын орнына қойды.

– Сірә, қашанда аздаған бос орын қалдырған дұрыс сияқты; суретті түгел салып бітіру кажет емес, әйтпесе киялдың құйқылжуына өріс калмайды. Сен де солай ойлайсың ба?

– Иә, – деді Клерфэ. – Адам әр кезде бөтен біреудің емес, өз арман-киялының боданында болады.

– Бодан боласың немесе өзінді жоғалтасың.

– Соның екеуі де болар. Бұл өзі әредікте оянар алдында көретін түске ұқсайды: түпсіз бір шыңыраудың түнегіне құлап бара жатқандай болатының бар ғой. Сол сенде бола ма?

– Иә, болады, – деді Лилиан. – Шипажайда болғанда Мыстан сместа[1] деп атайтын күн сайынғы дерлік дамыл сағатында сол түсті көретінмін. – Ұйқыдан оянғанда тас боп шыңырауға құлап бара жатқандай болатын едім. Шараптан қалды ма?

Клерфэ оған рөмке әкеліп, қасына отырды. Лилиан оны мойнынан құшақтады.

– Бір ғажабы, – деді Лилиан, – үздіксіз құлап бара жатқанынды білсең, әлі өмірден үмітің бар болғаны. Сірә, өмір шіркін қисынсыздықты жақсы көреді білем; өзіне бәрі жақсы, бәрі тамаша сияқтанғанда көбінесе күлкілі көрініп, шыңыраудың ернеуінде тұрасын, ал енді бәрінен күдер үзгенінде өмір жоқ жерден жақсылығын тоса қояды. Тіпті саусағыннын ұшын қимылдатпасаң да сәттілік жүндес итше жүгіріп өзі келеді.

– Осының бәрін қайдан білесің?

– Жәй, әшейін, бос мылжыным ғой. Оның үстіне, бұл – тек жартылай шындық, айтпақшы, өмірдегінің бәрі сияқты жартыкеш.

– Махаббат сондай ма?

– Махаббат пен шындықтың арасында ортақ не болуы мүмкін?

– Сол махаббаттың өзі шындыққа қарама-қарсы емес пе?

– Жоқ, – деді Лилиан орнынан тұра беріп. – Махаббаттың қарама-қарсылығы – өлім. Оның кермек сиқыры біздің шамалы уақыт өлімді ұмытуымызға көмектеседі. Сондықтан кімде-кім аздап болса да өлімді білсе, сол махаббатты да біледі. – Лилиан көйлегін киді. – Бірақ мұның өзі де жартылай шындық. Әйтпесе өлімді білу дейтін бола ма?

– Әрине, жоқ. Біздің бар білетініміз – ол махаббаттың емес, өмірдің қарама-қарсылығы екені, бары сол ғана, бірақ бұл да күмәнді.

Лилиан күлді. Клерфэ қайтадан бұрынғы қалпына келіпті.

– Менің не қалайтынымды білесің бе? – деп сұрады Лилиан. – Бір дегенде он өмірді бір-ақ сүрсем.

Клерфэ оның көйлегінің қушық иығын сипап қойды.

– Керегі не? Бәрібір ол бір ғана өмір болады, Лилиан, сенің өз өмірің. Шахматшы бір дегеннен он ойыншыға қарсы ойнағанда ол шынтуайтында бір ғана партияны – өз партиясын ойнайды емес пе.

Олар терезе алдында тұрған. Консьержеридің үстін байыған күннің бозғылт шапағы басыпты.

---

[1] Түскі демалыс *(исп.)*.

– Мен дүниедегінің бәрін бытыстырып жібергім келеді, – деді Лилиан. – Бүгін өзімнің елу жасымның, содан соң отыз, ал содан кейін сексен жасымның бір күнін немесе бір сағатын сүрсем арман жоқ. Әрі соның бәрі қандай ретпен болса да бір дегеннен болса ғой; жыл артынан жыл күтіп, уақытқа арқандаулы күйде өмір сүргім келмейді.

– Маған салса, сен онсыз да тез оңғақсың дер едім... Қай жерден тамақтансақ екен? Такси алайық. "Джузеппемен" жүруге тым желкем. Сенің шашыңды аяймын, – деді Клерфэ оның таңдана қарағанын байқап.

Лилиан есікті жапты. "Бұл мені түсінбейді, – деп ойлады ол. – Көресі бірер ғана күнімнің өзін ажалдың аузынан кез келген дуамен алуға да құлдық екенімді білмейді. Әйтсе де мен ешқашан сексен жасаған ұрысқақ кемпір болмаймын және кешегі көңілдесі көп жылдан соң көргісі келмей, кездескен жерінде ат-тонын ала қашатын сарыкідір әйелдің тағдырын да қайталамаймын. Өзімді сүйген азаматтардың есінде мен мәңгі жас күйімде қаламын: менен көп жасап, көбең тартатын әйелдердің бәрінен әлуетті боламын.

– Кімге күліп келесің? – деп сұрады Клерфэ баспалдақпен төмен түсіп келе жатып. – Маған емес пе?

– Өзіме, – деді Лилиан. – Тек менен ештеңе сұрама – кезі келгенде бәрін біле жатасың!

***

Екі сағаттай уақыттан соң Клерфэ оны қайта әкелді.

– Бүгінге осы жетеді, – деді ол күлімсіреп, – сен ұйықтауын керек.

Лилиан оған таңыркай карады.

– Ұйықтауын?

– Жарайды, демалуың дейін. Бірнеше күн бұрын ауырып қалдым деп өзің айтып едің ғой.

Лилиан оның әзіл-шыны екенін түсіне алмай дал

– Шынымен солай ойлайсың ба? – деп сұрады ол. – Енді түрің түр емес дегенің ғана қалып еді.

Ауыз үйге портье келіп кірді, жүзінде – жағдайды түсінген адамның жымиысы.

– Сіздер бүгін тағы салями жейсіздер ме? Әлде уылдырық әкелсейін бе? Бике буфетке қойып кетіпті.

– Бүгін маған ұйықтайтын дәрі керек, – деп мәлімдеді Лилиан. – Қайырлы түн, Клерфэ.

Клерфэ оны кілірті.

– Мені түсінші, Лилиан. Мен сенің тым артық кетіп, соңыра киналып қалғанынды қаламаймын.

– "Монтанада" мұнша жалтақ емес едің.

– Онда екі-үш күнде кетермін және содан соң сені көрмеспін деп ойладым емес пе.

– Ал енді ше?

– Енді сенімен кейін қалағанымша бірге болу үшін бірер сағат уақытымды қиюға бармын.

Лилиан күлді.

– Әбден тиімді! Қайырлы түн болсын.

Клерфэ оған қадала карады.

– Жоғарыға бір бөтелке қызғылт шарап апарыңызшы. – деді ол портьеге.

– Күп болады, төрем.

– Кеттік. – Клерфэ Лилианды қолтықтады. – Мен сені жоғарыға дейін шығарып салайын.

Лилиан басын шайқап, қолын суырып алды.

– Маған осындай дәлелді соңғы айтқан кім екенін білесің бе? Борис. Бірақ оның айтысында бұл әдемі шығып еді. Жөн айтасың, Клерфэ. Өзің де ұйқыға ерте жатсаң, тіпті тамаша болар еді. Жарыс алдында тыныығып алғаның дұрыс.

Клерфэ оған ашулана карады.

Бөтелкесі мен екі рөмкесін алып портье келді.

– Тегі, бізге шарап қажет болмас, – деді Клерфэ салқын үнмен.

– Жоқ, қажет.

Бөтелкені қолтығына қысып, Лилиан портьеден рөмкенің біреуін алды.

– Қайырлы түн, Клерфэ. Бүгін Құдай бізге шыныраурға құлап бара жатқан түсін көрсетпей-ақ қойсын. Сенің түсіне бүгін Тулуза кірсін!

Лилиан оған рөмкені бұлғап, баспалдакпен жоғары көтеріле берді. Ол көзінен ғайып болғанша состиып Клерфэ тұрды.

– Коньяк құйып берейін бе, төрем? – деп сұрады портье. – Мүмкін екі сыбаға қаларсыз?

– Мынаған өзіңіз алып ішіңіз! – деді Клерфэ портьеге қағаз ұстата беріп.

Сол бойы ол Гран Огюстен жағалауымен "Ла Перигордин" мейрамханасына жетті.

Мейрамхананың самаладай жарық терезесінен "Ла Перигордин-нің" фирмалық дәмі – қоламтаға көміп пісірілген жеркұлакты

жәукемдеп жатқан соңғы меймандар анық көрінді. Ерлі-зайыпты егделеу екі адам ішіп-жеміне есептесіп, жас ғашықтар жұбы бір-біріне өтірікті өндірте соғып отыр екен. Клерфэ көшені қиып өтіп, букинистердің жабық дүкенін бойлай жаяу жүріп кері салды. "Борис, – деп ойлады ол долдана. – Ендігі жетпегені сол еді!" Жел Сенаның нісін мұрынға әкелді. Тыныс алып жатқандай болған судың күнгірт айдынында бірнеше баржа қарауытады. Солардың бірінде қолсырнай сынсиды.

Лилианның терезелерінде жарық жанып тұр, бірақ пердесі жабық екен. Клерфэ оның аржағынан қарандаған Лилианның сұлбасын көрді. Терезесі ашық тұрса да ол сыртқа қарар емес. Өзінің иттік жасағанын Клерфэ білді, бірақ енді оған қылар амалы жоқ. Ол ойындағысын айтты. Лилиан әуелде-ақ қалжыраңқы көрінген; мейрамханада отырғанда оның бет әлпеті кенет бозарып сала берген.

"Біреу үшін алаңдау да қылмыс болып па? – деп ойлады Клерфэ. – Қазір ол не істеп жатыр екен? Ұйықтағалы жатыр ма? Бәлкім, мұның осында екенін Лилиан сезетін шығар, өйткені "Джузеппенің" орнынан қозғалғанын ол естіген жоқ қой" деген ой келді оған. Ол көшеден тез әрі өтіп, мәшинесіне ырғып мінді. Содан соң акселераторды тым катты басып, моторға от алдырды да Келісім алаңына қарай құйғыта жөнелді.

***

Лилиан бөтелкедегі шарабын абайлап еденге, кереуетінің жанына қойды. Ол "Джузеппенің" кеткенін естіген. Содан сон шабаданынан сулығын алып, иығына жамылды. Кешкі көйлектін үстінде сулық біртүрлі оғаш көрінді. Бірақ оның қайта киініп жатуға құлқы болмады. Қайткенмен көйлек аз да болса сулықпен жабулы ғой. Лилианның төсекке жаткысы келмеді. Онсыз да шипажайда жатудың есесін толтырған гой.

Лилиан төмен түсті; портье жылмаң етіп жанына жетіп келді.

– Сізге такси ме, мадам?

– Жоқ, кажет емес.

Лилиан далаға шығып, ешбір тосын оқиғасыз Сен-Мишель желекжолына жетті. Бірақ сол жерде оның басына ақ пен қарадан, боз бен қыланнан карша бораған пиғылдарды Құдай көрсетпесін. Тегі, ол ми батпаққа жолығып, маса мен шіркейдің талауында калған болар ма. Бірер минуттың ішінде сыбыр мен күбір арқылы айтылған ұсыныстардан-ақ қарапайым тәнқұмарлықтың қыска да

болса нұска сабағын өткендей болды; сол арада Лилианның естігендерінің жанында қаңғыбас екі иттің арасындағы қарым-қатынасты пәк таза махаббаттың өнегесі десе де жарасар еді.

Осының бәрі құлағын сарсытқан Лилиан дәмхананың алдында бірінші кездескен үстелшеге жайғасты. Жезөкшелер оны көздерімен ата қарайды: бұл – солардың ауданы, сондықтан олар бөгде-бөтен әйелдің қай-қайсысына болсын таскенеше жабысып, талап тастауға бар. Лилианның үстелі ә дегенше барша жұрттың назарына ілікті. Әдетте жібі түзу әйел мұндай уақытта әрі мынадай дәмханада отырмас болар. Тіпті американдық әйелдері де мұнда жалқы бас келмеуші еді.

Дәмханада Лилианға толып жатқан ұсыныстар түсті: бір еркек порнографиялық суреттер сатып алуды ұсынды, тағы екеуі оны өз қамқорлықтарына алмақшы болды, енді үшеуі автомобильмен сейілдеп қайтуға шақырды. Оның сыртында арзан асыл тастар мен терьер ит тұқымының күшіктерін сатып алуға, сондай-ақ негр жігіттері мен лесбийлік әйелдердің махаббатын татып көруге кенес берушілер де болды. Міз бақпаған күйі Лилиан даяшыға шайлық тиынын ұстата қойып еді, ол әлгілердің неғұрлым өктемсігендеріне тойтарыс берудің шарасын қамдастырды. Сонда барып Лилиан бір рөмке перно ішіп, айналасын еркін шолуға мүмкіндік алды.

Қатарлас үстелдегі ку шүберектей сақалды біреу оның суретін сала бастады; әлдебір саудагер жас шөптей жап-жасыл жайнамаз ұсынып еді, оны даяшы қуып жіберді; сәлден кейін Лилианның үстеліне жанаса келіп отырған жасөспірім жарлы-жақыбай ақын едім деп танысты. Лилиан бұл жерде жалғыз отырып береке таппасын түсінді. Сондықтан ол ақынды өзімен бір рөмке шарап ішуге шақырды. Бірақ ақын шарапты бутербродпен алмастыруды өтінді. Лилиан оған ростбиф[1] алдырды.

Жігіттің аты Жерар екен. Тамағын жеп болған соң ол қағаздан екі өлеңін оқыды, содан соң және екі өлеңін жатқа айтып берді. Бәрі де өмір мен өлім, пәни жалғанның баянсыздығы мен парықсыздығы туралы күйреуік өлеңдер екен. Лилиан көңілденді. Ақын канша жұқалтаң болғанымен тамақсау көрінді. Лилиан одан тағы бір ростбифке қалай екенін сұрады. Жерар оған мәу демейтінін айтты және Лилианның поэзияны түсінетініне ризашылық білдірді. Бірақ өмірдің тек өксумен өтетініне ол келісер ме екен? Тіпті, олай болса, өмір сүріп қажеті не? Жерар тағы екі ростбифті соғып алды және оның өлеңдері бұрынғысынан да зарлы

---

[1] *Ростбиф* – сыр етінен қуырып пісірілетін тағам *(ағыл.)*.

болса түсті. Енді ол өзін өзі өлтірудің жайларын қозғап кетті. Жеке басына келсек, кез келген уақытта өзіне қол салуға әзір көрінеді, тек қазір емес, ертеннен бастап – әйтпесе мынадай сылқия тойған тамақтан кейін өле салған обалдау болар еді. Лилиан бұрынғысынан бетер көңілденді. Қатпалығы демесе, Жерардың бетінен қаны тамып тұр деуге болар еді, ол әлі елу жылынды еркін ұрады.

Клерфэ біраз уақыт "Риц" мейманханасының барында отырды. Содан соң Лилианға телефон соқпақшы болды. Телефонға портье келді.

– Мадам мейманханада емес, – деді ол Клерфэнің дауысын танып.

– Сонда қайда?

– Кетіп қалып еді. Жарты сағаттай бұрын.

Клерфэ ойша шамалап көрді. Лилианның дәл бұлай жедел жинала қоюы мүмкін емес.

– Шабандарын алған жоқ па? – деп сұрады ол, қалай-қалай емес деп.

– Жоқ, төрем, мадам сулық киіп қана шықты.

– Жарайды, рахмет.

– Сулық, – деп ойлады Клерфэ. – Одан бәрі шығады, жеңілжелпі күйде вокзалға барып, менен әлдеқайда жақсы Борис Волковына тартып кетуден тайынбайды.

Клерфэ мәшинесіне жүгірді. "Сонымен-ақ қалуым керек еді, – деп ойлады ол. – Осы маған не боп барады? Шын ғашық болған адам тіпті ебедейсіз боп кетеді екен-ау! Өзіне деген сезімі көрер көзге жоғалып бара жатканын қайтерсің! Әрі мұншама жалғызсырауы қалай; дәсердей көріп жүрген өмірлік тәжірибесі көзден бұл-бұл ұшты да өзі соншалық бүгежек күйге түсті. Жоқ, мен одан айрылмауым керек!"

Мейманханадағы портье Лилианның қалай кеткенін Клерфэге тағы бір рет көрсетті.

– Сенаға емес, төрем, – деді ол жұбата сөйлегендей болып. – Оңға. Мүмкін тағы бір сейілдеп қайтайын деген шығар, қазір келіп те қалар.

Клерфэ баяу жылжып Сен-Мишель желекжолымен бара жатқан. Лилиан мәшиненің гүрілін естіді де бірден "Джузеппені" көрді.

– Ал өлім ше? – деп сұрады ол енді алдында табақшамен сыр тұрған Жерардан. – Өлім өмірден де күйікті болса қайтсміз?

Тамағын құмарға шайнап отырған Жерар сұраққа сұрақпен жауап берді:

– Кім білген, бұл өмір бізге басқа бір дүниеде жасаған қылмысымыздың жазасы ретінде берілген шығар? Мүмкін біздің өміріміздің өзі тозақ болар, сондықтан шіркеудегілер бізді өлген соң тозақтың отына күйесіндер деп шатасып жүрмесе неғылсын.

– Олар жұмақтың шаттығымен де дәмелендіреді емес пе?

– Онда бәріміз – күнәға батқан періштелерміз және әркайсымызға бірер жыл осы дүние абақтысының азабын тарту жазылған.

– Дегемен, ниетің болса, абақтыдағы жылдардың мерзімін азайтуға да болады ғой...

– Өлім қабылдауды айтасыз ба? – Жерар масаттана басын изеді. – Бірақ адамдар оны ойлағысы келмейді. Одан біз қорқамыз. Ал шынтуайтында өзін өзі өлтіру – азат болу ғой! Егер өмір өмір болмай, от болса, онда біз не істерімізді білер едік. Оттан атып шығар ек! Тағдырдың тәлкегі мынада ғой...

"Джузеппе" дәмхананың қасынан екінші рет өтіп бара жатқан, бұл жолы ол Эдмон Ростан аланы жағынан келіп еді.

"Енді бізге қалғаны тек тағдырдың тәлкегі ғой, – деп ойлады Лилиан. – Әрі кей-кейде, мәселен, осы сияқты уағыз үстінде тағдырдың тәлкегі де еліктіріп әкететінін қайтерсің".

Лилиан Клерфэні бағып отыр, ал ол болса өткен-кеткендердің жүзіне тесіле қарап, өзінен он қадам жерде отырған Лилианды байқайтын емес.

– Егер ойлағаныңыздың бәрі орындалатын болса, тағдырыңыздан не қалар едініз? Ең үлкен тілегеніз қандай? – деп сұрады Лилиан Жерардан.

– Мен орындалмайтын нәрсені ғана тілеймін, – деп жауап қатты ақын ойланбастан.

Лилиан оған ризашылықпен қарады.

– Онда сіздің қалайтын ештеңеніз болмағаны, – деді ол. – Сізде не керектің бәрі бар.

– Өзім де сіз секілді тындаушыдан басқа ештеңені тілемеймін! – деп мұңды сыпайылықпен мәлімдеген Жерар Лилианның портретін салып болып олардың үстеліне жақындаған суретшіні жасқап жіберді. – Сіз мені түсінесіз!

– Суретіңізді бері әкелінізші, – деді Клерфэ мойнына су кеткендей болған суретшіге.

Ол дәмханаға жаңа кірген болатын және енді Жерарға жаман көзімен қарап тұрған.

– Кетіңіз, – деді Жерар. – Біздің әңгімелесіп отырғанымызды көрмейсіз бе? Сайтан алғыр, сізден басқа мазаны шұқитындар жетіп жатыр. Гарсон, тағы екі рөмке перно! Мына бір мырзаның табанын жалтыратыңызшы.

– Үшеу, – деді Клерфэ отыра беріп.

Суретші оның жанында солбырайып әлі тұр еді. Клерфэ оған ақша берді.

– Мынау бір әдемі жер екен, – деді Лилианға карап. – Бұрын осында келмегеніміз өкінішіті-ақ.

– Осы сіз кімсіз, шақырылмаған қонақ? – деп сұрады Жерар. Ол Клерфэні Лилианмен танысу үшін дағдылы қулықтарының біріне басып отырған жеңгетай іспетті біреу болар деп ойлаған.

– Мен, балақаным, Сен-Жермен де Пре жындыханасының директоры боламын, ал мына бикеш – біздің пациенттердің бірі. Бүгін бұл демалыста. Бірдеңе болып қалды ма? Мен кешігіп қалған болдым ғой? Гарсон, пышақты әрі әкетіңізші. Шанышқыны да алыңыз.

Ақынның күдікшілдігін әуескойлығы жеңді.

– Шынымен бе? – деп сыбырлады ол. – Менің қашанғы арманым...

– Дауыстап-ақ айта беріңіз, – деп оның сөзін бөлді Клерфэ. – Науқасқа өзінің жағдайы ұнайды. Мүлде-мұқым жазасыздық. Бұл ешбір заңға бағынбайды: не істесе де, тіпті адам өлтірсе де ақталады.

Лилиан күлді.

– Мәселе мүлдем керісінше, – деді ол Жерарға қарап. – Мына адам – менің бұрынғы күйеуім. Жындыханадан қашып келіп отыр. Ауруының түрі де сол – мені ауру деп біледі.

Ақын соншалықты ақымақ емес еді. Оның үстіне, өзі француз болатын. Жағдайды түсінген ол жадырай күліп орнынан тұрды.

– Базбіреулер тым ерте кетеді, базбіреулер тым кеш кетеді, – деді ол, – дер кезінде кету керек... Заратустра осылай деген. Мадам, ертең сізді осы жерде бір өлең күтетін болады, оны даяшыға тастап кетермін.

– Сенің келгенің қандай жақсы болды, – деді Лилиан. – Ұйқыға жатып қалсам ғой осының бірін де көрмес едім. Мына жасыл жарықты көрмес едім, тентектіктің тәтті дәмін татпас едім. Мына құй батпақты да, оны торлаған шыбын-шіркейді де білмес едім.

– Кейде сенің соныннан үлгеру маған қиынға соғады, – деді Клерфэ ойлы түрде. – Мені кешір. Сенде бір аптада болатын құбылысты өзге әйелдер басынан жылдап өткеретін болар; сен

сиқыршы йогтың қолында лезде өсіп шығып, гүл шашатын өсімдік сияқтысың...

"Және өліп те үлгеретін", – деп ойлады Лилиан.

– Мен асығыспын, Клерфэ, – деді ол, – үлгертетін көп шаруам бар.

Клерфэ оның қолынан сүйді де:

– Мен ақымақпын. Әрі күн өткен сайын ақымақтанып барамын, – деді.

– Өзін ақылманмын дейтін кім бар? Бәлкім болашақта сондай болармыз.

– Ал мен қорықпаймын. Өйткені мұның бәрі бос сөздер ғой. Ілгері жүруге шамаң келмей қалғанда соларды судай сапырасың да артынша ұмытып кетесің. Олар субұрқақтың шолпылы тәрізді: біруақ тыңдайсың, содан соң құлағыңа сөзбен айтып жеткізе алмастай бір сарын естілгендей болады.

Клерфэ айналасын шола қарады. Кенет оған Лилиан екеуін тыныштықтың көзге көрінбес қабырғалары коршап, көшенің шуын бәсеңдетіп тұрғандай көрінді. Сол қабырғадан өткен шуыл субұрқақтың сылдырын, болмаса жел қаққан жапырақтың сыбдырын еске салатындай. "Бұл тыныштық дауылдан да күшті, – деп ойлады Клерфэ, – өйткені ол бастауда да, аяқталуда да бар әр дауылдың өзі тыныштықтан туған".

– Мен сені қатты сүйемін, – деді ол.

Айналадағының бәрі тына қалған. Тіпті дәмханада кенет бұрқ еткен шатақ та тыныштықты бұза алған жоқ. Көзді ашып-жұмғанша әлдеқайдан полицей келе қалды, бірнеше алжирлік жігіттер жұлқынып, қызбалана сөйлейді, бір қыз дүниедегінің бәрін қарғап-сілеп жатыр, айқайға сүрен қосқан газет тасушы балалар көше бойлап жүгіріп барады. Тек Клерфэ мен Лилиан ғана үнсіз отыр; өздері шыны скафандр киіп, бейтаныс әрі беймаза көлдің түнғиығына сүңгіген біреулер секілді; екеуі де ешқандай ықыласынтығын сездірмей, махаббатқа мас боп қалған.

– Кетейік, – деді ақыры Лилиан. – Менің бөлмемде әлі ішілмеген шарап бар.

***

Маскарадқа киетін кәстөмнен гөрі киімнің қадірі бөлек. Бірден байқалмағанымен, жаңа киім адамды басқаша көрсетеді. Кие білген адамға оның жұғысты болатыны да бар; бір ғажабы, киім мен адам бір-бірінс ықпал етеді және маскарадта жәй ғана қайта киіну

мен оның арасы жер мен көктей. Киімге канша бейімделіп алғанымен, өзінің даралық сипатынды сақтап қалуына да болады. Қайта, керісінше, киім ондай адамды ұнатады және пәлежаладан сақтайды. Оған кез келген діни қызметшіден, алакөніл достардан және тіпті ғашық жардан гөрі киімнің көмегі көп.

Мұның бәрі Лилианға таныс жайлар. Ол мысалы, басына күп жарасатын қалпағы өзіне бүтіндей бір заңдар жинағынан да артық моральдық қолдау болатынын біледі. Сондай-ақ оның тағы білетіні: өзіне күйып қойғандай жұп-жұқа кешкі көйлектен әсте тоңбайсың, ал көйлегің көңіліңнен шықпаса немесе дәл сол кеште нақ сондай көйлекті басқа бір әйелдің үстінен көрсең, табанда суық тигізіп алуың оп-онай; бұл жайларды Лилиан химиялық формулалар сықылды бұлжымас нәрсе деп біледі. Сонымен бірге ол ауыр жан күйзелісі сәттерінде киім жанашыр дос та, қатыгез қас та болатынын біледі: оның көмегінсіз әйелдің күні – күн емес; ал ол қолұшын берген сенімді досындай болғанда әйел қандай ауыртпалықты да көтере береді. Мұның бәрінде әдепсіздіктің зәредей де жұрнағы жоқ, тек өмірдегі ұсақ-түйектің қаншалықты маңызды болатынын ұмытпасақ болғаны.

"Осы сабақты да игерген жақсы-ау", – деп ойлады Лилиан. Оның үстіне, әзірге оның қолынан келері тек осы болатын. Өз өмірін бұдан гөрі маңыздырақ бірдеңемен ақтауға оның уақыты да қалмаған; тіпті енді мінез көрсететін де шамасы жоқ. Бір кезде өзі армандаған шатағын жасауын жасады, бірақ сонысының дұрыс болғанына да ара-тұра күмәнданатын боп жүр. Оған ендігі қалғаны – тағдырмен есептесу ғана. Венецияда аузынан қан кетуі, сірә, оның өмірін бірталай күнге, тіпті біраз аптаға қысқарткан болар, бірақ ол уайым жеуден, әлденеге шағымданып, өкінуден аулақ еді. Одан да ендігі өміріме ақшаның да қажеті шамалы болар, сондықтан тағы бір көйлек сатып алсам да артықтығы жоқ деп өзін сендіруі оңай. Бұл көйлегін ол аса мұқияттап таңдады. Әуелі әдеттегіден тыс бірдеңе алсам деп ойлаған, бірақ ақырында өзінде бар көйлектердің бәрінен де сыпайы, аса бір жұпыны көйлекке тоқтады. Әдеттегіден тыс көйлекті оған Клерфэ сыйлап еді ғой: Тулузаға деген қарсылығын да, осы сөзді өзі қалай түсінетінін де ол сол арқылы білдірген болатын.

Осының бәрін тым болмашы амал-айла деп санауға болатынын Лилиан білді. Бірақ оның енді өзге жұрт өз өмірлерін біршама жарамды ету үшін пайдаланатын айтулы амал-айлалардан алшақтағаны сонша, ол үшін үлкен мен кішінің арасында айырмашылық та қалмаған. Аты дардай үлкен амал-айлалардан

гөрі солардың еренсіздеулеріне сеніп-ақ қанағат табу үшін де адам өзін өзі ұстай білуі керек, белгілі дәрежеде ерлігі мен ерік-жігері болуы қажет. Лилиан осылай ойлады. Көйлек сатып алғанда оның пәлсапалық трактат жазған баз біреулерше қуанышқа бөленгені содан; санасында Клерфэге деген махаббаты мен өмірге сүйіспеншілігінің үнемі үйлесе беретінін де содан; өзі сол екеуін бірде лақтырып, бірде қағып алып қақпақылға салатыны да содан: өйткені көп кешікпей олардың бәрібір быт-шыты шығатынын біледі, бірақ оған Тулузадағы жеке үйлерінді тіркей алмайсың.

Бесінші Георг көшесімен сейілдеп жүріп Лилиан виконт де Пестрді жолықтырды. Ол Лилианды көріп айран-асыр болды.

– Сіз тіпті құлпырып кетіпсіз! Ғашық болғаннан саумысыз?

– Иә. Көйлек-көншекке.

– Дұрыс-ақ, – деді Пестр. – Еш қорқынышы да, еш қиындығы да жоқ махаббат.

– Ондай махаббат болмайды.

– Болғанда қандай. Ақылға қонымды жалғыз махаббаттың – өзіне деген сүйіспеншіліктің құрамдас бір бөлігі сол.

Лилиан күлді.

– Соны сіз қорқынышы мен қиындығы жоқ махаббат деп атайсыз ба? Сірә, сіз не шойыннан, не кеуектен жаралған боларсыз.

– Ешкайсынан да емес. Әшейін мен он сегізінші ғасырдың перзентімін, тек тым кеш туғанмын және кешеуілдеп келген ұрпақтардың бәрінің тағдыры маған да тән: мені ешкім түсінбейді. Соны сізге егжей-тегжейлі таратып берсем қалай қарайсыз?

– Қажеті жоқ. Бірақ мен "Фуккенін" тепсеңінде отырып бір кесе кофе ішуден бас тартпас едім.

– Жақсы.

Олар батар Күннің шапағына оранған үстелге жайғасты.

– Күн шуағында отыру махаббат туралы әңгімелесумен бірдей. Сіз әлі сол Сенаның жағалауындағы шағын мейманханада тұрып жатырсыз ба?

– Сірә, солай болар. Баз бірде соған өзім де қуәндана бастаймын. Таңертең тұрып тереземді ашқанда абыр-сабырдың арасында, Опера алаңының тура ортасында ұйықтап шыққандай боламын. Ал түнде жым-жырт қайықтың ішінде жатқан сияқтанамын немесе көзім бақырайып, шалқалай жүзген күйімде Сенаның ағысымен төмен кетіп бара жатамын.

– Ойларыңыз қызық екен, – деді Пестр рөмкесіндегі шерриден бір жұтып. – Мүмкін кофенің орнына шарап ішерсіз?

– Жоқ. Сағат неше?

– Бес болды, – деп жауап қатты танданған Пестр. – Әлде сіз сағатқа қарап ішетін бе едіңіз?

– Тек бүгін ғана. – Лилиан даяшыға ишара жасады. – Бәлкім, сіз бірдеңе естіген боларсыз, мсье Ламбер?

– Әлбетте ғой! Римнен хабарлап жатыр. Бірнеше сағаттан бері. Күллі Италия қабылдағыштардың алдында отыр немесе теңіздей толқып аралда жүр, – деп даяшы желпіне сөйледі. – Әне-міне дегенше жарыска ең мықты мәшинелер қосылмақшы. Мсье Клерфэ мсье Торрианимен бірге бара жатыр. Олар ауыспайтын болыпты. Торриани оның қасында механик ретінде отырса керек. Бұл спорт мәшинелерінің жарысы ғой. Сізге радиоқабылдағыш әкеп берейін бе? Ол осында.

– Әкеліңіз.

– Сіз автомобиль жарысымен әуестенетін бе едіңіз?

– Осы жарыска әуестігім бары рас.

– Бұл неғылған жарыс еді?

– Брешиядағы мың мильдік жарыс.

Даяшы шағын радиоқабылдағышты әкелді. Ол нағыз жанкүйердің өзі болатын және жарыстың барысын бірнеше сағаттан бері қадағалап отырған.

– Мәшинелер арасына бірнеше минут салып, бірінен соң бірі қосылуда, – деп түсіндірді ол Лилианға. – Ең жүйріктері соңына таман шығады. Бұл – тек секундомермен бағаланатын жарыс. Қазір Миланнан хабар берілді. Сағат бес – енді олар соңғы хабарларды береді.

Ламбер реттеуіштің тетігін бұрады.

– Бүкіл Францияда ең жақсы қабылдағыш мсье Ламберде, – деді Лилиан.

Қабылдағыштан сытырлаған үн шықты. Милан радиостансасы саяси хабарларды бере бастады; диктордың аптыққан дауысына қарағанда, ол да спорт хабарларына ауысқанша тағат таппай отырғандай.

– Қазір сіздер Брешиядан берілетін хабарды тыңдайсыздар, – деді ол ақыры мүлдем басқа дауыспен. – Шабандоздардың біразы қазір жол үстінде. Базар алаңына жиналған халықтың көптігі сонша, тіпті қыбыр ете алмай ынтіресіп тұр...

Қабылдағышта бірдеңе қырылдап-сырылдап кетті. Содан соң шуылдаған дауыстарды басып гүрілдеген мотор үні анық естілді де әп-сәтте алыстай берді.

– Тағы да біреу құйғытып өтті, – деп ентіге сыбырлады мсье Ламбер. – Сірә, "альфа" немесе "феррари" болар!

Тепсеңде жым-жырт тыныштық орнады. Әуескойлау біреулер олардың үстеліне жақындап, өзгелер мойындарын бұрды.

– Алда кім бара жатыр?

– Ол жайында айту әлі ертерек, – деп түсіндірді мсье Ламбер сенімді түрде, – ең мықты мәшинелер жолға енді шығып жатыр.

– Жарысқа қанша мәшине қатысады? – деп сұрады Пестр.

– Бес жүздей.

– О, Құдайым-ау! – деді әлдекім. – Сонда олар қанша жолдан өтулері керек?

– Мың алты жүз километрден аса, төрем. Тәуір орташа жылдамдықпен ол он бес, он алты сағаттық жол. Бәлкім, одан да аз болар. Бірақ Италияда жаңбыр жауып тұр. Брешияда қатты нөсерлетіп тұрса керек.

Хабар аяқталды. Мсье Ламбер қабылдағышын мейрамханаға алып кетті. Лилиан орындығының арқалығына шалқайды. Ол түстен кейінгі тынық күннің алтын шапағына малынған жазғы дәмхананы көріп, саптыаяқтардағы мұздардың жеңіл сыңғыры мен келушілер қанша шарап ішкенін көрсету үшін бір-бірінің үстіне қойған көрден табақшалардың сылдырын естігенмен дәл сол сәтте Лилианның көз алдында арғы жағындағы дәмхананың орындықтары мен үстелдерін де көруге болатындай судағы жұлдызқұртша мөлдір және сонымен бірге ап-анық, айқын бедерлі мүлдем басқа сурет тұр: Лилиан Брешиядағы сұрқай базар алаңын көріп, бейберекет шуды естіп, бастарын бәйгеге тігіп, бір тілекке жұмылған екі адам, өмірдің екі ұшқыны отырған мәшинелердің сұлбасы бірінен соң бірі құйғытып өтіп жатқанын елестетіп отыр.

– Брешияда жаңбыр жауып тұр, – деп қайталады ол. – Ал сол Брешия дейтінің өзі қайда, түге?

– Милан мен Веронаның екі аралығында, – деп жауап берді Пестр. – Бүгін менімен кешкі асқа баруға қалайсыз?

***

Жер-жердің бәрінде жаңбыр жұлмалаған гүлалқалар салбырайды. Тулардың суға шылқыған матасы тұғырларын сарт-сұрт ұрады. Нөсер құтырынып тұр. Құдды бұлттардың арасында бірінен соң бірі шұбырып көзге көрінбейтін мәшинелер жүйткіп бара жатқандай. Қолдан жасалған күн күркірі мен нөсердің күркірі

алма-кезек ауысады; Базар алаңындағы мәшинелердің гүрілін найзағай тілгілеген аспанның гүрілі қайталайды.

– Енді бес минут қалды, – деді Торриани.

Клерфэ жетекте отырған. Көңілінде пәлендей қобалжу жоқ. Клерфэ жеңістен дәмегөйлі емес, бірақ ол сонымен бірге жарыс үстінде, әсіресе ұзаққа созылатын жарыста әртүрлі оқыс жайлар болатынын біледі.

Ол Лилиан мен "Тарго Флорио" туралы ойлап отыр. Онда ол Лилианды ұмыткан-ды, содан кейін оны жек көре бастады, өйткені ол жарыстың нағыз қызған шағында есіне түсіп, кедергі бола берген. Оған Лилианнан гөрі жарыс маңыздырақ көрінген еді. Енді бәрі өзгерді. Клерфэ Лилианға күмәндана бастады, бірақ сол күмәннің себебі өзінде екенін білген жоқ. Тіпті соның Парижде қалған-қалмағанын да білмеймін, – деп ойлады ол. Таңертең өзі телефон арқылы Лилианмен сөйлесті, бірақ кенет мына шудың кесірінен ол да алыста қалғандай.

– Лилианға жеделхат жібердің бе? – деп сұрады ол.

– Иә, – деді Торриани. – Әлі екі минут бар.

Клерфэ басын изеді. Алдарында енді ешкім жоқ еді. Ендігі жерде күннің қалған уақытында және түннің біршамасына дейін ол үшін дүниедегі ең басты адам қолына секундомер ұстаған төреші болмақшы. Солай болуы керек еді, – деп ойлады Клерфэ. – Бірақ олай болмай шықты. Одан да жетекке Торрианиді отырғызсамшы, тек енді тым кеш.

– Жиырма секунд, – деді Торриани.

– Құдайға шүкір!

Сөреші белгі берді де мәшине алға ұмтылды. Атойлаған жұрт артта қалды.

– Клерфэ жолға шықты, – деп дабырлата хабарлады диктор. – Механигі – Торриани.

Лилиан мейманханаға қайтып оралды. Қызуы көтерілгенін сезіп еді, бірақ өзі оны елегісі келмеді. Соңғы кездері оның қызуы бір градус, кейде одан да жоғары көтерілетін болып жүр және оның нені білдіретіні де Лилианға түсінікті. Ол айнаға қарады. Әйтеуір кешке қарай соншама қалжыраңқы көрінбейсің, – деп ойлады да өзінен өзі мырс етті. Лилиан өзі ойлап тапқан айласын есіне алды: денесінің қызуы күн сайынғы кештегі досына айналып, көзіне – жарқыл, жүзіне – ойнақылық беретін болған.

Айнаның алдынан әрегірек барғанда Лилианның көзі бірден екі жеделхатқа түсті. Клерфэ болғаны ма?.. Қорыққанынан жүрегі

тоқтап қалғандай болды. Осы екі арада бірдене бола қалғаны ма? Бір сәт Лилиан бүктеліп, желімделген бір жапырақ қағазға тесіле карады. Содан соң біреуін абайлап қолына алып, ашты. Клерфэден екен: "Он бес минуттан соң жарысқа шығамыз. Топан су. Ұша көрме, Қоқиқаз".

Бірінші жеделхатты былай қойып, екіншісін ашты. Жүрегі әлі де қобалжулы, бірақ екінші жеделхат та Клерфэден екен. Оның мұнысы несі? – деп ойлады ол. – Жарыс кезіндегі кез келген жеделхат адамның зәресін алатынын түсінбей ме?

Лилиан кешке киетін көйлегін таңдау үшін шкафты ашты. Біреу есік қақты. Табалдырық аттаған портье екен.

– Мен сізге қабылдағыш әкелдім, мадемуазель. Еш қиындықсыз Рим мен Миланды ұстай аласыз.

Соны айтты да қабылдағышты желіге қосты.

– Ал мынау – сізге келген жеделхат.

"Бүгін тағы қаншауын жіберер екен? – деп ойлады Лилиан. – Одан да көрші бөлмеге тыншы отырғызып қойса болмас па?" Лилиан іздеген көйлегін тапты. Ол өзі "венециялық" деп атаған соңғы көйлегін кимекші болды. Содан соң жеделхатты ашты. Клерфэге табыс тілейді. Бұл жеделхат мұнда қалай келіп жүр? Бөлме алакөлеңкелеу болатын; Лилиан қойылған қолды қайта оқыды: *Хольман*. Одан көзін алмай ұзақ отырды. Содан соң жеделхаттың жіберілген жерін іздеп тапты. "Монтана" шипажайынан екен.

Лилиан бір жапырақ қағазды аса абайлап үстел үстіне қойды. "Бүгінгі күн елестерге арналған болды, – деп ойлады ол төсегіне отыра беріп. – Радиоқабылдағыштың қорабында Клерфэ отыр, ол бір сәтте бөлмені мәшинесінің гүріліне толтырып жіберуге дембе-дем, ал енді мына жеделхат – тіпті толып жатқан үнсіз бейнелер терезеден қарап тұрғандай".

Бұл шипажайдан келген алғашқы хабар еді. Лилиан онда хат жазған жоқ-ты. Жазғысы да келмейтін. Шипажайды енді төбемнің шұқыры көрсін деп шыққан жоқ па. Оған қайтып оралмасына кәміл сенімді. Қазіргі халінде Лилиан ашық теңіз үстінде жанар майының жартысын жұмсап, кері бұрылмастан ілгері тарта берген ұшқышқа ұқсайды.

Лилиан қыбыр етпестен ұзақ отырды. Содан соң қабылдағышты қосты. Римнен спорт хабарлары беріліп жатыр екен. Бөлмеге ұйтқып боран кіріп кеткендей болды; ұлы шудың арасынан Шабандоздардың ата тектері, Мантуя, Равенна, Болонья, Аквила деген таныс-бейтаныс мекен-жайлар мен қалалардың

аттары, сағаттар мен секундтардың тізбелері естіліп жатыр; әркімнің ұтқан минуттарын хабарлағанда диктор бейнебір қасиетті Грааль туралы айтқандай желпінеді; содан соң ол бүлінген су насостарына, қарысып қалған поршендерге, бұзылған бензин құбырларына ауысып, солардың бәрін әлемдік деңгейдегі қайғы-қасірет сияқтандырып ежіктеп кетті. Алакөленке бөлмені таскын селдей толассыз жарыс, уақытты, әр секундты ұтуға құлшынған сұрапыл сүргін басып алды, бірақ онда адамдар өмір үшін емес, тас жолдың сулы шиыршықтарымен құйғытып, атойлаған нөпірдің алдынан неғұрлым тезірек өту, өзгелерден бірер жүз метр оза шауып, белгілі бір жерге бірінші боп жетіп, бір сәтте оны тастап шығу үшін жанталасады. Жан алып, жан беріскен осы бәсеке қатарынан бірнеше сағатқа созылды. Мәшинелер шеткері аймақтағы жаман-жәутік бір қалашықтан жұлдыздай ағып өтіп, сондарынан атом бомбасы қуып бара жатқандай құйғытып, дәл сондай бір жаман-жәутік қалаға өзге бес жүз шабандоздан бірер минут қана бұрын жетуге барын салады.

"Осыған мен неге қызықпаймын? – деп ойлады Лилиан. – Осы кеште және осы түнде Италия жолдарының бойына сап түзеген миллиондаған адамдарды еліктіргені сияқты, бұл жарыс мені де неге баурамайды? Керек десе, ол өзгелерден гөрі мені желіктірсе керек еді ғой. Тегі, менің өмірімнің өзі жарысқа ұқсамай ма?

Оның өзі үлесін неғұрлым мол қармау үшін алға ұмтылмады ма, аншы иттердің алдында жұлдыздай ағатын оркоянша, оның өзі де өмір-бақи бір елестің соңында келе жатқан жоқ па?"

"Сөйлеп тұрған Флоренция" – деді әлдекімнің салтанатты үні радиоқабылдағыштан. Лилиан сағаттар мен минуттардың ұзын-ырға тізбесін, шабандоздардың аты-жөндерін, автомобиль маркаларын, жарысқа қатысушылардың орташа жылдамдықтары мен жекелеген шабандоздардың ең жоғары жылдамдықтарын қайтадан естіді. Содан соң сол дауыс бұрын-соңды болмаған мақтанышпен: "Егер көш бастаушы мәшинелер қарқынын бәсендетпесе, олар Брешияға рекордтық уақытта жетеді", – деп мәлімдеді. Осы сөз кенет Лилианды қайран қалдырды. "Брешияға жетеді де, – деп ойлады ол, – бәрібір сол шеткері аймақтағы кішігірім қалашықты, сол баяғы гараждарды, дәмханалар мен дүкеншіктерді көреді. Өлімге қасқая қарап қай жерден шықса, сол жерге қайта барады; өлермен жандарша түні бойы тек алға ұмтылып өрекпиді; таңға жуық әбден сілелері құрып, шаң қапқан жүздері тас мүсіндей қатады, бірақ олар сонда да дүниедегінің бары мен нәрі бәске қойылғандай құлшынып, алға, тек алға ұмтыла

береді де ақыр соңында өздері тастап шыққан қиқы-жиқы шеткері қалаға қайта жетеді. Брешиядан Брешияға оралады! Парықсыздықтың бұдан асқан үлгісін ойлап табу мүмкін бе? Табиғат адамдарды таңғажайып қасиеттермен аямай-ақ жарылқады; оларға өкпе мен жүрек сыйлады, ең бір ғажап химиялық агрегаттарды – бауыр мен бүйректі берді, бас сүйектерін Әлемнің күллі жұлдыздар жүйесінен де ғаламат ақ түсті жұмсақ массаға толтырды; енді келіп, сол адам соның бәрін, мықтағанда, Брешиядан Брешияға жету үшін жұмсаймын деп тәуекел етуі жөн бе?"

Лилиан радионы сөндірді. Әрбір адам Брешиядан Брешияға барып жүр. Солай болғаны ма?.. Тулузадан – Тулузаға. Менмендіктен – менмендікке. "Ал мен ше, – деп ойлады Лилиан. – Менің жетпекші Брешиям қайда?" Ол Хольманның жеделхатына қарады. Жоқ, шипажайда емес. Онда Брешия да, Тулуза да жоқ болатын. Онда үнсіз әрі бұлжымас күрес жүріп жататын – өмір мен өлімнің шекарасындағы әрбір тыныс үшін күрес. Онда Брешияның да, Тулузаның да *болуы мүмкін емес*!

Лилиан орнынан тұрып, бөлмеде әрлі-берлі жүрді. Көйлектерін сипап көріп еді, олардың күлі тоғылып жатқан сияқтанды. Содан соң үстелден қылшақ пен тарақты алып, не істеп тұрғанын ойланбастан қайтадан орнына қойды. Терезеден кіретін көленке сияқтанып, бөлмай қоймайтын және түзетуге келмейтін қателік жасап алдым ба деген ой бойына үрей әкелді. Лилиан киімін ауыстыра бастады. Жеделхат әлі үстелде жатқан. Шам жарығында ол бөлмедегі ең ағарған нәрсе сияқтанып көрінеді екен. Лилиан ара-тұра соған қарап қояды. Даладан судың шолпылы естіледі. Терезеден өзен мен жапырақтардың иісі келеді.

"Таудағылар не істеп жатыр екен? – деп ойлаған Лилиан естелікке ерік берді. – Клерфэ Францияның тас қараңғы жолында өз шамының жарығын қуып күйгытып бара жатқанда шипажайдағы адамдар не істеп жатыр екен?" Ол бір сәт әрі-сәрі боп тұрып, тұтқаны көтерді де шипажайдың телефонын айтты.

– Сиена,[1] – деді Торриани. – Май құйып, артқы дөңгелектерді ауыстырып алу керек.

– Қашан?

– Бес минуттан соң. Жанбыры бар болғыр!

Клерфэ мырс етті.

Сиена – Италиядағы қаланың аты.

– Оның кедергісі бізге ғана емес, басқаларға да ортақ. Байқа, қызмет көрсету орнынан өтіп кетіп жүрмейік.

Үйлердің қарасы барған сайын көбейе берді. Алдыңғы шамдар оларды жанбыр сатырлаған қараңғылықтан жұлып-жұлып алады. Айнала толы қолшатыр көтерген, сулық киген адамдар. Ағарандаған қабырғалар, шашыраған суша жан-жақка қашқан адамдар, дауыл кезіндегі саңырауқұлақтардың басындай толқыған қолшатырлар; кетіп бара жатқан біреудің машинесі әрлі-берлі қаңғалақ ойнайды.

– Тоқта! – деп айқайлады Торриани.

Тежегіш дерсу іске қосылып, машине солқ етіп барып тоқтады.

– Су, артқы дөңгелектер, жылдам! – деп айқай салды Клерфэ; мотордың үні өшкен, бірақ Клерфэнің құлағында қаңыраған бос залдардағыдай шуыл тұнып тұр.

Әлдебіреу оған лимонад құйылған саптыаяқ ұсынып, жаңа көзілдірік беріп жатыр.

– Біз несінші орындамыз? – деп сұрады Торриани.

– Жүрістерің тамаша! Он сегізініші орындасыңдар.

– Мәз емес, – деді Клерфэ. – Басқалар қалай?

– Монти – тортінші, Саккетти – алтыншы, Фриджерио – жетінші. Конти шығып қалды.

– Бірінші орында кім?

– Маркетти. Бәріпен он екі минут алда барады. Екінші – Лотти, одан үш минут артта.

– Біз ше?

– Он тоғыз минут қалып келесіңдер. Оған бола абыржымандар. Римге бірінші боп жеткен жарыста ешуақытта озбайды. Баршаға белгілі шындық.

Кенет әлдеқайдан жаттықтырушы келе қалды.

– Иә, Құдайдың дегені сол, – деп қосты ол. – Әулие Мадонна, Жаратқан Неміздің Анасы! Бірінші болғаны үшін Маркеттидің жазасын берші! Бензин насосына күйтақандай тесік дарыта көрші, басқаның керегі жоқ. Лоттиге де айтарым сол: екінші болудың күнәсі де біріншіден кем емес. Әулие-әмбиелер, сақтай көріңдер... – деп зар-зар етті ол.

– Сіз мұнда қайдан жүрсіз? – деп сұрады одан Клерфэ. – Неге Брешияда емессіз?

– Бітті! – деп айқайлады механиктердің бірсуі.

– Жөнел!

– Ұшып келе жатсам... – деп бастаған жаттықтырушының сөзін мотордың гүрілі басты.

Мәшине атыла жөнелді. Жұрт жапа-тармағай жан-жаққа қашып, олардан босаған тас жол Клерфэнің алдынан өзінің сансыз шиыршықтарын қайтадан тарқата бастады.

"Қазір Лилиан не істеп отыр екен?" – деп ойлады Клерфэ. Неге екенін өзі де білмейді, бірақ әйтеуір оған осы қызмет көрсету орнында жеделхат күтіп тұрғандай көрінді. Бірақ жеделхат атаулының кешігіп жүретіні бар ғой. Бәлкім, оны келесі аялдамада алар... Содан соң болғаны тек оттар, түн, адамдар; мотордың азынаған дауысынан олардың айқайын да естіген жоқ, тек өздері мылқау кинонын экранында қарандаған көленкедей болып өтіп жатыр. Ақыры бәрі ғайып болып, жыланша тек жербауырлап ирелендеген тас жол мен мәшине капотының астындағы аркырыған тылсым мақұлық қана қалды.

***

Байланыс тез-ақ болды. Ал Лилиан оны тек бірер сағаттан кейін күткен, себебі, ең бері салғанда, ол француз телефон тораптарындағы тәртіпті білетін; оның сыртында, шипажай да өзіне алыс көрінетін, тіпті басқа планетадағыдай есептеуші еді.

– "Монтана" шипажайы тыңдап тұр...

Осы дауысты таныған-танымағанын Лилиан түсінбеді. Бәлкім, бұрынғысындай, телефонға фрилейн Хегер келген шығар.

– Тілеуінізді берсін, Хольман мырзаны, – деді Лилиан кенет жүрегінің атқақтап кеткенін сезіп.

– Тоса тұрыңыз.

Лилиан сымдардың болар-болмас шуылына құлақ тосты. Оған, сірә, Хольманды іздеу керек болар деген ой келді. Сағатына қарады: шипажайда кешкі асты ішіп болатын мезгіл екен. Осы мен өлікті тірілтетін адамдай неге дебірсізденіп кеттім? – деп ойлады ол.

– Хольман тыңдап тұр. Бұл кім екен?

Оның дауысы осыншама жақыннан естілгеніне Лилиан шошып қалды.

– Бұл Лилиан ғой, – деді сыбырлай сөйлеп.

– Кім дейсіз?

– Лилиан Дюнкерк.

Хольманда үн жоқ.

– Лилиан, – деді содан соң сенімсіздеу. – Сіз қайдасыз?

– Париждемін. Сіздің жеделхатыңыз маған келді. Оны мейманханадан Клерфэге жіберген екен, мен байқамай ашып қойдым.

– Сіз Брешияда емессіз бе?

– Жоқ, – деді ол өзін ыңғайсыз сезініп. – Брешияда емеспін.

– Клерфэ қаламады ма?

– Иә, қаламады.

Әрине, өзі табандап тұрып алса Клерфэ оны да ерте кетер еді, бірақ ол өйткен жоқ, сондықтан Клерфэ оның көбірек ұйықтап, демалуға және жарыс туралы ойламауға берген уәдесіне қуана келіскен.

– Мен қабылдағыштың құлағында отырмын! – деді Хольман. – Әрине, сіз де солай шығарсыз?

– Иә, әрине.

– Клерфэнің жүрісі ғажап. Тегінде, жарыс жаңа басталды ғой. Мен Клерфэні білемін, ол анысын аңдуда. Өзегелер мәшинелерін шаға берсін. Түн жарымы болғанша ол қарқынға баспайды, бәлкім, тіпті одан да кештеу... дегенмен тура жарым түнде басар деймін. Бұл өзі тек секундомер бойынша жарыс екенін өзіңіз білетін боларсыз. Шабандоздардың ешқайсысы кімнен кейін бара жатқанын білмейді, адамның сілесін қуртатып нақ сол; жарыска қатысушылар өздерінің қай орында екенін тек май құюға тоқтағанда біледі әрі сондағы мәліметтердің өзі секіріп кеткен болатыны да бар. Бұ дегеніңіз беймәлімге жүгіру. Сіз мені түсінесіз бе, Лилиан?

– Иә, Хольман. Беймәлімге жүгіру. Өз жағдайыңыз қалай?

– Жақсы. Жылдамдық дегеніңіз жойқын. Орташасы күні бүгінге дейін жүз жиырма километрден жоғары болумен келеді. Ал шынтуайтында қуатты мәшинелердің көбі тіке жолға енді шығып жатыр. Мен орташа жылдамдық туралы айтып тұрмын, Лилиан, ең жоғары жылдамдық емес!

– Иә, Хольман. Қазір жағдайыңыз қалай?

– Өте жақсы. Едәуір тәуір боп қалдым, Лилиан. Сіз қай стансаны тыңдайсыз? Римді қосыңыз. Қазір жарыс жолына Миланнан гөрі Рим жақын.

– Мен Римді тыңдап жүрмін. Жағдайыңыздың тәуір болғанына қуаныштымын.

– Өзіңіз қалайсыз, Лилиан?

– Бәрі жақсы. Және...

– Бәлкім, сіздің Брешияға бармағаныңыз да дұрыс шығар, онда жаңбыр мен суық жел өктеп тұр, бірақ өзім болсам шыдамас ем, солай тартып кетер ем. Тұрмысыңыз қалай, Лилиан?

Оның нені сұрап тұрғанын Лилиан түсінді.

– Жақсы, – деді ол. – Ал сіздердегі жалпы жағдай қалай?

– Бір қалыпты. Осы бірер айдың ішінде айта қоярлықтай өзгеріс болған жоқ.

"Апыр-ау, сонда небәрі бірнеше ай ғана өткені ме? – деп ойлады Лилиан. – Ал мен бірнеше жыл өткен шығар деп жүрсем.

– Әлгі кімнің... – деп сәл бөгелді ол, шынында тек осы сұрақты қою үшін хабарласып тұрғанын білсе де. – Бористің жағдайы қалай?

– Кімнің?

– Бористің.

– Борис Волковтың ба? Ол тіпті көрінбейді. Шипажайға келуін қойған. Жағдайы жаман болмас деп ойлаймын.

– Дегенмен өзін кездестіргенсіз ғой?

– Иә, әрине. Рас, бұдан екі-үш апта бұрын. Өзінің қасқыр итімен қыдырыстап жүр екен, оны ұмытпаған боларсыз? Бірақ екеуміз әңгімелесе қойған жоқпыз. Ал сіздердің етектегі жағдай қалай? Өзіңіз күткендегідей болар?

– Шамамен солай, – деді Лилиан. Тегі, не нәрсе де өзіне, соған өзіннің қатынасына байланысты ғой. Тауда әлі қар жатыр ма?

Хольман күлді.

– Әлдеқашан еріп кеткен. Бәрі гүл жайнап тұр. Лилиан... Ол біраз бөгелді. – Бірер айтадан соң мені шығарады. Оны маған Далай-Ламаның өзі айтты.

Лилиан Хольманға сенбеді. Бұдан бірнеше жыл бұрын өзін де шығармақ болған еді.

– Тіпті тамаша, – деді ол. – Демек, енді төменде кездесеміз. Ол жөнінде Клерфэге айтайын ба?

– Айтпай-ақ қойғаныңыз дұрыс болар: мұндай шаруада мен ырымшылмын. Міне... Қазір спорт хабарларын бере бастайды! Сіздің де тыңдауыңыз керек! Сау болыңыз, Лилиан!

– Көріскенше күн жақсы, Хольман!

Лилианның Борис жайында тағы бірдеңелерді білгісі келіп еді, бірақ басқа ештеңе сұрай алмады. Бір сәт қара түткага қарап тұрды да оны орнына іліп, ойға шомды. Бәрін де ойлады, бірақ тиянақтаған жоқ, кенет өзінің жылап отырғанын байқады.

"Көздің жасы Брешияның жанбырындай ағыл-тегіл, – деп ойлады Лилиан орнынан тұра беріп. – Осы мен не деген ақымақпын. Бұл өмірде бәріне ақы төлейсің. Мен шынымен-ақ соның бәрін төлеп қойдым деп ойлағаным ба?".

– Бүгінде жұрт *бақыт* деген сөздің мәнісін тым әспеттеп жүр, – деді виконт де Пестр. Осы сөздің өзін ешкім білмеген де замандар

болған. Ол кезде оны ешкім *өмір* дейтін сөзбен шатастырмаған да. Осы түргыдан гүлдену кезеңіндегі қытай әдебиетін, үнді, грек әдебиетін оқып корінізші. Ол кезде жұрт түбірінде бақыт дейтін сөз жатқан жан толғанысына емес, өмірді күнбе-күн жарқын сезінуге мән беретін болған. Осы сезім жоғалғанда барып әртүрлі дағдарыстың, шырғалаң, киялшылдық және өмірді сезінудің тек боямасына татитын бақыт іздеу дейтін ақымақтық белең алады.

Лилиан күлді.

– Тегі, өмірді сезінудің өзі бояма емес пе?

– Әйтсе де адамға сол лайық.

– Сіздің ойынызша, өмірді сезінусіз адамға бақыт жоқ па?

Пестр Лилианға ойлана қарады.

– Жоқ деуге болады. Бірақ, менінше, сіздің жөніңіз бөлек. Мені тонті ететін сіздің осы қасиетіңіз. Сізде соның екеуі де бар. Бірақ соның алғышарты – қатты торығушылық жағдайы; оны атымен атаймын деп талпынудың өзі де. *торығу* дейтіннің анықтамасын іздеу секілді, құр әурешілік. Тек бір нәрсе анық: ол – сезімдердің абдырауы емес. Бұл күй поляр жазықтығына, күйініш атаулыны білмейтін жалғыздық нышанына ұқсас. Күйініш пен бүлініс әлдеқашан-ақ бірін бірі жоққа шығарған. Болмашы оқиғалар ең үлкен оқиғалардай маңыз алған. Ұсақ-түйек атаулы жарқырай көрінді.

– Е, міне, біз қайтадан он сегізінші ғасырға жеттік, – деді Лилиан аздаған кекесімен. – Сіз өзінізді соның соңғы жұрнағы санайсыз ғой?

– Соңғы құрметтеушісі деңіз.

– Сол он сегізінші ғасырда бақыт жайында басқа кай кездегіден де көп айтылған жоқ па?

– Тек ауыр шақтарда жұрт ол туралы айтса да, армандаса да сөздің кең мағынасында бізден гөрі әлдеқайда құнтты болған.

– Гильотинаны[1] енгізгенше десенізші.

– Гильотинаны енгізгенше және бақытқа деген құқықты ашқанша, – деп қостады Пестр. – Гильотинадан ешқайда қашып құтылмайсың.

Лилиан шарап ұрттады.

– Осының бәрі тек сіздің маған сөз салмақ ниетіңіздің алдындағы ұзақ кіріспе емес пе?

Пестр міз бақпан жоқ.

---

[1] Қылмысты адамның басын шабу.

– Оны қалай атасаңыз да еркіңіз. Мен сізге өзіңіз мұқтаж боп жүрген жағдайды жасағым келеді. Немесе, анығын айтқанда, өзім сізге лайық көретін жағдайды.

– Асыл тасқа лайықты жақтау керек демексіз ғой?

– Асылдың асылы дейтіндей тасқа лайықты.

– Ал мен аса торығу үстінде болғандықтан келісуім керек, солай ма?

– Жоқ, тым жалғызілікті болғандықтан. Оның үстіне, сіз аса өжет адамсыз, мадемуазель. Менің мақтауымды қабыл алыңызшы! Әрі қазымырлығым үшін кешірім өтінем. Бірақ мұндай асылзада ғауһардың кездесе бермейтіні рас.

Пестр рөмкесін үстелге қойды.

– Италиядағы жарыс туралы соңғы хабарларды естігіңіз келе ме?

– Осында ма? "Максимада"?

– А несі бар екен? Көңілі келсе, бұл жердің қожайыны Альбердің қолынан келмейтіні жоқ. Ал әңгіме сізге тірелгенде оның көңілі келмеуі мүмкін емес. Мен оны бірден ұққанмын: Альбер адам таниды.

"Максимада" қалыптасқан дәстүр бойынша оркестр алдымен "Көңілді жесірден" үзінділер орындады. Даяшылар дастарқандарды жиыстырып жүр. Пестр мен Лилианның тұсынан өтіп бара жатып Альбер оларға бір шиша коньяк әкелуге әмір етті; бөтелкенің сыртында тозаң да жоқ, Наполеонның таңбасы салынған затбелгі де жоқ, тек қолдан жазылған шағын жапсырма бар екен.

– Ол адам таниды деп айтпадым ба, – деді Пестр. – Мына коньяктан татып көріңізші, әрине, әуелі тиісті тәуістуінің бәрін жасайсыз: рөмкені жылытыңыз, содан соң мұның иісіне елтіп отырып, осы тақырыпта біраз әңгіме айтыңыз. Бізге сұқтанушылар бар сияқты.

Лилиан рөмкені қолына алып, оны жылытпастан және коньяктың жұпар иісіне елтіместен аузына төнкерс салды. Пестр күлді. Оларды бұрыштан қадағалап отырған Альбердің жүзіне ризашылық сезімі іспетті жымиыс пайда болды. Соны пейілділік нышанына балаған даяшылардың бірі әлден соң олардың дастарканына шағындау бөтелкемен фрамбуаза әкелді; кішілеу рөмкелерді қойып, оларға шарап құйды. Үстел үстін дереу жеміс бағының хош иісі жайлап, аспанда әппақ қорғандарға ұқсас зілмауыр бұлттар ұшатын ерте жаздың күндері еске түсті.

– Көптен сақталған таңқурай шарабы, – деді Пестр сүйсіне сөйлеп.

Лилианға бұл ескі шарапты осының бетіне – асылзада әлпетіне шашып кеп жіберсем қайтер еді деген ой келді. Бәлкім, оны да бағалай біліп, өзінің көпірме сөздерінің бірімен жауап берер ме еді, кім білсін. Лилиан оны жек көріп отырған жоқ: керісінше, ұйқы шақыратын әлсіздеу дәрілердің біріне ұқсатып, әнгімесін ұйып тыңдап отыр. Өйткені Пестр өзіне қарама-қарсы өмір салтының өкілі. Ол өмірді табынарлықтай аспанға көтеріп, өлімнің алдындағы қорқынышты эстетикалық шімірікпеушілікке айналдырып алған: сөйтіп таудағы үрейлі сокпақты баудағы табан жолдай көретін үрдіс тапқан. Бірақ одан өзгертін сәтсіз жоқ. Бірде Лилианның осыған ұқсас бірденені естігені бар. Ол, сірә, Сицилияда, Леваллидің жекежайында болған сияқты еді. Олай өмір сүру үшін ақшаң көп, жүрегің жұтаң болсын. Ондай адамдар Брешиядан Брешияға өтіп сарсаң болмайды, сол Брешияның өзінде отырып-ақ он сегізінші ғасырдың басындағы Версальда отырғандай қалып танытады.

– Мен кетейін, – деді Лилиан.

– Сіз осы сөзді жиі айтасыз, – деп қалды Пестр. – Әрі ол өзіңізге керемет жарасады. Сірә, сіздің сүйікті сөзіңіз болуы керек.

Лилиан оған жабырқай қарады.

– Менің қалай кеткім келмейтінін сіз білсеңіз ғой, – деді ол баяу ғана. – Кедей болайын, жалғыз-ақ болайын, тек қалсам ғой! Қалсам! Өзгенің бәрі жалған, торығудың өжеттігі де.

Пестр Лилианды мейманханаға дейін жеткізіп салды. Алдынан лепірген портье шығып қарсы алды.

– Клерфэ он екінші орында! Тағы да алты қарсыласына шаң қаптырып кетті. Диктор оның түнде керемет жүретінін айтты.

– Онысы рас.

– Атап өту керек. Бір саптыаяқ шампанға қалайсыз?

– Алдын ала тойлау дегенді қояйық. Шабандоз дейтін – ырымшыл халық.

Лилиан қарақөленке шағын холда біршама отырды.

– Осылай кете берсе, ертең таңертең ол тағы да Брешияда болады, – деді портье.

– Ол да рас, – деп жауап катты Лилиан көтеріле беріп. – Сен-Мишель желекжолына барып бір кесе кофе ішейін.

Дәмханадағылар оны ұдайы келіп тұратын танысы ретінде қарсы алды. Даяшы пәруана болып жатыр, "жарлы-жақыбай ақын" Жерар да күтіп отыр екен: оның сыртында студенттердің бүтін бір тобы құрметті жасақ ретінде оның күзетін міндеттеріне алды.

Жерардың баға жетпес бір қасиеті – ол үнемі аш болатын. Ақын тамағын тойғызғанша Лилиан оның қасында отырып, ойға батты.

Ол әрлі-берлі адамдар сапырылыскан көшеге, өмірдің жалын атып жайнаған мұнды көзіне карауды ұнататын. Жұрттың толассыз толқынын бақылай отырып, осы адамдардың кай-кайсысы да өлмейтін жанның иесі дегенге сену киын. Содан соң ол кайда кетпекші? Жан да, тән сияқты, тоза ма? Мүмкін ол осындай кештерде үміт пен ынтықтан торығып, елес болып, айнала ұшып жүретін шығар? Тірідей тозып, іріп-шіріп, мына мыңдаған терезелердің ішінде әлгіде ғана ұрыктанған жаңа адамдардың жандары өніп шығатын тыңайтқышка айналдырмауға үнсіз жалбарынып, айналып жүретін болар?

Жерар да тойды-ау ақыры. Асбасарға ол л'эвек сырының бір кесегін және жөнелтіп жіберген.

– Жан-жануарлардың өлігінен кесіп алып куырылған кесек еттер мен жартылай бұзылған сүт өнімдерін бойға сіңіру сияқты анайы хайуандық әрекет адам жанының нозік пернелерін козған, жыр боп күйылатыны ғажап, – деп ділмәрсыды Жерар. – Сол мені ұдайы таңдандырады әрі алдаркатады.

Лилиан күлді.

– Брешиядан Брешияға, – деді ол.

– Осы бір әрі анык, әрі карапайым сөз тіркесі маған түсініксіз болса да даусыз шындыкка ұксайды екен. – Жерар кофесін сарқып ішті. – Мен тіпті терең ойлы дер едім. Брешиядан Брешияға! Өлендерімнің келесі томын солай атайтын болармын. Бүгін сіз сөзге тым саран сияктысыз.

– Жо-ға. Әшейін сөз реті келмей отырғаны ғой.

Жерар басын изеді.

– Мен сіздің күпияңыз неде екенін ойладым, беу менің бейтанысым, Сен-Мишель желекжолының Клеопатрасы. Сіздің күпияңыз – өлім. Өзім өлімнің жыршысы бола тұрып, соны калай бірден байкамағанымды түсінбеймін.

Лилиан күлді.

– Бұл тірі жан атаулының күпиясы емес пе.

– Сіз үшін оның мәні бөлекше. Өлім сізге басқалардың алуан түсті көйлек кигеніндей жарасады. Сіздің нағыз ғашығыңыз сол, оның жанында өзгелердің бәрі түкке тұрғысыз. Оны өзіңіз білесіз, бірак елемеуге тырысасыз, ал ол сізді ұстап калғысы келетін адамдарды катты ашындырады. Сіз өлімнен өмірге кашасыз.

– Өзі йог болмаса, әркімнің-ак істейтіні сол.

– Кате айтасыз. Өлім алкымнан алғанға дейін бірде-бір адам ол туралы ойламайды деуге болмайды. Мұның касіреті де, сонымен бірге толкегі де сонда: падишадан бастап ең сорлы кайыршыға

дейін Жер бетіндегі барша жұрт өздерін мәңгі өмір сүретіндей көреді. Егер біз өлімнің хақтығын бір сәтке ұмытпай өмір сүретін болсақ, әлдеқайда адамгершіл әрі мейірімді болар едік.

– Және әлдеқайда шыдамсыз, үмітсіз әрі сұжүрек, – деді Лилиан күліп.

– Және неғұрлым парықты, қайырымды...

– Әрі неғұрлым өзімшіл..

– Әрі неғұрлым риясыз, өйткені о дүниеге ештеңе әкете алмайсың.

– Қысқасы, біз қазір қандай болсақ шамамен сондай болар едік.

Жерар үстелге қолын таянды.

– Тибеттің ақылмандары мен жер бетіне шашырап, жұрттың келемежіне айналған әпенділерден басқаның бәрі.

Лилианның: "бәрі" деп қайталағысы келді де бірақ үндемей қалды. Оның есіне ешнәрсе еренсіз қалмайтын шипажай түсті; рас, өлім онда да мансұқталатын, өлмешінің күнін көріп жүре беру үшін емес, өлімнің хақтығына көз жеткізіп, үрейді аластау үшін мансұқталатын.

– Науқастан басқалар, – деді Жерар. – Бірақ сауыққаннан соң үш күннен кейін олар да аурулы-сырқаулы кезінде ант-су ішіп берген уәделерін тарс естерінен шығарады.

Кенет ол Лилианға жалт қарады.

– Мүмкін сіз де науқас шығарсыз?

– Жоқ, – деді Лилиан. – Кейде түнге қарай осы жұрттың қайдағы жоқты айтатыны ғажап. Ал енді менің қайтатын уақытым болды.

– Сіз ұдайы осылай айтасыз да содан соң қайтып ораласыз.

Кенет Лилиан оның бетіне ризашылықпен қарады.

- Тегі, солай емес пе? Осындай нәрселерді тек ақындар ғана білетіні ғажап.

– Олар да ештеңе білмейді, тек үміттенеді.

Гран Огюстэн жағалауымен Лилиан Вольтердің жағалауына дейін жетті содан соң кері салып, тап-тар тұйық көшелерге түсті. Лилиан түнде жалғыз жүруден қорықпайтын. Ол тегі, адамдардан қорқу дейтінді білмейтін.

Сена көшесіне бұрылған жерде біреудің жатқанын көрді. Мас біреу болар деп өте берген ол жарты денесі төсемелі көшеде, жарты денесі аяқжолда созылған әйелдің жатысын танып кері бұрылды. Әйелді айналма бұрыштан екпіндей шығып жатқан мәшинелерден қорғау үшін Лилиан оны аяқжолға шығармақшы болды.

Әйел өліп қалған екен. Көше шамының көмескі жарығында Лилиан өзіне кимылсыз қадалған көздерді көрді. Ол әйелді иығынан ұстап көтере берем дегенде өліктің басы кері қарай сылқ етіп барып, жолға сарт етті. Лилиан әлсіз ғана айқайлап жіберді: ә дегенде өліктің бір жерін ауыртып алғандай болды. Лилиан оның жүзіне қарап еді, бет әлпетінде ешбір белгі жоқ екен. Не істерін білмеген ол айналасына апалақтады. Кейбір терезелерде жарық жанып тұр, перде тартылған кең терезеден музыка үні шалкиды. Үйлердің ара-арасынан үр таза, көк аспан сығалайды. Тү-у алыстан айқайлаған дауыс талып естіледі. Лилиан өзіне тақап қалған бір адамды көрді. Бір сәт абдырап қалған Лилиан қарсы жүрді.

– Жерар! – деп таңырқай айқайлаған ол бойының жеңілейіп жүре бергенін сезді. – Сіз мұны қайдан...

– Сіздің соныңыздан келе жатыр едім ғой. Көктемнің мынадай кешінде ақындардың өститіні болады...

Лилиан басын шайқады.

– Әне жерде әйел өліп жатыр! Жүріңіз!

– Мас біреу шығар. Есінен танып қалған.

– Жоқ, өлген әйел. Өлі адамның қандай болатынын мен білемін. – Лилиан Жерардың кері бағып тұрғанын сезді. – Не болды сонша?

– Осы шаруаға араласпай-ақ қойсам, – деді өлім жыршысы.

– Әйелді жолға тастап кете алмаймыз ғой.

– Несі бар екен? Өзі өлген әйел болса. Енді қалғаны – полицияның ісі. Оған шатасатын жайым жоқ. Сіз де жоламаңыз! Оны біз өлтірген деулері мүмкін. Кеттік!

Жерар Лилианды қолынан тартты. Бірақ ол былқ етер емес. Енді ештеңеден бейхабар және Лилиан білмейтіннің бәрін білген бет әлпетке қарап қатыпты да қалыпты. Маркұм бар дүниеден шеткері қалғандай. Торлы белдемше бүркеген бір аяғы астына қайырылып қалыпты. Лилианның көзі оның шұлығына, коцыр бәтінкесіне, биялайсыз жалаң қолына, күзелген қара шашына және мойнындағы қылдай бауына түсті.

– Кетейік,– деп күбірледі Жерар. – Пәлелі жерді қайтеміз! Полициямен ойнауға болмайды! Соған телефон соғып-ақ хабарлайық. Бізден керегі сол ғана!

Лилиан жетекке көнді. Жерардікінің дұрыс екенін де, сонымен бірге дұрыс емесін де білді. Аяғын жылдамдата басқан Жерарға әрең ілесіп келеді. Жағалауға жете бере Лилиан Жерардың бетіне қарады: өні құп-ку екен.

Өліммен бетпе-бет келу – бір басқа да ол туралы тіл бозеу – бір басқа.

– Сіз қалай ойлайсыз? – деп сұрады Лилиан кекесінді мыскылмен. – Қайдан хабарласақ екен? Менің мейманханамнан ба?

– Портье естіп қоюы мүмкін ғой.

– Мен оны бірденеге жұмсап жіберермін.

– Жақсы.

– Ол енді оныншы орында. Ол..

Жерарды көрген портье жаратпай, бөгеліп қалды.

– Бұл Клерфэнің досы, – деді Лилиан. – Сіз дұрыс айтасыз, Клерфэ үшін ішіп кою керек. Бір шиша шампан әкелініізші. Телефон қайда еді?

Портье өзінің үстелін нұсқап көрсетті де кетіп отырды.

– Тезірек, – деді Лилиан.

Жерар телефон кітабынан нөмірді іздеп жатқан.

– Кітап ескіріп кеткен екен.

– Полиция телефон нөмірлерін өзгертпейді.

"Оныншы орында, – деп ойлады Лилиан. – Ол әлі Брешиядан Брешияға ұйтқумен жүр, ал бұл екі арада..."

Жерар телефонмен сөйлесіп жатыр. Қолына рөмкелері мен бөтелкесін ұстап портье келді. Тығын тарс ете қалды: қуаныштан портье шампанды тым қатты шайқап жіберген екен. Жерар селк етіп, үнсіз қалды.

– Жоқ, бұл оқ емес, – деді ол үнсіздіктен кейін, сөйтті де тұтқаны іліп қойды.

– Менінше, сіз енді бірдене ішіп алуыңыз керек, – деді Лилиан, содан соң сыбырлай сөйледі: – Капелімде портьені қайда жұмсарымды білмей қалып, өзінің осындай тапсырманы күтіп жүргені есіме түсе кеткені. Мұнымен күнәкар бола қоймаспыз деймін.

Басын шайқай түсіп, Жерар шампанды құдитып жатыр. Әредік телефон жаққа карап қояды. Лилиан оның қоңырау қайдан шалынғанын полиция біліп коя ма деп қорқып отырғанын сезді.

– Олар осында біреу оқ атып жатқан жоқ па екен деп ойлап қалды. Қайғылы оқиғалардың көбінесе әрі тым күлкілі болатыны несі?

Жерардың тағы шампан құйып алуы үшін Лилиан оған бөтелкені ұсынды.

– Мен кетейін, – деді Жерар.

– Бұл жолы сіз кетпексіз. Жақсы жатып, жай тұрыңыз, Жерар.

Жерар шампанға карады.

– Тағы ішкіңіз келмесе, мен мұны ала кетейін.

– Жоқ, Жерар. Екінің бірін таңдаңыз.

Ол Жерардың зып етіп есіктен шыққанын көрді. "Енді түн басталады, жалғыздықтың түні", – деп ойлаған Лилиан шампанды портьеге берді.

– Ішіңіз. Қабылдағыш әлі жоғарыда ма?

– Әлбетте, мадемуазель.

Лилиан баспалдакпен жоғары көтерілді. Қараңғыда қабылдағыштың шыны мен металл бөліктері жарқырайды. Лилиан шамды жақты да полиция мәшинесі өтпес пе екен деп терезе алдында ұзақ тұрды. Бірақ ақыры ештеңе көре алмады. Содан соң Лилиан баяу шешіне бастады. Ескі серіктері – көйлектерін бөлмеге жайната іліп қойсам ба екен деп бір толқыды да оны істемеді. "Олардың маған көмектесетін уақыты өтіп кетті", – деп ойлады Лилиан. Ол шамды өшірместен ұйықтататын дәрі ішті.

Лилиан біреу өзін әлдекайдан күштеп лактырып жібергендей сезіммен оянды. Перде арасынан өткен күн сәулесі кешегі кештен бері жанып тұрған шамның жарығымен қосылыпты. Телефон безілдеп жатыр. "Полиция" – деп ойлады Лилиан тұтқаны көтере беріп.

Клерфэ екен.

– Біз қазір ғана Брешияға жеттік!

– Иә, Брешияға, – Лилиан ғайып боп үлгерген ұйқының соңғы калдықтарын бойынан серпіді. – Демек, сен келдің!

– Алтыншы болып. – Клерфэ күлді.

– Алтыншы. Ол деген тамаша ғой.

– Түк те емес! Ертең қайта шығам. Ал қазір ұйықтау керек. Торриани ұйықтап та калды – тура осында, орындықта отырып.

– Жә, ұйықта. Хабарласканың жақсы болды.

– Менімен Ривьераға барасың ба?

– Иә, жаным.

– Мені күт.

– Иә, жаным.

Күндіз Лилиан Сена көшесімен сейілдеді. Көше бәз калпында екен. Содан соң Лилиан газеттерді шолып шықты. Олардан да ештеңе тапқан жоқ. Адам өлімі тым елеусіз окиға екен.

***

– Бұл үйді мен соғыс басталардан көп бұрын сатып алғанмын, – деді Клерфэ. – Онда болмашы ақшаға Ривьераның тең жарымын сатып алуға болушы еді ғой. Мұнда өзім ешқашан тұрған емеспін.

Жәй ғана біраз нәрселерді сатып алып, жайғастырып қойдым. Көріп тұрсың ғой, құрылыс түп-түгел адам айтқысыз үлгіде салынған. Бірақ мәнерлеп жапсырылған безендірулерін сыпырып тастап, үйді жаңғыртып, қайтадан жайғастыруға болады.

Лилиан күлді.

– Оның керегі не? Сен шынымен осында тұрғың келе ме?

– Тұрса несі бар?

Лилиан алакөленке бөлмеден қарауытқан бакқа, киыршық тас төселген жолдарға қарады. Бұл жерден теңіз көрінбейді екен.

– Мүмкін, жасың алпыс бестерге келгенде тұрарсың, – деді Лилиан. – Одан беріде емес. Сонда Тулузадағы еңбек жолыңды да аяктарсың. Мұнда сен жексенбі сайын Отель де Париден тамақтанып, ара-тұра казиноға бас сұғып тұратын әдепті француз рантьесінің[1] тірлігін кешетін боласың.

– Бақ үлкен, ал үйді қайта салуға болады, – деді Клерфэ қыңырайып. – Ақшам бар. "Милле Миллияны" ұйымдастырушылар жомарттық жасады. Монакодағы жарыстан да бірдене түсіп қалар. Сен неге мұнда тұру мүмкін еместей көресің? Тегі, өзің қайда тұрғың келеді?

– Білмеймін, Клерфэ.

– Бірақ соны білу керек қой! Шамалап болса да.

– Ал мен білмеймін, – деді Лилиан сәл абдырап. – Еш жерде. Егер сенің бір жерде тұрғың келсе, демек, сонда өлгің де келгені.

– Қыста бұл жердің ауа райы Париждегіден жүз есе артық.

– Қыста! – Лилиан бұл сөзді Сириус, Стикс немесе шексіздік туралы айтқандай рәуішпен сөйледі.

– Кешікпей қыс түседі. Мұны қыска дейін бітіреміз десек, қайта құрылысты тездетіп қолға алу керек.

Лилиан айналасын шола қарады. "Неткен тұнжыраңқы үй. Мұнда қамауда отырғым келмейді", – деп ойлады да:

– Әлде сен қыста Тулузада жұмыс істемейсің бе? – деп сұрады.

– Бірінің біріне кедергісі жоқ. Мен сенің қыста ең жақсы ауа райында өмір сүргенінді қалаймын.

"Ауа райында менің шаруам не", – деп ойлаған Лилиан түніле сөйледі:

– Ең жақсы ауа райы шипажай тұрған жерде.

– Сен шипажайға қайтпақпысың?

Лилианда үн жоқ.

---

[1] *Рантье* – несиеге берілген ақшалай капиталының өсімімен немесе құнды қағаздарының табысымен өмір сүретін адам *(франц.)*.

– Сенің сонда қайтқың келе ме?

– Оған не деп жауап берейін? Мен осында тұрған жоқпын ба?

– Дәрігермен ақылдасып па едің? Тегі, осында келгелі сен дәрігерге көріндің бе?

– Менің дәрігерге көрінетіндей ештеңем жоқ.

Кенет терезе алдынан бір құс құлақты жарғандай үнмен сайрап қоя берді.

– Бұл арадан кетейікші, – деді кенет Клерфэ. – Мына түрлі-түсті шамдарды жаққанда электр жарығы сұмдық күңгірт көрініп жүре береді. Дегенмен мұның бәрін қайта жасауға болады.

Жапсырма әшекейлі қабырғаларды кеш қымтады. Лилиан жеңіл күрсінді. Ол өзін әлденеден құтылған адамдай сезінді.

– Бар мәселе, – деді Клерфэ, – сенің менімен бірге болғың келмейтінінде. Лилиан! Мен оны білемін.

– Бірақ қазір сенің жаныңдамын ғой, – деді ол шарасыз қарсылық айтып. – Өзіннің қалауың сол емес пе еді?

– Болса болар, бірақ енді оны қаламаймын. Бірақ сенің менімен басқаша тұрғың келген күнің болды ма?

– Жоқ, – деді Лилиан бәсең үнмен. – Тек басқа ешкіммен де емес, Клерфэ.

– Неге?

Лилиан ашуланып, үндемеді. "Осындай ақымақ сұрақтарды маған несіне береді?" – деп ойлады ол.

– Айтылмаған сөз қалған жоқ. Бәрін басынан бастау қажет емес, – деді ол содан соң.

– Махаббатқа жеккөрінішпен қараушы ма еді?

Лилиан басын шайқады.

– Мен ешуақытта өзім үшін бірдеңені тілеген емеспін. Ал қазір тілеп отырмын. Мен сені өзіммен бірге болса екен деп тілеймін.

– Енді мен осындамын ғой.

– Бірақ мен тілегендей емес.

"Ол мені өзіне байлап, тарс бекітіп қоймақшы, – деп ойлады Лилиан, – және онысын мардамсып *неке, қамқорлық, махаббат* деп атағансиды. Ол өзімнің мақтан ететін сезімдері маған жиіркенішті екенін әсте түсінгісі келмейді. – Ол кішігірім жекежайға, қиыршық тас төселген жолдарға жауыға қарады. – Шипажайдан қашып шыққанда мен өмірімді осы жерде өксітуді ойлаппын ба? Осында, Тулуза мен Брешияда. Қызықты оқиғалардың қуанышы қайда? Бұрынғы Клерфэ қайда? Ол неге мұнша өзгерді?"

– Байқап көрейікші, – деді Клерфэ. – Ештеңе шықпаса, үйді сатармыз.

"Менің байқап көретін уақытым жоқ, – деп ойлады Лилиан. – Менің *отбасы бақыты* деген атпен тәжірибе жасарлық уақытым жоқ. Мен кетуім керек, мұндай әңгімелерге де менің уақытым жоқ. Мұның бәрі шипажайда жақсы жарасушы еді, бірақ мен одан да қашып кеттім емес пе".

Кенет Лилиан тыншыды. Ол не істей қоятынын әлі жақсы білген жоқ, бірденені істей алатынын білу өзі үшін өте маңызды еді: енді оған бәрі соншама адам төзгісіз болып көрінуін қойды. Лилианды бақытсыздық қорқытпайды, онымен тым көп уақыт бойы қоңсы қоныр, бауыр басып кетті. Өздерін бақыт іздеп жүрміз деп есептейтін көптеген адамдардай емес, ол бақыттан да қорықпайды. Лилианның жалғыз қорқатыны – үйреншікті қарадүрсіндік.

Кешке теңіз жағасында отшашу болды, оның оттары көкке шаншып, жерге құлап жатты. Түн тымық, аспан тым алыс болатын. Бірақ көкжиекте теңіз аспанмен астасып жатты, сондықтан оттар шексіздікке қозделіп, Жер Шарынан әлдеқайдағы тысқарыға, шетішегі болмағандықтан бос аралық аталудан да қалған кеңістікке құлаумен болды. Лилиан отшашуды соңғы рет таудағы лашықта көргенін есіне алды. Ол шипажайдан кетер күннің қарсаңындағы кеште болған еді. Ал енді ол тағы кетер алдында тұрған жоқ па? Сірә, өмірде қабылдайтын шешімдерімің бәрі отшашудың белгісімен өтетін болғаны ғой, – деп ойлады ол күйінішпен. – Иә болмаса, менің басымнан өтетін жайлардың бәрі осы отшашуға – табан аузында сөніп, күл мен тозаңға айналып жатқан мынадай ермек отқа ұқсағаны ма? – Ол жан-жағына алақтай қарады. Тек қазір емес, – деп ойлады үрейлене, – тек қазір болмасын. Ақтық рет тағы бір лап етіп, өзінді басы бүтін беретіндей алауламас па екен?

– Екеуміз әлі ойнаған жоқпыз, – деді Клерфэ. – Сен бұрынсоңды ойнап көріп пе ең? Мен казиноны айтам.

– Ешқашан.

– Онда ойнап көруің керек екен. Бұрын ойнап кормесең, қолың шығысты болғаны және сен сөзсіз ұтасың. Барсақ қайтеді? Әлде шаршадың ба? Түнгі сағат екі болды ғой.

– Баланың уақыты. Осындай кезде адам шаршай ма?

Мәшиенелерінің жүрісі баяу; айнала – от шашқан түн.

– Әйтеуір күн жылынды-ау, – деді Лилиан орындықтың арқалығына шалқая беріп. – Осы күндерді сонша күтіп ем! Енді, міне жадыраған жаз.

– Парижде де жаз болғанша осында күте тұруға болады.

– Түн қандай жылы! Тұздың иісі келіп, теңіздің шуы естіледі. – Ол Клерфэге жабысты. – Адамдар неге мәңгі өмір сүрмейді екен, Клерфэ? Өлім дегенді білместен?

Клерфэ бір қолымен Лилианды құшақтап, оның сұрақтарын жалғастырды:

– Шынында, неге солай? Біз неге қартаямыз? Адам сексенге келгенше отызында бола тұрып, содан соң бірден өле қалса қайтеді?

Лилиан сыңғырлай күлді.

– Мен әлі отызға да келген жоқпын.

– Иә, оның рас, – деді Клерфэ сәл ыңғайсызданып. – Ылғи ұмыта беремін. Маған осы үш айдың ішінде сен бері салғанда бес жылға есейген сияқты көрінесің, – әйтеуір қатты өзгергенсің. Бес жылға ажарлана түскендейсің. Әрі он жылға қауіптірек болған секілдісің.

Олар әуелі үлкен залдарда ойнады, содан соң, ол манда адам сиреген де барып, ұтыс бәсі жоғарылау кіші залдарға ауысты. Клерфэ ұта бастаған. Алдымен ол "trente et quarentege" ойнады. Содан соң өзге үстелдердегіден бәсі жоғары рулеткаға көшті.

– Менің жанымда бол, – деді Лилианға. – Сенің жолың жеңіл екен.

Ол он екіге, жиырма екіге және тоғызға қойды.

Клерфэ біртіндеп жетондарын түгелге жуық ұтқызды. Енді бір рет қана көтерме бәске қоятындай жетоны қалған. Ол қызылға қойды. Қызыл шықты. Екінші рет қызыл шықты. Ұтысының жартысын былай қоя тұрып, қалғанын тағы қызылға қойды. Қайталап ең жоғары бәске қойды. Тағы да екі мәрте қызыл шықты. Клерфэнің алдына тау төбе жетон жиналды. Залдағы өзге ойыншылардың назары соған ауды. Фиоланың жақындағанын көрді. Ол Лилианға жымиып ықылас білдірді де қараға қойды. Қайтадан қызыл шықты. Келесі айналымда қара жиек ең жоғары бәстің жетондарына толып кетті. Үстелдің айналасына жиналған ойыншылар үш қатар боп қызығысып қалған. Бәрі дерлік Клерфэге қарсы ойнап тұр. Тек көк шілтерден тігілген кешкі көйлегі бар тырнаған арық кемпір ғана, сол сияқты, қызылға қояды.

Зал іші жым-жырт. Құйтақандай шар қайтадан безілдеп жөнелді де кемпір тұшкіре бастады. Қызылға тағы бір шықты. Фиола

Клерфэні сақтандырып, белгі берді: сәттіліктің де беті бір қайтатын кезі болады ғой дегендей еді. Клерфэ басын шайқап, қызылға тағы да ең жоғары бәсті қойды.

– Je est fou[1], – деп қалды біреу Лилианның ту сыртынан.

Ұтысын жасырып үлгерген кемпір соңғы сәтте бәрін қызылға қайта қойды. Құлаққа ұрған тынадай тыныштықта оның қатты дем алып, содан соң тынысын тарта қойғаны естілді. Ол енді түшкірмеуге барын салды. Құстың шеңгеліне ұқсаған сарытап қолы жасыл шұғаның үстінен меңмұндалайды. Оның алдында, үстел үстінде, күйтақандай жасыл тасбақа – бойтұмары жатыр.

– Formidable![2] – деді Лилианның артында тұрған бір әйел. – Бұл кім өзі?

Енді нөмірге қоюшылар табылмауға айналды. Бұрын-соңды болмаған сәттілік кезеңі жайындағы хабар зал біткеннің бәріне тарады. Ірі сомаға қойылған жетондар қаз-қатар боп үйілді; ойыншылардың бәрі қараға қоюдан танбады. Бұрынғысынша қызылға қоятын тек Клерфэ ғана. Сасқалақтаған кемпір соңғы сәтте қызыл жиекке тасбақасын қойып жіберді. Енді мүлт кеткенін түзетіп үлгергенше зал дуылдап ала жөнелді. Тағы қызыл шығып еді.

– Өкінішті, мадам, біз сіздің тасбақаңызды еселей алмаймыз, – деп, ойынды реттеуші үстелдің бетінен көне заманның дана басты мақұлығын оған қарай ысыра берді.

– Менің ұтысым қайда?! – деп шаңқылдады кемпір.

– Кешіріңіз, мадам, сіз бәс қойған жоқсыз, тіпті ол туралы ләм демедіңіз.

– Менің қояйын дегенімді кордіңіз ғой. Сол да жетпей ме?

– Шар түскенге дейін сіз не бәсіңізді қойып, не ол туралы хабарлауыңыз керек еді. Rein ne va plus[3] – делінген соң сауда бітті.

Кемпір айналасына әлдекімді түтіп жейтіндей карады.

– Feites vos jeux[4], – деді реттеуші селкос қана.

Клерфэ қайтадан қызылды қолайлады. Күйіп кеткен кемпір қараға қойған. Басқалар да қараға қойып жатты. Фиола алтыға және қараға қойды.

Тағы да қызыл ұтты.

---

[1] Ақылынан алжаскан шығар *(франц.)*.

[2] Керемет! *(франц.)*.

[3] Енді қойылатын бәс жоқ *(франц.)*.

[4] Бәстеріңізді қойыңыздар *(франц.)*.

Клерфэ ұтысын жиып алды. Содан соң жетондарын реттеушіге беріп, орнынан тұрды.

– Шынында да сенің жолың жеңіл екен, – деді ол Лилианға.

Шар тоқтағанға дейін Клерфэ үстел басынан кеткен жоқ. Енді ұтыс қараға шықты.

– Көрдің бе, – деді ол, – кейде адамда алтыншы сезім дейтіннің пайда болатыны рас.

Лилиан күлімсіреді. "Тек соның махаббатта да көрінсе ғой," – деп ойлады ол.

Оларға Фиола келіп қосылды.

– Сізді құттықтаймын. Ойынды дер кезінде тоқтата білу – баға жеткісіз өнер. – Фиола Лилианға бұрылды. – Сіз қалай ойлайсыз?

– Білмедім. Маған оның реті ешуақытта келмепті.

Фиола күлді.

– Әй, қайдам. Талай адамның басын айналдырып, Сицилиядан қашып кеттіңіз. Римде құйрықты жұлдыздай жалт еттіңіз. Ал Венецияда, жұрттың айтысына қарағанда, сізді сарсылып іздегендер көп болыпты.

Олар Клерфэнің сәтті ойынын атап өтпекші болып барға бет алды.

– Менің ойымша, бұл ұтыс үйді қайта салуға да жетіп қалар, – деді Клерфэ жайраң қағып.

– Ертең бәрін ұтқызып жіберуің де ғажап емес.

– Сен соны қалайсың ба?

– Әрине, жоқ.

– Енді ойнамаймын, – деді Клерфэ. – Біз бұл ақшаның бәрін сақтап қоямыз. Сөйтіп, саған арнап бақ ішінен жүзу бассейнін салдырамын.

– Маған оның қажеті жоқ. Мен жүзе алмаймын, оны өзің де білесің.

Клерфэ оған жалт қарады.

– Білемін. Сен шаршадың ба?

– Жоқ.

– Қызылдың қатарынан тоғыз рет шығуы таңғажайып жағдай, – деді Фиола. – Мұндай сәттілік кезеңін тек бір-ақ рет көргенім бар: қараның ұтысы он екі рет қатарынан шыққан. Ол тіпті соғысқа дейінгі оқиға. Онда кейбір үстелдердегі ең жоғары бәс қазіргі cercle prjve[1] дегіден әлдеқайда қомақты болушы еді. Қараға қойған ойыншы банкті сыпырып алды. Ол қараға және тағы он

[1] Сәнаулы адамдарға арналған ойынхана.

үшке койған болатын. Он екі айналымда шар он үшке алты рет түсті. Бұл деген нағыз таңғаларлық оқиға болды. Жұрттың бәрі соның ойынын қайталады. Сөйтіп ол бір түнде банкті екі рет қағып кетті. Өзі орыс жігіті екен. Аты қалай еді? Ұмытпасам, Волков болар. Иә, Волков.

– Волков дейсіз бе? – деп сенімсіздеу сұрады Лилиан. – Бірақ Борис Волков емес шығар?

– Дұрыс! Борис Волков. Сіз оны білуші ме едініз?

Лилиан басын шайқады. "Ондайды білмеуші ем," – деп ойлады. Ол өзін Клерфэнің бақылап келе жатқанын байқады.

– Қазір оның қайда екенін кім біліпті, – деді Фиола. – Әйтеуір бір дүрлігіс туғызып кетіп еді. Нағыз сайыпқыран ойыншылардың бірі болатын. Әрі мергендігін айтсаңызшы. Мұнда Мария Андерсенмен бірге келіп еді. Ол әйел туралы, сірә, естіген боларсыздар. Өзім бұрын-сонды көрген әйел баласының сұлуы еді ғой, несін айтасың. Миланда әуе шабуылы кезінде қаза болды. – Фиола Клерфэге бұрылды. – Сіз Волков жайында ешқашан естімедіңіз бе?

– Жоқ, – деп келте қайырды Клерфэ.

– Ғажап! Сол жолы ол бірнеше жарыска да қатысып еді. Әрине, әуеской ретінде. Арақты сонша көтеретін адамды мен өмірі көрмеппін. Сірә, ол өз түбіне өзі жеткен болар; әйтеуір соны өзі қалайтындай көрінетін.

Клерфэнің жүзі түнерді. Ол даяшыға тағы бір бөтелке шарап әкелуге белгі берді.

– Сіз бүгін тағы ойнайсыз ба? – деп сұрады Фиола Клерфэден.

– Әрине, жоқ.

– Неге? Сәттіліктің де дүркін-дүркін келетіні бар. Бәлкім, бүгін тағы да қатарынан он үш рет қара шығатын болар.

– Ол ойынды коя тұруы керек еді, – деді Фиола Лилианға.

– Иә, бүгін қайта килікпеуі керек еді. Өмірдің өзіндей көне зан соны айтады.

Лилиан Клерфэге көз тастады. Ол бұл жолы қолым шығысты болуы үшін қасымда болшы деп оны қыстамаған. Неге өйткенін Лилиан да білді. "Тіпті өзі бала сияқты, – деп ойлады ол мейірлене отырып, – қызғануының өзі қандай қызық! Мәселе біреуде емес, тек өзінің сезімінде екенін ол кенет ұмыта қалғаны ма?"

– Сіз ойнауыңыз керек, – деді Фиола. – Мұнда тұнғыш келдіңіз. Мен үшін бір ойнасаңыз қайтеді? Жүріңіз!

Екеуі басқа үстелге барды. Фиола бәс тіге бастады. Біршама уақыттан соң Лилиан да бірер жетонға ие болып қалды. Ол сақтықпен ойнап, бәске шамалы сомаларды ғана тігіп отырған. Лиланға ақшаның жөні бөлек еді. Ол үшін ақша өмірінің бір бөлшегі тақылеттес. Ол Гастон ағасына, оның күңкілдеп жүріп беретін қайыр-садақасына кіріптар болғысы келмейді.

Лилиан әп дегеннен-ақ ұтыска шыға бастады.

– Қолы шығысты деген осы болады, – деді ұтылып отырған Фиола. – Бүгінгі түн – сіздікі. Мен де бәсімді сіз сияқты тіксем қарсы емессіз бе? Сіздің көленкеніз болсам?

– Оған өкінетін боласыз.

– Тек ойында емес. Қалаған бәсіңізді тіге беріңіз.

Лилиан біраз уақыт біресе "қызылға", біресе "қараға" қойып келіп, содан соң екінші "он үшке" және ақырында, әртүрлі нөмірлерге тікті. Екі рет "зероға" қойып ұтты.

– Сізді "зеро" – "нөлдік" тәуір көреді екен, – деді Фиола.

Үстел басында тасбақа ұстаған кемпір пайда бола кетті. Ол Лилианға қарсы отырды. Жүзі ашулы екен. Бәс тігудің ара-арасында кемпір өзінің тасбақасымен әлдене деп сыбырласып қояды. Сарытап болған саусағында таңғажайып көркем гәуһар қондырылған жүзік қолқылдайды. Мойнының әжімі де тасбақаның әжіміндей мыж-тыж – кенет, тіпті, екеуінің бір-біріне су құйып қойғандай ұқсас екені көзге түсті. Екеуінің де көзі кірпіксіз және тек қарашықтан тұратындай.

Лилиан енді біресе қараға, біресе он үшке алма-кезек қойып отырған. Әлден соң көзін көтеріп қараса, Клерфэ үстелдің қарсы бетіне келіп, оны бағып тұр екен. Өзі де білместен, ол бір кездегі Волковша ойнап кеткен еді. Оны Клерфэ де сезгенін Лилиан түсінді. Ерегіскеннен Лилиан он үшке қоя берді. Алты рет қатарынан он үш шықты.

– Жетер, – деді Лилиан.

Үстел үстіндегі жетондарын жинап алып, қол сөмкесіне салды. Ол ұтты, бірақ канша ұтқанын білген жоқ.

– Кетуге айналдыңыз ба? – деп сұрады Фиола. – Бүгінгі түн сіздікі еді ғой. Сіздікі екенін өзіңіз де көріп тұрсыз. Енді бұл ешқашан қайталанбайды.

– Түн өтті. Пердені ашсаңыз болды, мұнда көлбеңдеп таң кіріп, бәрімізді әруақ түстендіріп жібергелі тұр. Жақсы жатып, жай тұрыңыз, Фиола. Ойыннан қалмаңыз.

Клерфэмен бірге Лилиан көшеге шыққанда Ривьера коз алдына арда күйінде келіп тұра қалды; оның туристер келіп ашқанға дейінгі келбеті осындай болатын. Күннің шығуын күткен аспан жез рендес ашық сары және көгілдір түспен құбылып, сонау көз ұшындағы көкжиекте теңіз әппақ болып, ақық тастай мөлдіреп жатыр. Оның айдынында сары және қызыл желкендерін жайып, бірнеше балықшы кемелер толқиды. Жағалауда жанды қара жоқ; көшелерде қарандаған мәшинелер де көрінбейді. Жел теңізден желпіп, шаянның иісін әкеледі.

Шатақтың қашан шыққанын Лилиан аңдамай да қалған.

Клерфэ әлденелерді айтады; тек біраздан кейін ғана Лилиан оның сөздерінің мәніне бойлай бастады. Оның Волковка деген қызғанышы кенет бұрқ етіп сыртқа тепкен.

– Мен не істеуім керек? – деген сөздерін естіді Лилиан. – Менің көзге көрінбейтін дерексізбен, өзі жоқ болса да соның арқасында әр жерден елес беретін адаммен күресуіме тура келеді; ол менен жүз есе әлуетті, себебі өзі жоқ, ол күнәдан таза, себебі өзі жоқ, ол кемелдіктің нағыз үлгісі, себебі өзі жоқ, оның басымдығы сұрапыл, себебі өзі көрінбейді – осының бәрі оның қолына маған қарсы жұмсайтын қуатты қару береді. Ал мен қасыңдамын, сондықтан өзім қандай болсам, сенің көзіне де сол қалпымда көрінемін, сен менің теріме сыймай ашуланғанымды, қателескенімді (солай-ақ болсын), қандайлық ұсқашыл әрі ақылсыз екенімді көресің. Енді маған қарама-қарсы болып сенің көз алдында оның алапат, кіршіксіз бейнесі тұр: ол қателеспейді, себебі ештеңе істемейді де ештеңе айтпайды, сондықтан онымен арпалысу әруақтармен арпалысу сықылды бос әурешілік болып шығады.

Лилиан қалжырап, отырғышқа басын шалқайтты.

– Осы айтқаным өтірік пе? – деп сұрады Клерфэ, алақанымен жетекті ұрып. – Өтірік деп айтшы кәне! Менімен әңгімелесуден неге жалтара берстініңді бірден сезгенмін. Білемін, маған күйеуге шыққың келмейтіні тек сол үшін ғана! Сенің қайта кеткің келіп жүр. Міне, мәселе қайда! Сенің қайта кеткің келеді!

Лилиан басын көтерді. Не деп отыр осы? Ол Клерфэге карады.

– Сенікі не сөз?

– Осы айтқаным өтірік пе? Қазір ғана өзің соны ойламадың ба?

– Қазір мен ең ақылды адамдар да керемет ақымақ болуы мүмкін екенін ойлап отырғанмын. Мені күштеп қуушы болма.

– Мен сені ме? Мен, қайта, сені ешқайда жібермеу үшін барымды салып жүрген жоқпын ба?

– Шынымен мені осылай ұстаймын деп ойлайсың ба? Құдайым-ай!

Лилианның басы қайтадан кеудесіне сылқ етті.

– Сен бекер қызғанасың, мен қайтқан күнде де Борис енді мені қабылдамайды.

– Онда тұрған не бар? Бастысы – сенің қайтқың келетіні!

– Мені қайта қумашы! Құдайым-ау, мүлдем басыр болып қалғаннан саумысың?

– Иә, – деді Клерфэ. – Солай болар! – деп қайталады ол. – Бірақ өзіме қылар дәрменім жоқ. Оған енді шамам жетпейді.

Олар Корниш тасжолымен Антибу жаққа бет алып бара жатқан. Есек жегілген бір арба қарсы кезікті. Арбада бойжетіп қалған қыз бала ән салып отыр екен. Қалжыраған Лилиан оған өңменінен өтердей қызғанышпен қарады. Ол ойынханадағы әлі талай жылды қанжығасына байлайтын кемпірді есіне алып, шат-шадыман қызға тағы бір қарады да өзінің жайын ойлады. Сол мезетте ол дүниедегінің бәрі түсініксіз, амал-айланың әмбесі пайдасыз көрінетін, басына қайғы бұлты үйіріліп, бар болмысы неге дейтін бір ғана сұрақтан шарасыз қайнайтын сәттерінің бірін басынан өткерді. Неге мен болуым керек? Осының бәрі нақ менің басыма түсетіндей мен не істеп қойып ем? Көзін жас кіреукелеген ол ештенені айқын ажырата алмай таңғажайып табиғатқа қарапты да қалыпты. Гүл шашқан ағаштардың жұпар иісі айналаға түгел тарап жатыр.

– Сен неге жылайсың? – деп сұрады Клерфэ кейіп. – Құдай біледі, сенің көз жасыңды көрсететіндей ешбір жоның жоқ.

– Иә, менің ешбір жөнім жоқ.

– Өзің қайдағы бір елес үшін маған опасыздық жасайсың да енді келіп көз жасыңды көл қыласың!

"Иә, – деп ойлады Лилиан, – бірақ елестің аты Борис емес. Соның атын Клерфэге айтсам ба екен? Бірақ онда бұл мені ауруханаға қамап тастап, қақпасының алдына күзет қоюдан тайынбас. Сөйтіп, әйнегі бұлыңғыр есігі бар бөлмеде дезинфекция мен ізгі ниеттердің және адам нәжісінің мұрынды жаратын иісіне елтіп, өле-өлгенше отыра бермекпін ғой." – Ол Клерфэге қарады. – Жоқ, қалай болғанда да мұның сүйіспеншілікпен жасаған түрмесінен сақтасын. Бұл арада қарсылық көрсетуден ештеңе өнбейді. Тек бір жолы бар – қашу керек. Отшашу басылды, енді оның күлін ақтаратындай не бар?

Мәшине мейманхананың ауласына кірді. Үстіне халат киген бір ағылшын әлден-ақ суға түскелі теңізге бара жатыр екен. Лилианға карамастан, Клерфэ оның мәшинеден түсуіне көмектесті.

– Енді мені сирек көретін боласың, – деді Клерфэ. – Ертең жаттығулар басталады.

Ол сәл асырып айтты: жарыс калада өтпекші болатын, сондыктан жаттығу өткізудің мүмкіндігі жоккa тән еді. Тек жарыстың өзі басталғанда ғана көше козғалысы токтатылмакшы болған. Жаттығудың бар болғаны шабандоздар жарыс жолымен жүріп өтіп, кай жерлерде жылдамдыкты ауыстыру керегін көнілдеріне түюмен аяқталған.

Кенет Лилиан Клерфэ екеуінің арасында болатын жағдайды көз алдына елестетті: ол әуелі ұзын дәлізді көргендей болды. Дәліз барған сайын тарыла берді және одан шығар ауыз көрінбеді. Лилиан онымен жүре алатын емес. Ал махаббатта кері кайтуға жол жок. Бәрін кайта бастауға да болмайды: болған жайдың бәрі канға сіңіп калады. Енді Клерфэ онымен бұрынғысындай бола алмайды. Кез келген баска әйелмен солай болса болар, тек Лилианмен емес. Махаббаттың да, уакыт сиякты, кайтымы жок. Бұған құрбандығын да, нартәуекелін де, ізгі ниетін де – ештенен көмектесе алмайды; махаббаттың көнілсіз де мейірімсіз заны сол. Лилиан соны білетін, оның кеткісі келгені де содан. Енді екеуінің бірге болуына калғаны Лилиан үшін бүкіл өмірі, ал Клерфэ үшін бірер ай болатын. Сондыктан Лилиан Клерфэмен емес, өзімен санасуы керек еді. Екеуінің мүмкіндігі мүлдем кереғар. Қазір Клерфэ басқаша ойлағанымен, екеуінің махаббаты оның өміріндегі бір окиға ғана, ал Лилиан үшін ол – бәрінің ақыр-такыры. Оның өзін құрбан-дыкка шалар какысы жок; енді ол осыны түсінді. Лилианда өкіну сезімі жок, ол үшін уакыты да тым таншы; оның есесіне ол айкындыкты, тан сәріде болатындай айкындыкты тапты. Тұманның соңғы шудалары сейілді, түсінбестіктердің бәрі ғайып болды. Ол тәуекелге бел байлаған адамда болатындай кішкентай бір бакытты сезінді. Және, бір ғажабы, тәуекелмен бірге Клерфэге деген мейірімділік кайта оралды – енді одан келер ешкандай кауіп жок еді.

– Сенің айтқандарынның бірде-бірінде зәредей шындык жок, – деді Лилиан енді мүлдем баска үнмен. – Титімдей де! Оны ұмыт! Олай емес ол! Тіпті де олай емес!

Ол Клерфэнің жүзі жайнап шыға келгенін байкады.

– Сен менімен каласың ба? – деп жеделдете сұрады ол.

– Иә, – деді Лилиан, онысы жалған екенін, әйтсе де шындыққа да жанасымы барын біле тұра. Ол екеуінің осы соңғы күндерінде тәжікелесіп жатуды күп көрмеді.

– Ақыры мені түсіндің ғой?

– Иә, сені түсіндім, – деді Лилиан күлімсіреп.

– Маған күйеуге шығасың ғой?

Клерфэ оның даусындағы екіүштылау сарынды сезбеді.

– Иә, –деді Лилиан.

Тегі, енді мұның да келер-кетері жоқ қой.

Клерфэ оған тесіле қарады.

– Қашан?

– Қалауың білсін.

Клерфэ бір сәт үнсіз қалды.

– Е, бәсе! – деді ол – Бәсе! Сен мұныңа ешқашан өкінбейсің, Лилиан!

– Білемін.

Клерфэ табан аузында жайнап жүре берді.

– Сен шаршадың ғой! Өлердей шаршаған боларсың! Осы біздікі не! Сенің ұйықтауың керек ғой! Жүр, мен сені жоғарыға дейін шығарып салайын.

– Өзің ше?

– Мен шомылуға кеткен ағылшынның соңынан барамын, содан соң көшеде қозғалыс басталмай тұрып, жарыс жолын бір айналып шығамын. Жәй ғана, көніл үшін, әйтпесе оны өзім де білемін. – Клерфэ оның бөлмесіне кірер ауызда, табалдырықта тұр. – Мен не деген ақымақпын! Ұтысымның жартысынан астамын қайта ұтқыздым! Ерегіспен!

– Мен ұттым. – Лилиан жетон салынған сөмкесін үстелдің үстіне тастады. – Бірақ қанша екенін санаған жоқпын.

– Ертең тағы ұтамыз. Сен дәрігерге барасың ба?

– Иә. Енді мен ұйықтайын.

– Сөйт. Әбден кешке дейін. Содан соң тамақ ішіп аламыз да тағы ұйқыға жатамыз. Мен сені керемет сүйемін.

– Мен де сені сүйем, Клерфэ.

Клерфэ есікті ақырын жауып, кете барды. "Аурудың бөлмесіндегідей", – деп ойлады Лилиан, кереуетіне сылқ етіп отыра беріп.

Терезе ашық тұрған. Лилиан Клерфэнің теңізге кетіп бара жатқанын көрді. "Жарыстан соң, – деп ойлады ол – Заттарымды буып-түйіп қойып, жарыстан соң жүріп кетуім керек. Енді бірер күн..."

Ол қайда баратынын білген жоқ. Түптеп келгенде, бәрібір емес пе. Әйтеуір кетуі керек. "Қайта кету", – деді ғой Клерфэ. Бірақ қайда? Сол *қайданың* өзі қайда болуы мүмкін?

***

Әр айналым үш шақырымнан сәл ұзағырақ болар. Жарыс жолы Монте-Карлоның көшелерін бойлап, қаланың тура ортасымен өтіп, айлақты айналып, ойынхана тұрған жотамен жүріп барып кері бұрылады; көптеген жерінде тас жолдың ені басып озуға әрең жетеді, жолдың өзі кілең бір бұралаңдардан, қос бұралаңдардан, түйреуіш кескінді айналмалар мен сүйір бұрышты айналмалардан тұрады. Максат – осындай жүз айналмадан, яғни үш жүз километр жолдан өту болатын, ал бұл шабандоз жылдамдықты оңдаған мың мәрте өзгертіп, сонша рет тежегішті қосып, қайтадан қаркын алып, жылдамдықты тағы өзгертіп, тежегішті басып, тағы да арындауы керек деген сөз.

– Нағыз әткеншек, – деп күлді Клерфэ Лилианға қарап. – Акробатикалық номір десе де болар. Шыңдап қаркын алу мүмкін емес. Сен қай жерде отырсың?

– Трибунада. Оң жағынан оныншы қатар.

– Күн қайнайын деп тұр. Қалпақ алып па ең?

– Иә.

Лилиан Клерфэге қолындағы кішігірім шетен қалпағын көрсетті.

– Жақсы. Бүгін кешке біз теңізге , "Павильон д' Орга" барамыз, теңіз шаянын жеп, салқын шарап ішеміз. Ал ертең менің бір таныс сәулетшіме соғамыз, ол бізге үйді қайта салудың жобасын жасап бермекші. Терезелері үлкен, түп-түгел күн нұрына шомылған, жан-жарық үй болғалы тұр.

Жаттықтырушы Клерфэге айқайлап, итальянша бірдене айтты.

– Енді басталады, – деді Клерфэ, ақ комбинезонын тамағына дейін түймеленіп.

Ол қалтасынан ағаш кесіндісін алып, онымен мәшинесін, содан соң өзінің қолын қақты.

– Дайынсыздар ма? – деп айқайлады жаттықтырушы.

– Дайынбыз!

Лилиан Клерфэні бетінен сүйіп, рәсімге сай істелуге тиістінің бәрін орындады. Клерфэнің мәшинесі мен комбинезо-нына тұкіргеннің ырымын жасады, керісінше келуге тиісті қарғысын күбірледі, содан соң тас жолға және өзге мәшине тұрған жаңаларға қарата екі саусағын шошайтқан қолын созды: бұл сүк

көзге қарсы жасалатын арнайы ырым – "yettatore" еді. Лилиан шығар есікке беттеді, ал механик итальялықтар оған қарап ауыздарын ашты да қалды. Кетіп бара жатқан Лилианның артынан жаттықтырушының жалбарынған сөздері естілді:

– Жарылқаушы Құдайым және сен, қасірет шеккендердің Анасы, Клерфэ мен Фреджериоға өзің жар бола гөр және...

Есікке жете бере Лилиан артына қайырылды. Маркеттидің әйелі мен тағы басқа екі шабандоздың әйелдері қолдарына секундомерлері мен бір-бір парақ қағаздарын ұстап, орындарында отыр екен. "Мен оны тастамауым керек еді", – деп ойлаған Лилиан қолын көтерді. Клерфэ күліп, жауап ретінде оған қолын бұлғады. Лилианға ол тіпті жас көрініп кетті.

– Азапкер әулилер, қарсыластарымыздың дөңгелектері біздердікіне қарағанда екі есе тез тозатындай ете көріндерші, – деп жалбарынған жаттықтырушы іле-шала: – Стартқа дайындалыңдар! Бөгде адамдар шығып тұрсын! – деп әмір етті.

Жиырма мәшиненің бәрі старт алды. Алғашқы айналымда Клерфэ сегізінші болып қалды: оның сөредегі орны сәтсіздеу болды да бір сәт бөгеліп қалған. Микоттидің өкшесін басып барады; жеңіс үшін ол жанын салатынын Клерфэ біледі. Олардың алдында Фриджерио, Монти мен Саккетти бара жатыр, ал тізгін ұшы – Маркеттиде.

Төртінші айналым кезінде ойынханаға қарай көтерілетін тура жолда Микотти мотордың бойындағы барын сығып ала жаздап, Саккеттидің жанынан ағып өтті. Оның артқы дөңгелегімен тістесіп бара жатқан Клерфэ де моторға орасан күш салып, үңгіме жолға кірер ауызда ғана Саккеттидің алдына түсті. Одан шыға берісте Клерфэ Микоттидің мәшинесі түтіндеп, жүрісін бәсеңдеткенін байқады. Озып оның алдына түскен Клерфэ енді Монтиге шұқшиды. Ол жолдың әр метрін білетін. Үш айналымнан соң, газ қоймасының тұсындағы қайқаң бұралаңдардың бірінде Монтиді қуып жетіп, оның артқы дөңгелектеріне тістесе кетті.

"Әлі тоқсан екі айналым мен он жеті бәсекелес," – деп ойлады Клерфэ, трибуналарға тақау жерде Микоттидің мәшинесімен қатар тұрған әлдебіреудің мәшинесін көріп. Жаттықтырушы оған белгі беріп, мерзімінен бұрын тым арындай бермеуін ескертті. Сірә, бірін бірі ит етінен жек көретін Фриджерио мен Саккетти фирманың мүддесін ұмытып, өзара бәсекелесіп кеткен болар; бұл командадағы бүкіл тәртіпті бұзғанға ұқсайды және сондықтан жаттықтырушы лектің басындағылар мәшинелерін қиратып

тынатындай жағдай бола қалса деп, Клерфэ мен III Мейерді түпке ұстамақ болған сияқты.

Лилиан арасы екі минутқа жетпейтін уақыт сайын машиналардың трибунаның алдынан ағызып өтіп жатқанын көріп отыр. Соның жанталасқан жылдамдығының өзі-ақ оның көз алдында жарысты бұрынғыдан бетер қисынсыз ете түседі. Қазір ғана осы арадан өтіп бара жатқан мәшинелер енді бір демде, ол көзін тайдыра беріп қайта қарағанда, тағы сол жерден, бірақ басқа бір тәртіппен көрінеді; тіпті олар көз алдынан кетпегендей, тек калейдоскоптың шынылары тәрізді ілгері-кейін орын ауыстырғандай. "Осылар жүз айналымды қалай санап үлгереді екен!" – деп ойлады Лилиан, ал содан соң оның есіне әлдебір күштерге жалынып-жалбарынып, ақ тер, көк тер болып, қарғыс үстіне қарғыс жаудырған жаттықтырушының шабандоздарға кесте көтеріп, жалаушаларын бұлғап, оларын әлдеқандай құпия белгі бойынша сапырылысты-рып жүргені түсті.

Қырық айналымнан соң Лилиан кетпекші болды. Оның бойын бір сәт те бөгелместен және жарыстың аяқталуын күтпестен дәл қазір кету керек дейтін бір сезім биледі. Мәшинелер тізбегіндегі зәредей өзгерістерді әлі алпыс рет іштей белгілеп отыру қажеттігі оған кенет түкке тұрғысыз сияқтанып кетті. Өзінің шипажайдан қашардағы зая кеткен уақыты секілді бұл да уақытты бос өткізу болды. Қол сөмкесінде Цюрихке дейінгі билет жатыр. Оны Лилиан таңертең Клерфэ жарыс жолын соңғы рет жүріп өтуге кеткенде сатып алған болатын. Билет бүрсігүнге алынған. Сол күні Клерфэ Римге ұшуы керек. Екі күннен соң ол қайтып оралмақшы. Клерфэнің ұшағы таңертең ұшады; Лилианның пойызы кешке жүреді. "Құдды бір ұры сияқтанып, опасыз біреуге ұқсап бұқпантайлап қашып кетпекпін, – деп ойлады ол, – шипажайдан да осылай қашпақшы болып едім ғой. Онда Борис ұстап үлгеріп еді. Бірақ соның көмегі болды ма? Ондай жағдайда адамдар ылғи жалған сөйлеп, өтірік сөздерді айтады, өйткені ондайда шындық қисыны жоқ қатыгездік болып шығады, ал содан соң олардың өздері шер-шемен болып торығады, адамша қоштаса алмағандарына, ең соңғы есте қалғандары ұрыс-керіс, түсініспеушілік пен жеккөрушілік болғанына күйінеді.

Лилиан билетін тексермекші болып сөмкесін ақтарды. Бір сәт оны жоғалтып алғандай болды. Бірақ сол сәті оның тәуекелін нығайта түсті. Күннің қайнап тұрғанына қарамастан оның денесі тоназыды. "Тағы да қызуым көтерілген болар", – деп ойлады Лилиан. Айналасында қалың нөпір ағойлап жатыр. Сонау төменде,

ойыншық секілді көгілдір айлақ пен үстінде топ-топ адамдар ұйлығысқан, ақшаңқан қайықтар көрінетін көз ұшында, нағыз тозақтың ордасы – тас жолдың үстінде кіп-кішкентай ойыншық мәшине кенет бір шетке ығыса берді де өзге бір мәшинені жанай, оқша атылып алға түсті.

– Клерфэ! – деп Лилианның қасында тұрған жуан әйел шаттана айқайлап жіберді де қолындағы бағдарламамен кеңеп көйлегін тырсита шығып тұрған санын соққылады. – The son of a qun made it![1]

Бір сағат өткенде Клерфэ екінші орынға іліккен. Енді ол қызынып алып, Маркеттиді аяусыз бастырмалатып барады. Әзірге оның басып озайын деген ойы жоқ – оны секстенінші немесе тіпті токсаныншы айналымға дейін қоя тұруға болады, – бірақ одан бір сәт те көз жазбай, бірнеше метр қашықтықта өкшелеп, Маркеттидің жүйкесіне тие бермекші болды. Ол моторға артық күш салып, тағы да тәуекел жасағысы келмеді, оны қуғыншысынан құтылғысы келген Маркеттидің өзі жасайтынына сенді. Маркетти солай етті де, бірақ оның мәшинесі сыр бере қойған жоқ. Әйткенмен Клерфэ Маркеттидің мазасы кете бастағанын сезді, ойткені ол Клерфэден қара үзіп кетсем деген мақсатын орындай алған жоқ. Маркетти енді жол мен бұраландарды бөгеп, қалайда Клерфэні алға шығармауға тырысты. Клерфэ қулыққа басып, Маркеттиден озбақшы болғандай сынай танытты, ал бірақ ондай ниеті жоқ-ты; соның нәтижесінде Маркетти өз мәшинесінен гөрі Клерфэнің кимылын көбірек бағам деп сақтығын ұмыта бастады.

Олар сол беті бір айналым жасап, шабандоздардың бірнешеуінен едәуір озғындап кеткен. Қара терге малынған жаттықтырушы Клерфэге кестелерді көрсетіп, жалаушаларын бұлғап, шаршады. Ол Клерфэден Маркеттиден озбауды талап етіп бая-шая. Олардың екеуі де бір фирмадан болатын; Саккетти мен Фриджерионың тайталасқаны да жетеді. Соның қырсығынан Фриджерио дөңгелегінің тысын бұлдіріп алып, Клерфэден бакандай бір минут кейін қалып қойды; олардың арасына басқа бес шабандоз түсіп кетті. Клерфэнің өзін қазір Монти өкшелеп келеді. Бірақ Монти әзірге оның мәшинесінің арткы дөңгелектеріне тістесе алған жоқ. Ал Клерфэ қажет деп тапса, өзі Монтиден жалдамырақ өтетін қайқаң бұраландарда одан оп-оңай қара үзіп кетер еді.

Олар тағы айналып келіп сәреден отті. Клерфэ Маркеттимен құйрық тістесе жүргеніне жыны келген жаттықтырушының жұдырық көрсетіп, айбат шеккенін көрді. Маркетти жаттықтыру-

---

[1] Ағылшынша дорекілеу қошемет.

шыға долдана ишара жасап, Клерфэні іркуге белгі берді. Клерфэ басын изеп, бір адамның тұрқындай ғана кейіндеді. Осы жарыста ол, жаттықтырушының көмегімен болсын немесе оған ерегісіп болсын, әйтеуір жеңіске жетуі керек – өзі осыған бел буған. Старттағы қолайсыздық оны сәл кідіртті. Бірақ Клерфэ бәрібір жеңіп шығатынын біледі. Қазір ол өте сабырлы: әбден ширығып алғанына қарамастан, сол деңгейде салқынқанды. Осы сезімдері таңғаларлық тепе-теңдікке келіп алған. Мұндай жағдайда адам еш пәлеге ұрынбайтынына сенімді болады. Тепе-теңдік оған белгілібір дәрежеде сәуегейлік дарытып, әртүрлі күдіктен, жалтақтық пен сенімсіздіктен сақтайды. Бұрын Клерфэде осындай тепе-теңдік сезімі жиі болатын, бірақ соңғы жылдары сонысынан көз жазып қалып, ештеңенің көленкесі түспеген сондай бір бақытты сәттерін ансап жүрген.

Клерфэ кенет Маркеттидің мәшинесі шыр көбелек ойнап барып жолға кесе-көлденең тұра қалғанын көрді, сынған металдың шақыр-шұқыр еткені сетілді; жолды қап-қара майлы көлшік басты; Клерфэнің көз алдында орасан жылдамдықпен құйғытып келе жатқан басқа екі мәшине соқтығысты да Маркеттидің мәшинесі баяу түсіріс кезіндегідей жайлап барып құлады, ал оның өзі әуелеп ұшып барып жерге жалпасынан түсті. Клерфэ мәшинесімен барып қойып кетерлік бос аралық болар ма екен деп жолға тесіле қарады. Бірақ ондай қуыс көрінбейді. Тас жол кенет айлапат зорайып барып, сол сәтінде тілдей боп кішірейе қалды. Клерфэ қорыққан жоқ, ол басқа мәшинеге тікесінен емес, жанай соқтығуға тырысты; соңғы сәтте жетектен босау керек еді-ау деп ойлап та үлгерді, бірақ қолы ойына ілесе алатын емес; тұла бойы біраз көтерілінкірегендей болып, кенет өзін салмақсыз сезінді – бірақ әлі мәшинеде отыр еді. Ал содан соң бірнәрсе кеудесі мен бетіне соқты да быт-шыты шыққан дүние жан-жақтан үстіне құлап бара жатты. Ол әлі де болса бір сәт жол кезекшісінің күп-ку болған кескінін көріп қалды, ізінше ту сыртынан әйдік жұдырық сарт етті; құлағына түсініксіз бір гуіл жетті де бар әлем жым-жырт тына қалды.

Клерфэге келіп соқтыққан мәшине үйме-жүйме автомобильдердің арасынан саңылау салып өткендей болды да артта келе жатқан мәшинелер сол арқылы жүйткіді. Шабандоздар бірінен соң бірі құйғытып барады, олардың мәшинелері шайқалып, дірілдеп, бұзылған мәшинелерді жанай өткенде темірге темір шақылдай үйкеліп, закымданған автомобильдер зар қағып жатқандай.

Қолына күрек ұстаған кезекші құм толтырылған қаптардан асып түсіп, майлы көлшікке құм лақтыра бастады; мотор үні жақындаса ол ырғып шетке шығып кетеді; зембіл көтерген санитарлар келіп Маркеттиді қауіпсіз жерге шығарды да көтерген күйі қаптардың арғы бетінде тұрған басқа санитарларға берді; қолдарына "Қауіпті!" дейтін белгісі бар тақтайшалар ұстаған автомобиль фирмасының бірнеше қызметшісі өзге шабандоздарды сақтандыру үшін апат болған жерге жүгіре жетті, бірақ жарыс басқа жерге ауысып, жолдың осы бөлігін барлық мәшинелер өтіп үлгеріп, енді оралып келе жатқан-ды; кейбір шабандоздар жанжағына алақтай қараса, енді біреулерінің екі көзі тас жолдың таспасында.

Клерфэнің мәшинесі алдындағыларға соқтығуымен қоймай, оның өзіне Монтидің мәшинесі келіп соққан. Монтидің ештеңесі кеткен жоқ деуге болады. Ол аксандай басып бір шетке шығып кетті. Клерфэ тік шаншылып, құм салынған қаптарға барып ұрған мәшинесінде әлі салбырап тұр. Оның беті қатты жараланып, кеудесін жетек қысып қалыпты. Аузынан қан ағып жатыр, өзі естүссіз. Жол үстіндегі қара нопір жұрт жас етке үймелеген шыбын тәрізді жыртылып-айырылады; біреулері Клерфэні шығармақшы болып мәшинені арамен кесуге кіріскен санитарлар мен механиктерге қарап ауыздарын ашып қалған. Алдағы мәшинелердің біреуі жанып жатыр. Өрт сөндіргіштерін ұстаған жұмысшылар оны әрегірек апарып, енді отын өшірудің қамына кіріскен. Сәтін салғанда, бензин бағы сынған екен де жарылыстан сол сақтап қалыпты. Бірақ бензин лаулап жатыр, күн күйдіріп тұр, сондықтан әлі де болса басқа мәшинелерге шапшу қаупі күшті. Әрі екі минут сайын шабандоздар апат болған жерден ағызып өтеді. Қаланың үстінде қалықтаған моторлар гүрілі кенет сәт сайын үдей түскен аза сазына ұқсап кетті, ал автомобильдер қызылала қанға малшынған Клерфэні керіп қойғандай болып көкке шаншылған мәшиненің тұсынан ызғытып өткенде әлгі гүріл жан түршіктіретіндей сарынға ұласады. Жарыс жүріп жатты; оны тоқтатқан ешкім болған жоқ.

***

Лилиан не болғанын бірден ұға қойған жоқ. Репродуктордан адам түсінбейтін жуан дауысты ырыл естілгенде біреу ұйқыдан тұрып, тамағын кеңеп жатқандай болды. Абдыраған диктор микрофонға тым жақын тұрған екен. Лилиан тек бірер сөзді

аңғарды: әлдебір мәшинелер апатқа ұшырапты, тағы бір мәшиненің майы тас жолға ағып кеткендіктен олар біріне бірі соқтығысыпты. Содан соң ол бүкіл шабандоздар легімен трибуна алдынан ағызып өткенін көрді. Демек, пәлендей жаманат болмаған, – деп ойлады ол, – әйтпесе жарыс тоқтатылар еді. Ол көзімен Клерфэнің мәшинесін іздеді, алайда таба алмады, бірақ Клерфэ бұрынырақ өтіп кеткен болуы мүмкін ғой, Лилиан жарысты соншалықты мұқият қадағалаған жоқ-ты. Енді радио апаттың Плезанс жағалуында болғаны, онда бірнеше мәшине қақтығысқанын аздап та болса көкейге қонарлықтай етіп хабарлады: жараланғандар бар екен, адам өлімі болмаса керек. Ендігі хабар сәлден соң берілмек. Орын реті былай: бірінші болып он бес секундтық айырмашылықпен Фриджерио бара жатыр, одан соң Конти, Дюваль, III Мейер...

Лилиан жанұшыра құлағын тосты. Клерфэ туралы бір ауыз сөз жоқ, ал ол екінші келе жатқан жоқ па еді. "Клерфэ жайында бір ауыз сөз жоқ," деп ойлады Лилиан, сөйтті де, мәшинелердің жақындап келе жатқанын естіп, 2 санын, сондай санды қызыл мәшинені кормекші боп еңкейе берді.

Клерфэ жоқ және сол сәтте тұла бойын билеген меніреу үрей арқылы Лилианның санасына кенет диктордың жуан дауысының күркірі жетті: апатқа ұшырғандардың арасында Клерфэ бар екен; оны аурухана ға әкетіпті. Сірә, ес-түссіз болуы керек. Монтидің тізесі мен табаны жарақаттаныпты; Саккеттидің...

Мүмкін емес... Бұл хабар Лилианның көкейіне қона қоймады. Ойыншық айлағы мен алабажақ ойыншық көрініс ті мына ойыншық қаладағы ойыншықтар жарысында еш пәле болуы мүмкін емес. Жаңсақтық болар! Клерфэнің мәшинесі "Тарго Флорио" жарысының кезінде жарқ етіп шыға келгеніндей, әнеміне дегенше бұрылыстан тағы да шыға келеді әлі, өзі сәл кейіндеп қалып, азды-көпті жарақат алған болар, бірақ аман-сау! Осылай ойлағанымен, Лилиан үмітінің орнығып үлгермей, үзіліп бара жатқанын сезді. "*Клерфэ ес-түссіз*, – деп ойлады да өзі осы сөзге жармасты. Бұл нені білдіреді?"

Бұл көп нәрсені білдіруі мүмкін. Кенет трибунадан түсіп бара жатқанын сезді, ал өзі тіпті орнынан қалай тұрғанын да байқаған жоқ-ты. Лилиан сөреге қарай жүрді; мүмкін Клерфэні сонда әкеткен шығар? Нығын немесе қолын ауыртып алған ол қазір өзінің сәтсіздігіне күліп, зембілде жатқан болар.

– Оны аурухана ға әкетті, – деді пора-пора боп терлеген жаттықтырушы. – Әулие Мадонна, қасиетіңнен айналайын

Христафор, осындай бақытсыздыққа дәл біздің ұшырауымыз қалай? Басқа фирмаға немесе... Не? Тоқтай қал!

Ол шабандоздарға белгі беру үшін күйын-перін ұша жөнелді. Мәшиналар ызғытып өтіп жатыр; жақыннан қарағанда олар әрі зор, әрі кауіптірек көрінеді екен және моторларының гүрілі құлақты тұндырарлықтай.

– Не болды? – деп айқай салды Лилиан. – Жарыстарың құрып қана кетсін, не болғанын айтсаңдаршы!

Ол апалақтап айнала карады. Бәрі көздерін тайдыра береді. Механиктер оған тура караудан жасқанып, қосалқы болшектер мен дөңгелек тыстарын айналдырған болып жатыр. Ол біреуіне жақындаса, анау теріс айналады. Лилиан, құдды, аланес болар ма.

Әлден соң жаттықтырушы қайтып оралды.

– Жарысты құрып кетсін дегенмен, оның Клерфэге келіп-кетері жоқ. Оның өзі де соны каламас еді. Қайта...

Лилиан оның сөзін бөлді:

– Ол қайда? Мен шабандоздардың моральдық кодексі туралы лекция тыңдайын деп тұрған жоқпын!

– Ауруханада. Оны бірден сонда әкеткен.

– Оған көмектесу үшін басқа біреулеріңіз неге бармадыңыздар? Сіз неге бармадыңыз? Мұнда не бітіріп жүрсіз?

Жаттықтырушы оған таңыркай карады.

– Мен оған не істей аламын? Біздің оған кандай көмегіміз болуы мүмкін? Қазір ол – дәрігерлердің ісі.

Лилиан қинала жұтынды.

– Оған не болды? – деп сұрады ақырын.

– Білмедім. Мен оны көрген жоқпын. Бәріміз осында болдық. Осында болуымыз керек қой.

– Иә, – деді Лилиан, – жарысты тоқтатпау үшін.

– Амал жоқ, – деп карсылық айтты жаттықтырушы шарасыз түрде. – Біз деген тек орындаушылармыз ғой.

Сасқалақтап механиктердің бірі жетті. Сол сәтте моторлардың гүрілі қайтадан күшейіп жүріп берген.

– Синьорина... – жаттықтырушы қолын жайып, жол жаққа карады. – Мен...

– Жо-жоқ! Ес-түссіз. Дәрігерлер...

– Амал жоқ, мен енді...

– Синьорина... дей берді бір механик.

Жаттықтырушы жәшіктен әлдебір кестені ала салып, белгі беру үшін алды-артына карамай жөнелді. Оның жолай зарлаған дауысы

Лилианның құлағына жетті. "Мадонна, Мадонна, o porco di porco[1], құрып кеткірдің майы, осы сұмдықтың дәл менің басыма түсуі қалай! Неткен сормандай едім!" Ол шабандоздардың біріне кестені көрсетті, енді біреуіне бұлғап, қолын көтерді де сол қалпы тұрып қалды; шабандоздар легі көз ұшына алыстап кетсе де жаттықтырушы жолға тесіле қараған күйі тапжылмай тұра берді.

Лилиан жайлап бұрылып, шыға беріске беттеді.

– Біз жарыстан соң барамыз, синьорина, – деп сыбырлады механик, – тек жарыс бітісімен!

Лилиан ауруханаға жеткенше қала үстінен даңғаза-шудың қара пердесі түскен жоқ. Оның бар тапқан көлігі жалаушалармен және алабажақ таспалармен безендірілген, жегіндегі аттың басына шетен қалпақ кигізілген жайдақ арба болды.

– Әшейіндегіден ұзағырақ жүреміз, – деп ескертті арбакеш. – Бірталай айналма жасауымызға тура келеді. Көшелер жабық. Өзіңіз білесіз, жарыс өтіп жатыр...

Лилиан басын изеді. Оның тұла бойы әлдебір есірткімен улап тастағандай боп сыздап ауырады. Есту мен көру қабілетінен басқа сезімдерінің бәрі істен шыққан, тек мәшинелерді көріп, олардың арқыраған сарынын анық, тым анық естіп келеді және соның өзі жан шыдатарлық емес. Арбакештің аузында тыным жоқ, ол жарысты алақандағыдай бақылауға болатын жерлерді көрсетпекші болады. Бірақ оны тыңдап отырған Лилиан жоқ; оған мотордың гүрілінен өзге ештеңе естілер емес. Бір жас жігіт онымен сөйлеспекші болып арбаны тоқтатуға әрекет етті. Оның сөзін түсінбеген Лилиан арбакешке аялдай тұруды бұйырды. Анау Клерфэ жайында бірдеңе айтатын шығар деп ойлады ол. Бірақ ақ кәстөм киген, қиақтай мұртты қап-қара итальялық жігіт оны кешке өзімен бірге тамақтануға шақырды.

– Бары сол ма? – деді Лилиан ештеңені түсінбей. – Ал содан соң?

– Содан соң көп нәрсе болуы мүмкін, – деп күлімсіреді жігіт. – Ол енді өзіңізге байланысты.

Лилиан жауап қатпады. Тіпті жігітті ол енді көрген де жоқ. Оның назары әріде болатын. Ал жігіт Клерфэнің жайынан беймағлұм еді.

– Кеттік! – деді Лилиан арбакешке. – Тездетіңіз!

– Мұндай азаматтардың қалтасы таяз болады, – деп түсіндірді арбакеш. – Бетін қайтарып, дұрыс істедіңіз. Кім білсін, тамақтың

---

[1] Итальялықтардың балағат сөзі.

ақшасын өзініздің төлеуінізге тура келетін бе еді. Мол денелі, москалдау мырзалар әлдеқайда сенімді келеді.

– Жылдамырақ, – деді Лилиан.

– Құп болсын.

Олар ауруханаға жеткенше не заман өткен шығар. Сол екі арада Лилиан сан алуан тәуекелге бекінді. Әрі соның бәрін орындайтынына да сенімді болды. Ол енді ешқайда кетпейді, осында қалады, Клерфэге күйеуге шығады, тек өзі аман болса екен! Тоған суға тас лақтырған адамша ешбір ойланбастан осылайша өзіне озі серт берумен болды.

– Клерфэ мырза операция бөлмесінде, – деді қабылдау бөлмесіндегі қыз.

– Оған не болғанын айта алмайсыз ба?

– Өте өкінішті, мадам. Сіз мадам Клерфэсіз бе?

– Жоқ.

– Туысысыз ба?

– Оның жағдайына бұлардың қандай қатысы бар?

– Ешқандай, мадемуазель. Тек менің білетінім: операциядан соң оған тек жақын туыстарын бір сәтке жіберуі мүмкін.

Лилиан медбикеге шұқшиды. Әлде Клерфэмен атастырылған едім дегені дұрыс па? Бірақ осының бәрі түкке тұрғысыз нәрсе ғой!

– Оған операция жасай ма? – деп сұрады ол.

– Солай шығар. Әйтпесе операция бөлмесіне жібермес еді ғой.

"Осы сиақтылардың мені атарға оғы жоқ болады," – деп ойлады Лилиан абыржып. Аурухана медбикелерін ол тым жақсы білетін.

– Күте тұруға бол ма? – деп сұрады ол.

Медбике отырғышты нұсқады.

– Сіздерде күту бөлмесі дейтін болмай ма? – деп сұрады Лилиан.

Медбике есікке карата қолын созды.

– Шынын айтқанда, ол тек жақын адамдарға арналған.

Лилиан кей-кейде адамдардың бәрі, тіпті өздерінің кәсібіне байланысты біреуге жан ашу дейтін сезімнен жұрдай болып, қатыгезденіп кететін аурухана медбикелері де бір-біріне жақын болуы керегін айтқысы келіп, бірақ өзін өзі іркіп қалды. Лилиан күту бөлмесіне – гүлдері солған қыш құмыралар тұрған және ескі журналдар шашылып жатқан, үстел үстінде салбыраған жабысқақ қағаздың айналасында ызыңдап шыбындары құжынаған азалы бөлмеге барды. Моторлардың азынаған дауысы мұнда да құмығып жетеді екен – сонау бір алыста үздіксіз даңғыра соғылып жатқандай.

***

Уақыт та тұтқынына түскен шыбындар азапты өліммен өлетін жабысқақ қағаз сияқты жылбысқы. Лилиан тозығы жеткен журналдарды ашып, бір нүктеге қадала қарап отырды да қайта жаба салды; оқиын десе оқи алатын емес. Орнынан тұрып, терезе алдына барады да қайта келіп отырады. Бөлме іші үрейге толған, бұл бөлмеде болған адамдардың қорқынышының бәрі осында жиналып қалғандай. Лилиан терезені ашпақшы болып еді, моторлардың үні азынап қоя берген соң оны қайта жаба қойды. Сәлден соң бөлмеге сәби көтерген бір әйел кірді. Бала келісімен қыңқылға басты. Әйел омырауын ағытып, оны емізе бастады. Сәби ернін шөпілдетіп барып тына қалды. Лилианға қарап қымсына күлімсіреген әйел де көкірекшесін түймеледі.

Әлден уақытта медбике жайлап есік ашты. Лилиан орнынан көтеріле беріп еді, анау оған қараған да жоқ; балалы әйелге иек қағып, оны ертіп шығып кетті. Лилиан қайта отырды. Кенет ол тына қалды. Бір өзгеріс болғандай. Өзі соны анық сезді. Бірдеңе тоқтап, ширығыс аяқталғандай. Лилиан не болғанын бірден аңғара да алмай қалды. Моторлардың арыны басылып, жым-жырт бола қалыпты. Жарыс біткен екен.

Сағаттың ширегіндей уақыттан соң Лилиан жаттықтырушы мен екі механик мінген мәшиненің аурухана ауласына кіргенін көрді. Медбике үшеуін бірдей қабылдау бөлмесінен күту бөлмесіне ертіп әкелді. Бейшаралардың мойындарына су кеткендей-ақ екен.

– Бірдеңенің жайын біле алдыңыздар ма? – деп сұрады Лилиан.

Жаттықтырушы механиктердің жастауын нұсқады.

– Оны мәшинеден суырғанда мынау қасында болған.

– Аузынан қан ағып жатыр екен, – деді механик.

– Аузынан?

– Иә. Өңешінен қан кеткенге ұқсайды.

– Мүмкін емес! Ол ауру емес еді ғой!

Лилиан механикке қарады. Тағдырдың бұларды осынша тәлкек еткені ме? Тек туберкулез ауруында ғана қан кетпеуші ме еді.

– Клерфэден не себепті қан кетуі мүмкін? – деп сұрады Лилиан.

– Кеудесін жетек қысып қалыпты, – деді механик.

Лилиан баяу басын шайқады.

– Жоқ, – деді ол. – Жоқ!

Жаттықтырушы есікке беттеді.

– Барып, дәрігердің қайда екенін білейін.

Ізінше медбике екеуінің шат-шәлекей керілдескені естілді. Содан соң бәрі тына қалып, тек механиктердің қатты деміккені мен шыбындардың ызыңы ғана естілетін жым-жырт тыныштық орнады.

Жаттықтырушы қайтып оралды. Келді де есіктің көзіне тұрды. Тотыққан қошқыл жүзінде көзі оғаш ағарып көрінеді. Тіл қатпас бұрын бірнеше рет ернін жыбырлатты.

– Клерфэ көз жұмды, – деді ол ақыры.

Механиктер одан көз алар емес.

– Оған операция жасап па? – деп сұрады жастауы. – Не де болса дұрыс жасамаған ғой.

– Операция жасалмапты. Ол операцияға жетпей үзіліпті.

Үшеуі бірдей Лилианға қарады. Ол қыбыр етпестен отырған.

– Қазір ол қайда? – деп сұрады сәлден соң.

– Мыналар оны арулап жатыр.

Қатты қинала отырып Лилиан:

– Сіз оны көрдіңіз бе? – деп сұрады.

Жаттықтырушы басын изеді.

– Ол қайда?

– Қазір сіздің онда барғаныңыз жарамас, – деп жауап қатты жаттықтырушы. – Оны ертең көресіз.

– Оны кім айтты? – Лилианның үнінен ешқандай сезім білінбеді. – Оны кім айтты? – деп қайталап сұрады ол.

– Дәрігер. Сіз оны танымассыз. Одан да ертең келіңіз. Біз сізді мейманханаға жеткізіп салайық.

Лилиан тапжылмады.

– Мен оны неге танымауым керек?

Жаттықтырушы бөгелді.

– Бетін, – деді ақыры. – Ол бетімен қатты соғылған екен. Ал жетек көкірек қуысын қысып қалған. Дәрігердің айтуынша, өзі ештеңе сезбеген болса керек. Бәрі көзді ашып-жұмғанша болған. Ол бірден есінен таныпты. Содан соң есін жинай алмаған... Сіздің ойыңызша, – деп ол сөл дауысын көтерді, – бізге оңай тиіп тұр ғой дейсіз бе? Оны біз сізден көбірек білетінбіз.

– Иә, – деп жауап қатты Лилиан. – Сіздер оны менен көбірек білетінсіздер.

– Менің айтпағым ол емес еді. Мен адам өлгенде әрдайым бір жағдай қайталанатынын: ол аяқ асты жоқ бола қалатынын айтпақшы едім. Енді оның үнін естімейміз. Өзі әлі осында, бірақ ол жоқ. Осының тылсымына кім бойламақ? Менің айтайын дегенім – бізге де оңай емес: тұрасың да қоясың, тылсымына жете алмайсың... Сіз мені ұқтыңыз ба?

– Иә, түсінемін.

– Жүріңіз бізбен бірге. Біз сізді мейманханаға жеткізіп салайық. Бүгінге жетер. Ал ертең оны көре аласыз.

– Мейманханада не бітіремін? – деп сұрады Лилиан.

Жаттықтырушы иығын көтерді.

– Дәрігер шақырыңыз. Ол сізге ине салады. Таңертеңге дейін ұйықтауыңыз үшін мөлшерін көбірек салсын. Жүріңіз! Мұнда сізден ешқандай көмек жоқ. Ол өлді. Енді оған ешқайсымыз қолұшын бере алмаймыз. Адам өлген соң бәрі бітті, оған ешқандай қайран болмайды. – Ол Лилианға жақындап келіп, оның иығына қолын салды. – Жүріңіз, мен бәрін түсінемін. О, Мадонна! Мұндайды мен алғаш көріп тұрған жоқпын. Бірақ бәрібір алғаш көргендей боласың.

***

Лилиан ұйқының иірімінен беймәлім бір күш лақтырып жібергендей селк етіп оянды. Бір сәт уақыт пен кеністіктен тысқары қалғандай болған ол жан дүниесінің шыдатпай ауырғанын сезді. Тез отыра қалып, жан-жағына қарады. Мұнда қайдан келіп жүр? Лилианның есіне бірте-бірте бәрі түсе бастады: түстен кейінгі зілмауыр сағаттар, шағын қалашықтағы сандалған жүріс, кешкі ымырт, аурухана, Клерфэнің ұскыны кеткен бет жүзі, бір жағына сәл кисайған басы, дұғаға жайылғандай болған екі қолы, өзімен бірге барған дәрігер. Соның бәрі шындыққа жанаспайтын, адам сенгісіз бөтен нәрсе сияқты. Аурухана төсегінде Клерфэ емес, оның өзі, тек өзі ғана жатуы керек еді ғой. Түзетіп болмайтын бір білместік өткен сияқты, біреу бұларды қамырықты, қайғылы қылжаққа айналдырғанға ұқсайды.

Лилиан түрегеліп, пердені ашты. Пальмаларға, бұлтсыз ніл аспанға және мейманхана бағындағы гүлкөмбелерге қарағанда басына түскен қиямет тіпті адам сенбестей көрінді. Бұл оған емес, маған, тек маған болатын қияпат еді, – деп ойлады Лилиан. – Өлімнің жөні оныкі емес, менікі еді.

Ол өзі біреуді алдап кеткендей сезімге бөленді: қажетсіз адам санатында қалса да өмір сүре берді; бір түсінбестік болып, оның орнына басқа біреу өлімге байланды да Лилианның басына адам өлтірген дейтін күдіктің қара бұлты үйірілді, сақтануға мүмкіндігі бола тұрып, біреуді қағып кеткен жүргізуші санатына ілінді.

Телефон шырылдады. Лилиан үрейлене тұтқаны көтерді. Ниццадағы жерлеу бюросының агенті екен: ол табыт пен моланың

машақатын өз мойнына алмақшы, қолайлы бағасына лайықты жерлеу ұйымдастырып бермекші болды. Сондай-ақ марқұмды атамекеніне әкету қажет бола қалса, фирмадан мырыш табыт та табылатын көрінеді.

Лилиан тұтқаны қыстырды. Ол не істерін білмей сансырады. Клерфэнің атамекені қайда болуы мүмкін? Туған жерінде ме? Эльзас-Лотарингияда болғаны ғой? Бірақ нақты қай жерде екенін Лилиан білмеді.

Телефон тағы да безілдеп қоя берді. Бұл жолы ауруханадан екен. Мәйіттің жайы не болмақ? Оны кешіктірмей алып кету керек. Түс ауғаннан әріге қалдырмаған жөн. Табытқа да тапсырыс беру қажет.

Лилиан сағатына қарады. Түс әлеті екен. Ол киінді. Жерлеудің абыр-сабыры мен телефон қоңырауларына жауап беру секілді барша рәсімі бір басына жүк боп түсті. "Қара көйлек болғаны дұрыс еді," – деп ойлады ол. Азагүл жасайтын фирмадан телефон соғылды. Тағы бір фирма хабарласып, шіркеуде дұға оқуға қанша уақыт жұмсалатынын білу үшін Клерфэнің қандай дінді ұстағанын сұрады. Жоқ, әлде марқұм атеист болды ма екен?

Әсері күшті ұйықтататын дәрінің уыты әлі тарай қоймаған Лилианға айналадағының бәрі елес секілді. Ол портьемен ақылдасу үшін төменге түсті. Алқаракөк форма киген адам оны көрісімен орнынан тұрды. Лилиан теріс айналды, бет әлпетіне қайғыға ортақтасудың міндетті рәсімін сақтаған адамның жүзіне қарай алмады.

– Табытқа тапсырыс берінізші, – деді Лилиан қыстығып. – Не қажеттің бәрін істей беріңіз.

Портье оған ресми орындарды хабардар ету керегін түсіндірді. Мүмкін ол мәйітті сойдыруды қалайтын шығар? Кейде өлімнің себебін анықтауға соның қажет болатыны бар. Не үшін дейсіз бе? Заңды талаптарды негіздеу үшін. Автомобиль фирмасы жауапкершілікті жарыстың ұйымдастырушыларына аударуға тырысады. Сондай-ақ қамсыздандыру туралы да ойластыру қажет; тегі, түрліше қиындықтар туындауы мүмкін. Ең дұрысы – бәріне әзір болу.

"Өлік болудан өле қалу оңай екен-ау, – деп ойлады Лилиан. Клерфэні осындағы зиратқа жерлеуге ол қалай қарар екен?"

– Өздерін өздері өлтірушілердің зиратына ма?

– Жоқ, о не дегеніңіз.

Портье кешірім өтінгендей жымиған болды. Өздерін өздері өлтірушілердің зираты дейтін – ойдан шығарылған нәрсе. Қалада

жергілікті тұрғындарды жерлеуге арналған тым тәуір, әдемі зират бар. Лилианда Клерфэнің құжаттары бар ма екен?

– Құжаттары? Енді оған құжаттың қажеті не?

Портьенің білмейтіні жоқ екен. Құжат міндетті түрде керек. Содан соң ол полициямен хабарласатынын айтты.

- Полициямен?

Қайғылы оқиғаның қай-қайсысы жөнінде болсын дереу полицияға хабарлау керек. Әрине, фирма мен жарысты ұйымдастырушылар солай етіп те қойған болар. Бірақ полиция жерлеуге рұқсат беруі керек. Бұл әрине, жәй тәртіп қана, бірақ оны сақтау керек. Бәрін реттеуді ол өз міндетіне алмақшы.

Лилиан басын изеді. Кенет ол далаға, таза ауаға шығуы керек екенін түсінді. Әйтпесе құлап қалуы да ғажап емес. Лилиан кешегі таңнан бері нәр татпағанын есіне алды. Бірақ мейрамханаға барғысы келмеді. Холдан асыға шығып, "Париж" дәмханасына тартты. Сол жерде бір кесе кофе алдырып, оған ернін де тигізбестен ұзақ отырды.

Дәмхананың жанына өткен мәшинелер ойынхананың алдына барып тоқтап жатыр; солай қарай бет алған туристік автобустардан дабырласа түскен саяхатшылар осы заманның Бабыл қаласы деп атауға болатын ұсақ буржуалардың Бабылымен таныстырушы жолсеріктерінің соңынан томпаңдай ереді.

Кофесін ішіп, Лилиан шығып кетті. Ол енді не істерін білмей дал. Тіпті Клерфэ мұндай бақытсыздыкка душар болмаған күнде де қарақан басым қалып, қазір жападан-жалғыз Парижде жүрер едім немесе Швейцарияға кетіп бара жатар едім деп ол өзін өзі канша алдарқатқысы келгенімен, көнілі жұбана қоймады; табанының астында жер ойылып, түпсіз шыңырау пайда болғандай. Сол сезімнен бір сәт арыла алмай қойды. Клерфэ өлді: егер оның Лилианнан ажырауы мерзімдік қана болса, бәрі басқаша көрінер еді.

Ол теңіз көрінетіндей жерге барып отырғышка жайғасты. Енді Лилиан өзін сан-сапа жұмыс алдында тұрғандай сезінді, бірақ оған белсеніп, орнынан тұруға шамасы жоқ. Ойы айналып келіп, үнемі бір түйінге тіреле береді: мен емес, Клерфэ... Неге бұлай болды? Күллі дүние есінен ауыскандай. Ол емес, өзі өлуі керек еді ғой. Неткен сайқымазақ!

Мейманханаға келісімен Лилиан бірден өз нөміріне бет алды. Бірақ табалдырықта қалт тұра қалды. Тымырсық өлі ауа танауына ұрды: бөлмедегілердің бәрі бірге өліп қалғандай.

Айтпақшы, портье Клерфэнің құжаттарын сұрап еді-ау. Олардың қайда екенін Лилиан білмейтін әрі Клерфэнің бөлмесіне кіруге оның жүрегі дауаламады. Шипажайда жүрген кезінен-ақ ол кейде өлген адамның өзінен гөрі оның заттарына қарау адамға ауыр тиетінін білетін.

Бөлменің кілті есікте тұр екен, сондықтан Лилиан нөмірді үй жинаушы ретке келтіріп жатқан болар деп ойлады. Тіпті соның өзі жақсы, әйтеуір сонда жалғыз қалмаса болғаны. Лилиан есікті ашты.

Жазу үстелінің басында арнайы тіктірілген сұр кәстөмді тырысқақ әйел отыр екен; ол басын көтерді.

– Сізге не керек еді?

Әуелі есікті жаңсақ аштым ба деп қалған Лилиан кенет Клерфэнің пальтосын байқап қалды.

– Сіз кімсіз? – деп сұрады ол.

– Менінше, осы сұрақты сізге мен қойсам болар еді, – деді әйел. – Мен Клерфэнің әпкесімін. Ал сізге мұнда не керек? Өзіңіз кімсіз?

Лилианда үн жоқ. Бірде Клерфэ өзі ит етінен жек көретін және оның да атарға оғы болмай жүрген әпкем бар деп айтқаны барды. Өзі көп жылдан бері содан мүлдем хабарсыз болатын. Мынау сол болу керек. Тіпті Клерфэге ұқсайтын бір жері болсашы.

– Мен сіздің келгеніңізді білмеп едім, – деді Лилиан. – Ақыр келген екенсіз, енді мұнда маған қалған шаруа жоқ.

– Әлбетте, – деді анау міз бақпай. – Інімнің мұнда әлебір әйелмен бірге тұрғанын естіп ем. Сірә, сол сіз боларсыз?

– Оның да енді келер-кетері жоқ, – деп Лилиан есікке бұрылды.

– Бері қараңыз!.. – деп әлгі әйел соңынан айқайлап жатты.

Лилиан өз нөміріне қайтып оралды. Әуелі буынып-түйініп жинала бастап еді, сәлден соң оны да қойды. "Ол осында жатқанда мен кете алмаймын", – деп ойлады. Лилиан Клерфэге деген ниетінің қандай адал екенін соңғы рет көрсеткісі келді және сонымен бірге ол өзінің осы адалдығында қаншама кекесін бар екенін де түсінді.

Ол қайтадан ауруханаға барды. Қабылдау бөліміндегі медбике оған енді Клерфэні көре алмайтынын түсіндірді. Марқұмның туған-туыстарының атынан келген бір адамның тілегі бойынша өлікті союға ұйғарым жасалыпты. Содан соң мәйіт мырыш табытқа салынып, қаладан әкетілмекші екен.

"Бұл қалай нақпа-нақ сөйлейді, – деп ойлады Лилиан. – Бұған дейін ол Клерфэ болып келіп еді, сойылған соң "мәйіт" болыпты.

Қайта, мүше-мүшесін атап-атап айтып, Клерфэ бейшараның сүйегін корламауға әдебінің жеткеніне рахмет".

Аурухана маңында ол жаттықтырушыға жолықты.

– Бүгін кешке біз кетеміз, – деді ол. – Сіз әлгі бір азу тісі ақсиған көкбетті көрдіңіз бе? Оның әпкесін? Ол Клерфэні союға әмір беріпті. Автомобиль фирмасы мен жарысты ұйымдастырушыларға шығынды өтеу жөнінен талап қоймақшы. Оларды немқұрайдылығы үшін айыптамақшы көрінеді. Полицияға барса керек. Біздің директорымызға да кіріп шығыпты. Сіз оны білесіз ғой, анау-мынауыңызға дес бере коятын адам емес, ал әлгі әйелмен жарты сағат сөйлескеннен кейін оның адам қарарлық сықпыты болмады. Ол мыстан өмірлік рента талап етпекші екен. Клерфэ бірден-бір асыраушым еді дейтін көрінеді. Біз түгел кетпекшіміз. Сіз де кетіңіз. Бәрі бітті.

– Иә, – деді Лилиан. – Бәрі бітті.

Ол көше-көшені кезіп сенделумен жүрді, әлдебір үстелдерге отырып, әлденелерді ішкен болды; кешкілік мейманханаға қайтып оралған. Кенет өлердей шаршағанын түсінді. Дәрігер ұйықтататын дәрі тастап кеткен екен. Бірақ Лилиан оны да ішкен жоқ, бірден ұйықтап қалды. Содан оны телефонның шылдыры оятты. Клерфэнің әпкесі екен. Лилианмен дереу сөйлеспекші көрінеді. Лилиан келіп кетсін деп отырса керек.

– Маған айтатыныңыз болса қазір-ақ айта беріңіз, – деп жауап берді Лилиан.

– Телефонмен айтылатын әңгіме емес еді.

– Онда бүгін сағат он екіде холға түсіңіз.

– Ол тым кеш болады.

– Мен үшін кеш емес, – деді де Лилиан тұтқаны іле салды.

Содан соң сағатқа қарады. Таңғы тоғыздың шамасы екен. Демек, қатарынан он бес сағат бойы ұйықтағаны ғой, бірақ шаршағаны әлі басылмаған сияқты. Тек бұл ұйқының кемдігінен болатын шаршау емес. Лилиан ваннаға түсті, сол жерде тағы көзі ілініп бара жатқанда біреу келіп есікті тарсылдата қақты. Лилиан суға түсетін халатын жамылып, есікті аша бергені сол еді, бөлмеге баса-көктеп Клерфэнің әпкесі кірді. Оның алдын кес-кестеуге Лилиан үлгермей қалды.

– Мисс Дюнкерк дейтін сіз боласыз ба? – деп сұрады сұр кәстөмді әйел.

– Сағат он екіде мейманхананың холында қызметіңізге құлдық, – деді Лилиан. – Бұл жерде сізбен әңгімелесе алмаймын.

– Оның не айырмашылығы бар? Мен мұнда... Мен..

– Сіз мұнда менің рұқсатымсыз кірдіңіз, – деп оның сөзін бөлді Лилиан. – Бұл менің бөлмем. Мейманхана әкімшілігіне телефон соғып, көмек шақыртуымды қалайсыз ба?

– Мен он екіге дейін күте алмаймын. Пойызым одан бұрын кетеді. Әлде сіз менімен сөйлесуге уақыт тапқаныңызша інімнің мойіті мыпадай ыстықта перронда тұрғаны қалайсыз ба?

Әйелдің мойнын ораған қылдырықтай бауда жұқалтаң алтын крест салбырайды. "Бұл пәле өз дегенін істеу үшін ештеңеден тайынбайды", – деп ойлады Лилиан.

– Інімнің қағаздарынан бір құжаттың көшірмесін таптым, – деді әйел сөзін созып, – ал құжаттың өзі, сірә, сізде жатқан болуы керек. Әңгіме Ривьерадағы үйді сіздің иелігіңізге беруге қатысты.

– Менің иелігіме?

– Оны сіз білмейтін бе едіңіз?

Лилиан әйелдің ап-арық қолындағы қағазға қарады. Екі неке сақинасына және көзі түсті. "Демек, жесір болдым ғой, – деп ойлады Лилиан, – дегенмен солай болатын да жөні бар.

– Қағазды көрсетіңізші, – деді Лилиан.

Клерфэнің әпкесі қипыжықтады.

– Сіз мұны көрмеп пе едіңіз?

Лилиан жауап бермеді. Ваннадан әлі су ағып тұрғанын естіген ол соны жабуға кетті.

– Маған шұғыл түрде айтпақшы болғаныңыз осы ма еді? – деп сұрады ол қайтып келіп.

– Мен сізге Клерфэнің әулеті бұл қағазға наразылық білдіретінін айтпақшы едім. Біз әлі күресеміз.

– Білгеніңізді істеңіз. Ал енді барып тұрыңыз.

Бірақ әйел тапжылмады.

– Менің інім, сөз жоқ, басқа біреудің ықпалымен жазған осы қағазын мойындамаймын деп өз қолыңыздан жазып берсеңіз әлдеқайда оңай әрі әдептірек болар еді.

Лилиан әйелдің бетіне барлай қарады.

– Сіз, бәлкім, сондай қағазды жазып та қойған шығарсыз?

– Әрине. Сіз тек қол қойсаңыз болды. Міне, мынау. Соны өзіңіз түсінгеніңізге қуаныштымын.

Лилиан қағазды ала беріп, ортасынан қақ бөлді.

– Енді кетіңіз, сізді көргенімнің алды-арты осы болсын!

Әйел сасқан жоқ. Лилианды көзімен тесіп жіберердей боп қарады.

– Сіз бұл өсиет жайында ештеңе білмеймін дедіңіз бе?

Лилиан барып есікті ашты.

– Оны өзіңіз реттей жатарсыз. Қолыңызда құжаттың көшірмесі бар екен, демек, марқұмның қалауын білесіз. Енді дүниеқоңыздығыңыз бен адамгершілігіңізді қалай үйлестіретініңізді көрерміз.

– О, одан саспаңыз! Шындық біз жағында. Шүкір, бізде әлі туған-туыс пен қайдағы бір арандатушының арасын...

Үстелде шегіргүл салынған сауыт тұрған. Лилиан соны ала салып, ішіндегісінің бәрін әйелдің кусүйек бетіне шашып кеп жіберді. Оның шашы мен иығына жабысқан солған гүлдер тек қарап тұрғандай еді.

Әйел беті-басын сүртті.

– Сіз әлі бұған өкінетін боласыз, – деп ысылдады ол.

– Білемін, – деді Лилиан. – Сіз маған бұзылған шашыңыз бен көйлегіңіз үшін және, әлбетте, ішкиімдеріңізбен мен адамның зәре-құтын алған сүлдеріңіз үшін маған есепшот жіберерсіз. Қаласаңыз, есепшотты көшірмесімен қоса жіберерсіз. Ал енді жалтырат табанынды, қорқау неме!

Клерфэнің әпкесі тайып тұрды. Лилиан әлі қолында ұстап тұрған шыны сауытқа қарады. "Осы сауытпен жіберіп ұрмағаныма шүкір", – деп ойлаған ол әуелі сақылдай күлді де артынша жылап жіберді. Осы көз жасы оның есін жинауына себепші болды.

Холда Лилианды портье тоқтатты.

– Өте бір ыңғайсыз жағдай болды, мадам.

– Не боп қалды?

– Сіз маған табытқа және зираттағы орынға тапсырыс беруді міндеттеп едіңіз ғой. Сөйтсек, Клерфэнің әпкесі де келе салысымен автомобиль фирмасының есебінен табыт алдырыпты. Сөйтіп, сіз алдырған табыт артық болып қалды.

– Енді оны қайтарып жіберуге болмай ма?

– Жерлеу бюросының агенті бұл табыт айрықша тапсырыспен жасалған еді дейді. Ізет үшін ол оны қайтарып алуға әзір, бірақ ақысы кем болатыны түрі бар.

– Бұ дүниеде қорқаулар көп екен-ау, – деп ойлады Лилиан. Кенет оның көз алдына оғаш көрініс келе қалды: өзі бос табыт алып таудағы бір шипажайға барады екен, ал сол кезде Клерфэнің әпкесі оны өз әулеттерінің сағанасына жерлеу үшін інісінің боршаланған мәйітін басқа табытқа салып әкетіп бара жатады.

– Мен мадамға сіздің тапсырысыңызбен келген табытты алуды ұсындым, – деді портье. – Бірақ ол оны қаламады. Мадам өте қиыр адам екен. Біздің мейманханадағы шығындарын да ол автомобиль фирмасының мойнына жүктепті. Әрине, ішіп-жемі мен керек-жарағы түгел соның есебіне кіретіні өз алдына, оған және кеше

өзі алдырған мың тоғыз жүз жиырма тоғызыншы жылғы өнімнен жасалған екі шиша шато-лаффитті қосыңыз.

– Ол біздегі ең жақсы шарап еді ғой. Жерлеу бюросының агенті табытты жарты бағасына алуға келісіп отыр.

– Жақсы, – деді Лилиан. – Енді маған есеп-шот әзірлей қойыңыз. Бүгін кешке жолға шығамын.

– Өте жақсы. Енді тек зираттағы орынның жайын реттеу ғана қалды. Ақшасын мен төлеп қойғанмын. Бірақ бүгін бірдене істей қою қиын болар. Күн сенбі емес пе. Дүйсенбіге дейін кеңседе ешкім болмайды.

– Сонда сіздерде сенбі мен жексенбі күндері ешкім өлмейтін болғаны ма?

– Неге болмасын! Бірақ бәрібір зираттағы орын дүйсенбіде сатылады.

– Соның сомасын менің есебіме қосыңызшы, – деді Лилиан. Кенет оның шыдамы таусылып кетті.

– Демек, зираттағы орынды өзіңізге қалдырмақсыз ғой? – деп сұрады портье сенімсіздеу кейіппен.

– Білмеймін. Бұл туралы сөйлескім келмейді. Өзіңіз төлеген соманы шотқа қоса салыңыз. Бәрін соған қосыңыз. Бірақ енді ол туралы естігім келмейді. Естігім келмейді! Түсіндіңіз бе?

– Жақсы, мадам!

Лилиан нөміріне қайта оралды. Телефон безілдеп жатыр екен. Бірақ ол тұтқаны алған жоқ. Әлі буып-түйіп үлгермеген заттарының бәрін жинастырды. Сөмкесінен Цюрихке дейінгі билеті табылды. Жүретін күніне қарады. Өзі осы билетті алғалы керемет көп уақыт өткен сияқты еді. Ал пойызы бүгін кешке жүреді екен.

Телефон тағы шырылдады. Ақыры оның үні өшкенде барып кенет Лилианның бойын үрей билеп алды. Оған тек Клерфэ ғана емес, басқалар да, өзі танитындардың бәрі өліп қалған сияқтанды. "Борис те бар, – деп ойлады ол. Оның жағдайы не болғанын кім біліпті? Бәлкім, ол да баяғыда өліп қалған шығар, ал мұның мекен-жайын білетін адам болмағандықтан ешкім хабарламаған болар".

Лилиан қолын телефонға апара беріп, қайта түсірді. Ол Бориске телефон соға алмайды. Бүгін олай етуге болмайды. Борис онысын қате түсініп, Клерфэ өлген соң менімен хабарласты деп ойлап жүрер. Оның Клерфэні тастағысы келгеніне өмірі сенбес.

Бөлмеге жайлап жылжып сұрғылт ымырт кіргенге дейін Лилиан тапжылмай отырды. Терезелер ашық тұрған. Ол пальмалардың қалай сыбдырлағанын естіді және одан табашыл көршілердің пыш-

пышын ұккандай болды. Дәлізден адамдардың аяқ тықыры құлағына жетті. Портье оған Клерфэнің әпкесі күндіз кетіп қалғанын айтқан. Енді Лилианның да кететін уақыты болды.

Лилиан қандай байламға келерін білмей орнынан тұрды. Әуелі Бористің бар-жоғын анықтауы керек. Оның өзімен сөйлесу міндет емес. Телефон соғып, өзін кім деп таныстырса да, әйтеуір Бористі сұрауы керек; егер қызметші оны шақырып келуге кетсе, Лилиан оның тірі екенін біледі де телефон тұтқасын қоя салады.

Лилиан нөмірді айтты. Мейманхананың телефоншысы оған қайтып хабарласқанша бірсыпыра уақыт өтті. Нөмір жауап бермейді екен. Лилиан өзін сол нөмірмен, алдын ала шақыру арқылы жедел түрде қайта жалғастыруды және оны басқа адамның атына жазуды өтінді.

– Кімнің атына? – деп сұрады телефоншы қыз.

– Антуан Дювальдың.

– Антуан Дювальдың? – деп қайталай сұрады телефоншы.

Лилиан күтіп отырды. Ол бақтағы қиыршық тас төселген жолмен біреудің жүргенін естіді. Соның өзі Клерфэнің үйін есіне түсірді. Жүрегін мейірім мен өкініш толқыны шарпып өтті. Ол бұған өзінің үйін өсиет етіпті, ал Лилиан оны да білмеген. Әрине, Лилианға үйдің қажеті жоқ. Жапсырмалармен безендірілген ол үй қаңырап бос тұрады да біртіндеп тоза бермекші ғой. Тек оны Клерфэнің адамгершілік сипаты екіұшты және әділет жөніндегі пайымы біржақты әпкесі қолына түсіріп алмаса деңіз.

Телефон баж ете қалды. Лилианның құлағына телефоншы әйелдердің абыржып, французша сөйлескендері естілді. Ол өзінің іштей байламдарын таза-тақыр ұмытып кетті.

– Борис! – деп айқайлап жіберді. – Бұл сенбісің?

– Кім сөйлеп тұрған? – деп сұрады әйел дауысы.

Сәл бөгеліп барып, Лилиан өзін атады. Кенет оған қулықтың бәрі ақымақтық сияқтанып кетті. Екі сағаттан соң ол бұл жерден кетеді және қайда кеткенін ешкім білмейтін болады. Бориспен соңғы рет сөйлеспей кетуінің өзі күлкілі болмас па.

– Бұл кім? – деп қайталады жаңағы дауыс. Лилиан тағы да өз атын айтты. – Кім?

– Волков мырза мұнда жоқ. – Дауыс көп шуыл мен өткізгіш сымдардың сытырлаған кедергілерінен өтіп, Лилианға жетті.

– Бұл сөйлеп тұрған кім екен? Фрау Эшер ме?

– Жоқ, фрау Блисс. Енді фрау Эшер мұнда болмайды. Волков мырза да мұнда емес. Кешіріңіз...

– Тұра тұрыңызшы, – деп айғайлады Лилиан. – Ол қайда?

Тұтканың шуылы күшейе түсті.
– ...кетіп қалды, – дегенді естіді Лилиан.
– Не дедініз?
– Волков мырза кетіп қалған.
– Кетіп қалған? Қайда?
– Оны мен білмеймін.
Лилианның тынысы тарылды.
– Оған бірдеңе болып па еді? – деп сұрады ол.
– Оны білмедім, мадам. Ол кетіп қалған. Қайда кеткенін айта алмаймын. Кешіріңіз...
Байланыс үзілді. Телефоншылар қайтадан французшалап бірдеңелерді айтып кетті. Лилиан тұтқаны орнына қыстырды.
"Кетіп қалды". Таудағылар бұл сөзбен нені айтатынын ол біледі. Біреу-міреу көз жұмғанда осылай десетін. Тегі, Бористің басқа қайда кетуі мүмкін? Тіпті ас-суын әзірлейтін күтуші әйелінен де көз жазып қалған болса.
Бірталай уақытқа дейін Лилиан қыбыр етпестен отырды. Содан соң орнынан көтеріліп, төменге түсті. Есеп айырысып, билетін қол сөмкесіне салды.
– Заттарымды вокзалға жіберерсіздер, – деді ол.
– Болып-ақ қалғаны ма? – деп сұрады портье таныркап. – Пойызға дейін екі сағат бар емес пе. Әлі тым ерте ғой.
– Жоқ, – деді Лилиан, – тіпті де ерте емес.

***

Лилиан кішігірім вокзалдың алдындағы орынбаспайда отыр. Қас қарайып бара жатыр, әредік алғашқы оттар да жана бастаған; осы мезгілде вокзалдың жалаң ашық ғимараты әсіресе мұнды көрінеді. Күнге тотыққан туристер Лилианның қасынан дабырласып өтіп, Марсельге баратын пойызға беттеді. Содан соң оның жанына бір американдық отырып алып, Висконсиннің көрікті жерлері туралы біраз бөсті және Еуропадан дені дұрыс қуырылған ет табылмайтынын, тіпті мұндағылар гамбург бифштексін де жасай алмайтынын, вена шұжықшасы да өзгелерден бұрын Висконсинде дәмдірек болатынын біркыдыру әңгіме етті.
Лилианның басында іліп алар ой жоқ; әбден сүлесоқ күйде отырған ол өзінің бұл қалпы қайғыдан, құлазудан немесе мойынсалдықтан болғанын біле алатын емес.
Лилианның көзі итке түсті, бірақ оны таныған жоқ. Ит аланды айналып, әйел біткенді кезекпе-кезек иіскелеп келді де кенет қалт

тұра калып. Лилианға карай күйын-перін шапқылай жөнелді. Американдық орнынан атып тұрды.

– Құтырған ит! – деп жанұшыра айқайлады ол. – Полиция! Атындар мынаны!

Оның қасынан күйғытып өткен ит Лилианға атылды. Кеудесіне секіріп, отырғыштан ұшырып жібере жаздады. Қолын жалап, бетінен өбуге жанталасады. Қыңсылып, ұлып, үріп пәруана болғаны сонша, Лилианның айналасы асай-топыр адамдарға толып кетті.

– Вольф, – деді сасқалақтаған Лилиан. – Жаным-ау, қайдан жүрсің? Сені біреуге сатып жібергеннен сау ма?

Ит Лилианды тастай беріп кейін серпілгенде қоршаған жұрт қақ жарылып, оған жол берді. Анау вокзалға карай асыға басып бара жатқан біреуді куып жетті де сол беті кайтадан Лилианға карай ұшты.

Лилиан орнынан көтерілді.

– Борис! – деді ол – Апыр-ай, сенбісің?

– Сені Вольф тапты, – деді Волков. – Мейманханадағы портье сенің вокзалға кеткенінді айтты. Енді болмағанда сенен көз жазып калатын едік. Содан соң қайдан іздерімді кім біліпті.

– Сен тірі екенсің ғой, – деп деміге сөйледі Лилиан. – Мен саған телефон соктым. Сені кетіп қалған деді. Содан соң мен...

– Ол фрау Блисс қой, менің жаңа күтушім. Фрау Эшер тағы да күйеуге шықты. – Волков Лилианға карады. – Болған жайды газеттен оқыдым; осында келгенім де сол. Сенің қай мейманханада екенінді білмедім. Бірақ ақыры таптым-ау. Оның үстіне, мені көргің келетініне де күдігім болды.

– Сенің көргін келетініне мен де күдіктендім, – деп міңгірледі Лилиан. – Бірақ, ең бастысы, тірі екенсің! – деді тағы бір қайталап.

– Мен де солай ойладым. Тірі болғаныңа шүкір! Оның жанында басқасы түк те емес.

– Түк те емес, – деп күбірледі Лилиан.

– Пойызың қашан жүруші еді?

– Бір сағаттан соң. Мейлі, кете берсін. Енді оның келер-кетері жоқ.

– Қайда бармақшы едің?

– Өзім де білмеймін. Цюрихке болар. Маған бәрібір, Борис.

Волков артына бұрылып қарады.

– Онда бұл жерден кетейікші. Сенің жүгінді кейін алдырармыз. Басқа мейманханаға ауыс. Антибада өзіме бір нөмір қалдырғанмын. "Дю Кап" мейманханасында. Сонда баяғыда бір тұрғаным бар.

Сол нөмірді алуына болады. Мейманхана иесі – досым, ол маған басқасын береді. Сонымен қалай, жүгінді сонда жіберейік пе?

Лилиан басын шайқады.

– Осында қала берсін, – деді ол кенет бір шешімге келіп. – Пойыз бір сағаттан соң жүреді. Кетейік. Менің мұнда қалғым келмейді. Ал сен қайтуың керек.

– Маған қайтудың қажеті жоқ, – деді Волков.

Лилиан оған барлай қарады.

– Саған қажеті жоқ... Сен сауығып кетіп пе ең?

– Жоқ. Бірақ маған қайтудың қажеті жоқ. Мен сенің қалаған жағына бара аламын, Лилиан. Және қанша уақытқа қаласаң да. Кез келген жерге.

– Сен бе?

– Иә, мен.

– Бірақ...

– Сол жолы мен сені түсіндім , – деді Волков. – Құдайым-ау, сенің кетуге сонша құлшынғаныңды қалай түсіндім десеңші!

– Онда неге менімен бірге кетпедің?

Волков үндемеді. Ол сонда Лилианның не айтқанын есіне салғысы келмеді.

– Ал сен менімен кететін бе едің? – деп сұрады ақыры.

– Жоқ, Борис. Сөзіннің жаны бар. Ол кезде кетпес едім.

– Сен өзінмен бірге ауруды ала кеткің келмеді. Одан қашып құтылмақ болдың.

– Ол кезде не болғаны қазір есімде де жоқ. Мүмкін солай да болған шығар. Одан бері не заман.

– Сен шынымен бүгін кетпекпісің?

– Иә.

– Алғаның ұйықтайтын орын ба?

– Иә, Борис.

– Сен бірдеңе жемесең болмайды. Ол бірден байқалады. Қарсы беттегі дәмханаға барайық. Ал мен тағы бір билет алудың жайын қарастырайын.

Олар көшенің қарсы бетіне өтті. Волков оған жұмыртқа, сүрленген ет пен кофе алдырды.

– Мен вокзалға барайын, – деді ол. – Сен осында отыр. Қашып кетіп жүрме.

– Енді қашпаймын. Әркім соны ойлайтыны несі?

Борис жымиды.

– Соны ойласа, онша жаман болмағаны, жаным. Демек, сенің қалғанынды қалайды.

Лилиан оның бетіне қарады. Ерні дірілдеп тұр екен.

– Олай демеші, әйтпесе жылап жіберемін.

Волков әлі үстелдің жанында тұрған.

– Сен әбден қалжырағансың, әңгіме тек сонда. Тамақ же. Таң атқалы нәр татпағаныңа бәс тіге аламын.

Лилиан басын көтерді.

– Шынымен-ақ түрім мәз болмағаны ма? – деп сұрады ол.

– Жоқ, жаным. Тіпті соншама қалжыраңқы көрінсең де бірер сағат ұйықтап алсаң, құлпырып шыға келесің. Соны ұмытқаның ба?

– Иә, – деді Лилиан. – Мен көп нәрсені ұмыттым. Бірақ ұмытпаған жайларым да бар.

Ол тамағын жей бастады да кенет тұра қалып, айнасын қолына алды. Бет-жүзін, көзінің астындағы көгіс тартқан көлеңкелерді мұқият қарай бастады. Ниццадағы дәрігер не деп еді? Жаз болғанға дейін, тіпті одан да ертерек... егер мынадай өмір салтын өзгертпесе... Жаз. Бұл жерде жаз күшінде тұр, ал тауға ол кешеуілдеп шығады. Ол айнадағы бейнесіне тағы бір қарады да опасауыты мен далабын қолына алды.

Волков дәмханаға қайтып оралды.

– Билет алдым. Бұл пойызға билет әлі бар екен.

– Ұйықтайтын орынға алдың ба?

– Әзірге жоқ. Мүмкін жолай бір орындар босап қалар, ондай-ондайлар жиі болып тұрады. Тіпті соның қажеті де жоқ, осында жеткенше ұйқыны әбден қандырған болатынмын.

Волков Лилианның қасында шоңқиып қала берген итінің басынан сипады.

– Әзірге сені жүк вагонына тапсыруға тура келеді, Вольф, бірақ көп кешікпей одан ұрлап аламыз.

– Менің купеме.

Борис басын изеді.

– Франциядағы жолсеріктер аққөңіл келеді. Цюрихте сенің одан әрі не істейтініңді шешерміз.

– Менің кері қайтқым келеді.

– Кері? Сонда қайда? – деп жасқана сұрады Волков.

Лилиан үндемеді.

– Мен қайтып оралуға шақ қалып тұр едім ғой, – деді ол ақыры. – Сенсең де, сенбесең де солай.

– Неге сенбейін?

– Ал неге сенуің керек?

– Бір кезде өзім де дәл осылай істегенмін, жаным. Бұдан көп жыл бұрын. Содан соң қайтып оралғанмын.

– Неге?

Ол ойлы жүзбен Лилианға қарады.

– Сенің өмір сүретін жерің өміріннің өзімен ешбір шендесе алмайды, – деді ол баяу сөйлеп. Мен қандай керемет жер болса да ол үшін өмірімді мансұқтауға болмайтынын түсіндім. Солай істеуге татитын адамдар да жоктың қасы. Кейде ең карапайым шындықтың өзіне айналма жолдармен жететінің бар.

Лилиан бір кесек нанды үгітіп табағына салды.

– Бірақ өзіне осыны қанша айтқанмен ешбір көмегі болмайды. Солай емес пе?

– Иә, болмайды. Оны тек өз басыннан өткеруің керек. Әйтпесе үнемі ең маңызды бірденеден айырылып қалғандай боп сансырайсың да жүресің.

Волков даяшыны шақырып алып, өзіне кофе мен сигарет әкелуді бұйырды.

– Цюрихтен әрі қайда баратыныңды білесің бе?

– Шипажайлардың біріне барармын. Әйтеуір "Монтана" мені енді қабылдамайтыны анық.

– Неге қабылдамасын, қабылдайды. Бірақ қайта оралғың келетініне өзің сенімдісің бе? Қазір сен әбден қалжырағансың, сондықтан тынығуың керек. Әлі де болса райыннан қайтуыңа болады.

– Оралғым келеді.

– Неге?

– Оның себебі көп. Қазір бәрі есімде емес.

– Егер осында, төменде қалғың келсе, сен жалғыз болмайсың. Менің де қалуыма болады.

Лилиан оған сынай қарады.

– Өмірді мансұқ етуге тұрарлық жақсы адамдардың болмайтынына да қарамастан ба?

– Мен *жоқтың қасы* деген едім, жаным.

Лилиан басын шайқады.

– Жоқ, Борис. Маған осы да жетер. Сенің қалай екеніңді қайдам. Өйткені сен көпке дейін көзге көрінбей кеттің ғой.

Волков жымиды.

– Оның бәрі маған бұрыннан белгілі...

Лилиан басын изеді.

– Естігем. Енді маған да белгілі, Борис...

Волков Цюрихтен шипажайға хабарласты.

– Ол әлі тірі ме еді? – деп күңк етті Далай-Лама. – Жә, мақұл. Келем десе келсін, қарсылығым жоқ.

Лилиан Цюрихте тағы бір апта болды. Шалжиып, көбінесе төсекте жатты. Кенет өзін қатты шаршағандай сезінді. Кеш сайын қызуы көтерілді. Волков оған шақырған дәрігермен оңаша сөйлесті.

– Оның осы уақытқа дейін тірі жүргенінің өзі ғажап, – деді профессор. – Ол дереу ауруханаға жатуы керек. Өзін осында қалдырыңыз.

– Оның мұнда қалғысы жоқ. Кері қайтпақшы.

Дәрігер иығын көтерді.

– Ерік өздерінізде. Онда санитарлық мәшинені алыңыз.

Волков оның ақылын алуға уәде етті. Бірақ өзі санитарлық мәшинені алмайтынын білді. Оның өмірден көрген тауқыметі қамқорлықтың болмауы сияқты, тым қамқорсыған қатынастың да науқастың түбіне жететінін ұмытарлықтай жеңіл-желпі емес еді. Тәуекел деп, Лилианды жәй мәшинемен әкетуден гөрі оны өлетін адамша өбектеу әлдекайда қатерлі болатын. Содан соң ол Лилианның аурухана күймесімен жүруге көнбейтінін білетін.

Лилиан Бористі жайдары қарсы алды. Өзінің ахуалы нашарлағалы бері ол көңілденіп сала берген; Клерфэнің өлімінен кейін бойын билеген көмескі айып сезімін ауруымен өтеп жатқандай еді.

– Бейшара болған Борис-ай, ол саған, сірә, мен жол ауыртпалығын көтере алмайды деген болар-ау.

– Тіпті де олай емес.

– Мен оны көтеремін, – деді Лилиан ептеп келемеждеген сыңаймен. – Оның айтканына ерегіссем де көтеремін. Әрі десе, мен әлі тым көп жасаймын.

Волков оған таңырқай қарады.

– Рас айтасың, жаным. Соны мен де сеземін.

– Менінше, уақыт ұғымын түрліше түсінуге болатын сияқты, Борис. Оны мен осында, төменге түскенде білдім. Ұзақ өмір сүретін адам уақыт дейтінге ешқандай мән бермейді; ол алдым мәңгілік деп ойлайды. Ал кейін тірлігінің қорытындысын шығарып, шын мәнінде қанша уақыт өмір сүргенін таразылағанда, онысы небәрі бірер күнмен немесе мықтағанда бірер аптамен ғана шектелетініне көзі жетеді. Егер осының ақиқатына жете алсаң, онда екі-үш аптаң немесе екі-үш айың өзге біреудің бүкіл өміріне татитын болады. Ана таудағылар осыны жақсы түсінеді.

Волков күлімсіреді.

– Қазір сенің не ойлап отырғаныңды мен білемін, – деді Лилиан. – Тағы да ескі амалдарға жүгінемін. Өзімнің шамам келмеске жармаспақшымын.

– Иә, – деп күлді Борис. – Мен өз өмірі үшін ұдайы қалтылдап қалған адамды білуші ем. Ал сол жасы сексенге тақағанда жайдарының жайдарысына айналды. Онысын өзі енді қимайтындай нем қалды деп түсіндіретін: шынында шал артериосклерозбен ауыратын және бір мәрте инфаркт алып та үлгерген болатын. Ал бұрынғысы мүлдем басқаша болатын: онда ол жиырма-отыз жылғы, тіпті қырық жылғы алдын ойлайтын да үнемі үрей үстінде жүретін, сондықтан бейшараның өмірін өмір деуге болмайтын еді.

– Аса мұнды тәмсіл екен.

– Бір кезде сол маған бірден-бір демеуші болды, – деді Волков. – Әуелде мені сау адамдар саулығымен қоса мағыналы, қызықты өмір сүреді дейтін ой қатты қажаушы еді. Сол маған керемет әділетсіздік болып көрінетін.

– Жаңағы шалдың мысалы жұбаныш ретінде болған ғой?

– Үмітсіз жағдайда адам қайдан болсын бір жұбаныш іздейді. Әрі соны табады да.

Лилиан мәз бола күлді.

– Қандай қу едік десеңші! Шынтуайтында адам уақытты елемесе және үрей дейтіннен ада болса ғана нағыз бақытты. Дегенмен, тіпті корка жүріп те күлуге болады ғой. Басқа амалың бар ма?

Олар тауға өте бір жылы, жым-жырт күні оралды. Асуға дейінгі жарты жолдағы бұраланның қайқысында бір мәшине кезікті. Жүргізуші бұл екеуін өткізіп жібермекші болып аялдаған.

– Хольман! – деп айқайлап жіберді Лилиан. – Мынау Хольман ғой!

Қарсы жолыққан мәшинедегі адам жолдан көзін алды.

– Лилиан! Борис! Апыр-ау...

Оның соңындағы кішкентай фиат мінген, бірақ өзін бері салғанда Нуволари шабандоздан кем санамайтын бір итальялық бажылдата белгі беріп, дегбірі қашты.

– Қазір мәшинемді қояйын, – деп айқайлады Хольман. – Мені күте тұрыңыздар!

Ол сәл ілгері жылжып, шыдамсыз итальялықты өткізіп жіберді де жаяулап қайтып оралды.

– Жайшылық па, Хольман? – деп сұрады Лилиан. – Қайда кетіп барасыз?

– Мен сізге жазылдым деп айтып едім ғой.

– Мәшине ше?

– Оны жалға алдым. Пойызбен қайту ақымақтық болар дедім. Әсіресе өзіме келісім-шарт ұсынып тұрған мынадай жағдайда.

– Келісім-шарт? Оны кім ұсынды?

– Өзіміздің байырғы фирма. Олар маған кеш хабарласты. Клерфэнің орнына шабандоз керек екен. – Хольман шашын кейін сілкіп тастады. – Торрианимен келісіп қойыпты, енді мені шығармақшы көрінеді. Шаруа оңға басса, кешікпей мен кішігірім жарыстарға қатыса бастаймын да кейінірек аламан бәйгеге де қосыламын. Маған сәттілік тілеңіздер! Сізбен кездескенім қандай жақсы болды, Лилиан!

Лилиан оның соңынан қолын бұлғады. Және бір айналым көтерілгенде олар Хольманды тағы көрді; жоғарыдан қарағанда ол таудан төмен сырғып бара жатқан әлдебір көк түсті жәндікке ұқсайды екен. Ол енді Клерфэнің орнын басады – бір кезде Клерфэ де басқа бір шабандоздың орнын басқан, өз кезегінде тағы бір шабандоз Хольманның да орнын басатын болады. Лилиан шашыратқының гүліндей көкпенбек аспанға, оның аясындағы менмұндалаған шыршаларға карады.

– Не ойлап отырсың? – деп сұрады Волков.

– Бұ дүниедегінің бәрінде, – деді Лилиан баяу сөйлеп, – өзінің қарама-қарсылығы болатынын ойлап отырмын; көлеңкесіз – сәуле, өтіріксіз – шындық, нақтылықсыз қиял болмайтыны сияқты, ешнәрсе өзінің қарама-қарсылығынсыз болмайды, осы ұғымдардың бәрі бір-бірімен байланысты ғана емес, бір-бірінен ажырағысыз да...

– Өмір мен өлім сияқты ғой?

– Иә, иә, Борис, өмір мен өлім сияқты. Бұған әлі қанша уақыт сенерімді білмеймін. Тек ұзақ сенсем екен.

***

Қайтып оралған соң алты аптадан кейін, табиғаттың өзі демін ішіне тартып тұрғандай тып-тыныш, жаймашуақ жаз күндерінің бірінде Лилиан қайтыс болды. Жападан-жалғыз жатып, аяқ астынан кенет көз жұмды. Борис бірер күнге ауылға кеткен болатын. Ол қайтып келгенде Лилиан кереуетте өліп жатты. Бет әлпеті бұзылып, екі қолы тамағына қарай көтеріліп кеткен; Лилиан өнешінен қан кетуі салдарынан тұншығып өлген екен. Дегенмен біршама уақыттан соң оның бет әлпеті әуелгі қалпына келді. Борис оның мұншама сұлу болғанын бұрын-сонды көрген емес. Сонда оған Лилиан бақытты болған екен-ау деген ой келді.

Вольфганг БОРХЕРТ

ЖАБЫҚ ЕСІК АЛДЫНДАҒЫ ЖАЛҒЫЗ

Ешкандай театр коймайтын, ешбір
көрермен көрмейтін пьеса

Неміс тілінен орыс тіліне аударған
Наталья Ман.

ҚАТЫНАСУШЫ КЕЙІПКЕРЛЕР

Бекман – *майданнан оралған жаралы жауынгер.*
Әйелі – *Бекманды ұмытып кеткен.*
Жас жігіт – *әйелінің көңілдесі.*
Жас келіншек.
Жас келіншектің күйеуі – *бір аяғынан айырылған балдақты жауынгер.*
Полковник – *өте көңілді адам.*
Полковниктің әйелі – *шілдеде жауап жүретін байбалам шыл әйел.*
Полковниктің қызы – *жақсы тұрмыстан басқа мұңы жоқ.*
Күйеубаласы – *қайын атасына жағынуды ғана ойлайды.*
Сауықхана директоры – *батылдығынан қорқақтығы басым жан.*
Фрау Хлам – *тоғышар әйел.*
Карт – *Құдай екеніне ешкімді сендіре алмай жүрген пұшайман.*
Қабірші – *үнемі кекіріп жүретін ажал хабаршысы.*
Көше сыпырушы – *ол да ажалдың жақтасы.*
Біреу – *Бекманның қарама-қарсы сыңары.*
Эльба өзені.

Авторлық баянға кіріспе

Ол ұзақ уақыттан соң Отанына оралды. Ұзақ уақыттан соң... Тым ұзақ десе де болғандай. Осы аралықта ол іштей де, сырттай да қатты өзгерген. Ойы да, түсінігі де бүгінде мүлдем өзгеше, бұрынғысынан тіпті басқа кейіпте оралып еді. Оның сыртқы келбетінің өзі жас жігіттен гөрі егістікке, бақшаға қонған торғайды үркітуге қойылған қарақшыға көбірек ұқсайтын. Бәлкім, қараңғыда абайсыз адамды да шошытуы ғажап емес. Ішкі сипаты да соған сәйкес бей-берекет, ойлары шым-шытырық, сөздері түйедей түскендей дөрекі. Бүгінгі күнмен еш қабыспайды. Себебі ол – мың бір күні мен түнін сақылдаған сары аязбен, азынаған боранда тағдырдың оң қабақ танытуын сарыла күтумен өткізіп келген мұңдар. Содан бір тізесінің ұршығын оқ тесіп, ақсаңдай басып әрең шыққан. Әйтсе де көрер жарығы бар екен, бұл пақырға ақырған аязды, сұрапыл боранды мың бір күн мен түнді артқа тастап, үйіне оралуға тағдыр жазыпты.

Ол осылай өзінің Германиясына оралған. Сөйткен оған қайдағы бір дүбәра киноны көрсетеді ғой. Сеанс үстінде ол бірнеше рет өзінің қолын бұрап тұрып шымшып алды. Ол өзінің ояу екеніне сенгісі келмегендей, түсім шығар деп ойлаған. Жоқ, ояу екен. Байқаса, оңында да, солында да қаптаған жұрт, олар да бұның күйін кешіп отырғандай. Ақыры, сірә, бұл бүгінгі күннің шындығы шығар деген тоқтамға келгендей.

Сеанс аяқталып, сыртқа бет алған. Оның ұйып, жансызданып қалған аяғы қақсап, нәр сызбаған өзегі талып, демде ішегі шұрқырап қоя берді. Далаға шыққан соң ол көрген киносының дәненесі жоқ, кәдімгідей-ақ фильм екенін түсінді. Кәдуілгі дені дұрыс фильм. Майдан даласынан, оқ пен оттың ортасынан Германияға қайтып оралған жан жайлы, өзі тектестер туралы... Иә, үйіне оралған соғыс солдатының бірі, бірақ бұлар үйіне жете алмап еді ғой... Бұлар үшін үй деген ұғым атымен жойылған... Бұлардың үйлері тарс жабық есік алдындағы қаңыраған көше, дала... Бұлардың Германиясы түнде жанбыр шелектеп құятын ашық аспан астындағы алып кеңістік...

Міне, бұлардың Германиясы осы...

БАСТАУ

Азынаған жел. Оның екпінімен шайқалған толқынның қалтылдаған жылжымалы жайдақ көпірге өршелене соғылып, кейін серпілген сарыны естіледі. Кешкі уақыт. Сахнада қабірші. Сахна түкпірінде батқан күннің әлі сөне қоймаған қызғылт арайлы шапағы шарпыған аспан астындағы көпірдің нобайы. Көпір үстінде тұрған әлдекімнің сұлбасы көзге шалынады.

Қабіршi. Өғ-ғ-ғ! Өғ-ғ-ғ! Өғ-ғ-ғ! *(Қатарынан әлденеше рет кекіреді. Әр кекірген сайын мұрнының астынан өзіне-өзі ризашылықпен)* Өғ-ғ-ғ! Қарай гөр! Қайтеді өзі?! Өғ-ғ-ғ! Ы-ы-х! Қарай гөр мұны! Қайтер екен десем? Өғ-ғ-ғ! Қоятын емес қой! Өғ-ғ-ғ! Кекірігім азып жүр... Айналам толған міскіндер... Шыбындай тырапай асқан, *(дауысын бәсеңдетіп)* тура у дәрі жеп қырылған шыбын секілді. Айтары жоқ, көп-ақ... Маған жұмыс жеткілікті. Көміп үлгере алар емеспін. Ehe, ана жерде әлдекім тұрған сиякты ғой. Көпірдің үстіндегіні айтамын. Ажал айдаған біреу болмаса, дауылды күні жақтаусыз жайдақ көпірге есі дұрыс кісі шыға ма? Өзі әскер киімін киген бе? Жоғ-ғ-а-а! Үстіндегісі ескі солдат шинелі екен. Бас киімсіз. Қысқа қырқылған шашының әр талы тікірейіп үрпиіп кеткен. Көпірдің жиегіне тым жақын баруын қарашы. Суға сонша төніп, не көрінді десейші? Бұл тегін емес, тегін болмады. Кешкі апақ-сапақта өзен жағасында махаббат дертіне шалдыққан ғашықтар мен өлеңге толғатқан ақындар жүретін еді. Сосын тағы, бұл жалғаннан әбден қажып, көңілі суыған, дүниеден торыққан, жақсылық атаулыдан күдер үзген пақырлардың төніректейтіні бар. Әлде, бұл да тірліктің қатал ойынынан ерте шығып қалған, жылт еткен үміттен ада, бәрінен ерте баз кешкен пенде ме екен? Солай-ау шамасы. Бұл жалғанда жолы болмаған бейбақтар аз ба? Жиекке еміпіп-сұғынып жақындауын-ай! Жалғыз. Демек, ғашықтық ләззатына еліткендер-

ден емес. Махаббатқа масайрағандар болса, екі ғашық қол ұстасып жүрмес пе? Бұл жалғыз. Ақын да емес. Ақындардың шашы жалбырап, иығына түсетіндей болушы еді. Ал бұның шашы кірпікшешеннің тікенегіндей тікірейіп тұр. Бұл тегін болмады. Бейуақытта желмен қалт-құлт теңселген жайдақ көпір үстіндегі мүскін тегін емес.

Суға ауыр әлдененің күмп еткен дыбысы естілді. Көпір үстіндегі сұлба жоғалған. Жым-жылас.

Қ а б і р ш і . Өғ-ғ-ғ! Қайтеді-ей мынау! Ананы қара! Жаңағы тұрған адам жоқ. Айттым ғой тегін емес деп. Суға секіріп кетті. Көпірдің ернеуіне сұғынып тұруы жаман еді. Адуын өзен жұлып әкетіп, жалма-жан жұтып қойса да өзі біледі. Енді ол жоқ! Өғ-ғ-ғ! Қайтеді мына кекірігі құрығыр. Тоқтай тұр! Мұнда адам опат болып жатыр. Енді қайтейін дейсің бе? Ештеңе емес. Бір адамның келіп-кеткенінен дүние өзгерген жоқ. Жел баяғысынша азынап тұр. Эльба суы арындап келіп жағалауды соғады. Трамвай бұрынғысындай қоңыраулатып зулайды. Түннің көркі ақ торғын денелі сұлулар әдеттегідей терезе алдында көлбеңқағады. Түнгі қызық аңсағандарды іздеп, көшеге көз сүзуде. Хлам мырза бір ұйықтап оянып, екінші жамбасына аунап түсіп, қайтадан қорылға басты. Сағатты айтамын-ау. Бір де бір сағат тоқтап қалмапты. Тық-тық соғып тұр. Тек ажал сағаты жеткендер болмаса. Өғ-ғ-ғ! Қайтеді-ей мынау?! Адам опат болып жатса, қайтеді өзі. Енді қайт дейсің бе? Ештеңе! Ештеңе! Әлгі бейбақ секірген жерде иірім тектес екі-үш үлкен шеңбер пайда болған. Бар қалғаны осы. Иә, енді ол шеңберлер де біртіндеп жоғалып барады. Міне, мүлде тып-типыл. Сонымен бірге адам да жоғалды, бұл жалғанда тіпті болмағандай, ізі де қалған жоқ. Бар болғаны осы? Өғ-ғ-ғ! Қайтеді-ей мына кекірігі құрығыр?! Ehe, біреу жылайтын сияқты ма, қалай? *(Тыңдайды).* Оу, шал жылап жүр ғой. Мәссаған, безгелдек! Қарт адамның жылағаны оғаш көрінеді екен. Кеш жарық, қартым! *(Қарт адамның сұлбасы жақындайды).*

Қ а р т . (Үлкен қынжылыспен). Eh, пенделерім, пенделерім менің! Соры қалың пенделерім!

Қ а б і р ш і . Неге жыладың қартым?

Қ а р т (қынжыла). Менің қолымнан ештеме келер емес. Ah, мына бүлінген дүниені өзгертуге дәрменім жетпеді. Қолымнан келер қайран жоқ.

Қ а б і р ш і . Өғ-ғ-ғ! Қайтеді-ей мынау кекірігі. Кешірім өтінемін! Халің мәз емес екен қартым. Байы тастап кеткен қатынға

ұқсап, сұнқылдағаныңды қойшы. Өғ-ғ-ғ! Қайтер екен мынау? Ғафу етерсіз! Одан да жөнінді айтшы.

Карт. Уа, менің пенделерім! Осылардың бәрі менің үмбетім емес пе еді?

Кабірші. Пah-пah! Сен сонша кім едің?

Карт. Мен – құдаймын! Бірақ маған мойынсұнудан қалған мына қауым. Мені таныр емес.

Кабірші. Құдай болсаң, неге жылайсың? Өғ-ғ-ғ! Мынау қайтер екен?! Кешіріп қойыңыз.

Құдай. Мен мына бүлікшілік жайлаған дүниені түзете алар емеспін. Толған атыс-шабыс. Одан қалды біреу асылып, біреу атылып, біреу суға кетіп жатыр. Құдайдың бұйрығымен өз ажалынан көз жұматындар аз. Бірін-бірі жалмап-жұтып барады. Бүгінгі жүз, ертең жүз мыңға жетері анық. Ал менің оны тоқтатуға қаукарым жоқ. Қалайша жыламайын?!

Кабірші. Жағдайың мүшкіл екен, қартым. Өте мүшкіл. Қазіргілер құдайдың барына, оның құдіретіне шек келтіреді, обал, сауап дегеннен жұрдай. Бар пәле осыдан.

Құдай. Иә, маған соны мойындау үлкен азап болып тұр. Менің құдай болғанымды қайтейін, мені ешкім танымайды. Пенделердің пиғылын өзгертуге дәрменім жетпейді. О-о-о! Менің үмбеттерім, мен сендердің ныңметтерің үшін ешнәрсе жасай алмадым. Қолымнан еш шара келер емес. Бұдан өткен талайсыздық болар ма?

Кабірші. Өғ-ғ-ғ! Қайтеді-ей мынау? Кешіре гөрші! Пенделерің шыбындай қырылуда. Өғ-ғ-ғ! Тәнір алсын сені, кекірік.

Құдай. Сен неге оңбағандай кекіре бересің? Сұмдық қой мынауың.

Кабірші. Айтары жоқ, өрескел қылық. Жастан бойға сіңген кәсіби дерт қой. Мен – кабіршімін.

Құдай. Солай ма? Сен ажалдың шашбауын көтеріп жүр екенсің ғой. Түсінікті.

Кабірші. Жоқ, сен ешнәрсе түсінген жоқсың, алжыған шал!

Құдай. Ажалмын! Жаңа құдайыңмын де... Олай болса, айдарыңнан жел есіп тұр екен. Саған ден қоюшылар бүгінде жетіп артылады. Саған тәу етеді, өйткені сенен қорқады. Қорыққанын сыйлайтын заман туған. Оның үстіне сен шұбәдан тыссың. Сенің әйтеуір бір күні жетеріңді ешкім жоққа шығара алмайды. Сені сөгуге де, жазғыруға да, сондықтан дәрменсіз, батылдары бармайды. Иә, күнің туып тұр екен. Сен, ажал, мына жалғандағы жалғыз құдай сен болдың. Сенен ешкім қашып құтылмайды. Ажал

құрығы ұзын. Өзің жонданып алыпсың, ірі сөйлейсің. Келбетің де қатты өзгерген, тым жұмырланып қалыпсың. Мен сені білгенде, ыңыршығын айналған жүдеу, қаңқа ку сүйек емес пе едің? Енді дөңленіп шыға келіпсің. Әбден тоғайып, семіріп алғаның көрініп тұр. Күпініп, ісіп-кеуіп кетіпсің. Бұрынғы ажалдың түрі саған қарағанда әлдеқайда аш-арық еді. Сен ажалдың жана құдайы болсаң, боларсың. Ұқсайсың.

Ажал. Осылай, жөн сөзіне көшсеңші. Осы жүз жылдықта тоғайып жал біткені рас. Күйім оңалды. Адамзат баласы, сенің пенделерің соғыстан көз ашпады. Соғыс құрбандары алапат. Айтып тұрмын ғой, шыбындай қырылып жатыр. Қандайы керек? Әне, аязға қатқаны ма, үсігені ме, сүйегі қурағаны ма, шірігені ме толып жатыр. Аткөпір! Өғ-ғ-ғ! Қайтеді мынау! Жүрегімнің кілкіп тұрғанын қарашы! Ғафу өтінемін!

Құдай. Кекірігін азып, ықылық атып жүргенің содан екен ғой.

Ажал. Тура таптың! Осы жұрт, кит етсе, тойымсыз ажал дейді ғой. Жалған! Мына мен әбден лықа тойғанымнан кекірік атып жүрген жоқпын ба? Рас, тойындым, тоғайдым. Айналаң шыбындай қырылған мүрдеге толып жатса, қалайша кекірігін азбас?! Бас көтере алмай кекіресің...Өғ-ғ-ғ! Кешіріп қой!

Құдай. О-о-о! Менің үмбеттерім. Сендерді құтқара алар емеспін. Қайтейін? Қайран менің кәріп болған мүскіндерім... *(Кетеді).*

Ажал. Ал кетсең, қайырлы кеште бол, қартым! Бар, бар! Бүкіл әлемнің азабын арқалап қайтесің? Одан да жан тыныштығынды ойласаңшы, барып ұйықта. Байқа, өзің де суға түсіп кетпеші. Әлгіндегі бір пақырдың құлағына да жетер. Көзге түртсе көргісіз қараңғы болып кетті. Байқап жүрші, қартым. Өғ-ғ-ғ! Ы-ы-х! Қайтеді-ей мынау?! Үйіне барғаның жөн, қартым. Бәрібір сен ештемені өзгерте алмайды екенсің, тыр-тыр қасынып жатпайсың ба одан да! Әлгінде суға секіріп кеткен ескі шинельді, шашы тікірейген бейбақты жоқтамай-ақ қой. О дүниеге мезгілсіз аттанғандардың бәрін сен жоқтап тауыса аларсың ба? Қайсыбірін жоқтарсың? Ымыртта су жағасында қазір ғашықтар мен ақындар ғана жүрмейді екен. Ажал іздегендер де келетін көрінеді. Мынау тасбауыр қоғамда бұдан ары бір сәт тұрғысы келмегендер немесе тұра алмайтындар мені төңіректейді. Жандарын қорлаған азапқа шыдамай күндердің бір күні діңкесі құрып Эльбаға жетеді де, күмп беріп толқынға қойып кетеді. Сөйтіп оп-оңай азаптан құтылады. Менің жемсауым кең, бәрін де қылғытып жұта беремін, жұта беремін. Сен оны уайымдап, басынды қатырып қайтесің?! Ұмыт

оны, картым. Еніреме енді. Ол міскіннің тірлікте жолы болмаған ғой. Оның несіне қайғырасың? Ондайлар аз ба мына жалпақ дүниеде? Солардың бірі ғана емес пе? Ха-ха-ха! Өғ-ғ-ғ! Енді қайтейін, кекірігі құрығыр, сені?..

ТҮС

Эльба өзенінің түбі. Майда толқындар шуылы естіледі. Эльба мен Бекман. Бекман жатқан жерінен басын көтеріп жан-жағына қарайды.

Бекман. Тәнірім-ау, мен қайдамын өзі? Қайда жатырмын?

Эльба. Менің иелігімдесің?

Бекман. Менің иелігімде дейтіндей сен өзің кімсің?

Эльба. Әй, сары ауыз қауға бас, сен Сен-Паульдегі көпірден өзенге құласаң, сонда сен қайда болғаның? Менің кім болғаным? Ойламайсың ба өзің, есер неме?

Бекман.н (таңырқай). Сен Эльбасың ба?

Эльба. Енді кім деп едің?

Бекман. (әлі де таңырқаулынан жазбай). Ғажап, Эльбамын де...

Эльба. Немене, маған бақырайып қарайсың, ессіз, сорлы бала? Шамасы, мені ақылына көркі сай, ширатылып, мың бұралған кияли бойжеткен деп елестетіп пе едің? Әлде иығына төгілген шашының әр талы жібектей, бойынан алуан жұпар аңқыған Офелиядай соншалықты қаса сұлу деп ойлап па едің? Мақпалдай тәнін құшып, сол жұпарға тұншыға мәңгілік тыныстағың келген екен ғой. Жоқ, балам, сен қатты қателестің! Мен кәрі мыстанмын. Осы жасыма дейін бойыма тек жағымсыз иістерді көп жинадым. Мен шамалас кәрі өзеннің бәрі сондай. Бізден мұнайдың, көңқоқыстың, түрлі қалдықтардың және балықтың, балдырдың күлімсі иісі мұңкиді. Одан басқаға иегің қышымасын. Саған өзі не керек бұл арадан?

Бекман. Ұйқымды қандырсам деп едім.

Эльба. Саған, немене, жоғары жақта ұйықтауға жер жетпеді ме?

Бекман. Жер үстінде ме? Жо-жоқ! Ендігі көрмегенім жердің беті болсын. Ол жақтағы көрген азабым мен қорлығым жеткілікті. Бұдан әрі оған шыдай алмадым. Мен ойыннан шығып қалған, иә, иә, оңбай ұтылып шыққан қасқамын. Енді тек алаңсыз ұйықтағым келеді. Тұяқ серіппей, тіл тартпай кетсем деп едім. Менің ендігі тілегім ұйқы ғана, қалың ұйқы. Маған ұйықтауға маза беріндерші. Мәңгілік ұйқыға кетейін.

Эльба. Қиыншылықтан қашып құтылғын келген екен ғой, сары ауыз балақай, солай ма? Ауыртпалыққа басқа жұрт шыдайды да, бұл шыдай алмайды екен, көрдіндер ме? Сен, немене, басқалардан артықсың ба? Қиындықтан құтылудың ең оңай жолын тапқан екенсің. Екі жастың біріне келмей жатып бұл адам төзгісіз қорлық көре қалыпты. Бұл жалғаннан түнілерліктей көпті көрген, басы жерге жеткен қартсың ба? Айтшы, нешедесің өзің?

Бекман. Жиырма бестемін. Қажыдым, ұйықтасам болар еді.

Эльба. Әй, жиырма бес, маған мынаны ұғындыршы, жарқыным. Қалған ғұмырыннан неге бас тарттың? Жер үстінде адам төзгісіз қандай қорлық көре қалдың? Неден түніліп, жас жаныннан неге бездің?

Бекман. Бәрінен, бәрінен безіндім. Мен енді жер бетінде тіршілік ете алмаймын. Бұдан арыға шыдамым жетпеді. Аштық қысты, ауру асқынды, жаралы аяқ сыздап жегідей жейді. Үйіме барып, дамылдайын десем, төсегім бос емес, біреу иеленіп алыпты, өзімді қуып шықты. Ыстық ас пен жайлы орын маған еш жерден бұйырмады. Маған жоғарыда орын қалмапты. Ондай тіршіліктің керегі не енді, түсінсенші!

Эльба. Жоқ, түсінгім келмейді, күйреуік неме, естисің бе?! Мен сендейлерді түсінбеймін. Онысы несі, маған? Мұның әйелі басқамен көңіл қосып кетеді екен, соғыста аяғынан жараланады, қарны шұрқырайды, сонда деймін-ау, бірден суға күмп беріп, менің етегімнің астына келіп тығылуы керек пе? Қара өзінің ақылдысын! Егер ішегі шұрқыраған дардың бәрі ағып өлсе, жер-анамыз айнатаздың басындай жалтырап бос қалмай ма? Жоқ, бұл ойының жүзеге аспайды, жас жігіт. Мені оңайшылықпен алдай алмайсын. Мен сені суға кеткендердің санатына қоспаймын. Шалбарынды шешіп тұрып, дүрелер ме еді өзінді. Иә, иә, бәлкім, сонда ақыл кірер.

Бекман. Өмір мені аз соққылаған жоқ. Жастай тағдырым қақпақылға түсті. Соғыста да, одан кейін де көрген азабым жүз жасаған қарттан бір кем емес. Маған енді тек мәңгі ұйқыға кету ғана қалды. Жетпегені сенің таяғын еді...

Эльба. Мейлі, аттай алты жыл әскерде, майдан шебінде жүрсең қайтейін. Бәрі де соғысты. Жаппай соғыс алаңына айналдық. Мүгедек болып оралған жалғыз сен бе? Ел іші қаптаған мүгедек. Тәні мүгедек болмаса, жаны мүгедек. Соның бәрі маған келіп, суға кетіп өліп жатқан жоқ қой. Өз төсегін бос болмаса, басқа төсек ізде. Бұрынғы әйеліннен өзге ұрғашы құрып қалып па? Басқасын тауып ал. Онысы несі маған? Сенің ажалыннын маған

түкке де керегі жоқ. Бекер обалынды көтергім келмейді. Еңбек өтілің мен өмір тәжірибең әлі аздау. Сен одан да мені – кәрі мыстанды тында, көгершінім: бар, бара тұр. Әлі де ғұмыр кеш. Ұрыл-соғыл! Сені біреу таптаса, сен біреуді тапта. Алыс-жұлыс! Есеңді жіберме! Көрешегіңді көрмей, көрге кірмейсің. Әбден мылжа-мылжаң шығып, қарттық жеңіп, барар жер, басар тау қалмағанда келерсің, сонда сөйлесерміз. Ал қазір қиқандағанды қой да, табанынды жалтырат, жігітім. Ұқтың ба? Сенің жас жаныңның маған қажеті шамалы. Өзімдікін өзіме бұйыртсын! Біреудің жаны біреуге жан болмайды, жарқыным. Қайқай!

Бекман. Жаным мәңгі жай табар ма екен деп саяна келіп едім. Кең құшағынды аяйсың ба, қақпас?

Эльба. Тіліңді тарт, адамзаттың талайсыз ұлы! Мені тілдеме, сорға туған қырына алған аяусыз заманына жыла. Соған айт зарынды, запыранынды. Бері келіп, құлағынды тосшы, бір нәрсе дейін. *(Ақырын).* Менің сенің өзіне-өзің кол жұмсағанынды ұрғаным бар. Білдің бе, аузынан емшек сүті арылмаған бейбақ. Қара да тұр, қазір сені қайтер екенмін?! *(Дауысын соза қатты).* Әй, жігіттер, барсыңдар ма? Мына мүскінді Бланкенезенің тұсына қарай жағалауға шығарып тастаңдаршы. Тірліктің жалына жармасып, тағы да бағын сынап көрсін. "Аяғым жаралы", – дейді ғой, ақырын, байқаңдар. Өзінше мықтымсып, өлімнен қорықпаймын дегісі келген ғой бұның. Мықты болса, жағаласып, жанталасып, арпалысып, мынау аласапыран заманда өзіне тиесілі орны мен несібесін тауып алсын әуелі соры қалың бейбақ. Бәлкім, дәм-тұзы таусылмаса, жеңер...

Бірінші көрініс

Кешкі шақ. Желдің сонымен бірге таяу арадан судың жағалауды ұрған шуылы естіледі. Сахнада Бекман мен Біреу.

Бекман. Бұл кім? Бейуақытта жүрген адам ба, шайтан ба, кім өзі? Ей, тіл қатсаңшы! Кімсің?

Біреу. Мен.

Бекман. Мен дегенің кім еді?

Біреу. Мен – Біреумін ғой.

Бекман. Қайдағы біреу? Атың жоқ па?

Біреу. Менің атымның өзі Біреу. Мен сенің өткеніңнен келдім. Мен саған ілесіп, ізіңді бағып жүрген Біреумін.

Бекман. Бұрынғы өткен күндерден келдім дейсің бе? Атамзаманнан. Ендеше сен біздің көшеден екенсің ғой. Бір мектепте

оқыған болармыз. Аулада, мұз айдынында бірге ойнаған шығармыз.

Біреу. Тек ол ғана емес. Смоленск түбіндегі қарлы борандағы шайқаста да қасында болғанмын. Горький түбінде доттың аузында жанұшырып жанында жүрдім.

Бекман. Сталинград шайқасында ше? Сол жерде де болып па едің?

Біреу. Иә, сол жерде де... Міне, бүгінгі кеште де жанындамын. Ертең де. Сенен ажырамай бірге жүремін.

Бекман. Ертең де? "Ертең" дегін жоқ. Ертең тумас. Ертеңгі таң менсіз атар. Сенің жүзінді көрмей тұрмын. Кескіні көмескі сен өзің кім едің? Кісімсімей жоғалшы!

Біреу. Сен менен қашып құтыла алмайсың. Біле білсең, мен сенің егіз қозыдай сыңарыңмын, өзіңмен қашанда біргемін. Күндіз де, түнде де. Жүрсен де, тұрсаң да, отырсаң да, жатсаң да қасыңнан табыламын.

Бекман. Ендеше, менімен бірге мамық төсекке жатар екенмін деп дәмеленбе. Жөнінді тап! Менімен бірге ешқашан жайлы төсекке жата алмайсың. Өйткені менің төсегім жоқ. Сондықтан міне, жағажайда құмға, балшыққа аунап жатқан түрімді көрмейсің бе?

Біреу. Несі бар, мен де балшықтан тұрдым. Сен қайда болсаң, мен де сондамын. Айтып тұрмын ғой, сен менен ажырай алмайсың.

Бекман. Сен өзіндік бетің болмаған соң маған жабысасың. Маған жармаспай, жөніне кет. Жоғал!

Біреу. Сен менен қашып құтыла алмайсың. Сен менің өзіндік бетім жоқ екен деме. Керек десең, менің түр-түсім көп, жүз, әлде мың. Мен әркімге таныспын. Менің даусыма әркім қанық. Мен Біреумін, әркашан қасыңнан табыла кететін басқа адам кейпіндегі өзінмін. Сен жоқ десең, мен бар деймін. Сен жылағанда, мен сақ-сақ күлемін. Әбден қалжырап шаршағанында тыныстауға мұрша бермей, қуалайтын да сені мына менмін. Әрбір басқан ізінді жансыздай андимын. Мен оптимистпін, зұлымдықтан ізгілік көре білемін, тас қараңғы қапас түнекке себезгілеген сәуле түсіруші жарықпын. Мен сондықтан ізгілікке сенемін, бәріне күле қараймын, бәрін де жақсы көремін. Ақсақ аяғыма қарамастан алға ентелей басамын. Сен "жоқ, болмайды" дегенде "болады" деп айтатын менмін. Мен алға ұмтыламын. Мен, мен сенің екінші менінмін.

Бекман. Ендеше, "иә, иә", "болады" деп қалағаныңша қақсап айта бер. Бар енді жоғал. Сені көргім де келмейді. Маған ештеме керек емес. Ештеменің керегі жоқ. Жоқ! Естимісің, бара бер!

Біреу. Естіп тұрмын. Сондықтан кете алмаймын. Жоқтан басқа аузыннан сөз шықпайтын сен өзі қандай адамсын?

Бекман. Мен Бекманмын.

Біреу. Азан шақырып қойған атың жоқ па?

Бекман. Жоқ. Бұрын болған еді, кешеден бері атым жоқ. Кешеден бері мен жай Бекман аталамын. Тек Бекманмын.Үстел орындық деген үйреншікті жансыз зат атауы сияқты.

Біреу. Сені заттың атауысын деген кім?

Бекман. Әйелім. Дәлірегі "бұрынғы әйелім" дегенім ғой. Мен бұл жақта аттай алты жыл болмап едім. Оның үш жылында Ресейде майданда, тағы үш жыл Сібірде кенес түрмесінде тұтқында жүрдім ғой. Кеше оралдым үйіме. Бар пәле сол кейінгі үш жылда жатыр. "Үш жыл біле білсең, Бекман, аз уақыт емес" деді әйелім. Даусында, апырмай, не танданыстың, не бір қынжылыстың қылаудай табы білінсейші?! Мұздай суық. Мені күнде көріп жүрген кісідей-ақ. Менің атымды атағанда үні қан-сөлсіз, жансыз әлдебір затты айтқандай қатқыл әрі жат шықты. Қалай дегенмен, үш жыл көріспеп едік қой. Ол үстел орындық, тағы әлдеқандай затты атағандай елеусіз. "Е, келген Бекман екенсің ғой" дегендей қарап тұр. Мен солай, үйдегі басы артық заттай Бекманмын. Кез келген сәтте лақтырып тастап, менен құтылуға болады. Міне, көрдің бе? Бұдан былай менің азан шақырып қойған атым жоғалған. Түсінген шығарсың?

Біреу. Неліктен сен жағалауда жатырсың? Түн ортасы ауды, су-су болып мына жатысың не?

Бекман. Жоғары өрлеп жүруге шамам жоқ. Көрдің бе, жаралы аяқ бүгуге келмейді. Жүрмек түгіл біреудің сүйемелінсіз орнымнан тұруымның өзі мұн. Соғыстан алып қайтқан ескерткішім. Жақсы-ақ ескерткіш! Мұндай-мұндай болмаса, соғыс тез ұмытылып кетеді ғой. Ал менің оны ұмыттым келмейді. Түсінесің бе, ұмыта алмаймын.

Біреу. Неліктен су жағасында жатырсың деймін саған?

Бекман. Суға түсіп кеттім.

Біреу. Ей-й! Қор болған есіл ерім-ай! Құлап кеткен екенсің ғой. Қап! Тұр, ендеше.

Бекман. Байқаусызда құлаған жоқпын. Әуелі тындасаншы. Мен суға кетіп, қарамды біржолата батырайыншы дегенмін. Қасақана өзім құладым ғой. Қорлауға одан әрі төзе алмадым. Ауру аяқ сыздап жанымды жегідей жейтін еді. Тән жарасына енді жан жарасы қосылды. Әйелімді, бұрынғы әйелімді, айтамын-ау: "Бәрі-бәріне, ұзаққа кеткен өзің кінәлісің" – деп жазғырды емес пе? Ал оның жанында пайда болған едірейген біреу, маған ырылдап айбат

шегіп, ырсиған азуын көрсетеді. Мынау тегіс қираған топіректі көрмейсің бе? Айналан түгел құлаған үйлердің орны. Құм, тас, топырақ, күл-қоқыс. Бұл бұрынғы Гамбургтің жұрнағы, ескі жұрты. Осы үйінділердің бірінің астында менің ұлымның мүрдесі, сүйегі жатыр. Мен кеткенде бір жасар еді. Мен оны көре алған жоқпын. Есесіне, қазір күнде түнде түсімде көремін. Оның үстіне мың батпан тас құлаған. Мен соны көтере алар емеспін. Жанымды аяусыз жаныштауда. Мен осы азаптың бәрінен бір сәтте мүлдем арылғым келді. Маған соның ең оңайы көпірден суға құлау еді. Күмп бердім. Бар болғаны осы.

Біреу. Содан күмп ете түстім дейсің ғой. Е-е-е! Сен жайсыз түс көріп оянған екенсің ғой. Су жағасында балшықта жатыр емессің бе? Соның әсері ғой, жағымсыз түс көргенің. Тұр орныннан.

Бекман. Түс дейсің бе? Иә, иә, ол да болуы мүмкін. Бұл аштықтың салдары. Түс, әрине түс. Ендеше менің түсіме Эльба кірді. Эльбаның түбінде жатыр екенмін деймін. Содан Эльба мені алды да шырт түкіргендей жағалауға атып жібергені. Менің жанымды алмаған екен деймін. Тірліктің жалына жармасып, тағы да бағынды сына дейді. Ал менің ешқандай әл-дәрменім қалмағандай. Сенің обалынды көтергім келмейді, еңбек өтілің аз, әлі ештеменің иісі мұрыныңа бармайтын сарыауыз балапансың дейді. Сенің жаныннын маған түкке де керегі жоқ, әлі де ашы-тұщының дәмін аяусыз тат, ұрыл-соғыл! Мен сенің азаптан оңай құтыла салғың келгеніне пыскырмаймын, білдің бе, пыскырмаймын деп базардағы долы қатындардан бетер ұрсып, жағалауға лақтырып тастағаны. Содан, міне, Бланкенезенің жағажайында малмандай су болып, жаурап жатқаным. Мен онсыз да бір жылынбаушы едім. Ресейде суық етімнен өтіп сүйегіме жеткен секілді. Суыққа ол жақта тоңудай-ақ тоңдым ғой. Эльба оны қайдан білсін? Эльба мыстан кемпір екен деймін. Осының бәрі маған аштықтың салдарынан кірген түс болар. Тағы әлдебіреу келе жатыр ма?

Біреу. Иә. Әлдекім қарандайды. Әйел ме, соған ұқсас сияқты. Мархабат, әне өзі де жақындады.

Жас келіншек. Кім бар мұнда? Әлдеқандай дауыс естігендей едім. Біреу: "Хелло", – деді ғой. Бұл арада жан баласы бар ма өзі?

Бекман. Біз бармыз. Төменде су жиегінде жатырмын.

Жас келіншек. Жиекте жатқаны қалай? Қайдасыз? Неге тұрмайсыз?

Бекман. Көрмей тұрсыз ба? Жартылай суда жатқан жоқпын ба? Тұра алсам осылай жатар ма едім?

Жас келіншек. Неге тұра алмайсыз? Тұрыңыз. Су жиегіндегі қарайғанды көріп, өліп жаткан біреу шығар деп шошып кетсем. Тірі екенсіз ғой.

Бекман. Менің өліктен еш айырмашылығым жоқ. Оған сендіре аламын, шүбәңіз болмасын.

Жас келіншек. Сіз біртүрлі одағай сөйлейді екенсіз. Бұл арадан кейінгі кезде өліктер көп кездеседі. Кейбіреуі ісініп, былжырап жатады, қайсыбірі аруақтай аппақ болып, адамның есін кетіреді. Қалай қорықпайын? Құдайға шүкір, әйтеуір, сіз тірі екенсіз. Тек шылқылдап су болған сияқтысыз ғой.

Бекман. Мен сумын және өліктей суықпын.

Жас келіншек. Тұрыңызшы енді. Әлде жаралысыз ба?

Бекман. Солай екені рас. Аяқтан жараланғанмын. Ресейде. Содан бүгілмейтін тізенің кесірінен солтақтап бір жағыма қисайып жүретін болғанмын. Кейде мен алға қарай бассам да кейін кететін секілдімін. Ал жоғары қарай, атамаңыз, өрлеп көтеріле алмаймын.

Жас келіншек. Қане, тұруға тырысыңызшы. Мен көмектесейін, әйтпесе кеудесі құрлықта, құйрығы суда жататын адам-балыққа айналып кетерсіз.

Бекман. Сіз мені өз аяғынан тік тұра алады деп ойласаңыз, тұрып көрейін. Міне қалқиып тұрған секілдімін. Тәнірі жарылқасын сізді.

Жас келіншек. (Жігітті демеп ілгері жылжиды). Тұрып қана қоймай, жылжып жоғары өрлеп келеміз. Сіз малмандай су, әрі мұздай суық екенсіз. Мына арада мен кездеспегенде балыққа айналып кетуге шақ қалыпсыз. Өзіңіз де балықтай мылқауға ұқсайсыз. Мен сізге бір нәрсе айтайын ба? Бола ма? Менің үйім жақын, мына арада, таяу жерде. Менімен бірге жүріңізші. Өтінемін. Үйде құрғақ киім де бар. Әлде сіз тым шамшыл, намысқойсыз ба? Әлдеқандай әйелдің көмек қолын созғанын қаламайсыз ба? Eh, намысшыл адам – балық. Сіз барып тұрған сұп-суық, мылқау балықсыз. Басқа ешкім емес.

Бекман. Сіз мені үйіңізге ертіп барғыңыз келеді екен ғой.

Жас келіншек. Иә. Тек баруға сіздің көніліңіз сокса дегенім ғой. Мен мұны сіздің су болған, тоңған түріңізді көрген соң айтып тұрмын. Әйтпесе, басқадай себебі жоқ. Сіз өте ұстамды, бейбастақ қылығы жоқ ажарсыздау жігіт көрінесіз, апарғаныма өкіне қоймаспын.

Бекман. Әрине. Басқадай себеп жоқ. Басқадай қандай себебі болуы мүмкін? Менің су болған, жауыраған түрім ғана сізде аяушылық сезімін туғызды. Солай емес пе?

Жас келіншек. Иә, иә. Өзге себеп жоқ. Тек соны айтқанда, даусыңыз әлденеден күдер үзгендей жабырқау естілді ғой. Солғын, қапалы шыққандай. Мұның бәрі қалжың. Ал, жүріңіз мылқау балық.

Бекман. Тоқташы! Өзіңіз жүр деп алып, менен қашып бара жатқандайсыз. Мен ілесе алар емеспін. Асықпай жүріңізші.

Жас келіншек. Ah, мен байқамай қалыппын! Біз әбден қартайған, тіл-аузы жоқ балықтар екенбіз ғой. Ал ендеше ақырын жүрдік. *(Екеуі кетеді).*

Біреу. Кетті. Жас келіншек ертіп алып кетті. Мен осы екі аяқтыларды түсінбеймін. Қызық халық өздері. Әуелі өлімге соншалықты құштарлық пен ажалына қарай ұмтылады, суға кетеді. Жағаға шығып, есінен танып жатқан қасқа қасынан қайқы төс, жалбыр шаш, ұзын етек біреу өтіп бара жатыр еді, дереу соған жармаса кетті. Бұл дүние оған қайта құлпырып сала бергендей. Енді ешқандай өлімге құлқы сокпайды. Мәңгі жасай бермек. Осының бәрі тәні мақпалдай, шашы жібектей ұрғашының болмашы жұпар аңқыған иісіне бола. Олардың иісінің ғажап сиқыры бар. Сол үшін әлдебіреулер жанын қиса, енді біреулер ажал аранынан бас көтеріп тұрады. Керемет емес деші! Тіпті, жаңа көз алдымызда, мынау қырсығы арылмаған, адыра қалған, қарғыс аткан қара жерде жанына сая таба алмағандықтан суға кеткен міскіннің шалажансар тәнінің өзі тіріліп, ұзын етектінің соңынан ілесіп кеткен жоқ па? Оларды бұл жалғанға қайта оралтатын – қиыла-сүзіле қарайтын жәудір көз бен нәзік қол, акку мойын, талма бел, сосын аз-кем жылы шырай мен жылы лебіз ғана. Басқа түк те емес. Соның өзі жартылай өліктің өзіне жан бітіріп жіберер. Екі аяқтыдан асқан мақұлық жоқ шығар жер бетінде.

Екінші көрініс

Бөлменің іші. Есік ашылып жабылады. Бекман мен жас келіншек.

Жас келіншек. (Ойнақы). Қане шам жарығымен анықтап қарайыншы, қармағымды қандай балық қапты екен? Қандай балық аулағанмын өзі? Кәне, кәне! *(Жігітті шыр айналып қарап жүр. Көңілдене күледі).* Мынауыңыз не зат, құдай үшін, айтыңызшы.

Бекман. Бұл ма? Бұл – көзілдірік. Иә көзілдірік. Тек, сіз күлмеңізші. Өкінішке орай, бұл менің көзілдірігім.

Жас келіншек. Сіз осыны көзілдірік дейсіз бе? Сіз өзіңізді әдейі сайқымазақ етіп көрсетуге тырысасыз-ау, меніңше.

Бекман. Ешқандай сайқымазақ емес. Иә, бұл менің көзілдірігім. Сіздің күлетіндей жөніңіз бар, оның сыртқы түрі қолапайсыздау: мына қаңылтыр жақтауы, құлаққа қыстырып қоятын сояудай ілгіші, мұрынға ілінетін имек сұр бауы сұмдық көріксіз. Білемін. Онсыз да өзі ажарсыз келбетті одан сайын ұскынсыз, топас көрсететіні рас. Бүкіл бейнем роботтың қаңылтыр беті секілді көрінетін болар. Әлде противогаз киіп алған сияқтымын ба? Иә, бұл противогаз үшін жасалған көзілдірік.

Жас келіншек. Противогаздың көзілдірігі дейсіз бе?

Бекман. Иә. Мұны көзі нашар көретіндерге противогаздың сыртынан киюге беретін. Әйтпесе, ештеме көре алмайды ғой.

Жас келіншек. Оны енді неге киіп жүрсіз? Тастамайсыз ба? Кәдімгі көзілдірік кимейсіз бе?

Бекман. Сол шіркін жоқ болып тұр ғой. Бар еді, жарылыс кезінде тас-талқаны шыққан. Көзілдіріксіз жүре алмаймын. Бұл енді жоққа қарағанда жақсы ғой. Білемін, сұмдық ұскынсыз көрінемін. Содан өзімді қолайсыз сезінемін, жұрттың бәрі маған күле карайды. Оған етім үйреніп кетті. Жұрттың күлгенін қайтейін, маған көзілдірік кию керек, әйтпесе бір қадам баса алмаймын. Көзілдіріксіз құрдымға кетемін. Шын айтамын. Мен онсыз ешнәрсе көре алмаймын. Ештемеге жарамаймын.

Жас келіншек. Солай ма еді? Ешнәрсеге жарамайтыныңыз рас па? *(Мысқыл аралас күледі).* Бұл өрескел сөлекет затты маған бере тұрыңызшы. *(Жігіт көзілдірігін шешіп қыздың қолына ұстатады).* Міне, бұныңыз оксаған шаруа болды. Менен бұны кетеріңізде бірақ аласыз. Мен де алаңсыз болайын. Бұнсыз ешнәрсе жасай алмаймын дедіңіз емес пе? *(Екіұштылау күледі).* Осылай сенімдірек. Сіз көзілдіріксіз мүлде басқаша көрінеді екенсіз. Менінше, дүниенің бәрін мына противогаздың сүйкімсіз көзілдірігі арқылы көрген соң екен ғой сіздің соншалықты жабырқау, көңілсіз болатыныңыз. Әрі барша болмысты жағымсыз жағынан қабылдай-сыз-ау деймін.

Бекман. Көз алдымның бәрі бұлдырап, көмескіленіп кетті. Көзілдірігімді берініізші. Мен ешнәрсені түстеп ажырата алар емеспін. Сіз де алыстап кеткендейсіз. Анық көре алмай тұрмын.

Жас келіншек. Тіпті оңды болды. Маған да сіздің мені анық көрмегеніңіз керек еді. Сізге де осылай жарасады, көзілдіріксіз кәдімгідей тартымды, көрікті жігіт екенсіз. Ал мына үрейді ұшыратын көзілдірігінізбен көрден шыққан аруақтың елесіне ұқсайсыз, адамды шошытып.

Бекман. Бәлкім, мен елес емес, нағыз аруақтың өзі шығармын. Мен сан мәрте өліп, қайта тірілген жанмын. Мен – бүгінде ешкім жүздескісі келмейтін, көрсе танудан жалтарып кететін өткен күннің елесімін. Мына бейбіт әлемге соғыстың сойқан сұмдық-тарын еске түсіру үшін жүрген жүздеп, мыңдап, жүз мыңдап, миллиондап жер жастанған аруақтардың елесімін.

Жас келіншек. (Аялай, жылы үнмен). Менің аулаған балығым қабағынан қар жауғандай қандай көңілсіз аруақ! Мен білсем, сіздің ішінізде де противогаздың көзілдірігі бар шығар-ау. Е-еһ, менің шақа балыққа айналып кетпеген аруағым. Көзілдірігіңіз менде қалсын. Бір кеш көз алдыңыз бұлдырай тұрса, дәнеңе етпес. *(Келіншек барып киім-кешек алып келеді).*

Жас келіншек. Мына дүниелерді киіп, су болған киімінізді ауыстырыңыз. Кие тұруға жарап қалар.

Бекман. (Жейде мен шалбарды алып, үстіне жапсыра ұстап, өлшеп көреді). Оһо! Мынау бір алыптың киімі ғой. Киімі мынандай болғанда өзі қандай екен! Кім де болса да сом тұлғалы біреу болды ғой.

Жас келіншек. Ол сом тұлғалы жігіт бір кездегі біздің күйеуіміз болатын.

Бекман. Бұл киімдер күйеуіңіздікі ме еді?

Жас келіншек. Енді қалай деп ойлап едіңіз? Мен ерлер киімін сататын сатушы, не қоймасын ұстаушы деп пе едіңіз? Күйеуімдікі болмағанда, түн ортасында қайдан ала қойды дейсіз? Күйеуімдікі. *(Жігітке қоймастан шинелін шешкізіп, күйеуінің жейде, пенжегін кигізеді).*

Бекман. Ол өзі қайда? Күйеуіңіз?

Жас келіншек. (Мұңды, өкініш аралас ақырын). Мен қайдан білейін?! Аштан қатты ма, үсіп өлді ме, оққа ұшты ма? Белгісіз. Сталинград түбіндегі шайқастан кейін хабарсыз кетті. Міне, үш жылдың жүзі болды. Жоқ.

Бекман. (Сілейіп, аңтарылып тұрып қалған). Сталинград түбінде... Сталинград майданы де... Иә, иә, Сталинград майданында қаншама жазықсыз ғұмыр қыршынынан қиылып, ажал апанына қойдай тоғытылды? Кім үшін, не үшін? Оның бұл жалғанда сұрауы, оны ақтаудың сылтауы бар ма? *(Пауза).* Ақты анықка шығарар күш бар ма? *(Пауза).* Иә, ол қаңқасаптан аман шыққандар ілуде біреу. Олар келіп, шейіт кеткендердің киімін киеді екен? Қандай кереғар дүние! Мынау киімдердің заңды иесі – алып тұлғалы азаматқа, сіздің ерінізге майдан даласынан оралуды маңдайына тәңірі жазбапты. Ал дәм-тұзы таусылмаған

мен пақыр қайтып келіп, оның киімін киіп тұрмын. Бұдан өткен әжуа болар ма? Барып тұрған тағдыр тәлкегі! Мына киімдер иесіне қандай жарасты екен?! Ал, маған қолапайсыз, лайықсыз. Маған арналмаған. Мен бұларды қазір шешіп тастайын. *(Асығыс шешінуге оқталады).* Кие алмайды екенмін. Өзімнің су болған қырыкшоқпытымды іліп алайын үстіме. Мына бөтен киім менің тынысымды тарылтып барады. Бұл киіммен мен әкесінің пенжегін киіп алған сайқымазақ жас балаға көбірек ұқсаймын. Күлкілі! Иә, мен онсыз да зұлмат соғыстан қалған жұрттың үрейін ұшырар сайқымазақ емеспін бе? Жоқ, мен бұл киімдерді кие алмайды екенмін, шешіп тастайын.

Жас келіншек. (Жылы үнмен өкініш аралас). Тынышталшы, адам-балық. Өтінемін, шешпей-ақ қойыңызшы. Біле білсеңіз, сіз – адам-балық маған осы киімдермен жағып тұрсыз. Күйеуімді есіме түсіресіз. Кең болса, қайтер дейсіз? Бір кеш иығыңызға іле тұруға неге жарамасын? Тек шаш қойысыңыз келіспеген. Шашыңызды Ресейден қидырып келген шығарсыз. Көзілдірік, бүгілмейтін тізе, оның үстіне ерсі шаш қойысыңыз бәрі – Ресейдің салған таңбасы. Бәрін бүлдіріп тұрған осы шаш. Мен сізге күледі екен деп ойламаңыз, мылқау балық. Күлкі менің иемді алған? Жүргенде бір жарыққа қарай қисайып, орай басатын бүгілмей қатып қалған аяғыңыз, үрпиген шашыңыз, әкесінің киімін киген баладай солбырайған ұсқынсыз кейіпіңіз күлкілі емес, жан түршіктіретіндей аянышты. Жоқ, мылқау балық, жоқ, мен күлмеймін. Күлкі менің не теңім? Мен еңіреп тұрып жылауға бармын. Қасірет табы тұнған жанарыңызбен үн-түнсіз түнере қарағаныңыз адамның жанын алай-түлей етеді екен. Бірнәрсе деші, мылқау балық. Тіл қатшы. Мына төрт қабырғаға телмірген үнсіздіктен құтқаршы. Мынау жалпақ әлемде жалғыздық, үнсіздік төзімімді тауысып барады. Сөйлесеңші, адам-балық. Бүкіл кеш бойы қақшиып тұрасыз ба? Кел, жақындашы бері таман. Кел, отырыңыз менің қасыма. Жақындасайшы, естисіз бе? Шешпеңіз, шешпеңізші күйеуімнің киімін. Тым құрыса, оның елесін көргендей болайын. Қорықпаңыз, мен сізді жеп қоймаймын, шикі балық. Ақыры, мен бұлдырап көрінеді екенмін, көзіңізді мүлде жұмып алсаңыз да еркіңіз білсін. Тек жақынырақ келіп, құлазыған көңілімді бір нәрсе деп аулаңызшы. Әлде, сіз мына үрейлі тыныштықты сезбейсіз бе? Тыныштық сізді алаңдатпай ма?

Бекман. (Қобалжып). Керісінше, сізге үнсіз қарап тұрудың өзі жаныма шуақ құйғандай. Иә, иә, бейбіт күннің жылы шуағындай мамыражай. Сол шуаққа қарай ұмтылсам, басқан

қадамым кейін кететіндей. Бір тылсым күш мені кеудемнен кері итеретіндей. Мен түк түсіне алмай тұрмын, маған бір нәрсе көрінген болар.

Жас келіншек. (Күліп). Қайдағы жоқты айтпанызшы! Алға, артқа, жоғары, төмен, ойлы-қырлы жүгіріп сіз әбден запыс болған адамсыз. Жылы үйде, жас әйелдің қасында тұрғанынызға сенгіңіз келмейді. Алайда солай, мен қасыңыздамын. Бұл бүгінгі күннің шындығы, күліңіз, шаттаныңыз! Бәлкім, ертең сіз де, мен де балыққа айналып кетерміз. Су түбінде ісіп-кеуіп, былжырап, сұпсуық болып жатармыз. Мұздай суық, тастай мылқау! Ал бүгін жайрандап отырмыз, жүрегіміз бойға ыстық қан таратып, лыпплып соғады. Естіп тұрсыз ба? Бір нәрсе десеңізші мылқау балық. Дәл бүгін менен қашып құтылады екенмін деп ойламаңыз. Білдіңіз бе? Дегенмен, есікті жауып қойған артық болмас. *(Тұрып барып есікті жауып келеді).*

Бекман. Қорықпаныз, ешқайда қашып кетпеспін. Мен мылқау балық та емеспін. Қажет десеңіз – сөйлейін. Есікті жаппайақ қойсаңыз да болар.

Жас келіншек. (Ойнақы, көңілді). Е, бәсе! Сөйлеңізші! Менің мылқау балығыма тіл бітті. Елестен адамға айнала бастады.

Бекман. (бірдемеге алаңдаған). Мені бір нәрсе басып-жаншығандай қысылып барамын. Мен құрдымға құлап кеткендеймін. Тұншығып барамын. Бұл менің көзілдірік кимегенімнен болу керек. Айналам тұман секілді, ешнәрсе көрінбейді. Ауа жетпей тынысым тарылып кетті.

Жас келіншек. (Үрейлі). Сізге не болды? Не болды, айтыңызшы? Түріңіз өзгеріп кетті ғой.

Бекман. (Жан-жағына алақтап қарайды). Мен есімнен адасып барамын, рас! Көзілдірігімді бер. Жылдам. Бұл, бәлкім, көз алдым тұманданғаннан шығар. А-а-а! *(Шошынғандай шалқалап).* Сенің артында біреудің сұлбасы тұрған сияқты. Бағанадан кетпей тұр. Зор денелі. Сенің күйеуіне ұқсайтын сияқты. Түсінесің бе, зор денелі, сенің күйеуің секілді. Бұлай болуы мүмкін емес қой? Мұның бәрі көзілдірігімді кимегенімнің кесірі. Зор денелі жігіттің бір аяғы жоқ. Әне, анық көріне бастады. Жалғыз аяқты, кос балдақты дәу. Естисің бе: тоқ-тоқ, тоқ-тоқ. Бұл балдақтың дыбысы ғой. Сезбейсің бе, ол сенің тура артына жақындап келді. Неғып сен оның демін сезбейсің? Көзілдірігімді қайтаршы. Мұның бәрі көзілдіріксіз, төнірегім қарауытып кеткен соң пайда болған елес шығар. Оны көргім келмейді. Көзілдірігім... Міне, ол саған тіпті тақау, жанаса тұрды ғой.

Келіншек ышқына айқайлап, жүгіре жөнеледі. Есіктің сықырлап ашылып-жабылған дыбысы естіледі. Енді тоқылдаған балдақ дыбысы анық естіліп жақындай түседі.

Бекман. (Сыбырлай). Бұл, бұл сен бе едің?

Жалғыз аяқты жігіт. (Бірқалыпты роботтың үніндей қырылдаған даусыпен). Сен мұнда неғып жүрсің? Ей, сен! Менің киімімді киіп, менің орнымда, менің әйелімнің қасында қайдан жүрсің?

Бекман. (Сілейіп тұрған бойы). Сенің киімің? Сенің орның? Сенің әйелің?

Жалғыз аяқты жігіт. (Бастапқы үнімен сәл қажыңқырай). Иә, тап сені айтамын. Не істеп жүрсің мұнда?

Бекман. (Амалы таусылған адамдай). Кешегі түнде әйелімнің қасындағы еркектен мен де дәл осылай деп сұраған едім. "Менің жейдемді киіп алып, менің төсегімде неғып шалжиып жатырсың?" – деп сұрағанмын. Ол бар болғаны ыығын киқаң еткізді де, маған не дегенін білесің бе? "Не істеп жатырсың дегенің қалай? Адам төсекке жатқанда не істеуші еді?.." – дегені. Мен бұрылып жүре бердім. Жоқ, әуелі бөлменің шамын сөндіріп, есікті тарс жауып, сосын көшеге атып шықтым.

Жалғыз аяқты жігіт. Бері таман, жарыққа келші. Мен сенің жүзінді көрейін. Жақындашы. *(Таңдана).* Бекман!

Бекман. Иә. Бұл менмін Бекман. Бірақ сен мені танымайтын шығар деп ойлап едім.

Жалғыз аяқты жігіт. (Ақырын бірақ жан түршігерлік өкініштен). Әй, Бекман... Бекман... Бекман...

Бекман. (Қатты қынжылыспен). Атама, атама менің бұл атымды. Мен бұдан былай Бекман болмаймын. Тоқтат!

Жалғыз аяқты жігіт. (Жазғырусыз). Бекман, Бекман.

Бекман. (Алақтап, айқайлап). Бұл мен емеспін! Мен бұдан былай Бекман болғым келмейді. Бола алмаймын. *(Жүгіре басып, шығып кетеді).*

Есіктің ашылып жабылған дыбысы естіледі. Дала. Тыныш көшемен әлдекім жүгіріп бара жатқандай.

Біреу. Тоқта! Бекман, тоқта.

Бекман. Бұл кім тағы.

Біреу. Мен. Біреумін ғой.

Бекман. Тағы сен бе едің? Қайтадан келдің бе?

Біреу. Мен әлі осындамын, Бекман. Бағанадан бері осы арада жүрмін, Бекман. *(Бекманның алдын кес-кестеп жүргізбейді).*

Бекман. Саған не керек өзі? Неге өз жайына жүрмейсің? Мені өткізіп жібер.

Біреу. (Оның жолын кес-кестеген қалыпы). Жоқ, Бекман. Бұл жол Эльбаға апарады. Жүр. Ары қарай жүр, көшеге шығамыз.

Бекман. Көшеге қарай жүр дейсің бе? Ол жақта маған орын жоқ қой. Қайда бармақпын? Ол жақта итшіліктен басқа не күтіп тұр? Жұрт сиякты ыстық ас ішіп, аяқ созып дамылдайтын жайым жоқ. Сонда қайда бар дейсің?

Біреу. Жүр, Бекман. Баратын жер табылады.

Бекман.. (Шарасыз, ұнжырғасы түсе). Бұдан былай бұл атты атама. Бекман болғым келмейді. Менің енді атым жоқ. Жалғыз аяқты жігіт жер басып жүргенде менің өмір сүруім қиын. Жаныма тыныштық бермейді. Ол менің кесірімнен – жалғыз аяқ. Оның сондай болып қалу себебі, майданда унтер офицер Бекман деген малғұн кезекті шабуыл алдында "Обер-ефрейтор Бауер, сен күзеттен өлсең де кетуші болма" - деп шегелеп тапсырып кеткен. Бірақ ол бір аяғын оққа беріп, жанын аман алып шығып, мені қуып жетіпті. Енді міне "Бекман", "Бекман", "Бекман" деп балдағын тақылдатып соңымнан қалмайтындай. Атымды атаған сайын "Өлім, өлім", "Лағнет, лағнет", "Жауыз, жауыз" дегендей өшпен-ділікпен жазғыра айтатындай. Ал, сен маған осыдан кейін қалай тұк болмағандай жүре бер дейсің? Мен кеше далада түнедім. Бүгін де көшеде қалдым. Барар жерім, басар тауым жоқ. Барлық есіктер мен үшін тарс жабық. Ауру аяқтың сүйегі сырқырап, жанымды жейді. Бұралған аштықтан ішегім шұрқырайды. Түнгі салқыннан дірдек қағып, қаным да қатып қалатын шығар. Апырмай, тым болмаса, түнде бас сұғып, сәл-пәл тыныс алатын жер болсайшы?! Қайда бармақпын? Қайда жүр дейсің? Жібер, мені жібер. Менің барып, тыныстайтын жерім Эльбаның түбі ғана. Менің орным сонда.

Біреу. Жүр, Бекман. Осы көшені бойлап жүрейік. Бір үлкен кісінің үйіне қонаққа барамыз. Сен оған бәрін-бәрін қайтарасың.

Бекман. Менің тағы кімдерге не қайтаруым керек еді? Әлі қайтармаған қарызым бар ма? Мен әлі біреулерге қарыздар, біреулердің алдында айыпты екенмін ғой. Осыдан кейін сен – Біреу, маған қалай өмір сүр дейсің?! Айтшы...

Біреу. Сен өзінді азаптаған кінәні оған аударасың. Бәрінің жауапкершілігін соған қайтарасың. Соған тастайсың дегенім ғой.

Бекман. Солай ма? Бір үлкен кісінің үйіне барады екенбіз. Жүр, жүр, баста онда. Мен оған жауапкершілікті қайтара аламын ба? Бұл жөн екен. Тым болмаса, бір түн жалғыз аяқтының

тоқылдағынсыз ұйықтап шығар ма едім. Бар кінәні аударуға болады дедің бе? Несі бар, өзім арқалап жүрген бар сұмдықты қайтарып берейін. Қаншама өлі жандардың азабын арқалап нем бар? Апарып берейін! Жүр, жүр, жақсы жерде, жылы үйде тұратын ондай үлкен кісілер көп болар. Біз солардың тек біреуіне барамыз. Оған сыйлыкка не апарсақ екен? Ол өте сыйлы, атақты, үнемі жақсылардың сапында жүретін, ғұмыр бойы өз міндетін мінсіз атқарған лауазым иесі ғой. Міндет болғанда қандай? Сұрапыл міндет, қатерлі борыш, қауіпті іс. Барып тұрған масқара міндет! Қарғыс аткан абыройсыз іс. Жүр, жүр барайық.

Үшінші көрініс

Бөлменің іші. Есіктің сықырлай ашылып жабылған дыбысы естіледі. Полковниктің отбасы дастарқан басында отыр. Бекман кіреді.

Бекман. Асыныз дәмді болсын, полковник мырза!

Полковник. (Асты шайнаңдаған қалпы). Не дейсің?

Бекман. Асыныз дәмді болсын деймін, полковник мырза?

Полковник. Менің кешкі асымның үстіне баса-көктеп кіретіндей сіз кім едіңіз? Немене, дүние соншама өртеніп бара жатыр ма? Шыдай тұруға болмай ма?

Бекман. Жоқ. Болмайды. Мен бүгін суға кетіп өлемін бе, жоқ па соны анықтап алуым керек. Ал егер суға кетпей, тірі калсам, онда маған калайда, әйтеуір тамактан өтерлік бірдеңелер ішіп-жеп, ішегімнің шұрылдағанын басып, ал түнде бір жерге түнеп шығу керек болар. Мен соның амалын таппай сізге келіп тұрмын. Басқа ештеңе де емес. Соның жөнін білгім келіп еді.

Полковник. Беу, шіркін! Соны да жігіт басыңызбен сөз деп айтып тұрсыз ба? Солдатпын дейді тағы.

Бекман. Жоқ, полковник мырза.

Күйеубаласы. Жоғы калай? Әскери киіммен жүрген жоқсыз ба?

Бекман. (Амалы таусылған шарасыз адамдай бірқалыпты өкініштi дауыспен). Иә, алты жыл солдат болғаным рас. Бірақ, он жыл пошта таратушының киімін киіп жүргенмен адам одан өмірбақи пошта таратушы болып кетпейді ғой деп ойлаймын. Мен де солай.

Қызы. Әке, әкетай, сұраңызшы одан, бізден не керек екен өзіне. Менің табағыма сұғынып, көз айырмай тұрғаны ұнамайды маған.

Бекман. (Жылы шыраймен). Сырттан қарағанда сіздің терезенізде керемет жылылық бар еді. Соған қарап тұрып менің не сезінгенімді білсеңіз ғой! Оның іші, шіркін, жанға қандай жайлы екен деп ойладым. Түнде далада дірдек қағып тұрған адамның осындай жарық терезелерден жылылықты көретінін сіз білсеңіз етті, бірақ білмейсіз-ау, фрау.

Әйелі. (Жақтырмай тыжырына). Әкесі, оған ана сұрықсыз көзілдірікті шешіп таста деші. Әйтпесе, оған қараған сайын менің аза бойым қаза болып барады, жағымсыз әсер етеді екен.

Полковник. Сүйіктім оған бола абыржудың қажеті жоқ. Ол противогазға арналған көзілдірік. Оны, бір мың тоғыз жүз отыз төртінші жылы көздері нашар көретін солдаттарға арнап, противогаздың сыртынан кию үшін вермахтағылардың ойлап тапқаны. Сіз, оны лақтырып тастамай неге әлі тағып жүрсіз? Соғыс бітті ғой.

Бекман. Иә-иә. Соғыс бітті деп сіздер айтасыздар ғой. Мен үшін әлі жалғасуда. Сондықтан бұл маған өте-мөте қажет мүлік. Көзілдіріксіз көз алдымның бәрі бұлдырап, тұманданып, буалдыр тартып жүре береді, ештеңені көре алмаймын. Мұны кисем, киындағыны көзім шалады. Қазір, міне осы жерден-ақ сіздің үстелдің үстінде не барын анық көріп тұрмын.

Полковник. (Оның сөзін бөліп). Құдай тілеуіңізді берсін, шашыңызды адам көргісіздей етіп қайда қиғызып жүрсіз, айтыңызшы? Әлде отырып келгеннен саусыз ба? Бірденені бүлдіргенсіз ғой, ә? Ұялмай-ақ кой, біреудің коймасына кол салдыңыз ба екен, айта беріңіз. Иә, солай болар.

Бекман. Тура солай, полковник мырза. Біреудің егініне түскеніміз рас. Сталинград түбінде кірдік, полковник мырза. Шабуылымыз сәтсіз болды, сазайымызды тарттық. Үш жылда үш жүз мың жігітімізді жер жастандырдық. Ал біздің капитанымыз әскери киімін жай киімге ауыстырып, уылдырық жеп отырды. Үш жыл солай, аузынан ақ май арылмады. Жер жастанғандардың аузы-мұрындарына топырақ толып жатты. Тірі қалғандарымыз қайнаған қара су ұрттап жүрдік. Капитанымыз бәріміз үшін уылдырық жеді. Үш жыл бойы солай. Біздің шашымызды да алатын солар. Қалай алғылары келеді, солай алады. Олармен дауласып жатқан ешкім жоқ. Дегенмен, басынан айрылғандар бақыттырақ еді. Олар мына кісі күлерлік шашы бар басты аркалап жүрмейді. Ішегі шұрқырап, аштық азабын тартпайды.

Күйеубаласы. (Зығырданы қайнап). Әке, мынау сізге калай-калай сөйлейді? Соған шыдап, сөйлетіп қойып қарап отырсыз ба, әлде сізге ұнап тұр ма?

Полковник. Менің жас достым, сіз бояуды тым қалыңдатып жібердіңіз. Сіз бен біз неміс емеспіз бе? Ендеше өзімізді немістердің ізгі шындығына лайық ұстайық. Немістің атақты ақылман ойшылы Клаузевиц: "Кім де кім шындықты ту етіп жоғары ұстаса, сол сапта бәрінен артық", - деген жоқ па еді?

Бекман. Нақ солай, полковник мырза! Тамаша айтылған сөз, полковник мырза. Мен шындық жағындамын. Оны бар болмысым-мен жатпай-тұрмай қорғауға бармын. Сіз бен біз неміспіз. Шындық сіз бен бізге ортақ. Солай емес пе? Оның жемісі де, ендеше, ортақ қой. Соған келісесіз бе?

Полковник. Солай-ақ болсын делік.

Бекман. Олай болса, сіз бен біз тендей тойып тамақ ішуге құқылымыз. Иә, полковник мырза, әбден лықа тойғанымызша ішеді екенбіз. Сіз бен біз үстімізге таза жейде, түймелері жылтыраған, жыртық-тесіксіз су жаңа костюм-шалбар киеміз. Оған сіз бен біздің толық құқымыз бар. Сондай-ақ сіз бен бізде келісті үй де бар. Ары қарай, полковник мырза, сол үйдің пешіне от жағамыз. Үй болған соң оның пеші болары сөзсіз ғой. Ағаш отын тұтанып, тырс-тырс дыбыс шығара маздап жанып, үйге керемет көңілділік береді. Пештің аузынан, айтары жоқ, ғажап қызғылт сәуле төгіліп, үйді жылы шуаққа бөлейтіндей. Сіз бен біз шәйнекке су құйып пештің үстіне коямыз. Бізге арақты жылытпалауға қайнаған ыстық су керек емес пе? Сосын терезе пердесін түсіріп, жұмсақ креслоға тізе бүгеміз. Сіз бен біздің ондай жұмсақ кресломыз да бар ғой. Қасымыздағы сүйікімді жұбайымыздың әдемі әтірінің жұпарын жұтып ұзақ отырамыз. Қанның иісі емес, әйелдің жұпар иісі екені рас қой, полковник мырза, қанның иісі қандай болатынын сіз бен біз, полковник мырза, жақсы білеміз емес пе? Сіз бен біздің көнілімізде түкпірінде тағы бір қуаныш бар. Соны тағатсыздана, елегзи күтеміз. Ол жар төсегінің қуанышы. Екеуміздің де төсегіміз бары рас қой. Сіз бен біз үшін ол жатар бөлменің төрінде салулы тұр, аппақ, жып-жылы, жұп-жұмсақ. Сіз бен біз шындықты жоғары ұстаймыз, полковник мырза. Бұл сіз бен біздің аңсаған ізгілікті неміс шындығы емес пе? Ол сізге де, маған да ортақ.

Қызы. Әке, мынау есінен ауысқан адам ғой.

Күйеубаласы. Ішіп алған адам ғой, мас кісі не демейді.

Әйелі. Әкесі, тындап отыра бересің бе? Тоқтатсаншы мынаның сандырағын. Осының өзінен де, сөзінен де денем түршігіп барады.

Полковник. (Ашу-ызасыз). Мен сіздің жай-жапсарынызды ұғып қалғандаймын. Сіз бірнеше жылға созылған соғыс азабынан

ақылынан адасып, тіршілік туралы түсінігі шатасып кеткендердің бірі екенсіз-ау. Иә, ондай-ондайлар болған. Сіз неге офицер атағын алмағансыз? Офицер болсаныз, онда сізге басқа ортаға кіріп, жоғарғы лауазымның адамына айналуға мүмкіндік туар еді. Жағдайыныз дұрысталар еді. Осыған дейін сіздің де парасатты жұбайыныз, жайлы үйіңіз де болуы мүмкін еді. Бәлкім, өзіңіз де басқа адамға айналар ма едіңіз?! Сіз неге офицер болмағансыз?

Бекман. Менің даусым өте әлсіз, полковник мырза. Өте ақырын шығады. Бұйрық бере алмаймын. Ол үшін зор дауыс керек қой.

Полковник. Міне, көрдіңіз бе, бар гәп осында. Өзіңіз аузынан сөзі, қолынан бөзі түскен болжыраған жуас боларсыз. Шынын айтсам, өмір аяусыз илеп, содан пінін түсіп, қажып қалған адамның бірі сіз бе деймін.

Бекман. Тура таптыныз, полковник мырза. Тек қана солай. Менің аздап жуастығым да, тауымның шағылғаны да, ұрылып-соғылғаным да рас. Мен содан шаршадым, полковник мырза. Иә, шаршадым, шаршадым, шаршадым! Мен содан ұйықтай алмайтын болғанмын, полковник мырза. Сол себепті мен осындамын, сол себепті мен сізге келіп тұрмын, полковник мырза, мен білемін – сіз, тек сіз ғана көмектесе аласыз маған. Сайып келгенде, мен алаңсыз ұйықтасам деп едім! Басқа ештеме де керек емес. Тек ұйқымды қандырсам! Тыныш ұйқы! Тұяқ серіппей, қалың ұйқыға кетсем!

Әйелі. Әкесі, қасымнан кетпеші. Мен мынадан қорқайын дедім. Бойым қалтырап барады.

Қызы. Қайдағы жоқты айтпашы, апатай. Ол соғыстан аздап есі ауысып қайтқан адам. Ондайлар мүлде қауіпсіз, ешкімге зияны тимейді.

Күйеу баласы. Мен бұның біздің үстімізге баса-көктеп кіргенін барып тұрған бейбастақтық деп санаймын. Сіз олай деп ойламайсыз ба?

Полковник. (Ойланған кейіпте). Сендер араласпаңдар, балаларым менің. Мен әскерде жүргенде мұнан да зорларын көргенмін.

Әйелі. Құдайым-ау, мынауың тікесінен тік тұрып ұйықтап кетіпті. Сұмдық қой.

Полковник. (Жаны ашыған адамдай). Бұндайлармен абайлап, сақтықпен сөйлескен жөн. Сендер араласпасаңдар – бәрі де дұрыс болады.

Бекман. (Ұйқылы-ояу даусыпен) Полковник мырза?

Полковник. Сонымен саған не керек өзі?

Бекман. (Ұйқылы-ояу алыстан тіл қатқандай). Полковник мырза?

Полковник. Естіп отырмын, естіп отырмын, айта бер.

Бекман. (Ұйқылы-ояу, түс әлемінде тұрғандай қиялға беріле сөйлей бастайды). Сіз естіп отырсыз ба, полковник мырза? Естігеніңіз жақсы болды. Егер сіз естіп отырсаңыз, полковник мырза, мен сізге өзімнің көрген түсімді айтайыншы. Мен ол түсті күнде түнде көремін. Түс көріп жатамын да біреудің қатты айқайынан оянып кетемін. Ол айқайлайтынның кім екенін білесіз ғой?

Полковник. Сөйтсек, ол айқайлайтын кім екен?

Бекман. Мен өзім, полковник мырза, мен өзім. Былай қараса, тұк те емес сияқты, полковник мырза, рас па? Ал мен осыдан кейін көз іліндіре алмаймын. Түні бойы кірпік ілмеймін, полковник мырза. Енді өзіңіз ойланызшы, полковник мырза, түні бойы кірпік қақпай шығу оңай дейсіз бе? Мен содан қажып қалжырадым, полковник мырза. Әбден діңкелеген жайым бар.

Әйелі. Әкесі, қасымнан кетпеші. Мен қалтырап тоңып барамын.

Полковник. (Әйелінің сөзіне назар аудармастан әңгімеге құлық қойған кісіше). Сол түсіңізден оянып кетесіз ғой, солай емес пе?

Бекман. Жоқ, айқайдан оянамын. Түсімнен емес, айқайдан оянамын деп тұрмын ғой.

Полковник. (Әсерленген кісіше). Меніңше, сізді айқайлауға көрген түсіңіз мәжбүр етеді. Солай шығар.

Бекман. Сіз көз алдыңызға елестете аласыз ба? Мені айқайлауға мәжбүрлейтін сол түс. Иә, сол. Бұл сұмдық қорқынышты, үрейді ұшыратын түс, мен оны сізге айтуым керек. Қазір мен айтайын сізге. Сіз мені шынымен тыңдап отырсыз ба, полковник мырза? Тыңдап отырсаңыз ғана айтамын.

Полковник. (Ас жеген қалпы). Әлбетте, айта бер, көгершінім.

Бекман. Түсімде бір адам ксилофонда ойнап тұр екен деймін. Әлгі жын қаққандай безектетіп тез ойнайтындай көрінеді. Өзі сондай семіз екен деймін. Оның жылдам ойнағаны сондай боршаборшасы шығып, ақ тер-көк тер болып терлей бастады. Ксилофоны керемет алып екен деймін. Ксилофоны орасан зор болған соң әлгі семіз оның алды-артына шығып, олай-бұлай жүгіріп жүріп ойнауда. Іркілдеген семіз болған соң терлемегенде қайтсін?! Терлейді. Ең сұрапылы – әлеметтей терлегенде одан

шып-шып тер шықпайды. Тердің орнына буы бұркырап көбік аралас қап-қара қан шығады екен деймін. Әлгі қанды көбік шалбарының екі жақ қырынан жалпақ жолақ тастап жерге аға бастайды. Алыстан қарағанда генералдың шалбарына ұқсап шыға келді. Әлгі семіз де лезде генералға айналып жүре берді. Семіз, қанды генерал! Тура генерал! Бұл да соғыстан оралған, ыстық-суықты көп көрген ыскаяқ генерал екен деймін. Екі қолы шынтағынан жоқ. Ол ксилофонда, қол гранатының темір шығыршық орнатылған ағаш сабына ұқсас, жіңішке екі жасанды қолымен ойнап тұр екен деймін. Жасанды қолы бар генерал маған ерекше музыкант болып көрінеді. Оның ксилофоны да өзгеше алып, ал оның таяқша балғашалары ағаштан жасалмаған еді. Сіз, маған сенінізші, полковник мырза. Ол таяқ балғашалар адамның сүйегінен жасалған болатын. Шын айтамын, сенінізші маған, полковник мырза. Адамның жілігінен жасалған. Генерал сонымен ойнап тұр еді.

Полковник. (Ақырын). Неге сенбейін, сенемін. Балғашалардың сүйектен жасалғанына сенемін. Толық сенемін.

Бекман. (Түстің әсерінен арыла алмаған қалпы транста даусы бірқалыпты алыстан үрейлі шыққандай). Балғашалар ағаштан емес, білесіз бе, адамның сүйегінен жасалған. Ақ жоңқа, қуарған ку сүйек. Арасында адамның бас сүйегі, жауырыны, жамбасы, ұршығы, жіліншігі, бақайшағы бәрі бар. Кең тынысты жоғары зор үндерді шығару үшін қол-аяқтың сом жіліктерінен жасалған балғалар орнатылған. Ал қабырғаларды айтпайсыз ба, саудырап жүздеп, мыңдап самсап тұр-ау, самсап тұр. Ең нәзік әуен үшін ксилофонның төменірек тұсына саусақ сүйектері, ал ең төменгі жағына адамның тістері орналастырылған. Міне, полковник мырза, генералдың лампасты шалбарын киген семіз музыкант қандай жұмбақ, одағай ксилофонда ойнап тұр. Әрі ерсі, әрі күлкілі емес пе? Шолақ қол генерал музыкант...

Полковник. (Батылсыздау). Иә, күлкілі екен. Өте күлкілі көрініс.

Бекман. Полковник мырза, міне, бар машақат осы арадан басталады. Түстің қызығына енді келдік. Тыңдаңыз! Адамдардың саудыраған сүйегінен жасалған орасан алып ксилофонның алдында тұрған генерал өзінің жасанды қолдарымен аспапты ұрғылап, марш ойнай бастайды. "Пруссия жасасын", "Баденвейлер маршы" секілді әндер ойналады. Ол, әсіресе "Гладиаторлар шеруін", "Ежелгі жауынгер достар" әнін бәрінен жиірек ойнайды. Бұл әндерді сіз де білетін боларсыз, полковник мырза? *(Өзі ыңылдап айта бастайды).*

Полковник. "Ежелгі жауынгер достар". Әрине! Әрине, білемін, білгенде қандай! *(Ол да қосылады).*

Бекман. (Әнін үзіп қобалжыған даусыпен). Осыдан кейін олар бас көтеріп, орындарынан тұра бастайды.

Полковник. (Аңтарыла қарап). Кімдер? Кімдер орындарынан тұра бастайды?

Бекман. Аруақтар! Алып ксилофонда генерал ойнаған әскери әндердегі міскіндер. Гладиаторлар, ежелгі жауынгер достар... Олар да бір кездері сіз бен біздей адамдар еді ғой. Енді аруаққа айналған. Бауырластар зиратынан үздік-создык тұрып жатыр, тұрып жатыр. Олардың ыңырсыған, күңіренген үндері мен қан сасыған, шіріген, мүңкіген иістері аспан астын толтырып, ақ боз айға дейін жеткендей. Түннің сасық болатыны осыдан. Мысықтың қоясынан да сорақы, өткір. Олардың ақ кебіндеріндегі қатқан қан алаудай айқын көрінеді. Мұндай түндерді дем алу мүмкін емес қой. Біз аузы-мұрнымызды тұмшалаймыз, не араққа бас қоямыз. Одан құтқарса, тек арақ құтқаратын шығар, полковник мырза. Кебіндеріне қан қатқан өліктер қабірден үйме-жүйме түрегелгенде, айтып тұрмын ғой, полковник мырза, бүкіл аспан асты ақ боз айға дейін олардың сасыған-борсыған иістеріне толып кетеді екен деймін. Гладиаторлардың аруақтары сап түзеп, шеру тартып барады деймін.

Қызы. Сендер осынын мылжыңын тыңдап отыра бересіндер ме? Мынау нағыз жындының сөзі ғой. Айды аппақ дейді. Оны қашан көрген екен? Бұның айы ақ боз екен ғой. Айдың түсі ақ? Ха-ха-ха!

Полковник. (Есін жинап алған). Сандырақ. Ай, әрине сары, әрқашан сары болған. Ол қазанға қарып пісірген қатырма нандай. Жарған жұмыртқаның дөңгеленіп куырылған сарысындай қашанда сап-сары ғой. Оған дау жоқ.

Бекман. Ah, полковник мырза, қалай түсіндірсем екен? Аруақтар бас көтеріп, шеруге шыққан түні ай да қан-сөлінен айрылғандай боп-боз болып, ку сүйектей куарып тұрады. Неге дейсіз бе? Сонда ол екі қабат болып қалып, суға ағып өлген қыздың ішіне көбірек ұқсайды. Айдың дөңгелене бозарған аппақ кудай жүзінде ауру табы анық білінеді. Япырай, полковник мырза, сіз аруақтар қабірден бас көтеріп, шеруге шығатын түні аспан асты олардың ыңырсыған, ыңыранған, жалбарынған үндеріне толатынын естімеген, қан сасып кететінін білмеген екенсіз-ау?! Ол үндермен қоса күлімсі иіс айға дейін жетеді ғой. Ай соны көріп тұрып, бір ағарып, біз бозарып, ауырып калады. Қан? Қанды айтпайсыз ба!

Оларды кезінде кім жуып, кім ақ жауып арулап көмді дейсіз? Жейделері, мундирлері канға боялған, жараларын таңған шүберектері шіріп алба-жұлбасы шыққан аруақтар әр жерлерден келе бастайды: бауырластар зиратынан, мұхиттардың түбінен, иен даладан, жол бойынан, ағаш арасынан, батпақтан, үйінді астынан шыға береді, шыға береді. Таусылар емес. Өндері суықтан, аштықтан қарайып, көгеріп кеткен аруақтар, қайсыбіреулері шіріген, борсыған, ісінген, иістенген. Арасында қандайлары жоқ дейсіз? Көздері аққан, тістері түскен, аяқ-қолдары оққа ұшқандар, қарны жарылып, ішектері шұбатылғандар, бастары жарылғандар, кеудесін оқ тескендер, бастары шабылғандар, кеудесінен кесілгендер, небір өрендер бар арасында. Бүгінде қан сасыған мүрдеге айналған. Олар ағын судай көшені толтыра жосылып келеді. Олардың санына жету мүмкін еместей, олардың қиналған, күңіренген дауыстары мен шеккен азаптарын ауызбен айтып жеткізуге келместей. Толассыз мүрделер таскыны қабір қабырғаларынан асып-төгіліп, бір-біріне шырматыла жабысып, оратылып, қан сасып, кең жайылып ағып келеді, ағып келеді екен деймін. Сол уақытта қанды лампасы бар музыкант генерал пайда бола кетеді де маған: "Унтер-офицер Бекман мырза! Барлық жауапкершілік сізге жүктеледі. Мыналарға есеп айырысуға бұйырыңыз", – дейді. Міне, содан кейін бар жауапкершілігіммен мен арса-арса ырсиған, шабылған, кесілген қу сүйек миллиондаған аруақтардың алдында тұрамын: "Есеп айырысындар", – деп бұйырамын. Бірақ менің кешегі жауынгер ағайындарым есептесуге асығар емес. Олар жақтарын сақ-сақ еткізеді. Шамасы бұл "жоқ" дегендері. Генерал маған: "Оларды елу рет отырып-тұрғызыңыз" деп бұйырады. Шіріп қаусаған қаңқа сүйектер сықырлап, өкпелері ысылдап отырып-тұрған болады, бірақ есеп айырыспайды! Бұл енді бүлікшілік емес деңізші, полковник мырза, барып тұрған бүлікшілік қой.

Полковник. (Сыбырлай). Иә, бұл ашық бүліктің өзі.

Бекман. Олардың есеп айырыспағаны өз алдына, оны қоя тұралық. Олардың әр тараптан келгендері бас біріктіріп, топтасып, қауымдасып хор құрай бастайды да барлығы бірігіп хормен күндей күркіреген қаһарлы, ашу-ызалы үндер шығарып, айқайлап, өкіріп-бақырып азан-қазан шулап жылайды, полковник мырза. Сонда олардың не дейтінін білесіз бе?

Полковник. (Сыбырлай). Жоқ, білген емеспін.

Бекман. Білмейсіз! Олар "Бекман" деп зар еніреді. "Унтер-офицер Бекман!", "Унтер-офицер Бекман!" деп зарлағанда, сай-

сүйегіңіз сыркырайды. Бір толассыз, "Унтер-офицер Бекман!" – деген үн жаңғырығы жақындай береді. Жақындаған сайын күшейе түседі. Тап бір жаратушы хақ тағаланың айыптау үніндей қатал, жат, суық. Азалы үн жақындай береді, жақындаған сайын зорайып мені тықсыра бастағандай. Күшейіп мені жапырып, тұншықтыра жөнеледі. Сонда мен бар әл-дәрменіммен айқайлап, қорғануға тырысамын. Жаңағы хордың зарлаған, күңіренген азалы даусы мені жаншып, үмітімді өшіріп тастамай тұрғанда шамамның келгенінше қатты айқайлаймын. Хордың төбе құйқаңды шымырлатар әлемет үнін басу үшін маған алапат айқай салуға тура келеді. Өз даусымнан өзім шошып оянып кетемін. Қайтып көз іліндіре алмаймын. Күнде көретін мехнатым осы! Күнде түнде көретінім – сүйектен тұратын ксилофонның концерті, бауырластар зиратынан бас көтеріп түрегелетін мүрделер, күнде түнде еститінім – аруақтардан құралған хордың адамның жанын түршіктіріп, аза бойын каза ететін зарлары, оны естімеу үшін өзімнің даусымның жеткенінше шығатын айқайым. Күнде түн құрғатпай қайталанып келеді. Бір күн тыныш ұйықтай алсамшы. Полковник мырза, мен барлық жауапкершілік маған жүктелгендіктен ұйықтай алмаймын ғой деймін. Барлық жауапкершілікті арқалап жүру қиын екен.

Иә, иә. Барлығы маған жүктеліп еді ғой, есінізде бар ма, полковник мырза. Жоқ болса, есінізге түсірейін, мен сол үшін сізге келіп тұрмын, полковник мырза. Мені жан азабынан құтқаратын сіз ғана, оны біліп қойыңыз! Мен де бір пенде болып, емін-еркін ұйықтайыншы. Сондықтан өзінізге келгенім, менің алаңсыз ұйықтасам деген тілегім бар. Менің де ұйықтайтын кезім болған шығар.

Полковник. Түсінбедім. Сонда менен сізге не керек өзі? Турасын айтшы.

Бекман. Мен өзінізге қайтарып берейін деп едім.

Полковник. Нені? Нені маған қайтарып бермексіз сонда?

Бекман. (Баладай бейкүнә аңғалдықпен). Жауапкершілікті. Мен сізге соны қайтадан алып келіп едім. Полковник мырза, сіз ұмытып кеткенсіз бе? Горький қаласының түбіндегі жағдай ше? Қырық екі градус аяз болатын. Есінізге түсті ме, сол күні біздің бөлім орналасқан шепке келіп едініз ғой, полковник мырза, содан мені шақырып: "Унтер-офицер Бекман", – дегенініз. "Мен мұндамын!", – деп, тақ ете қалғанмын мен сізге қарап сонда. Сол уақытта сіздің демінізден шыққан будақ-будақ бу дөңгелене, ширатыла будақтай елтіріден тігілген жағанызға қонақтап, аппақ қырауға, одан мұз моншақтарға айналып жатты. Өйткені қырық екі градус аяз болатын дедім ғой. Мен ол суретті тап қазір де көріп

тұрғандаймын, неге десеңіз, сіздің елтірі жағаңыз өте сәнді, әрі өзінізге катты жарасатын.

Полковник. Рахмет! Соны айтайын деп келіп пе едініз?

Бекман. (Аңғал кейіпте). Жоқ, полковник мырза. Тыңданызшы. Сонда сіз: "Унтер-офицер Бекман, жиырма адамынмен каланың шығыс капталындағы орман ішін шолып, барлау жасайсыздар. Қайтарларыңызда "тіл" алып келуге тырысыңыздар. Осы жиырма адамның жауапкершілігі сізде, түсінікті ме", – деген болатынсыз. "Нақ солай, полковник мырза, бұйрығыңыз орындалады", – деп, мен өкшемді окшеме соғып, калт тұра калғанмын. Мен осылай мойныма жиырма жанның жауапкершілігін аркалап, түн ішінде жауынгерлеріммен кеттім. Түнімен орманды түгел сүзіп шыктық, таң алдында жасак отрядка тап келдік, атыс басталды. Біз шегініп, өз шебімізге оралуға мәжбүр болдық. Бөлімге кайтып келгенімізге бірге шыккан жиырманың он бірі катарымызда жок еді. Олар сол түні орманда опат болып, жер жастанды. Біз олардың жүздерін жасырып, жауып та кете алмадық. Ал мен олар үшін жауапты едім ғой. Ол жауапкершілікті маған сіз жүктеген болатынсыз, полковник мырза. Міне, бар болғаны осы, полковник мырза. Міне, соғыс та бітті, енді менің емін-еркін алансыз бір ұйықтағым келеді, полковник мырза, сол үшін жауапкершілікті өзінізге қайтарамын, оның маған енді түкке де керегі жок. Мен оны, міне, өзінізге кері қайтардым, полковник мырза.

Полковник. Бірак, сіз қымбаттым, боска капаланасыз. Ол бір жай айтыла салған сөз емес пе? Онда тұрған не бар? *(Көлгірсіп, өтірік күлген болады).*

Бекман. (Таңданыспен, әрі қатты абыржып). Не дедініз, полковник мырза? Бұл қалай болғаны? Дегенмен, полковник мырза, аныктап айтыңызшы. "Ол бір жай айтыла салған сөз", – дейсіз бе? Сонда ол сөздің еш жауапкершілігі болмағаны ма? Қалайша, жауапсыз айтыла салған сөз? Сіздің сол бір ауыз сөзіңізден кейін мен ол адамдарды өлімге бастап бардым емес пе? Сіздің сол бір ауыз сөзіңізден кейін олар тайсалмастан менімен бірге еріп жүрді. Әлде ол бұйрыкты орындамауымызға да болатын ба еді? Айтыңызшы, полковник мырза!

Полковник. Соғыс жағдайында бұйрыкты орындамау – кылмыс. Мен, әлгі "жауапкершілігі сізде" деген жай айтылған сөз еді дегенім ғой. Оған соншалыкты мән берудің кажеті бар ма?

Бекман. Сіздің жай айта салған сөзіңізге бола олардың ажал аранына боска бас тіккендері ме? Шамасы, солай шығар. Накактан құрбан болғандар! Ал, оның обал-сауабы бар емес пе, полковник

мырза? Ол кімнен сұралады? Ол өлгендердің жауапкершілігі қайда? Әлде бәрін соғыстың ойранына жаба саламыз ба? Әлде бар жауапкершілікті, қапияда көз жұмғандары үшін өлілердің өздеріне немесе құдайға артып қоймақпыз ба? Ал тірілер оның жауабын білгісі келеді. "Біздің боздақтарымыз неліктен оққа ұшты, неліктен қыршынынан қиылды?" – деп, күнде түнде менен сұрайды олар, полковник мырза. Мен көз іліндіре алмай жатқан түнде олардың туыс-туғандары жан-жақтан қаптайды ғой. Сонда мен, полковник мырза, қайғыдан жүздері сарғайып сарытап болған, көздерінің нұры сөнген кілең қаралы әйелдерді көремін. Ақ шашты қарт аналар ауыр жұмыстан тарам-тарам жарылған, буындары шодырайып, тамырлары білеуленіп, адырайған қолдарын созып келе жатады. Қамкөңіл жас әйелдер тұнжыр жанарларымен кінәлай, қарғыс ата қарайды. Ал балаларды ше, полковник мырза? Балаларды мен топ-тобымен көремін, олар үпір-шүпір көп-ақ. Қараңғыда бәрі маған жан-жақтан анталап, жамырай сұрақты жаудырады: "Унтер-офицер Бекман, менің әкем қайда, ол келе ме?", "Унтер-офицер Бекман, менің жан жарым қайда?", "Унтер-офицер Бекман, менің жалғыз қарғам қайда, қайда қалды?", "Унтер-офицер Бекман, менің бауырым қайда?", "Унтер-офицер Бекман, менің уәде берген жігітім қайда? Ол маған "Өлмеймін, қайтсем де келемін" – деп уәде берген. Ол қайда?", "Унтер-офицер Бекман, менің арқа сүйер ағатайым қайда? Келе ме?", "Унтер-офицер Бекман, менің асылым, ардағым қайда, неге хабар-ошарсыз кетті?", "Унтер-офицер Бекман", "Унтер-офицер Бекман", "Қайда?" "Қашан келеді?", "Қайда жүр?" – деп таң атқанша жан-жақтан сұрақтың астына алады. Мен жауап таппаймын ғой, полковник мырза. Маған күнде түнде он бір әйел келіп жан алқымнан алатынын, сіз, полковник мырза, білсеңіз етті. Тек он бір. Ал сізге ше, полковник мырза? Түнде сізге қанша әйел келеді? Мың? Екі мың? Әлде одан да көп пе?

Полковник. Көгершінім, бұл қалжыныңды тоқтат. "Түнде қанша әйел келеді?" - дегенің не? Менде бір-ақ әйел бар. Ол, міне, менің қасымда отыр. Одан басқа әйелді көрген де, білген де емеспін. *(Мекерленіп, лекітіп күлген болады).*

Бекман. Ұйқыныз тыныш екен, полковник мырза!

Полковник. Құдайға шүкір! Әзірге ұйқы турасында ешкімге шағынар жайым жоқ. Басым жастыққа тисе болса, қор ете түсемін.

Бекман. Ендеше бұныныз жақсы екен, ұйқыныздың қатты болғаны ғой. Онда сіз үшін он бір әйел деген не, тәйірі, оларды да қосып берсем қайтеді? Сіз болса да мыңдаған әйелдің түнгі елесіне селт етпестен, тұяқ серіппей ұйқы соға береді екенсіз.

Мыңдардың арасында он бір әйелдің көбі не, азы не? Ұйқым тыныш дедіңіз ғой жаңа! Солай емес пе, полковник мырза? Түнде бір сәт қана машақатсыз, аруақтардың, қаралы әйелдердің елесінсіз, айқайламай көз іліндірген адамның арманы бар ма екен, полковник мырза? Сіздің ұйқыңыздың тыныш болғаны қандай жақсы! Ал мен пақыр түн баласы көз ілмеймін. Құдай үшін, полковник мырза, менің мойнымa арткан жауапкершілігіңізді кейін қайтарып алыңызшы, тәнір жарылқасын сізді! Ол сізге түкке тұрмайтын дүние ғой. Ал мен он бір әйелдің азабынан құтылайын, сөйтіп мен де бір алансыз ұйықтайыншы. Полковник мырза, менің де жаным тыншысыншы. Жан тыныштығынан артық не бар, полковник мырза?! Тәнірі маған да жан тыныштығын берер ме екен? Жауапкершілікті өзіңізге қайтарып, он бір боздақтың обалынан арылып, олардың қаралы әйелдерінің елесінен құтылып, жаным тынышталсыншы, полковник мырза! Сосын, бәлкім, ұйықтар ма екенмін? О, тәнірі!

Полковник. (Тынысы тарылып, демі біткен қалған кісідей. Бірақ онысын білдірмеуге тырысып, күлкіге жеңілдірмекші. Ақ көңілімен күлуге тырысады, бірақ онысы жасанды шығады. Даусы да сенімсіздеу). Жас жігіт, а, жас жігіт! Мен сіздің не айтқыңыз келгенін түсінбедім, ештеңе ұға алмай отырмын. Сіз әлде жасырын пацифистік ұйымның агенті ме едіңіз? Олай болса, мені бопсалаудың қажеті жоқ. Соғыс – менің ойлап тапқан нәрсем емес. Бірақ не деуге болады... *(Ол абыржи, қысылғандай екіұштылау күле бастайды. Өзінің астамсыған прусстік тегіне тартып, күлкісі біртіндеп батылданып, еркін, менменси қатты шығады).* Көгершінім менің, ah, көгершінім. Сіз өзі қандай адам едіңіз? Бұл жастарды қойсаншы... Мен білсем, сіз айлакер сайқымазақтың нақ өзі боларсыз. Ойдан-қырдан жинап, қырық өтірік құрастырып, жұрттың басын қатыратын алдампазсыз-ау. Нағыз сайқымазақ, ку тілді әзілкеш екенсіз өзі сіз. *(Тағы күле бастайды).* Жарайсыз, жігітім, жарайсыз! Сіз өтірік әңгімеге керемет епті екенсіз! Әсіресе, алып ксилофон мен қан лампасты генерал туралы түсініздің өзі неге тұрады! Сіз білесіз бе? *(Тағы да тәкаппарсы, менмендікпен күледі).* Мұндай өнеріңізбен сіз жерде қалмайсыз... Мен айтайын, сізге, бұндай әжуа әңгімелерінізбен сахнаға шығу ғана жетіспей тұр. Иә, иә, сахнаға шыққаныңыз оңды. Талант жерде қалмағаны жөн.

(Полковник табиғаты қасаң, басынан бақайшағына дейін әскери тәртіпке бағынған, тәртіп сүйегіне әбден сіңген, түйсігі дағал солдат болатын. Бекманның көрген түсі жайлы айтқанын сықақ, әжуа әңгіме деп қабылдаған түрі бар). Мына сиыксыз

көзілдірікті, кірпікшешеннің тікенегіндей үрпиген шашты айтсаңызшы?! Әнгіменізді тек сазбен әрлеу ғана жетіспей тұр. Сазы келіссе, тіпті қатып кететін түрі бар. *(Қарқылдап күліп алады).* Құдайым-ау, ондай түсті қалай ойлап тапқансыз! Ксилофон үнінің сүйемелдеуімен сықырлап, ысылдап, сақылдап елу рет отырып-тұрған қаңқа сүйектерді елестетіп отырмын. Ғажап, көгершінім, сіздің орныңыз – тек сахна! Қатып кетер еді. Көрермен қыран-топан күлкіге қарқ болары анық. Құдайым-ау, осы жұрттың ойлап таппайтыны жоқ. *(Ішек-сілесі қата, көзінен жас аққанша күліп, ентігіп әрең басады).* Мен алғашында сіздің қандай күлдіргі жайды айтпағыңызды ұға алмай отырдым емес пе?! Сізді есінен адаса бастаған ба деп ойламағаным да рас. Сөйтсем, сіз барып тұрған сайқымазақ күлдіргінің өзі екеніңізді қайдан білейін?! Мені ағыл-тегіл күлкіге бір қарқ қылдыңыз. Соның қарымтасына мен де сізді қуантайын. Қайтсем екен? Сіз төменге түсіп, менің жүргізушіме жолығыңызшы, оған ыстық су құйғызып, әбден жуыныңыз, сақал-мұртыңызды басып, қырыныңыз. Сөйтіп, көгершінім, өзіңізді адам қалпына келтіріңізші. Сосын жүргізушіге айтыңыз, менің бір ескі костюм-шалбарымды берсін. Иә, мен сізге шын айтып отырмын. Мына қырықшоқпытыңызды тастап, менің ескі костюм-шалбарымды киіңіз. Иә, иә, айтып отырмын ғой, ыңғайсызданбай-ақ ала берініз. Соны киген соң, жас достым, сіз қайта адам қалпына келерсіз. Иә, иә, адам сияқты боласыз!

Бекман. (Үйқысынан, әлде түсінен шошып оянғандай, алақтап, дір сілкініп). Адам? Адам сияқты? Қайтадан адам қалпына келесіз дейсіз бе? *(Айқайлап).* Қайтадан мен адам болады екенмін ғой. Сонда мен әлі адам емес екенмін-ау. Сіздің ескі костюм-шалбарыңызды кисем, адам болып кетермін. Маған адам боласың дейтіндей өздерің кім едіңдер? Иә, иә, өздерің кімсіңдер? Мына сіздер, мына сіздер адамсыздар ма? Бұлар да адам екен? Иә, иә, сіздер де адам екенсіздер ғой. А-а-а!

Әйелі. (Шыңғырып, қышқырып, бажалақтап тұра бастайды. Орнынан атып тұрғанда үстел үстіндегі әлденелер аударылып, төңкеріліп, жерге құлап, сатыр-сұтыр дыбыс шығады). Ой-бай! Мынау бізді өлтіргелі жатыр. Ой-бай! Қарауыл!

(Абыр-сабыр жүгіріс, қарбалас басталады. Столдың үстіндегі жанып тұрған шам құлап, сөніп қалады).

Күйеубаласы. Шамды, шамды ұстандар!

Қызы. Апам шамды құлатып алды. Табуға көмектессеңіздерші.

Полковник. Сабыр сақтаңдар, балаларым менің. Әр нәрсені сабырға жеңдіре білу керек.

Күйеубаласы. Шам қайда, тауып жағайық та.

Әйелі. *(Бажалақтап)*. Шам, шам қайда, жақсаңдаршы.

Полковник. Міне, таптым. Қазір жағайын. *(Шам жанады)*.

Әйелі. Құдай тілеуінді берсін, жарықтың жанғаны жақсы болды ғой.

Күйеубаласы. Әлгі міскіннің қарасы құрыпты ғой. Мен басынан-ақ оның есуас екенін білгенмін.

Қызы. *(Дастарқан басындағы ыдыстарды түгендеп, санай бастайды)*. Бір, екі, үш, төрт. Бір, екі, үш, төрт... Барлық ыдыстар орнында, тек, бір тәрелке сыныпты.

Полковник. Сайтан алғыр! Мұнда неменеге келген, сондағы мақсаты не екен, мені келемеждеу ме? Әлгі сандырақтарымен не айтқысы келді?

Күйеубаласы. Шынында да, ол ұйқысы қашқан нақұрыс шығар.

Қызы. Қарандар, бір бөтелке ром шарабы жоқ.

Әйелі. Ah, ол бір жұғымды шарап еді ғой, әкесі. Енді қайтейін, құдайым-ау!

Қызы. Жарты бөлке нан да жоқ.

Полковник. Нанды сөз етіп қайтесің?

Әйелі. Нанды да алып кетіп пе? Оны қайтеді екен?

Күйеубаласы. Мүмкін, қарны ашқан соң жейтін шығар. Бұл төменгі қара таптан шыққандар ештемеден тайынбайды да, арланбайды да. Істейтіндері осы.

Қызы. Бәлкім, шынында да, қарны ашқан соң жеуге алған болар.

Әйелі. Құр нан, ас бола ма?

Есіктің ашылып-жабылған дыбысы естіледі.

Бекман. *(Ол тағы да далада. Бөтелкедегі шараптың шайқалған дыбысы естіледі)*. Жұрттікі дұрыс. *(Оның қызып қалғаны байқалады)*. Уайымы жоқ адамның ұйқысы қашан да тыныш! Сіздердің денсаулықтарыңыз үшін. Алақай, жылына бастадым. Иә, осы жұрт дұрыс айтады. Сіздердің денсаулықтарыңыз үшін. Өз күнімді көре алмай жүріп, өлгендердің уайымын жеудің маған қанша қажеті бар? Сіздердің саулықтарыңыздың құрметіне! Жұрттікі дұрыс. Өлгендердің қайсы бірінің зарын айтып тауыспақпын. Кеше он миллион еді. Ал бүгін отыз миллионға жетті. Ертең ше? Ертең ғаламның бір шетінде тағы біреу соғыс отын тұтандырар. Арғы аптада әлдебіреу он грамм атом уы

заһарымен-ақ бүкіл әлемді жеті секундте тып-типыл етер. Ал менің онда шатағым қанша? Сіздердің саулықтарыңыз үшін! Мүмкін маған келешекте басқа планета іздеп, тауып, көшіп кетуге тура келетін шығар. Сіздердің саулықтарыңыздың құрметіне! Әлгі адамдар дұрыс айтады. Маған неге циркке бармаска?! Дұрыс айтады, солардікі жөн екен. Полковник ішек-сілесі қатып, күлкіден өліп кала жаздады ғой. Маған тура циркке бар деп сол айтты емес пе? Айтқаны рас қой: мына ақсақ аяқ, ұсқынсыз, қырыкшоқпыт шинель, көргендердің үрейін ұшыратын көзілдірік, сиыксыз алынған шаш күлкі тудырмай қоймайды. Полковник мырза тура айтады, көрермен күлкіден жарылып өлер. Сіздердің саулықтарыңыз үшін! Полковник мырза жасасын! Ол мені ажалдан құтқарып калды. Құдай тілеуінді берсін, полковник мырза! *(Масая бастағандай).* Қан, төгілген кан жасасын! Өлілердің рухын қорлау жасасын! Циркке барамын, міндетті түрде барамын. Сахнада қаңқа сүйектердің кан кешіп жүріп, сақылдап, сықырлап, ысылдап, ырсылдап билегендерін көрген көрермен күлкіден езулерін жия алмасы анык. Ал, канеки, тағы біраз сіміріп алайын. Сіздердің саулықтарыңыз үшін! Мына шарап мені ажалдан арашалап калды. Қазір менің санам масайған! Ештеменің уайымы жок! Сырдың суы сирағымнан келмейді. Сіздердің саулықтарыңыз үшін! *(Масайып, бір-біріне байланыссыз әлденелерді айта бастайды).* Бүгін кім де кімнің шарабы болса, ішіп, төсегі бар болса, жатып, катып ұйықтап, көретін соңғы түсін көріп, әйелі болса, құмарынан шығып, бүгін бәріне үлгіріп калуы керек. Ертең кеш, бәрі де кеш болады. Түстерінде Нұк пайғамбардың кемесіне отырып алып, сұмдық таскыннан сескенбей түпсіз түнекке карай өлендетіп, әндетіп, шараптатып кете бермек. Қалғандары үреймен арпалыста топан суға кетпек. Ал кімнің шарабы бар болса, сол сау калмак. Сіздердің саулықтарыңыз үшін! Қанды полковник жасасын! Жауапкершілік жасасын Хайль! Мен циркке кеттім. Цирк жасасын! Мынау жалпак әлемдегі көзге көрінбейтін ұлы, үлкен цирктер жасасын!

Төртінші көрініс

Бөлменің іші. Ойын-сауық отауының директоры және Бекман. Бекманның шарап уытынан әлі толық айыкпаган түрі бар.

Директор. (Сенімді түрде нык дауыспен). Сіз білесіз бе, жаркыным, бүгінгі өнерге кандай жас кажет? Бүгінгі таңда өнерге кайратты, ештеңеден тайсалмайтын, тайынбай тек алға ұмтылатын карымды, кажырлы жас кажет. Білекті, санасы айкын, көзкарасы анык...

Бекман. (Өзіне-өзі сыбырлай). Санасы айқын... Иә, иә, ең бастысы, сана айқын болуы керек екен.

Директор.. ...Күрескер рухтағы жастар. Бізге өзінің "Басбұзарларын" жиырма жасында жазған Шиллердің ақылы тақылеттес ақыл қажет. Бізге Граббе мен Генрих Гейне керек! Шын болмыстан шыққан ұстарадай қылпылдаған өткір ақыл керек біздің өнерімізге. Біле білсеңіз, сосын тағы, айналасындағы жақсылы-жаманды көріністердің шындығынан шошынып, теріс айналмайтын, қаз-қалпында қабылдап, әр нәрсенің байыбына барып, ақ-қарасын байсалды айыра алатын, боркемік емес, қияли мінезден ада, жан-жақты ойға жүйрік, тастүйін жас керек. Айтып тұрмын ғой, бізге өмірді өзінің бар қалпында көре білетін, оны қабылдай алатын, сол күйінде сүйетін жас буын, жаңа толқын қажет. Шындықты мұрат тұтатын, белсенді, өзіндік ой-пікірі, ұстанымы бар жасқа не жетсін?! Олардың ой-пікірлері бәлкім терең мағыналы болмауы да мүмкін. Тым данышпансудың тіпті қажеті де жоқ, қайта, әлі ақыл тоқтатпаған беймаза, алып-ұшқан албырттықтары жақсы. Бізге, бар болғаны, олардың жан айқайы, жүрек үні қажет қой. Біздс осы жағы жетіспейді, бұл тұрғысында бізді аштық жайлағандай.

Бекман. (Өзіне-өзі сыбырлай). Аштық? О-о-о! Бұл бізде жетіп артылады.

Директор. Тек, сол жастарың жастық буы бойына сыймай, күлшынып тұрған ержүрек, кілең "сен тұр, мен атайынның" өзі болса игі! Өнерді тап осындай өлермендік өрге сүйрейді. Мына маған қараңызшы: он жеті жасымда-ақ мен ойын-сауық орындарында, жұрт көп жиналған жерлерде, әзіл-сықақ, әжуа өлеңдер оқып, тоғышарлардың ішкен шарабын бойларына сіңірмей, шеккен қымбат сигарының дәмін алдырмай, астарын бойларына батыртқызбаушы едім. Қазір бізге не жетіспейді десек, міне тап осындай – біздің бүгінгі уақытымыздың топастықтан, надандықтан азап шеккен шынайы ақиқат болмысын көрсетуге, екі ныгын жұлып жеп, алға ұмтылатын ұландар жетіспейді! Білдіңіз бе?

Бекман. (Өзіне-өзі). Иә, иә, уақыттың шынайы келбетін көрсете білгенге не жетсін! Түрі-түсін, қару-жарақ асай-мүсейін, аруақтар елесімен қосып... Әйтеуір бірденелер көрсетілуі керек қой.

Директор. Айтпақшы, бағанадан бері сұрағым келіп отырғаны: көрген кісінің иманын ұшыратын мына сиықсыз дүниені тағып алғаныңыз не? Мұндай оғаш болар ма? Қайдан ғана таптыңыз екен? Сізге қарасам болды – жылағым келеді.

Құдайақысына, мұрыныңыздың үстіне түсіре тағып алған андағы пәлекетінізді тастаныізшы.

Бекман. (Баладай аңғал кейіпте, ойланып жатпастан). Бұл менің көзілдірігім ғой. Противогаздың сыртынан киілетін көзілдірік бұл. Мұны көзі нашар көретін жауынгерлерге противогаздың сыртынан киіп, жауды анықтап көріп, көзін жою үшін әскерде берген болатын.

Директор. Соғыс дегенің баяғыда біткен жоқ па?! Біздің бейбіт тірлікке көшкеніміз қаша-а-ан! Ал сіз болсаңыз әскери киіммен елді әлі де таңғалдырғыңыз келе ме?

Бекман. Сіз мені, мәртебелім, сөге жамандай көрмеңіз! Ондай ой менде мүлде жоқ. Мен Сібірден алдыңғы күні ғана келіп едім.

Директор. Алдыңғы күні?

Бекман. Иә, алдыңғы күні!

Директор. Сібірден! Ғаламат! Нағыз ғаламат! Бұл соғыстың кесірі! Бірақ, жарқыным, көзілдірікті ауыстыратындай мезгіл бәрібір жеткен шығар. Әлде сізде басқасы жоқ па еді?

Бекман. Мен осының барына қуаныштымын. Бұл менің нағыз құтқарушым ғой. Бұнсыз – күнім қараң. Басқасы болса, жарқыратып тағып алмас па едім?! Сол құрығыры болмай тұр ғой.

Директор. Дені дұрыс көзілдірік тауып алмағаныңыз жарамады, көгершінім. Өзіңіз қалай ойлайсыз, ә?

Бекман. Мен оны қайдан табайын? Қар жамылып, мұз құрсанған Сібір орманынан ба? Ол жақта көзілдіріктен гөрі аю көбірек кездеседі екен.

Директор. Ah, Сібірдің сондайы бар екен ғой! Сол Сібіріңді коя койшы. Тыңдауға онша құлкым жоқ, айтпай-ақ кой. Ал мен, мен айтсам бар ғой, көзілдіріктің астында қалдым. Оныменан да, солымнан да, төбемнен де көзілдірік жауғаны. Басымның содан жарылмай қалай аман-сау қалғанын айтсаныізшы?! Сіздің алдыныізда пәленбай көзілдіріктің иесі – құдайдың сүйген құлы отыр деп біліңіз. Көзілдірік болғанда қандай, асыл тұқымды малдың таза мүйізінен жаңа дизайнмен жасалған. Біліп кой, көгершінім, нағыз мүйіз! Сары жақтаулысы – күнделікті жұмыска арналған. Бұл өзі бір елеусіздеу, көптің көзі түсе бермейтін зат. Қоңыр жақтаулысы костюм-шалбарыммен, туфлиіммен түстес, оны той-томалаққа киемін. Ал кешке – сахнаға шыққанда қара мүйізден жасалғанын тағамын. Ол жұрттың назарын еріксіз аударып, бірден мысын басады. Айтары жоқ, айбатты дүние! Солай, көгершінім! Сіз мені көкүр-шүкір біреу екен деп ойлап қалмаңыз. Мен сахнаға шыққанда арқаланып кетемін, көзілдірігім маған соншалықты сұсты айбар береді!

Бекман. Апырай, ә? Тым болмаса, сіздің бір көзілдірігіңізді айырбастап алатын қолымда басы артық ештеңемнің жоғын қараңызшы. Артық-ауыс зат түгіл, менің өзім де одан-бұдан шалашарпы құралған, біреу итеріп қалса, шашылуға шақ тұрған жан емеспін бе? Мен өзімнің ұсқынымның, көзілдірігімнің сұрқының адам шошырлық екенін білемін, бірақ бұны тақпасқа лажым жоқ. Әлде, сіз, бір көзілдірігіңізді қимас па екенсіз?

Директор. (Даусын қатайтып). Жас жігіт, сіз өзі мені кім деп тұрсыз? Мен өзімнің мүлкімді көлденең көк аттыға неге береді екенмін? Дәмесінің зорын! Менің әр көзілдірігімнің киілетін оз орны бар.

Бекман. (Баладай аңғалдықпен). Қайдан білейін? Көп деген соң айтқаным ғой.

Директор. (Оның сөзін естімегендей). Концерт барысындағы сезім сергектігі, орындайтын сықағымның өткірлігі мен әсері, жұртшылықтың көңіл ауаны, көңілденіп күлулері бәрібәрісі менің осы көзілдірігіме байланысты. Ұғып қойыңыз мұны!

Бекман. Ұққанда қандай! Әркімге әртүрлі зат әсер етеді. Оны өз басымнан да білемін. Мәселен, мен сізге айтайын, маған шарап қатты әсер етеді, бірақ шарап деген қолға күнде түсе бермейді ғой. Ол жоқ болса, өмірдің ешбір сәні қалмағандай, әлем жақсы үміттен ада, сұп-сұр, сұрқай тіршілікке айналып жүре береді. Әйтсе де сахнаға менің осы оғаш түрім, сүренсіз көзілдірігім керемет келетін секілді, солай емес пе? Сіз қалай ойлайсыз?

Директор. Қалай-қалай дейсіз?

Бекман. Менің түрім күлкі шақырады емес пе деймін? Оның үстіне күлдіргі әңгіме айтсам, менің тостағандай көзілдірігіме қарап-ақ, жұрттың ішек-сілесі қатар. Оған тағы мына ебдейсіз киылған шашты, қырыкшокпыт шинельді қосыңыз. Менің сиқыма анықтап қараңызшы, азып-тозған ақсақ жауынгер екенім рас қой. Жауынгер емес, карикатура секілді емеспін бе? Біздің әскеріміздің сиқын қара деп жұрт күлетін шығар дегенім ғой.

Директор. (Ойына күдік алып, оған сезіктене қарайды). Күлкілі, күлкілі болады дейсіз бе? Жоқ, жарқыным, мен олай деп ойламаймын. Мына ұсқыныңызбен жұртты шошытып, үркітіп аларымыз хақ. Сізді көрген жанның тұла бойы түршігіп, жон арқасы шымырлап қоя берер. Оның бізге керегі не? Жұрт мұнда соғыстың сандырақ елесін, оның азып-тозған солдатын көруге емес, көңілдерін көтеріп, дем алуға, өнер ләззатына сусындап, мәнді-маңызды әсерлер жинауға келеді. Жоқ, біз сізді бұлай сахнаға жолата алмаймыз. Әрине, көрерменге таңсық нәрсе ұсынғанымыз жөн,

бірақ оның жаркын, асқақ рухта болғанын қалайды жұртшылық. Жағымды! Жағымды әсер туғызатын нәрсе керек, қымбаттым менің! Гетені еске түсіріңіз! Моцартты еске алыңыз! Орлеан сұлуы ше? Рихард Вагнер, Шмелинг, Ширли Темпл бар емес пе?

Бекман. Бұндай ұлы тұлғаларға қарсы тұрар шама менде қайдан болсын? Мен бар болғаны Бекманмын ғой. Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бекманмын.

Директор. Бекман? Бекман? Есіме түсіре алмай тұрғанымды қарашы... Қай сахнада істедіңіз? Әлде, лақап, жасырын атпен шығып жүрдіңіз бе?

Бекман. Жоқ, ағасы, мен жаңадан бастамақпын. Енді бастасам деймін.

Директор. (Демде құбылып, өзгеріп сала береді). Жаңадан бастамақсыз, ә? Ah, солай ма еді, қымбаттым?! Онда сіз ешнәрсенің өзінен-өзі бола кетпейтінін білуіңіз керек. Сіз бұл орынды тымақпен ұрып алмақ екенсіз ғой. Солай деп ойлап келгенсіз ғой, шамасы. Жоқ, жаркыным, мансапқа бұлай тез жетем деп ойламаңыз. Сіз біздің жұрт алдындағы жауапкершілігімізді, өнер жолындағы азабымызды жете түсінбейді екенсіз-ау. Жаңадан үйрене бастаған жасты сахнаға шығару – көрерменнен демде айырылу деген сөз. Олар тек атақтыларды көріп, тыңдағанды қалайды.

Бекман. Гете, Шмелинг, Ширли Темпл немесе одан да зорлары дейсіз ғой. Солай ма?

Директор. Тап солай! Өзің де біліп тұрсың ғой. Жаңадан үйреніп жүргендерге жұрт пысқырып та қарамайды. Оларға атақтылар керек. Жаңадан бастағандарда атақ қайдан болсын? Сіз өзі нешеде едіңіз?

Бекман. Егер менің жасым бірнәрсе шешсе, жиырма бестемін.

Директор. Міне, міне, жастығыңыз, тәжірибесіздігіңіз анық байқалып тұр. Әуелі өмір көр! Тәжірибе жина! Бұған дейін өзі не істеп едіңіз?

Бекман. Мардымды ештеңе. Суыққа тоңдым. Ыстыққа күйдім. Дұшпанға оқ аттым. Ашықтым. Жаяу-жалпы Ресей кірдім, одан Сібірге айдалдым. Басқа ештеме істеген жоқпын.

Директор. Басқа ештеме істеген жоксың? Бұл, әрине, еңбек жолын бастау үшін аздық етеді. Қымбатты жас достым, сізге енді бейбіт тіршілік алаңында шыныгып, өзіңізді көрсетуіңіз керек. Еңбек жасаңыз, тәжірибе жинаңыз. Өзіңізді танытып, атағыңызды

шығарыңыз. Содан кейін келіңіз! Сонда біз сізді сахнадан түсірмейміз. Орталық кейіпкеріміз боласыз. Ал әзірге бара тұр. Еңбек өтілің мүлде жоқ екен.

Бекман. Еңбек өтілің жоқ дейсіз бе?

Директор. Айтып тұрмын ғой, еңбек өтіліңіз, тәжірибеңіз жетіспейді. Әуелі өмірді түсініп, танып біліңіз, өнер үйреніп, тәжірибе жинаңыз. Адам болып, өзіңіздің атыңызды қалыптастырыңыз. Ал әзірге бара тұрыңыз. Барыңыз!

Бекман. (Бұған дейін тұнжырап тұрған ол бірте-бірте ашуға бой алдыра бастайды). Ағасы, маған қайда барып, қалай бастауға бұйырасыз? Қайда бар дейсіз? Әйтеуір бір кездері бір жерге тырнақ іліндіруім керек қой. Айтыңызшы, қай жерден бастайын? Бұрын жұмыс істемесем, тәжірибе қайдан келсін? Тәжірибе жоқтықтан жұмыска алмаса, оны қалай жинамақпын? Айтыңызшы! Ресейге еріккенімнен, не болмаса нағашыма қыдыра барған жоқпын. Оған барар жолда біздің алдымыздан орыс орманының салқын самалы ғана есіп қойған жоқ, темір бүркіп, от шашып тұрды. Ыстық темір, мейірімсіз оқ тек ажал септі. Енді қай арадан жұмыс баста дейсіз маған, қай жерден? Менің құлшынып, істегім-ақ келеді, бірақ бәрі арқамнан қағып шығарып салып, есіктерін тарс жауып алады. Енді қайда барайын? Қызық екенсіз өзіңіз. Адам болып ал дейсіз! Қалай адам болайын? Қандай адам болайын?

Директор. Қызық-шыжығынды білмеймін. Әрбірденгеннен кейін, сені Сібірге айдаған мен емеспін. Соғысты ойлап тапқан тағы мен емес.

Бекман. Бізді ешкім Сібірге қуған жоқ. Өз еркімізбен барған екенбіз. Ресейге де өз еркімізбен сұранып барыппыз. Солардың көпшілігі өз еріктерімен сол жақта үйінді астында, сыз окопта аузы-мұрындарына топырақ толып, болмаса танктің табанына тапталып, жаншылып, мәңгіге қалып қойды. Олар өз еріктерімен сол жақта өліспей-беріспей қалу мүмкіншілігіне тырнақ іліндіре алғандар. Ал, біздейлер, қайтып оралып тұяқ тірер жер таппай, басымыз дал болуда. Айтыңызшы! Білсеңіз, айтыңызшы... Жаңадан өмір бастасам... Оны қайтіп бастайын, неден бастайын?

Директор. (Амалсыз ойлағандай). Сіздің дегеніңіз-ақ болсын! Мейліңіз, олай болса, осы арада бастаңыз. Мархабат! Былайырақ барып тұрыңызшы. *(Бекман ортаға қарай жақынырақ барып тұрады).* Ал бастаңыз. Ырғалмай-жырғалмай болсаңызшы тезірек. Уақыттың да құны бар. Оның аты – ақша.

Сонымен, мархабат. Бастай беріңіз. Біле-білсеңіз, мен сізге үлкен мүмкіндік беріп отырмын. Бақытқа бастар жолдың ұрымтал тұсы, қарманып қалыңыз. Құлағым сізде. Бүгін сіздің керемет жолыңыз болды, менің көңілімнің хошына кез келдіңіз. Жігітім, бұны бағалай біліңіз. Сонымен, құдай талабыңызды қолдасын, бастаңыз! Мархабат! Ал кеттік. Бол, енді тез.

Ксилофонның баяу ойнаған үні шығады. "Кішкентай өжет жауынгер қыз" әнінің әуені естіледі.

Бекман. (Әуенге ілесіп ыңылдап айта бастайды. Біртіндеп бірқалыпты дауыспен әннің созін әуенсіз оқи жөнеледі).

Кіп-кішкентай өжет солдат қыз
Әнінде бәрі әсем үйлескен.
Сөзінде бірақ та шындық жоқ,
Шындығында, нашар күй кешкен.

Күллі әлем күледі,
Мен болсам жан сырқат, зарлаймын...
Күнім де жоқ болды,
Түн. Тұман толқыған. Қандай мұң!
Ап-анық көрінді түндегі
Тұманды саңылаулап,
Айдың да мазақтай күлгені.

Мен үйге оралғам, айтпақшы –
Төсегімдегі орным да бос емес.
Шақ қалдым өзімді құртуға,
Бірақ оған әркашан кеш емес.

Күллі әлем күледі,
Мен болсам жан сырқат, зарлаймын...
Күнім де жоқ болды,
Түн. Тұман толқыған. Қандай мұң!
Ап-анық көрінді түндегі
Тұманды саңылаулап,
Айдың да мазақтай күлгені.

Маған бір басқа ару жолықты,
Сол жақтан мейірім төгілсін,
Бір, екі, үш – төсекке жетпекпін...
Германия біздерді не қылсын...

Әрине, түн өтті қызықты,
Таңертең... есігі қағылды.
Келіп тұр ақсаған бір еркек –
Сол сәтте ап қаштым жанымды.

Күллі әлем күледі,
Мен болсам жан сырқат, зарлаймын...
Күнім де жоқ болды,
Түн. Тұман толқыған. Қандай мұң!
Ап-анық көрінді түндегі
Тұманды санылаулап,
Айдың да мазақтай күлгені.

Таңертеннен кешке дейін қаңғыдым,
Ән айттым, бұрында салатын...
Күнәкар, сұрқия туралы...
Күнәкар, сұрқия туралы...
Сосын ол..
Солдаттың нәзік те
Адал жары туралы болатын.

Өлең оқылып біткен, әуен тоқтайды.

Директор. (Жан-жағына жалтақтай қарап, қорқып-үркіп отырғаны байқалады). Беу, жаман шықпады, пәлендей жаман көрініс емес. Тіпті нашар нәрсе екен деуге аузым бармайды. Өнер жолын енді бастаған адам үшін әжептәуір-ақ дүние. Бірақ, жас достым, біз бұған түптеп келгенде, бүгінгі көрерменге не береді, несімен қызықты деп қараймыз ғой. Сол тұрғыдан келсек, өнерге сусаған елді елең еткізер өткір жаңалығы жетіспейтін секілді. Бір қайнауы аз ба қалай? Шикілеу ме деймін. Жарқ-жұрқ етіп, көзді арбап тұрған жоқ. Жылтырағы кемдеу. Әрине, бұның әлі ні қанбаған, жетер жеріне дейін жеткізіліп, әбден сүргіленбеген дүние екенін түсінемін. Сонда да тақырыптың өзі ұтымды емес. Дауыс ырғағы, былайша айтқанда, интонациясы дұрыс алынбады.

Бекман. Тақырыбы ұтымды емес? Интонациясы дұрыс алынбады? Ә, сонысы бар екен ғой.

Директор. (Лекітіп өтірік күліп). Ерлі-зайыптының көзге шөп салуы туралы сөз қозғаған соң эротикалық жағынан кісіні қызықтырарлық бір нәрселер қажет емес пе еді? Әйелдің мінезі ашылуы керек қой. Жалпы көпшілік жанын шыжғырып қуырғаннан гөрі, қытықтап күлдіргенді жақсы көреді.

Бекман. Иә, иә, күлдіру керек екен ғой, күлдіру...

Директор. Қалған жағын айтпасам да болады. Сіздің жастығыңызды, жаңадан бастағаныңызды ескерсек, қалғаны жаман шықпаған. Этика тұрғысынан алғанда да, тереңнен толғау жағының да кемшін соғып жатқан тұстары бар, ол енді сіздің жастығыңыз бен жаңадан бастағаныңыз үшін кешірімді нәрсе. Сөздеріңіз де түйеден түскендей екен, әлі жаттықпағаныңыз көрініп тұр. Құлаққа түрпідей тиеді екен...

Бекман. (Өзіне-өзі күбірлей). Түйеден түскендей... түрпідей...

Директор. Құр айқай басым. Төбеден ұрғандай қойып қалады екенсіз. Жассыз ғой, тәжірибеңіз жоқ. Жұмсақтап, мақтамен бауыздағандай етіп, жымын білдірмей айту жағы жетіспейді.

Бекман. (Ештеңе түсінбегендей мағынасыз). Мақтамен бауыздағандай...

Директор. ...жан тыныштығынан, сезімді сананың билегенінен артық не бар! Ақыл-ойдың данышпаны біздің ұлы картымыз Гетені ойламайсыз ба? Гетенің өзінің герцогімен саяхатқа шыққаны... Сол сапарында түнгі алаудың қасында отырып оперетта жазып қайтқаны есіңізге түсті ме?

Бекман.. (Өзіне-өзі мағынасыз). Оперетта, иә оперетта жазу керек екен-ау.

Директор. Міне, ұлылық қайда жатыр! Бұл міне, уақытты, арақашықтықты жеңудің нағыз үлгісі.

Бекман. Иә, иә, арақашықтықтың бірталай екенін мойындау керек.

Директор. Менің қымбатты достым, бір-екі жыл күте тұрсақ қайтеді?

Бекман. Бір-екі жыл күт дейсіз бе? Мен ашпын ғой, мені кім асырайды? Талғажаулық бірденелер табу үшін менің жұмыс істеуім керек. Жұмыс жасауым керек!

Директор. Өнерге кемеліне келу тән. Өнер дүмбілездікті көтермейді. Сізге әлі де пісіп, жетілу қажет. Сіздің репертуарыңыз пәлендей қалыптаспаған, тәжірибеніздің аздығы сезіліп тұр. Айтқаныңыздың барлығы тым жалаң, қара бояуы көптеу. Мұнымен сіз менің көрермендерімнің жынына тиеріңіз хақ. Көпшілікті үнемі қаткан қара нанмен, қара сумен қатыруға болмайды ғой. Мен мұны ауыспалы мағынасында айтып отырмын.

Бекман. Ал мен тура мағынасында қара нанға жете алмай жүрген жоқпын ба?

Директор. Ал олардың тәтті тоқаш жегілері келіп отырса ше? Шыдамдылық танытыңыз! Айтып отырмын ғой, мыпауыцыз

кәдеге асарлық әжептәуір дүние, бірақ бұл әлі өнер туындысы емес. Ұғасыз ба осыны?

Бекман. Өнер туындысы емес дейсіз бе?! Бірақ бұл бүгінгі күннің нағыз шындығы еді ғой. Шындықты қайда қоясыз?

Директор. Шындық екені рас болса, рас шығар. Бірақ өнердің шындыққа ешқандай қатысы жоқ!

Бекман. (Мағынасыз, шарасыз қайталай береді). Шындықтың өнерге қатысы жоқ екен... Үш қайнаса да сорпасы қосылмайтын көрінеді...

Директор. Жалғыз шындыққа арқа сүйеп, ешқашан алысқа кете алмайсыз. Шындық ащы болған сайын, оны соғұрлым тәттідәмдіге орап, сылап-сипап айтады. Жассыз ғой, сіздің оны әлі білмеуіңіз заңды.

Бекман. (Өзіне-өзі). Шындық неғұрлым ащы болған сайын, оған соғұрлым тәттіні көп қосады дей ме? Апырай-ә! Білмегенімді қарашы...

Директор. Сіз тек ащы шындықты айтып, жұртты өзіңізден аулақ қашыртасыз. Егер бәріміз шығып алып өз шындығымызды жағымыз талғанша қақсап айтар болсақ, не болар еді. Не тамтығымыз қалар еді? Және ол бүгінгі күні кімге қажет? Кім оны керек қылып отыр? Ешкім! Сіздің шындығыңыздың құны көк тиын. Оның қажеті шамалы. Міне, шындықтың шынайы шырайы. Мен сізге мұны ұмытпауға кеңес беремін. Көпті көрген, аузы күйген ағаның ақылы деп ұқ мұны. Күнделікті өзіміз көріп жүрген, жанжақтан шырмап-бытысып жатқан шытырман шындықтан гөрі, өмірде жоқ, мүлде болмайтын әдемі, өтірік шындықты жырла. Жоқты бардай, аксақты тындай жырла! Ол қолыңнан келмейді екен, аузынды жауып жайына жүр. Міне, сізге бүгінгі күннің шындығы...

Бекман. (Өкіністен қатты күйінген, қынжылған түрі бар). Иә, иә! Айтқаныңыздың жөні бар... Енді түсіне бастадым... Тәңірі жарылқасын сізді! Біртіндеп ұғынып келемін. Шындықтың мәнісін енді анық ұғынғандаймын. *(Даусы біртіндеп қатая бастайды).* Шындықты айтып, алысқа бармасыңды ұмытпау керек екен. Шындықты айтамын деп әлдекімдерге жақпай, жұртты өзіне қарсы қойып аларың сөзсіз екен. Дәл қазір шындықты кімнің білгісі келеді дейсіз? Ешкімнің де! *(Қаттырақ).* Шындық ешкімге керек емес екен! Мен енді ғана тап-тұмдап соның ақиқатын ұға бастағандаймын. Менің шындығымның әлдебіреуге де, қоғамға да қажеті шамалы екен... Өз шындығымды өзім арқалап, қарамды батырайын. *(Есіктің сықырлай ашылып, қатты жабылған дыбысы естіледі).*

Директор. Қарай гөр! "Кедейдің кербезінен сақта", - деуші еді. Әліне қарамай, шамшылын өзінің?! Бар, бара ғой, шындық аркалаған шерменде...

Бекман сауықхананың жабық есігінің алдында тұр.
Бекман. (Ашынған даусыспен өлең оқиды).

Арак көп ішілді.
Күн дағы, түн дағы –
Кірлеген, әбден кірлеген,
Дүниенің кір бәрі...

Мен енді Эльбаға карай тура тартайын.

Біреу. Бекман, тоқта! Сенің жолың мына жақта! Жоғары карай жүрсеңші. Былай карай...

Бекман. Ол жолын кан сасиды ғой. Жаңа ғана ол жерде шындықты сойып салды. Мен енді ол жолмен жүрмеймін. Мен Эльбаға апаратын жолға түсейін. Менің жолым сол. Эльбаға жетуім керек.

Біреу. Жоқ, Бекман! Жаксылыктан күдер үзбе. Шындық тірі. Ол феникс құс тәріздес. Өліп барып кайта тіріледі. Осыған сенші.

Бекман. Жоқ, сенбеймін. Менің түсінігімде, шындыктың халі бүгінде жүзікара жезөкшенің халіндей мүшкіл. Оны бесіктен белі шыкпаған жас баладан басы жерге жеткен еңкейген кәріге дейін біледі. Бірак онымен бетпе-бет ұшырасуға дәрмендері жетпей, тайсактайды. Күндіз ашык жолығысудан коркады. Тек түн жамылып, ұрланып барады, каранғыда құпия кездесуге бәрі де ынтығады. Ал, күндізгі жарыкта оның келісімсіз, ожар, көзге ұратын оғаштығы көрініп тұрады ғой. Оны кім жактырсын? Түн, түн каранғылығы бәрін бүркемелеп тастайды. Шындык та сондай! Кейбіреулер тіпті оны өмір бойы тыжырынып, жактырмай өтеді. Ол үшін оны кінәлауға бола ма?.. Айналам толған жабық есік...

Біреу. Жүр, Бекман! Сен үшін де бір ашық есік әйтеуір табылар.

Бекман. Әрине Гете үшін, Ширли Темпл мен Шмелинг үшін есіктер әрдайым ашық. Ал мен Бекманмын. Сиыксыз көзілдірік киіп, сүйкімсіз шаш қойған Бекманмын ғой! Бакшаға конған кұстарды үркітуге қойған каракшыдан еш айырмашылығым жок. Үстімде кырыкшокпыт колкылдаған ескі шинель, аяғым аксак Бекманмын. Мен кешегі, күндей күркіреп өткен соғыстың жанды елесімін, мен бар болғаны, өмірге пародия, карикатуралық бейнемін. Мен Моцарт емес, Бекман болғандыктан алдымдағы есік біткеннің бәрі тарс жабық. Міне, бір есік тағы сарт жабылды.

Сондықтан мен далада қалдым. Келесі біреуіне жақындап едім, ол да сатұр-сұтыр асығыс жабыла қалды. Тағы сенделген жүріс. Қайда бар дейсің? Алдымдағы есіктер бірінен кейін бір сарт-сұрт жабылып жатыр. Сарт-сұрт, тарс-тұрс! Жабық есіктер алдында телміріп тұрып-тұрып, ақсаңдай басып ары қарай жөнелемін. Мен жақындаған бойда, есіктер тасыр-тұсыр жабыла бастайды. Енді қайт дейсің маған? Кешеден бері көше кезіп көп жүрдім. Кілең жабық есіктерге маңдайыммен соғыламын. Мен өмірімді жаңадан бастауым керек екен, соны қай жерден, қалай бастарымды білмейтін пақырмын. Білсеңіздер айтыңыздаршы, неден бастайын, қайтып бастайын жаңа ғұмырымды? Мен дауысым әлсіз, жанымдағыларға айғайлап, жекіріп үйренбегендіктен үнемі ақырып бұйрық беретін офицер бола алмадым. Менің үнім енді тым ашы шығады екен, көрермен көпшілікті үркітіп алуым бек мүмкін. Сондықтан сахнаға алмады. Түні бойы жүрегім езіліп, қыршынынан қиылған боздақтар түсіме еніп, қан жылайтыным есі кіресілі-шығасылы есуас есаландығымнан екен. Адам болуым екіталай көрінеді. Бәлкім, полковниктің ескі костюм-шалбарын кигенде адам болып кетер ме едім?

(Ашына өлең оқиды)

Арақты үрлейміз.
Күн дағы, түн дағы
Кірлеген, әбден кірлеген,
Дүниенің кір бәрі...

Шындықты сойып салған соң, бүкіл көше қан сасып кетті. Барлық есіктер сондықтан тарс жабық.

Біреу. Жүр, Бекман, жоғары қарай жүр!

Бекман. Мен үйімді аңсап келіп едім. Үйіме жетсем деп едім. Ол арада маған орын жоқ екен. Басқа біреу иеленіпті. Көше тас қараңғы, есіктер тарс жабық. Тек Эльбаға апаратын көше ғана жарқырап тұр. Самалдай жарқырап, жол көрсетіп, даңғырап жатыр. Алақай, Эльбаға қарай тура тартайын.

Біреу. Тоқта, Бекман! Сенің көшең мынау. Осы көшемен жүрсең сен үйіне барасың.

Бекман. Ол үйде маған орын жоқ деп айтпадым ба саған.

Біреу. Ата-ананың үйі ше? Саған сол үйге бару керек.

Бекман. (Еленде п). Олар бар ма екен десеңші. Тірі ме екен өздері?

Біреу. Әкең сені өз бөлмесінде тосып отыр. Ал анаң есік алдында күтіп жүр. Әне, ол сенің аяқ дыбысыңды алыстан таныды.

Бекман. Иә, иә, менің ата-анамның үйіне баруым керек екен ғой. Менің ол үйге жететін кезім болар ма екен? Анама, анама жетсем екен! Ата-анамды көрмегелі қанша болған?!

Біреу. Жүр. Міне, сен баратын көше! Ең алдымен баруға тиіс жердің есіне ең соңында түскені несі? Әлде, ұмыттың ба, әлде есің енді кіре бастады ма?

Бекман. Үйіме барамын, үйде мені анам тосып отыр ғой анам, көп бейнет кешкен сорлы анашым менің...

Бесінші көрініс

Үй көрінеді. Есіктің алды. Алыстан Бекман келе жатады.

Бекман. Мынау біздің үй ғой! Ойпырмай, бұзылмай сақталып қалғанын қара! Сол қалыпы. Есігі де дін аман. Бұл мен аңсап келе жатқан жып-жылы үй ғой. Мен оны қашаннан бері аңсап жүрмін. Үйде мені анам күтіп отырған болар. Анам қазір маған өзі есік ашады. Біздің үйді пәлен жылға созылған қырғын апаттан аман қалар деп кім ойлаған?! Міне, қуаныш! Мен жақындап келемін. Қазір-ақ жетемін. Баспалдағына дейін баяғы қалпы, бассаң сықырлап қоя беруші еді. Есіктің дәл алдына келіп тұрмын-ау. Іштегі менің қымбаттыларым оны сезер ме екен? Әкем осы есіктен, жексенбіден басқа күндері, күнде таңертең сағат сегізде жұмысқа шығушы еді. Содан үйге кешке бірақ кіретін. Ал, жексенбі күндері үйқысын қандырып тұратын ол, шаруашылықтың бір бума кілтін қолына ұстаған бойы, мұрнының астынан әлденені күңкілдеп, күбірлеп ары-бері тенселіп ұзақ жүріп алатын. Сосын әлденелерді аударып-төңкеріп жөндей бастайтын. Әрдайым, жексенбі сайын, мен ес білгелі осылай. Осы дағдысынан бір жаңылмайтын. Ал анам болса, үйден бір кіріп, бір шығып, тыным таппай тырпылдап жүргені. Күніне кем дегенде осы есіктен екі-үш рет, бәлкім одан да көп, жеті-сегіз... тіпті он шақты рет кіріп-шығатын болар. Оны кім санады дейсіз. Өмір бойы ұзақ ғұмырында осы босағаға адал берілген жан ол. Ата-анамның алтын босағасына есен-сау жеттім-ау. Қазір табалдырықтан аттасам болды, ар жағында ас үйдің есігі бірден көрінер еді. Санамдағы суреттер тіріліп жүре берді. Одан ары төрге ілінген, зымыраған қайтымы жоқ зырлауық уақытты дың-дың өлшеп, шығарып салып тұратын көне сағат көзге түсер. Оның жанында орындықты жығып алып, атша міниіп мен отыратынмын. Орындық менің темір тұлпарым. Мен оған мінген бойда ұшқан құспен жарысып, ойша зымырайтынмын. Менен сәл жоғары таман жөтеліп қойып, әлденелерді шұқылап жөндеп әкем

отыратын. Жөндеп отыратыны кейде анамның жиі бұзылатын үтігі, не іс мәшинесі, әлде тұтқасы босаған кофе ұнтақтағышы, бәлкім басқадай көкүр-шүкір бірденелер болуы мүмкін. Ас бөлмедегі су құбыры дырылдай жөнеледі. Шала жабылған шүмектен су тамшылары шашырап, кафельге қонақтап дірілдейтіндей. Шешем барып шүмекті бекітіп, қолындағы шүберегімен кафельге шашыраған мөлдір тамшыларды сүрте кетеді. Бәрі күні кешегідей. Міне, өзіміздің есікке де жеттім-ау. Қазір оны итеріп ашқан бойда осы көріністерді қайта көретіндеймін. Өйткені отыз жыл бойы осылай болып келіп еді ғой. Әлі де дәл сондай екендігінде сөз жоқ. Күндей күркіреген алапат соғыс бұл үйге сокпай қасынан өтіп кеткендей көрінеді. Қирап жермен-жексен болудан сау тұр екен. Қалқайып тұрғаны көзіме ыстық көрініп барады. Тәнірінің есіркеп жарылқағаны осы болар. Бұл үй мені күткен екен. Қазір, міне, есік айқара ашылады, мен үйге енемін. Мен ішке кірген соң, есік менің соңымнан сықырлай жабылады. Мен ол үйден қайтып жуық арада сыртқа шықпаспын. Жылы жерде отырамын. Сыртта желдің өтінде, жанбыр астында жаурап тұрмаймын енді. Мен үйдемін! Естимісіңдер, мен үйіме жеттім! Мынау – бояуы қабыршақтанып тоза бастаған, почта жәшігі жапырыла майысқан біздің көне есік қой. Қоңырау түймесі де былқылдап босап қалғандай. Есікте біздің әулеттің аты-жөні қашалып жазылған мыс табақша болушы еді. Оны анам киіздің қиығымен күнде таңертең жылтыратып сүртіп қоятын. Жазуы жарқырап анадайдан көзге бірден көрінетін: "Бекман"... Бұл қалай болғаны? Мыс табақша көрінбейді ғой, қайда кетті екен? Неге алып тастаған? Кім алған? Мына бір кірлеген қатырма қағаз қайдан пайда болған? Біздің есікке басқа біреудің аты жазылғаны несі? Хлам мырза дей ме? Онысы кім тағы? Есікте біздің әулеттің аты-жөні неге жоқ? Отыз жыл жазулы тұрып еді ғой. Енді қайда кеткен? Алып тұрып, бостан-боска лақтырып тастауға, әлде басқа біреумен алмастыруға бола ма екен?! Біздің мыс табақша қайда? Әркімнің аты-жөні өз есігінде жазулы тұрмаушы ма еді? Әлімсақтан бермен солай. "Бекман" деп қашалып жазылған жез табақша ілулі тұруға тиіс еді ғой. Отыз жыл солай болып келіп, енді неге өзгереді? "Бекман" болмай, Хламға айналғаны несі?

Бекман қоңырау түймесін басады. Сықырлап есік ашылады.

Фрау Хлам. (Немқұрайлы, жаратпаған кейіпте). Не керек еді сізге?

Бекман.. Қайырлы күн, мен... мен...

Фрау Хлам. Не дейсің?

Бекман. Біздің мыс табақшаның қайда кеткенін білмейсіз бе?

Фрау Хлам. Ол кандай пәле тағы? "Мыс табақша" дегені не?

Бекман. Есіктің жақтауында ілініп тұратын біздің әулеттің аты-жөні қашалып жазылған мыс табақшаны сұрап тұрмын.

Фрау Хлам. Мен оны қайдан білейін.

Бекман. Сіз менің ата-анамның қайда кеткенін айтпайсыз ба? Көрінбейді ғой өздері.

Фрау Хлам. Мен оларды неге білуге тиіс екенмін. Оларың кім еді сондайлық? Сіз өзі кімсіз?

Бекман. Мен Бекманмын. Мен осы үйде туғанмын. Ата-анаммен осы үйде тұрғанмын. Бұл біздің үйіміз еді.

Фрау Хлам. *(Бажалақтап, байбалам сала бастайды).* Жоқ, жоқ... Тіпті де олай емес. Бұл үй біздікі. Біздің үйіміз. Сіз осында тудым дейсіз бе? Онда менің шатағым жоқ, шырағым. Кім қайда тумайды? Ал бұл үйге енді сіздің дауыңыз жоқ. Бұл арада баяғыдан біз тұрып жатырмыз. Бұл үй бізге тиесілі.

Бекман. Солай болса, солай шығар. Ал менің ата-анам қайда кеткен? Олар қазір қайда тұрады?

Фрау Хлам. Сіз сол кісілердің баласы едім дейсіз бе? Бекмандардың баласысыз? Бекмансыз?

Бекман. Иә, дәп солай. Мен олардың жалғыз ұлымын. Осы үйде туғанмын, осы үйде өскенмін.

Фрау Хлам. Оның маған не қатысы бар? Ол өз шаруаңыз. Қайда тусаңыз да өзіңіз білесіз. Бірақ бұл үй енді біздікі.

Бекман. Ал менің ата-анам ше? Олар қай жерде қалды екен? Сіз олардың қайда екенін білсеңіз айтсаңызшы. Олар қайда кеткен?

Фрау Хлам. Сіз соны шын сұрап тұрсыз ба? Мен солардың ұлымын деп өкіректегенде сондайсыз, неғып білмейсіз. Бұныңыз, дегенмен, қисынсыз сияқты. Жоқ, қымбаттым, оны білмеуіңіз мүмкін емес қой...

Бекман. Құдай үшін, менің карттарым қайда кеткен, білсеңіз айтсаңызшы. Өмір бойы осында тұрып, енді мен келер кезде жоқ болғаны несі? Апырмай, бір нәрсе десеңізші! Олардың қайда болуы мүмкін? Бір жерге барып тұрақтаулары керек қой.

Фрау Хлам. Әрине. Олар өздеріне тұрақ тапқан. Менің білуімше, бес шіркеудің маңында болар.

Бекман. Бес шіркеу деген не еді? Онысы не тағы?

Фрау Хлам. *(Оның әлі де ешнәрсе түсінбегеніне сенімсіздеу).* Бес шіркеу Ольсдорфта. Сіз Ольсдорфтың не екенін

білетін боларсыз? Бір сөзбен айтканда қабірстан. Мүрделер поселкесі. Ал оның қайда орналасканын білесіз бе? Фюльсбюттельдің маңында. Сол бағыттағы автобустың соңғы үш аялдамасы бар. Фюльсбюттельдегі аялдамадан түссеңіз, түрмеге кезігесіз. Ал Альстердорфтан түссеңіз жындыханаға барасыз. Ольсдорф аялдамасынан түскенде, ар жағында ел жоқ, кілең бейіттер. Сіздің карттарыныз сонда көшкен. Оларды сол жақтан ізденіз. Олар асарын асап, жасарын жасаған адамдар. Енді мәңгілік мекендерінде. Сіз оны қалайша білмейсіз?

Бекман. Қайран менің карттарым. Олар ол жақта не істеп жүр екен? Әлде... Әлде дәм-тұздары таусылған ба? Әлгінде ғана, маған баяғысынша елестеп еді ғой. Бұл қалайша болғаны? Мен оны қайдан білейін? Мен мың бір күн мен түнімді меніреу Сібірде өткізіп арып-ашып енді жеттім емес пе? Қаза болды де! Көнілім сенбей тұр. Менің келгенімді тоспай, о дүниеге аттанғандары несі? Мен кеткенде сап-сау еді ғой. Рас, әкемнің аздап жөтелетіні болатын. Бірақ ол ғұмыр бойы жөтеліп келе жатқан. Онда тұрған не бар? Анамның ас үйдің табанына төсеген кафельден үнемі аяғы жаурап жүретін. Бірақ одан адам өлмесе керек. Сонда неден қайтыс болды екен? Бұлай болмауы керек еді. Жалғыз жұбаныштары – менің дерегімді біле алмай, күйіктен көз жұмды ма екен? Солай болған шығар, әйтпесе, өле қалатындай күйде емес еді. Маған – арып-ашып жеткен жалғыздарына бір ауыз тілдесе алмай, қалайша көз жұмды екен?

Фрау Хлам. (Жаны ашып, мүсіркеген пиғылмен). Сіз өзі барып тұрған сайқымазақ, қылжақпассыз-ау деймін, көгершінім. Жә, бос сөзді коя тұралық. Мың бір күн мен түнді Сібірде өткізу, әрине, жағажайда шалжиып күн шуаққа қыздырыну емес екенін шамалаймын. Ми шайқалып, шариктеріннің шашылып қалуы әбден мүмкін-ау! Одан сіз де құралақан емессіз-ау, байқаймын. Бұл соғыс сіздің әулетті рахымсыз күйреткені көрініп тұр. Үшінші империяның кезінде карттарды қырына алғаны белгілі. Карт адамға жағдайға мойын ұсынып, әскери тәртіпке көндігу онайға түспеді. Жансақтап, тірі қалудың қамын ойлап бақты. Оның үстіне сіздің әкеңіз... Оның баласы екеніңіз рас болса, оны өзіңіз де білуіңіз керек, әкеңіз еврейлерге қарсы болды. Еврейлерді жақтырмады. Соғыстың бар ауыртпалығының өшін солардан алардай кіжінуші еді. "Менің қолымда билік болса, бірін қалдырмастан еврейлерді Палестинаға қуар едім", – дейтін ашықтан-ашық. Соғысқа солар кінәлідей-ақ қаһарын төкті. Күні-түні гүрс-гүрс жарылған бомбадан қорғану үшін жертөлелерге тығылған уақытта қашан

ышқынған-ысқырған бомба даусы басылғанша ол еврейлерді қарғап-сілеумен, балағаттаумен болатын. Осы азап пен тозақтың себепкері солардай-ақ жауықты. Шамасы көкірегінде қайнаған кегі болды ма екен, кім білсін? Жасыратын несі бар, әкеңіз нацизм дәуірлеген уақытта өте белсенді болып кетті. Еврейлерге тізесін батырудай батырғаны рас. Ал фашизм жеңіліп, дүние тегершігі кері айналып келгенде, оның зардабын да бір кісідей тартты. Еврейлер ісінде оның белсенділік танытқаны ескерусіз қалмады. Егде жасты енсеріп, жаксылы-жаманды біраз нәрсені басынан өткізген адам аузына не болса, қайтер еді. "Басқа пәле – тілдеп", - деген емес пе? Солай, шырағым! Жаңа үкімет нацистердің ініне су құйған соң оның жандайшаптарының соңына шам алып түсті. Сол уақытта әкеңіздің қаққанда қанын, соққанда сөлін алды. Не айтатыны бар? Бір-ақ күнде қаусаған шалға айналып шыға келді. Солай, жарқыным, бір үкімет былай дейді, бір үкімет олай дейді. "Екі түйе сүйкенсе, ортасында шыбын өледінің", - кері келді. Біріне жаққан, біріне жақпады...

Бекман. (Ығы түсіп, бұрынғысынан да шөге түскендей басы салбырап кеткен). Солай деңіз...

Фрау Хлам. (Әңгімесін үзіп тастап, оның жүзіне таңырқай қарап). Жарқыным, мұрныңыздың үстіне тағып алғаныңыз не зат өзі, айтыңызшы? Әйтпесе, сізге қараған сайын мені күлкі қысып барады. Ойпырмай, адамның зәресін ұшыратын осындай да зат болады екен-ау?! Бұл өзі бақаның көзіндей тостағандай не пәле? Дені дұрыс көзілдірігіңіз жоқ па тегі?

Бекман. (Ойланып жатпастан, үнемі айтып жүрген сөзін ойсыз қайталай береді). Дұрыс көзілдірігім болмағандықтан тағып жүрген жоқпын ба? Бұны бізге соғыста берген...

Фрау Хлам. Білемін, білемін... Естігенмін. Мен мұны өлсем де тақпас едім. Бұндай үрейлі нәрсені таққанша, көзім көрмесе, үйімде отырмаймын ба? Бұны менің шалым көрсе, қандай күлер еді. Оның сонда сізге не дейтінін айтайын ба? Ол: "Достым, андағы есуас адамның тағатын затын шешіп тасташы",– дер еді бірден көрген сәтте-ақ.

Бекман. Мен сіздің шалыңыздың не дейтінін естігелі келіп тұрған жоқпын, Фрау Хлам. Одан да менің қарттарыма не болды? Соны айтыңызшы. Олар қайда кетті? Қалай кетті? Адамның тағатын тауыспай айтыңызшы, өтінемін сізден, Фрау Хлам.

Фрау Хлам. Не айтатыны бар? Жаңа келген үкімет әкеңіздің бар жеңілдіктері мен зейнетақысын сыпырып алды. Олар қара суға қамалып қала берді. Өкінішті, әрине! Өтеді-ау деген өні

түзу дүниелерін, киім-кешектерін нанға айырбастады. Ол да таусылды. Үйлерінізді де алуға ынғайланды. Ақырында, сіздің карттарыңыз толық денационализацияға ұшырады. Әкенізді өзініз білесіз, қаққан қазықтай, иілмейтін бір жақты адам еді ғой. Солай өтті. Олардан тек ас үйдің кейбір ыдыс-аяқтары ғана қалыпты. Басқа түк те жоқ.

Бекман. Олар... Олар неге ұшырады дейсіз? Денаци.. генаци.. дейсіз бе? Ол не еді? Түкке түсінсем бұйырмасын...

Фрау Хлам. (Жайбарақат). Оның түсінбейтіндей несі бар? Денационализацияланды деймін. Біз қазір осылай сөйлейтін болғанбыз, шырағым, енді түсіндіңіз бе? Бұл біздің отбасында жиі қолданатын сөзіміз. Нацизмнің тұқымы тұздай құрыды дегеніміз ғой. Иә, иә, сіздің карттар да соның арасында кетті. Қарттардың одан әрі төзуге еш қауқарлары қалмаған. Бір күні таңертең ас үйде газ баллонын ашып тастап, екеуінің де уланып, көкпеңбек болып сіресіп жатқан жерінен таптық. Солай, шырақ. Сонда менің шалымның: "Өлудің басқа жолын таппады ма екен? Соншама газды боска шығындағандарын қарашы. Бұл газбен біз әлі бір ай ас пісірер едік", – деп кейіігені бар.

Бекман. (Ақырын, бірақ қатты ашумен). Тоқтатыңыз. Тоқтатыңыз бұл сандырағыңызды. Қазір мына есігіңізді іштен жауып алмасаңыз, мен өзімнің не істеп, не қоярыма сенімсізбін. Естимісіз? Сұнқылдамай, көз алдымнан жоғалыңыз. Жоғал..

Фрау Хламның ащы даусы, есіктің сарт жабылған дыбысы естіледі.

Бекман. (Ақырын). Мен бұған төзе алмаспын. Бұл соккыны көтерерлік менде дәрмен қалмады. Бұдан әрі төзе алмаймын...

Біреу. Жоқ, Бекман, қателесесің. Сен қазір ашумен жаңсақ ойлап тұрсың. Пенде баласы бұдан да өткен небір ғаламат сұмдықтарды көтерген. Сен де көтересің, корешегінді көрмей, көрге кірмейсің деген бар...

Бекман. Жоқ! Жоқ дедім ғой саған. Менің бір басыма көргендерім мен әлгі естігендерім аз деп тұрсың ба? Сен-ақ менімен тайталасып, зығырданымды қайнатып біттің-ау! Жоғал деген соң жоғал!

Біреу. Жоқ, кетпейміз, Бекман! Сенімен бірге жүремін. Сенің жүретін жолың мынау, жоғары карай баратыны. Жүр, Бекман, сол жолға түс, жүр кетейік. Жол ұзақ әлі. Жүр енді.

Бекман. О-о-о! Топас малғұн! Адам небір сұмдықтарды көтереді дейсің бе сен? Сонда сен маған естіген сұмдықтарынды

арқалап көше кезіп жүре бер демексің бе? О-ho-ho! Ауа жетпей, көкірегім қысылып барады. Қайтсем жай табамын? Әлдекімдерге соқтығып, ұрынсам ба екен? Кімге? Кімге барып соқтығайын? Кімнен барып, жанбай жатып сөнген жастығым мен аштан өлген ата-анамның кегін алайын? Кімнен өтеуін сұрайын? Кімнен? Мұны маған қалай ұмыт дейсің? Ұмытып, түк болмағандай қалай жүр дейсің? "Екеуі бірдей көкпенбек болып, сіресіп жатыр", - дейді, тап бір ит, не мысық, тауық өліп қалыпты дегендей жайбарақат. ...Әй, бірақ бүгін адам өлімі тансық болып па? Екі адам деген не тәйірі?!

Біреу. Бекман, сабаға түс. Ақылға кел.

Бекман. Сол екі адам сен үшін ең асыл жандар болса ше? Өкініші өзекті өртемейді дейсін бе? Ал басқалар үшін олардың көтерем тоқтыдай құны жоқ. Кейбіреулеріне қасіретпен көз жұмған карттардан гөрі боска кеткен газ қымбаттырақ болыпты. Ол газға әлі бір ай ас пісіріп ішуге болады екен...

Біреу. Олардың сөзін қайтесің, көніліне алма. Жүр, Бекман. Жол күтіп тұр сені. Алда ұзақ жол бар.

Бекман. Тыңдама олардың сөзін дейсің! Менде де жүрек бар ғой. Әрбір тиген соккыдан ол қансырап бебеу қағады. Кеудем кекке толып барады. Әлгі бір, боска кеткен газ үшін қинал-ғандардың түте-түтесін шығаруға бармын. Әйтсе де ол қолымнан келмейді. Айтшы, сонда не істеуім керек? Жүрегім талды, қажыдым. Бір соккыдан кейін бір соккы қалжыратты. Қайда барайын? Емін қайдан табайын? Жоғары көшемен жүрсем де, төменгі көшемен жүрсем де маған орын табылмады. Тек, Эльбаның түбіне түсіп жай таппасам, баска жерде орын қалмаған. Ата-ана Ольсдорфтегі бейіттер поселкесіне көшіп кетіпті. Ол жаққа көшкендер тек ол екеуі ғана емес қой. Кеше екі мың болса, арғы күнгісі жеті мың шығар. Ертең тағы төрт мың, бәлкім мың емес, миллион, он миллион болар. Барша әлемдегі бауырластар зиратында каншамасы жатыр? Оны кім санапты? Ешкім! Төмендегілерде оны тыңдарлық құлық жоқ. Жоғарыдағы құдайдың да оны еститіндей түрі көрінбейді. Құлағын тарс бекітіп, құдайың тас бүркеніп теріс қарап жатып алған сыңайлы. Ал төмендегілер өзімен-өзі қырық пышақ.

Біреу. Беу, Бекман! Бекман! Сабыр сақта. Өзіңді-өзің қолға ал! Біреулердің қыңыр сөзін тыңдап қайтесің. Ешкімнің сөзіне құлақ койма, Бекман. Сен қазір дүниенің бәріне противогаздың көзілдірігі арқылы қарайсың. Саған бәрі бұрмаланып, бұлдырап қиқы-жиқы көрінуі ғажап емес. Сен оны дәл сол қалпында қабылдайсың. Оның бәрі ақиқат бола бермейді. Сондықтан

ешкімді тындама. Eh, Бекман, Бекман! Біз қандай уақыттарды бастан өткізгенбіз, есінде ме? Аляска түбегінде мұзда қалған екі қыз бала туралы сығырайған білте шамның жарығымен, Кейптаунда отырып, газеттен оқып, үлкендердің қалай аһлап-үһілегендерін, көз жастарын төккендерін көріп едік қой. Баяғыда Бостонда бір бала жоғалыпты десе, Гамбургтегілер соның уайымын уайымдап түнімен ұйықтамайтын. Сол секілді баяғыда Сан-Франциколықтар Парижде ұшатын шар жарылып, бірсу құлапты дегенді естіп жағаларын ұстап, қатты қайғырыпты. Кіл аяғы, біреудің тұмсығы қанапты десе де "И-и, байғұс-ай, обал болған екен", – деп әжептәуір қапаланатындарды көзіміз көріп еді.

Бекман. Ол қай заман еді? Баяғы-да-а-а, баяғыда-а, баяғыда өтіп кеткен. Қашан? Он мың жыл бұрын шығар. Қазір ажал құшып жатқандар саны алты таңбалы санмен өлшенеді. Өлім таңсық болмай қалды. Жаманат хабар естігенде адамдар бұрынғысындай аһлап-үһлемек түгілі, шыбын шаққандай селт етпейді. Түнімен болмашы жарықпен әлдене оқымақ түгілі мылтық атылып жатса да тарс бүркеніп, алаңсыз ұйқы соғады. Әрине, ұйықтайтын жерлері барлары ғой. Әркімнің өз қайғысы басынан асады, адамдардың бірін-бірі көргенде үнсіз сырт айналатыны сондықтан болар. Ұнжырғасы түскен, жанар оты сөнген, қабақтары қатулы, жағы солған, белі бүкірейген, сорайған соқа бастары жанды көленкедей қыбырлайды. Бүгін тірілер есебінде болғанымен олар да ертеңгі өлілер санатында. Осылай өлілердің саны молыға береді. Оны санап ешкім тауыса алмақ емес. Ұзақ сандар...

Біреу. Бекман, сен ештемені санама! Ешкімді тындама!

Бекман. Қалайша санамайсың! Ол сандарда өлілер мен тірілердің ақиқаты жатса. Өлілер неден өлді дейтіні бар ма? Оқтан, оттан, судан, аштықтан, суықтан, жарылыстан, бомба түскеннен, барар жері, басар тауы қалмаған соң лажсыз мойынұсынған үмітсіздіктен, адасудан... Қайсы бірін айтып тауысайын. Ол сандар да созыла бермек. Олардың соңындағы нөлдерге біздің екі колымыздың саусақтары да жетпес!

Біреу. Қой енді, Бекман! Сен жұрттың бәрінің айтқанын тындай бермесеңші. Жүр, Бекман, жол күтіп қалды, жүр!

Бекман. Жүр, жүр дейсін. Ал, жүрдім! Сонда сенің жолың мені қайда апарады, жарқыным? Жүргенде біз қайда бармақпыз? Қазір қайда тұрмыз? Баяғы жер бетіндеміз! Гүрс-гүрс жарылған бомбадан, жарылыстан денесінің сау тамтығы қалмаған, күйіктен терісі бырысып-тырысқан жер бетіндеміз. Міз бақпаған

калпымыздамыз! Сырттай қарағанда түрімізді түк жауып, мүйіз өсіп, құйрық пайда болып, азу тісіміз алты қарыс аксиып шыкпағанмен, іштей жыртқыштан кандай айырмамыз бар? Тек екі аяғымызбен жүргеніміз болмаса. Ал айтшы, адамзат баласы, сен, Біреу. Мені қайда алып бармаксын? Қайда апарады жол біздерді? Сен бәрін іштен окып туған білгіш едің ғой, Біреу, білсеңайтсаншы! Біз кайда бара жатырмыз?

Біреу. Сен адасып жүрсін Бекман. Жүр, жоғары карай жүр, төмен түспе, сенің жолын мына жақта. Жүйкеңді жүндей тоздырып, кім не десе, соның бәрін тындай беріп кайтесін. Жол болған соң оның ойлы-кырлы, тасты-тастақты келетіні рас. Тік құлама тұстары, кілт бұрылыстары, қараңғы жерлері де болады ғой. Бірақ жол ұзақ жалғаса береді. Оның самаладай жарық шам орнатылған жеріне де жетерсің. Сол жолда саған жарқырап күн де шығар, жымын қағып ай мен жұлдызы да туар, сұлулар да ұшырасар, үмітті терезелер мен жабық есіктер айқара ашылар. Тек күдеріңді үзбе! Аз уақыт аулакта, тұманды, жауын-шашынды түні жалғызсырап тұруға тура келсе, соған бола байбалам салуға бола ма? Ерте ме, кеш пе сен өзің іздеген жан жылуына түбі бір жетесің. Жүр! Жүр, жас жігіт, шаршап-шалдыктым деген сенің жасыңа лайық сөз бе екен? Жүр, токтама! Күйрек, елжіреуік сезімге бой алдырма, сен күйреуік жанның тобынан емес сияқты едің ғой. Ешкімді, ештенені тындама.

Бекман. "Ешкімді тындама, тындама" дегеннен өзге сенің айтарын жок па тегі? Бұл сенің менің барша мұн-зарыма кайтарған жалғыз жауабын ба? Миллиондап жер жастанғандардың, тірі өліктердің, із-түзсіз кеткендердің тәлкек тағдырына немқұрайлылығын ба әлде? Сен тек "тындама", "құлак аспа" дегенді кашанғы кайталай бересің? Мен адасып жүрмін бе? Иә, жол болғаннан соң оның кедір-бұдыры, тас қараңғы тұсы, тайғақ кешуі бар болса, бар шығар! Мен үшін, бірақ көнілге үміт ұялатар, оның жарық сәулесі көрінбейді. Меніреу! Мен сол көрдей қараңғы көшеңмен ішегім бұралып, аштыктан ішім иттей ұлып, азып-тозып, аксаңдай басып кашанғы жүремін? Ең аяғы, Эльба да менен жеріп, арам астай кайтарып тастаған жок па? Енді калайша маған, ештеме болмағандай одан әрі өмір сүруді жалғастыра бер демексің? Айтшы, калай өмір сүрейін? Тым болмаса мынаған жауап берші, Біреу. Кім үшін, не үшін өмір сүрмекпін сонда мен? Ғұмырымда кандай мән калды?

Біреу. Өзің үшін, Бекман, өзің үшін. Тіршілік үшін. Сенің өз сокпағын бар, соған түсуін керек. Оның әр жерінде сиректсу болса

да жарық қылаңытады. Сен солай карай жүр. Екі жарықтың аралығындағы қараңғылықтан сен шынымен қорыққанын ба? Ай мен айдың аралығындағы өліара шақ та жауынды-шашынды, қараңғы болмайтын ба еді? Сол секілді дүние бұл да! Әлде саған әр аттаған қадамың сайын самаладай жарық орнатылған тақтайдай тегіс жол қажет пе? Оны қайдан табайын? Айтып тұрмын ғой, өліара шақ деп. Жүр, Бекман! Кеуденді сүйретіп, келесі жарыққа жет. Жүр!

Бекман. Жоқ, естимісін, жоқ! Мен ішегім ішегіме жабысып, бұралған ашпын, суықтан өне-бойым сіресіп, буындарымнан әл кетіп, аяғымды баса алар емеспін. Естимісін? Дәрменім жоқ. Сенің әуселенді көрейін, мен үшін ашылар бір есікті тауып берші. *(Жүгіріп қаз-қатар тұрған бірнеше есікті тартып шығады).* Көрдің бе, әне бәрі тарс берік. Ал менің де ыстық ас ішіп, жылы орында отырғым келеді. Енді қайда барайын? Жанымды одан сайын күйдірмей, бір уақ аузынды жапшы, заржақ. Менің жаным онсыз да қырық жамау. Елім деп, жерім деп зарығып жеткенде паналайтын жер таппай бұралқы иттей жүрісім мынау. Анамды қатты сағынып келіп едім, орнын сипап қалдым. Бір үзім қара нанға зармын. Мен ақ бауырсақ пен үлпілдеген ақ тоқашты ансамаймын. Одан үміт үзгенмін. Бір үзім қара нан – арманым. Анам тірі болғанда жалғызы үшін бір жапырақ нан табар еді ғой. Жанбыр астында қалып, малмандай су болып келгенімде, әрдайым, әуелі құрғақ жылы шұлық кигізіп, ыстық сүт, не ыстық шай ішкізуші еді. Қайран шешем! Сен тірі болғанда азып-тозып келген жалғызының құрақ ұшып, асты-үстіне түсіп, қолында барынды аузына тосар ма едің?! Мен сонда бойым жылынып, тамыр-тамырыма ыстық қан жүгіріп, бағанағы полковник секілді жұмсақ креслоға жайғасып алып, Достоевскийдің, не Горькийдің қалың томдарының бірін қолыма алып, алансыз оқуға кірісер ме едім?.. Өзің тоқ, көнілің жай болған уақытта басқа біреулердің қайғы-қасіреті, қатыгез заманда шеккен азаптары туралы оқу рахат! Бірақ маған ондай бақты кім беріпті? Мен әбден қалжырағандаймын. Ойларым да шатасып бара жатқан секілді. Көздерім де жұмыла береді. Аяғымнан әл кетіп, тізем бүгіліп барады. Қазір осы арада құлауға бармын, егер құласам, қайта тұруға әлім жетпес. Бұралқы иттей әбден титықтадым. Бұдан әрі жүруге шамам да, күлкым да жоқ. Енді тапжылмаспын. Бар жоғал! Жүр деп мені үгіттемей-ақ қой!

Біреу. Бекман, сен әбден қалжырадың, білемін. Жүр, ақырындап алға жылжиық. Жүр... Өмір тоқтаусыз. Ілесе берейік.

Бекман. Жоқ, жүрмеймін де, Достоевский ме кім еді, онынды оқымаймын да. Маған жұрттың азабын арқаламақ түгіл, өз қайғы-

касіретім де бір басыма жетіп артылады. Оқымаймын да, бармаймын да ешқайда. Мен қажыдым! Естимісің, журуге әлім жоқ. Қатты ұйқым келіп тұр. Қазір өз үйімнің табалдырығына жата кетемін де ұйықтаймын. Шіркін, өз үйіннің алдына жатып ұйықтағаннан артық не бар! Содан тұяқ серіппей бір қатармын-ау. Содан тұрмасамшы ғой.

Біреу. Ұйқыңды аш, Бекман. Жүр кетейік. Сергі, серпіл.

Бекман. Не үшін? Кімге керек мұндай итшілеген өмір. Мен өмірден сыпырылып, қатты ұтылып шыққан, жолы болмаған жанмын. Естимісің?

Біреу. Жоқ. Сен өз міндетінді аяғына дейін атқарып шығуың керек.

Бекман. Нені?

Біреу. Өз рөлінді.

Бекман. Не дедің? Өз рөлінді ақырына шекті ойнап шығуын керек дейсің бе? Бұл, міне, табылған ақыл. Ал кеттік! Ойнасақ, ойнап шығалық. Тар жол тайғақ кешуін қайда апарар екен? Бәлкім, әлдебір сұлудың құшағына тап болармыз. Үмітсіз шайтан деген.

Біреу. Бекман, ойыннан ертс шықпа. Көрешегінді көрмей, көрге кірмейсің деген. Бәрінен безініп шығуға асықпа.

Бекман. Енді ештеңе айтпа. Өмір – үлкен театрдағы ойын болғанда, біз соның майда актерлері екенбіз ғой. Ендеше басталық.

1-акт. Сұп-сұр аспан. Сұрқай дүние. Біреудің жаны байыз таппай бебеулеп ауыруда.

2-акт. Тағы сол аспан. Сол сұр дүние. Асқынған ауру.

3-акт. Кеш түскен. Төпеп жаңбыр жауып тұр. Ауру адам жанын қоярға жер таппай зыр қағып жүр.

4-акт. Қаранғы түн орнаған. Жағалай жабық есіктер. Жабық есіктер алдында жалғыз қара сенделуде.

5-акт. Тас қаранғы түн. Жабық есіктерден күдер үзген сен айдалада тұрсың. Түнгі суықтан тісің-тісіне тимей сақылдап барасың. Жан дәрмен өзенге қарай емпендей жүгіре басасың. Міне, өзен үстіндегі көпірге де шықтың. Ол Эльба ма, Сена ма, Нева ма, Есіл ме, Ертіс пе бәрібір. Басың толған шатасқан ой, ештемені ажыратып жатпайсың. Өйткені сен аш, әрі қатты тоңғаннан өліктей сұп-суық, шала-жансар күйдесің. Әлдененің суға шолп құлағаны естіледі. Су бетінде бірнеше шеңбер пайда болып, діріл қағып толқынға жұтылады. Осы кезде баяу жылжып шымылдық жабылады. Ду-ду қол шапалақтау. Бұл су түбіндегі құрт-құмырсқалар мен балықтар ғой "жем түсті, жем түсті" – деп, алақайлап қол соғып жатқан. Бар болғаны осы! Ал мұның кез-

келген театрдан несі кем? Менің ойыным осылай аяқталады. Бұдан ары ойынға мен қатыспаймын. Қара түндей қалың ұйқы басып, маужырап барамын. Ұйқы. Ұйқы ғана маған керегі.

Біреу. Ұйықтама, Бекман! Саған әлі көп жүру керек.

Бекман. Не дейсің? Сенің даусың неге алыстан естіледі?

Біреу. Оян, Бекман, оян! Ұйықтауға ерте. Жол алыс, жүруің керек.

Бекман. Сенің жолына түкіргенім бар. Онымен енді басқалар-ақ жүрсін. Сен неге алыстап кеттің? Мен сені еміс-еміс естіп тұрмын... *(керіліп есінейді)*.

Біреу. Оян, Бекман, оян!

Бекман. Гм-м... *(ұйықтап кетеді)*.

Біреу. Бекман, сен ұйықтап қалғансың ба?

Бекман. *(Ұйқылы-ояу)*. Мазамды алмашы...

Біреу. Бекман, тұр. Сен әлі де өмір сүруге тиіссің... Тұр!

Бекман. Мен енді оянбаспын, оянуға тырыспаймын да. Мен қазір керемет түс көріп жатырмын. Түс болғанда қандай?!

Біреу. Бекман көрген түсінді айтпа. Сен түсінде емес, осы өмірде қызық көруге тиіссің. Оян...

Бекман. Қайдағыны айтпашы. Менің көрген түсімнен мына дүниедегі өмірің садаға кетсін. Мен түсімде жұмаққа еніп барамын...

Біреу. Бекман, тұр деген соң тұр. Есінді жи.

Бекман. Жоқ. Мен енді тұрмаспын. Мен түсімде ғажап бір әлемде жүрмін. Мен көшеде өліп қалыппын деймін. Өкпем тыныс алмайды. Жүрегім бұрынғысынша алып ұшып соқпайды. Аяғым жүрмейді. Ұзын сөздің қысқасы, бұрынғы Бекман жоқ енді, естимісің? Мен бұдан былай ешкімнің ырқына көнбеймін. Унтер-офицер Бекман саптан шықты. Бүкіл азаптан демде арылды. Тамаша емес пе?

Біреу. Оян, Бекман, оян! Оянбасаң, серейіп қатып қаласын. Тұрып алға қарай жылжуың керек.

Бекман. Ары қарай жүргенде қай жерге шекті бармақпын? Тауға-тасқа, көлге-шөлге, әлде жер шетіне дейін бе? Жоқ, құрып кетсін! Ешқайда бармаймын. Жатамын осылай. Өлімнен бекер қорқады екенбіз. Өлімнің мұндай жаңа жайлы екенін кім білген? Денем балбырап, бойым жеңілдеп, көңілімде еш алаң жоқ, жайбарақат күйдемін. О дүниеден "жаман екен" – деп қайтып келген ешкім жоқ қой. Сондықтан оның қандайлығын білмейді екенбіз. Менің тіршіліктегі өмірім бұған қарағанда тозақ болыпты, оны кім білген. Бәлкім... менің жаным тәнімнен бөлініп, көк жүзін

шарлап та кеткен шығар. Мен өзімнің денемді сезінбеймін, қауырсындай салмаксыздық. Демек, мен көкке көтеріліп кеткенмін ғой. Әне, бір карт көрінді. Құдай деп жүргеніміз осы болмасын! Иә, иә, өте ұқсас екен! Өзінің түрі діндар шалдарға көбірек ұқсай ма, қалай?! Абыржыңқы көрінеді ғой. Шынында да, біздің сыйынып жүрген құдайымыз осы болмасын? Қайырлы күн, картым. Сен осы біздің құдайымыз емессің бе? Айтшы!

Құдай. (жыламсыраған даусыпен). Иә, пендем менің! Иә, менің азапқа жаратылған пендем, мен сенің Құдайыңмын.

Бекман. Солай ма? Сен менің Құдайым ба едің? Рахымы шексіз Құдайым! Сені Құдайсың деп таныған кім? Адамдар ма? Әлде, өзің "Мен, Құдаймын! Мен сендердің Құдайыңмын!" – деп жарияладың ба?

Құдай. Адамдар! Адамдар бір кезде мені шапағат нұры шексіз Құдай деуші еді...

Бекман. Олай болса, сені Құдай деп таныған адамдар үлкен ағаттық жасаған екен. Солай деп оларға айта бар. Олар, бәлкім, тамағы тоқ, көйлегі көп, ішкені алдында, ішпегені артында, асып-тасып жүргендер шығар. Сені рахымды деп, бәлкім, қайғы-мұны, ештенеге мұқтажы жоқтар айтқан шығар, не ессіз ғашықтар, не көңілі байлыққа бірленген, тоғайған жандар айтуы мүмкін. Не болмаса, арамнан мал жинағандар, бар жиған-тергендерінен ажырап қалмауы үшін түнімен саған жалбарынып та айтуы мүмкін. Рахымды Құдай! Ха-ха-ха! Мен олай деп айта алмаймын. Мен сенің рахымшылығыңды көргенім жоқ. Естимісің сен, рахымды Құдай.

Құдай. Менің адаскан пендем...

Бекман. Сен қай уақытта рахымды болып едің, құдіреті күшті Құдай? Менің бір жасқа енді толған құртакандай ұлымды ысқырған бомба күл-талқан еткенде сен қайда қарадың? Рахымдылығыңды неге танытпадың? Дүние есігін енді ашкан, күнәдан пәк сәбидің жанбай жатып сөнуіне неге жол бердің? Жауап берші, қанекі?

Құдай. Оның өліміне мен әмір берген жоқпын.

Бекман. Әрине, әмір берген сен емес. Бірақ, сен Құдай болсаң, оған неге жол бердің? Сен оның жылағанын, бомбаның гүрсілін естіген жоксың ба? Рахымды Құдай, өзің айтшы, бірінен соң бірі бомбалар, гранаталар жарылып жатқанда сен қайда болдың? Көкте жайбарақат қарап отырдың ба? Менің он бір қарулас достарым барлаудан оралмаған кезде сенің шапағатшыл рахымыңды неге көрмедік. Он бір боздактың өмірі қиылғанда, сен қайда карап жүрдің? Ол, он бір бейбақ орыс орманында адасып,

түнімен сенен жәрдем тілеп, зар илегенде неге естімедің? Неге олардың даусы саған жетпеді? Айтшы? Сталинград түбінде біз коршауда қалғанда, сен қайда қарадың, рахымды Құдай? Сен бізге қашан шапағатты болып едің? Біз туралы, тым болмаса, бір рет ойлап көрдің бе? Әй, қайдам?..

Құдай. Маған бәрінің өкпесі қара қазандай. Апыр-ау, бәрінің кінәсін маған артатындары несі? Пенделер менің айтқаныммен жүруді баяғыда қойған. Маған ешкім де сенбейді. Айтқаныма иланбайды. Сен де сенбейсің, басқалар да сондай. Менімен ешкімнің ісі жоқ. Сенің де маған мұқтаж болып тұрғаның шамалы. Өйткені көкірегінде Құдайға деген сенімің жоғалған.

Бекман. Ah, Құдай, сенің мына бүлінген әлем жайлы өзі хабарың бар ма? Кімнің кімде ісі бар екен мына қалаймақан заманда? Сен қартайып қалған екенсің, Құдайым. Сенің жер бетіндегі қазіргі сойқандарды білмейтінің көрініп тұр. Қарыштап дамыған қатыгез уақытта сен ол қарқынға қалай ілеспексің? Сен бізді, біз сені анықтап танымаймыз. Сен біздің бала кезіміздегі ертегілеріміздің деңгейінде қалғанға ұқсайсың. Бізге қазір басқа Құдай керек. Біздің мынау құдайсыз бей-берекет тіршілігімізге қаһарлы, үні өктем, құдіреті күшті Құдай керек шығар. Жаңа Құдай! О, біз сені қайдан іздемедік? Бомба мен гранаталар ойып кеткен шұңқырларда ынырсып жатып та, көзге түртсе көргісіз түндерде елсізде жүріп те, әр күнгі шабуыл алдында да анамыздан бұрын сенің атыңды ауызға алып, жалбарынатын едік. Түнімен сені іздеп жылап-еніреп зар иледік қой. Сонда сен, рахымды Құдай, қайда болдың? Неге естімедің бізді? Бүгін сен қайдасың? Сен бізден неге теріс айналдың? Әдемі, көне шіркеулердің қабырғасына суреттеріңді салдыртып қойып, өзің қайда жоғалып кеттің? Сенің құдіретті күшің қайда? Шіркеулердің сынық терезелерінен, әлде біздің зарымыз саған жетпеді ме? Айтшы, рахымы шексіз Құдай, сен қайдасың?

Құдай. Менен теріс айналған менің пенделерім ғой, мен олардан бір сәт те теріс айналған жоқпын. Сендер, сендер менен бас тартқан. Мен бүгінде құдіретіме ешкімді сендіре алмаған пұшайман Құдаймын. Пенделерім менен тегіс теріс айналған. Құдайдан қорықпайды. Бас-басына өздері бір-бір Құдай.

Бекман. Олай болса, сен бара ғой, Құдайым! Менің ақырғы сәттердегі әдемі әсерімді бұзбашы. Бар, бара бер, сен Құдайдан гөрі жылауық шалға көбірек ұқсайсың. Сенікі құр сөз... Сенің бос сөзің кімге керек. "Менен бәрі теріс айналды", – дейді тағы өзі. Кімнен кім екен теріс айналған. Сен бе менен теріс айналған, әлде

мен бе сенен теріс айналған, бұл өзі даулы. Мен білсем, сен баяғыда өліп қалған боларсың. Сен мықты болсаң, бізбен бірге жалаң аяқ жар кешіп, қызыл аяқ қар кешіп, суықта дірдек қағып аштан-аш түнімен көше кезіп жүріп көрші, Құдайым. Пенделердің тарткан азабын сен де тарт. Жүр, көр! Көргің келмейді екен, қаранды батыр, жылауық шалым. Шіркеулердің қабырғасына барып, суретке айналып тұра кал. Жерге түсіп нең бар?!

Құдай. Менің күнәкар пенделерім, мені айыпқа бұйыра көрмендер! Мен дүние жалғанды өзгерте алар емеспін. Ештенені де өзгерте алмаймын...

Бекман. Сенің шаман солай болып тұр ғой. Сен ештене өзгерте алмассың. Біз сенен қорыкпаймыз. Қорыкпаған соң сыйлаймыз. Құдай екен деп табынбақ түгілі, көзге де ілмейміз сені. Сенің күнің өткен. Өйткені сені шіркеудің жалған табынушылары тоздырған. Білдің бе? Сен ескіргенсің, өзіннің сыртқы түр-түсің де, сәнің де әбден азып-тозып кетіпті ғой. Дауысың да өлімсіреп әрең шығады. Бүгінгі біздің улы-шулы азан-қазан заманға сенің үнің еш сәйкеспейді. Сені ешкімнің естімеуі содан.

Құдай. Иә, менің үнімді ешкім естіп жатқан жоқ. Сендер айқай-шуы мол дүрмекті топ екенсіндер. Дауыстарың тым өктем-өктем шығады. Мені қайдан естірсіндер?

Бекман. Себебі сенің үнің бітіп, дауысың шыкпай калған. Бар, картым, бар. Шіркеуіне барасың ба, кайда барсаң сонда бар. Бір-бірімізді бәрібір естіп жатканымыз жоқ, кеткенің жөн. Қайкай, тек аласапыран аяқталғанша бір куыс тауып кіріп ал, не калың ағаш арасына барып паналай тұр, тым болмаса мына киіміндi ауыстыршы. Әйтпесе, пенделер бұл жалғанның бар кінәсін саған аударулары ғажап емес. Қараңғыда ойлы-қырлы жерлерден байқап жүр. Аяк астың толған канка сүйектер мен мүрделер, сүрініп, кұлап калма. Әдеттегідей, кұлағыңмен коса мұрыныңды да бітеп ал. Өліктердің колканы кабар күлімсі иісі бар! Сосын теріс карап тас бүркеніп алып, тастай катып, алансыз ұйкы сок. Қайырлы түн!

Құдай. Басқа киім ауыстырып ки, не диуана болып меніреу орманды шарлап кет деймісің? Талайсыз туған менің пенделерім! Азапка жаратылған пенде, сен де сау тұр.

Бекман. Бар, енді бар! Қайырлы түнде бол!

Құдай. Баксыз, баянсыз пенделер *(кетеді)*...

Бекман. Басқаларымызға қарағанда, карттарға бәрімізден де киындау тиеді-ау. Олар мына аласапыран заманға еш бейімделе алмаса керек. Көше кезіп, тентіреп жүрген жалғыз біз емес екен. Құдайың да қаңғырып калған көрінеді. Оған да ешкім есік

ашпайды. Тек ажал, ажал ғана бізге аузын арандай ашатын. Жүр соған барайық.

Біреу. Ажал қақпасынан басқасын айтпайсың ба, Бекман. Өмірдің жолы сан тарау. Сен ашпаған есіктер көп әлі, жүздеп табылады. Ажал табалдырығының арғы жағы гүлжазира иранбақ деп саған кім айтты?

Бекман. Иранбақ, иранбақ дейсің, сол иранбақтың есігін бұл тіршілікте маған кім ашыпты?

Біреу. Өмір ғой! Өмірдің өзі бәрін өз орын-орнына қояды. Тек, сәл шыдамдылық танытуың керек. Жүр, сен алға қарай бассаңшы, кері кетпей.

Бекман. Жүре алар емеспін. Сен немене, менің өкпемнің сырылын естімейсің бе? Ср-р-р, ср-р-р, ср-р-р! Аяғымнан тұра алмаймын.

Біреу. Тұрасың! Тұрғанда қандай! Сырылдаған ешқандай сенің өкпең емес.

Бекман. Енді не? Естімейсің бе? Тындашы өзің: ср-р-р, ср-р-р, ср-р-р, Бұл не?

Біреу. Ол сыпырғыштың дауысы. Әне, көрмейсің бе, көше сыпырушы өтіп барады. Сырылдап бара жатқан соның сыпырғышы емес пе? Сенің өкпең аурудан ада. Ешқандай сырылы да, қырылы да жоқ. Не болса, соны өзіне жапсыра бермесеңші. Сенбей тұрсың ба, жөндеп тыңдасаңшы. Көшедегі дыбыстан өз дем інді ажырата алмай не көрінді!

Бекман. Сыпырғыштың дауысы тура өлейін деп өкпесі қырылдап-сырылдап бара жатқан адамның демалысындай екен. Көше сыпырушының шалбарындағы жалпақ қызыл жолақты қара! Бұл көше тазалағыш-генерал болды ғой. Неміс генералы көше сыпырып жүр! Ср-р-р, ср-р-р, ср-р-р! Оның даусы тура өлетін адамның өкпесінің сырылындай. Айнымайды! Әй, көше сыпырушы, тоқта!

Көше сыпырушы. Мен көше сыпырушы емеспін.

Бекман. Енді кімсің?

Көше сыпырушы. Өліктер мен өлексені жерлеу институтының қызметшісімін. Біліп қой! Ср-р-р! Ср-р-р! Ср-р-р!

Бекман. Түсінікті. Сен көше сыпырушының бейнесіне енген ажал жендеті болдың ғой?

Көше сыпырушы. Дәл таптыңыз мырза! Нақ өзі! Бүгін – көше сыпырушысы. Кеше – генерал. Ажал тажалы қызмет таңдамайды. Өлік қай кезде де өлік! Бүгіндері өлік деген тіпті аткопір. Мұндай жауапты қызметті қайдан табарсың? Кешегі

күндері мұншама өлікті майдан даласынан ғана кезіктіруші едік. Оларды ақырғы сапарға ксилофон үнімен шығарып салатын. Енді көшеде де шашылып жатыр. Тек сыпырып-сыпырып жинай бер. Ср-р-р, ср-р-р, ср-р-р!

Бекман. Өлім сыпырғышы өз қызметін мүлтіксіз атқарып келе жатыр де: ср-р-р, ср-р-р. Генералдан көше сыпырушысына айналған екенсің ғой. Өлімнің де қадірі кетті десенші.

Көше сыпырушы. Кеткенде қандай? Ештененің де құны қалмады ғой. Бұрынғыдай отшашу атылмайды, жерлеу маршы ойналмайды, қаралы жиын ашылып, қаралы сөз айтылмайды. Бастарына ескерткіш белгі қойылмайды. Қадірі кетті. Сыпырғыш тек сыпырып-сыпырғанды ғана біледі. Ср-р-р, ср-р-р, ср-р-р.

Бекман. Сен кетіп барасың ба? Асықпасаңшы. Мені де сыпырып ала кет. Мен де өлікпін. Бүгін болмаса, ертең өлетінім анық, тірі өлікпін, сыпыра кет мені де. Мені ұмытып барасың ғой.

Көше сыпырушы. Мен ешкімді де ұмытпаймын. Кезі келгенде сені де сыпырып алып кетемін. Әзірге менің ксилофоным "Ежелгі жауынгер достар" маршын ойнап жатыр. Тындай тұр. Менің сыпырғышым ағат кетпейді, кезегін келгенде жаныңды шырқыра-тып тұрып, сыпырып аларыма шүбәланбай-ақ қой.

Бекман. Ажал, ажал, сен менің тұмсығымның дәл алдында қақпаңды неге жаптың? Аш, қақпаңды ашып қой. Мен саған бара жатырмын. Ажал, сен қайдасың?

Көше сыпырушы. Ажалдың есігі әрдайым ашық. Айқара ашық. Күндіз де, түнде де, әр уақытта да. Ашық күні де, бұлтты күні де, тұманды түндерде де келе беріңдер. Есігіміз әрдайым айқара ашық. Мен адам таңдамаймын. Маған бәрібір, әрқашан қызметтеріңізге әзірмін, ләббай тақыр! Ср-р-р, ср-р-р, ср-р-р.

Сыпырғыш үні ұзай береді. Біртіндеп басылады.

Бекман. Кетіп қалғанын қарашы. Естимісің, менің өкпем де қалай сырылдайды? Тура асфальтті сыпырған сыпырғыштың сырылындай. Ол көше сыпырушының аты – ажал генералы ғой. Ол есікті айқара ашып тастаймын деді емес пе? Өкпем сырылдап соған жетейін.

Біреу. Бекман, тұр. Ұзақ жатып қалдың. Тұр да терең-терең дем ал. Сергі. Ұйқыңды аш!

Бекман. Мені ұйқы емес, өлім жеңіп бара жатқандай. Естімейсің бе, өкпем қалай-қалай ысылдап, сырылдайды.

Біреу. Сенің өкпеңе дәнеңе де болған жоқ. Ол сырылдаған сыпырғыш. Мемлекеттік қызметшінің сыпырғышы. Ұқтың ба?

Бекман. Мемлекеттік қызметші?

Біреу. Иә! Ол өз жөніне кетті. Тұр енді. Терең-терең дем ал, есінді жина. Сергі, сенің алдында келешек өзінің барша бояуларымен жайнап мың сан есігін айқара ашары даусыз.

Бекман. Маған соның біреуі ғана жетер еді. Әлгі ажал сыпырғышы маған сен үшін есігіміз қашан да ашық деді емес пе? Тек сол есік керек маған. Соған жетсем болды.

Біреу. Тұр деген соң тұр! Оян! Саған шым-шытырық түс кірген ғой. Сен ажалды түсінде көрген боларсың. Шапшаң тұр. Жаман түстің әсерін бойыңнан сілкіп таста. Серпіл!

Бекман. Жоқ, тұрмаймын. Осылай, өз есігімнің алдында өлгенше, далада жата беремін. Әлгі көрген түсімнің әсерінен арылғым келмейді. Ол бір ғажап, тамаша түс еді. Бекер ояттың. Менің түсіме көп нәрсе кірген еді. Анық есімде қалғаны – сиқыр сыпырғышы бар көше сыпырушы. Сыпырғышы – ажал қаруы. Оның сыпырғышы тура менің өкпемді сырылдатып сыпырғандай. Өлімші етіп сыпырды ғой. Ол маған ажал қақпасы шалқасынан ашық жатыр деп кетті. Мен үшін ашық есік сол ғана. Көше сыпырушы өте әдепті, қайырымды, сүйкімді кісі екен. Ажал болып бетіне күліп карайды. Тек менің қасымнан тез өтіп кеткенін қарашы. Қап!

Біреу. Бекман, оян! Сен жаман шытырман түс көріп жатырсың. Тұр! Жолыңды ары карай жалғастыр. Өмір ұзақ. Жақсылы-жаманды талай дүние көресің әлі.

Бекман. Өмір сүріп керегі не? Ақыры өлетін болған соң, ерте ме, кеш пе бәрібір емес пе? Оның үстінде менің көшеде тірі жатқаным да өмір болып па? Мұндай өмірден әдемі түс көріп жатып, өліп кеткеннің өзі артық.

Біреу. Беу, Бекман-ай! Бекман! Қалай түсіндірсем екен саған? Сенің де ел қатарлы өмір сүруің керек, білдің бе? Әне, карасаңшы жақсы да, жаман да жанталасып тіршілік жасап жүр ғой. Олардан сенің нең кем? Сен де ұмтыл! Тырыс! Тырмыс! Өмірдің жалына жармас! "Ұстаған жерде қолым, тістеген жерде тісім қалсын", – деп жаныққан жұрттан сенің кай жерің кем? Айтшы өзің!

Бекман. Жұрт дейсің! Сол жұрт дегенің кім? Полковник пе? Сауыкхана директоры ма? Әлде Фрау Хлам ба? Сен маған солармен бірге былыққа белшеннен бат демексің бе? Одан да менің әдемі түстей ғайыптан өлгенім артық. Олар басқа әлемнің тұрғындары. Менің оларға үш қайнаса да сорпам қосылмайды. Олардың әлемінің заңы басқа! Олар мені қатарларына қоспайды. Олар тірі адамның қанын соратын қансорғыштар ғой. Мен солармен кездескеннен кейін қатты қансырап шыққан жоқпын ба?

Біреу. Бекман, бұның әділеттілік емес!

Бекман. Мен жалған айтып тұрмын ба? Оларды жауыз емес деші. Олар да, сеніңше, парасатты, қайырымды жандар екен-ау?

Біреу. Сен оларды жақсы білмейсің ғой. Олар да кәдімгідей-ақ абзал жандар.

Бекман. О, олар да ізгі жүректі, мейірімді жандар болды ғой. Тек, сол ізгі пейілдерімен менің жанымды аяусыз жаралағаны батады. Өлердей қорлағандары естен кетпес. Кеудемнен итеріп тастап, есікті тарс бекітіп алғандарын қайтпекпін, сол да рақымдылық болып па? Олар барып тұрған қатыгез жандар, жамандыққа еттері әбден үйретіп кеткен. Олар менің өлігімнің қасында отырып, ішіп-жеуге, той тойлауға, а-ха-халап күлуге бар. Менің өлімім оларға шыбын шаққан құрлы әсер етпес.

Біреу. Бекман, сен тағы қызбалыққа салынып, ғайбат айтып тұрсың. Сөзінді қайтып ал!

Бекман. Жоқ, қайтып алмаймын. Мен турасын айтып отырмын. Сенбесең, өзің қара да тұр. Менің сөзімнің ақиқатына көз жеткізуіне көп қалған жоқ. Есінде болсын, ол адамдар бәріне де немқұрайлы енжар. Олар менің өлігімнің үстінен міз бақпастан аттап жүре беруге бар. Сол кезде олардың бетінің бір тамыры да, жүйкесінің бір талшығы да бүлк етпесіне бәс тігемін. Өйткені олар безбүйрек. Менің сөзімнің растығына түбі көзің бір жетер.

Біреу. Бекман, сен әлі өліп көрген жоксын ғой, оны қайдан білесің? Ешкімнің де сенің өлігіннің үстінен аттап өтпесі хақ. Өйткені олар да ет пен сүйектен жаралған, оларда да қолқа-жүрек, өкпе-бауыр бар. Олар да өкінеді, күйінеді, аяй біледі, Бекман. Өлім көрсе, олардың да түнімен дөңбекшіп ұйықтай алмасы белгілі. Қырық жыл қырғында да адамда адамгершілік жұрнағы тамтұмдап болса да сақталады. Ол – ақиқат. Әлдебіреулерге бола сен көпке топырақ шашпа.

Бекман. Сен қатты қателесесің, достым! Қара да тұр. Дәл осы адамдардың менің өлігімнің қасынан селт етпестен өтіп кеткенін әлі көзіңмен көрерсің. "Адам бір бок, бок көтерген боктың қабы, - деп, шығыстың ұлы данышпаны айтпақшы, – өлсең, сасық боларсың, боктан ары". Сосын олар аузы-мұрындарын тұмшалап жауып алып, жылдам өтіп кетуге тырысады. Кейбіреулері көрмеу үшін тіпті көздерін де жұмып алар.

Біреу. Түк те олай емес, Бекман. Өлікті көргенде кімнің болса да денесі түршігетіні рас. Ол сені жек көргеннен емес. Шартты рефлекс.

Бекман. Шартты рефлекс, тоқтай тұр. Қара! Әне, біреу келе жатыр. Сен оны ұмытпаған боларсың. Бұл – өзінің ескі костюмін

маған кигізіп, мені қайта туғызып, басқа адам жасағысы келген полковник мырза. Мені өзінің ескі костюмін кигенде адам болып кетеді деп қатты сенген көкеміз. Полковник мырза! Полковник мырза!

Полковник. Тфу, қарақ батқырлар! Қайыршы-тіленші дегендер, баяғысынша тарақандай қаптап кеткендерін қарашы! Қайдан шығып жатыр?

Бекман. Соны айтсаңызшы, полковник мырза! Тура баяғыдағыдай өріп жүр. Қайыршылардың өз тегі, өз әулеті бар, содан өрбиді ғой. Бірақ мен қайыршы емеспін, полковник мырза! Мен суға кеткен адаммын. Мен қашқынмын, өмірдің қашқан қашқынмын, полковник мырза. Мен жер үстінде жүруден, үнемі біреудің бұйрығын орындаудан қажып шаршаған солдатпын, полковник мырза. Біліп қойыңыз, мен қайыршы емеспін! Бәлкім есінізге түсер, кеше мені унтер-офицер Бекман деп атайтын. Бекман. Мен жаны жұмсақ солдат едім ғой, полковник мырза, есінізде ме? Менің мінезімде, рас, қаталдық жетіспеді, жұртқа айқайлап, ақырып бұйрық беру қолымнан келмеді. Сол үшін адамды жазғыруға бола ма? Иә, ертең кешке қарай мен Бланкенездегі жағажайда ісіп-кеуіп борсыған өлік болып жатармын. Бұдан өткен талайсыз тағдыр болар ма, полковник мырза? Әй, жоқ шығар! Ал осыған, полковник мырза, сіздің қатысыңыз бар. Иә, иә, сіздің кінәныздан. Менің қаным да сіздің мойныңызда, полковник мырза. Екі мың он бір оған Бекманды қоссаңыз, сонда екі мың он екі болады. Екі мың он екі аруақ, полковник мырза, көптеу емес пе? Екі мың он екі аруақтың түнгі елесі сізді шошытпай ма?

Полковник Мен сізді мүлде танымаймын, қымбаттым. Бекман дегенді өмірі көрген де, естіген де емеспін. Сіздің өзі әскери шеніңіз қандай еді?

Бекман. Полковник мырза, сіз тым ұмытшақ екенсіз. Мен противогаздың көзілдірігін киген, кенес лагерінен шыққан, аяғы ақсақ, азып-тозған сіздің солдатыңыз емеспін бе? Полковник мырза, унтер-офицер Бекманмын!

Полковник Жоқ, жарқыным, мен төменгі шендегілерді білмеймін. Оларды тани беру менің міндетіме жатпайды. Олардың өзі бір-бірінен айырғысыз кілен топас тобыр болып келеді. Шетінен бірмойын, айтқандарынан қайтпайтын өсиетшіл, соғыска жан-тәндерімен қарсыласып, қызыл кеңірдек болып сөйлеуді ғана білетін көкезулер. Түптің түбінде өздерін жазым ететіндер де осылардан шығады. Сіз де соның біреуі боларсыз. Әлі суға кеткен жоқсыз ба? Мен білсем, сіз соғыстан мыы шайқалып, бір-екі шаригі

орнынан тайған адамсыз. Өзініздің жолыңыз болмағанын басқадан көріп, енді жұрттың басын қатырып жүрсіз. Сіздің мына түрінізге қараған адамның аза бойы қаза болады. Сізбен сөйлеспек түгіл қарауға құлқым жоқ.

Бекман. Білемін, полковник мырза, білемін, ісіп-кеуіп кеткен өліктерді көру жан түршіктіреді. Бүгінгі күні олар өте көп, әрі таңсық емес. Ал, полковник мырза, сіз өзіңіздің осы жапатармағай қаптаған өліктерге тікелей қатысыңыз бар адам екенінізді білесіз бе? Сіз қанішерсіз. Соны біле тұра қалайша түк көрмегендей болып жүретініңізге таңғаламын. Бұл, полковник мырза, көңіл күйіңізге еш әсер етпей ме? Өзіңіздің кісі өлтіруші екенінізді сезінетін шығарсыз.

Полковник Қалайша? Мен түсінбедім. Менің анкетам таптаза. Мен сүттен ақ, судан таза, кіршіксіз адаммын. Сіз өзі қалай-қалай сөйлеп тұрсыз?

Бекман. "Сүттен ақ, судан таза" полковник мырза. Сіз мені қатты қорлап, мазақ еттіңіз. Өткен жолы үйіңізге барғандағы қорлағаныңыз етімнен өтіп, сүйегіме жетті. Сондағы күлкіңіз әлі құлағымда тұр. Тірідей өлтірдіңіз, одан да майдан даласында оққа ұшқаным жақсы еді. Сол қорлығыңыз жаныма батып кетті.

Полковник (ешнәрсе түсінбеген кісіше менмендікпен). Солай де! Егер біле білсеңіз... Сіз бәрібір өлуге тиістердің қатарында болатынсыз. Мен сіздің осы уақытқа дейін қалай тірі жүргенінізге таңмын! Ал, сау тұр! Бүгін болмаса, ертең азып-тозып өзің-ақ өлерің сөзсіз.

Бекман. Қайырлы түн, полковник мырза. Айтқан шындығыңа рахмет! Естідің бе, Біреу? Маған баяғыда-ақ үкім шығарылып қойыпты. Мен майдан даласынан оралмаған мың, миллиондардың бірі болып сонда қалуым керек екен. Енді тезірек өлуім ғана қалды.

Біреу. Бекман, оян. Сен тағы шытырман түс көріп жатырсың. Әлгінің бәрі түсің. Адамдар ондай қатыгез емес.

Бекман. Маған адамдардың мейірбандығын дәлелдеймін деп-ақ сенің тамағың қарлықты-ау. О, сонымен сенің айтқаның рас, адамдар мейлінше ізгілікті мейірімді екен. Тек ара-арасындағы құдай атқандарына бетпе-бет кезігіп қалатынымыз болмаса. Оларға барып соғылатын кінә өзімізден. Мұның бәрін мен түсімде көріп жатырмын. Менің де адамдарға әділетсіз болғым келмейді. Жаппай жала жабудан аулақпын. Тек олардың әртүрлі екенін өзің де жоққа шығармассың. Мәселен, екі адамды алып салыстырайық. Біреуі полковник делік, келесісі төменгі шендегі біреу. Полковник тоғайған, кеудесіне нан пісіп, өзіне ешкімді теңгермейді, дені сау,

ұйқысы түзу, өзіне бек сенімді. Жегені сарымай мен уылдырық. Киімнің оңдысы, үйдің жақсысы, әйелдің сұлуы соныкі. Ал екіншісі ше?

Біреу. Бекман, тұр. Осы ұйықтағаның да жетер. Жылдам тұрып, есінді жина! Жата берсең, неше түрлі жаман түс көре бересің. Сенің өніндегін мен көрген түстерің мидай араласып шатасып кетті.

Бекман. Сен, менің сөзімді бөлме! Ал, екінші біреулердің күні ше? Олар ішер аска, киер кнімге жарымай жүреді. Өні түзу жейде де кимей өтеді. Кешке оларды мамық тосектің орнына жертөледе ескі-құсқы төсеніш тосып тұрады. Әйелдің әсем күлкісімен ерке назының орнына ары-бері жорыткан егеуқұйрықтардың ысылы мен шиқылын естіп жатып түндерін өткізеді. Жоқ, адамдардың қайырымды, рахымды екеніне дау бар ма? Тек, олар әртүрлі, бір-бірінен өте алшақ екені несі! Кереғар дүние!

Біреу. Бекман, адамның жаманы жоқ. Олар алдын болжап біле алмайды. Біреудің ішіндегісін де ойлап таба алмайды. Ондай қасиеттен ада. Ал, жүректері жұмсақ. Өзің үніліп қарасаң, көрер едің. Оларға, мына асты-үстіне шыққан алағай да толағай заман, жүректерін ашық ұстауға мұрша бермей жатыр. Бәрі томаға тұйық, бойларын жиып, түйіліп алған. Жүрек көздері жабылып қалған. Адамдардың бәрі қатыгез емес, сен осыған сенші.

Бекман. Әрине, бәрін жаман деген кім бар. Жалпы алғанда ізгі мейірбан қасиеттері мол. Тек сол мейірімдері тым арырақ жасырынған секілді. Тым арыда бүркемеленіп жатса керек. Әйтпесе, олардың бәрін мүлдем мейірімсіз деп жатқан жоқпын ғой. Тек әртүрлі! Біреуі ақ, біреуі сұр дегендей. Бірінде мұнтаздай ақ шұға ішкиім бар, біреуі жаланбұт. Ол біреулер мен секілді суға ағып өлудің тізімінде тұрғандар. Қатардан шыққан унтер-офицер, адам қатарынан шыққан.

Біреу. Тұр, Бекман, тұр! Сен тағы түс көріп, шатасып жатырсың. Тұр, тіршілік қамын жаса. Жүр, сені алда талай қызық күтіп тұр. Адамдар сен ойлағандай қатыгез емес, мейірімді.

Бекман. Олар менің өлігімнің қасынан сағыз шайнап, былш-былш түкіріп, күліп-ойнап кетіп барады. Сенің парасаты мол, ізгілікті деген адамдарыннын менің өлігіме осылай түкіргені бар.

Біреу. Бекман, оян, тұр. Сен жағымсыз түс көріп жатырсың. Оян, ұйқыңды аш!

Бекман. Иә, менің түсіме небір сұмдықтар кіретін болып жүр. Әне, түсімде маған сауыкхана директоры келе жатыр. Қалай, ойлайсыз, одан сұхбат алсам ба екен?

Біреу. Жүр, Бекман, жүр! Басқалар секілді сен де күнінді көресің. Көше толы қызық думан. Жұртқа қосыл, ел қатарлы өмірінді жалғастыр.

Бекман. Ел қатарлы өмір сүр, жұртқа қосыл дейсің. Кімге барып қосылайын? Полковникке ме? Атай көрме...

Біреу. Басқалар сияқты дегенім ғой, Бекман. Басқалардан сенің нен кем? Сен де өмірге талпын!

Бекман. Сонда қалай? Тойхана директорымен әмпей-жәмпей болайын ба?

Біреу. Оның несі бар екен? Онымен де, басқалармен де ымыраласып, күнінді көруге тырыс.

Бекман. Жақсы, бұның да тамырын басып көрейін. Сәлем бердік, директор мырза.

Директор. А, а? Не дейсіз?

Бекман. Сіз мені танымадыңыз ба?

Директор. Жо-жоқ. Дегенмен, шырамытқандаймын. Тоқтай тұрыңыз. Сіз әлгі противогаздың көзілдірігін киген, орыс орманынан шығып келген, ескі шинельді солдат екенсіз ғой. Иә, иә, есіме түсті. Ән салуға талаптанып жүрген талапкер! Атыңыз кім еді?

Бекман. Бекман.

Директор. Тура! Енді не керек!

Бекман. Сіз сонда мені өлтіріп тынғансыз, директор мырза.

Директор. Сіз мұндай қалжыңды байқап айтыңыз, қымбаттым. Өлсеңіз бүйтіп сайрап отырмас едіңіз ғой.

Бекман. Иә, сіз сол жолы қорқақтық таныттыңыз. Сол арқылы өз арыңызға, шындыққа қарсы әрекет жасадыңыз. Өнер жолын жаңадан бастамақ болған жастың алдын кесіп, қызметке тұруына тосқауыл жасадыңыз... Сөйтіп, тастай суық сулы Эльбаға ағып өлуіне себепші болдыңыз. Маған ол жұмыс сондай керек еді. Көп жерден тауым шағылып келгенде менің соңғы үмітім сізде еді. Мен неше күн нәр сызбаған аш едім. Ал, сіз болсаңыз дәл тұмсығымның алдында есікті тарс жауып, үмітімді шорт үздіңіз. Ең ақырғы үміттен айрылған соң менің Эльбаға қойып кетуден өзге амалым қалмаған еді, директор мырза. Енді түсіндіңіз бе?

Директор. Жарқыным, сіз тез әсерленгіш, тым сезімтал жігіт болармысыз. Әйтпесе, соған бола есі дұрыс кісі Эльбаға қойып кете ме екен?

Бекман. Солай болғаны рас еді, директор мырза. Мен сол күні мұздай суды армансыз-ақ қылқылдатып жұттым. Өмірімде бір рет қара суға болса да лыпа бір тойған шығармын. Трагедиялық

комедия емес деңізші енді осыны. Сіздің сахнаға тура сұранып тұрған жоқ па? Шансонье! Осы заманның кертолғауы: өлгенше бір ұмытпастай, қара суға тойған шерменде.

Директор. (әсерленген, бірақ немқұрайлы). Бұныңыз ешқандай көңілге сыймайтын айыптау ғой. Сіз, сірә, бәрін көңіліңізге жақын, өткір қабылдайтын, тым шамшыл жігіт боларсыз. Сіз еш жерден орын таппағансыз, жолыңыз болмады. Сіз шындық-шындық деп өзеуреп, қайдағы бір сұмдықтарды тізбелеп соктыңыз. Ондай өленіңізбен менің сауыкханама көңіл көтеруге келгендерді тырым-тырақай куып шығарыңыз сөзсіз еді.

Бекман. Сосын, менің тап тұмсығымның алдында есікті сарт жауып, бекітіп алдыңыз. Ал төменде мол сулы Эльба ағып жатты...

Директор (баяғысынша немқұрайлы). Эльба, иә, ол бізге жақын. Соған қойып кеттің. Сонымен бәрі тәмам болған екен ғой. Итшілеген қайран жас өмір! Шыр айналған тіршілік тегершігінің астына басылып-жаншылып, жапырылып, доңыздай шыңғырып кала берді. Көңілсіз көрініс. Дегенмен өзің әзіл-оспақтан құралакан емес екенсің. Қара суды өлгенімше бір канып іштім дейміз бе? Егер біздің бәріміз осындай сезімтал болсак кой...

Бекман. Бірак біз бәріміз бірдей ондай сезімтал емеспіз ғой, директор мырза. Ондай бақыт әркімнің мандайына жазыла бермейді, Ілуде біреуге бұйырар...

Директор (бұрынғы әуенде). Құдай куә! Мен сізді Эльбаға итерген жоқпын. Ал, сіз, өзініздің сорыңыз неде екенін білесіз бе? Білмесеңіз, мен айтайын: сіз ең төменгі сатыдағы – жаманшылықты, кем-кетікті аксандап жинап жүретін миллиондаған жарлы-жақыбайлардың бірісіз. Ақыры сол жинаған жамандықтардың салмағын көтере алмай суға кететіндердің катарындасыз. Ол Эльба ма, Шперей ме, Темза ма, Есіл ме, Ертіс пе бәрібір. Ағып өлсе болды. Әйтпесе, көңілдеріңіз жай таппайды.

Бекман. Оған сіздің жәрдеміңіз де аз болған жоқ, директор мырза. Мені тезірек құлату үшін артымнан бір тептіңіз ғой.

Директор (бажалақтап). Бұныңыз, міне, барып тұрған жала. Оған ешқандай дәлелініз жоқ, білдініз бе. Бұған қылмыс заңында арнайы бап карастырылған. Сіз трагедиялық рольдер үшін жаратылғансыз. Басыңыздан өткен сұмдықтар да жетіп артылады. Өнер жолын енді бастаған жастың балладасы: противогаз көзілдірігін киген жігіттің суға кету жыры. Әттең, мұны менің көрермендерімнің түсінбейтіні өкінішті! Өте өкінішті... Әйтпесе сахнаға сұранып тұрған материал... *(Кетеді).*

Бекман. Қайырлы түн, директор мырза! Естідің бе, Біреу? Осыдан кейін де сен маған полковникпен, болмаса сауықхана директорымен ымыраласып, түк болмағандай өмір сүре бер деймісің? Қайсымен? Полковникпен бе? Директормен бе?

Біреу. Бекман, сен ұйықтап жатырсың. Оян!

Бекман. Демек, олар менің түсіме кірген екен ғой? Әлгінің бәрі түс десеңші? Мына, құрып кана кеткір противогаздың көзілдірігі арқылы сен бәрін бұрмаланған күйде көресің дейсің ғой. Мен не десем де, жоққа шығаруға дайын тұрған Біреу, тыңдап ал! Олар жанды куыршақтар. Олар өздері сайқымазақ, карикатуралық куыршақтар! Менің өлігімнің басында әлгі канпезер жендеттің айтқан сөзін сен естідің ғой. Суға кеткен жігіт зарының эпилогын, тек жаманшылықты ғана көретін көп жарлы-жақыбайдың өмірі осылай аяқталуға тиіс екенін, естідің бе, Біреу? Енді маған калай өмір сүр дейсің? Аяғымды солтақтай басып, қайыршыдай тіленіп, жүре бермекпін бе? Қашанғы? Баскалармен қатар дейсің бе? Олар мені екі дүниеде қатарына косар ма? Қанымыз карсы ғой! Олардың бәрі біреудің мүддесіне келгенде бірінен-бірі өткен безбүйрек. Ол биік мінбелерден жұрт алдында сөйлеуге келгенде ғана майда тілдерімен кара тасты да сріткендей. Ал бір рет көмек колын созуға пейілдері бар ма екен? Жок! Ондайда ешкімнің мұнын естімейтіндей құлақтары тас керен, үндері шыкпас мылкау болып калады. Биік адамгершілік, мейірбандық рухтың олар жалған жарапазаншылары. Олар бізді баяғыда-ак сатып кеткен. Оксатып тұрып бүкіл болашағымызбен, бала-шағамызбен қосып сатып жіберген. Білдің бе? Біз екеуміздің сәби кезімізде олар соғыс жариялады. Біз кішкене өсіп, ертегі тыңдайтын жасқа жеткенде олар өздерінің соғыстағы ерліктері жайлы өтірік аңыздар айта бастады. Біз оған елітіп, аузымыздың суы ағып тыңдадық. Олардың жасамаған ерліктеріне тамсандық. Олар өздерінің өтірік ерліктеріне бізді сендірді. Бір ғажабы, оған өздері де сенді. Ал, біз ер жетіп, кәмелетке енді толған шағымызда, олар енді біз үшін соғыс ойлап тапты. Бізді соған айдады. Өздері керемет көтеріңкі көңіл күйде бізді шығарып салды. Олар үнемі масаттанумен болды. Біздің кайда бара жатканымызды ешкайсысы айтпады. Қандай апатка жол тартканымызды білмедік. Ешкім бізге, біле тұра, тозақ отына кетіп барасындар демеді ғой. Ешкайсы ләм деспеді. Олар көңілді марш ойнап, Лангемарктің ларей тойын тойлап жатты. Бастарында кандай ойдың болганын кім білсін? Жалған жеңістің буы ма, шабуыл жоспарлары ма, әскери-дала сотының жобасы ма анығын кім білген? Ерлікке үндейтін әндер мен канды

қырғынның ойраны болар, бәлкім, оларды масаттандырған. Соғыс оларға жол берген. Бізді осылай соғысқа аттандырды, жанып тұрған отқа, қып-қызыл шоққа айдап салды. Бірақ ол туралы ештеме демеді. Бар болғаны: "Жігіттер, қорқақ болмандар! Сендер ерліккс, ерлік жасауға бара жатыр-сыңдар", – деген. Біз қорқақ болғамыз жоқ. Сөйтсек, олар бізді таза тамұққа алдап жіберіпті. Олар бізді осылай сатты. Ондырмай, алдап соқты! Ал, өздері енді жабық естіктің ар жағында ештеңе білмейтіндей, рахат күй кешіп отыр. Әлі де жұртқа масаттанып ақыл үйретеді. Қадірменді ұстаздар, директор мырзалар, әділетті жақтаушылар, ақылман ағалар, кеменгер тұлғалар... Қазір ешкімде ешкімнің шатағы жоқ! Тып-тыныш! Бәрі жылы орынға жайғасып, орнығып, есіктерін ішінен мықтап іліп алған. Ал біз дірдектеп көшеде жүрміз. Ал олар мінбелерде тұрып, не жайлы кресло-ларында отырып, бізді саусағымен шұқып, қоғамның азған тобы деп көрсеткісі келеді. Олар бізді осылай, ары итеріп, бері жығып, ақырында өзімізді кінәлі етіп шығарды. Сатқындықтың мұншама зымиян түрі болар ма? Осылай біздің тағдырымызды күл-талқан киратып, күлін көкке ұшырды. Аяусыз сатты. Енді беттері бүлк етпестен, өздері жасаған қылмыстың қасынан шындықты белінен басып кетіп барады. Түк болмағандай өтіп жүре береді. Қашанғы жалғаса бермек? Қашаңғы солай өте береді?

Біреу. Олар өтіп кетпейді, Бекман. Қара аспанды тондіре бермесеңші. Сен тым сарыуайымшыл болып барасың. Жүрегіне кек жинама, Бекман! Жоқтан өзгені кек санама. Жүрегінді таза сақта. Жүрекке мейірім ғана тән. Оларда да жүрек бар ғой.

Бекман. Сенің сөзіңді тағы бір сынап көрейін. Әне, фрау Хлам өтіп барады.

Біреу. Оның да жүрегі бар.

Бекман. Оны қазір көреміз. Фрау Хлам!

Фрау Хлам. Иә, құлағым сізді.

Бекман. Фрау Хлам, айтыңызшы, сізде жүрек бар ма?

Фрау Хлам. Не дейсің?

Бекман. Сізде жүрек бар ма деймін?

Фрау Хлам. Жұрттың бәрінде болғанда, менде неге жоқ дейсің? Бар, әрине бар. Болмай, қайда кетіпті?

Бекман. Менің соған күмәнім бар. Егер ол бар болса, мені тірідей өлтіргеніңізде ол жүрек қайда қараған? Иә, иә, сіз, фрау Хлам, түк түсінбегендей түр танытпай-ақ қойыңыз. Сіз Бекмандардың жалғыз ұлын қайтып бас көтермейтіндей етіп сеспей қатырғансыз. Сол арқылы оның ата-анасын да екінші

қайтара өлтірген жоқсыз ба? Фрау Хлам, шынынызды айтыныз-шы, олардың қазасына да аздап себепкер болғаныңыз рас қой. Түртпектеп, қақпайлап, қорлап, оларды өз ажалдарынан бұрын өлулеріне мәжбүрлеген де сіз емессіз бе? Енді ұлын Эльбаға қуып тықтыныздар. Егер бары рас болса, осыған сіздің жүрегіңіз не дер екен?

Фрау Хлам. Мына нақұрыстың көзілдірігімен Эльбаға бірақ қарғыққаннан саусыз ба? Мен ондай қылық күтпеп едім. Бірақ сіздің күйреуік екенінізді сонда-ақ байқағанмын. Эльбаға секірсеңіз, амал қанша?! Е, байғұс-ай, дейміз де қоямыз.

Бекман. Оған сіз де атсалыстыңыз. Өзініздің, менің ата-анамның қазасы жайлы, қатыгез, мейірімсіз әңгіменізбен сіз үлес қостыңыз. Олардың ақтық сапарға аттанған сәттеріндегі келеке сөздеріңіз жүрегіме шаншудай қадалды. Сіздерге азаппен өлген карттар емес, бекер кеткен газ қатты уайым болыпты. Әке-шешем отырған үй менің ең соңғы үмітім еді. Осы үміт мені мың бір күн мен түн Сібірдің сақылдаған сары аязында кеңес лагерінде жанымды жылытып жүріп еді. Бұл мен үшін ақырғы үміт сәулесі болатын. Сіз оны бір демде жалп еткізіп өшіре салдыңыз. Бұл да өлім емес пе? Сонда сіздің жүрегіңіз қайда болған?

Фрау Хлам (дөрекі). Қырсығы кесілмеген, үнемі басы шырғаланда жүретін бейбақ пақырлар бар. Сіз де соның бірі боларсыз. Оған менің қатысым қанша? Сібір, газдан уланған әке-шеше, Ольсдорф, Эльба... Кішкене былай нелеу екен... Бір кісіге көптеу екен дегенім ғой. Менің де жүрегім сыздайды, сонда не істей алмақпын? Өлгендердің бәріне жылай берсем, көз жасым жетер ме? Сондағы сіздің түрінізді жақтырмаған едім, қабағыныз-дан қар жауып, түксиген сұрқыныз маған ұнамаған. Ей, сондай болжыраған бос белбеу болармысыз? Немене, елдің бәрі сіздің алдыныза егіліп тұруы керек пе еді? Жоқ, өзі заһар шашып отырса, ақ нанға май мен бал қоса жағып жесе де кермек татыр! Эльбаға төтесінен тартып кетпегенде қайтсін! Өмірде не болмайды? Соның бәріне жүрегінді ауырта берсең, не тамтығын қалады? Өзімен кетсін! Жөнімді табайын. *(Бұрқылдап сөйлеп кетеді).*

Бекман. Иә, иә, жетер, фрау Хлам. Жолыңыз болсын, бара бергейсіз. Біреу, сен естідің бе? Жас адамның мәйітінің басында әлгі ізгі мейірбан жүректі санайтын қақсал әйелдің аяушылықпен айтқан сөздерін. Естідің бе деймін саған?

Біре. Бекман, оян!

Бекман. Даусың неге ақырын естіледі? Менен алыстап кеткенсің бе?

Біреу. Бекман, мен алыстаған жоқпын, қасыңдамын. Сен ұйықтап жатырсың. Оян, тезірек, оян! Сен өлердей жаман түс көріп, шатаса бастадың, ояншы! Қалыпты тіршілікке оралшы. Сен, немене, көпшіліктен әулиесің бе? Тап қазір, күніне қаншама адам өледі, жұрт соның бәріне қайғыра берулері керек пе? Оян да орныннан тұр. Тіршілік жаса! Қара нанға маргарин жағып жесең де өлмейсің. Өмірде таңдау әрдайым табылады. Соның біреуіне сен де жармас. Оян, Бекман, оян!

Бекман. Қазір, қазір тұрамын. Тағы бір түс көріп алайыншы. Әне, менің әйелім келе жатыр, анығында бұрынғы әйелім дегенім ғой. Соны көрейінші. Баяғыда менің мейірбан жүректі аққөңіл, ақжаркын жарым еді ғой. Жоқ, жалғыз өзі емес екен, артында салпақтап кейінгі күйеуі еріп келеді. Бұрын мендік еді. Екеуміз әп-әдемі үй болып кетіп едік. Ah, мен неге Сібірде үш жыл тұтқында сандалып жүрдім екен?! Мен білемін, ол мені соғыс аяқталғанша "келеді" деп күдер үзбей үміттеніп күтті. Ал мен болсам, одан кейін де хабар-ошарсыз, із-түзсіз жоғалып кеттім емес пе? Бәріне өзім кінәлімін. Менің алдымда оның еш жазығы жоқ. Оның маған дегенде ыстық сезімі шексіз болатын. Қазір қандай екенін кім білсін?

Біреу. Суымаған шығар, сөйлесіп көр. Бәлкім түсінісіп кетерсіндер.

Бекман. Тоқтай тұршы, жаным! Қорықпа, бұл мен ғой. Маған қарашы! Бұл мен, Бекман, сенің жарыңмын. Бірақ мен бұл жалған дүниені тәрк еткенмін. Естимісің? Сен андағы біреуді қайдан ғана тауып алғансың? Оның бекер болған... Сен менің жалғыз ардағым едің. Солай болып қала бересің. Сен мені естіп тұрған жоксың ғой. Әлде мені тыңдауға құлқың жоқ па? Білемін, жас жаның зарығып мені көп тостың. Ал мен келмедім... Ол бірақ менің кінәм емес. Соғыс заңы солай! Сен қапаланып, қайғырма. Менің қазіргі күйім жақсы. Маған енді ештеменің керегі жоқ. Мен өлікпін! Сенсіз маған өмірдің керегі не? Тыңдашы мені. Жалқы рет жалт етіп бір қарасаң етті. *(Бекманды көрместен, естіместен әйелі қасындағы адамымен қолтықтасып, баяу өтіп бара жатады).* Тоқтай тұршы, сен бір кезде мендік едің ғой. Өліп-өшіп сүйгенің қайда? Тым болмаса, маған соңғы рет бір қарасаң етті. Мені өлтірген сен едің, енді міне тағы бір өлтіріп барасың. Бұрылып қарамадың да, өлген жарыннын зарын естімедің бе? Сен менен тез суыпсың, басқаға айырбастап, соның құшағында кете бердің. Мен соны көтере алмай өліп кеттім. Ал сен менің өлігіме бұрылып қарамастан өтіп барасың. Менің не дейтінімді естісең болмас па? *(Әйелі*

жігітімен кетеді). Ол мені естімеді, мүлде танымады ғой. Ол мені мүлдем ұмытып үлгергендей. Мен өлгелі сонша көп болып па еді?

Бар болғаны бір-ақ күн өткен жоқ па? Міне, сен өзеуреп көп айтатын адамдардың қәусар ізгі сезімі дегенің осы ма? Осы да адамшылық па? Айтшы, бәрін білетін білгіш, пенделердің қылығын ақтағыш қорғаушы, неге үндемейсің? Үнің шықпайды ғой. Менен неге алыстап кеткенсің? Бұдан ары қарай маған қалай өмір сүр дейсің? Мен Сібірден осы тауқыметтерді көру үшін келіппін бе? Сен маған осы азаптың бәрін арқалап жүре бер деп қоймайсың. Қашанғы жүрмекпін? Мен үміт еткен есіктердің бәрі жабық. Туннельдің арғы шетіндегі көмескі жарық та сөнген. Тас қараңғы. Қалай қарай жүрейін? Құрдымға мүлдем кеткеннен өзге не қалды? Әлде, маған сақтаған тағы басқа сыбаған бар ма? Жоқ, сен енді менен қашпа! Мен мына тас түнектен қалай шығамын? Айтсаншы. Тым құрығанда, қол шамын алып келу ойында жоқ па, жауап берсеңші, бәрін білетін білгішім!

Біреу. Оян, Бекман, оян. Сен қайдағы бір шатасқан түстер көріп, әбден қажып, санаң сансырады. Оян! Әнеки, сені Эльбадан шығарып алған жас әйел жақындап келеді. Естимісің? Сенің тас мандайыннан өпкісі келген келіншек есінде ме? Әне, сені сол іздеп жүр. Ол сені содан бері іздеуде. Ол сенің қасыннан өтіп кетпес.

Бекман. Бекер айтасың. Ол мені іздеп қайтсін! Енді мені ешкім де іздемейді, білдің бе?

Біреу. Осы жас әйел шарқ ұрып, сені қатты іздеуде.

Бекман. Менің қансыраған жанымды одан сайын азаптайын дедің бе! Жоғалшы ары!

Жас келіншек. (Бекманды көрместен сөйлеп келеді). Мылқау балық! Ей, мылқау балық! Қайда жоғалып кеттің, менің мұздай сұп-суық балығым?

Бекман. Мені іздеп жүргенің рас па? Мен өліп қалғанмын.

Жас келіншек. Өлгенің қалай? Мен сені жер-көктен іздеп, таппай жүрсем!

Бекман. Неге іздедің?

Жас келіншек. Неге дейтіні бар ма? Менің сорлы басым сені ұнатып қалса қайтпекпін, махаббат елесі! Мен сені өз деміммен жылытайыншы деп іздеп келсем, сен "өліп қалғанмын" деп, үрейді аласың, балығым. Махаббатқа зарыға шөлдеген жаныма кім шипа болар, мылқау балық!

Бекман. Шын ба? Іздегенің рас па? Шақырғаның шын ба? Өліктердің арасынан атып тұрып, саған ілесіп жүре берсем бе екен?

Жас келіншек. Әрине, балығым!

Бекман. Егер мен "өліп қалдым" деп жорта айтсам ше?

Жас келіншек. О-о! Олай болса, қазір екеуміз біздікіне барамыз. Тұр, есінді жина! Тастай жерде бұл жатысың не жатыс! Мен үшін тұр орныннан! Менімен бірге жүр! Тірілердің қатарында біз де ғұмыр кешейік.

Бекман. Сен маған бірігіп өмір сүрейік дейсің бе? Сен мені шынымен іздедің бе?

Жас келіншек. Әрине, шын! Сені, тек сені іздедім! Осы уақытқа дейін тек сені іздеп келгендеймін. Ah, сөйтсем, сен бұл дүниеден өтіп кетіпсің, менің махаббат елесім! Сен де менің шөліркеген жаныма жұбаныш бола алмадың ғой!

Бекман. Болғым келгенде қандай?! Иә, иә, иә! Тек, сенің қасыңа ғана еріп жүре берсем етті!

Жас келіншек. Солай ма, менің сұп-суық балығым!

Бекман. Міне, мен қазір тұрамын! Сен туннельдің арғы шетіндегі көмескі сәулесің мен үшін. Тек маған ғана үміт сәулесін шашасың. Біз екеуміз тірілердің қатарындамыз. Бір-бірімізге қатты сүйенген қалпы тас қараңғы туннельден бірге өтеміз. Оның ар жақ басында жарық бар. Енді мен өлмеймін, өйткені біз біргеміз. Бір-бірімізді демімізбен жұтамыз.

Жас келіншек. Иә, мен тек сен үшін ғана қараңғылық түнегінде сәуле шашатын жарықпын.

Бекман. Сен жанып тұрған сәулемін деп едің? Бұл қалай? Айналам неге қап-қараңғы болып кетті? Сен қайдасың, жарық сәулем?

Алыстан тоқ-тоқ еткен балдақтың дыбысы естіледі.

Жас келіншек. Мылқау балық, естимісің? Ток-ток, ток-ток. Бұл табыт тақтайын кеміріп жатқан көртышқан ғой. Сол тырсыл-датқан. Жоқ! Менің тез кетуім керек. Маған жылдам қашу керек, менің мұздай суық балығым, ұқтың ба?

Бекман. Қайда, қайда кеттің, жарық сәуле? Қасымда болшы! Неге бәрі қап-қараңғы болып кетті? Жарық сәуле, жарық сәуле! Шынымен сөнгенің бе? Кім токылдатқан? Кім жүр *(Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ. Аяқ дыбысы).* Кім бұл? Қайдан шығады? *(Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ. Қатты естіледі).* Жақындап келеді ғой! *(Айқайлайды).* Кім бұл? *(Тоқ-тоқ-тоқ).* Балдағын токылдатып келе жатқан жалғыз аяқты солдат екен. Тура маған келеді. *(Тоқ-тоқ-тоқ).* Кет, кет! Жақындама маған.

Жалғыз аяқты жігіт. (ашу-ызасыз, жайбарақат үнмен). Бекман?

Бекман. (ақырын). Мен мұндамын!

Жалғыз аяқты жігіт. (жайбарақат дауыспен). Бекман? Сен де адам өлтірдің ғой, Бекман. Әлі тірі жүрсің бе, түк болмағандай?

Бекман. Мен ешкімнің қанын жуктеген жоқпын.

Жалғыз аяқты жігіт. Жалған айтасың, Бекман! Күнде бізді біреулер сан мәрте өлтіреді, өзіміз күнде біреулерді өлтіреміз. Алма-кезек дуние. Күнде қан қасаптың қасынан сан өтеміз. Сен де мені аяусыз өлтіргенсің, Бекман. Ұмытып қалғансың ба? Мен де үш жылымды Сібірде өткізіп, үйіме кеше кешке оралғанмын. Бірақ менің орным бос емес екен, оған сен жайғасыпсың, Бекман. Мен сол кеште тура Эльбаға тарттым. Бардым да суға қойып кеттім. Маған баска не істеу калып еді, Бекман? Естимісің, Бекман, Эльба тастай суық ызғарлы екен. Бірақ мен үйреніп кеттім, маған бәрібір ғой, мен өлік емеспін бе? Мұны сенің тез ұмытып кеткенің не, Бекман? Қылмысыңды мұнша тез ұмытуға болмайды. Ол сенің ізіннен калмай, куып жүруге тиіс, Бекман. Мен бір қателік жасадым, естисің бе? Маған үйіме бармау керек еді. Үйде маған орын жоғын қайдан білейін? Ол жерде сен отыр екенсің, Бекман. Мен сені кіналап тұрған жоқпын, біз күндегісін күнде әйтеуір біреулерді мерт қылып жатамыз. Бүкіл тіршілігіміз сатқындықтан құралған, опасыз, баянсыз ғұмыр. Тек соны, өзіннің биопа қылығынды оңай ұмыта салуға бола ма? Олардың үстінен аттап өтіп жүре беру жөн бе? Иә, Бекман, сен менің орнымды тартып алдың. Бұл менің Сібірдің мың бір күн мен түнінде аялаған үмітім, үш жылғы қырғында күдер үздірмеген жалғыз жұбанышым – жұмсақ дивандағы әйелімнің қасындағы, өз әйелімнің жанындағы кастерлі менің орным еді ғой. Бөтен еркек үйіме кіріп, менің киімдерімді киіп алған. Ол оған колкылдаған үлкен келсе де киіп, жып-жылы жерде, менің әйелімнің қасында отыр. Ол сен, сен болатынсын, Бекман. Маған коныс аударудан баска амал калды ма? Бірақ қайда? Қайда болушы еді, тура Эльбаға тарттым. Су суықтау екен, Бекман, мен бірақ үйреніп кеттім. Менің өлгеніме небәрі бір-ақ күн өтті, ал сен Бекман, мені өлтіргеніңмен коймай, ұмытып та кетіпсің. Оның жарамады, Бекман. Адам қанын жуктегенінді үнемі есте ұстау керек, тек тексіздер ғана колының канын жасырады. Ал сен мені ұмытпайсын ғой, Бекман, шыныңды айтшы. Сен мені өлтіргенінді ұмытпаймын деп уәде беруін керек. Ұмытпа мені, Бекман!

Бекман. Жоқ! Мен сені ұмыта алмаспын.

Жалғыз аяқты жігіт. Бұның жөн. Мен сенің айтқаныңа сендім. Егер сені бір адам ұмытпай жүрсе де алаңсыз өле беруге болар. Тіпті, өзінді өлтірген адам сен туралы ауық-ауық ойлап, тым құрығанда, түнде дөңбекшіп ұйықтай алмай жатқанда есіне алса да сауап қой. Демек, менің уайым ететін жөнім жоқ екен, алаңсыз көрде жата берейін.

(Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ балдақ дыбысы алыстай береді. Біртіндеп мүлде үзіледі).

Бекман (шырт ұйқысынан селк етіп оянады). Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ! Қайда кеткен. Мен қайда жатырмын. Мен сонша қатты, ұзақ ұйықтап қалғанбын ба? Мен осы өліп қалған секілді едім ғой. Жоқ, әлде әлі өлмегенмін бе? Тірі болсам, тоқ-тоқ балдақ дыбысы мені үнемі өкшелеп қуып жүрмек пе? Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ, өлсем көрімде тыныш жатқызбас. Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ. Бұл табыт тақтайын кемірген көртышқан ба, әлде менің миымды кемірген жемір құрт па? Мұнымен мен қалай өмір сүрмекпін? Күнде түнде төсегімнің бас жағында төніп, аруақ қарап тұрса қайтпекпін? Қалған ғұмырымда ізімнен қалмай, тоқылдаған ағаш аяқ дыбысын естіп өтпекпін бе? Жо-жо-оқ! *(Екі құлағын қолымен басып, қатты айқайлайды).* Жо-о-оқ!

АВТОРЛЫҚ БАЯННЫҢ ТҮЙІНІ

Өмір дегенің осы! Адамда құн қалмаған. Сенбесеңіз, тыңдаңыз! Бір жас жігіт болыпты. Ол көп машақат көріп, Германияға зорға оралып еді, енді көшеде дірдек қағып жүрісі мынау. Өзінің аяғы ақсақ, бұралқы иттей қарны ашқан. Үйіне келсе, төсегі бос емес, біреулер исмденіп қойыпты. "Сен кім едің?" – деп өзін келеке қылды. Жас жігіт сыртқа атып шықты. Есік сарт жабылып, тас бекітілді.

Жас жігіт Германияға оралған. Ол қарулас, майдандас адамдарды іздейді. Өзін өлімге жұмсаған полковник мұны әжуалап, ішегі түйілгенше күледі. Жас жігіт бұған да төзе алмай, есікті тарс жауып, шыға жөнелді. Тағы да жабық есік алдында жалғыз.

Жас жігіт Германияға оралды. Жұмыс іздеп көп жерге барды. Сауықхана бастығына орындаған дүниелері ұнағандай еді, бірақ қызметке алуға оның батылдығы жетпеді. Есік сарт жабылды. Жас жігіт көше кезіп кете берді.

Жас жігіт Германияға оралды. Ол ата-анасын іздеп, олардың бұрынғы тұрған үйіне келген. Оларды керексіз заттай аулаққа апарып тастапты. Орнына көшіп кіргендер: "Өлсе, жайларына

өлмей ме, газды боска шығындағандарын қарашы", – деп оларды әлі күнге сөгуде. Жас жігіт екі құлағын басып, бұл жерден де қашып шыққандай. Есік сарт жабылды. Ол шелектеп құйған жаңбыр астында далада тұр...

Жас жігіт Германияға оралды. Оны көшеде жатқан жерінен бір иман жүзді жас әйел тауып алып еді. Сөйтсе, ол әйелдің соғыста бір аяғынан айрылған күйеуі бар болып шығады. Ол үнемі ыңырсып, бір сөзді жатса да, тұрса да қайталап, Бекман, "Бекман", "Бекман" - деп бұның атын айта береді. Бұл үйдің де есігін тарс жауып, жас жігіт айдалаға кетеді.

Жас жігіт Германияға зорға оралды. От пен оқтың ортасынан шаққа шыққан. Бейбіт күнге жеттім бе, жоқ па дегенде жалғыз аяқты дәу балдағын тоқ-тоқ еткізіп, қыр соңынан қалар емес. Әр аттаған сайын: "Бекман", "Бекман" деп ызыңдап миды шағуда. Тұрса да – Бекман, отырса да – Бекман, жүрсе де – Бекман, түшкірсе де – Бекман, сүрінсе де – Бекман. Бұрқылдап ұрысуы да, боктауы да, жалбарынуы да – Бекман! ...Жабық есіктер алдындағы жалғыз...

Бекманның соңғы монологы:

Жалғыз аяқты жігіт өзінің осы халіне себепкер адамның қыр соңынан қалмауға бекінгендей. Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ. Оның ойынша, оны өлімге айдаған мен екенмін. Қалайша, мен? Мені, менің өзімді біреулер өлтірген жоқ па еді? Қалайша, мен кісі өлтірген болып шығамын? Бізді кім қорғайды? Бізден бұл – кісі өлтірген деген қарғыс таңбасын кім алып тастайды? Кісі өлімінің күнәсінен кім арашалайды? Күндегісін күнде біреуді біреу өлтіріп жатады. Бұл – оны, немесе, ол – бұны! Күндегісін біз қан қасаптың куәсі болып, қасынан өтеміз. Қауіпті, аса қауіпті қылмысқа апарар жар шетімен жүреміз. Өліп кету де, кісі өлтіруші атану да оңай! Екінің бірі. Одан бізді кім құтқарады? Бекман күніне мың өліп, мың тіріліп, бұл азапты бұдан былай көтеріп жүре алмасы анық!

Түсінесіздер ме? Ондай өмірдің маған керегі не? Өздеріңіз ойланызшы! Бір адамның екі беті болуы мүмкін бе? Әрі жендет, әрі кіріптар міскін! Сондықтан мен қоғамның бетіне тура қарап, бар даусыммен: Сендер менің басымды өлімге байлап, кісі өлтіруге жұмсағансыңдар, бәріне сендер кінәлісіндер деп, айқайлап, ашық айтамын. Ал сол қанды қырғыннан кеудесіндегі шықпаған шыбын жанын зорға сүйретіп еліне оралғандар, міне, көшеде өліп жатыр. Олардың ерлігінің де, өздерінің де құны қара бақыр. Тіпті, сол жақтан, естимісіздер, сол жақтан оралмауымыз керек екен. Оралуымыз қате болыпты. Біз құрбандыққа о бастан шалынған

ұрпақ екенбіз. Зая ұрпақпыз! Соны ұқпаппыз! Бұрын көшеде темекі тұқылы, шемішкенің қабығы, кәмпиттің қағазы шашылып жатушы еді. Қазір адам өлігінің жайрап жатуы тансық емес. Қоқыстан еш айырмашылығымыз жоқ. Оны да, мұны да көше сыпырушы – генерал формасындағы көше сыпырушы сыпырып-сыпырып жинап алып кетеді. Оларға өліктер мен өлекселерді жерлеу институтының қызметшілері деген арнайы құрметті атақ берілген. Аштан өлгендерді, суықтан қатқандарды, аурудан асқынған, жарасынан естен танып, көшеде құлап қалғандарды күл-қоқыспен қоса жинап жүр. XX ғасырдың, қыркыншы жылдардың соңында, бір кезде озық ойлылардың Отаны атанған Германияның көшелерінде өлік шашылып жатыр! Естимісіздер, шашылып жатыр. Ал, оны былайғы жұрт көрсе де көрмеген болады. Адамдардың еттері өліп кеткен, ешнәрсеге селт етпейді, самарқау, селқос, бойкүйез, сүлесоқ, енжар, немкетті, бәріне де немқұрайлы. Жақсылық күтпейді, жақсылықтан үмітсіз. Өлгеннің өлігінің, тірісінің өмірінің еш құны жоқ, түкке тұрғысыз, тірі өлік. Ал сен, Біреу, осыдан кейін маған тұк болмағандай қалай өмір сүре бер дейсің? Не үшін? Кім үшін? Несіне өмір сүремін? Осы менің өлуге қақым жоқ па? Мұндай итшілеген өмірді өз еркіммен тастап, неге кете алмаймын? Әлде сен мені күнде мың мәрте қорлап, намысымды мың мәрте өлтіргенін қалайсың ба? Ал айтшы, қайда барайын? Күнімді қалай көрейін? Кімнен барып пана табайын? Жеңілген елдің майданнан қайтқан жаралы жауынгеріне бұл әлемде орын бар ма еді? Біздің жазығымыз не? "Соғысқа бар", – деді. Бардық! "Қару ал да ат, қыр-жой", – деді. Аттық! Бізді осылай қылмысқа итермеледі. Орға жықты! Сатып кетті! Бізді аяусыз сатты. Бізді оққа байлады. Біз оралмауға тиіс, сұрауы жоқ қалың тобыр екенбіз. Оны күні бұрын айқындап қойған екен. Біз соны түсінбей, тіршілік үшін жанталасып, қайтып келіппіз. Бекер, бәрі бекер! Бәрін білетін білгіш, Біреу, сен қайдасың? Неге үнің шықпайды? Сен үнемі менің қасымда едің ғой. Енді қайда кеттің? Әлде, мені сен де тастап кеткенің бе?

Тіл қатсаншы!
Неге үнсіз қалдыңыздар? Неге?
Шынымен-ақ маған ешкім жауап бермей ме?
Ешкімнің жауап бергісі келмейтіні қалай???
Маған жауап беретін бір адам табылмас па екен???
Маған жауап беретін бір пенденің табылмағаны ма???

Шымылдық.

НЫСАНАҒА ТІГІЛГЕН БАСТАР

Екі жігіт жан дәрмен өңкендеп жер қазып жатыр. Әжептәуір кең шұңқыр лезде пайда болды. Өзі тіпті жайлы екен. Кендігі көрдей. Айтып-айтпай не керек, өздеріне жарап жатыр.

Олардың қол пулеметі бар. Оны белгісіз уақытта беймәлім біреу кісі ату үшін ойлап тапқан. Енді бұлардың қолында қылпып тұр. Ал, атылуға тиіс құрбандарды олар танып-білген емес. Өздері ұғынықсыз бөтен тілде сөйлейді. Бұлардың алдында қылдай қиянаты, еш жазығы жоқ міскіндер олар. Бірақ атуың керек. Бұйрық солай! Біреу "Атындар!" деген жарлық шығарған. Тегіс жусатып тастау үшін әлдекім минутына алпыстан астам оқ жаудырар пулеметті ойлап тапқан. Осы тапқырлығы үшін марапатқа бөленіп, сый-сияпатқа ие болған.

Екі жігіт жатқан жерден әрі таман басқа шұңқыр бар. Одан анда-санда бір бас қылт ете қалады. Кәдімгі адамның басы. Олар да – мына жарық күнді, зеңгір көк аспанды, жайқалған гүлдерді көретін көзі, даланың керімсал ауасын жұтып, сұлулардың әдемі әтірінің иісін сезетін мұрны, қысылғанда анасы мен сүйгенін аузына алар тіл мен жағы бар қара су мен қара нанды талғажау етер тесік өзекті пенделер. Пулеметті жігіттердің бірі әлгі басты көре сала:

– Ат! – деп бұйырды екіншісіне.

Ол көздеп тұрып атып кеп жіберді.

Бас мұрттай ұшты. Ол енді мына жарық сәулені, зеңгір көк аспанды, алтын күннің сынығын мәңгі көре алмайды. Оның енді салқын самал саф ауаны жұтып, сүйгенін құшырлана шашынан иіскей алмасы анық. Ол енді "қайран менің анашым", – деп ешқашан айта алмақ емес. Ешқашан!

Екі жігіт өздері қазған жердің жыртығына тығылып айлап, ұзақ отырды. Осы аралықта қаншама басты қағып тастай берді. Ол

бастардың иесін бұлар мүлде танымайтын. Олардың қылдай қиянаты, еш жазығы жоқ еді бұлардың алдында. Өзгесін қойып, тілдерін де түсінбейтін. Алайда, әлдекім, минутына алпыстан астам оқ жаудыратын пулемет ойлап тапқан. Әлдебіреу "Осымен атындар" – деп бұйрық берген.

Екі жігіт жердің жыртығында жатып алып, көптеген бастың түбіне жетті. Егер олар қаққан бастарды жинап, үйер болса, үлкен тау шығатын шығар. Олар түнде ұйықтап жатқанда әлгі тау боп үйілген бастар сатыр-сұтыр домалап, бір-бірімен жарыса, қағыса бұларға қарай тура заулайтын секілді. Олар осы дыбыстан шошып оянатын.

– Бұйрық осылай, – деді екі жігіттің бірі сыбырлай.

– Бәрібір олардың көзін жойған біз, – деді екіншісі айқайлап.

– Бұл енді сұмдық болды, – деді алғашқысы күйзелген үнмен.

– Кейде қызық үшін де аттық емес пе! – деді оған серігі қарқылдай күліп.

– Жоқ, атама, – деп айқайлады сыбырлаған дауыс.

– Дегенмен, – дейді екіншісі, – қызық көріп, кейде еріккеннен де атқанымыз рас қой. Ермек үшін...

Олар түнімен көз ілмей шықты. Ұйқы безіп кеткен. Біреуі әлден уақытта:

– Бізді құдай осылай оқ атуға жаратқан, – деді масаттанып.

– Жаланды жоқ құдайға жаппа.

– Немене сонда құдайдың болмағаны ма?

– Оның бар бақыты мен абыройы сол жоқтығында болып тұр-ау.

– Ал, біз, біз ше? Біз бармыз ғой.

– Иә, біз бармыз. Сондықтан осы сойқанның бар машақатымен әуре-сарсаңы жоқ құдайдан емес, тірілерден түбі бір сұралатын шығар-ау...

– А-а-а?

Қылтиған бастарды неғұрлым көбірек қағу керек деп бұйрық алған екі жігіт түнімен көз ілмеді. Көздерін жұмса болды, өздері қаққан қу бастар жолындағыларға қағыла-соғыла қаңғырлап бұларға қарай заулап келе жататын болған.

Сонда біреуі тұрып:

– Біздің ісіміз оңалудан кеткен. Күнәкармыз, – деді.

– Иә, күнәға белшемізден баттық, – деді екіншісі.

– Жә, жеткілікті, – деді біреуі демде дауысын қатайтып, – қайтер екен десем, бордай үгіліп, елжіреп барасың ғой... Іске кіріселік.

Екеуі де орындарынан ширақ тұрып, пулеметке жармасты.

Қылтиған басты көріп, төпеп оқ жаудырды. Қашанғы дағды бойынша. Ал, атқан адамдарын олар танып-білген емес. Өмірі көрмеген, бұлардың алдында ешқандай жазығы жоқ жандар еді. Бірақ бұлар атуға тиіс. Сол үшін әлдебіреу пулемет ойлап тапқан. Онысына және мол сый-сияпат алып, қошемет-құрметке бөленген.

Ал, әлдекім "Атындар" деп бұйрық берген.

...Пулемет сақылдап атылып жатыр, атылып жатыр. Қу бастар домалап жатыр, домалап жатыр...

ОСЫ СЕЙСЕНБІДЕ

Әр аптаның сейсенбісі келеді.
Бір жыл ішінде ол елу шақты күн шығар.
Соғыс уақытында да сейсенбі күндері
өте көп болды...

Осы сейсенбіде

олар сынып тақтасына бас әріптен басталатын сөздерді жазып үйреніп жатқан. Мұғалима өзінің қалың көзілдірігінің ар жағынан оларға сүзіле қарайды. Көзілдірігі жақтаусыз еді. Шынысының қалыңдығы соншалықты, оның көзіндегі ашу табы анық көрінбейді.

Қырық екі қыз тақта алдында отырып, бас әріппен жазылатын сөздерді көшіріп, жаттығуда. "Карт Фрицтің темір саптаяғы бар. Үлкен Берта Парижді атқылады. Соғыс уақытында әкелердің бәрі – солдат".

Улла жазып болып, тілінің ұшын мұрнына жеткізе созып, ойнай бастады. Бірақ мұғалима оны байқап қалып, жанына келіп, жазуын тексерген:

– Улла, сен "солдат" сөзін "а" әріпі арқылы жазыпсың. Есінде болсын, "солдат" сөзі "соғыс" сөзі сияқты "о" әріпі арқылы жазылады. Саған бұл туралы қаншама рет қайталап айтуға болады?! – деп, мұғалима журналды алып, Улланың атының тұсына дәу белгі соғып қойды. – Ертең үйден осы мәтінді он рет қатесіз көшіріп жазып келетін бол. Тек, әдемілеп таза жаз, түсіндің бе? – деді пысықтап.

Ішінен түсінбейтін несі бар деп ойлаған Улла:

– Иә, ұқтым бәрін, – десе де енді бұл төрт көз қыр соңымнан қалмайтын болды деп томсырайды.

Аулада шықылықтаған шымшық торғайлар балалардың ертеңгі асынан қалған қоқымды шоқып жеп жатты...

Осы сейсенбіде

лейтенант Элерске батальон командиріне келсін деген бұйрық түсті.

– Сізге мына қызыл мойынорағышты шешіп тастау керек, Элерс мырза.

– Неліктен, майор мырза?

– Шешуге тура келеді, лейтенант Элерс. Екінші ротадағылар сәнкойларды онша жақтыра қоймайды.

– Мені екінші ротаға ауыстыратын болды ма?

– Иә. Әрі ол жерде бипазданып, сәнденгендерді жаратпайды. Әйтпегенде, сіз олармен тез тіл табысып кете алмайсыз. Екінші ротаның жігіттері шетінен жампоз, кілен, сен тұр, мен атайынның өзі. Сенің мына қызыл мойынорағыш тағынып, шырттай киініп, шелтиген түрінді көрсе, сенен табанда теріс айналады. Капитан Гессе біртоға, қарапайым киінетін еді ғой, олар соған үйренген.

– Немене, Гессе жараланып қалып па?

– Жоқ, ол ауырып жатыр. Кейінгі уақытта ұнжырғасы мүлде түсіп кетіпті дейді ғой. Капитан болып алғаш тағайындалған кезде қандай сыптай пысық жігіт еді. Енді не болғанын түсінбедік. Өзінен өзі жүдеп, жүнжіп қожырап кетсе керек. Байқа, Элерс, ротаны бірден баурап, игеріп әкетуге тырыс. Гессе өзінің жігіттерін әбден тәрбиелеп тастаған. Ал, мына мойынорағышынның көзін құрт, ұқтың ба?

– Ұқтым! Айтқаныңыз мүлтіксіз орындалады, майор мырза.

– Және жігіттердің түнде темекі тартқанынан сақ болыңдар. Қараңғыда жылтыраған шоқ басынды оққа байлап беретін тажал екенін естеріннен шығармандар. Жақсы снайпердің қолдары қашанда қышып тұрады. Олардың көздері селт еткенді қалт жібермей, бәрін қарауылға алып, көздеп отыратынын ұмытпа. Өткен аптада снайперлер-ақ біздің бес адамды сұлатып салды. Оқ бәрінің де басынан тиген. Демек, көздеп тұрып атқан. Түсінікті ме?

– Дәл солай, майор мырза.

Элерс екінші ротаға бара жатып жол-жөнекей қызыл мойынорағышты шешіп, салып алды. Тамағын ағытып, асықпай шылым шекті.

– Рота командирі Элерс, – деп қатты дауыстап баяндап болғанынша саңқ етіп атылған оқ дауысы қоса шықты. Қаңғырған оқ емес, көздеп атылған оқ қақ мандайдан тиіпті. Бар болғаны осы...

Осы сейсенбіде

Ганзен мырза фрейлейн Северинге қарата:

– Жарқыным, Гессеге тағы бір дүркін сәлем-саукат жіберу керек. Темекі, аузының дәмін алатын тұшымды бірденелер және

әлдеқандай кітап қосса, артықтық етпес. Әсіресе, қолғап салуды естен шығармаңызшы. Мына қыс біздің жігіттерге оңай соқпай тұр. Өзге-өзге емес, мен оны әбден түсінемін. Сізге алдын ала ризашылығымды білдіремін. Тәңір жарылқасын, сізді, – деген.

– Ганзен мырза, оған Гёльдерлинді жіберуге бола ма?

– Тоқтай тұр, жарқыным, тоқтай тұр! Оған оқуға жеңіл, көңілді нәрсе жіберген жөн. Вильгельм Буш төңірегінде қарастырыңыз. Гессе көңілді нәрсе оқығанды жақсы көретін. Оқып, ішек-сілесі қата күлетінін сіз білуші едіңіз ғой, қалқам. Құдайым-ау, міне күлкінің қадірін білетін адамның бірі сол.

– Иә, иә, дұрыс айтасыз, ол күле білетін, – деді фрейлейн Северин оны қостай.

Осы сейсенбіде

капитан Гессені зембілге салып, санитарлық бақылау бөліміне әкелген. Есікте мынандай жазу тұр:

Үлкен бол, кіші бол,
Генерал бол, солдат бол,
Шашыңмен қоштасар
Кез келді, соны біл!

Әуелі оның шашын алып тастады. Санитардың салалы саусақтары бейне өрмекшінің аяғындай бунақ-бунақ бұратылған ұзын екен. Буындары сәл қызарыңқы көрінеді. Әлгі саусақтар жыпылдап Гессенің денесін дәріхананың иісі аңқыған әлдебір сұйықпен әбден сүрткіледі. Өрмекші саусақтар оны қоя салып, Гессенің тамыр соғысын тексерді, қызуын өлшеді. Дереу қалың кітапқа: "Ыстығы 41,6 градус, тамыр соғысы 116. Науқас есін білмейді. Бөртпе сүзек пе деген қауіп бар", – деп жазып қойды.

Санитар осымен шаруа тәмам дегендей қалың кітаптың бетін тарс жапты. Кітаптың сыртында: "Смоленск жұқпалы аурулар госпиталі", одан сәл төменірек "1400 орын", – деген жазу бар.

Гессені зембілмен қайта көтеріп ала жөнелді. Баспалдақпен жоғары көтерілгенде Гессенің тақырлап алынған жылтыр басы бір жағына ауып, бұлғалақтап бара жатты. Ол тақырбас орыс солдатын көргенде әрдайым күлуші еді. Өзінің мына түрін көрмейді-ау! Зембіл көтерген санитардың бірі мұрнын тартқыштай береді, тұмауратып қалған түрі бар.

Осы сейсенбіде

фрау Гессе өзінің көршісіне келіп, есік қоңырауын басты. Есік ашылған бойда ол күйеуінен келген хатты көрсетіп:

– Оған капитан шешіп беріпті. Міне өзі, мен капитан болдым, рота командирі етіп тағайындады деп жазыпты. Білесіз бе, ол

жақта қырық градус аяз көрінеді. Хаты тоғыз күн жүріпті. Конверттің сыртына: "Жіберуші – капитан Гессе" – деп қол қойыпты, – деді бастырмалата қуанышын жасыра алмай.

Келіншек конверт сыртындағы жазуды көрсетпекке көршісіне хатты ұсына берді. Бірақ ол көзінің қиығын да салмады.

– Қырық градус аяз де, сорын құрғырлар қалай шыдап жүр екен? – деді бар болғаны. – Қырық градустық аяз!

Осы сейсенбіде

санитарлық қызметтің подполковнигі Смоленскідегі жұқпалы аурулар госпиталінің бас дәрігерінен:

– Күнделікті қанша адам көз жұмып жатыр, – деп сұрады.

– Бес-алтау...

– Сұмдық, – деді полковник енсесі түсіп.

– Айтары жоқ ауыр жағдай, – деді бас дәрігер қынжыла.

Әңгімелесіп тұрғанда екеуі бір-бірінің көзіне қарамауға тырысады.

Осы сейсенбіде

театрда "Сиқырлы флейта" концерті. Фрау Гессе сонда бармаққа жиналып, ернін бояп жатты.

Осы сейсенбіде

Элизабет медбике өзінің ата-анасына: "Егер құдіретті құдайдың барына сенбесек, мұндайға төзу мүмкін емес", – деп жазды. Бөлмеге кезекші дәрігер кіргенде, ол орнынан тұрды. Дәрігер Ресеймен соғыстың бар таукыметі өз мойнына түскендей бүкірейіп еңкіш тартып кеткен. Одан:

– Мүмкін тағы бірдеме берерміз оған? – деп сұрады ақырын ғана медбике.

– Жоқ. Оған енді ештеңе көмектеспейді, – деді дәрігер. Мұны айтқанда өзінің дәрменсіздігіне қысылғандай үні құмығып, баяу шықты.

Кейінірек капитан Гессенің денесін палатадан алып шықты. Дүрс еткізіп тастай салған дыбыс естілді.

– Күндегісі осы... Мүрдені апарып ақырын жатқызуға болмай ма тегі? Үнемі осылай лақтырып тастай береді, – деді бір наукас зығырданы қайнап.

– Өлдің, Мамай, кор болдың деген осы, – деді оған көршісі ән ырғағына салып.

Кезекші дәрігер бір төсектен кейін екіншісіне жақындап, науқастарды аралап жүр. Күндегі дағдысы осы. Күні-түні осылай.

Күн демейді, түн демейді аурулар арасында бүкшеңқағып жүргені. Ресеймен соғыстың бар азабы мен тозағы тап бір өзінің иығына түскендей белі бүкірейіп алып, екі аяққа дамыл бермейді. Дәлізде зембіл көтерген екі санитар сүріліп-қабынып, ары-бері безектеуде.

– Бүгін осымен төртіншісі капут, – деді тұмау тиген санитар мұрнын корс-корс тартып.

Осы сейсенбіде

кешкісін Улла өзінің үй жұмысы дәптеріне: "Соғыс уақытында әкелердің бәрі – солдат... Соғыс уақытында әкелердің бәрі – солдат...", – деп жаза бастады.

Ол осы сөйлемді он қайтара жазып шықты. Әр жолы бас әріптен бастады. "Солдат" сөзін "соғыс" сөзі сияқты "о" әрпі арқылы қатесіз жазды.

АС ҮЙДЕГІ САҒАТ

Оның келе жатқанын жұрт алыстан көрді: ол бәріне танымал болып алған еді. Оның қатпарланып әжім басқан жүзіне қарттық табы ерте қонақтап, ал жүрісінде жиырмадағы жігіттің ширақтығы сақталып қалғандай. Ол бұлардың қасына келіп, жайдақ орындыққа тізе бүгіп, қолындағы затын көрсете бастады.

– Бұл біздің ас үйде ілулі тұрған сағат қой, – деді ол кемпіршуаққа жылынып отырғандардың әрқайсысына өзінің әжімді жүзімен бұрыла карап. – Мен мұны үйінді арасынан әрең таптым. Сақталып қалғанын қарай гөр!

Ол қолына ұстап отырған шағындау табақ көлеміндегі ақ сағатты бәріне көрсетіп, көгілдір бояумен дөңгеленте жазылған сандары мен тілін саусағымен аялай сипап қойды.

– Әрине, мұны енді күнды дүние деуге келмес, – деді ол бейне көне мүлікті көрсеткеніне қолайсыздана ақталғандай, - оны өзім де білемін. Аса сәнді мүлік емесі де белгілі. Ас құятын табақты елестетеді, бар болғаны. Ал соның өзінде, ақ түстің үстіне көгілдір бояумен түскен сандары әдемі көрінетін секілді маған. Тілінің ешкандай ерекшелігі жоқ – қаңылтыр. Өзі жүрмейді. Жүрмейтіні – ішкі тетіктері бұзылған. Мен оны тексеріп көрдім. Сырттай қарағанда бұрынғысындай, еш ақауы байқалмайды, бүп-бүтін. Жүрмесе, жүрмесін, сақталып қалғанын айтпайсыз ба?! – деген ол сұқ саусағының ұшымен табақтың жиегіндегі көгілдір бояумен жазылған сандарды тағы бір айналдыра сипап шықты. Баяу үнмен:

– Құдайдың құдіретімен сау қалғанын айтсаңызшы, – деді ақырын.

Күннің алтын шуағына жоталарын тосып, мамыражай отырғандардың ешбірі оның жүзіне тура қарай алмады. Біреулері тұкшиып аяқтарының басына үнілуде, біреулері бұрылып басқа жаққа назар салған, ал егде әйел қасында тұрған баланың қол арбасына үнілген болып әуре. Біреуі шыдамады білем:

– Сіздің жақындарыныздың бәрі опат болған ғой шамасы? Солай ма? – деді.

– Иә, иә! – деді ол сасқалақтай. – Өздеріңіз елестетіп көріңіздерші, бәрі, бәрі түгел опат! Тек осы екеуміз ғана қалыппыз. – деп ол отырғандар тегіс көрсінші деген кісіше қолындағы сағатты басынан асыра жоғары көтеріп қойды. Сағаттың бетіндегі жылтыр көк жазуларымен қаңылтыр тілі бір сәт күнге шағылысып, жарқ ете түскендей. Иесі оған өте нәзіктікпен аялай қарады.

– Бұл енді жүрмейді ғой, – деді егде әйел әйтеуір бірдене деу керегін түсінгендей.

– Иә, иә! Жүрмейтіні рас. Тетіктері бұзылған, оны өзім де білемін ғой. Бірақ сырттай қарағанда бұрынғысындай-ақ, әп-әдемі. Ақ түске түскен көгілдір жазулары анық, тілі орнында, – деп, жұртты сендіргісі келгендей сағатын тағы көтере көрсетіп қойды. – Осының осы түрі-ақ мен үшін қымбат, – деген ол қобалжып біркауым үнсіз қалды. Сосын дауыс ырғағына жұмбақ құпиялық берс: – Сіздер мұның қай уақытта тоқтағанын білесіздер ме? – деді сөзін жалғап.

Жұрт сәл аңтарыла қалды. "Бұзылған сағаттың қашан тоқтағаны бәрібір емес пе?"

– Мен бұл туралы тіпті айтпай-ақ қойсам ба деп едім... Мен оны ішіме сақтап келгем... Сенесіздер ме, ол тура екі жарымда тоқтаған. Тура екі жарымда! Ойланатын нәрсе емес пе?

– Сіздің үйге бомба екі жарымда түскен болды ғой, - деді аяғының басына қарап отырған еркек даусына көп мағына бере үнін соза түсіп. – Бұл турасында көп естігенім бар еді. Бомба жарылғанда толқынның әсерінен механикалық тетіктер бірден істен шығатын көрінеді ғой. Сағатыңыз сол күнгі бомба түскен уақытты көрсетіп тұр.

Тізесінің үстіне қойып, екі қолымен ұстап отырған сағатының бетіне үніле қараған жігіт үнсіз басып шайқап, ойланып қалды.

– Жоқ! Сіз қателесіп отырсыз! Жоқ, бұған бомбаның жарылған уақытының еш қатысы жоқ. Неге, бәрін бомбаға тірей бересіздер? Тіпті де олай емес. Сағаттың екі жарымда тоқтауының мен үшін сыры бөлек, тек оны сіздер білмейсіздер. Содан кейін әртүрлі

жорамал айтып отырғандарыңыз. Неге ол басқа уақытта емес, төртте, бесте немесе жетіде тоқтамаған? Оның барлық маңызы осы жерде – екі жарымда тоқтағанында болып тұр. Бұл менің уақытым. Мен, әлбетте, үйге екі жарымда оралатын едім. Әрине, түнгі екі жарым ғой. Міне, бар гәп осында!

Осыны айтып ол қасындағыларға бұрылып, әрқайсысының жүзіне қараған. Сөзін түсініп, құптағандарын күткендей райы бар еді. Бірақ ешқайсысының жанарын анық көре алмады. Бәрі көздерін алып қаша берген. Содан ол лажсыз алдындағы сағатына қарап, "сен тындасаң болды" дегендей, басын изеп қойып, әңгімесін құлшына жалғастыра берді.

– Түнімен қыдырған соң менің тамақ ішкім келетіні белгілі ғой. Әйтпесе, аштан-аш қалай жатамын? Мен бірден ас үйге тартамын. Бұл құдайдың құтты күні қайталанатын әдет. Күнде түнгі екі жарымда келемін. Мен қаншалықты есікті сықырсыз ашып, сыбдырсыз кіруге тырыссам да менің келгенімді қалай еститінін білмеймін, артымнан анам да кіреді. Мен қараңғыда ішіп-жейтін бірденелер іздеп, сипалап жүргенімде анам кіріп, шам жағады. Мен ұрлық үстінде ұсталған адамдай состиып тұрып қалатынмын. Анам үстіне кейде жүннен тоқылған кеудешесін киіп, кейде асығыс қызыл ала шәлісін жамыла салып, жаланаяқ келетін. Ілмесін ілуге де мұршасы болмай ма, әлде тырпылдап үйдегілерді оятар дей ме, әйтеуір, жаланаяқ жүруші еді. Біздің ас үйдің табаны тас кафель болатын. Жарқ еткен жарықтан анамның көзі қарығатын болу керек, сонда ол әуелі маған, сосын қабырғадағы сағатқа сығырая қарайтын еді. Ол, әлбетте, ерте жатып қалатын, түн ортасында шырт ұйқыдан оянатыны белгілі. Сығырая қарамағанда қайтсін? Сағат түнгі екі жарымды көрсетіп тұратын.

"Тағы кеш келдің бе?" – дейтін еді анам баяу. Содан қайтып ләм демейтін. Даусында не қынжылыс, не қылаудай реніш табы жоқ сол үш сөз бар айтатыны: "Тағы кеш келдің бе?" Және өзі оған жауап та күтпейтін, маған деп қалдырған кешкі асын жылытуға кірісетін. Алдыма әкеліп беріп, өзі қарама-қарсы жайғасып, менің апыл-ғұпыл сыпыра соғып жатқаныма ризашылықпен қарап отырушы еді. Ауық-ауық табанын екінші аяғына кезек үйкеп жылытып алатын. Өйткені тас еден суық тартатын. Ол түнде қатты дыбыс шығарады дейтін болуы керек, әйтеуір туфли дегенді мүлде кимейтін. Анам осылайша мен әбден ас ішіп болғанша маған үнсіз, көзімен аялап қарап отыратын. Менің дәмді аска көнілім тоғайып, қарыным да тойып, орнымнан рахаттана тұрып кеткен соң дастарқанын жинай бастайтын. Мен өз бөлмеме

келіп, шам жағып, шешініп тұрып оның ас үйде ыдыстарды жуып жатқанын судың шуылынан анық сезетінмін. Күндегі тірлігі осы. Не ары, не бері емес, күнде түнгі екі жарымда. Мен осыған үйренгенім сондай, осылай өмір бойы болуға тиіс деп қарайтындай едім. Анам маған күнде түн ортасында жылы төсегінен тұрып келіп, асымды ысытып беріп, жанымда отыруға тиістей көрінуші еді. Өйткен ол үнемі осылай жасап келді ғой. Түнгі екі жарымда тұрып, маған өз қолымен ас салып беруден өзге ісі жоқтай еді-ау?! Ешуақытта "Қайда жүрсің? Неге кешіктің? Кімдермен болдың?" – деген емес. Бар айтатыны: "Тағы кеш келдің бе?" – деген үш сөз. Анам оны әр түн сайын айтатын болған соң етім үйреніп кеткен. Күннен күнге жалғасып келе жатқан әдет. Мен ол күндер әйтеуір бір таусылатын шығар деп ешуақытта ойлаған емеспін. Үнемі, әрдайым, күндер, айлар, жылдар бойы, ғұмыр бойы осылай болған, бола беретін мәңгілік дүниедей қабылдаған екенмін... Күнде жалғасып келе жатқан әдет болған соң...

Оның әңгімесі кілт үзіліп, бір сәт төнірек тып-тыныш бола қалды. Үнсіздік...

– Ал, одан кейін, – деп бастаған ол, отырғандарға тағы жағалай қарап назар салған. Ешкімнің өзіне бағытталған жанарын ұшырата алмай, еріксіз мүдіргендей. Олар бұған тура қарамастан, көздерін алып қашты. Сонда ол қолындағы дөңгелек сағаттың жылтырап, күнге мың құбыла майда сәуле шашқан ақ та көк жазуларына қарап сыбырлай:

– Ал, мен қазір оны анық білемін, – деді.

– Нені? – деді отырғандар.

– Ол кезді... Ол кез – анық жұмақ екен... Нағыз жұмақтың төрінде жүрген екенмін мен онда, – деді арасын үзіп-үзіп. Үні де құмығып естілгендей.

Тым-тырыс өлі тыныштық қайта орнады. Әркім өз ойымен өзі. Ақыры балалы әйел шыдамады білем:

– Отбасыңызға не болды? – деп сұрады ақырын.

Ол жасқана езу тартып:

– Ата-анамды айтасыз ба? Олар опат болды ғой. Туыстарымнан да ешкім қалмаған. Елестетіп көрінізші өзіңіз – бәрі де тып-типыл!

Осыны айтып, ол қысыла, абыржып күлгендей кейіпте жайдақ орындықта жоталарын күншуаққа тосып отырғандардың әркайсысының бетіне жалтақтап қарай берді. Бірақ ешкімнің жанарын ұстай алмады. Өйткені ешқайсысы оның жүзіне тура қарай алмаған еді.

Сонда ол екі қолымен сағатын жоғары көтеріп, өзінен-өзі күле бастады. Иә, ол күле береді.

– Тек, мына сағат қана аман сақталып қалыпты. Тек, жансыз сағат! Ен қызығы, ол дәл екі жарымда, анам екеуміздің оңаша отыратын кезімізде тоқтаған. Ғажап емес деңізші! Түнгі екі жарым! Анам екеуміздің...

Сөзін үзген ол осыдан кейін ләм демеді. Оның жүзіндегі қатпар-қатпар қалың әжімдері бұрынғысынан да терендеп, тағы пәленбай жасқа қартайып кеткендей көрінді. Оның қасында отырған еркек баяғысынша аяғының басына қарап қалған. Бірақ ол ештемені де көріп отырған жоқ. Алды мұнартып, туфлиінің тұмсығымен екі ара тым қашықтап кеткендей. Көзінің жиегіне сақиналанып жас ойнап тұрған ол өзінің "жұмағы" жайлы терең ойға шомып отыр еді...

ОРЫС ОРМАНЫНДАҒЫ ЕКЕУ

Ағаш бұтақтары қар салмағын ауырсынғандай майыса, иіле салбырап қалған. Орыс орманында қарауылда тұрған автоматты жігіт ән салды. Оның күзет орны бөлімнен көп ілгері жылжып, алға ұмсына орналасқан. Ол рождество мейрамы кезінде ғана айтылар әнді айта бастады. Қазір ақпан айы екені есіне кіріп те шықпады. Бұл оның басынан аяғына шекті жақсы білетін жалғыз әні еді. Ол әнді әншілігі қысып бара жатқаннан айтып тұрған жоқ. Ол мына қалың қар жапқан меніреу орманда бойын билеген үрейді басу үшін айтатындай. Қарауытқан ағаш діндерінің ортан беліне шекті қар көмкерген. Бұта-бұтаға қонақтаған қар бейне шүйкелеген мақтадай үйме-жүйме ұйлыға түсіпті. Қысқы орманда қар мұншама көп болатынын кім көріп, білген? Айнала тегіс аппақ. Тіп-тік қара сұр, қожыр-қожыр ағаш діндерінің өзіне қар ұлпа мамықтай жабысып алған. Дыбыс атаулының бәрін осы қалың қар бүркеп астына басып, төніректі тұтас мүлгіген тыныштыққа айналдырып жібергендей. Тау-тау қар. Әлем тек қардан тұратындай, сол қар мұхитында жалғыз қалған автоматты жігіт рождество әнін шырқата айтады. Ақпан айы туғалы қашан...

Анда-санда автоматтан оқ жаудырып қояды. Өйтпесе, бұл сайтан алғыр қатып қалатын көрінеді. Алдыңғы жаққа кезеніп атады. Атайын деп атпайды, автоматы қатып қалмас үшін атады ғой. Бұта-бұтаға да атуға болады. Анау бір жақындау бұтаға атса да болар еді, әйтеуір онда ешкім жоғын білесің. Көңілін осы орнықтырады. Ширек сағат сайын гүмпілдетіп ата берді. Әйтпегенде автоматы қатып қалады. Бар ермегі осы. Аткан кезде сәл де болса, меніреу тыныштық серпілетін секілді. Өзінің алдында

қарауылда тұрған жігіт айтқан мұны. Ол өзі тағы бірталай кептердің басын шалған:

"...Шлемнің ішіндегі телпегіннің құлағын түріп қой. Бұл – полк бойынша берілген бүйрық. Күзетте тұрғанда құлақты әсте жабуға болмайды. Әйтпесе, ештене естімейсің. Бұл – бүйрық! – деген. – Бірақ бұл арада бәрібір еститін де ешнәрсе жоқ. Айнала мүлгіген тыныштық. Тырс еткен дыбыстан ада, айлап құлаққа ұрған танадай меңірейген мылқау орман. Көңілінді селт еткізер бірнәрсе көзіне түссеші. Сол үшін дүркін-дүркін сақылдатып автоматтан оқ жаудыр, көңілің бөлінеді", – деген тағы кетіп бара жатып.

Ол бөлімге жөнелген. Бұл жалғыз қалды. Ол шлемін шешіп, телпегінің құлағын түріп қойды. Суық ауа демде құлақ-шекеден бүре түсті. Ол күзетте жалғыз өзі тұр. Қардан ағаш біткеннің бұтақтары ауырсына иіліп, майыса түскен. Тіпті дінінің ортан беліне шекті қар астында қалған. Бұта-бұтаға қонақтаған үйме-жүйме мол қар астына әлдене жасырынғандай ерекше дүркиеді. Қар мұнша көп жауар ма? Ойлы-қырлы жерлерді толтыра тегістеп тастаған. Ойы қайсы, қыры қайсы айырып болмастай аппақ дүние. Сабалақ қарағайлардың етегін көмкере басып қалған. Ой да қар, қыр да қар, тау да қар, тас та қар, ағаш та қар, қар, қар. Бұның өзі тұрған аяқ астындағы қар да үнсіз үрей туғызғандай. Қалың қар жапқан орманда қауіптің қай жағыннан келері белгісіз. Мүмкін ол алыста. Бәлкім, ол қатер тура артында, желке тұсында тұруы да кәдік. Қар оның жүрген ізін бүркемелеп, дыбысын шығартпай-тындай. Бүгін автомат арқалаған жігіттің қар жапқан жат әлемнің бір меңіреу түкпірінде алғаш рет жападан жалғыз күзетке шыққан күні еді. Жүрегі құрғыр секемденіп, бәрінен қауіп ойлайды. Жер үстін, аспан астын тұтастай қар торлап алғандай. Қыстың аязды, қыраулы түні тіршілік атаулысының баршасын жалмап-жұтып, меңіреу тылсым тыныштық уыздай ұйып, тынып қалғандай. Сол тыныштықты оз жүрегінің аттай тулаған катты дүрсілі бұзып, шеке тамыры солқылдап, құлағы шынылдап, гуілдеп қоя берді. Бәрі кардан, мына сірескен қардың кесірі деп ойлады. Ешнәрсенің үнін шығармай, тұншықтырып тұрған осы қар. Қар...

Кенет, өксік аралас ішін тартқан бір үн талып жеткендей. Сол жағынан шығатын тәрізді. Алдыңғы жактан. Жоқ, оң жағынан. Тағы солынан. Міне, тура артынан. Автоматты жігіт жотасынан мың сан құмырска жүгіріп өткендей бойы мұздап, демін ішіне тартқан калпы катты да калды. Тағы анық естіді, үнлеп күрсінетіндей. Құлағындағы гуілі толассыз гүрсілге ұласқандай.

Бірдене ішін тартып, адамның төбе құйқасын шымырлатып ұлитын сияқты. Ол шинелінің жағасын түсіріп, құлағын ашуға оқталған. Ағаштай қатып, сіресіп қалған саусақтар икемге келер емес. Жағасын түсірген болды. Тағы да естіді. Тап жанында әлдене өкси күрсінетіндей. Оның бойын суық тер жауып коя берді. Мандайынан шып-шып шыққан тері демде мұз моншақтарға айналып ката бастады. Қырық екі градус аяз болатын. Шлем астында тері қатып, жігіттің басын мұз құрсаулай бастағандай. Ішін тартқан сұнқылдаған өксікті үн тағы шықты. Арт жағынан. Жоқ оң капталдан. Алысырақ алдыңғы жақтан. Қайта тап жанынан. Бір есе алыстан, бір есе жақыннан...

Қалың кар жапқан орыс орманының арасында жалғыз өзі күзетте тұрған автоматты жігітке уақыт өтіп болмады. Жер де, көк те ақ мұнарға оранғандай. Ағаш бұтақтары кар салмағын көтере алмай майысады, қайсыбірі жермен-жексен жатып қалған. Шеке тамыры солқылдай соғып, қаны басына шапты. Шлем астында шүмектеп тұрып терледі. Өйткені өксікті, ішін тартқан, күңірене күрсінген үн маза берер емес. Ненің үні, кімнің үні айыру киын. Аппақ қардан ешнәрсе көрінбейді. Үннің қайдан шығатыны тағы белгісіз. Содан бойы қалтырап, сұмдық үрей биледі, тер басып, жан шығайын деді. Мандай тері ката бастады. Үрейлі үн құлағының дәл түбінен шығатындай. Сол үрейді алып, естен тандырар өксікті естімеу үшін ол ән бастаған. Ол өз бойындағы үрейді женіп, ішін тартқан сұнқылдаған үнді естімеу үшін әнді бар дауысымен катты айта берді. Рождество әнін толассыз шырқады. Әншілігі қысып бара жатқаннан айтып тұрған жоқ, әлгі бойын билеген үрейді куалап, сұнқылдаған үнді естімеу үшін катты созады дауысын. Ештене естімеу үшін, қайтадан суық тер баспас үшін ол бір әнді айта берді, айта берді. Ішін тартып ұлыған үнді енді естімеді. Ол үн рождество әнінің астында қалғандай. Акылдан адастырып, естен тандырар өксік сап тиылғандай. Ол орыс орманының ортасында тұрып, рождество әнін армансыз шырқады. Өйткені айнала үйілген үйме-жүйме кар, шегі де, шеті де жоқ орман, ағаш бұтақтары кар салмағын көтере алмай майысады. Үнлеген үн бәлкім сол бұтақтардың зары ма екен? Әлде күрсінген орман ба еді? Көздемей-ақ аткан оғы ағашқа тиіп жатуы мүмкін-ау. Оның да жаны бар шығар. Ағаш деген не тәйірі, бұлар адам атуға келген жоқ па? Оның ойы шатаса бастағандай. Ненің үні болса, соның үні болсын, бұл кайтып естімесе екен. Кісінің төбе құйқасы шымырлағандай. Соның бәрі мына дүниені тегіс бүркеп, астына басып алған қалың қардың кесірі. Бәлкім ол ішін тартқан жер ме екен?..

Қар салмағын көтере алмаған бұтақ сарт сынды. Автоматты жігіт тына қалды. Жан-жағына алақтай қараған ол жалма-жан револьверін суырып алды. Алыстан карды сықырлата басқан аяқ дыбысын естіді. Ол ақырын бұрылып, қорқақтай артына қараған. Өзіне карай катты адымдай жүгіріп келе жатқан фельдфебельді көрді.

"Бәрі бітті. Құрыған жерім осы шығар, – деп ойлаған автоматты жігіт. – Мен карауылда тұрғанда ән салып, тәртіпті өрескел бұздым. Мені енді атады. Әне, фельдфебель жүгіріп келеді. Жүгіргенде қандай аяғы-аяғына жұқпайды. Мен ән салып, тәртіп бұздым. Қазір келіп мені атып тастайды".

Осылай деп ойлаған ол револьверін бұрынғысынан да қыса түсті. Осы кезде фельдфебель де келіп жеткен. Тап қасына келіп, ентіге токтады. Жан-жағына алақтай қарап, дегбірі қашып тұр. Жүзі әлемтапырақ бұзылып, күлбеттеніп кеткен. Келген бойда автоматты жігітті бас салып, тастай құшақтап алды. Ол тынысы ауырлап, алқына демігіп:

– Ұсташы мені, катты ұсташы, жігітім. О, құдай, өзің сақтай гөр! Құдай-ау, мен есімнен адасып, есалаң болайын дедім бе?

Ол жан-жағына алақтауын кояр емес. Қолын онды-солды сермей береді. Ерсілеу күле бастады. Күлкісін сап тыйып:

– Жібермей катты ұсташы мені. Маған бір нәрсе көрінген шығар. Бәрі мынау меніреу орманның кесірінен. Мен бөгде дауысты еститін болдым. Мына карғыс атқан калың орманда рождество әнінің сарыны құлағыма келеді. Уақсыз уақтағы кайдағы рождество? Қазір ақпан айы емес пе? Орыс орманында қанғырған қайдағы рождество әні? Әлі құлағымда тұр! Созып тұрып, шырқап салатын өзіміздің рождество әні! Құдай-ау, маған не болды? Жігіт, мені катты қысып, жібермей ұсташы. Босап кетсем, мен өзімнің не істеп, не коятынымды білмеймін. Міне, басылған сияқты. Бәрібір ұста мені. Тек, сен күле көрмеші, – деп жалына бастады фельдфебель әлі де ентігін баса алмаған калпы. Өзі жігіттен колын ажыратар емес, тас қылып құшақтаған күйі калшиып тұр. – Түсінесің бе, сен күлме?! Бұл ұзақ уақытқа созылған меніреу тыныштықтың әсерінен. Айлар бойы құлакка ұрған танадай! Тырс еткен дыбыс естімейсің. Бәрі меніреген мылқау. Айдалада аппақ кардан өзге ештеме көрмейсің. Міне, карғыс аткыр орыс орманында мезгілсіз уакта рождество әнінің сарынын еститін жағдайға жетіппін. Ал казір ақпан айы. Бірақ бұл ұшан-теңіз кардың да әсері шығар-ау. Төпеп жауа берген кардан көз ашпаймыз. Сен күлме, жігіт... Бұл естен адастырады

екен, айтып тұрмын ғой саған, естен адастырады. Меніреу, мылқау үнсіздік, шегі-шеті жоқ ақ қар-көк мұз жамылған орман... Үнсіздік. Белгісіздік. Ақ қар. Соның бәрі қосылғанда айдалаға безіп кеткің келеді. Бірақ қайда барасың? Сенің мұнда келгеніне екі-ақ күн болды. Ал біз мылқау меніреу мекенде айлап жатырмыз. Әлі қанша жатарымыз белгісіз. Бар күпиясын ішіне бүккен түксиген жым-жырт орман. Тым-тырыс әлем. Жып-жылмағай ақ қар бүркенген жер. Аспан қайсы, жер қайсы айырып алғысыз. Күн қайда? Ел қай жақта? Ойлашы өзің, бұл акылыннан алжастырмай ма? Үнемі тыныштық жайлаған орыс орманында тың тындап отырып, рождество әнін еститін болған соң есіннен адасқаның емей немене?! Сен күлме! Сені көрген кезде ғана ол сарын үзілді. О, тәңірі! Тыныштық та ауыр қасірет екен-ау! Мәңгілік меніреу мылқау дүние...

Фельдфебель алқынып, тынысын әрең алып тұр. Лажсыз күлгендей бет-аузын қисаңдатты. Өзі автоматты жігітке тастай жабысып қалған. Жігіт те оны қатты қысып ұстап алған. Күлген фельдфебельге қосыла жігіт те ыржияды. Оны түсінген түрі. Орыс орманының ортасында екеуі ұзақ тұрды. Ақпан айы болатын.

Қар салмағын ауырсынғандай алғаш бұтағы майысып сынуға шақ тұрғандай. Өз салмағымен кейде қар сыр етіп бұтақтан сырғып түседі. Бұтақ "уh" деп дем шығарып, ауыр күрсініп, сонда бойын тіктеп алатын секілді. Ақырын ауыр күрсінеді. Кейде қарды көтере алмастан морт сынады. Ішін тарта өксиді сосын. Ондай үн кейде алдан, кейде солынан, кейде дәл жанынан шығатындай. Біресе алыстан, біресе жақыннан, оңынан да, солынан да уhлеп, күніренген үн талып жеткендей. Ағаш бұтағы қар салмағын көтере алмай бебеу қағып жатқандай. Айнала толған қар, қар, қар.

АЛҚЫЗЫЛ ЖІБЕКТІҢ ҚИЫҒЫ

Олар көпірдің аласа жақтауында сымға қонақтаған торғайдай шоқиып-шоқиып отырған. Темір жақтау мұздай. Шалбарлары үлдіреген жұқа еді, сыз өтіп барады. Өздері оны елең қылар емес. Бұндайға төзуге болады ғой. Оның үстіне, бейбіт күннің осы ләззатына не жетсін?!

Олар тапжылмастан отыра берді. Жанбыр жауып өтті. Басылды. Қайта себезгіледі. Бәрібір тырп етпеді. Олар жайдан-жай отырған жоқ, ары-бері өткен жүргіншілерге көздерін сүзіп, ұзатып салады. Неге десеңіз, майданда кілең еркектерді ғана көріп келді емес пе? Енді қыз-қыркынға емін-еркін қарап, армансыз көздерін суарып,

шер тарқатуда. Тек қыздарға, жас әйелдерге сұқтана қарайды. Басқалармен істері жоқ.

Төсі қайқайып, қайқаң қағып бір қыз өте шықты.

– Қос анары шара кеседей екен, айран құйып ішуге болар, – деді Тимм.

– Күн көзінде көп тұрса, ол шарадағы айран іріп, іркітке айналып кетеді, – деп үстей түсті қасындағы серігі.

Ұзын етегі делеңдеп тағы біреу өтті.

– Тас дәуірінен қалған, – деп баға берді оған Тимм.

– Анау-мынау жерлерін өрмекші әбден торлап тастаған, – деп екіншісі қосып қойды.

Бірыңғай еркектер өтіп жатты. Отырған екеу оларға сөз шығындаған жоқ. Өтіп бара жатқандар: жұмысқа енді түскен жасөспірімдер, қағаз кемірудан қолдары босамайтын, күн көрмегендіктен өңдері бозарған кексе кеңсе қызметшілері, сүйегіне оқу сіңген оқымысты, әйтседе, шалбарлары қырық жамау түрлі мектептің қартаң оқытушылары, балпаңдап аяғын зорға басқан былшиған семіздер, қаудыр қаққан жұқалтаң арықтар, күрк-күрк жөтелген демікпелер, фельдфебельдің жын қаққан жүрісіндей желөкпе вагонжетекшілері дейсіз бе, тағы кім жоқ дерсіз арасында, ала шұбар топ.

Содан кейін... Содан кейін түп-түзу аяғын сәнімен билей басып, бойын тіп-тік ұстаған қалыпы кербездене, аққудай қалқып ол өтіп бара жатты. Бұл өзгеше көрініс еді. Отырған екеу демдерін ішіне тартып, тілдері байланып қалды. Олардың мұрнына уылжып піскен, жұқалтаң қызғылт рең жүгірген сап-сары шабдалының иісі жеткендей. Тәні де балғын, шабдалы тектес жұп-жұмыр болып елестеді. Және де бұл періштенің атының өзі ерекше ғажайып болуға тиіс: Эвелина немесе осы тектес мағынадағы ат болуы керек секілді. Ауыздарының суы құрып, екеуі аңырайып отырғанда қыз алыстап кетіп еді. Олар соңынан телміре ұзақ қарады.

– Мен білсем, оның іш көйлегі үлбіреген алқызыл жеңіл түсті жібек болуы керек, – деді Тимм қиялына ерік беріп.

– Неге алқызыл? – деп таласа кетті қасындағы досы.

– Міндетті түрде жұқалтаң қызғылтым түсті, – деді кесімді түрде Тимм. – Мұндай сұлудың іш көйлегі сондай болмағанда кандай болушы еді? Тек қызғылт болуы керек.

– Сен де соға береді екенсің! – деп дауласты екіншісі. – Оның іш көйлегі көгілдір болса қайтеді екен? Көгілдір, көкшіл болуы да әбден мүмкін ғой.

– Жоқ, баскадай болуы мүмкін емес, естимісің, мүмкін емес. Ол сияқты сұлулар тек ал қызылын таңдайды. Мұны мен анық білетін шығармын. Солай достым! – Осыны айтқанда ол тіпті дауыс көтеріп қалды.

Сол кезде ештеңе түсінбеген досы:

– Сен, немене, оны танушы ма едің? – деп сұраған.

Тимм жауап қатпады. Олар үнсіз отыра берді. Темір жақтаудың сызы жұқа шалбардан өтіп бара жатты. Бірқауым уақыттан кейін ол:

– Жоқ танымаймын. Бірақ мен тек жеңіл қызғылт түсті жібектен іш көйлек киетін қызы бар бір жігітті білуші едім. Біз Ресейде майданда бірге болғанбыз, – деді.

– Бар болғаны сол ма? Сенің бар дәлелің осы екен ғой?

– Ары қарай тыңдасаншы. Ол әмиянына қызғылтым жібектің қиығын ешкімге көрсетпей салып жүреді екен. Бір күні байқаусызда әлгі қиығын жерге түсіріп алғаны. Оны жігіттер көріп қалды. Қиықты жерден лып көтеріп алған ол ешнәрсе демеді. Тек жүзі алаулап жүре берді. Қолындағы жібектің қиығындай албырады. Кешке оңашада ол маған жібек қол орамалдың сырын құпиялап айтқаны: қызғылтым жібектің қиығы – оны ажалдан сақтап келе жатқан тұмарына пара-пар қасиетті заты болса керек. Ол – қалыңдығының іш көйлегінің қиығы екен. Түсіндің бе? Қалыңдығы әрқашан тек әнтек қызғылт түсті жібектен іш көйлек киетін сұлу қыз көрінеді.

Тимм әңгімесін үзіп, үнсіз қалды.

– Содан кейін ше?..

– Содан кейін, қандай сайтан түрткенін кім білсін, мен әлгі әдемі қиықты одан күшпен тартып алып, жігіттерге көрсетіп шықтым емес пе? "Қарандар, бәрің, міне, оның қызының іш көйлегі қандай түсті жібек?". Еріккен жігіттер кеу-кеулей жөнелді. Айтылмаған қалжың қалмады. Рахаттанып тұрып, жарты сағат күлген шығармыз. Тегін күлкіге қарық болып, бір серпіліп қалғандаймыз.

– Ал ол ше? – деді серігі шыдамсыздық танытып.

Тимм тұқшыңдап аяғының басына қараған қалпы:

– Ол ма? Ол өзіне қайтарып берген жібек орамалды ызаланып лақтырып тастағаны. Қара жерде жұп-жұқа жібек қиық желден діріл қаққан қызғалдақ гүлдей үлбірей ұзақ жатты... Ал ертесінде... Ертесінде ол оққа ұшқан еді...

– Оның тұмар екені рас болғаны ма?

– ?!

Екеуі де жым-жырт үнсіз қалды. Меніреиіп отыра берді. Біраздан соң барып досы тілге келіп:

– Бәрі далбаса, бос наным, – деді.

– Иә, жай далбаса екенін мен де білемін. Әрине, бәрі бекершілік. Ол белгілі нәрсе ғой. Оны мен білемін, – деген Тимм отырып-отырып: – Дегенмен осындай бір қызық іс болған еді. Соған өзім де әлі қайранмын, – деді.

Осыны айтып Тимм өзінен-өзі күлді. Оған қосыла досы да езу тартты. Екеуі қосыла қарқылдай күлді. Қолын қалтасына салып отырған Тимм құшырлана жұдырығын түйді. Уысындағы шүберекті сығымдап қыса түсті. Қалтада илектеніп әбден кірлегендіктен оның бастапқы түсін енді анық айыру мүмкін еместей. Бірақ оның о баста жұқалтаң ренді, үлбіреген қызғылт түсті екені рас еді. Ол – бөтен қалтада жетімсіреп, күтімсіз жатқан, Тимм Ресейден алып келген сол баяғы қызғылт жібектің қиығы болатын...

НАН

Ол кенет өзінен-өзі оянып кеткені. Сағат екі жарымда. Өзінің неден оянғанын ұғына алмай дағдарып біраз жатты. Ah, бұл не болды екен?! Ас бөлмеде біреу орындықты қағып кеткендей оқыс дыбыс естілді. Ол құлағын тіге қалды. Жым-жырт. Әлгі оқыс дыбыстың дереу тынши қалғаны көңілінде күдік туғызғандай. Қасындағы кереуетті сипалап еді, бос жатқанын сонда білді. Е, неге тып-тыныш десе, қасындағы адамның тыныс алғаны естілмегендіктен екен ғой. Ол орнынан тұрып, жарық жақпай-ақ қаранғыда сипалап жүріп, ас үйге жеткен. Ас ішетін стол үстінде әлдене ағарандайтын секілді. Әйел шам жақты. Ерлі-зайыпты екеуі іш көйлекшең ас үйде бетпе-бет ұшырасты. Түн ішінде, ас үйде, екі жарымда!

Стол үстіндегі нан салатын ыдысты ол бірден көрді. Бәрін де түсінді: күйеуі нан кесіп алған болды. Пышақ та өз орнында емес, нан салғыштың қасында жатыр. Наннын үгілген қоқымын да байқады. Ол әлбетте, кешкі астан кейін дастарканды қағып-сілкіп, жылан жалағандай тазалап қоятын, қашанғы әдеті, күнде тап-таза етіп жинап кететін. Ал міне столда нан қоқымы шашылып жатыр. Пышақ та стол үстіне қайта шығып қалыпты.

Ас үйдің табаны тас плитка болатын. Одан ызғар соғатын. Оған казір салқын ызғар бірте-бірте жоғары өрлеп келе жатқандай бойы тітіркенді. Ол қайтып нан салғыш жаққа қарамауға тырысты.

– Маған ас үйде біреу жүргендей болды, – деді күйеуі мінгірлеп, бұған тура карамастан жан-жағына алақтап!

– Маған да сондай бір тырсыл естілді, – деді әйелі оны қостаған түр танытып. Түнде колқылдаған кең іш киім ішінде күйеуі, оған катты картайып кеткендей әсер калдырды. "Оның түрі казір каусаған кәрі шалдан еш айнымайды екен!" – деп ойлаған еді ол іштей. Күйеуі небәрі алпыс үште. Күндіз сыптай киініп алған соң ба, ол әлдекайда жас көрінетін.

"Иә, соңғы уакытта әйелім катты жүдеп, ажары түсіп кетіптіау", – деп ойлаған күйеуі де. Ол әлде мына ұйпа-тұйпа шаштың әсерінен бе екен? Әйел түнде оянғанда шашын тарап койса кайтеді екен?

Олар бір-бірінің көзіне осы сәтте өте картаң болып көрінгені рас. Екеуі де демде картайып кеткендей.

– Сен туфли кисең етті. Мынандай тастай еденде жалаңаяк жүруге бола ма? Енді сенің суык тиіп, ауырып калуың ғана жетіспеп еді, – деді күйеуі әдеттен тыс камкорсы.

Әйелі оған кайтып көз салып карамады, өйткені ол күйеуінің өтірік көлгірсіп тұрғанын түсінді. Отыз тоғыз жыл бірге тұрып келе жаткан адамының кай уакытта шынайы, кай уакытта жалған сөйлейтінін айыратын халде әзірге. Оның мүләйімсіген өтіріктен бетер жек көретін нәрсесі жок еді.

– Маған ас үйде біреу жүрген секілді болған соң келгенім ғой, – деді күйеуі тағы жан-жағына максатсыз жалтактап. – Әйтеуір бір тыкыр естілді, содан осында біреу бар шығар деп ойлағаннан келіп едім. Әйтпесе, астымнан су шыкты дейсің бе?

– Маған да естілді. Бірак ол ас үйден шыкпаған сияқты еді, – деді әйелі нан салғышты алып, дастарқандағы кокымдарды кағып жатып.

– Иә, солай секілді, – деді күйеуі де сенімсіздеу.

Әйелі оны тұйыктан шығарып жібергісі келгендей:

– Жүр, жатайык енді, – деді. – Ол көшеден шыккан тыкыр шығар. Ұйыктай алмай каларсың. Еден де суык, шынында, ауырып калуымыз оп-онай.

Ол жүзін терезеге бұрып әкетті:

– Солай болса, солай шығар. Көшедегі шуды үйден естіледі деп ойлаған екенмін ғой мен каска... – Аярлана күлді.

Әйелі жарыкты сөндірмекке колын соза берді. Әрі өзі: "Мен тез жарыкты өшіріп тастауым керек. Әйтпесе, – деп ойлады ол – Әйтпесе, оның көлгір жүзін тағы көрсем, сыр беріп алып, артык бірденелер айтып жіберуім мүмкін. Әсіресе, нан салғышка

қарамауым керек. Нан туралы мүлдем ұмытқаным жөн. Ештене ойламаймын, әсіресе нан туралы..."

– Жүр енді, – деді жарықты сөндірген әйелі кесімді үнмен:

– Көшедегі шу ғой ол. Жел қатты соққанда суағар қаныштыр қабырғаға тиіп тырсылдайды емес пе? Сол шығар сенің естігенің. Желге ол үнемі қозғалып тұрады.

Олар қараңғыда жаланаяк, қабырғаны сипалап іркес-тіркес жүріп, жатар бөлмеге жетті.

– Иә, дұрыс айтасың, күн қазір желді, – деп оны қостай кетті күйеуі. – Түнімен уілдейді де тұрады.

Кереуетке келіп жайғасқан соң әйелі күйеуінің көңілін біржолата орнықтыра:

– Жел түнімен соғады. Қаран қалғырдың суағары адамға ұйқы бермейді, - деді соқпаған желді, орнынан қозғалмайтын суағарды жамандап.

– Ал мен ол дыбысты ас үйден шығатын шығар деп ойлаппын. Сөйтсем, суағар қаныштыр екен ғой, – деп күйеуі оп-оңай келісе кетті. Және мұны айтқанда ол манаурап ұйықтап бара жатқан кісіше бейғам айтқансыды.

Әйелі оның үніндегі жасанды лепті аңғармай қалмады. Өйткені оның шылғи өтірікті соғып жатқаны беп-белгілі еді.

– Үй де салқындап кетіпті, – деді әйелі еш бүкпесіз, денесі тоназыған соң көрпенің астына еніп жатып. – Көрпе жамылып алмасам болмас. Қайырлы түн!

– Қайырлы түн! Жайлы жатып, жақсы тұр, – деді күйеуі де. – Рас айтасың, түн салқын.

Түн тыныштығы орнады. Әжептәуір уақыт өткен. Көзі енді ілініп барады екен, ол күйеуінің тамсанып, әлденені ақырын шайнандап жеп жатқанын анық естіді. Естісе де естімегендей біркалыпты терең тыныстап жата берді. Бұны "ұйықтап қалды" – деп ойласын дегені. Оның күйіс қайырған сиырдай біркелкі ырғақпен шайнаңдағанын бірсыпыра естіп жатып, шыныда да, жеңіл ұйықтап кетті.

Ертесіне кешкі аска ол туралған нанның төрт-бес тілімін қойып жатып:

– Осының бәрін жей бер, – деді өзі дастарканнан шегіне түсіп. – Маған осы нан жақпай жүр. Бір кесек болса да, сен артығымен же. Мен осы нанды аса жақтырмадым.

Әйелі оның басының алдындағы тарелкаға төне салбырап кеткенін байқады. Әйелінің жүзіне ол тура қарай алмады. Әйелдің қолқа-жүрегі езіле күйеуін аяп кетті.

– Бұлай болмайды, өзіне ештене қалмады ғой, – деді ол көзін тарелкадан көтерместен.

– Онда тұрған не бар? Маған түнге қарай қара нан жеуге болмайды, асқазанымды қыжылдатады. Же, жей бер!

Ол содан дастарқан басына жақындамады. Күйеуі асықпай асын ішіп, тұрып кеткен соң ғана тізе бүкті. Одан артылғанын ғана алдына жайлап тартып қойды...

Бұл жоқшылықты қойсаңызшы...

ЖЕКСЕНБІ КҮНІ ТАҢЕРТЕҢ

Жексенбі күні таңертең радиодан берілетін азандағы ғибадат уағызы органның сазды гуілімен аяқталды. Әумин! Тәңірінің сөзі қашанғысындай артық-ауыстан ада, нақпа-нақ. Барлық мақтауға құдай ғана лайық! Аллилуйя! Вахмистр Собода қыска қолын созып, өзінің төртбақ, мыртық саусақтарымен радио қабылдағыштың құлағын бұрап, дауысын қаттырақ шығарып қойды. Енді марш ойнай жөнелді. Собода маршты жақсы көретін. Ол стол үстінде жатқан әбден кірлеп, тер сіңген көне әскери қалпағын қолына алып тұрып, тағы бір қайтара "Әумин!" деді. Қалпағын сосын ғана жылтыр басына нығыздап баса киіп алды. Қалпақтың ішіндегі жиекті айналдыра салған қатырма жақтау өзінің үйреншікті орнына қона кетті. Қона кетпей несі бар? Талай жылдан бергі боразда ізіндей айғыз-айғыз құйқадағы тапжылмайтын өз орны емес пе? Қалпағы төбесіне тие нық киілді. Бәрі ойдағыдай. Қалпақтың жиегі құлақтан екі елі жоғары тұруы керек. Оны ойлап тапқан бұл емес. Оны осыдан көптеген ғасыр бұрын әскери жарғыны жазған ақылды данышпандар ойлап тапқан. Қалпақтың қатырма жақтауы бас терісіне айландыра терең із қалдырған ойық белдеу бар, ол – солдаттық өмірге бой ұсынғандықтың бір белгісі. Әрі қалпақ ізі құлақтан екі елі жоғары тұруы ғасырдан-ғасырға ұласқан көне дәстүр, оны әскери бас киімнің небір жаңа үлгісін тігетін білгіштер де әлі өзгерте алған жоқ. Өйткені әскери қалпақ өзгерген жоқ. Иншалла, қалпағы киілуге тиіс дәрежеде киілді. Демек, бәрі өз орнында. Әумин!

Собода қалтасынан өзінің бәкісін шығарып, жүзін ашты. Бір басты болғанымен таптырмайтын бәкі. Жүзі қылпылдап тұр. Әдемі-ақ! Шындығында, бұл ең қарапайым, мал соятын дөкір, тұрпайылау пышақ болатын. Бірақ вахмистр оны ешнәрсеге теңгермей керемет әдемі бәкіге балайтын. Оның енді қолға ұстауға өте ыңғайлы екені рас еді. Не істесең де қолда ойнап шыға келетін.

Мәселен, жеміс ағаштарының еркек бұтағын шырпуға, трубка ішін тұтқан темекі қағын тазалауға, күнделікті нан кесуге, сағаттың ішін ашып, тетігін жөндеуге, тырнағының астындағы кірді тазалауға, қарындаш ұштауға, қатқан балды опыруға, бәрінебәріне жарап тұр. Міндеті үлкен. Қызметінің түріне қарай, одан шығатын иіс те сан алуан, тура ертегілер елінен сиқырлы жұпар леп соққандай одан жас ағаштың, темекінің, нанның, машина майының, балдың иісі аңқып коя береді.

Сонымен жексенбінің таңертеңгілік карбаласы басталып кеткен, оның әжептәуір шаршап қалған да түрі бар. Қылпылдаған тілалғыш бәкісінен әдеттегідей бүгін үш түрлі ғажап иіс аңкиды. Ол үш иіс тек жексенбі күндері ғана шығатын еді: темекінің әдемі жұпары, ол – азанғы уағыз алдында трубкасын тазалағаннан қалған; кішкене бағындағы жердің, топырақтың иісі, ол – уағыз тыңдап отырып тырнағының астын тазалаған кірден шығады; балдың иісі, ол – әлбетте, уағыз аяқталған соң тастай қатып отырған балды кескен кезде тарайтын. Бұл, міне, бүгінгі күннің көңілге қуаныш құяр ең бір жағымды шаруасы еді. Сол үшін казір ол бәкісін шығарған.

Бәкісінің ұшымен балдың бір кесегін ойып алып, темекіден сапсары болып ысталған тістерден ары қарай асырып, таңдайға тастап жіберген вахмистр орындығын сықырлата шіреніп, артқа қарай дырылдатып итере шегініп барып, беті сатал-сатал майдан, төгілген сиядан көрінбейтін столға бар салмағын сала қолымен тіреліп, орнынан түрегелді. Орнынан баскадай тұруды еш мойындаған емес. Орнынан тұрған соң таңдайдағы балдың еріген шырынын дәмін ала тамсана бір жұтып, рахаттанып бір керіліп, жылтыр қара белдігін қаттырақ тартып қойды. Ол белдіктің ішкі жағында ірі әріптермен айбақ-сайбақ жазылған екі ауыз сөз бар – "Вахмистр Собода!". Ауыздағы балдың кішкентай кесегі вахмистрдің бір ұртынан келесісіне кезек жүгірсді. Бойын тіктеген ол жарғы бойынша сол аяғымен аттап, жексенбі күнгі міндеті – жиырма камераны екінші мәрте аралауға шықты. Жексенбінің таңертеңгісі, сегіз сағат қырық минут.

Жексенбі күннің мамыражай тыныштығын бұзып, шаңы шыккан дәліздің басынан нәл каккан тағалы етіктің ауыр, бірақ көңілдене баскан дыбысы естіледі. (Тағалы аттың жүрісіндей ол дыбыс кімнен болса да шығуы мүмкін ғой, мысалы ол қамыт аяк жүк тасушы болуы да ғажап емес). Вахмистр Собода ға карасты жиырма камераның тұрғындары демдерін ішіне тартып, бір сәт

құлактарын сыртка тіге қалысты. Бәрі де әр жексенбі сайын тоғызыншы камерадағы тұтқынмен болатын әңгімені естуден дәмелі. Тек қалың тас қабырға ішіндегі үш камера тұрғындарын ғана ештеме селт еткізбеді. Олар – бірінші, он жетінші және тоғызыншы камерадағы тұтқындар болатын.

Бірінші камерадағы тұтқынның өз шаруасы бастан асатын. Ол өз жазасын ғұмыр бойы өтеуге кесілген, міне жиырма үш жыл болды оның осы арада отырғанына. Осы уақыт аралығында ол түрме старостасы дәрежесіне жеткен. Тұтқындарға берілетін асты қыш құмыраларға бөліп құю және дәрет шелектерін тогу оның міндетіне кіретін. Ал жексенбі күні оның тағы бір атқаратын қосымша шаруасы бар, ештемеге бұрылуға мұршасы келмейтін. Бұл күні таңертең ерте оған бір бума газет әкеліп тастайтын. Ол газет бетіндегі белгілі мемлекет қайраткерлерінің сөздеріне көз жүгіртіп шығып, сосын біркелкі көлемде алақандай-алақандай етіп жырта бастайды. Арасындағы жалынды сөздерді де, ақылды баяндамаларды да, жарқын үндеулерді де өзіне берілген бұйрық бойынша ол жырта береді, жырта береді. Түскі ас уақытында тұтқындарға тамақ таратқан кезде әлгі бір жапырақ қағазды есік көзіндегі тесік арқылы бірге үлестіретін. Әр камераға артық та емес, кем де емес, отыз төрт қиынды беріледі. Олар осыны келесі жексенбіге дейін жеткізулері керек. Бұл туалет қағазының орнына жүреді. Парша-паршасы шыққан ұлы мемлекет қайраткерлерінің сөздері осылай да камераларда кәдеге асып жатушы еді. Бұл да болса, қайда жатыр! Әйтеуір бір кәдеге жараса болды емес пе? Дегенмен, біз өркениетті қоғамда өмір сүреміз ғой...

Тағалы етік дыбысына құлағын тікпейтіннің бірі – он жетінші камера тұрғыны. Ол әрдайым жылап отырушы еді. Ол өзі он алты жастағы өрімдей жасөспірім жігіт болатын. Ол жаны күйіп, егіле жылайтын. Қалай жыламасын? Бүгін күн жексенбі, ал ол болса тас абақтыда жатыр. Не үшін? Ақымақ болған басы велосипед ұрлағаны үшін. Ол іштен тынып, жақсылықтан күдер үзіп, қыстыға ұзақ жылаушы еді. Басына қырсық болып жабысқан сол бір велосипед оған түпсіз уайыммен қоса үлкен бақытсыздық әкелгендей, мына тар камераның айқыш-ұйқыш шимайланған қабырғасында ол олай-бұлай ызғытып, ащы дыбыс шығара жүйіткіп жүргендей елестейтін: вжиг, вжиг, вжиг... Ащы дыбыс құлағын жарып бара жатады. Сағаттап күні бойы миын қажайтын осы дыбыстан қашып құтыла алар емес. Тар камерада қайда қашып тығылсын? Оның үстіне, дыбыс өз миының ішінде болса ше? Ол бүгін жексенбі екенін ойлағанда жылауын одан сайын үдете

түседі. Неге десеңіз, оның үйінде жексенбі күнді бірге өткізу үшін әулеттің үлкен-кішісі тегіс дастарқан басына жиналары сөзсіз. Бұл туралы сөз жасап, естеріне алатын шығар, сосын міндетті түрде қабарып піскен тәтті-дәмді тоқашпен бәрі шай ішеді. Ал, бұның отырысы мынау. О, құдай-ау, олар бұл туралы ойлап, жандары аши ма, ашымай ма ол жағы белгісіз, бірақ жаңа піскен ыстық, тәтті тоқашпен шай ішетіндері күмәнсіз еді. Міне, он жетінші камера тұрғынының жексенбі күнгі жай-күйі. Таңертеңгі сегізден қырық минут өткенде басқа камерадағы тұтқындардың бәрі құлағын есікке тосып, тың тыңдай қалғанда бұл пақыр өксіп жылап отыратын. Жылайтын жөні бар... Қарғыс атқыр велосипед... Ыстық тоқаш... Естен бір сәт кетпейді.

Ал тоғызыншы камера тұтқыны ше? Бұл камера тұрғынының есікке құлағы емес аузы жабыса қалған. Ол әр жексенбі сайын есіктің тұсына жақын келетін вахмистрмен сөйлесуге құмар. Вахмистр Сободамен бүгін де мәнді бір шаруа төңірегінде сөйлесуі керек болып тұрғаны. Ал вахмистрдің құлағы ауырлау еститін. Сол себепті тоғызыншы камера тұрғыны онымен есіктің ар жағынан айқайлап сөйлесуге мәжбүр.

Міне, шаңы шыққан дәліздің басынан нәл қаққан тағалы етіктің ауыр, бірақ көңілдене басқан дыбысы естілгенде вахмистр Собода қарасты жиырма камера тұрғындары тегіс еленде, құлактарын сыртқа тіге қалысты. Көздеріне қуақы ұшқын жүгіріп, тегін қызыққа кенелерін сезгендей бастарын шайқап, жымыңдасты. Тек бірінші камера тұрғыны алаңсыз, ол көсемдердің сөздерін жыртып, туалетке қағаз әзірлеуде. Және он жетінші камера тұрғыны бұдан бейхабар. Оның ештемемен ісі жоқ, жылауын үдете түскен.

Тағалы етік дыбысы есік тұсына келгенде тоғызыншы камера тұтқыны:

– Вахмистр мырза, вахмистр мырза, – деп айқай салды.

– Соншалықты айқайлап не болып қалды, тоғызыншы камера?

– Менің вахмистр Собода мырзаға бір сұрақ қоюыма бола ма?

– Қоя бер.

– Вахмистр мырза, менің тіс тазалайтын щетка ұстауға құқым бар ма?

– Неге болмасың, тоғызыншы камера. Оныңыз қайда еді?

– Ол менің заттарымның арасында қалған.

– Бұл енді қиындау мәселе екен.

– Қалайша? Вахмистр мырза, сонда менің щетка ұстауға құқым жоқ болғаны ма?

– Сіз оны түрмеден шыққан күні басқа заттарынызбен бірге аласыз.

– Неліктен, вахмистр мырза? Оны ертерек алудың басқадай жолы жоқ па? Былайша нетіп...

– Жоқ.

– Сіз маған бір жақсылық жасап, ол щеткамды алып бере алмайсыз ба?

– Жоқ, болмайды.

– Неге? Неліктен болмайды, вахмистр мырза? Айтыңызшы...

– Себебі тұтқындарға өз заттарын қасында ұстауға рұқсат етілмейді.

– Неге рұқсат етілмейді, вахмистр мырза?

– Тыйым салынған.

– Вахмистр мырза, сіз алып берем десеңіз ешқандай тыйымға қарамай-ақ алып бере аласыз ғой. Бір жақсылық істеңізші, құдай үшін...

– Қақым жоқ!

– Вахмистр мырза, сізге сол да қиын болып па?

– Біздей лауазымды қызметкерлерге тұтқындардың заттарына жолауға болмайды.

– Мен өзім рұқсат етсем ше? Неге болмасын...

– Маған рұқсат етілмейді. Тәртіп солай!

– Неге рұқсат етілмесін...

– Жоқ, рұқсат етілмейді. Ереже бәріне бірдей.

– Вахмистр мырза, мен үшін бір жолға ереже бұзсаңыз қайтеді?

– Жоқ. Менің жарғыда бекітілген ережені бұзуға хақым жоқ. Мені қылмысқа итермелеменіз.

– Неге, вахмистр мырза? Сол да қылмыс болып па?

– Айттым ғой саған жеке заттарынды шыққан кезде бір-ақ аласың.

– Үлкен зат емес, құртақандай тіс щеткасын алып бере салсаңыз неніз кетеді? Бір рет былай ережеден шығуға болмай ма? Ол бар болғаны тіс щеткасы ғой...

– Сонда да рұқсат жоқ.

– Кіп-кішкентай затты алуға үлкен бұйрық керек пе?

– Бәрібір. Үлкен болсын, кіші болсын тұтқынның заттары қолына берілмейді.

– Сіз рұқсат етсеңіз берілер еді ғой, вахмистр мырза.

– Мен тәртіп бұза алмаймын.

– Сіз үшін ол түкке тұрғысыз шаруа ғой. Алып бере салыңызшы.

– Жоқ, әпере алмаймын.

– Сонда неге әпере алмайсыз?

– Тәртіптің аты – тәртіп. Лауазымды қызметкерлерге ондай ұсақ-түйекке араласқан жараспайды.

– Бұл түсінікті болды. Вахмистр мырза, тағы бір сауал қоюыма бола ма?

– Айта бер, құлағым сенде.

– Мен қалай істесем екен?

– Нені?

– Әлгі тіс щеткасын дегенім ғой, оны алудың маған жолын айтыңызшы, тәңір жарылқағыр.

– Ах, әлі сол щетка ма еді уайымың? Ол үшін түрме басшылығына арыз жазуың керек.

– Олай болса, маған бүгін бір бет қағаз бен қалам, сия тауып бермес пе екенсіз?

– Жоқ, оны да тауып бере алмаймын.

– Неге, вахмистр мырза?

– Өйткені сенің екі айда бір рет қана хат жазуға құқың бар. Сенің алдыңғы хатыңды жазғаннан бері әлі бір ай да өткен жоқ.

– Мен онда хатты өзімнің қорғаушыма жаздым ғой.

– Бәрібір хат жаздың ғой. Болды, енді екі ай тосасың.

– Солай деңіз, вахмистр мырза...

– Солай, солай...

– Мен айлар бойы тіс тазалай алмай, қалай отырамын?

– Басыңның орнында тұрғанына рахмет айтпайсың ба? "Бастан құлақ садаға", – деген бар емес пе? Оған қарағанда тіс деген не, тәйірі! Төрт жылды тіс щеткасынсыз-ақ бірдеңе етіп өткізерсің.

– Бұл сұмдық екен! Бұл барып тұрған, адам құқын шектеу ғой. Сонда мен қырық сегіз ай бойы тісімді тазалай алмай отыруым керек пе?

– Ah, солай ма еді? Сен тіс щеткасынсыз күн көре алмайды екенсің ғой. Ал ендеше тында мені! Мен саған бір нәрсе айтайын. Менің, міне, жер басып жүргеніме елу жеті жыл болды, содан бері сен айтып тұрған әлгі затыңды қолыма бір алған емеспін. Біздің деревнядағылар ондай затты туғалы көріп, естіп, білген емес. Солардың ешқайсысы қырылып қалған жоқ, тіс щеткасынсыз-ақ асарын асап, жасарын жасап отыр. Білдің бе? Мен де сол щеткасыз өмір сүріп келемін ғой, сен неге онсыз күн көре алмайды екенсің? Щеткаңды шыққанша ала алмайсың, ұқтың ба? Ұқтың ба, жоқ па?

– Ұқтым, ұқтым вахмистр мырза.

– Ұксаң болды!

– Бәрі де түсінікті.

Қарауындағы жиырма камераны таң аткалы екінші мәрте аралауды жексенбілік ерекше көңілділікпен бастаған вахмистр Собода бейбіт түрде көңілдегідей аяқтап шығып, жаны жай тапқандай. Бірінші камерадан бастап, жиырмасыншымен аяқтады. Онай ма? Жексенбі күні танертең сағат тоғыздан он минут кетті.

Бағанадан бері вахмистр Сободаның тоғызыншы камера тұрғынымен әңгімесін үздіге тыңдап тұрған оның қарамағындағы қалған тұтқындар тегіс құлақтарын есік көзіндегі тесіктен ажыратты. Біреулері мырс-мырс күледі, кейбірі бастарын шайқап қояды. Кейбіреулер кабырғаға сүйеніп, күлкіден ішін басып, ішек-сілелері катуда.

Тек бірінші, он жетінші және тоғызыншы камера тым-тырыс. Күлкі де, бөгде дыбыс та жоқ. Үнсіздік.

Тоғызыншы камера тұрғыны шегедей катып қалған мемлекеттік биліктің катаң ережесімен жалғыз өзі шайқасып, әбден дымы құрып, кескен теректей сұлап түскен. Бойын кернеген бүкіл ашуызасын ағаш шәркейден алатындай аяусыз тепкіледі. Ақыры аяғы ауырған соң қойды. Бұл әр жексенбі сайын қайталанатын көрініс, бітпейтін дау еді. Тоғызыншы камера тұрғынының тіс щеткасын соншалықты жалбарына сұрайтындай жөні бар. Оның щеткасы алқызыл түсті болатын. Оны қолына алғанда қызғылт раушан гүлін ұстап тұрғандай күйге бөленетін. Одан гүлдің хош иісі аңқып коя беретіндей еді. Алқызыл щеткасы мына сұр кабырға ішіндегі сұркай тіршілігіне сәл де болса жылылық берер жалғыз жұбанышы, көз куанышы болатын секілді. Енді одан ұзақ уақыт кол үзуге тура келетіндей. Ал қызыл тіс щеткасы... Оны екі марка қырық бес пфеннитке сатып алып еді. Енді көзден бұл-бұл ұшты дей бер.

Бірінші камерадағы тұтқынның да күлуге мұршасы жоқ. Ол басын шайқап та әуре болмайды. Ол көсемдердің сөзі бар газетті әдемілеп жыртып жатыр. Әр камераға отыз төрт қағаздан берілуге тиіс. Ол осының бәрін түске дейін жыртып бітіруі керек. Ол жазасын ғұмыр бойы түрмеде өтеуге кесілген, темір тордың ар жағында отырғалы жиырма үш жыл болған. Содан бері түрме старостасы дәрежесіне жеткен ол өзінің ісіне өте мұқият.

Оның міндеті асханадан келген асты тұтқындардың ыдыстарына бөліп салып беру, дәрет шелегін ауық-ауық төгіп отыру. Ал жексенбі күні танертең осылай мемлекеттік ұлы көсемдердің сөздері басылған газетті алакандай-алакандай етіп, туалет қағазының орнына жыртып беру.

Ол ешкандай қылмыс та жасамаған. Кезекті бір істі тексерушілер сұрағанда ол ақ жүрек болып: "Мен бір пенденің Аллаға жанын тапсырғанының кездейсоқ куәсі болып, көргенім бар еді", - деген көрінеді. Бірақ өзінің ешкандай кінәсі, айыбы жоқ екен. Алайда өмірлік жаза кесуге сол сөзі де жетіп артылса керек. Содан бері осында. Ол көсемдердің суреттері, сөздері басылған газетті ынтасын салып, ықыластана, құшырланып жыртады. Әрбір жексенбі күні таңертеңгі жұмысы осы. Түске дейін әр камераға отыз төрт жапырақ алақандай қағаз дайын болуы шарт. Өмір бойы осылай жалғаса бермекші. Өмір бойы!

Ал он жетінші камерадағы жасөспірім әлі жылап жатқан. Ол небәрі он алтыда. Күн жексенбі. Ол үйін ойлайды. Ондағылар бұны естеріне алып, дәмді ыстық тоқашпен шай ішіп отырған шығар. Бұны ойлап жандары ауыра ма, жоқ па, оны бір құдай біледі, ал тәтті тоқашпен шай ішетіндері күмәнсіз. Ал олар, қарғыс атқыр сол велосипедтің сағаттап мұның мынын шағып ызыңдап басында жүретінін қайдан білсін. Олар ыстық тоқашпен шай ішіп отырады, ал бұл болса, қандалаға таланып жатысы мынау...

Жексенбі күні таңертең еді.

"...БҰЛ МАРИЯНЫҢ ҚҰДІРЕТІ ҒОЙ"

Ол етігін шешкен кездегі мүнкіген шуаш иісіне тұншыққан біз осы сәттен-ақ оны өлердей жек көріп кеткеніміз сондайлық атарға оғымыз жоқ еді. Ол біздің үстімізге кірген бойда-ақ камераның ауасы бұзылып қоя берген – тердің дейсіз бе, терінің дейсіз бе, темекінің дейсіз бе, құдай аткандай, қолқаны қабар небір жағымсыз иіс бірден аңқып кетпесі бар ма? Ол өзі поляк болатын. Үрпиген ақшыл селеу шашты, жабырқау жүзді ол бір қарағанда, немістен айнымайтын. Бұндай селеу шаштылардың кейде тұздығы татымсыз, пәтуасыздау келетіні де бар. Бұл да сондайлардың сойынан болса керек. Ұсқыны да әбден ұрылып-соғылып мылжамылжасы шыққан жасық еді. Немісше, бар болғаны, бір-екі ауыз сөз біледі екен. Өзінің түріне қарамай, төс қалтасына қатырма қағазға түрлі-түсті бояумен бедерленген әдемі бүктемелі суретті салып жүретінін қайтерсіз! Ол суреті оның қыбыласы мен қағбасы секілді, ұзақты күнге соған қарап мінажат етіп отырғаны. Әуелі жерге жайғасып отырып алып, орындықты алдына жақындатып, су ішетін күрешкесін шығарып, әлгі суретті соған сүйеп қоятын. Кейде телміре ұзақ қарап қалатыны бар, сосын өз тілінде қатты дауыстап жалбарынуын бастайтын. Суреттің бояуы көрер көзге

айшықты қанық болатын, айнала жақтауындағы жұқалап алтын жалатқандай жіңішке жолағы ерекше жылтырайтын. Ол суретте көгілдір көйлекті қызыл орамал тартқан әйелдің сұлбасы бедерленген. Көйлегінің көкірек түймесі сәл ағытылып, одан бір жақ төсі ағаранданды. Төс дейтіндей төсі де жоқ, тақтайдай тептегіс бірдеңе. Әйелдің жүзі аппақ болғанымен өңі жүдеу көрінетіндей. Бірақ оның жүдеулігінің мінажат ету үшін пәлендей кедергісі жоқ шығар. Қалай болғанда да осы сурет поляктың өте қастерлі заты екенінде сөз жоқ еді. Әйелдің басынан жан-жаққа шашырап, күн сәулесіндей арайлы шұғыла тараған. Ал кескінінен әлдебір ойдың нышаны білінбейді. Әлде поляқты жақтырмайтын біздерге солай көрінді ме екен? Поляк екі алақанын беттестіріп, көкірек тұсына ұстап, басын ие оған "Мария!" – деп бастап, жалбарынуын шұбырта жөнелетін. Мария атын атағанда оның үні соншалықты биязы, елжіреген нәзіктікке толы болушы еді. Ол бізге: "Осыны да білмейсіндер ме, бұл қасиетті Мария емес пе?" – дегендей жалтақтай, жасқана бейкүнә күлімсірей қарайтын. Бәлкім, оның бұл күлімсіреуі, құдайшыл адамның жанының теренінен таза ниеттен шыққан жымиысы болар, бірақ біздің оны жек көретініміз соншалықты, оның сол жымия күлімсіреген түрінің өзін сүйкімсіз, жеркеніштi санайтынымыз енді шындық еді. Ал, ол болса, бізбен ісі жоқ, бар ниетімен құлай беріле ғибадатын жалғастыра беретін. Оның шұбырған жалбарынуынан біздің түсінетініміз жалғыз ауыз сөз: "Мария!"

Алғашқы келген күннің кешінде ол етігін шешкенде, біз оны өлтіруге бар едік дедім ғой. Ол етігін бір сағаттай әуреленіп әрең шешкен шығар-ау. Оның қолы кісендеулі болатын. Кісендеулі қолмен ұзын қонышты былғары етікті шешу де оңай еместігі белгілі. Оны қойыңызшы, қышыған басың мен мойныңды, арқаңды қаси алмаудан өткен азап бар ма десенізші?! Бізді түнімен қандала шағып шығатын. Қолымыз байланбаған біз тыр-тыр қасынамыз. Ал поляктың қолындағы кісенді түнде де шешпейтін. Ол өлім жазасына кесілген екен. Өлдім-талдым дегенде етігін шешіп, дәл қасына қойғанда одан бұрқыраған шуаш иісіне камераның іші де тарлық еткендей еді.

Ол біздің арамызға байқаусызда еніп кеткен жабайы адамдай, барлық қылығы жат, тұрпайы, оғаш болып көрініп, жағымсыз әсер еткені. Тұтқындар арасында бұрыннан қалыптасқан түсіністік пен қалыпты тыныс-тіршілікті асты-үстіне шығарғандай. Тар камера ішінде одан қайда қашып құтыларымызды білмедік. Оған қарағымыз келмей, қанша теріс айналып, ұмытып, көніл бөлмейік

десек те қолқаны қапқан мына қоланса мен шуаш иісі бір сәт те оның қасымызда отырғанын ұмыттырар емес!

Оның тіпті соншалықты жаман адам болмауы да мүмкін, бірақ иісінің бізге әсер етуі жақсы емес еді. Ол бәріміздің бас ауруымызға айналды. Әсіресе оның өз ісіне деген көзсіз сенімділігі мен батылдығы зығырданымызды әбден қайнатты.

Поляк жерде Паулин мен Либигтің ортасында отыр. Мен Либигке қараймын. Либиг маған көз қиығын бір тастап қойып ақырын:

– Польша, – деп, орнынан тұрып, терезеге бұрылып кетті.

Либиг апталап өкшесін көтеріп, аяғының ұшымен тұрып, камераның биіктеу орналасқан терезесіне тырмысып қараудан бір танбайтын. Күні бойы аузынан үш-төрт сөз әрең шығатын шығар. Жаңа тұтқын арамызға келіп, етігін шешкенде Либиг "Польша" - деген жалғыз ауыз сөз айтқан. Бірақ оған деген бар жек көрушілігі мен өшпенділігін осы бір сөзге сыйғызып айтқан. Әрі оны айтқанда, жәбір көріп, жылағысы келген жас баладай маған жалбарына қараған...

...Біз аздап болса да полякқа үйреніп келс жаттық. Бәріміз одан Польшаның иісі шығады деп түйдік. (Ал бізден ненің иісі шығатынын бір құдайдың өзі білсін!). Ол бұрынғысынша етігін көп машақатпен ұзақ азаптанып әрең шешетін. Біздің төзімімізді тоздырған да осы етіктің әуресі. Кісендеулі қолы икемге келмей, алқымы тар етік сып етіп өздігінен шешіле қоймай, қол-аяғы бірдей тырбындап жатқаны. Сол үшін оны енді өлтіреміз бе? Төзіп-ақ келеміз.

Оның етігін шешуге қашанда бір қауым уақыты кетер еді. Бұл күнде кешке жақын қайталанатын әуре-сарсаң. Күн ұясына еңкейген сәттен тыпырлау басталады. Еңкейген күннің алтын шуағы темір торға түсіп, одан камера төбесінде қыдырып жүрер еді. Темір тор өз орнында, төбеде қыдыратын оның көлеңкесі ғой. Шалқаннан түсіп төбеге қарап жатқанда бейне өрмекшінің торындай айқыш-ұйқыш сызықтар көзге еріксіз түсетін. Өрмекшінің торы батар күнмен бірге біртіндеп семіп, көмескі тартып, бірте-бірте жоғалатын. Оның есесіне Польшаның иісі бүркырап қоя беретін. Содан біз оның етігін шешу азабы аяқталғанын ұғатынбыз. Енді біздің азабамыз басталатын. Либиг қазір дәнеме демейтін болған. Тек анда-санда поляк ол екеуіміздің арамызға отыра қалғанда, оны жақтырмай ала көзімен ата бір қарап, "мынадан құтқарсаншы", – дегендей маған жалынышты жалтақтайтыны бар.

Біртіндеп біздің оған бойымыз үйренейін деді. Оның үстіне ол өзі де біздің көнілімізді табуға тырысатын. Дәретке отыратын шелекті тазалау енді соның міндетіне айналды. Бұл шаруаны әйтеуір біреуіміз атқаруымыз керек еді. Ал Паулиннің қолы өте нәзік жаратылған, мұндай лас жұмысты атқаруға еш арналмаған болып шықты. Либиг тіпті ол шелекті тазалау керек деп ойлаған емес. Оны бұған шекті тазалайтын мен едім. Сол міндетті өзіне алған соң оған қалай ішін жылымасын. Мен, әлбетте, ол жұмысты атқарар алдында жұлын-жүйкемді қатты ширатып, бүкіл ерік-жігерімді жұмылған жұдырықтай түйіп, ширығып, жинақталып алатынмын. Осылайша әуелі ойша дайындалатынмын. Санамда бұрын-соңды оқыған, естіген нәрселер қылаң береді: "Адам бір бок, бок көтерген боктың қабы. Өлсең, сасық боларсың боктан да ары", – депті ғой баяғыда шығыстың бір данышпаны. "Дүние – бок!", – деген тағы бар. "Қолға жұғып қалмас..." "Жұмыстың жаманы жок", – дегендей. "Өмірдің өзі бокка тұрмайды", – деген секілді ғибратнамалармен әбден қаруланып алып кірісетінмін. Бұл жұмыстан да міне құтылып шыға келдім. Бұл іске поляктің қандай өсиет қағидаларды ұстанып кірісетінін мен білмеймін, бірақ дәрет шелегін айнадай жарқыратып, тазалап жуатын. Мұнысын бәріміз мойындайтынбыз. Оның үстіне, оны сондайлық құлшыныспен мұрнының астынан поляктің әлдебір көнілді әуенін мыңғырлеп айта жүріп, кісендеулі қолымен-ақ қиналыссыз атқаратын. Біз біртіндеп поляктің өзіне де, оның оғаш қылықтарына да көп мән бермеуге айналдық. Оның топастау көрінетін құдайының суреті де, ғибадаты да, етігінің иісі де бұрынғыдай біздің зығырданымызды қайнатпайтын болған. Біздің полякка үйреніп қалғанымыз осыдан-ақ белгілі шығар.

Біз тіпті оның өрттей қызыл шұлғауына да таңдануды қойдық. Оның қолдан тоқылған қып-қызыл кенептен жасалған шұлғауы бар екен. Дәлірек айтсақ, қызылқаттың шырынына малып алғандай қып-қызыл-ау, қып-қызыл. Келген күні кешкісін көп әуре-сарсаңмен етігін алғаш шешкен соң ол әуелі бір шұлғауын қағып, қыртысын жазып жайып, сосын екіншісін қағып-сілкіп, екеуін әдемілеп беттестіре қаттап, сабан тығылған төсенішінің бас жағына апарып, астына салып қойды. Хош! Осыдан кейін өзі бұрышқа барып, орындықтың алдына тізерлей тұрып, күрешкеге сүйеп қойған сурет-құдайға ынты-шынтымен беріле, телміре қарап, полякша ғибадатын шұбыртып бастап кетті. Ол асықпай ұзақ мінажат етуші еді. Мінажат жасап болған соң көнілі өскен кейіпте әрқайсымыздың бетімізге мәз болып, ыржия қарап алып,

бір үлкен іс тындырғандай өзіне-өзі керемет ризашылықпен төсенішіне барып кисайды. Айтпақшы, кисаяр алдында төсеніш астына тығып қойған шұлғауын алып, жастықтың орнына басына жастанғаны. Біз бұл көріністі алғаш көргенімізде бастапқыда не ішегіміз түйілгенше күлерімізді, не ашуға булығып, оны сабап, өлтірерімізді білмедік. Өрттей қызыл шұлғау жастықта жатқан ақ селеу шашты бозарған бозымның түрі анадайдан айшықтанып көзге ерекше түсетіні рас еді. Ол заман да бұл заманда шұлғауын жастанғанды кім көрген? Ол бір таза болса етті! Аяктан алып, басқа тартқаны несі? Әсіресе, ніісін айтпайсыз ба? Сол шіркіннің мұрыны ешқандай ніс сезбейтін болса керек. Мұны көрген Либиг аузы ашылып, үйреншікті "Польшасын" айтуға мұршасы келмей, тілі байланып қалғандай. Қос танауы делдиіп ауа жетпегендей аузын ашып, құр қармана береді. Оның осы түрі-ақ полякка деген ашуызасының кенересінен асқанын білдірер еді. Жазған құлда шара бар ма? Бірте-бірте біз өрттей қызыл шұлғауға да, оның түнде жастыққа айналғанына да өстіп үйрендік.

Бірде поляк ғибадатына отырған кезде кешкі асты таратқан. Асты әкелген кезде ол күңгірт камераның алакөленке бұрышынан күн көрмегендіктен қан-сөлсіз бозарған жүзін бізге бұрып, ніс тартқандай сұраулы мағынада қарап қалды да ғибадатын үзіп тастап:

– Повидло! – деп айқайлап жібергені.

Біз ешнәрсені түсіне алмай аңырайып отырмыз. Бұл әлде полякша ерекше бір ұғымды білдіретін сөз бе екен?

Ол кенет орнынан жылан шаққандай ыршып тұрып, Либигтің қолындағы тамақ салынған қыш құмыраға өңешін үзе үніліп:

– Повидло! Құдай-ау, мынау повидло ғой! Повидло! – деп айғайламасы бар ма?

Осылай деді де кілт бұрылып, бұрышқа барып тізерлеп отыра қалып, құдайға жалбарынуын қайтадан жалғастыра жөнелді. Оның бұл парықсыздығына бұдан әрі шыдамаған Либиг орнынан тұрып, барып оны артынан оқсатып тұрып бір тепті. Сосын өзі ызаға булығып сөйлеп кетті. Мен оның 432-камераға келгелі ең ұзақ сөйлегенін көргенім осы. Және әр сөзін поляктің өзінің мәнеріне салып, әрі нығырлай, әрі жек көрінішті райда төпеп айтып жатыр:

– Сенің ғибадатыннын бәрі бекер екен ғой, тамақсау малғұн! Солай ма? – деп айқайлады Либиг. – Ғибадат үстінде тамақты ойлап не көрінді? Қасиетсіз, арам шошқа! Екі жүзді жәдігөй екенсің ғой. Сен кімді – өзінді ме, құдайды ма, әлде құдайшыл көрініп, бізді алдағың келді ме? Мінажат етіп отырып, "Повидло", – деп

айқайлағаны несі? Біз сені құдіретті тәңірге ұйып, құлшылық жасап отыр ғой, бар пиғылы пендешіліктен арылып, жоғары самғап, періштелердің қасында, өзің табынатын төсі тақтайдай құдайынның алдында құрақ ұшып, көкте самғап жүрген шығар десек, сен, мына сен, ақыл-есіннің бәрі тамақты ойлап, жер табандап отырады екенсің ғой, пәтуасыз сорлы?! Қарай гөр өзін? Бұның көңілі тәттіге шауыпты. Мүмкін, саған бал беру керек шығар? Эх, тамақсау, комағай сүмелек!

Поляк тізерлеп отырған орнынан түрегелді. Ол өте сабырлылықпен қыска, нақпа-нақ:

– Менің екі құлағым бар емес пе? Бір құлағым – ішімде, бір құлағым – сыртымда. Сыртқы құлағым повидлода, ішкі құлағым Марияда! – дегені. Мұны айтқанда құдайының суретін кеудесінің жүрек тұсына басып, қысып ұстап тұрған. Амалы таусылған Либиг бұған дауа жоқ шығар дегендей, қайтып ләм деместен теріс айналды. "Осыны мен жемей-ақ қойдым", – деп повидло салған қыш құмыраны маған ұстата салды. Оны беріп жатып, бірақ өзі менің бетіме тура қарамай, көзін алып қашты. Сәлден соң камера ессігі ашылып, сұйық кофе мен бір тілім қара нан әкелді. Әдеттегідей қатқан ірімшік жоқ екен. Оның орнына полякты ғибадатынан жаңылдырған повидлоны таратты емес пе бағана?..

Ал түнде поляк өзінің Мариясымен тағы да ұзақ күбірлеп сөйлесіп жатты. Біздерді қандала шағып, түнімен ұйқы бермеді. Ұйқы бермейтін нәрсе жалғыз қандала да емес еді. Көздері жәудіреп, тып-тығыз қос анары кеудешесінен сыртқа тепкен сұлулар да естен кетпей, елестеп, мазаны алатын. Қандаланы жаншып өлтіргенде одан миндальдің қамырынан пісірілген тәтті марципанның иісі шығатындай. Одан тағы жас қанның, әйел тәнінің иісі сезілетін. Қандаланы өлтіріп, әйелдің иісіне балап, оған еліткен біздердің көңілімізді бұл біршама тыныштандырып, түннің жалғыз жұбанышына айналатындай. Алайда қандаланың бізге берер ләззатынан әуресі әлдеқайда басым еді. Оның шаққанынан түнімен дөнбекшіп ұйықтай алмай, таң атқанша боктап шығатынымыз өтірік емес. Тек поляк боктамайтын. Мен толған айдың сүттей бозамық ақ сәулесі камераға молынан құйылып тұрған бір түнде оның сурет – құдайын қолына ұстап, бауырына басып құшақтап жатқанын көргенмін. Біз дуылдап қышынған тәнімізді қоярға жер таппай, қандаланың жетпіс жеті атасынан тартып сыпыра боктап, арасында мына сұрқай дүниенің де косакабаттап жер-жебіріне жетіп жатқанда ол ішінен ақырын: "Мария! Мария!" деп күбірлейтіндей көрінетін. Таң алдында терезе

тұсынан бір каналдан келесісіне ұшып өткен семіз үйректің қанатының суылы естілетін. Сондайда Либиг ауыр күрсінетін. Онысымен қоймай, күрсініп алып: "Эх, шіркін, адам неге үйрекке айналып кетпейді екен?" – деп ah ұратын. Ұйқылы ояу, маған адам құсқа айнала алса, Либиг қазір мына темір тордың арасынан зу етіп шығып, бағана қанаты далбандап ұшып өткен үйректердің соңынан қуып бара жатардай елестейді. Бірақ біз құсқа айнала алмаймыз, баяғысынша қандаланың, биттің, бүргенің, одан қалды итшілеген бұл ит тіршіліктің ит терісін басына қаптап боктап жататынбыз. Тек поляк боктамайтын, қуанышын да, ренішін де, тілегін де сыйғызар жалғыз сөзі "Мариясын" айтудан бір танбайтын.

Бір күні біз түн ортасында ыдыс-аяқ, ас қалдықтары тұрған шкафтың есігінің беймаза сықырынан оянып кеттік. Көзімізді ұқалай салып, анықтап қарағанымызда шкафтың қасында тұрған полякты көрдік. Ол және жай тұрған жоқ, әлденені қаужандап жеп тұр екен. Оның ол арада ешқандай тамағы жоқ екенін білеміз ғой. Өйткені ол кешкі аста ештенесін қалдырмай соғып алатын. Ал қазір бірдемені шайнандап тұрғаны анық еді.

Либиг сабан төсенішін сықырлатып қарғып тұрып, атылып барып оның жалбыр шашына жармасты. Либиг оны жерге жығып алып, сабайын дегенше:

– Сен немене өзің? Қарным аш болса, енді қайтеді екенмін? – дегені кәперсіз.

Бұл найсапқа еш дауа жоқ екен деп ойлаған Либиг шарасы таусылып, оған сөз шығындамастан қолын оның шашынан босатып жіберді де орнына келіп, үнсіз сұлай кетті. Мен бірқауым уақытқа дейін оның ашуын баса алмай, "Польша", "Польша" деп кіжініп, полякпен ұрсысып жатқанын естідім.

Полякпен бір камерада өткізген түннің ауырлығы өз алдына, бізге онымен күндіз де жеңіл тимейтін. Түрме дәлізінің басынан конвойдың нәл қағылған етігінің дыбысы естілсе болды, өзін алып кетуге келе жатқан шығар деген үрейден ол қоянның көжегіндей қалтырап, демде жақ жүні үрпиіп, дұғасын бірсарынды зарлап жылдам-жылдам оқи жөнелетін. Ол кесілген жазаға дайын еді. Әйтсе де, аяқ дыбысы жақындаған сайын дегбірі қашатын. Аяқ дыбысы біздің камера есігіне соқпай өтіп кеткенде оған қайтадан жан бітетін. Келесісі келгенше жаным аман қалды ма, жоқ па деген кісіше алақтап отырғаны. Ол осылайша күніне мың өліп, мың тірілетін. Конвой ұзақты күнге ары-бері дәлізбен теңселіп жүріп алатын. Үрей бойын билеп алған поляк әр аяқ дыбысына, иманын

үйіріп дұға қайыратын. Конвойдың тағалы стігінің дыбысы бізге сокпай өтіп кеткен сайын ол дұғасын үзіп, терең күрсініп, бізге мөлше карап:

– Мария! Бұл Мария ғой! – дейтін. Бұнысы: "Міне, көрдіндер ме? Бұл – менің ажалымды кейін шегеріп келе жатқан Марияның құдіреті", – дегені болса керек. "Мария!" – деп айтканда жүзіне масаттануы мен ризашылығы катар ойнап шығар еді. Оған өзінің Мариясын күніне сан мәрте еске алуына тура келетін. Өйткені конвой, күні бойы ары-бері сан қайтара өтетін. Тағалы етік дыбысы бізге сокпастан өтіп кеткен сайын ол өзінің жаттанды: "Бұл Мария ғой!" – деген сөзін ыкыластана айтатын. Онысы бізге: "Міне, Марияның құдіретін көрдіндер ме? Ал, сендер оның суретін әжуалап күлесіндер, біліп қойындар! Бұл құдіретті Мария", – дейтіндей естіліп, одан сайын жынымызға тиетін. Күніне мың сан рет ести берген соң канша әулие болса да құлакты сарсытады скен. Біз поляктің өзінен де, "Мариясынан" да ығыр болып едік. Өзі оны ауызға алған сайын мәз болып ыржиятын. Дегенмен, Марияның күші де әлсіреді білем, келе-келе конвойдың әр өтісінен кейін оны тер жауып, мандайында су моншақтар каз-катар мөлдіреп тізіліп тұратын болған.

Күндердің күнінде дікілдеген тағалы етік дыбысы тура біздің камераның есігінің алдына келіп токтады. Поляк өні күп-ку болып куарып, тіл-аузы байланып, дұғасын қайыруга да шамасы келмей, сілейіп тұрып калды. Өзіне бір тыкырдың таянганын анык ұккандай. Коркуы бекер емес екен, оны осы жолы алып кетіп еді. Бізге лезде камера бос калгандай өзімізді қоңылтаксып сезіндік.

Түн ортасында екінші кырына аунап түскен Либиг оның бос орнына карап, терең күрсініп:

– Маган поляктің иісі әлі шығып тұрған секілді, – деді өзінен-өзі. Сосын барып тағы: – Ал ол болса, енді жок, – деді өкінішін жасыра алмағандай. Паулин екеуміз ештеме демедік. Не дей коялык? Либигтің полякты соншалыкты жеккөргеніне, өлім аузындағы адамды кыжырта сөккеніне енді өкінгендей күй кешіп жатканын екеуміз де түсіндік. Өзіміз де сондай күйден алыс емес едік.

Арада төрт ай өткен соң мен түрмеден шығатын болдым. Мені жертөледегі кабатка төсек-орнымды апарып өткізуге жұмсады. Мен келгенде, бұл арада тазалау жұмысы жүріп жатыр екен. Жиырма тұткын каз-катар тізерлей отырып алып, жертөленің табанын ыскылап, кырып жуып жатканының үстінен шығыппын. Қырык карулы кол койсын ба, жуылған жағы көрінеу көзге

тазарып, таздың басындай жалтырайды. Қастарынан өтіп бара жатқанымда біреу менің балағымнан ақырын тартқандай болды. Мен еңкейіп оның жүзіне назар тоқтатқанмын. Қарасам – поляк. Ол тізерлеген қалыпы, төменнен жоғары қарап, ең бір қимас жақын туысын көргендей мәз болып, ыржияды. Көзі күлмің қағады. Қуаныш белгісі. Сол екі арада:

– Маған кешірім жасады! – деп сыбыр ете қалды. – Кешірім жасап, мені он бес жылға кесті. Бар болғаны он бес жыл, – деп, қуанышын жасыра алмай ыржалақтап, төс қалтасын сыртынан ақырын қағып-қағып қойды. – Мария! Бұл Мария ғой! – деді тағы сыбырлай баяғысынша.

Мені көргендегі қуанған түрін көріп, әрі тірі екенін біліп, ішім жылып жүре беріп еді. Ал әлгі сөзінен кейін ол қуаныштың мені көргеннен тумағанын, маған арналмағанын, керісінше, Марияның құдіретіне бағытталғанын, "Міне, оның құдіретіне көздерің жетті ме? Мария ақыры бәрінді жеңді", – дегені екенін, өзінің ажалдан қашып құтылғанының қуанышы екенін там-тұмдап ұға бастаған-даймын. Менің санамды қым-қиғаш ойлар, көңілімді қарама-қарсы сезімдер биледі. Біртіндеп, мені поляк бәрімізді алдап соққандай бір түсініксіздеу күй биледі. Шындығы солай болатын. Соттарды да жеңген түрі бар...

БАҚБАҚ ГҮЛІ

Менің ту сыртымнан есік солқ етіп нық жабылды. Бізден кейін есіктер үнемі жабылып жатады ғой, оған кім мән берген. Оны кілттеп те қояды, ал мұны елестету онша қиын емес. Мәселен, үйдің сыртқы есігін алалық, ол жабылғанда біз оның не ішінде, не сыртында қаларымыз айдан анық. Содан болар сыртқы есік қашанда екі дүниенің шегіндей боп елестейді, соған орай да ол опасыз, қатерлі, бізді тұтас әлемнен кез келген сәтте бөліп тастай салмақ. Міне, менің ту сыртымнан есік сырғып баяу жабылды, дәлірегі – баяу сырғып, салмақпен нығыз жабылды деу. Өйткені ол, адам айтса нанғысыз, жосықсыз қалың есік еді. Оны лып еткізіп тез жаба салды деу еш қисынға келмейді. Бұл 432-нөмірлі, барып тұрған қаныпезер есік. Оның басқалардан орасан өзгешелігі – құдай аткандай үш таңбалы белгісінде және қалың темірмен тұтас капталғанында болып тұр. Сонысына қарай да қорғасындай ауыр, ызғарлы, сұсты, ешкімді бетіне тура қаратпастай бар ызбары сыртына тепкен менмен есік, оған ешкандай сөздің өтпесі, оны ешбір жалбарынумен жалынудың селт еткізбесі аян.

Міне, сол есік менің ту сыртымнан мызғымастай берік жабылып, мені оңаша қалдырды. Жо-жоқ, мені тек оңаша қалдырып қана қойған жоқ, менің бұл жалғандағы өзім іштей сұмдық қатты сескенетін азабым – өзімді-өзімнің ішкі Меніммен бетпе-бет тастады ғой.

Сіз мұны, өзіңді өзіннің ырқына берудің не екенін жақсы білетін боларсыз? Бұл өзіне-өзінді оңаша талату, өзінді-өзіннің ішкі Меніннің қолына байлап беру! Әрине, бұдан менің, тура мағынасында, зәре-құтым қалмай бойымды үрей билей жөнелді деудеп аулақпын. Алайда бұл біздің қым-куыт аласапыран тіршілігімізде ең тосын, әрі соны немен тынары беймәлім тұтқиыл сәтті бастан кешуге берілер мүмкіндіктің бірі – осы, тар қапаста өзінмен-өзінді оңаша қалдыру ма деймін. Нақ 432-нөмерлі камерадай тар жерде: өзің тұттай жалаңаш, қауқарсыз болсаң, айналаңда селт еткізер, көніліңді бөліп, ойыңды сергітер ештене табылмаса, әлдебір әрекеттен, қайрат көрсетуден тысқары қалсаң, өзінді өзің іштей мүжіп, кеміргеннен өзге не істерсің? Ең аяусыз, жанға бататыны – бірнәрселер жасау мүмкіндігінен толық айрылғаның. Екі қолың алдыңа симайды, ішіндегісін саркып ішіп, шынысын жерге бір ұрып, быт-шытын шығаратын шөлмегің де, буынып өле қалатын сүлгің де, тамырынды қиып жіберетін ұстараң да, тым құрығанда ішіндегі қыжылынды шығарып, әлдекімдерді боктап-боктап бірденелерді жазып келетін бір бет ақ қағаз бен қаламың да жоқ, ары-бері жүгіріп қан тарқататын кеністік те, ештене де жоқ сенде. Ештене де, ұғасыз ба, ештене де жоқ?! Сен адами бар әрекеттен шектелген пақырсың. Тек жалғыз өзіннің ішкі Менің ғана бар.

Бұл бұдырсыз төрт қабырғаға қамалып отырған жас жігітке, сайтан алғырдай, өте-мөте аздық етері сөзсіз. Бұл ара пенде баласы түгіл, өрмекші екеш өрмекшіге де тарлық етер. Өрмекші олай бұлқынар, бұлай бұлқынар, көкке өрмелеп шығудың қамын жасар. Оның әр қадамы қатерге толы, не – бүк, не – шік. Жанын қоярға жер таппаған өрмекші қабырғамен жоғары өрмелеп, құласа дәнекер болып ұстап қалар деген далбасамен өз сілекейімен жалма-жан тор тоқи бастар. Сөйтіп, өрмекші құлай қалса, оны жаңа ғана өзі тоқыған өрмегі ұстап қалар, ал біз құласақ ше? Бізді өрмекші торының көтеруі неғайбыл!

Өз дәрменіміз бе? Әлде, құдай сақтап қалар ма екен? Құдай дегеніміз шексіз күшке ие шығар? Жансызға жан бітіреді, жансыз ағашты өркен жайғызып өсіреді, жұдырықтай құсты көкте самғатып, өзінен әлдеқайда үлкен жемтігін ілдіретін құдірет иесі

шығар. Бәлкім, құдай дейтініміз – өмірдің өзі. Олай болса, біздің ықтиярымызсыз ол бізді құрдымға құлатпақ емес. Құдай біздің жағымызда, құдай бізбен бірге. Құдай – тіршілік!

Батқан күннің соңғы шапақ сәулесі терезе торынан үзіліп кеткен бойда бұрыш-бұрыштан ымырт қараңғылығы маған қарай мысықтабандап жылжып келе жатты. Қара түн түнегімен бірге менің қасыма әлдекім жанаса жақын келгендей. Мен оны, сөз жоқ, құдай деп ойладым. Әлде біреу есікті ашып кірді ме екен? Мен енді жалғыз емеспін деген ой келді. Иә, біреудің менің қасымда тұрғаны анық, тыныс алғанына шекті айқын сезіледі. Камера бұрынғысынан да тарылып кеткендей. Егер, бұл мен ойлағандай, құдай екені рас болса, онда қабырғалар қақ жарыла жылжып, оған орын беруге тиіс қой.

Эх, сен, 432-нөмірлі пақыр! Сен түні бойы өз қиялына өзің елтімесеңші. Камерада өзіңмен бірге өзіннің үрейің ғана, басқа ештеме де жоқ. Үрей мен қара түнек! Үрей дегеннің өзі құбыжық тажал ғой, ал қараңғы түнекте оңаша қалған сәтте ол аруақ елесіне ұқсап, жан түршігерлік сұмдық көрініске айналады екен-ау.

Осы кезде ай туып камера қабырғасын бозамық ақ сәулеге бөлеп, шатырларды кезіп кетті. Эй, сен, сары ауыз балапан! Қабырғалар бұрынғысынша өз орнында, камера сырадан босаған бөшкедей қанырап тұр. Сен ойлағандай, қайырымды құдай бұл арада көрінбейді. Ал егер де сенің көзіне әлдене көрінсе, біреу бірнәрсе десе, ол сенің өзіннің ішкі Менің. Мүмкін мұны саған айтқызған өз құдайың шығар. Құдай әркімнің өз кеудесінде. Сенің өз құдайың, барша тірі мақұлықтың, жәндіктің өз тәңірісі бар. Құдай дегеніміз бұл өмір! Бұл – тіршілік! Бар болғаны осы. Солай бола тұра бұл ұшы-қиырсыз әлем. Ал, қалғаны түкке тұрғысыз бірденелер. Бірақ сол түкке тұрғысыз бірденелер кейде бізді билеп-төстеп, белең алып кетерін қайтерсіз?

Камера есігі біреу шақпаса, өздігінен шағылмайтын тастай қатты жаңғақ іспеттес, тарс берік, оны әлдекім сырттан ашпаса ашылмақ емес. Міне, қалай жабылды, солай мызғымай тұр. Ал, өзіммен өзім бетпе-бет қалған мен түпсіз терең қапасқа қарай зымырап кетіп барамын. Осы арада маған өрмекші тап бір менің фельдфебелім секілді: "Қорқақ!" – деп ақырды.

Жұлқына соққан жел оның өрмегінің дал-дұлын шығарды, бірақ ол құмырсқа тірлікпен сілекейінен жана арқан есіп жіберіп, құлап бара жатқан жүз жиырма үш қадақ тартатын мені өзінің мамықтай жеңіл ұлпа торымен қағып алғаны. Мен оған жалма-жан

ризашылығыммен тәнір жарылқасынымды айта бастадым, ол бірақ маған пыскырып та қарамады.

Міне, мен өзіммен өзіммін. Ішкі Меніме біртіндеп, үйреніп келемін. Біз пендешілікпен жеңіл ойлап, басқаларға өзіміздің де шама-шарқымыз жетер-жетпес жоғары талап қояды екенбіз. Менің ішкі Менім мен ойлағаннан да мәнді екенін жайлап мойындайын дедім: күні-түні кісі таңгаларлық жаңалықтарға тап келдім.

Алайда, уақыт тоқтаусыз өтуде, мен ақырындап, бұл әлеммен байланысты жоғалта бастадым. Бұл жалған дүниемен мені байланыстырып тұрған түйткілдермен пиғыл-ойлар еріген мұздай бойымнан ағып кетіп жатқандай. Мен мұны анық сезіндім. Бүнінгі өмірдің қам-қарекетінен, пендешіліктен арылған менің ой-сана кеңістігімді ішкі Менім еркін жаулап ала бастады.

Мен күні кеше ғана өзім табалдырығып аттаған жас өмірімнен мүлде алыстап бара жатқанымды ұғындым.

Тастай суық, мелшиген өлі қабырғаға телмірген мені үмітсіздік пен бәрінен күдер үзген бір торығу билеп, ауырып та қалғандаймын. Жаның күйгенде неше күн, неше түн айқайласаң да ешкім естімеген соң түніліп, шаршап қояды екенсің. Тас қабырғамен еңселі есікті сағаттап соққыла, бәрібір олар мызғымаған қалпында. Оның есесіне өзің жұдырығынды талқандауың әбден мүмкін. Удай ашып ауырған қолың сені дереу осы өмірге қайта алып келер. Сен енді ауырған жаныңды емес, тәнінді ойлап, пенде қалпына енесің. Пенделікпен қолдың ауырғанын басудың қамын ойлағанда, көнілің бөлінеді. Жұмыс табылғанына қуанасың.

Дегенмен, бұл жалғанда ештеңе кесімді тиянақ таппақ емес. Әйтеуір бір ес кетіп, жан шыққанда менмен шойын есікке жан бітіп, сықырлай ашылады. Жалғыз бір есік емес, жан-жақтағы есік біткен сарт-сұрт ашылып, ішінен сақал-мұрттары өскен, қабақтары түксиген, өңдері бозарған әр тұрпаттағы тұтқындар қотарыла шығып жатты. Қолымызды артқа қайырып ұстаған бойы ұбап-шұбап тізбектеліп сыртқа беттедік. Төрт жағынан да түрме қабырғалары қоршаған шағын аулаға шығып, сап түзеп, тізбектеліп, жайқалған көк шөпті басып, айналып жүре бастадық.

Осы арада біздің қасымызда шаужайлап жүгіріп, белдерін белдікпен шарт буған қаптаған ақшулан көк иттер үріп қоя берді. Олар бізге тізбекті бұзбай, шеңбер жасап біркалыпты жүру керектігін айтып тынымсыз арпылдап үрей тудыра үріп, бірге айналып жүр. Оған да етіміз үйреніп, үрей тарай бастағанда, үріп жүрген ит емес, ақшулан көк мәуітіден мундир киген түрме бақылаушылары екенін көрдік.

Біз ауланың ішінде айналып жүрміз. Ашық аспанды қайта көргендегі алып ұшқан алғашқы қуанышымызды басып, күнге қарыққан көзіміз әлі толық үйреніп кете алмай, сығырая жанжағымызға қарағанда өзің секілді мағынасыз, мақсатсыз тепендеп жүрген, өзің секілді тек маза ауа жұтқанына Алласына мың қайтара шүкіршілік айтқан көп пақырларды сонда байқарсың – жалпы саны жетпіс-сексен қаралы болар.

Тоқтаусыз, өздерінің ағаш шәркейлерінің тырпылдаған біркалыпты ырғағымен тепендеген дәрменсіз, үрейге бой алдырған бұл пақырлардың дегенмен жарты сағатқа болса да жарық күнді өз көздерімен көргендеріне енселері көтерілгендей. Егер де мына бір ақшулан көкшіл мундирлі адам кейпіндегі төбеттердің дамылсыз тап-тап беріп, үргені болмаса, өткенінді де, келешегінді де ойламастан, тек күншуаққа жүзінді тосып, салқын самалды жұтып, соның рахатынан өзгенің бәрін естен шығарып, жүре беруге бармыз. Жарты сағаттық бақ!

Басында дәл осылай еді: таза ауаға шығу – нағыз мерекеге парапар болатын. Бақыттың құртымдай сынығы. Бірақ айлар бойы бұл шектеулі бақыт қайталана берген соң, адам біртіндеп бұдан да суиды екен. Өз еркіннен тыс үнемі саппен ауа жұтып, мағынасыз айналып жүру бақыты да пендені қажытып, бұл бакка меймілдей тойып, түрменің сүренсіз бірсарынды тірлігі жүйкені титықтатып, аш өзегіне түскендей. Ақыры, бір күні аядай шеңберді мағынасыз шыр айналып жүре берудің де азап, ал зеңгір көк аспанды тек түрме қабырғасының ішінде тұрып көрудің қорлық екенін түсінген шақта жүйкеңжүндей түтілер: өзіннің алдында да, артында да дәл өзіндей тепендеп бара жатқан пақырларды өзіннің тағдырлас мұндасың екенін естен шығарып, оларды тірі өлікке балап, жауыға қарарыңыз сөзсіз. Оларды да, абақтының итшілеген тірлігін де өлердей жек көріп, теріс айналады екенсіз. Басың зеңгіп, жүрегін лоблиды. Бұл сенің бойында жиіркеніштi екіудай сезім туғызып, өзіннің де осы еріксіз міскіндердің бірі екенінді ұғынғанда жүрегің айнып қоя береді. Егер ұзақ мерзім ақшулан көкшіл мундирлі екі аяқты төбеттердің арпылдаған даусын естіп, мызғымастай берік сұр тас қабырғаларға барып тірелетін аядай аланды бір ізбен саппен айналып жүре берсеңіз, тап осындай азапты халге түсерініз сөзсіз екен.

Менің алдымда бара жатқан тұтқын баяғыдан-ақ өлік. Оның түрі-түсі біздің заманымызға дейінгі өмір сүргендердің кейпіндей. Бәлкім, сол көнеліктер арасынан қашып шыққан мұндар шығар. Оның бойындағы әзәзіл күш оны адам болмысында көрсетуге

тырысканымен, бәрібір ол о бастан өлік болатын. Иә, өлік! Ол өзі төбе таз еді. Төбесіндегі алақандай ойығының айналасындағы майда үрпек шаштары әбден кірлеген, майдан білтеленіп, есіліп, түсінің ақ па, көк пе, сұр ма екенін адам айырғысыз. Ал сол алақандай ойығының түсі де жансыз, күйген өлі еттей құрысып-тырысып быжырайып қалған. Тіршілік нышаны аз. Мен оны қыбырлап жүргеніне карамастан, ешкашан тірі адам қатарына қосқан емеспін. Шашын, әсіресе, шаш деп атай алмастаймын. Оның шашы өлі жүн тәріздес, жасанды шашқа көбірек келіңкірейтін. Бір сөзбен, тоқ етерін айтқанда, жасанды – өлі шаш киіп алғандай. Еуропада жасанды шаш кию үрдісі бұрыннан бар. Ал мұнікі шаш болғанда да ғұлама ғалымдардың, немесе атақты сазгерлер мен суретшілердің киетін шашындай болса, бір сәрі ғой. Мұнікі, ары кетсе, кенсе заттарын, тағы басқа көди-сөди бірдеңелер сататын дүкеншінің, не цирктегі сайқымазақ күлдірімпаздың екі самайы буда-буда үйпа-түйпа шашына көбірек ұқсар. Мен оған бұдан былай Өлі шаш деген ат қойдым. Ол өзі бірмойын, қыңыр, топас секілді болып көрінеді маған. Мен оның өкшесін басып, тақымдап-ақ келемін. Ол менің өзін жек көретінімді сезбейді дейсіз бе? Сезеді. Өзінің бірмойындығынан не алға озыңқырап кетуді, не бір жағына ойыса жүруді білмейді. Иә, менің оны суқаным сүймейді-ақ. Торғайдың әлі қанаты қатпаған, ұша алмайтын сары ауыз жас балапаны шатырдағы ұясынан құлап, өліп жатқанда бұл менің алдымда қалай тұк болмағандай кетіп бара жатады, қалай өмір сүре береді? Соны айтсаңызшы! Мен осыны түсінбеймін.

Мен Өлі шашты қорқақтығы үшін жек көремін. Ол барып тұрған қорқақ екен. Қорқақ болғанда қандай!

Ол менің өзін жек көретінімді сезбейді емес, бүкіл болмысымен сезері анық. Сонда да мына қарғыс атқыр төрт қабырғаның арасындағы тар алаңда менің алдыма түсіп алып, артына бұрылып бір карамастан тепеңдеп кетіп бара жатқаны. Бедірейген тас қабырғаның да бізге жауыққаны соншалық мелшиген қалыптары. Бізге іштартса, ол бір түнде жылжып барып, анау министрлердің ат шаптырым алып сарайларын коршауға жылжып кетіп қалмас па еді?

Өлі шаштың, менің өзін сонынан соншама мазақ етіп келе жатқаныма төзіп, артына мойнын бұрып, бір карауға батылы жетпегенін көріп, осы коркак түрмеге отырғыза коятындай қандай қылмыс жасады екен деген ой мені көптен мазалайды. Ал мен оның жынына тиіп, азаптауымды еш токтатпадым: байқамағансып

өкшесін басып қаламын, ернімнің арасынан сыздықтатып шырт түкірген дыбыс шығарамын, қақырынып, жөткірінемін тура желкесінен. Оның оқыс дыбыстан денесі түршігетін болуы керек, әр жолы селк ете түседі. Бұрылып тұрып, менің бетіме оқты көзінің сұғын қадап: "Менде қандай әкеннің құны қалды? Жайына жүрмейсің бе?" – деп айтуға бәрібір дәрмені жетпейді. Тірі өлік емей немене? Бүкіл денесімен бұрылмай-ақ мойнын әнтек артқа қарай созса да екеуіміздің көзіміз тоқайласа кетер еді, бірақ ол соны да жасамайды ғой.

Ол осы түрімен нені бүлдірді екен деп мен үнемі қатты ойланатын болдым. Мүмкін, қазына мүлкіне қол салды ма, талантаражға жол берді ме, әлде өзі ұрлады ма екен? Әлде жымыскы пиғылмен бәлиғатқа толмаған жастың етегін көтерді ме? Шамасы, соған ұқсайды. Бүкір Эрос секілді күйдіргінің арандатуымен мас болып, әдепкі қорқақтығын ұмытып, әлдеқандай жөнсіз іске шатылды ма екен басы? Жұртқа не керек? Әжуа күлкі керек! Ал, ол болса, міне менің келемеждеген қоқайыма шыдап, алдымда тепеңдеп кетіп барады. Ол менен сұмдық қаймығатыны ту сыртынан-ақ байқалады. Ол менің не істеп, не қоятынымды білмей-ақ үрейленеді. Тіпті, өзінің ажалы менен деп те ойлауы ғажап емес.

Келе-келе мен оның жаналғышына айналғандаймын. О, мен жаналғыш жендетпін! Егер, мүмкін болса, мен оны еш қиналмастан өлтіре салар ма едім, кім білсін? Ол онсыз да шала-жансар, сүйретіліп, аяғы-аяғына шалынысып әрең жүрген кәріп емес пе? Аяқтан шалып қалсам болды, омақасары сөзсіз, сонда жалбыраған өлі шашты басы бырс етіп жарылып кетердей көрінеді маған. Басы сонда қақ айырылып, миы ақтарылып, жарасынан аққан қан-жоса қаннан үстіне қызыл сия төгілгендей көрініс елестеп кетеді.

Менің Өлі шашқа деген өшпенділігім күн сайын өсе түсті. Мен өмірі оның түрін көрмегенмін, дауысын да естімегенмін, тек одан шығатын сандықта көп жатып қалған затқа сіңген нафталин иісіндей көнерген иісті ғана білемін бүгінге дейін. Оның, Өлі шаштың дегенім ғой, дауысы жұмсақ болуы да мүмкін, бірақ қажыған, шаршаған жанның табиғатына сай әлсіз, қуаныш нышанынан ада, жасық екені даусыз. Саусақтары да менің көзім түскелі өмір тынысы із-түссіз еді. Ал, көзі ше? Көзі қандай екен? Көзі шелденіп, сыртқа қарай айналып шығып кеткен бе? Әлде қызарып, көзінен үнемі сорасы ағып тұра ма екен? Болмаса, қашаған бұзаудың көзіндей адырайып, шатынап тұр ма? Көзі бағжаңдап шатынап тұрса, ол іштегі ашу-ызаның сыртқа тепкені. Бірақ Өлі шашта, ондай шадыр мінез, қайдам, бар ма, жоқ па?

Еріндері көкшіл тартқан жалақ шығар. Үнемі дәмді асты ойлап, жалай берген соң жалақ болмағанда қайтсін? Бет әлпеті қанша жағымды кісінің кейпін танытқысы келгенімен оның ұсақ, майда қылықтың адамы екенін жасыра алмайтындай шығар-ау шамасы.

Мен осы не ойлап кеттім? Адамның басына қайдағы-жайдағы келе береді екен ғой. Өлі шаш туралы енді ештеме ойламаспын.

Менің оны жек көруім бара-бара өзімді жынды қылатын түрі бар. Оның маған не керегі бар? Жетер енді! Бәрін қойдым! Ол туралы енді сөз жасасам бар ғой желкемнің шұнқырын көрмей кетейін...

Бірақ сізге ол туралы ешнәрсе демеуге, оны тіпті ойламауға тырысқанымызбен, ол міскін күнде көз алдымызда тізесі дірілдеп, белі бүгіліп-жазылып, көлбендеп, ілбіп жүріп отырса, қалай ойламассыз, қалай зығырданыныз қайнамас? Бұл тіпті, арқаның қышыған жеріне қолың жетпей, қасына алмағанынан да жаман ба деймін. Өйткені қышыған жерің санаңның бір түкпірінде үнемі маза бермей тұрады емес пе? Бұл да тура сол секілді көз алдыннан кетпеген соң еріксіз көзің түседі, әркілы ой келеді, оның дәл жаныңда екені жүйкеңді қажап, иттің етіндей жек көреді екенсің...

Мен оны ақыры өлтіріп тынатын шығармын. Бірақ мен одан қорқайын дедім. Ол өліп бара жатып та екі қолымен менің жағама жармасып өлетін болар-ау. Ақылынан алжасқан адамдай қаркылдай күліп, өзінің бір кездері циркте сайқымазақ күлдіргіш болғанын айтып, орнынан атып тұрса ше? Цирк сайқымазағына айналған ол дірдектеп аққан қанын қолымен ұстап, байқаусызда төсегіне жіберіп қойған баладай қипақтаған қалыпы түрме бақылаушыларының дәл алдына барып, екі аяғын көкке көтеріп, екі қолымен жер тірей жүріп, ойын көрсетіп, оларды топас есекке теңеп келемеждеп, әбден күлкіге айналдырып, олар тап бергенде, жорта қорыққан түр танытып, қабырғаға өрмелеп шығып алып, тілін жалақтатып, бет-аузын қисаңдатып ыржаландап отырып алса қайтпекпін?

Оның тағы не ойлап табарын ит білсін бе? Оның басында қандай ой барын, ішінде қандай ит өлігі жатқанын білу қиын.

Менің алдымдағы сүйретіліп бара жатқан бейбақ пақырға менің ашу-ызам негізсіз деп ойлап қалмаңыз. О, сіз бойды кернеген ашудың буырқанғанда кенересінен асып-тасыған тасқындай қанша ұстамды болайын десеңіз де жолындағылардың бәрінің тас-талқанын шығарып, сыртқа лап қоятын кездері болатынын білерсіз. Құдайым сондай сәттен сақтасын!

Менің бұл ойпыл-тойпыл сөздерімді тыңдау, менің айтып отырған жай-күйімді сезіну кімге болса да ауыр. Түсінемін. Мұны біреу сізге Готфрид Келлерді немесе Диккенсті оқыңандай ынтаңызды салып, тыңдамай-ақ қойыңыз. Одан да сіз тас коршаудың ішінде аядай жерде менімен бірге шиырлап айналып жүрінізші. Ойша емес, кәдімгідей-ақ менің артымнан ілесіп көрсеңізші. Үнемі біреудің соңынан салпақтап ерудің қаншалықты қиындығын өзіңіз түсініп, мені ит етінен жек көреріңіз сөзсіз. Мен мұны білген соң айтамын. Сіздің бойыңызда, көңілкүйіңізде қандай өзгерістер болғанын, болатынын жіліктеп айтайын: бізбен бірге сеңсоққан балықтай есеңгірей теңселіп, аяғыңыз аяғыңызға шалынысып, белініз, сегізкөзіңіз сырқырап қақсай, қарғыс атқыр шеңберді мағынасыз айнала бересіз. Бойыңыздағы бейбіт өмірден қалған жақсы ойлардың, жағымды әсерлердің сарқыншақтары, махаббат, мархабат, бәрісі түгесіліп таусылып, одан босаған орынды дүниеден түнілу, айналадағыларды тегіс жек көру, өшігу, жауығу сезімдері жаулап ала бастайды. Аяқ астынан бас көтерген шарасыздығыңызға кіжіну, әлдекімдерге өшігу, тығыны атылған шампан көбігіндей буырқанып көпіршіп көтеріліп келе жатады. Атқақтап асып төгіледі. Мықты болсаныз, осы ақ қайнардай тасыған ашу-ызаны, әлдекімдерге деген кіжіну мен өшпенділікті ауыздықтап көріңізші. Ә, калай екен?! Оның үстіне жаныңыз құлазыған шөлдей ұзақ уақыт жабырқап жалғызсырап жатса, ішегіңіз аштықтан иттей ұлып тұрса, біреуге жанашырлық танытып, жақсылық жасаймын деу бекер, жалған далбаса болар! Жақсылық жасамақ түгілі, жақсылық ойлаудан да ада боларсыз.

Сөйтіп, міне, сіз менің ізімнен ерген аз күнде бойыңыздағы бар ізгі қасиеттеріңізден сыпырылып, тұтастай айрылып шыға келдіңіз. Оны мына тас абақтының темір қабырғалары тар шеңберде саппен мағынасыз тепеңдеп жүргенде жалмап-жұтып қойған. Енді сізге айлап менің соңымнан естен танғанша сүйретіліп салпаңдап жүру ғана қалады. Айлар бойы мені, онда да менің қу сүйегі қаукайған жаурынымды, қылдай арық мойнымды, қолқылдаған кең штанымды ғана көресіз. Анатомиялық жаратылыс заңы бойынша, штанды ұстап тұрарлық әжептәуір ет болса керек еді. Ыңыршағы айналған арық-тұрақ бізде ол қайдан болсын, сондықтан қолқылдап кең жатыр. Бірақ сіз көбіне-көп менің аяғымды ғана көресіз ғой. Өйткені жүріп келе жатып, адам алдындағы кісінің аяқ басканына ғана назар аударады, шалынысып қалмау үшін соның аяқ алысына карап, сол ырғақты сақтауға тырысады. Оны білсін-білмесін,

жақтырсын-жақтырмасын солай, бөтенің бе, туғаның ба бәрібір, соған қарап жүреді. Сіз де солай жүруге мәжбүрсіз. Алдыңызда кетіп бара жатқан міскіннің сіздің қарадай зығырданыңызды қайнататын кездері аз емес. Кім де болса, әуелі сонын жүріс ырғағына бейімделе бастайды. Сіз де менің аяқ алысымды бағып, ұғынуға тырысып бағасыз. Менін шатқаяқтаған, ілініп-шалынған жүрісімнің ырғағына түсе алмай сонда қаныңыз басыңызға шабады. Неге десеңіз, менде бірқалыпты тұрақты мінез жоқ, өйткені мен мінезсізбін. Құдай атқандай, қыңыр жаратылғанмын. Жүрісім де сол себепті ойпыл-тойпыл. Кейде салым суға кеткен шала-жансар кісіше ілбіп басып, артымдағы кісінің төзіміне тауыссам, енді бірде жігерленіп құлшына адымдаймын да алдымдағыға соғыла жаздаймын. Менің жүрісіме бейімделу қиын. Әйтеуір, жұртпен бірдей аяқ алып жүре алмаймын. Бұл сізге жағымды әсер ете қоймасы белгілі. Мені бірден жек көретініңіз өзінен-өзі түсінікті. Шеңберді айналып жүргенде артта келе жатқан пақыр өзінің алдындағыны жек көруі заңды. Оның үстіне ол мен секілді құбылмалы біреу болса...

Бәлкім, алдыңғы тұтқын артына бұрылып тұрып, бір-бірінің көзіне сұғын қадап, назар тіктеп қараса, арадағы тоң еріп жүре берер ме еді. Ал біздерде ол жоқ қой, абалаған ақшулан көк мундир киген иттерден сескеніп, сіреске н қалпы бүгежек қағамыз, алдымыздағыға шалынысып қалмау үшін оның аяғына қарауға, одан қалды желкесін ғана көруге мәжбүрміз. Алдыңғы өзінің алдындағыға, ол тағы өзінің алдындағыға қарайды... Солай кете барады. Артындағы өзіндей міскінді танығысы да келмейді. Басқаны қайдам, біздің тас қамал қабырғалардың ортасындағы алақандай шеңберді айналып жүргендердің ара қатынасы осылай. Барлық жерде шамасы осылай шығар-ау...

Өлі шашқа деген менің өштігім шарықтау шегіне жетіп те қалған. Бір күні ол мені қатты ызаландырды. Ызаланып, зығырданым қайнағаны соншалық, қаным шапшып басыма шықты. Пәлендей маңызы жоқ, мардымсыз нәрседен туады ғой ашу деген. Мен өзімнің не істеп, не қоярымды білмес едім, егер мына бір болмашы көрініс көзіме түспегенде. Ол бүкіл зейінімді өзіне аударып әкетіп еді.

Біз күнде таңертең төрт жағы да берік тас қамалдың ішіндегі тулақ сүйреткендей шаңы шыққан шеңбердің бойымен шиырлап жүреміз дедім ғой. Осы алаңның ортасына қарай кәдімгі көк шөп өскен. Кісі аяғы баспаған тұсы қалыңдау. Түрме ауласындағы көк болған соң ба, ол да жадау, амалсыздың күйін кешіп жатқандай

солғын көрінеді. Далаға шыққан бойда мен әуелі көктегі күнге жүзімді тосып, нұр шуаққа көзімді суарып алған соң жерден тиянақ іздейтіндей көк шөптің көтерілген сабақтарын тінткілей назар жүгіртетінім бар. Өзіне назар аударғанды сезе ме екен, әлде жел шайқай ма екен, әлсіз сабақтары баяу ырғалып, менімен амандасып бас шұлғитындай, үнсіз мұңын шағатындай түрме ауласындағы ку тақырға өсірген табиғатқа шексіз назалыдай көрінетін. Шөп екеш шөптің де еркіндікті аңсауы мына қабаған иттермен карауылдатып, таза ауа жұтқызған біздің шектеулі тіршілігімізбен үндестік тапқандай көңілім одан сайын жабыға түсетін.

Кенет, менің жер тіміскілеген жанарым ұйысқан шөптің арасындағы сап-сары ноқатқа тірелгені. Көзімді кең ашып қайта қарадым, көкорай шалғын арасынан тоқ сары қыз сығалап маған қарап отырғандай елестеп кетті. Бұл тапқан оқыс жаңалығым мені әртүрлі ойға жетеледі. Қоркып та қалдым. Сондағы бір қоркыныш мен көрген нәрсені басқалар да көріп қойды-ау деген өзімшіл пиғылдан туып еді. Көзімді сап-сары ноқаттан айыра алар емеспін. Жалма-жан алдымдағы міскіннің ағаш шәркейіне қараймын. Шәркейдің дәнемемен ісі жоқ тепеңдеп, белі бүгіліп-жазылып ілбіп кетіп тарады. Сосын басқаларға алақтап көз тігемін. Қайта айналып келіп жанарым сап-сары қызға тіреле береді. Ол жерге ғайыптан түскен күннің кішкене сынығындай сарғыш түске соншалықты қанық, әрі сондайлық куаттыдай еді. Тұсына жақын келгенде жұрттың назарын аудармас үшін мән бермегенсіп өтуге тырысамын. Менің көзімді арбап, бар аңсарымды өзіне аударған ол – жаңадан қауыз жарған бір тал бақбақ гүлі екенін жақын келгенде анық көрдім. Сол бір тал гүлден маған күн көзіндей куат тарап, көкірегімдегі ашу-ызаның бәрі еріп, көңілім елжіреп қоя бергендей. Қарай бергім келеді, қарай бергім. Сұп-сұр қабырғаларға қамалған сұрқай тіршілігіме мына тоқ сары қыз келбетті гүл орасан шуақ шашып, шырай кіргізгендей.

Ол, біз күнде танертең шұбап шығып, саппен ауа жұтатын жолымыздың жиегінен бірер қадам ғана жерде өсіп тұр еді. Мені бір беймаза аландаушылық биледі. Ол – менің жан-дүниемдегі бір тал гүл туғызған өзгерісті ақшулан көк мундирдегі қабаған иттердің бірі байқап қалмады ма екен деген үрей болатын. Олар каз-катар тізбектелген тұтқындардың ошаң еткен оқыс қылығын бағып арсылдап тап-тап береді, бірақ менің жердегі кішкентай күніме назар салмаған секілді. Ол бір тал бақбақ гүлі менікі, тек маған тиесілі.

Ойда жокта тапкан бұл орасан олжама менің әлденеше күн көзім куанып, іштей керемет масаттанып жүрдім. Бірақ әр күн сайын саппен таза ауа жұту шеруі аяқталар сәтте онымен коштасу маған онай түспеді. Мен оған үнсіз телміріп күні бойы жүре беруге бармын. Сол үшін колымдағы бар байлығым – бір күндік нанымды кияр едім-ау (бұл да маған онай шығын емес). Бакбактың бір тал гүлі менің бүкіл ақыл-есімді шырмап билеп алғаны соншалық, мен одан басқа ештеме ойламайтын болдым. Көкорай шалғын арасынан маған жасқана караған ток сары кыздай күндіз есімнен, түнде түсімнен шыкпайтын құпия ғашығыма айналғандай. Мен төрт қабырға ішінде бұдан былай онсыз калай өмір сүрерімді білмедім. Камерада құлазыған жаныма нәр құяр, жылу шашар табиғаттың бір тал гүлін аңсау, соны иемденсем-ау деген калау дертіме айналды.

Тап осы кезде Өлі шаш окиғасы килікті. Бар ақыл-парасатым мен санам бір тал бакбак гүліне байланғандай мен сапта келе жатып киялға берілемін. Көңілге құрт бір түскен соң ештенеге каратпайды екен. Мен кулык ойлап таптым. Әр айналым сайын бір табан болса да шеңберден шыға гүлге карай тарта жүремін. Бір ізбен шиырлап жүре-жүре біздің топастанып, малға ұксап кеткеніміз де рас еді. Менің бар сенгенім осы болатын. Байқаймын, мен бұл ретте кателеспеппін. Артымда және оның артында келе жатқандар көзсіз менің ізімнен еріп жүре берді. Осылайша төрт күн ішінде мен шеңберді гүлге карай жақындатып апарғаным сондай, еңкейіп колымды созсам болатындай жерге жеттім! Әрине соншама ағаш шәркейлер таптаған соң несі калсын, шөп өскен аланқай әжептәуір тарылып кеткендей. Шаңын шығарып, кокті де аяусыз таптаған едік. Бір тал гүлді иемденсем деген өзімшіл тілектің жанында тапталған көк те сөз болып па? Ол не, Тәйірі?!

Сөйтіп мен арманыма жақындап калдым. Ол көз арбап, кол созым жерде ғана тұрды. Мен енді еңкейіп, оны үзіп алудың айлашарғысына жаттыға бастадым. Сол аяғымдағы шұлықты оң аяғыммен сырғытып төмен түсіріп жіберіп, еңкейіп көтеріп койдым. Шұлықты көтеруге болмай ма тегі? Онда тұрған не бар? Ешкім назар аудармаған секілді. Ертең болсын бәлем! Мен ертең оған колымды созамын.

Ертесіне таза ауа жұтуға аулаға бізді саппен алып шыккан кезде жүрегім атқақтай соғып, колым дірілдеп, алаканым терлеп коя берді десем, сіздер сенер ме екенсіздер? Сенбесеңіздер де күле көрмеңіздерші! Менің түрмеге түскеніме бірнеше айдың жүзі толған. Осы аралыкта жалғызсыраған, торығып жабырқаған,

махаббатқа шөліркеген басым тар камерада сүйіктіммен жүздесетіндей тебіренгенім еш өтірік емес. Әр айналым сайын гүлге бір табан жақындай түсіп, соңғы айналымға таяғанда мен де оның қасына жеткенмін. Неше күнгі аялаған, тоқ сары қыз болып елестеген асыл арманымды соңғы айналымда жүзеге асыруға бекіндім. Дәл осы сәтте біз күтпеген көлденең – Өлі шаштың оқиғасы килікпесі бар ма?!

Біз – ағаш шәркейлер таза ауа жұту шеруін аяқтауға тақап қалғанбыз. Оны ақшулан көк мундирдегілердің қолдарындағы көп кілттің шығыршықтарының тынымсыз шылдырынан да аңғаруға болатындай. Соңғы айналымға шықтық. Тоқ сары қыз тектес гүл анадайдан маған үрейленс, үрке қарайтындай. Осы санаулы секундтер қалт тұрып қалғандай, өмірімде мұндай қобалжымаспын, өтіп болмады. Небәрі жиырма қадамдай қалған... Он бес қадам... Бес қадам... Бір, екі, үш... Енді, қол созайын дегенімде мен күтпеген тосын жайт алдымдағыдан болғаны. Алдымда ілініпсалынып зорға кетіп бара жатқан Өлі шаш екі қолын тәңіріне жалбарынған адамдай көкке созып, оң аяғын билейтін кісіше әжептәуір жоғары көтеріп, сол аяғымен артқа жүз сексен градусқа бұрылғаны. Оның артына бұрылуға қалайша батылы жетті екен деп ойлағанымша оның маған қараған көзі "Мен бәрін білемін", – дегендей сүспен жарк ете түсіп, қарасы жоғалып ағы молайып аударылып, өзі екі бүктетіліп, жерге сылқ етіп құлағаны. О, менің енді оның бұрын циркте сайқымазақ күлдіргіш болғанына ешқандай күдігім қалмады. Цирк сайқымазағы! Шеңбер бойымен күлкі керней жөнелді. Ду-ду күлкі!

Бірақ ақшулан көкшіл мундирдегі төбеттер жан-жақтан үріп қоя берді. Күлкі сап тиылды, тіпті ешкім ешқашан күлмегендей өшті. Өлі шаш жатқан орнынан қозғалмады. Шеру тоқтады. Мундирдегілердің бірі оған тақап келіп: "Е, өліп қалыпты ғой", – деді жайбарақат. Дауысында еш таңғалыс жоқ "күн жауып кетті ғой", – дегендей елеусіз айта салды.

Менің ойым астан-кестең, айран-асыр. Өлі шаштың басқа күні емес, опасыздықпен дәл бүгін өле қалғанына қаным ойнап басыма шапты. Ойлаған ойымды жүзеге асырудан бүгінше маған бас тартуға тура келеді.

Мен өз арымның алдында құдайшылығын айтып, бір жайды мойындауға мәжбүрмін. Әлгінде, өзім оған Өлі шаш деп ат қойған адамның алдында бір сәт онымен бетпе-бет тұрғанымда оның үмітсіз сөнген жүзінен әбден жеңілгенін түсінген едім. Ақырғы күшін жинап, соңғы рет жанары суық жарк етіп қарағандағы

айбатынан менен емес, әрине, тағдырдан жеңілгенін анық ұғынғандаймын. Сонда менің оған деген қайнаған ашу-ызам, өшпенділігім зым-зия тарап, кеудем қаңырап бос қалғандай. Ол да өзімдей кіріптар міскін еді ғой, жоқ, керісінше, мен өзімнің сондай талайсыз бейбақ екенімді ойладым. Шеңбердің шынжыр бауының біреуі үзіліп кетті. Бұл жолы ажал ысқырып тура менің қасымнан өте шыққандай денем түршікті. Өлі шаштың орнында өзім болсам, қайтер едім? Мен оны неге соншалықты жек көрдім? Ол менің ойлаған ойымды жүзеге асыртпауға өзінің өлімімен кедергі келтіріп-ақ мені жеңген екен. Мен мұны ашық мойындап, бұдан былай осы оймен санасуыма тура келетінін берік түйдім.

Ертесінде танертең менің алдымда басқа тұтқын кетіп бара жатты. Өлі шашты демде ұмытуға тура келді. Мен енді алдымдағының аяқ алысына бейімделуім керек. Ол өзі айналасындағыларға қаншама дін уағызшысы болып көрінуге тырысқанымен оның бір жалғандығы бары анық байқалатындай еді. Ол маған менің неше күннен бергі аңсарым ауған бір тал гүлді жұлғызбау үшін, тек сол үшін ғана, нағыз тамұқтың ортасынан аз күнге демалыс алып әдейі келгендей әсерге бөлегені.

Оның басқалардан ерекше бөлектеніп тұратын әдеті бар болып шықты. Оған тұтқындардың бәрі мысқыл аралас әжуамен қарайды екен. Тіпті ақшулан көгілдір мундирлі төбеттердің өздері де оның кейбір қылықтарына адамға ұқсаған кейіпте ыржиятындары бар. Мундирдегілердің мұнысына үйренбеген бізге бұл ыржиыстары ақылға сыйымсыз көрінетін. Әрбір мемлекеттік күзетшіге бірнеше тұтқыннан келетін. Олардың бакканы – біз, біздің бакканымыз – олардың қабағы! Олардың өркөкірек, ожар, дандайсыған кірпіш беттеріне күлкі нышаны жат еді. Құдай біледі, олар күлу дегеннің не екенін білмейтін де шығар. Дегенмен, кей-кейде өздерін ұстай алмай қалатын болса керек, кірпіш беттері сондайда ыржияды-ау шамасы. Олардың сондағы сықпытын сізге түсінікті болу үшін қалай теңесем екен? Е-е-е, таптым! Сіз бір нәрсеге, не біреуге өлгенше катты ашуландыныз, ол да сізге тап сондай ызалы, айтысып, өліспей-беріспей дірілдеп-қалшылдап тұрғандарыңызда әлдекандай оғаш күлкілі жайт болып қалып, шыдамай, ырықтарыныздан тыс екеуініз де мырс-мырс ете түстініздер делік. Әлгінде ғана ашудан жарылардай боп тұрған жоқ па едініз? Сөйте тұра езу тарттыныз. Осыны не деуші еді? Еріксізден шыққан күлкі ме, әлде келемеж бе? Ақшулан көк мундирдегілер де сондай күйде болса керек. Олардың бойынан біз көрген адамға тән жалғыз сипат осы еді. Оны да Уағызшының қылығы туғызған...

Иә, біздің Уағызшымыз нағыз есерсоқ жындының өзі болып шықты. Солай бола тұра өзі қулықтан құралақан емес секілді. Қанша жынды болып көрінуге тырысқанымен ішкі себебі түгел ме деймін.

Шеңбер бойымен шиырлап жүрген ағаш шәркейлі жетпіс жеті тұтқынбыз. Бізді артық та емес, кем де емес бір дюжина – он екі ақшулан көк мундир киген қарулы түрме бақылаушылары күзетеді. Олардың алдының бұл итаршы міндетті атқарып келе жатқанына жиырма жыл не одан да көп болған шығар. Тұтқын атаулыға төбеттей арсылдап үре берген соң олардың ұсқындарында қабаған итке тән мінез-құлық қалыптасқан болу керек. Бірақ хайуанға ұқсастықтары оларға еш кедергі келтірмейтіндей. Оларың керден, менменсіген өркөкірек, астамсы кекірейген түр-тұрпаттарына орай, ескерткіштің астына жазылатындай "Мемлекет деген – бұл мен", – деп жазып , мойындарына іліп қойса да еш артықтық етпес еді.

Мен Уағызшының слесарь болғанын кейін білдім. Әлдебір шіркеуде жұмыс істегенде бәлелі қырсыкка тап келіпті, бұл да болса, құдайдың жазуы шығар, осында түсіпті. Уағызшы не соншалықты алаңсыз топас, не сондайлық аяр қу, екінің бірі. Ол мундирдегі төбеттердің менменсіген өркеуде, даңғой кірпіш кескіндеріне аскан құрметпен қошеметтей қарайтынын қайтерсіз?! Иә, айтып тұрмын ғой – жатып жастық, иіліп төсек болуға пейілді, құрақ ұшып тұрғаны. Олардың сол кісімсігеннен ісініп-қабынған ұсқындарын көбіктей көпіртіп көкке көтере мактағанда, құдай сақтасын, мундирлеріне сыймай, пыс етіп жарылып кетуге шақ қалатындай. Уағызшының ақымаккершілігіне олар да күлмей тұра алмайтын, бірақ мадақты кім жек көрсін, оңашада іштей риза болып, масаттанып, жуан қарын үстіндегі белдіктерін қокиланып тартып-тартып қоятындары күмәнсіз еді.

Шеңбер бойымен келе жатып ол талыстай аяқтарын шірене алшақ тастап, талтайып, арс ете түсуге сылтау іздеп, біздің әр қимылымызды андып тұрған ақшулан көк мундирдің тұсына келген сайын әр жолы міндетті түрде иіліп, қолын кусырып тәжім етіп, сондайлық жақсы ниет, жарқын пейілді биязы үнмен: "Мерекенізбен, вахмистр мырза!" немесе "Салтанатыңыз артсын, вахмистр мырзам", – дегенде топас, даңккұмар кірпіш бет мундирлі төбет түгіл, құдайдың өзі елжіреп кетердей көрінетін маған. Тәжім еткенде әрдайым басы жерге жеткенше иіліп-бүгілетін.

Уағызшыны менің алдымда жүруге жазған қай құдай екен? Құдай емес, әзәзіл сайтан-ақ шығар. Ол ақшулан көк мундир киіп, қатып қалған он екі ескерткішке бар ынты-шынтымен ықыластана тәжім жасаған сайын оған зейінім ауатыны соншалық: мен өзімнің кішкентай сүйіктім – тоқ сары қыз өндес бақбақ гүліме көніл де бөле алмадым. Өйткені Уағызшының тәжімі кісі арбайтын сиқыры бардай еліктіріп әкетеді. Мен Уағызшының тәжімінің ара-арасында неше күннен бері жете алмай жәудіреп тұрған жалғыз тал гүліме қимастықпен көз тастап қана үлгеремін. Уағызшы кезекті тәжімін жасап, балдай жұмсақ, бипаз үнімен өзінің: "Мерекеден мерекеге аман жеткізсін сізді Тәңірім, вахмистр мырзам!" – дегенін айтқан уақытында мен барлық жұлын-жүйкемді уысыма жинап, қайткенде оның айтқанын қайталап жібермеуге тырысып бағатынмын. Оның мені еліктіргені соншалық, Уағызшыдан кейін әлі де қошемет дәметіп кекірейіп тұрған ескерткішке күлімсіреп басымды иетінді шығардым, өзімді иіліп тәжім етуден соңғы секундтерде ғана шаққа ұстап қалатын болдым.

Әңгімеміздің басында, біз күнде таңертең жарты сағаттай таза ауа жұту үшін шеңберді жиырма рет айналып шығамыз, бізді он екі мундир күзетеді дедім ғой. Өзіңіз есептеп көрінізші, сонда біздің Уағызшы жарты сағат ішінде екі жүз қырық рет тәжім етіп, соншама рет қарауылға жылы сөз тауып айтудан еш жаңылмайтын. Ал, мен болсам, ол басын екі жүз қырық рет жерге жеткізгенде сол секілді иіліп-бүгіліп кетпеу үшін бар күшімді жинап дірілдеп-қалшылдап жынданудың аз-ақ алдында тұратынмын. Егер дәл осылай енді үш күн қайталанар болса, менің жеңілерім сөзсіз еді. Уағызшыны менің де көзсіз қайталап кетуім ғажап емес-ті. Бірақ ол менің табиғатыма жат болатын. Уағызшымен санамда қарсыласамын деп мен камераға таза ауа жұтудан үлкен азаппен шаршап-шалдығып оралатын болдым. Соның әсерінен түнімен түс көріп шығамын. Түсімде шетсіз-шексіз шұбырған мундирлер қатары арасынан өтіп жүр екенмін деймін. Мундир киген қарауылдардың бәрінің өні тура Бисмарктен айнымайды. Сөйтіп мен түні бойы миллион Бисмаркке тәжім етіп, "Мерекеңізбен, вахмистр мырза! Мархабат сізге, вахмистр мырза!", – деп миллион рет айтып шыққан шығармын-ау.

Одан кейінгі күндердің бірінде маған алдымнан бірнеше тұтқынды өткізіп жіберудің онтайлы сәті түскені. Шеңберге шыға бере абайсызда шәркейім шешіліп қалып, оны асықпай киіп, солтақтап сапқа келіп тұрғанымда тізбектің басқа тұсынан қосылдым. Құдайдың мұнысына мың алғыс! Қарауыл төбеттер де

байқамай қалгандай. Мен үшін күн қайта жарқырап шыққандай! Шындығында, күн тұтылғандай болды! Менің алдымда кетіп бара жатқан жаңа көршім сұмдық биік екен, оның қасында менің бір де сексен бойым көрінбей көлеңкесінде қалып қойды. Күн көрмесем көрмейін, алдымда серендеп жүре берсе екен. Құдіретті күштің бары рас-ау, ол өзі ретін келтіремін десе, жөнін тауып, ретін келтіретін көрінеді. Менің шәркейімнің дер кезінде шешіліп қалғаны секілді бәрі өз орайымен қисынын тауып жүре береді екен.

Менің алдымдағы бұл жігіттің аяғы ептейсіз ұзын, қолы жөнсіз салақтап тізесін соғып бара жатқанына қарамастан қимылы әбжіл, тек аяғын еркін көсіліп басуға жер тар. Мен өзін ұнатып та қалдым. Өлі шашқа ұқсап аяқ астында тырапай асып өліп қалмаса екен, не Уағызшыдай ақыл-есінен алжасып, мундирлерге жағынып емпендеп екі жүз қырық рет тәжім етіп кетпесінші деп шын тіледім. Жаратқанға оған ұзақ ғұмыр беріп, ақыл-есін бүтін еткейсің деп жалбарындым.

Оның тасасында келе жатып, өзімнің сүйіктім – тоқ сары қыз өндес бір тал гүліме ұзақ-ұзақ қарауға болатын еді және біреу көріп қояды-ау деп қорықпаймын. Алдымда алып қалқаным бар. Оған риза болғаным соншама қырылдаған жағымсыз дөрекі үнін де елемедім. Өзімнің жұртты сынап-мінеп мазақ ат қойғыш әдетімнен осы жолы бас тартып, оған қатты жарасатын Ұзынтұра, Тарбақ аяқ, Өрмекші деген секілді атауларды да жапсырмадым. Мен өзімнің гүліме армансыз қарадым, соған септігі тиіп келе жатқан алдымдағы адам қандай болса, сондай болсын, мейілі ұзынтұра ма, ақымақ па маған бәрібір еді, онда менің нем бар...

...Бұл күннің басқа күндерден еш өзгешелігі жоқ еді, кәдімгі таза ауа жұту үшін саппен шеңберді айналып жүрген күннің бірі. Жетпіс жеті тұтқын бірінің өкшесін бірі басардай бір-біріне тақау қатар түзген. Баяу ілбіп кетіп барады. Тек біреуі беймаза. Бүгін 432-камера тұтқынының қыдыру уақыты бітуге таяған сайын шеке тамыры солқылдап жиі-жиі соғатынды шығарды, көзі мүләйімсіп, ештеңе білмейтін кісіше жыпылық қаққанымен оның бір нәрсеге қобалжып, батылсызданып тұрғанын жасыра алмады. Біз соңғы айналымның алдындағы айналымды орталадық. Ақшулан көкшіл мундирлердің қолындағы бума кілттің шығыршықтары тынымсыз сылдырлай бастады. Шеңбер бойындағы тізбек күн сәулесіне маужырап баяу жылжиды. Кейбіреулері қалғып-мүлгіп келеді.

Тізбектің бір бауы дегбірсіздене бастағандай. Неге мазасы кетті екен? Жоқ, мазасы кетпепті, қайта артық ширақтық пайда болғандай, жан-жағын жіті қадағалап тұрғандай. Салмағын екі

аяғына алма-кезек салып тыпыршуда. Мұнымды біреу байқап қалмады ма дегендей сезіктеніп көзінің астымен жан-жағын ұрлана бақылауда. Ешкімнің бұнымен ісі жоқ секілді. Тәуекел!

Кенет, 432-камера тұрғыны төмен сырғып кеткен шұлығын түзетпекке шұғыл еңкейіп, жөндеген болып, қайта кеудесін тіктей бергенде қолын шапшаң созып, өзіне үрке қарап, бүрісе қалған бір тал тоқ сары гүлді лып еткізіп жұлып та алған еді. Тізбек бұзылған жоқ. Жетпіс жетісі қатар түзеп, соңғы айналымға шықты... Түрме ауласы күннің жердегі сынығындай көз қуантып тұрған оймақтай бір тал гүлсіз жетімсіреп жұпыны сұп-сұр қалпына қайта енгендей...

Бұдан өткен кереғар дүние болар ма? Бұл – әншейінде бұрылып та қарамайтын жол жиегінде осетін елеусіз бақбақ гүлі ғой. Барша ғалам кеністігін зерттеп, бүкіл әлем жұмбағын шешуге талпынған көкке алып ұшқан қиялға бай, сазға құмар, сұлулыққа құштар көңіл албырт жас жігіт тұтқын болып қамауда отырған шақта қазір оған бұл гүл теңдессіз қымбаты – еркіндігінің бір бөлшегіндей болып көрінеді. Ол 432-камераның дәл төбесінің астына орнатылған кішкене терезесінің алдына келіп, қиғаштай түскен күн сәулесіне уысындағы жалғыз тал тоқ сары гүлін алақанын ашып тосты. Сынып түскен сәуле қауашығын жаба бастаған өзі түстес жапырақшаларды шуағына шомылдырып, аймалап жатқандай.

Оның оқ дәрінің, түтіннің, бензиннің, Джин арағының және әйел әтірінің, ерін далабының иісіне үйренген басы міне түрменің шаң-тозаң басқан нарының, шүмектеп аққан тердің мүнкіген иісін иіскеп жатқанына бірнеше айдың жүзі болып еді. Ол жалма-жан гүлді мұрнына тақап, одан шыққан нәзік жұпарды құшырланып жұта берді, жұта берді.

Сол кезде жанының терең қалтарысындағы әлдебір перне шым етіп тербеліп, жүрегі шымырлай тамыр-тамырын қуалай жылы ағыс жүгіргендей, ыстық леп ескендей, қуат қосылып жатқандай бір күй биледі. Бойын кернеген сол тасқынды сезім асып-төгіліп тас камераның өзін жылытып жібергендей. Бұған дейін байқалмаған беймәлім күйді бастан кешіп, жанын жадыратқан даланың бір тал гүліне іші-бауыры елжіреп, аялай қарады. Жып-жылы нұрдың, осыншама қуаттың бойына осы күн түстес кіп-кішкентай гүлден тарап жатқанын бүкіл жан-жүрегімен түсінді, әрі таң қалып тұрған еді. Іискей бергісі келіп, одан ажырай алмады.

Құшырлана иіскеген қалпы оның жұпарын бойына дарытқысы келгендей көзін жұмып, басын шалқайтып бір сәт тыныссыз іркіліп

тұрып қалды. Табиғи таза балауса гүлден алуан түрлі иіс аңқитын секілді. Онда жердің, күннің, судың, желдің, ең бастысы – лүп-лүп соққан тіршіліктің, бейбіт күннің иісі бар. Осы иістермен қоса оның есіне көп нәрселер оралып еді. Бұрын өзі мән бермеген қарапайым заттың өзі енді қадірлісіне айналғандай. Бір есе құлағына әкесінің бірқалыпты дауысы келіп жеткендей. Бұл оны тыңдауға әркашан құлықты бола қоймайтын. Енді жанын әлдилеп, жұбататындай. Біресе қолаң шашты жас сұлудың жұмыр тамағын, балғын иегін елестетеді.

Ол әбден ұйпаланған бір тал тоқ сары гүлді асқан іждаһаттылықпен, баппен ұстап, апарып су құйылған күрешкеге салып, өзі оған қарама-қарсы жайланып отырды. Ол осылай алаңсыз отыра беруге бар еді. Арада аз-кем минут өткенде ол бойының жеңілдеп, енсесі көтерілгенін сезді. Бұған шекті екі иығынан басып, жанын құрсаулап, көңілін құлазытқан беймәлім қара күшті – жалғыздығын, тас камерада өтіп жатқан жастығын, жиырма екідегі жігітке тән махаббатқа құмартуын, дәрменсіз шерменде күйін, өткенін, бүгінін, келешегін ойлаған уайымын өзінен тұтас сыпырып алып тастағандай жеңілдікті байқады. Барша әлемнен тыс тұрғандай бөлекше еркіндікті сезінді. Бұның өзі бір бақыт екен ғой! Христиан дінін де, құдайын да танығысы келмеді... Бәрінен тыс ойы еркін еді қазір...

Ол Тынық мұхитындағы көп аралдың бірін мекендейтін оттан, судан, найзағайдан, теңіздегі дауылдан қорқатын, қорыққаннан да соларға табынатын табиғаттың төл перзенттері – полинезиялық жабайы тайпаның денесін күн сүйген мыс түстес күрең қоңыр арда ұлы еді. Ол кокос жаңғағын, треска балығын, құрқылтайдай кішкене колибри құсын жақсы көретін. Солармен қоректенгенді ұнататын, бірақ оның мәнін бажайлап ұғып жатпапты. Міне, ол өз бойындағы кереметтей өзгерісті аңғарды. Ол ешқашан мұндай сәтті басынан бұрын кешпеген тәрізді – ол қазір кімге болса да жақсылық жасауға әзір еді. Ол тоқ сары қыз өндес жалқы тал гүліне қарап: “Сен секілді болсам...” – деді сыбырлай.

Түні бойы ол гүл салынған қалайы күрешкені қос қолдап кеудесіне қысып жатты. Түс көріпті. Түсінде өзін бақбақ гүлінің иісіндей жыпжылы, жұп-жұмсақ топырақпен жауып тастаған екен дейді. Ол иісті бұл жазбай таниды ғой, жатсынған жоқ. Біртіндеп өзі де топыраққа айналып, одан көп майда гүлдер өсіп шыққан екен дейді. Арасында сарғалдақтар, қоңырау бастар және күннің жердегі сынығындай дөңгеленген тоқ сары бақбақ гүлдері де бар екен...

МАЗМҰНЫ

Дүбірлі дәуір суреткерлері. *Ербол Тілешов*.....5

Генрих БЁЛЛЬ

Аударған Б.Әдетов

Катарина Блюмнің арынан айырылуы. *Повесть*.....11
Балалық шақта жеген нан. *Повесть*.....94

Эрих Мария РЕМАРК

Аманат өмір. *Повесть*.....179

Вольфганг БОРХЕРТ

Аударған Ш.Бейсенова

Жабық есік алдындағы жалғыз. *Пьеса*.....383

ӘҢГІМЕЛЕР

Нысанаға тігілген бастар.....464
Осы сейсенбіде.....466
Ас үйдегі сағат.....470
Орыс орманындағы екеу.....474
Алқызыл жібектің қиығы.....478
Нан.....481
Жексенбі күні таңертең.....484
"...Бұл Марияның күдіреті ғой".....491
Бақбақ гүлі.....499

"ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ КІТАПХАНАСЫ"
сериясы

Генрих БЁЛЛЬ, Эрих Мария РЕМАРК,
Вольфганг БОРХЕРТ

КАТАРИНА БЛЮМНІҢ АРЫНАН АЙЫРЫЛУЫ
БАЛАЛЫҚ ШАҚТА ЖЕГЕН НАН
АМАНАТ ӨМІР
ЖАБЫҚ ЕСІК АЛДЫНДАҒЫ ЖАЛҒЫЗ ӘҢГІМЕЛЕР

(қазақ тілінде)

Орыс тілінен аударғандар *Б.Әдетов, Ш.Бейсенова*

Редакторы *Г.Аймұхамбетова*
Техникалық редакторы *С.Бейсенова*
Компьютерде беттеген *Ғ.Сатыбалдиева*
Корректоры *Қ.Құрманғалиқызы*

Дизайнын әзірлеген "Баур" баспасы

ISBN 9965-18-304-X

ИБ №314
Теруге 30.08.2010 ж. жіберілді. Басуға 13.09.2010 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x84 $^{1}/_{16}$. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі "KZ TimesNR Cyr".
Басылымы офсеттік. Шартты баспа табағы 30,22. б.т. Есептік баспа
табағы 29,0. б.т. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс № 917.

"Аударма" баспасы,
010009, Астана қаласы, Ғ.Мүсірепов көшесі, 5/1, ВП2

ЖШС РПБК «Дәуір». 050009, Алматы қаласы,
Гагарин даңғылы, 93. Тел.: 394-39-22, 394-39-34, 394-39-42,
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru, rpik-dauir2@mail.ru